14104

СӘБИТ МҰҚАНОВ

СӘБИТ

Таңдамалы шығармалар

Он алты томдық

«ЖАЗУШЫ»
БАСПАСЫ,

МҰҚАНОВ

Таңдамалы шығармалар

Үшінші

том


ӘҢГІМЕЛЕР МЕН ПОВЕСТЕР

АЛМАТЫ —
1972

Каз 2
М 84

0—7—3—3
М402(2)73

014104



ӘҢГІМЕЛЕР

ӘСИЯ

I

— Жанбайды... мұны қайтем?.. Әжем ұрсады-ау... Үй суып кетті... Өміртай тоңып қалды-ау. Өзім де тоңдым... Әжем қашан келеді?..— деді де Әсия жылады.

Отты үргенде түтін толып, күл түсіп, ашып отырған көздерін екі жұдырығымен уқалап онан жаман ашытты.

Қарақаттай қап-қара көздері қазір қып-қызыл болып ісіп кетті, қып-қызыл дөңгелек беттері айғызданған кір болды.

Әсия жылаған соң жанында шешесінің ескі күпісіне оранып, жылына алмай көгеріп отырған Өміртай жылады.

— Апа, тоңдым... Қайным ашты... Әжеме баям...— деп қоймай, қоймай жылады.

Үйдің іші ит байласа тұрғысыз суық. Қазан пештің аузындай ғана кішкене әйнектен көмескіленіп күннің сәулесі түскен болады, терезенің алдын қар алып қалған, тек сәуле түскендей жері ғана ашық. Екі бала пештің алдында отыр.

Әсия мең-зең. Өміртай қосыла жылаған соң тіпті басы айналып кетті.

Сонда да Өміртайдың қасында Әсия — апа, кәдімгі естияр адам.

Кір-кір жұдырығымен көздерінің жасын сүртіп, бұрынғыдан жаман айғыздап түрегелді.

Бөпесінің қолдарын уқалап, біраз демімен жылытып, көзін, мұрнын сүртіп, күпіге жақсылап орады.

— Әжең келеді қазір, бауырсақ әкеледі... Жылама, қалқам!..— деп, жүкаяқтың астында тұрған шеті мүжік қара аяқтың ішіндегі тары көжені әкеліп Өміртайға ішкізді.

Көжені көрген соң-ақ Өміртай жылауын қойды. Әсияның әжесі түнде байдікінен сорпаның майын әкелген, соны қайнатып істеген көженің қалғанын Әсияға «бөпең жылағанда берерсің» деп жүк астына қойып кеткен.

Өміртай көже ішкен соң уайымды да, әжені де ұмытты; апасының бергеніне шыдамай аяққа өзі қолды салды, бетауызы, үсті-басы, бәрі тары болып, тек күлімдеген екі көзі ғана жылтырайды.

Оны алдандырып қойып, Әсия тағы от жағуға кірісті.

Қалтылдаған кішкене көкірегінің бар демін ішіне тартып үргілеп отырып, біраздан соң отты жандырды.

Отқа жылынып, Өміртайдан қалған көжені ішіп, Әсия да көңілденді. Әкесінің күпісіне орап Өміртайды жатқызып, қасында өзі арқасын қағып, әлдилеп жатып ұйқытатты.

Дала сықырлаған аяз. Терезеден анда-санда жүрген кісінің, малдың сықыры естіліп, терезенің өзі де қалың қыраудан сытыр-сытыр етеді.

Өміртай ұйқтап жатыр.

Әсия көсеумен шұқылап, отты қағыстырып отырып, әжесін ойлайды. Өміртайдың жылағанын сылтау қылып анда-санда байдікіндегі әжесіне барғандары есіне түседі.

Қанша үлкенсіп апа болып, Өміртайды ойнатып алдандыруға жарағанмен өзі де әжесінің жанында болғысы келеді, әжесінің жанында отырғанда төңірегіндегі дүние жылы да, жарық та көрінеді.

Өміртайдың жылағаны да онша білінбейді... Өзі де бала екенін сонда ғана біледі.

Жанабайдың ас үйінде әжесі бәйбішемен бірге бауырсақ пісіріп жатады, ет асып жатады; кіріп барғанда тәтті тамақтың иісі кісінің мұрнын жарады...

Бірақ бәйбіше барда Әсия, ас үйге кіруге қорқады, әжесі де ұрсады. Көбіне бәйбіше Әсияға дым бермейді, кейде ғана: «Мә, бөпеңді алып қайт, әжеңнің қолы тимейді... барыңдар!» деп, бес-алты бауырсақ береді де, ашуланған сияқты жаман көзімен қарайды.

Сонсоң Әсияның көңілі суып, «енді бармаспын-ау!» деп қайтады. Кейбір кезде бәйбіше жоқта барып қалса, әжесі қалтасына бауырсақ, малта салып береді.

Онда Әсия өзі де кідірмей үйіне жүгіріп кетеді. Байдың үйіне барғандарын ойлап отырғанда от та жанып болды, Әсия мыжырайған жаман етігін киіп, далаға шығып пештің төбесін жауып келді. Пештің қуысынан ұршығын алып, Өміртайдың жанына бір тізелеп отырып, үлкен қыздарша ұршық иіруге кірісті.

Бөпесіне байпақ тоқып берем деп, әжесінен жүн сұрап алып, иіріп жүр. Ылақша секіріп ойыннан босамайтын жұдырықтай Әсия, сүйтіп күні бойы жалғыз, кішкене бөпесін

бағып, отын жағып, үйін сыпырып, тары түйіп, шамасынан артық үй шаруасының бәрін бір өзі істеп, балалықтың қызығын көре алмай өсе береді, әлгіндей суық үйде жалғыз отырып, әжесін іздеп байдікіне барғандағылары есіне түскенде, нәп-нәзік балбыраған көңіліне табиғат әділсіздік, теңсіздіктің ызасын өз-өзінен еріксіз орнатып бекіте береді.

Далада сықырлаған аяз, үй ішінде тышқанның тықырынан басқа дыбыс жоқ.

Әсия қазір тоғызда, әкесі Майлыбай қырықтың ішіндегі кісі. Көптен бері Байғабыл байдың қойын бағады. Былтырдан тамақ асырау қиын болып бара жатқан соң, үй ішімен байдың бір үйіне кіріп алып, қатыны байдың үй шаруасын басқарады, өзі далада малда жүреді, Әсия әкесін тіпті аз көреді. Балалар ұйқтап жатқанда кетеді, түнде тағы бұлар жатып қалғанда келеді. Тек кейде, әжесі: «Ұйқтамай от жағып отыра тұр, мен кешікпей келемін!» деген соң, от жағып күтіп отырғанда ғана көріп қалады.

Сақал-мұртына мұз қатып, күпісінің жағасы, тымағы қырауытып, сықырлап келеді. Келгенде үндемейді, кейіп жүрген сияқты. Қайдан келдің, не істеп келдің деп сұрауға да Әсия бата алмайды, қорқады.

Әжесі ғой! Ол тіпті босамайды. Күні бойы байдың үйінде. Балалар ұйқтап жатқанда кетеді, байдың суын әкеліп, отын жағып, шәйін даярлап беріп, үйге бір келіп кетеді. Су әкеліп, от жағып балаларға кешеден тұрған байдың үйінен келген азғана сарқытты беріп, болмаса көжесін беріп, Әсияға ол-пұл үйдің шаруасын тапсырып, бөпеңді жылатпа, қарағым, дейді де кетеді...

Сол кеткеннен бесін кезінде бір соқса, болмаса ел орынға отырғанда бір келіп көже-мөжесін істеп беріп, тағы кетеді; сонан байлардың түнгі тамағын беріп, жатқызып қайтады.

Әсия көбіне әжесіне қарамай Өміртай екеуі ұйқтап қалады. Кейде әжесі ертерек босанып келіп, өздерінің соғымға сойған тайыншасының етінен ет асып, нан істеп салып береді.

Онда Әсия Өміртайды да ұйқтатпайды. Әкесі де жазылып, балаларын еркелетіп, ойнағанына қарап әжесімен сөйлесіп отырады.

Онда көбіне сөйлесетіні Әсияның Әміржан деген ағасының жайы.

Әміржан он үш жаста. Екі жүз шақырым жерде қалада

оқып жатыр. Екі жыл болды — Әміржан күздігүні елден баратын екі-үш баламен қосылып кетеді, сонан жазғытұры майдың ішінде келеді.

Әуелі қалашылармен қашып кетіп еді. Енді әкесі тоқтатпайды, басқа балалардан қалдырмай жібереді.

Оқыса оқысын, ең болмағанда тамағы тоқ болар, бірдеме біліп шықса оқыған балалардың көбі-ақ адам болып кетіп жатыр ғой дейді. Әміржаннан қыстың басында бір хат келді. Өзі жазыпты.

«Әкемізге сәлем, әжемізге сәлем, Әсия қарындасымызға сәлем, Өміртай інімізге сәлем» деп жазыпты.

Байдың молдасы оқып берді. «Оқуымыз жақсы, тамағымыз жақсы, ақ нан жейміз, қантпен шәй ішеміз, күнде ет жейміз» депті.

Әсияның әкесі — әжесі мен екеуі, әлгіндей көңілденіп отырғанда соны сөз қылады.

— Тағы хат жазамын,— деген екен. Ол хаты қашан келер екен, тек тірі болсын, адам болар қарағым, өзі ұмтылып еді ғой!..— дейді әкесі.

«Әсия қарындасымызға сәлем» деген сөзі Әсияның ойынан кетпейді. Қатарға кіріп қалғандай болып, ішінен мақтанады, көңілінде Әміржан да бір үлкен дәрежелі кісі болып көрінеді.

Бірақ мұндай ет асып, үй іші болып мәжіліс құратын күндер Майлыбайдың үйінде тым сирек болады.

Бір тайыншаның еті қаншаға жетсін?

Және Әсияның әжесі пәлен қайнаға, түген қайнағаға сыбаға сақтағысы келеді, сонсоң ет асқан күндер санаулы болып, көпке дейін Әсияның көңілінен кетпей жүреді.

Әсияның осы күні ойлайтыны Әміржан ағасының хаты қашан келер екен, өзі қашан келер екен деген сол оймен Әсия ұйқыға кетеді.

2

Қыс өтіп, жылы, жәйлі жаз келді. Күн күлімдеп, дүние жасарып, жан-жануар, қызғалдақ шөптер ұйқтап оянғандай, жазылып, еріліп, ың-жың болып, жаратылыстың кең шатыры тігілді, кедей де, бай да жаратылыстың құшағына кірді.

Бірақ тоғыз жасар Әсияның қызметі қысты күнгіден артпаса, кеміген жоқ.

Әжесінің жұмысы көбейген сайын Әсияның да міндеті

арта бермек. Мал балалап, қыстаудан шыққан соң-ақ әйелдің жұмысы басынан асады. Әсияның әжесі де ұзақ күнге байдың үйінен босамайтын болды.

Әсия таңертең үлкен қыздармен суға барады. Иін ағашқа ілген екі шелек судың ауырлығынан имиіп, үйіне жеткенше неше рет дем алып, бәрінің соңында қалып, жете алмай келе жатқаны...

Жамырап бара жатқан бұзауды енесінен айырамын деп, әлі жетпей, шашы жалбырап, қып-қызыл болып, жыламсырап барынша шіреніп жатқаны...

От жағып, сүтін пісіре алмай, күйе-күйе болып, көздерін түтін шалып, әбігер шегіп жүргені.

Қыстыгүнгідей емес, ауыл болып аралас-қоралас отырған соң, Әсиялар күні бойы бәйбішенің көз алдында. Бәйбіше титтей бос жүргізгісі келмейді.

— Әсия, баланы тербете тұршы! Әсия, құманға су құйып әкелші!— Әсия қозы ұстасшы!

— Әсия, ананы істеші, Әсия, мынаны істеші,— деген бәйбішенің бұйрықтары жаздың ұзақ күнінде құлақтан кетпейді...

Әсияның үйі өздеріне қоңсы қонып, қызметіне кіріскен соң, Бәйбіше Майлыбайдың үй ішін бірін қалдырмай пайдасына жаратқысы келеді.

Кішкене Өміртай көбіне жалғыз, күн жылы болған соң, онша күтуді керек қылмайды, анда-санда бір, Әсия айран құйып беріп кетеді, үсті-басы қақ-қақ болып, күлге былғанып, өзімен өзі болып жүре береді.

3

Бір күні қаладан Әміржан келді. Әміржан былтырғыдан да біртүрлі болып, әдеміленіп, кісі болып кетіпті, өзі өсіпті.

Үстінде қара шолақ көйлек, қара шалбар, бетінде жылтырағы бар қайыс белбеу, әдемі етігі бар, басына солдаттың қалпағын киген... Қара көйлектің ішінен ақ көйлектің жеңі көрінеді, ішінде тағы бір көйлегі болса керек.

Өзі ауылдың, үйдің жайын сұрап, әкесімен үлкен кісіше сөйлеседі.

Әуелі Әсия Әміржанның қасына баруға ұялып, сөз сұраса үндемей төмен қарап, жүгіріп кетіп қалып жүрді.

Бірақ ішінен қуанып, мақтанып жүрді. Үйінің ішінде

ең болмаса бір адам жақсы киініп, түрі байдың балаларынан артық болмаса, кем болмай жүргеніне мақтанады.

Әсия біраздан соң Әміржанға үйреніп бұрынғыдай ойнап, сөйлесетін болды.

Әміржан Әсияға мектептегі балалардың жайын айтады. Оқудың жайын айтады, бір кітаптан неше түрлі хайуандардың сүгретін көрсетіп, олардың қайда жүріп, қайда тұратынын, қалай өсіп, өнетінін, адамға қандай пайда, қандай зияны бар екенін оқып отырып түсіндірді. Қай жерде қандай халықтар бар екенін сүгреттен көрсетіп айтып берді, қазанның түбіндей қап-қара адам болады екен, оның да сүгретін көрсетті.

Өзі қап-қара, ерні қалың, тісі аппақ болып ақсиып тұр.

— Осындай да адам болады екен,— деп Әсия көргенде күліп жіберді.

Әміржан сүгрет көрсеткенде Өміртай да қарап бір нәрсені түсінген кейіпті болып отырады. Әміржан мектептегі қыздардың жайын да айтады.

Көп қыздар бәрі бір бөлмеде жатады, қастарында үйретіп жүретін бір апасы болады, сабақтан бос кезде кесте тігіп үйретеді, үлкендері өз киімдерін өздері тігеді.

— Неше түрлі ойындар ойнатады, өлең үйретеді,— деп Әміржан өзі ән салып, өлең айтады. Әсия қосылып жүріп «Гүлнарай» мен «Оян қарғысты» үйреніп алды.

Әжесі қолы бір босап кеткен кезде, балалардың сондай тамаша сөздер айтып отырған үстіне келіп, Әміржанға қарап отырып, «тоба құдай!»— дейді күбірлеп.

Әміржанның бойындағы мектептің салған аз ғана сәулесі Майлыбайдың қара үйінің ішіне де бір жарық сәуле түсірген сияқты. Әкесі, Майлыбайдан бастап адамдарының бәрінің де бет ажарында разылықтың белгісі бар...

Бірақ Әміржан өз үй-ішінің тұрмысына разы емес. Қалада мұғалімдер, басқа қызметтегі азаматтар кейде мектепке келіп сөз сөйлегенде Ленин атамыздың өсиетінше, еңбекші кедей байға құл болмай, еңбегінің игілігін өзі көруі керек. Жасы жетіге толған балаларды ұл, қыз демей, тегіс оқыту керек; еркек, әйел, үлкендерді оқыту керек деуші еді.

Елдің әлі өзгерген ештеңесі көрінбейді: әке-шешесінің күнбе-күнгі көріп жүрген бейнеті Әміржан ес білгеннен бері келе жатқан бейнет. Онымен тұрмай кішкене Әсияның қолы босап, бала болып ойнауға шамасы келмейді.

Әміржан мектептегі қыздар мен Әсияның тұрмысын салыстырады.

Әміржан Әсияның осы жап-жас басынан бір үйдің бар бейнеті басында болып, күйе-күйе түрімен ойы да, бойы да өспей әжесі сияқты көзі ашылмайтын күңдікке бейімделіп, күн ілгері мойын сұнып келе жатқанын сезді.

— Әсияны мектепке алып кетпей болмайды екен,— деді өзінен өзі Әміржан.

Әсияны көндіру Әміржанға қиын болған жоқ. Ол өзі де Әміржан айтқан соң қызығып жүретін. Әміржан бір күні:

— Әсия, менің қалаға оқуға баратын күнім таянып қалды... Сен менімен бірге барасың ба?— дегенде көздері жарқ ете түсті...

Ойын екенін, шын екенін біле алмай біраз отырды.

— Рас апарасың ба?— деді.

— Рас, қалқам! Өзіммен бірге жүресің. Өзіңдей кішкене қыздармен бірге жатасың, бірге оқисың. Бірге ойнайсың... Барам десең өзім осы жолы алып кетем.

«Әжем мен Өміртай қайтіп қалады?» деген ой зымырап өте шықты... Күпілдеген кішкене жүрегінің соғысы баяулағандай болып, жүрегі бұрып, қимай кішкене тұрады да — барам!— дейді.

Әкесіне Әміржан Әсияның, аш, жалаңаш, өнебойы бейнетте жүріп бекер қор болатынын айтып, мектеп тәрбиесінің жақсылығына өзін мысал қылып көрсетіп, және өздеріне тамақ асыраудың қиындығын айтып: «Әсияны мен алып кетейін, сіз әжемді ренжітпей көндіріңіз»,— деді.

Майлыбай қатынына айтқанда:

— Қолғанатым еді, серігім еді, екеуі бірдей кеткен соң қайтіп жүреміз,— деп жыласа да, оның айтқанынан шыға алмады.

Және Әміржанның сөздеріне сенбесіне ылажы болмады.

— «Барса барсыншы, бағы ашылар ма екен?» деді ойында.

Сүйтіп Әсия Әміржан ағасымен бірге, және сол болыстағы оқып жүрген балалармен бәрі оқуға жүрді де кетті.

Осы күні Әсия мектепте. Бес ай болып қалды келгеніне. Араның ұясындай шуылдаған еңбекші қауымның бір мүшесі. Бір қарағанда Әсияны танымай қаласың. Үстінде қоңыр жаңа көйлек, белін қынай буған, аяғында әдемі етік, шашын шолақ қылып қырқып, бір қырын жығып тараған...

Екі беті алмадай қып-қызыл дөп-дөңгелек, қарақаттай көзі жарқырап, төңірегіндегінің бәрі титтей жәбірлемейтін дос екеніне еш күмәні жоқ, өзіндей балалар «хор» болып қосылып өлең айтқанда «біз еңбекшілер таптары...» деп мойнын созып, дауысы күміс қоңыраудай сылдырап о да қосылып тұрады. Дауысы тым таза, әдемі, өзі батыл болған соң, өлең үйретететін мұғалім Әсияны Ақтолқын деген бір кішкене қызбен бірге әнді бөлек салғызып үйретіп жүр. Әсия Әміржанның ауылда айтқан қызықтарының бәрін көріп келеді.

Жаңада бір үлкен қыз пионер болдың деп, Әсияның мойнына қызыл шүберек байлап берген. Сонан бері Әсия пионердің тобынан қалмайды, неше түрлі ойындар үйреніп, «Будь готов!» деген басшыларының сөзіне басқа балалардың арасында о да «Всегда готов!» деп, қолын көтеріп, қарақат көзі жайнап, коммунизм бақытын орнатысуға даярлығын білдіріп уәде беріп тұрғанын көреміз.

Тірі болса Әсия Майлыбай қызы кедей бейнетқорлар ортасында коммунизм бақытын орнатуға ағаларына көмекші боларына көңіліміз толық сенеді.

Декабрь, 1924 ж.

АЗҒЫН

1

Н... қаласында анда-санда қойылатын сауық-кештерінде Мырзабек тақпақ сөйлемей қоймайтын.

Қарапайым кісімен Мырзабектің тақпағы бір емес. Тақпақ сөйлеуге келгенде оның көзі де, аузы да, қас пен қабағы да, денесінің қимылы да бұрынғы Мырзабек болып шықпайды, бақырайып алдында қарап отырғаныңмен көзіңе әлдекімді елестетіп жібереді.

— Қалай еді?— десеңіз.— Былай:

Сахнаға шыға келгенде ол дөңгелек қара көзін қысыңқырап, сопақтау келген ұрт етін үрген көріктей желдендіріңкіреп, біресе аузын ашып ақситыңқырап, маңдайының терісін жиырыңқырап жылмия қояды. Минут өтпей шошыған адамдай селтең ете түседі де, аузын томпитып, мұрнын шүйіріп, қабағын түйіп, түсін суытып, көзін әлденеге қадалтып, денесін кірпідей жиырып алады. Мырзабек ол қалпында да ұзақ тұрмай, борандай түтеген ашулы кескіні, жылжып аққан бұлақтай бәсеңдеп келіп, дағдылы қалпына түседі. Мұның бәрі тақпақ сөйлер алдындағы құбылысы.

Сөйлерден бұрын дағдылы қалпына түскен Мырзабек, сөйлегеннен кейін тағы да өзгереді. Оның әдеттегі даусы мөңіреген сиырдай барылдап, арғы жағында жетім қақырық тұрған сықылды болатын. Бір сөзге бір сөзді қоспай жыпыңдатып кететін мына даусы ол емес, сыбызғыдай нәзік, жібектей созылғақ.

Мырзабектің бұл көріністері әуелгі кезде тыңдаған, көргендерге таңсық болғанымен, артынан үйреншікті әдет болып кетті. Көшедегі балаларға шейін «Мырзабек болайын ба?» деп бет-аузын, денесін қиқаңдатуға айналды. Басында бұны қызық көрген жұрт кейін «белгілі қиқаң» деп, немқұрайды кескінмен тыңдауға айналды.

Жұрттың бұлай деуіне тағы бір себеп,— Мырзабектің қайда болса да бір өлеңді айта беретіндігі еді. Ол:

«Махаббат бір тікенек,
Жүрекке барып қадалар.
Бақытсыз ғой ол жүрек,
Сорғалап одан қан ағар!..»

Мырзабек «барлық өмірдің шешілмеген жұмбағы, әлемге біткен шындық, тілдің барып-барып жеткен шегі, осы өлең ғана» деп біледі. Бұл өлеңді айтарда күлімсірейтін себебі, көз алдына: шашы тізесіне түскен қара, оң жақ бетінде дөңгелек қара меңі бар, қыр мұрын, дөңгелек жүз, қызыл шырайлы, қара көз, қара қас, ұзын кірпік, қаз мойын, оймақ ауыз, қыпша бел, сүйрік саусақ, орта бойлы, талдырмаш денелі бір қыз елестей қалады. Қыз әуелі құшағын жайып, көзін жұмып, басын шалқитып, шашын желкесінен жерге төгіп Мырзабекке жақындайды. Мырзабектің сөйлеп тұрып бір аттап қалатыны — алдындағы аруды құшақтай алғысы келеді; бірақ, құшағына әне ілікті, міне ілікті деген кезде қыз шошыған киіктей ыта жөнеліп, Мырзабектің қолын ілектірмейді. Кенеттен ашулы кейіпке түсе қалатыны да осыдан. Осының бәрін елестететін жоғарғы бір ауыз өлең. Бұл өлеңді айтса-ақ оның ойына талай сұлу елестейді. Мырзабектің бір қызды осылай сүйгісі, жан-тәнін бергісі, өзі ойлағандай бір арудың құшағында ләззәтті өмірін өткізгісі келеді. Сүймеген жүректі, сүйіспеген көңілді, Мырзабек ақылына сыйғыза алмайды. Сүйіспейтін, сүю жолында құса болып өлмейтін жан болуға мүмкін емес деп ойлайды.

2

Мырзабек бүгін қызметкер әйелін шаршатты. Талай жағалар, көйлектер, галстуктер, костюмдер әлденеше өтектелді.

«Ол ең кеміне үш сағаттай
Айна алдында сәнденді...»

деген Пушкиннің өлеңі ойында тұр. Айна алдында құбылды. Жүрді. Түзелді. Иісмайланды. Бұл да айна алдында кеміне екі-үш сағат тұрды. Киімін киініп болып білек сағатына қараса, қызына жолығатын мезгіліне 45 минут бар екен. Күн қыс, әрі суық еді, далада тоңазығанша үйде отыра тұрайын деп, ілулі тұрған мандалинін алды да, әлде не әнді шыңғырлата ойнап, төсегіне қисая кетті.

Төсекке жамбасы тимей-ақ көз алдында топталған ойлар тізбектеле қалды:

Шоқшалау сақалы, таңқы мұрты бар, үстіне қой жүні күпі киген, мұрнынан сорасы ағып, жұмыс соңында жүрген алпыстағы әкесі Сөмпек елестеді.

Маңдайында жасында жылқы тепкеннен түскен таңбасы бар, беті жолақ-жолақ әжімді, беліне өгіздің бел жібін байлап, түтінге булығып біреудің жұмысын істеп жүрген елудегі шешесі Домалақ елестеді.

Бір мүйізі қисық, қортық, алабел өгізі, сабалақ құйрық қара иті, тарғыл мысығы, арық көк байталы, мыжырайған қора-қопсысы, құрым үйі елестеді.

Шашы дударланған, жыртық киімді, башпайы жұлығынан жылтырап шығып, байдың баласын ойнатып жүрген он төрт жасар қарындасы Әлима елестеді. Ауыл-үй, тамыр-таныс, ілік-шатыс бәрі де бір-бірлеп өтіп жатты. Бір уақытта қолында жетектеген жеті жасар баласы бар, көзінен от шашыраған қарасұрлау бір жас әйел елестей бергенде, шошыған кісідей Мырзабек мандалинін тастай беріп теріс қарап кетті. Қарасұр әйелдің қарағаны көкірегінен атып жібергендей болды.

Ол әйел Мырзабектің бір кездегі әйелі болатын. Аты Дәметкен. Дәметкенді Сөмпек Мырзабекке бесігінде айттырған. Екеуі түйдей жасты. Сөмпек өзі қарақасқа кедей болғанымен, Мырзабекті кімнен де болса кем қылып өсірген жоқ та. Орыс поселкесінің малын жаяу бағып жүріп Мырзабекті ол орысша оқытқан. Мырзабек он алтыға келгенде қызық көремін деп Сөмпек келінін қолына алмақ болған еді, әкесі Сағынай айнып кетті. Өйтетін себебі, Сөмпек алғаш құда болғанда Сағынай да сіңірі шыққан кедей болатын. О да орыс селосында мал бағатын. Артынан Сағынай, кенет тез байып кетті. Жұрт оны «орыстың саудагерінің түсіп қалған ақшасын тауып апты» деген қауесет шығарды. Қалай байыса да Сағынай үстіне ақ үй тігіп, алдына үйірлеген мал түліктерін салып, еліне көшіп кетті.

Бірақ, Дәметкеннің көңілі Мырзабектен кетпеді. Намысын жоқтаған Мырзабекпен ол оңашада ретін тауып жолықты да, малын емес, басын, жігітшілігін сыйлап, дұшпанына мерт қылмай бір түнде жоқ болды. Әкесі қызының бұл қылығына өкпеледі де, «өлмесең жаның шықсын» деп, қарада бойын көрмей кетті.

Мырзабек Дәметкенмен екі-үш жыл отасты. Аралары-нан бір ұл туды, аты — Серік.

Северо-Казахстанская областная
БИБЛИОТЕКА
г. ПЕТРОПАВЛОВСК
014104

Бұрын орыстың бастауыш мектебін бітірген Мырзабек, Колчак тұсында бір қыс оқып, онан кейін советтік дәуірде екі жыл оқып, орта дәрежелі білім алды. Бұл жылдарда Мырзабек Дәметкенді, Дәметкен Мырзабекті шын жүректен сүйді. Дәметкен кейде ойнап «сен оқып жүрсін ғой, бір күні мені тастап оқыған әйел аласың ғой» дегенде, жорта ма, болмаса шыны ма, Мырзабек ашуланып қалатын еді.

Бір күні Мырзабек үлкен мектептердің біреуіне барам деп күзге қарай жиналды. Бұрын ондай алыс жолға шықпаған Мырзабекті үй іші де, Дәметкен де жібергісі келмей көп әуре ғып, ақыры Мырзабек жеңді де бет алған жолына жүріп кетті. Ол жолы оқуға іліге алмаған Мырзабек, орталықтағы бір қызметке тұрды. Сол бетімен ол жоғарылап, ақырында «үлкен» бір қызметтің биігіне шықты. Бұл жолда бес-алты жыл жүрген ол, «жұмыстан қолы тимей» үйіне оралмады.

Сөмпектің баяғы күні күн. Сақалынан жасы шұбырып, әлі де байдың малын жаяу бағуда. Шешесі Домалақ та сол күйде. Күйеуі бес-алты жыл келмей безгенімен, Дәметкен Серігін ермек қып, бұзылмай-жарылмай әлі отыр. Мырзабек Сағынайға хат жазып «маған байдың қызы керегі жоқ, Дәметкенді алып кет» деп хабар айтты. Сағынай бұл сөзді ести сала шауып барып Дәметкенді алып қайтайын деп еді, Дәметкен: «менің маңдайыма жазған үй осы үй, келмесе кетсін, Серік бар, ата-енемді күтіп отырамын» деп әкесін қайырып жіберді.

Аударылып жатқан Мырзабекке елестеген Дәметкеннің ұшқынды кішкене қара көзі қадалып «имансыз, ұждансыз, неге тастадың мені? Не кінәм бар еді алдыңда? Мен сенің басыңды, жігітшілігіңді сыйлап, бай әкемнің азғырғанына қарамап едім ғой, ұятың, адамшылығың қайда? Жұдырықтай балаңды, бейнеттегі сорлы әке-шешеңді неліктен тиын құрлы көрмедің?..» деген кісіше аржағынан тесіп өтіп кете жаздады. Мырзабек шыдай алмады, өкпесі алқынып аузына келді. Ұяттан қызған беті өртке шарпылғандай дуылдап кетті. Өзінен өзі ұялып түрегелді. Сағатына қараса, мезгіл өтіп бара жатыр екен, ішінен күбірлеп «Ойы құрғыр қайдан келді, уақытты өткізіп ала жаздаппын ғой!.. Лөля өкпелеп жатқан шығар»— деп, үстінен басқан ауыр ойды лақтырып тастады да, кілтін жауып үйінен шыға жөнелді.

3

Лөля Х... мекемесінде қызмет қылатын әйел еді. Онша асып кеткен түр-тұлғасы жоқ: мұрны ұзын, шықшыты қысыңқы, көзі үңгірлеу, саусақтары қысқалау быртық, кемиек, жауырыны қушық, сирағы ұзын, кеудесі қысқа, бойы арықтау талдырмаш. Бірақ, сол қалпында Лөля барып тұрған кербез, барып тұрған такаппар. Бойына бітпеген сұлулықты ол қолынан жасап алады: қуқыл ернін қызыл далаппен қан-қызыл ғып бояйды, қою қоңыр қасын қылдырықтай жіп-жіңішке ғып асты-үстінен қырғызады, ұзын кірпіктерін қайшы жақтарына қарай қайқайтады, сүрме тартқан шегірлеу көздері қарауыта мөлдірленіп кетеді, ақ опаның үстіне қызыл өңлік жағылғанда, сұрғылт беті қызылшырайланып кетеді, екі шықшытынан бұйралардыра түсірген самай шаштары, сопақтау бетін, қара бұйра бұлт арасынан сығалаған айдай жарқыратып жібереді, күрең қасқалай бояған тырнақтары сүйрие ұштала-лады...

«Ағаш көркі — жапырақ, адам көркі — шүберек». Бұл қалада Лөлядан сәнді киінетін және асыл тас, асыл металлдармен безенетін әйел жоқ. Оның үстіне «иісі күндік жерге мол жететін» исімаймен бұрқырайды да жүреді.

Мұнша сәнденетін қаражатты Лөлянің қайдан табатынын жұрт айтпай-ақ біледі. Ол осы қаладағы атақты мал саудагерінің және ірі байдың қызы. Бойжеткен оны әкесі әлдене бір офицерге бергелі жүргенде азамат соғысы басталды да, ақтарға жақтас болған әке де, күйеу де эмиграцияға кетті. Лөля өзіне тетелес апасымен, туған жерінде қалып қойды.

Ақылды және көрікті апасы тез күйеу тапты, және «анау-мынауды» емес, «топтан таңдап атқан текедей» совет қызметкерінің дыңдай біреуіне тиді. Бұл үйлену, Лөляға да үш жақтан өмір жолын ашты: бірінші — «комиссардың балдызы» болғандықтан, енді оны «жатсын» деп ешкім көзге шұқи алмайды; екінші — тіршілік жағынан қамтамасыз етілген ол, ерді асықпай-ақ іздеп, аптықпай-ақ таңдайды; үшінші — сырт панасына апасы мен жездесі де жарайды, өзі өлгенше киініп-ішінуіне, өзі тығып ұстайтын алтын-күмістері мен асыл тастарының артығы да жетеді... Ендеше, күйеуді шекеден шертіп жүріп таңдау керек...

Н... қаласындағы шекшығар бозбалада Лөляға қызықпайтыны болған жоқ. Біреулері көргеніне, біреулері сөй-

лескеніне, біреулері жұғысып кеткеніне мәз болады да жүреді. Қолы жетпей ме, болмаса расы ма, кейбір бозбалалар «кәрі екен, бетіне әжім кіріп қалыпты, әуелде сұлу көрінсе артынан жоламай кеттім» деп қомпиып қалады. Соның бірі Мырзабек.

«Таласқан бозбаладан жеңіп әкеттім» деп Мырзабек бір кезде мақтануға айналды. Онысы өтірік. Мырзабектің ауыз байлығы болмаса, қызды ұршықтай тез үйіріп әкететін өнері болмайтын. Лөляға оның қолын жеткізген адам — құрдасы Қасым. Әне ол бір көргенде-ақ, қызды құйындай үйіріп әкетеді.

Мырзабектің жақын танысқаннан кейін Лөлясіз ішкені ас болмады. Оны көрмей отыра алмады. Лөля сықылды адам баласы сөйлей алады, сақылдап күле алады, белін бұралтып, бөксесін ырғалаңдатып жүре алады, көзін төңкеріп қарай алады деп Мырзабек үш ұйқтаса ойына алмады.

Лөлясы құрғыр да мұның ырқын таба білді. «Мой киргизонок» деп Мырзабекті арқаға қағып, аузын жақындата беріп, Мырзабек сүйейін деп ернін тосса, «нет извините, еще рано» деп құмарландырды да жүрді.

Көп күндер осылай өткеннен кейін, бір күні Лөляның аузынан,— «мен сені сүйемін, менің бақытым жалғыз саған ғана байланысты, менің жүрегім сенің жүрегіңмен үйлеседі, ендігі түйін,— тек ЗАГС-те ғана» дегенді айтты. «Оның күні қашан?» деген сұрауға, «өзім айтам» деп жауап берді Лөля.

Лөлянің күткен күні тез туды: Мырзабек наркомның бірі боп тағайындалды да, газет арқылы бұл хабар тез тарай қалды. Қуанған топтың бірі боп, газетті Лөля да оқыды. Оның күтіп жүргені осы хабар еді.— «Наркомша» болу оның ең зор арманы да. Мырзабекке де ол осындай «дәрежеден» үміті бар жігіт деп қызығатын. Өмірбаянына қараса, егер Мырзабектің қолы наркомдікке бір іліксе, тез төмендей қоймайды, «бағы» ұзаққа созылады... Мінезіне қараса, Мырзабекті ықпалына көндіріп алу оңай... Ендеше, құшағынан өмірлік босатпайтын бұндай «бақытқа» неге қызықпайды ол?..

Мырзабектің нарком болғанын есті сала, Лөля жездесінің үйінен телефон арқылы құттықтап алды, кешке бақша ішінде жолығатын сағатын айтты.

Мырзабектің асыққан себебі осы еді...

4

Үлкен зал. Төрде айна. Ортада үсті ыдысқа толы стол. Жағалай орындық. Есік қағып «мүмкін бе?», оған қарсы «кіріңіз!» деген дауыстар әлсін-әлсін естіледі. Тойға «айыпты»— Мырзабек пен Лөля. Мырзабек қонақтарын қарсы алып жүгіріп жүр. Жаңа түскен жас келіншек Лөля шошаңдай қоймай, қонаққа келгендерді әдемі қимыл, ойнақы қаспен ғана қабылдады. Той басталды. Айына екі жүз сомға жақын червонец алатын Мырзабек бүгіннен не жанын аясын. Нелер түрлі арақ, неше түрлі жеміс, басқа да дәмді ішім-жемдіктер стол үстіне әрең сиды. Өңшең жастың басы қосылып қызғаннан кейін сөз дүкені де қозды. Лөляның арақ ішетін көңілі жоқ еді, біреу ананың, біреу мынаның құрметіне ішіңіз деп қыстап, о да аз уақытта қызып қалды. Топтың ішінде бойын бағыңқырап отырған Мырзабек. Қанша сүйіп қосылғанымен Лөляні сыншы деп біліп сыр білдірмегелі отыр. Бұл бір. Екінші жағынан Сейіл дейтін жігіттің Лөлямен жақын едім деген сөзін ерте кезде құлағы шалған еді. Егер ол қауесет шын болса, мас күйінде неғып сыр бермес екен деген ой бір бүйірінде тағы жатыр.

Жұрт ерсіл-қарсыл жүре бастады. Біреулер билеуге, біреулер өлең айтуға, біреулер сандырақтауға айналды. Думанмен араласып сый көрсетіп жүрген Мырзабектің бір кезде көзіне сып етіп екінші бөлмеге кіріп кеткен Сейіл көрінді. Лөля да сонда кеткен. Күдіктенген Мырзабек көлденең кісілерге сыр бермей, аңсызда есікті ашып қалып еді, Сейіл Лөляні құшақтап сүйіп тұр екен. Мырзабектің іші мұздай болып кетті. «Мастығым, менде айып жоқ» деген кісіше Лөля Мырзабекті құшағын жазып жүгіріп кеп бассалды. Мырзабек ішінен «бүгінгі сынымнан түгел өтсең өмірлік жолдас болдың, болмаса алдандым» ғой деді.

5

Кішкене ғана қара домалақ бала Лөляға апыл-тапыл басып «мама!» деп ұмтылып еді, «кет әрі!» деп қағып жібергенде ұшып түсті. Төрде шашын шалқасынан қайырып, шылымының түтінін дөңгелете ұшырып отырған аққұба жігіт, бақырып қоя берген балаға таңданғандай, үлкен қара көзін төңкере қарады.

Неге ұрасын?— деді жігіт Лөляға, баланы қолына көтеріп ап — сен оны, әлде сүймеймісің?

— Қарауға жеркенем!— деді Лөля, жігіт ұсынған баланы қолына алмай.

— Ендеше неге тудың?— деді жігіт жымия қарап тұрып.

— Тууға ойлаппын ба мен?— деді Лөля кейіген кескінмен теріс қарап,— тағдырдың мойныма артқан азабы бұл!.. Кухняға шығарып бер!..

Жігіт баланы кухняға шығарып қайта кірсе, Лөля шылымды бопылдата қатты сорып, құмыға жұтқан түтінді екпіндей үрлеумен, аузы мен мұрнынан бөлшектей ұшырып отыр екен.

— Тыныштадың ба, Лөля!— деді жігіт, сүзіле, жымия қарап.

Лөля жауап бермей, шылымын сора түсті...

Оның қазір бере қояр жауабы да жоқ. Бала күннен досы санайтын бұл жігіт, Лөля Мырзабекке шығуын ақылдасқанда:

— Өзің білесің,— деген еді жігіт,— менімше бұл неке ұзаққа созылмайды. Советтік құрылыс сүйенетін диалектика заңында «бәрі ағады, бәрі өзгереді». Ендеше, ерте ме, кеш пе, сенің ғашығыңның да наркомдығы өзгереді. Сонда сен қайтпексің?

— Оған дейін сыбағамды алып үлгерем,— деген Лөля күліп.

Лөля сол мақсатына тез жетті де. Еркін тез билеп алған Мырзабекке ол үй тұрмысында ғана емес, мемлекет ісінде де қожа болды. Ең алдымен, нарком қарамағындағы екі сұлу жирен атқа жегілетін әдемі фаэтонды үнемі Лөля мінип, Мырзабектің өзі жаяу жүрді. Кеңседегі төрт-бес ажарлы кілемнің көбі Лөлянің бөлмелерін сәндеді. Тәуір мебельдердің де көбі сол пәтерге барды. Онымен ғана қанағаттанбаған Лөля Мырзабектің қалтасын қағып, ананы әпер, мынаны әперден көзін ашырған жоқ. «Сүйген жардың» көңілін қимаймын деп, кеңсе алдында борышқа белшесінен батқанын Мырзабек сезбей де қалды.

Кеңсе алдында Мырзабек одан да'ауыр қылмысқа килікті. «Қызметке ананы ал, мынаны ал» деп жүріп, Лөля көңілдегі көп адамын өткізіп жіберді.

Совет кеңсесі мұнша өзімсінуге шыдамай, тиісті жерлерге сигнал беріп, жұмысшы-крестьян инспекциясы тексеріп қалғанда, барлық мін шодырайып шыға келді.

Қызметтен босануы анықталған Мырзабектің алдында

екі таңдаудың бірі тұрды: не мекеменің борышын төлеу, не сотталу.

Бастапқысын таңдау, Мырзабек пен Лөлянің арасына от жақты: Мырзабекке салса сатыну, Лөляға салса сатынбау.

Жан керек болған Мырзабек, қарсылығына қарамай, ішіне Лөляның да біраз қымбаттыларын қоса сатынып-сұғынып, борыштан әрең дегенде азат болды.

Сол күннен бастап, Лөляның басына үш қайғы оралды: біріншісі — уысымнан шықпайды деген күйеуінің құрық алып кетуі, екіншісі — олжаға баттым деп жүргенде өз мүлкінің біразынан айрылуы, үшіншісі — күн көрістің шағындалуы.

Бұндай халде, бұрын да сүйіп тимеген Мырзабекпен, енді бірге өмір сүруінде мағна жоқ сияқты. Сондай ойға келгенмен, бірнеше жылдан бері сіңісіп қалған жардан айырылу да оңай емес, оған бірталай жағдайлар және себептер керек.

Солайша толқи бастаған кезде, өзінен туған баланы ішіне қоса, Лөляға Мырзабек пәтері түгелімен тікендей көрінді, оның жігіт көзінше баласын сабаған себебі де осы. Ал, оған осы сырын айтпай сазару себебі — жігіт оның бұрынғы сүйгенінің біреуі, мүмкін — ең жақсысы. Бірақ, ол кезде төмендегі қызметтің бірін атқаратын бұл жігіт, Лөлянің есебіне дәл келмеген еді. Сөйтіп жүріп алшақтатып алған араларын, енді қалай жақындатуына Лөлянің көзі жетпейді, себебі — жігіт те қазір үйлі-баранды болып қалған адам. Оны жігіттің өзі де жасырмай, соңғы кезде Лөляға жақындасып, оның халін түсінген, аяған болғанда айтар есіркеуі — тағдырдың бізге ендігі жазғаны астыртын сырлас болу ғана. Лөлянің өз ойы да осы. Мырзабектің көзі тайса-ақ, бұл үйге жігіттің келе қалу себебі де, екі көңілдің осылайша бір жерден түйісуінен...

6

Ұзаққа созылады деген бұл арамдық көңілдің өрісі, ойда жоқ бір себеппен қысқара қалды. Бар арамдықты ішіне жинап алған Лөля, Мырзабекті бетінің жалған бояуымен алдап жүрген күндердің біреуінде, бұл үйдің есігі шиқылдай қалды. Мезгіл — жаз. Күн ыстық.

— Мүмкін бе?— деген дауыс естілді сырттан.

— Кіріңіз!— десті Мырзабек пен Лөля қосынан.

Кеудесінде бөктерген бұлғары қоржыны бар почта тасушы үйге кірді де, бір жапырақ қағазды қолына ұстап:

— Сөмпеков осында ма?— деді.

— Иә, менмін,— деді Мырзабек.

— Сізге телеграмма.

Қолына алған телеграмманы Мырзабек ашып оқып жіберіп, қуқылдана қалды.

— О, қайдан?— деді Лөля.

— Жәй.

— Жәй телеграмма бола ма? Қайдан?

Мырзабек телеграмманы үндеместен терезеге қоя салып еді, Лөля жылдамдата басып барды да, оқып жіберіп:

— Бұларың кім? Сөмпегің әкең бе? Ол неге келеді? Шақыртып па едің? Шешең де бар депті ғой. Маған айтпай шақыртуға қандай хақың бар?!— деді Мырзабекке төніп кеп.

«Үндемеген үйдей пәледен құтылады» дегендей, Мырзабек сөйлемей жеңейін деді де төр үйге кіріп, төсегіне жантая кетті. Желді күнгі түндіктей кеудесі басылып-көтеріліп, танауы желпеңдеген Лөля, сөйлеуге шамасы жоқ адамдай, барқыт диванның жұмсақ жастығына арқасын тіреп, қолдарын қырына арта, шалқая отырады.

Лөлядан қорқып жұмған Мырзабектің көзіне: алыстағы көшпелі ауылдан түйемен шыққан кемпір-шалдың бұл қалаға қалай жету картиналары елестеп кетті. Сол ойға шомған оның құлағына, әке-шешесі есігінің алдына келіп қалғандай сезіліп, жұмған көзін ашып алды.

— Мырзабек!— деді Лөля сол кезде,— кім бұларың?

— Әкем мен шешем...

— Олар неге келеді?

— Баласына келеді де.

— Мен оларды бұл үйге кіргізбеймін,— деді Лөля,— басқа бір үйге түссін. Бірақ, өзің қарсы алмайсың.

— Кім қарсы алады?

— Жұмса біреуді...

— Кімді?

— Оны өзің білесің.

Ол күнгі кеңес сонымен бітті. Ертеңіне пойызды қарсы алады-ау деген шақта, Лөля Мырзабектің кеңсесіне барды да, оңаша шығарып ап, бұйрығын айтты:

— Бармайсын деген соң бармайсын,— деді ол,— егер бұны істемесең, не асылып, не у ішіп өлем де, жаласын саған жауып, басыңды абақтыда шірітем.

Мырзабек қорқып қалды, мінезіне қарағанда оны істейді деп ойлады.

— Егер,— деді Лөля,— басыңа жамандық шақырғың келмесе, өзің қозғалма да, әке-шешеңнің алдынан кісі жіберіп, таныс біреуіңнің үйіне түсір. Өзің кешке бар. Жыныма тимей тез қайтар оларды. Маған көрсетпе!..

Мырзабекті ол осыған көндіріп, уәдесін алды...

7

Қолпырайған үлкен қой жүн күпісі бар, аяғында байпақты бастама етігі бар, басында тыстама лақ терісінен істеген көне бөркі бар, белінде ширатқан мата жіп белбеуі бар, буырыл сақал, денелі, еңкек бір шалмен, өңірі жамалған қара-тозбас қамзолы, шажамайынан басқан кебісті, кір жаулықты, қолына кішкене қапшық көтерген бір кемпір,— Мырзабек үйінің алдына келіп сағат екіде түсе қалды. Бұлар Мырзабектің әкесі мен шешесі еді.

— Осы үй ме?— деді Сөмпек алып келген жігітке.

— Осы!— деді жігіт.

Мырзабектің жұмсауымен вокзалдан қарсы алған бұл жігіт, келген кемпір мен шалды әлдекімнің үйіне апармақ еді, жолаушылар: «баламыздың үйі тұрғанда басқаға түсуші ме ек?» деп көнбеді, жігіт оларды амалсыздан Мырзабектің үйіне алып келді.

«Баланың үйі осы» дегенде көптен сағынған ананың жүрегі шыдай алмай көз жасы домалап кетті. Даусы шығып кете жаздап еді, Сөмпек «неге жылайсың? Қазір баланды көресің. Ұят болады!» деп білгірсіді. Шәрлі жердің үйіне кіргенде есігін қағу керек дегенді Сөмпектің құлағы шалған еді, сондықтан, көше жақтағы есіктің басқышына шықты да есік қақты. Бұрын мұндай басқышты көрмеген кемпір,— құлап кетпе деп шалына ақыл айтқан болды.

Сөмпек әуелі ақырын қақты,— үн жоқ. Қаттырақ қақты,— үн жоқ. Сөмпек ызаланған кісідей сіңірі шыққан жуан жұдырығымен есікті періп-періп қалды. Есіктің топсасы шығып кете жаздады. Лөляның қыңсылаған күшіктей жіңішке даусы аржағынан шаңқ ете түсті:

— Бұл кім?— деді ол.

— Мен Сөмпек.

— Кім керек?

— Мырзабек осында тұра ма?

— Осында. Бірақ, өзі үйде жоқ.

— Сен кімсің?

— Онда сенің жұмысың жоқ.

— Есікті аш!— деді Сөмпек.

— Жоқ, ашпаймын!— деп Лөля ішке кетті.

— Бұл кім өзі?!— деді жігітке Сөмпек — жөнін де айтпайды, есікті де ашпайды!..

Лөляның қылығына іштей ыза болған жігіт, одан әрі не боларын күткендей үндемеді.

— Кім болса да баламның үйінде не ақысы бар?— деп кемпір ашумен есікті тартып қалғанда, ілгешегі үзілді де ашылып кетті. Шашы үрпиген Лөля, ентелеп кіре берген кемпірді итеріп қалып еді, басқыштан домалай жығылып, бет-аузын қарағай тіліп кетті, әжімді кәрі кескінінен қан шапшып шыға келді. Кемпір «өлдім!..» деп бақырып қоя берді. Жігіт оны ұстай ап, сүйемелдеп тұрғызды.

— Бұл кім өзі?— деді, бетінен қаны сорғалаған кемпір, денесін сүйеген жігітке.

— Келінің!— деді жігіт.

— Не дейді?!— деп кемпір шошып кетті.

— Келмейік деп құдайдың зарын қылдым,— деді ызаға булығып тұрған Сөмпек.— Ынтаң құрыды да тұрды. Сыйыңды алдың міне!

— Өз обалым өзіме!— деп кемпір кішкене қапшықшасын арқалап көшемен келген жағына қарай бет алды. Сөмпек те соңына ерді. Қабақтарын қайғы жауып, шал мен кемпір жыласып келе жатыр еді, анадайдан сиданда-ған біреу көрінді.

— Балаң!— деді Сөмпек.

Мырзабек жақындай бергенде кемпір жаулықты жұлып қолына алды. Екі бетке тырнақты салып жіберіп тіліп тастады. Мырзабек «апа, не болды? деуіне қарамай, омырауын жыртып жіберіп, тозған торсықтай екі емшегін шығарып алды да, көкке сауып:

«Көк көкаршын, көкаршын,
Көкке жаяр құлашын.
Мені бүйтіп жылатқан,
Мендей болып жыласын!».

деп дауыс қылып көшені басына көтерді. Сөзін «тумай кет, тумай кет, ақ сүтімнен садаға кет, кешпеймін ойбай, кешпеймін».

«Тоғыз ай, он күн көтергем,
Көтерген екем бекер мен!

деп жылады ол. Екі емшегін қолына ұстап, сүтін көкке атқан кемпір, жалынған баласының сөзін құлағына ілмей бозарып талып кетті.

Сөмпек қап-қара түнектей қатты да қалды.

— Жылама!— деді ол есін жинаңқыраған әйеліне,— ақ сүтің ұрар, азғын балаңды!.. Жүр, қайтайық!

Талықсыған кемпір сүйретіліп түрегелді. Қоршаған жұрттан біреу күлді, біреу жылады... Сөмпек бір бет, айтқанынан қайтпайтын адам еді, сондықтан, жалынған Мырзабекке айтқаны:

— «Жақсы ит те өлімтігін көрсетпей өледі». Неше жыл асырағам. Күткем. Қанаттыға қақтырып, тұмсықтыға шоқытқам жоқ-ты. Табанымды шөгір тіліп, жаяу мал бағып жүргенде де сені тең құрбыңнан кем қылмағам. Мың шақырым жерден әдейі іздеп келдім. Пойызға мінерде телеграмм бергіздім. Неге алдымнан шықпайсың? Неге танымай кеттің? Жаман да болсам әкең емес пе едім? Мынау шешең емес пе еді? Бетін даладай қан қылған келінге бұл кемпір енді қалай барады? Сыйың жетті. Күттің. Өзің осындай сыйға жолық! Сен менен тумаған екенсің. Ниетің қарайған екен. Өзім аш жүріп, сені тоқ қылған күндерім, жетілген соң есіңнен шыққан екен! Көзіңнен шықсын, ниетіңнен тап! Енеңнің ақ сүті ұрсын! Жүр қатын, елде өлейік. Сағынған жүрек адыра қалсын, бекер сағынған!

Сөмпек кездескен бір көлікті жалдады да келген ізімен бір-ақ тартты.

Алдын ойламай алаңғасарлық істеген Мырзабек, өмірдің не шығырауына түскенін енді айқын түсінгендей, әкесінің аузынан әлгінде шыққан «азғын» деген сөзді даусын шығара қайталап:

— Иә, мен азғынмын!— деді өзіне өзі,— өмірдің жүрер жолын білмеген маған осы керек!..

Оның басы айналып, жүрегі лоблып кетті.

Күн түсте айнадай жарқырап, баласын көре келе жатқандардың қуанышын құттықтаған сықылды еді. Енді жер де емшегін қолына алып назаланған кемпірдің даусына сілкінгендей болды. Бұлыт қоюлана қалды. Кемпірдің іштегі жалынымын дегендей, әр жерде бұлытты жарып нажағай оты жарқ-жұрқ етті...

Декабрь, 1927 ж.

«КЕР» ЗАМАН

1

— Қайынаға, салығыңызды кешіктіріп кеттіңіз, неге төлемейсіз?— деп қайқы мұрындау келген, денелі, томпақ көз, жұқа ерін, суық шарпыған беті қара қожалақтаның-қыраған, басында түбіт шәлісі, аяғында саптама етігі, қолында тері биялайы бар, үстінде сеңсеңмен тыстаған сары тоны бар Ұлбосын, дәреттен келе жатқан Кәдірбай хажының алдынан кескестей берді.

Шалбарының бауын екшей байлап, аяғымен жерді тебініп, қысықтау келген қиғаш көзін Ұлбосынға алайта қарады да:

— Қайдағы салық?— деді хажы.

— Білмейсіз бе, қандай салық төлейтініңізді,— деді Ұлбосын, даусын көтере сөйлеп.

— Нені білейін!— деп хажы бір уыс көдедей шоқталып біткен ұзын қасын көзіне түсіріп, қалың қабағын тыржитты.

— Білмесеңіз айтайын: бір ауылнайдың имамы боласыз ғой. Зекет-ғұшырдан, жаназа шығарғаннан, тағы сондай табысыңыздан 350 сом, салған егін, жылқы, сиыр, қойыңыздың салығы 86 сом. Патент алмай сауда қылғаныңыз үшін 61 сом, барлығы 607 сом.

— Келін, осы сенің-ақ маған құтың түсті-ау жарқыным. Бір жылғы табысымның бас-аяғы 100 сомға зорға толады. Әнеугүні пинәтделге осы мәнімді айтып арыз бергем. Одан жауап алмай төлемеймін. Егінді жөнді салғам жоқ. Бір-екі десетина сепкен болып едім, шықпай қалды. Сауда қылғанымды кім көрген екен?— деп хажы аппақ сақалын қолымен тарап кейіді.

— Келіндік жолы өзіне басқа. Мен өтірік айтпаймын. Табысым 100 сомға жетпейді деп жалған сөйлемеңіз. Пітірге жан басына 3 қадақ бидайдан, 612 кісіден 46 пұт астық алдыңыз, ол бір жарым сомнан 69 сом. 218 үй құрбан шалды, оның 210-ы қой сойып, терісін сізге тапсырды

да, сіз 3 сомнан сатып 630 сом алдыңыз, 8 үй сиыр сойып еді, олардың терісінен 80 сом алдыңыз. Бәрі 710 сом. 13 кісі өлді, ат алғаныңыз бар, сиыр алғаныңыз бар, лақты ешкі, қозылы қой алғаныңыз бар, бас-аяғын есептегенде 324 сом. Жұрт егінін соққан кезде қабыңызды шанаңызға салып жүріп, ұшырға берген бидайды неше рет тиеп қайттыңыз, одан 250 сомдай табысыңыз бар. Одан басқа балаға ат қою, дін жолымен неке оқу, ауырған-сырқағанды үшкіру-түшкіруден де табысыңыз бар, осының бәрін есептегенде сізге 350 сом салық түседі. Потентсіз сауда қылмадым деп басқаға айтыңыз. Станциядан 14 бұлғары, 20 кірпіш шай, жүз шақты кез кездеме әкеліп сатқаныңызды көзіммен көрдім. Егініңізді соққанда ішінде болдым, 412 пұт алған жоқсыз ба?

Бұл сөздерге айтар дауы болмай қалған хажы, іштей жеңілгенін сездіргісі келмегендей:

— Ендеше білгеніңді қыл!— деп үйіне қарай жөнеле берді.

— Жоқ, қайнаға, мен ойнап тұрған жоқпын. Үкімет ойынды көтермейді. Салығыңызды тез төлеңіз, арты қолайлы болмай жүрер,— деп Ұлбосын хажыны тағы да алдынан бөгеп тоқтатты.

— Әй, келін, сен өзің мені сабайсың ба? Неге шаңқылдайсың, нысапсыз?— деп хажы Ұлбосынның бетіне ажырая қалды.

— Әдеп пен нысапта жұмысыңыз болмасын. Қайсымыз нысапсыз екенімізді көре жатармыз, мен сізге жалынбаймын. Төлейсіз бе, жоқ па, соны ғана айтыңыз?— деп Ұлбосын хажыға қадала қалды.

— Апырай, бетіме ажыраймашы жарықтығым, жүзіңнен иманың қашқан екен!— деп хажы бетін теріс бұрды.

Аржағынан маң-маң басып, күндігін шалқасынан тастап, иығына биқасап күпісін жамылып, бет-аузы табақтай, ақ сары бәйбіше шықты.

— Мына қатын не деп тұр?— деді ол Ұлбосынға мұрнын шүйіре қарап.

Хажы үндемей күйбеңдеді.

— Уай, сен не қыл деп тұрсын?— деді ол кердеңдей баса, Ұлбосынға жақындап.

— Беретін налоктеріңді төле деп тұрмын.

— Әй... сен қатын құтырма,— деді бәйбіше аш күшіктей шаңқылдап.— Ауылнай болдым деп көкіген екенсің.

Адыра қал, адыра қалғыр!.. Зады оңбаған неменің, қарашы, хажының бетінен алуын!..

— Жеңеше, аптықпа, сен!— деді Ұлбосын тайсалмай,— Шашынан жұлып сабайтын, мен сенің күндесің Батиқа емеспін.

— (Ернін шығарып.) Пай-пай, бетің жып-жылтыр кәпір, сенен жақсылық шықпас. Дәмімнен садаға кет. Дәмім ұрғыр, ұмытқан екенсің, аш күніңде жүрегіңді жалғаған асымды!— деді бәйбіше қаймыққан кескінмен.

Ұмытқам жоқ. Неге ұмытайын. Бес жыл сиырыңды сауып, отыңмен кіріп, күліңмен шыққанда үстіме бүтін көйлек те әпермей қуып жібергенсің. Жалғыз тайыншамды хажы мекеге баратын жылы ауылнай болып жүріп раматқа алған. Байым арбаңнан құлап мертігіп жатқанда бір езім құрт та бермегенсің. Тезегімді соғыса қоймадың деп, мына хажы баламның жаназасына енбеген. Бас жібімді ұрладың деп жала жауып, әркімнен сұрастырып алып ескен жалғыз ала арқанымды тартып алып, сұрап келгенімде таяқпен періп қалып көзімді шығара жаздағансың. Ия, ұмытқам жоқ... Бірін де ұмытқам жоқ.

Қырықпа қойдың терісінен істеген жаман тымағын баса киіп, қой жүн жамау күпісінің жеңі шұбатылып, жабағының жалындай сақалы ұйысып Ұлбосынның күйеуі Қарақұл келді.

— Әй, жаман сасық неме, мына қатыныңды алып кетші, үргізбей!— деп бәйбіше өршеленіп еді:

Қарақұл төмен қарады да үндемеді.

— Мен сендермен ұрсысып тұра алмаймын,— деді Ұлбосын,— баяғы кегімді алайын деп тұрғаным жоқ, қазынаның, үкіметтің ісін орындағалы жүрмін...

— Ия, осы ел сен болмасаң өлетін еді. «Қатын билеген ел азады» дейтін еді әткем, ендігі күніміз саған қалса, адыра қалсын ол күн,— деп бәйбіше өршелене түсті.

— Қатын билемек түгіл, ретті жерде көзіңді желкеңнен шығарар,— деді Ұлбосын.

Хажы сақалын сипап «астапыралдадан» басқаны айтқан жоқ.

— Аруақ атар!— деді бәйбіше екіленіп.

— Оны кезінде көрерміз...

— Апырай, мынау доңыз екен ғой. Аруақтан да қорықпады ғой садағасы кеткір күң!.. Жаның зәндемге кетсін сенің!

— Зәндем-сәндеміңді де, күштеріңді де көрерміз.

Мықты боп, салықтарыңды бермей отыра қойыңдар. Мұны азсынсаңдар бұдан да зорын көрерсіңдер,— деп Үлбосын жөнеле берді. Бәйбіше құманын жерге қойды да артынан қар шашты. Хажы жалтақтап бірдеме дейін деді де, бәйбішеден бата алмаған кісідей күмілжіп, қақырынып қораға кірді.

2

Терезеден қарды сықырлатып, маңдайына қызыл таққан, қолдарында мылтықтары бар үш кісі өте бергенде хажы «сұбқаналда-ай, мыналарың кім?» деп қуқылдана қалды.

— Қаңғырған қызметкерлердің бірі шығар. Ұрлығың бар ма еді? Сен-ақ қопаңдай береді екенсің,— деп бәйбіше ұрсып тастады.

— Қайдан білейін, қатын, заман жаман ғой,— деп хажы мыңқылдағанша болған жоқ, үйге мылтық, қылышын сауырлатып, арықтау, орта бойлы, талдырмаш, собалақ мұрын, қой көз, қатқан қара жігіт кіріп келді. Хажының жүрегі зырқ етті.

— Кәдірбай хажынікі осы ма?— деді жігіт.

— Осы. Өзің қазақпысың, қарағым?

— Ия, қазақпын. Хажы қайсыңсың?

Үйде амандыққа келіп жатқан құдасы Сәлімбай «мен деп ұйғарар» деген кісіше, Кәдірбайды көзімен ишара қылғандай болды.

— Кәдірбай сіз боласыз ба?— деп мылтықты жігіт хажыға қарап еді, көзі өңменінен өтіп кете жаздап, шыдамай теріс айналды да:

— Ия, ме-е-енмін, шырағым,— деді.

— Киіңіз!

— Астапыралда, неге?!

Үй іші үрпиісе қалды. «Бүлдірген сенсін» деген кісіше хажы бәйбішесіне алая қарап қойды.

Не жұмыс, қарағым, жиылыс бар ма еді?..— деп хажы жігітті сөзге жұбатайын деп еді:

— Жұмыс сол,— деді жігіт,— қазір сіздің қораны тінтеміз!

— Астапыралда, шырағым, ұрлығымыз жоқ. Құдай деген мүсәпір адамбыз...

— Киіңіз!

Қонышын ортасынан кескен байпақты шолақ етікті

хажы аяғына мықшиып зорға киді. Нашар адам көрінгісі келіп, иығына жыртық түйе жүн күпісін жапты.

— Қарағым, мен даяр...

— Жүріңіз!..

Алдымен хажы, оның артынан Сәлімбай құда, оның артынан бәйбіше, оның артынан баласы — Әлімжан, оның артынан келіні, және екі-үш бала ере шықты. Күн түс мезгілі еді. Қақпа ашық. Қораның іші жарық екен. Хажы көзін әр жерге жүгіртіп еді, ағаш сарайдың алдында бір солдат, бидай салатын сарай алдында бір солдат, шошала аузында бір солдат тұр екен. Бұларға онша саспаған хажы, құлан қораның түкпіріндегі томпиған қоқтықтың қасында Ұлбосын тұрғанын көргенде жүрегі тас төбесіне шықты. Бір минут олардың көзінен таса болғанын жұмақтай көріп:

— Ала өгіз ит шығып кеткен екен, қамай қояйын,— деп қақпадан шығуға ыңғайланған еді:

— Ұлықсат жоқ. Кейін қайтыңыз!— деп бір солдат көлденең тұра қалды.

— Келін, қашан келіп едің?— деді хажы Ұлбосынға. Онысы жағынғаны еді. Ұлбосын үндемеді. Бір қиқудың болғанын хажының іші сезді. Өткен түні лайықсыз бір түс көріп, жүрегі қобалжулы еді. Ішінен «бір пәле келді, құдай өзің жөн бер» деді ол.

Екі мылтықты хажыны жетектеп Ұлбосын күзетіп тұрған қоқтыққа апарып:

— Мына жерді қазір ашамыз!— деді.

— Онда не бар, қалқам? Ол төгілмей жатқан сиырдың тезегі ғой,— деді хажы.

— Жоқ, ашамыз!

Қоқтықты қопара бастағанда хажының көзі шарасынан шықты. Сиырдың үлкен жапалары қопарылғаннан кейін, астынан ақ киіздің шеті көрінді. Үстін әбден аршып болғанда шөккен түйедей аузын бүрген төрт киіз қап шықты.

— Өрттен қорқып қоя салған қоймамыз еді қарақтарым,— деді хажы.

Ішін ақтарғанда, киіздің біреуінен топталған кездеме, жиырмадан астам үлкен бұлғары, бір жәшік қағаз шай, бір жәшік кірпіш шай шықты. Екеуінен бидай шықты. Біреуінен жылқы, сиыр, қой, ешкілердің терісі шықты.

Мылтықтылар өзге жерден де сатармандық нәрселер тауып алысты. Хажы құп-қу болып «адал малым, адал малым!..» дегеннен басқа, сұраған сөзге бір ауыз жауап қа-

йыра алған жоқ. Табылған нәрселерге күзетші қойып, бір мылтықты:

— Үйге жүріңіз!— деді хажыға. «Қолдарына бірдеме қыстырсам қайтеді?» деген ой түсті. Үйге кіргеннен кейін хажы:

— Қарағым, ет асайық, тоңып келдіңдер ғой,— деп жалпақтап еді:

— Рахмет, қазір жүреміз,— десті жолаушылар.

— Құрауыз кетесіңдер ғой. Неге асықтыңдар?— деп келе жатқанда:

— Сіз киініңіз!— деді манағы үйге бірінші кірген жігіт

— Қарағым, қайда барам?

— Болысқа барасыз.

— Неге, қарағым?

— Қазір айтамыз.

Сол кезде, бұл үйден нелер табылуы туралы жазған протоколын бір жігіт бітірді де, көпке естірте оқып шықты.

— Осындай үкіметке қарсы ісі үшін,— деп аяқтады жігіт протоколын,— Кәдірбай Қоныспай ұлын тұтқынға алып, тиісті сотқа табыс ету керек...

— Сіз қол қойып, мөр басып мына протоколды бекітіңіз!— десті келгендер Ұлбосынға.

Ұлбосын сыртқы тонының етегін көтеріп, пенжагінің қалтасынан мөрін шығара бергенде, хажының маңдайынан суық тер құйылып кетті. «Мына жерге қол қойыңыз!» деген жігіттің нұсқаған жеріне, былтыр жаз сауатсыздар мектебінен үйренген әріптерін тізбектей, Ұлбосын протоколға қол қойды да, мөрін бір үрлеп қағазға басып қалды.

Хажыны мылтықтылар киіндіріп алып шықты. Көзінің жасы ағыл-тегіл болып:

— Сорлы-ай, кәртайғанда не күйге ұшырадың?— деп бәйбіше жылап қоя берді. Хажы да теріс айналып көзін сүртті. Бәйбіше Ұлбосынға бірдеме деп бажылдайын деп еді, «сіздің жұмысыңыз болмасын» деп мылтықтының бірөуі қайырып тастады.

Терлеп тоңазып тұрған аттар, шанаға аяқ тиер-тиместен ала кеп жөнелді.

Бәйбіше де жөнеле бергендердің артынан көзінің жасын домалатып:

— Кер заман, кер заман!— деп дауыс қылды.

Март, 1928 жыл.

ӘМЕҢГЕРЛІК АЗАБЫ

(Болған бір оқиғадан)

1

Жер үй терезесінің қарын жамаған сынық төрт көзінен белгі берген таң, ала-сәулеленіп, қап-қара тұнжыраған түнді жамылған дала бозамықтау, қаракөлеңке түрге айнала бастады. Соқпа пештің түбінде жамаулы жабағы бөстекті жамылып бырылдап ұйқтап жатқан Тілеген сол кезде оянды да:

— Қатын тұр!— деді әйелі Сақыпты оятып.— Қапшықтарыңды даярлап па едің? Азынаулақ бидайды қалаға апарып үктіріп әкелейін. Атты суарып жегейін. Оған шейін керек-жарақты даярлап қой!

Сақып дударланған шашын жиып, көнетоз кимешегін басына ілді де, аяғына мәсісін киді. Ол тұра беріп еді, неге екенін білмеді, басы айналып, көзі қарауытып кетті. Орнынан шынтақтап тұра берген Сақып буындары дірілдеп құлап қала жаздады.

— Өй, мұның не?!— деді Сақыптың бұл халін сезген Тілеген.

— Басым айналып, жүрегім өрекпіп барады,— деді Сақып маңдайын сипап,— тер де шығып кетуін қарашы!..

— Неге?!— деп Тілеген Сақыптың маңдайын ұстап еді, суық тер шыпши қалған екен.

— Жарықтығым, мұның қалай?!— деді Тілеген.— Сап-сау сияқты едің ғой, не пәле кеп қалды әп-сәтте?!

— Сұраганның ағасы-ай, білмеймін не болғанымды! Жаңа оянғанда да сап-сау сияқты едім. Жүрегім әкетіп барады.

Тілеген сасайын деді. Неге екенін өзі де білмей, есік жаққа жүгіре басып барды да, қайта келіп Сақыптың басын ұстады.

— Қалайсың?— деді ол.

— Бойым кішкене жадырайын деді. Құсқым келіп еді, басылыңқырады. Жұмысыңнан қалма, атыңды суарып кел. Мен көжеңді ысытып қояйын.

Тілегеннің сасқан жүрегі орнына түсейін деді. Ол жылы қой жүн күпісін киді де, белін буып, басына тымағын киіп тысқа шықты. Атын суарды, өткен күнгі жүрістен денесіне қатқан терін, қырауын қырғышпен қырды. Кішкене суын бассын деп аттың басына жарты дорба сұлы ілді де, шана сайманын жегерлік қып даярлап, қайтадан үйге кірді.

— Қатын, тәуірмісін?— деді ол.

— Тәуірірекпін. Көже ысыды, қазір ішесің бе, атыңды жегіп алып ішесің бе?

— Әкел, қазір ішейін.

Шеті кетілген сары аяққа буы бұрқыраған табан аяқ ұн көжені Сақып құйды да, Тілегенге ұстатты. Алдына майлық орамал жайып, отқа көмген нанды әкеліп турады. Тілеген көже мен нанға тыңқия тойып алды.

— Қашан қайтасын?— деді Сақып.

Әйелдің «қанша жүресің?» деп жол жайын сұрауы ел әдетінше «ерсі» жұмыс, сол әдетпен Тілеген Сақыптың сөзін ұнатыңқырамады. Дегенмен тату өскен әйелінің көңілін жықпай:

— Жел болса күндіз үктірермін де, түнде қайтып, ертең ерте келермін,— деді.

— Сен түнде жүруді қойсаң қайтеді?— деді Сақып.

— Е, маған кім тиеді?— деді Тілеген.

— Кім біледі, «бөрі жоқ деме, бөрік астында»,— деген қайда?

— Тәйірі-ай, жоқты айтады екенсің!— деді Тілеген кейіп,— кім бар дейсің, жол тосып жүрген?..

— Сенің түбіңе Салиқа жетеді!— деп, Сақып теріс айналып жылап жіберді.

— Сақып, сен ол сөзді енді қой!— деді Тілеген екіленіп,— бар мал дегенің тыртиған көк ат пен екі бұзаулы сиыр. Жазғы үйіңнің түрі анау, тоқым қылармық киізі жоқ!.. Қысқы үйің мынау! Көр!.. Үйіңде бүтін бір төсеніш те жоқ. Ақ үйімен, қора-қопсысымен, мал-мүлкімен жалғыз және жесір отырған Салиқаны алсам, қолың жылы суға малынбай ма? Сол мал сенікі болмай ма? Әмеңгерім деп таласып жүрген Сәденнің жарасы жеңіл. Аз малмен аузын жабам. Көпті алам десе заңға барар. Онда ұтылады,— мал иесі Салиқа.

— Байғұс-ау, мен сені қызғанбаймын. Ретін тап та ал. Бірақ, алды-артыңды шамала деймін. Кеше Ұрқия айтып келді, Сәден: «Салиқаны Тілеген аламын деуін қояр, оңайлықпен жесірімді бермеспін. Егер, қоймаса, ол келімсекті үйретермін!»— депті. Олар жауыз адамдар. Ана жылы жолаушы алты орысты өлтіріп, олжа қылғанын естіп жүрсін. Өзі сойдауыттай бес ағайынды жігіт. Сен жалғызсың. Өзің бұл ауылға кірмесің. Малы құрсын! Баяғыдан бері жалғыз ат, жалғыз сиырдан басқа мал бітіп көрген жоқ қой. Сонда да аштан өлмей, көштен қалмай келеміз. Тілімді алсаң қой осыны.

Тілеген бірбет, өз дегенінен қайтпайтын жігіт еді, сондықтан Сақыптың сөзін құлаққа аспай, көжесін ішіп, мұртын сүртті де, киініп шығып атын жегіп, үйіне келді. «Ал, мен жүрдім» деп ол есік жаққа бара берді де, бесікте ұйқтап жатқан Сұрағанын сүйгісі келіп кетті. Бесіктің үстінде жабулы тұрған шапанның өңірін көтеріп, бырылдап ұйқтап жатқан Сұрағанды оятып алармын деді де, сүймей, мұрнының ұшын ғана тақап, жеңіл иіскеді. Жыбырлатқан мұрттан Сұрағаны оянып кетті. Тілеген бойын енді тежей алмай, Сұрағанды шопылдата сүйіп-сүйіп алды. Сол кезде неге екенін кім білсін, көңілі қимағандай болып, жайдан жай жылағысы келді. Екі шекесі торсықтай, аппақ сазандай Сұраған ұйқысын ашып, таңғыштан шығып жатқан кішкене саусақтарымен Тілегеннің мұртын ұстап, жымиып күлді де, көзін уқалады. Тілеген тағы да сүйіп, алақанынан иіскеп, маңдайынан бір сипады да, далаға шықты.

Күн шықпаған мезгіл, үскірік суық. Ағаштың бұтақтарын жеңді білектей жуандатып иіп тұрған ақ қырау. Ауылдың алды оянып, пешке от жаға бастаған. Суыққа тоңған сияқтанып, қара бұйра түтіндер бұйыға ұшып жатыр...

Көк ат ширығып тұр екен. Шанаға Тілегеннің аяғы тигенде желе жөнелді, Тілеген аппақ кебіндей далада жыландай иіріліп, сарғайып жатқан қысқы жіңішке жолға түсіп, ауылдан шыға берді де. арт жағына бір қарап: «осы Сақып неге сонша ренжіді?!» деп ойын оның сөздеріне аударды. Күлген Сұраған елестеп кетті оның көзіне. «Апырай өз жүрегім де өрекпіді. Тек қайырлы сапар болғай-ақ та!» деп, атты құнтпен бір шықпыртып, мойнындағы бөкебайына тұмсығын тығып қалың ойға шомды...

2

Мақаріпкенің Күшікпай аулына қарай созылған сарытап қысқы жолының үстінде түн жамылып біреу келе жатыр. Түн аяз. Қалың қырау. Ай жарық. Шананың даусы сырылдайды... Қар сықырлайды. Анда-санда «ішіт-ай, но» деген дауыс, ара-тұра:

— «Базардан алып келген темір астау,
Сұрасаң біздің қалқа қиғаш қастау.
Алыстан ат терлетіп келгенімде,
Әзілге жарамайды қалқам жастау».—

деп аяғын баяулатып қайырған ән естіледі.

Бұл ұнын үктіріп алып, түнделетіп қайтып келе жатқан Тілеген еді. Қыраудан тон жамылған ағаштың бұтақтарын желпіген әлсіздеу азырақ жел бар. Жолдассыз түнгі жүріс адамды жалықтырады ғой. Шанада отыра беруге жалыққан Тілеген, біраздан кейін тоңазиын деді. Ол шанадан түсіп, аттың божысын қанатқа ілді де, соңында жаяу аяңдады. Орта жолда шырпылау қалың ағаш бар еді. Жол кесіп өтетін, сонда ит-құс кез келер деп, Тілегеннің сақтыққа алған жолдағашы бар.

Жол қызылдың ішіне кіре бергенде, Тілеген секіріп шанаға мінді де, қолына жолдағашын алды. Жайдан жай үрейленген ол жан-жағына алақтап қарай бастады. Салбырап тұқыра аяңдап келе жатқан аты бір заманда құлағын қайшыландырып, ағаштың алдыңғы жақтағы қойнауына қарады да, кісінеп қоя берді.

Тілеген селк ете түсті. Жүрегі дүрсілдей бастады. Алдында бір кәтер күтіп тұрған адамдай, жолдағашын оңтайланып, аттың божысын жинап қолына алды. Сөйткенше болған жоқ, ағаштың бір қалтарысынан әлденелер қараң ете түсті. Тілеген әуелі ағаш шығар десе де, артынан көзін тоқыратып салтты кісілер екенін көрді. Ә, дегенше болған жоқ, төрт салт атты Тілегенге лап қойды. Тілеген атты айдай жөнелді...

Бірақ, салттылар шаналыны жібере ме? Қуып жетісті. Біреуі қабырғаласа келіп, Тілегенді сойылмен қарақұстан салып кеп өтті. Тілегеннің көзі жарқ ете түсті. Сойылын сермеп, қайрат қылып еді, салт атты ағып өтіп, тигізбеді. Екінші рет бір сойыл емес, төрт сойыл ұдайымен келіп тиді.

— Өлтір, оңбаған құлды!— деген дауыс құлағына сап ете түсті. Сәденнің белгілі барылдақ даусы!..

Төрт салттыға шамасы келмеуін көрген Тілеген, жалынсам жаным қалар ма екен деген кісіше «Ағатайлар-ай, қиыңдар, қасықтай қанымды! Не айтқандарыңды істейін»,— деп жылап қоя берді. Талай қанды ұрттап, талай кісіні қолынан бауыздаған Сәденнің рақымсыз жүрегі бұл сөздерге босаған жоқ. Төрт сойыл тағы да тұс-тұстан ұдайымен келіп, Тілегеннің басына шақ ете түсті. Тілеген шанадан ұшып кетіп жолдың жиегіндегі қарға етбетінен жығылды. Жаудың көңілі өсті. Сәден мен інісі Бәден аттан түсе қалып, Тілегеннің тымағын жұлып алды да, қыл шылбырды мойнына салып қылқындыра бастады. Тілеген жанталасып алысты. Бірақ, көп қол шыдата ма,— шиыршықтанған қыл шылбырдың тұзағы мойнынан қайта шықпады: сегіз қолға екі қол бөгет бола алмады, Тілеген секіртпе болған қойдай ышқынып бір секірді де, дірілдеп барып сылқ ете түсті.

Өлімге үйренген Сәденнің бұған бүйрегі бұлк еткен жоқ: «атты алып жөнел!— деді ол серіктерінің біреуіне,— өзгеміз мынаны ағаштың ішіне апарып, қарға көмейік!»

Сәдендер Тілегенді ақ кебінді, қалың орманның ортасына алып барды да, белдеріндегі қалақтарымен күртікті ойып, Тілегенді тыға сап, бетін жауып жүре берді.

Ұзақ уақыт қар астында жатқаннан кейін Тілегеннің тоңазыған денесіне жан кіре бастады, аздан кейін ыңырсып қимылдады. Үстін жапқан албасты күртік тырп етуге шамасын келтірмей, өзі тұншығып жатқан сорлыны, біразға дейін басып жатты. Сол кезде оның көзіне Сақып елестеді... Оны да әлдекім өлтіріп жатқан, ол шыңғырып жатқан сияқтанды...

Жан ұшырған Тілеген қарды қопарып түрегелді. Бірақ, мас болған адамдай тұрып-жығылып, аяқтарын баса алмай-ақ қойды. Әлсіздігіне көзі жеткен ол, «уа», кім бар, жанымды сақтайтын?» деп даусы жеткенше айғай салды...

Сәден сұм «тіріліп кетер» деген қауіппен маңайда аңдып жүр еді. Дауысты естігеннен кейін жүгіріп келсе, Тілеген тыпырлап жатыр екен. Сәден қонышындағы сары кездікті алды да, Тілегеннің жаңа шыққан шоқша қара сақалынан ұстап, иегін көтеріңкіреп, кеңірдектен орып кеп жіберді...

3

Іңір болғаннан-ақ Сақыптың таңертең қобалжыған жүрегі тағы да өрекпіп, құсқысы келген адамдай бір жерде отыра алмады. Басы айналып, көзі қарайды. Домалақтау шойын құманға шай қайнатып, алдына орамал төсеп, нан нан бір сындырып алып, шайын ішейін деп еді, аржағынан бірдеме итеріп тұрғандай ас батпады.

Сұраған Сақыптың алдында отыр еді. Аналық мейірімі ұстап кетіп, Сұрағанды ол біресе құшырлана сүйді, біресе бауырына басты. Сұрағанды ол күнде бесігіне бөлеп ұйқтататын еді. Үрейленіп отырған Сақып, сегіз айлық құлынын ес көріп, қойнына салды да, қасына қисайды. Жатар алдында есіктен өткізген ызба жіпке арқан жалғап, ортадағы ашаға сірестіре байлап қойды.

Сұраған тез ұйқтағанмен, Сақып көпке дейін ұйқтай алмады. Көзін жұмайын десе алдына сөмпейіп, шашын жайған қара «албасты» келіп тұрған сықылданды. Жүрегінің дүрсілі ме, немене, үйдің айналасы дүбірлеген сықылды болып кетті.

Аз уақытта есік алдына бірдеме тықырлап келген сияқтанды. Сиырларын қораға қамаған. Шығып кететін емес те.

«Тілеген келді ме екен, есік ашсам қайтеді» деп орнынан тұра берді де, «ол болса дыбыс берер еді ғой» деп ашпады. Есікті біреу бірер рет жұлқыды да кетіп қалғандай болды. Аулында Сейтақ дейтін қылжақбас жігіт болатын еді, оңаша қалған жас әйелді әурелей беретін. Тықырлағанды Сақып сол Сейтақ шығар деп орнына отыра бергенде терезе салдыр ете түсті, әлдекім басын сұғып кіре бастады. Сақыптың жан даусы шықты. Ұшып есіктің алдына барды; сол кезде сіреңке жарқ еткенде артына жалт қараса Таңқы дейтін өзіне таныс жігіт. Оның артында Жанабыл! Екеуінің қолында да балта. Бұлар Сәденнің жан аяспас достары және жесір дауында соның сойылын соғып жүргендер... Халының неге айналғанын Сақып сезе бастады... Таңқы Тілегенді құрдасым деп, Сақыппен ойнай беретін.

— «Құрдас-ай, мұның не!» деп Сақып жылап қоя бергенде, «мә, саған құрдас!» деп, Таңқы Сақыпты балтамен шауып кеп қалды.

Ұйқтап жатқан Сұраған у-шу дауыстан шошып бақырып түрегелді. Ауыр жаралы Сақып шырылдаған құлы-

нын бассалып, «осыны паналасам жаным қалар ма екен?» деген кісіше оң қолымен көтеріп ала бергенде, Жанабыл келіп тағы шапты. Көтере берген Сұраған Сақыптың қолынан ұшып кетті. Сақып та құлады...

Одан кейін халының не болғанын Сақып білмеді. Тек қана білгені,— есі шала-шарпы ене қалған бір шақта төсінде бір нәрсе жыбырлағандай болғанға қараса, Сұраған мамасын сорып жатыр екен... Үй іші ала-көлеңке — тегі таң білінсе керек...

Сақыптың көз жасы іркілдеп, Сұрағанын құшақтайын деп еді, шамасы келмеді. Мейірімді ананың қанды сүтіне қоса, балапаны оның жанын да сорып алғандай болды,— Сақып тез жан тәслім қылды.

Таңертең көршілері қызыл жоса қан болып жатқан Сақыпты, төсіне жабысып қан аралас сүт аққан мәмәсін еміп отырған Сұрағанды көрді. Ауыл састы. Кімнен болғанын ешкім біле алмады. Қастасқан адамын ұрпағымен құртпай тынбайтын бай Сәденнің, мықты Сәденнің, батыл Сәденнің, қанішер Сәденнің сол түні екі ұрысын жұмсап Сақыпты жайратқанын, өздері далада Тілегенді жайратқанын ешкім білген жоқ.

Бір үйлі жаннан бір түннің ішінде, өмірлік бақытсыздыққа ұшырап, қанды сүт аққан мәмәсін еміп Сұраған-ақ қалды.

Апрель, 1928 ж.

СУАЛМАС САУЫН

1

— Құдайы құрғырдың күні от боп жанып кетті ме, не қылды? Адамның миын қайнатып, шекеден өткен ыстық табаннан бір-ақ шығуға айналды. Таз кісінің басындай жап-жалаңаш неткен дала?!.. Осы жолға мені айдаған құдай ма, адам ба?.. Құдай да емес, адам да емес, шайтан түртіп, жоқ жерден кәсіп іздей қалған өзім! Мені ұрып өлтіретін кісі жоқ. Қасқырбай — «алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала, шаңырақтың үш күлдіреуішінен, ошақтың үш бұтынан тіле!» дегенде тілін алмадым, «байлар қаскүнем болатын еді, есігінде жүріп жалшы болған маған, баратын жолымнан табатын табысымды қимай тұрған шығар» дедім. Бір жағынан Досымжанның сөзі де қамшы болды. Ол бала жастан бірге өсіп, біте қайнаған досым еді. Жалшылықтың зардабын екеуміз бірге тартқан ек. Ақырда ол талпынып, қызметкер болып кетті, ал, мен айыр мен күрек арасында қалып қойдым. Обалы не керек, өзі төре болғанмен, кедейді залалға итерген жері жоқ оның. Сол Досымжан: «Ауылда жүріп не бітіресін? Колхоздың жұмыскері жетеді, ағаңды мұнда қалдыр да, өзің Қарағандыдан келіп колхоздан шартпен кісі алып жатқан өкілден қалма. Ол Қазақстанның маңдайдағы жұлдызы сықылды өндіріс орны. Егер онда барсаң жұмыскер боласын. Бұл үкіметтің тізгіні жұмыскерде. Тұрмысың колхоздағыдан артық болмаса кем болмайды» деп үгіттеді. Үйден соның сөзіне елігіп шығып қап ем. Бұрын ауылдан ұзап шықпаған адам, бір жұмаға жақын жолаушылағасын қажуға айналдым. Аштық-тоқтық көрсем де колхозымда жүрмеген екем!..

Жынды кісідей өзіне өзі осылай сөйленіп отырған Тастан, құрым киізден істеген күркеге кіріп, басына күн өтпеуге бір кенеп орамалды байлады да, далаға қайта шығып, шай қайнататын отын іздеуге кетті. Сәскеден жоғары өрлеп, Арқаның бұлтсыз аспанына жүзген күн, ыстық

лебін күшейте түсті. Жел тып-тымырсық бола қалды. Жаңа жағылып, алғашқы пардың лебімен дуылдап тұрған моншадай далада дем алудың өзі қиынға соқты. Ішке тартқан дем жалынның лебіндей өзекті өртеп кетті. Біраз қараған, баялыш, тобылғыларды қопарып алып, қосқа қарай арқалап жөнелгенде, ыстық күннен құрғаған Тастанның тілі таңдайына жабысып қалды.

Таңдайы қатқан Тастан қосқа кеп, сусындайын деп еді дәнеңе табылмады. Елден алып шыққан көже-қатықтарының торсықтары сарқылып кеше бүктелген. Су іздеп еді, маңайда жоқ екен. Таңдайы одан жаман қатып бара жатқасын, күркеге созыла кеп кірді де, қорылдап ұйқтап жатқан жігіттердің арасына қисая кетті.

«Мен бұл араның жолын білем. Менен басқа адам сендерге басшы болса, жолда шөлден қатырады. Мен біреуіннің ерніңді кептірмей, бұрынғы ел-елдің жайлауындағы құдықтарды аралатып отырып Қарағандыға бір-ақ түсірем» деп мардамсыған Жолдығұлды «тапқан суың мә!!..» деп Тастан маңдайға тапсырып жіберуге бір оқтанып, жұдырығын көтере берді де, сабыр етті.

Күркеге кіргесін, құрғаған аузына түкірік жинала бастады. Тастан өз түкірігін өзі зәмзәмдей, мейірі қана жұтты. Ептеп денесі жайылайын деді...

Бұлар үш қос, қырық сегіз кісі еді. Бәрі де қылқын кескендей жас жігіт. Жолшыбай сауық қып барамыз деп, Тәуірбай деген өлеңшілеу жігіттің сырлы көк домбырасын ала шыққан. Тастан жаны көлеңкеде аздап сая тапқасын, жан-жағына қарап еді, көзі көк домбыраға түсті. Аздап көңіл жұбатайын дегендей, қолын созып домбыраны алып, шегін ақырын іліп-қағып көрсе, түндегі бұрауы сол қалпында сыңғырап тұр екен. Бірақ қатты қағуға болмайды, жолдастары шырт ұйқыда.

Домбыраны кеудесіне басқан Тастан ойға кетті. Сырт қарағанда тұйық жігіт сықылды болғанмен, Тастанның той бастарлығы мол еді. Шылдаханада, келіншек келгенде, құда түсерде... деген сияқты сауықтарда:

— Тастан, кәне, бастап жіберші, «ауылдың алты ауызын!» десе, тамағын кенеп:

«Еу, ал десе міне шаптым боз ойнаққа,
Келіппін, құдай айдап қызойнаққа.
Ағалар айт дегенің өлең болса,
Басайын «он екі звот бес будаққа!»—

деп жөнелетін. Міне, осы өлеңді ол, қостың ішінде де айта жаздап, жан-жағында ұйқтап жатқандарға көзі түскесін тоқтады. Дауыс тоқтағанмен, ішінде ақтарылған өлең тоқтаған жоқ. Аузы ғана жыбырлаған ол, әдетте айтатын тағы бір өлеңін іштей жалғастырып әкетті:

«Әуелі керек нәрсе білім деген,
Білімсіз елтипатқа ілінбеген.
Екінші — елден таңдап бір сұлу ал,
Қиғаш қас, оймақ ауыз күлімдеген.
Үшінші — елден таңдап бір жүйрік мін,
Шапса да қазған орға сүрінбеген.
Төртінші — елден таңдап бір мылтық ал,
Көзіңе көрінгенді мүдірмеген.
Бесінші — заманында күл де ойна,
Бір күні шал боларсын дірілдеген!»

Осы арада оның ойы аз бөгелді. Өйткені «жүйрік ат, сұлу қатын, түзу мылтық» оның ес білгеннен бергі арманы еді. Сол арманды көзіне қайта елестеткенде, бозбалалардың мына өлеңі аузына тағы еріксіз кеп түсті:

«Тыңдасаң жақсы өлең — құлақ құршы,
Тәтті ұйқы, қалың төсек — жанның тишы.
Жүйрік ат, түзу мылтық, сұлу қатын.
Жігіттің мал мен бағы, дәулет құсы
Қатының жақсы болса жайлау жердей.
Онымен өмір сүру, биік өрдей.
Шабан ат, өтпес пышақ, жаман қатын,
Күйсіз құс түлкі алмайды бәрі бірдей.
Бай кісі үйде отырып малды айтады,
Сал жігіт сүйер ғашық жарды айтады.
Шабан ат, өтпес пышақ, жаман қатын,
Үшеуі ер жігітті қартайтады».

Бұл өлеңді аяқтағанда, Тастанның ішінде дауыл соқты. Оған себеп,— арман қылған «сұлу қатын, жүйрік ат, түзу мылтық, алғыр құс, өткір пышақ» оның әзіргі өмірінде қолына ілекпей келеді. Ал, азарда-безер боп, ат-тонын ала қашатын «шабан ат, өтпес пышақ, жаман қатын» жасынан үйір болды.

«Шабан ат» дегені — оның сегіз жасында, әкесі Тілеубек сатып алған қайқы бел қарагер мәстек. Он шақты жан күнелткен жалғыз мәстекке өмірінде жал біте ме? Жазы, қысы қабырғалары сидиып, борбайы тыртиып, арқасынан қанды ірің ағып жүрмей ме? Өмірінде мойнынан қамыт түспегесін, қамшы кесті болған ол мәстек шабан болмаған-

да кім шабан болады? Кендір құнттың түйік жағымен қабырғадан ала бес-алты рет тартқасын, құйрығын көтеріп, арба, шананы теуіп тұрып алмай ма ол? Осы «арам қатқыр қу мәстекті» Шоқбыт та, Тастан да ашуы келгенде, талай рет бауыздап тастамақ та болды, бірақ, оны бауыздағанда жақсы атты кім береді. Сол шабан мәстек шегелеп қойған ырыстай қанша тепсе де кетпеді. Арқа тері арша, борбай еті борша болса да, жаны сірі немедей, өлмей жүре берді де, табаны күректей жиырма үш жасап, былтыр ғана құдыққа құлады. Міне, Тастанымыздың маңдайына жазылған «шабан аты» осы.

«Жаман қатын» дегені — жеңгедей алған Долданай. Тастанның ағасы Тасқұл бұдан төрт-бес жыл бұрын өлген. Оның бес баласымен, жасы отыз бестерге келген әйелі осы Долданай қалған. Тастан Долданайды жақсы біледі: қолында өсті, баласындай боп өсті. Ағасы өлген жылы Тастан жиырмада еді. Долданай одан он бес жас үлкен, өзі елде атаққа шыққан көкайыл... Жасынан күл-көмірдің арасында, қорлықта, тәрбиесіз өскен Долданайдың екі сөзінің біреуі «әкеңнің аузы...» Сол тілінен ол талайдың ауыр таяғын жеп те бақты. Бірақ, сүйекке сіңген әдет кетпеді, қанша тепкілегенмен, ешкім оны өлтіріп тастай алмады. Өлтірмей ұрғанға ол тілін тыймады... Міне, осы Долданайды ағайыны «аға өлсе іні мұрасы; ағаңның шиеттей балаларын қайда қаңғыртасын? Шаңырағыңды бұзба (онда бір шаңырақ бар немедей!), екі жарты, бір бүтін бол! Сенен ыңғайлы адам жоқ, Тастемірдің өзінде бала-шаға көп» деп еріксіз қосты.

Жас байға тидім деп Долданай тілін тартпады. Қосылғанына екі-үш күн өтпей-ақ, әкені қойып, Тастанның өз аузына жіперді. Тұзақтан Тастан басын босата алмады. Осы Долданайдан ол былтыр өлгенде ғана құтылды. Онда да сүзек қағып әкетпегенде, «жаман қатын» кім екенін Тастан өмір бойы көретін еді.

Міне, осындай тамық тұрмыста жасаған Тастан, Қарағанды жақсы деген сөзбен «неде болса тәуекел!» деп үйінен аттанған еді. Қарағанды оның көзіне өзі арман ететін «сұлу қатын, жүйрік ат, түзу мылтықтың» бәрін тауып берердей елестеген еді.

Ауылдағы азапты тұрмысының ащы дәмінен жүрегі айныған Тастан, тар қостың ішінде пысынай жатып, іздеп келе жатқан Қарағанды туралы ойлап кетті. Жалпы шахты дегенді, оның ішінде көмір шахтысын естігені болмаса,

көрген емес ол. Естуінше, Қарағандының көмірі жердің астынан қазылып алынады...

Тастан өзіне «ол көмір жер астына қайдан барды?» деген сұрау қояды. «Ауылда көмір күйдіргенде, ағашты жағып, үстіне қалың шымды үйетін еді, түтіні ғана шығып, жалындамай бықсып жанған ағаш көмір болатын еді... Қарағанды көмірі осылай жасала ма екен? Егер қолдан жақса, осынша көп бола ма? Пәлен мың кісі қазып тауыса алмайды дейді!.. Жаққан адам жерге неге көмеді оны?!»

Ойы осылайша шатасқан Тастан қалғып кетті. Аржағы түске айналды: көмір дегені алтын боп кетті... Алтынды ол қалталап емес, қапшықтап жинады...

2

— Апыр-ау, бұ не деген зор қала?!.. Мынаның ішіне кірген адам адасып кетіп, жатар жерін өмірінде таба алмас!— деді Тастан қасындағы жігіттерге Қарағандының солтүстік деңгейіндегі адырға шыға келіп, қала ең алғаш көзіне түскенде.

— Рас, мынау бір керім екен! Айналасына ат шауып жете алмас мұның!— деді қасындағы Балғабай.

— Ат қайдан жетсін мынаған. Аттың әулиесі көп болса жиырма бес шақырым шабады. Мынаның бір жақ бетінің өзі жиырма бес шақырым бар шығар. Әне қала!.. Әне қала!.. Әне, күншығысында екі қала!.. Әне, күнбатысында үш қала!.. Ойпырой, қаланы да сала білген екен!— деді Тастан.

— Бұның қалалары тұтас болмайды екен ғой, қала-қаланың арасын жарты шақырым, бір шақырымнан салғанша тұтастырып неге жібермеген?— деді Балғабай.

Неге олай екенін ешқайсысы да білмей, бірауыздан «кім білсін?» деді де қойды.

— Өзі, осы қала... күйіп жатқан жоқ па? Сона бір сорайған бірдемелерден шығып жатқан қара қошқыл түтін не?— деді Тастан аздан кейін.

— Бара көрмесек қайдан білейік,— десті өзгелері.

Қарағандының сыртқы көрінісіне таңырқаған бұлар, бірден бірге сұрастырып, жұмысшылар алынатын контораны тапты.

— Хош келдіңіздер!— деп құшағын жая қарсы алды оларды, контора бастығы.

— Казаков бригадасына берілесіздер, сіздер,— деді бастық оларға.

— Ол мына кісі,— деп алып зор денелі кісіні таныстырды.

— Біз орысша білмейтін едік,— деген сөзге:

— Казаков қазақша біледі,— деп жауап берді бастық.

Казаков олармен қазақшалап сөйлесе бастап еді, «қ» әрпін «к» ғып, «ғ» әрпін «г» ғып айтқаны болмаса, байырғы қазақтай сөйлеп ағып тұр.

— Жеке үйге орналасу жайы кейін бола жатады,— деді бастық жігіттерге,— әзірге жалпылық жатақ үйде мекендей тұрасыңдар.

«Жатақ» дегені — дөңес жердің етегін жыра салып, терезесін жабығына орнатқан ұзыннан-ұзақ үй екен. Оның іші жалпылық вагонның ішіндей тақтаймен бөлініп, әрбір бөлімшеге жұмысшылар қаз-қатар жататын койкалар қойылған. Үйдің ортасын қақ жарған тұтас коридор.

Жатақханаға келген жұмысшылар әуелі моншаға түсіп тазаларын киінді, одан кейін асханаға барып ауқаттанып алды. Жатуға олар кештетіп келсе, сменадан қайтқан адамдардың дауысынан жатақхана іші у-шу екен. Өз орындарын тапқан жаңа жұмысшылар, шудан мазалары кете тұра, жатып тынығуға кірісті.

Шаршаған өзгелері тез ұйқыға кеткенде, Тастанның көзі бақырайып жатты да қойды.

«Тұрмысымыз осы болса, көгендеген қойдай қаз-қатар тізілдік»— деп бір ойлап қойды ол. У-шуы аз, адамы сирек ауылы түсіп кетті оның ойына. Әлденеге ол көзіне жас алды...

Сондай ойдың тереңіне сүңгіген ол қалғып кетіп еді, әлдекім оятты, көзін ашса, қасындағы жолдастары түрегеп, киініп жатыр екен. Мезгіл түн сияқты, электрдің іңірде шаңқан жарығы әлі де шақырайып тұр.

— Неге ерте дүбілдіңдер?— деді ұйқысы қанбаған ол керіле есінеп, жолдастарына:

— Казаков кеп оятып кетті. Таң білініп қалды дейді, шахтыға барамыз дейді...

Тастан киініп болғанша Казаков қайта оралды да, бәрін асханаға апарды. Өзгелерінің не ішіп, не қойғанында Тастанның жұмысы болған жоқ, ал, өзінің жүрегі әлденеге өрекпіп, тамағынан қою ас түгіл, қант салған тәтті шай әрең өтті.

Жаяу бастаған Казаков жаңа жұмысшыларды шахтаның аузындағы үйшікке алып кірді.

— Енді шахтыға түсеміз,— деді ол.

— Қалай?— деді жұмысшылар.

— Түсер тесігіміз мынау!— деп Казаков, ішін тақтаймен қиыған құдықты көрсетті.

Жұмысшылар үңіліп қараса, қарауытқан түбі көрінбейтін бір тұңғиық.

— Немен түсеміз, бұған?— десті олар.

— Лебёдка аталатын жәшік бар, кәзір келеді, соған мініп түсеміз.

— Кім көтеріп түсіреді оны?

— Өзі. Электр қуатымен.

Лебёдка да келіп қалды. Казаков бастаған бір топ адам, лебёдкамен төмен сырғи жөнелгенде, жүректері зырқ ете қалған бәрі бірауыздан «алла!» деп қалды. Тастанның өкпе-бауыры алқымына тығылып, аузынан шығып кетуге таянған сияқтанды, оның құсқысы келді...

Төмен заулаған лебёдка тоқтаған кезде:

— Келдік,— деді Казаков, есігін ашып,— шығамыз.

Дым — топырақ сасыған шахтының ішіне шыға, қалтарыстау бір қуысқа алып барған Казаков, әуеле шахты құрылысының қалай жасалғанын айтып түсіндіріп алды да, жүретін және көмір қазылатын жерлерді аралатып көрсетті. Одан кейін, қайланы қалай ұстап, көмірді қалай шабу тәсілін үйретті.

Бұл сөздерді Тастан құлағымен емес, көзімен тыңдағандай болып, шахтының ішін аралағанда, бадырайған екі көзі шарасынан шығып кете жаздады. Өйтпегенде қайтсін,— жер астының қанша тереңдігіне түскен шамасы есінде. Осынша тереңдікте тірек қана ұстап тұрған сияқты төбе құлады бар ғой,— енді қайтып жарық дүние көруі жоқ!..

Сондай қорқыныштан бойы дірілдеген Тастанға Казаков қайланы ұстатты да, қолға ұстаған фонарьдың жарығына шағылысқан көмір қыртысын нұсқап:

— Ал, жолдас, кәне, сілтеп көр, қайланы!— деді.

Қарулы Тастан құлаштай сермеген қайланы көмірдің қалың қыртысына соғып-соғып жібергенде, кең шахтының іші күңгірлеп кеткен сияқтанды...

«Не де болса тез болсын!» дегендей, Тастан қайланы өршелене соқты...

Хат білмейтін Тастан, қолхозда қалған ағасы — Тастемірге тұрмыс жайын, амандығын айтып ұзақ уақыт хабарлаған жоқ. Жұмысқа жіберуін жібергенмен, іле сағына бастаған Тастемір, хабарсыз інісін қайдан, қалай іздеудің амалын таба алмай, өзі барып білуге, колхоз жұмысынан босамайды. Және анау-мынау да жұмыс емес ол, ұсталық жұмысы. Егер ол кетсе, колхоз жұмысы тұрып қалатын сияқтанады.

Сүйтіп жүріп арада төрт-бес жыл өтті. Бір күні, ұсталық дүкенде темір соғып отырған Тастемірге, бесінші класта оқитын баласы жүгіріп келді. Қолында газет...

— Е, не болды?!— деді, дүкенге ентіге кірген балаға Тастемір.— Неге жүгірдің сонша?

— Шүйінші, әке!

— Иә?

— Тәтемнен... хабар...

— «Тәтесі» кім?

— Тастан ағамды айтам да!..

— Иә?— деді Тастемір елеңдей ғап.

«Міне, былай деп жазған» деп, бала газетті оқи жөнелді. Ол сөздерге сенсе, Тастан Қарағандыда атақты көмірші болып, планын үздіксіз асыра орындаған, көп сыйлар алған...

— Не дейд, жаным-ау!— деді нанарын да, нанбасын да білмеген Тастемір,— басқа бір Тастан болып жүрмесін!..

— Емес,— деді бала, сөзін нығарлай айтып,— әрі фамилиясы тәтемдікі. Әрі, міне, сүгретін де салған,— деп, газетті әкесіне ұсына берді.

Көз нұры жас шағынан әлі таймаған Тастемір, баласы ұсынған газетті алып қараса, сүгреті басылған адам — аумаған Тастан!.. Маңдайына бала кезінде құлын теуіп түсірген айшық таңбасына дейін, оң көзінің үстіндегі меңіне дейін түсіпті. Кескін-кейіп дәл сонікі. Ал, бірақ, ол дейін десе, «шакарна» киінген бір төре: әдемі костюм, ақ жағалы көйлек, галстук!.. Бұрын тақырлап қырып жүретін шашын да өсіріп, сол жақ шекеден оңға қарай жылмита қайырып тарап тастапты...

«Апырау, бұл біздің Тастан болса игі еді!»— деп ойлана қалған Тастемір:

— Айына қанша еңбекақы алатынын жазған ба?— деді баласына.

— Оқыдым ғой. Естімедің бе?

— Тағы да оқы!..

— Үш жарым мың!

— Үш жа-рым мың?!

— Иә, солай деп жазыпты.

— Ойбай-ау, ол тіпті көп ақша ғой!..

— Жазғаны солай!— деді, өз ішінде де «тіпті көп қой» деп ойлап тұрған бала...

Хабарсыз інісінің ақшасына емес, амандығына қуанған Тастемір, баласының оқуына сенбегендей, естияр біреуге оқытпақ болып, колхоз басқармасына келді.

— Шырағым!— деді, мінезі салмақты есепшіге таянып кеп,— мына бір газетті оқып берші.

— Несін?— деді есепші, Тастемірге газетті қолына ұстатқанда.

— Мына мақаланы!— деді бала, газеттің оқуға тиісті жерін нұсқап.

Бұл мақаланы бұрын көрмеген есепші, жазылған хабарға Тастемірден кейін қуанған жоқ. Газетті қайта-қайта оқытқан Тастемірге:

— Бұны оқи берудің қажеті жоқ,— деді есепші.— Ендігісін көзбен көру керек.

— Қалай?

— Іздеп бару керек!..

Тастемір ойланып қалды...

4

Бұрын аулынан ұзап шықпаған, пойызға өмірінде мінбеген Тастемір Қарағанды пойызымен келіп вокзалына түскенде, қаптаған адамның арасынан қайда барарға білмей аңырып қалды. «Аты Қарағандыда» деп іздеп шыққаны болмаса, Тастанның адресі оның қолында жоқ.

Басы айналған Тастемір біраз отырып есін жинады да, көрінген адамнан «Тастан Тілеубековті білесін бе, шырағым?»— деп сұрастыра бастады. Біраз адам жөнін айтудың орнына оны мазақ қып күлді. Енді біреулер:

— Байғұс-ау, бұлай сұрап қайдан табасын? Қарағандыда не көп,— адам көп. Адресін білмеген адамды табуға болмайды, әуре болмай үйіңе қайт!— деді.

Біреулер паспорт столына баруды ұсынды. Тастемір

оны қайдан тапсын. Сол сандалумен бірер күн өтіп, Тастемір қайтуға толқи бастаған кезде, әлдекім Тастанның тұрағын біле кетті.

Білумен ғана қоймай, ол вокзал маңынан машина тауып алды да, жаңа қалада тұратын Тастанның пәтеріне тура апарып түсірді.

Өз аулынан басқа жерді аз көрген Тастемірге алғаш келіп түскенде, ескі Қарағандының өзі «Мысыр шәріндей» көрікті сияқтанып еді. Енді жаңа қалаға келсе, мұндағы зәулім, көркем үйлер оның өңінде көруі түгіл түсіне де кірмеген.

Әкелген жігіт Тастемірді есік алдына қалдырды да, «мен біліп шығайын» деп, үйге кіріп кетті. Оған ере, қолына екі-үш жасар ұл баланы көтерген көрікті жас әйел шықты. Бұл Тастанның жұбайы — Асылтас еді. Тастемірді ол сыртынан еститін.

Амандасып танысқан әйел Тастемірді пәтеріне алып кірсе,— бұл сияқты салтанатты үйді Тастемір өмірінде көрген емес және мұндай пәтер болады деп ойлаған емес.

Тастан жұмыста екен. Құрметпен қарсы алған Тастемірді Асылтас оңаша бөлмеге орналастырды да, асқа тойғызғаннан кейін, інісі келгенше дем алуын өтінді. Басы мамық жастықта, жамбасы жұмсақ диванға тиген, ұйқыдан қалжырап жүрген Тастемір ілезде қор ете қалды.

Ол со қалпымен ұзақ ұйқтар ма еді, қайтер еді, егер сағынған інісі оны оятып жібермесе. Шырт ұйқыдағы Тастемір, әлдекім түрткенге ояна кеп, қызарған көзін кең аша қараса, қасында бір төре отыр!..

— Тасеке, салаумаликем!— деп төре қолын ұсына бергенде Тастемір інісін кескінінен емес, даусынан танып құшақтай алды... Ол өксіп жылап жіберді...

Аз күн тұрып байқаса, Тастандай жақсы тұрған байды да Тастемір өмірінде көрген емес: пәтері кең, жасаулы, киім-кешегі мол, ішім-жемі көл-көсір, ақшада есеп жоқ сияқты... Өйтпегенде қайтсін,— өзінің мол табысына, кеңседе қызмет атқаратын әйелі де бірталай үлес қосады екен!..

Тастемір бұл үйге, «табанымды тап бастым» деп бекінген бір ойын ала келген еді.

— Шырағым,— деп айтқалы келген еді ол Тастанға,— бет-бетімізбен осы бытырағанымыз да жетер енді. Қазір колхоз да ешкімнен осал емес. Онда да табыс көп. Онда да еңбек атқарған кісі жақсы тұруға болады. Сен енді туған

жеріңе қайт. Жақсы-жаман болсын, қалған өмірді бірге өткізейік. Бала-шағаға бірігіп бас-көз болайық.

Енді, Тастанның тұрмысын көргеннен кейін, ол сөздерді айтайын десе, күрмеліп қалғандай, тілі оралымға келмейақ қойды. Тек қайтар алдында ғана алыстан орағыта ескертейін деп еді түсіне қалған Тастан:

— Аға,— деді Тастемірге,— мені енді, не соқаға салып, не мал бақтырып қайтесін. Сүті суалмас сауынды жер астынан таптым. Қалған өмірге соны сауа берейін де. Сиыр мен биені сен-ақ сау!..

— Жөн сөз, шырағым!— деді айтар дауы жоқ Тастемір,— сүті суалмас сауыныңды, шынында да тапқансың. Ендігі тілегім — суалмас құтыңды тәңірі, тек, ұзағынан сүйіндірсін!..

— Айтқаның келсін!— деді Тастан.

Октябрь, 1933 ж.

АЛТЫН АЙМАҚ

1

Көкшенің көп көлінің біреуінде отыратын Байтас аулы жылқыны кезектесіп бағатын еді.

Осы кезек бір күні Алтынсарыға келді. Алтынсары ауылдың ық жағында отыратын, бұрын бір сиыр, бір ат кейде бітіп, кейде бітпеген, соңғы кезде тай-тұяғымен бес-алты жылқысы бар шағын ғана отау шаруа еді.

Күн батар алдында ағытқан ауылдың биесі көлден су ішіп бытырай жайылған кезде, қысыр сауатын тайлы биесін мініп, қолына құрығын іліп, Алтынсары жылқыларды жинады да, Ақшоқы тауына қарай беттете жайды.

Ағытқаннан кейін сауын биенің оттампаз келетін әдеті. Және жылқы баласы терген гүлдей шөптің ең тәттісін шалып, жүре оттайды.

Мезгіл майдың орта кезі еді. Шалқардың қара қыртысы жарты кез құйқалы жеріне шыққан қалың бетеге мен селеуге жатқан құлын жасырынғандай.

Көкшетау жерінің жаздыгүнгі тымық кештерінде қойдың шарпы майындай селдіреген «маса бұлты» болады. Будақтаған түтіндей тұтаса ұшқан сары масаны жұрт осы «бұлттан» жауады деп ойлайды.

Алтынсары жылқысын жинап Ақшоқы тауына беттеткен кезде, «бұлттан жауған» сары маса атын да, өзін де булықтырып жүргізбеді. Былай да жүрдек жылқылар масалағаннан кейін пысқырынып, тыпыршып, өз құйрығымен өзін өзі айдап жортып жүріп оттайды. Астындағы атының ауыздығын алып аяңдай шалдырып келе жатқан Алтынсарының өзі де масадан қашып, желге қарсы аратұра жортып алды.

Малға да, жанға да мазасыз масаны жаратуы сықылды тентектігімен қатар, табиғаттың өз тентегін өзі тиятын мейрімі де мол. Оның осындай мейрімді мінезінің біреуі — мазасыз масаның қанатын дымдап жерге еріксіз қондыратын ышық түсіру.

Алтынсарыны да, оның астына мінген биесін де, алдағы жылқыларын да қалың сары маса булықтырып, іңірде тишын кетірді. Алтынсары масадан қорғанып, көзін ғана жылтыратты да, басын орамалымен шырмап байлап алды. Бірақ, жылқының бір елідей жая терісін тесіп өтетін масаның тұмсығына, оның жазғы кештік жеңіл киімі бөгет бола алған жоқ.

— Қап, ерегескенде күпі киіп алмаған екем!— деп өкінді Алтынсары.

Осы кезде, малды да, Алтынсарыны да есіркегендей, мейірімді табиғат жер бетін бусандыра ышығын қалың ғып төсеп еді, масаның әндеткен даусы жым-жырт бола қалды. Содан кейін тиышсызданып пысқыруын, желдеп жортып кетуін жылқы да қойды; масаның тұмсығы тиіп қышыған жерімен арпалысуды Алтынсары да қойды. Жылқының аяғы бәсеңдеп жалқау жүріспен оттады. Тебініп, пысқырынып мазасын алған биесі дамыл тапқанынан кейін Алтынсары да дамыл тапты.

Түн ортасы жақындай аспан ашылды. Ол түні он төрт жаңасын жасаған ай суға қалқытқан алтын табақтай, жұлдызды мақбал қара түнді белуарлап жүзе бастады. Бұл — шала-шарпы күндізге беріспейтін түн.

Ақшоқы тауы нар түйедей деңкиіп, қараған адамның қасында тұрған сықылды көрінгенмен, масалаған жылқысы іңірде одан ұзаңқырап кеткенін, тауға көзін тіккен Алтынсары оймен шамалайды.

Ол араның ышықты түні, сағымды күндізге ұқсаңқырайды. Күндізгі сағым алыстағаны тартып, отыз шақырымнан артық жердегі Ақшоқыны, қырық шақырымдай жердегі Бурабайды мұнарландырып ауылдың іргесіне алып келгендей болса, ышықты, жалтаң түн де осындай. Түнде де ышыққа малшынған тау, теңізде жүзіп келе жатқан кемедей, қараған адамға бері келе жатқан сықылданады.

Сағымды күндізде де, ышықты түнде де Көкшетау тауларының ежелгі ағасы Көкше. Ішіне: Азат, Сырымбет, Жалғызтау, Айыртау, Имантау, Ақан, Сандықтау, Екіжыланды, Зеренді, Бұқпа, Шортан тауларын қосқанда, «Көкшетау» атты таулардың бар ұрпағына өз атын ие қылған Көкше «Мен ағамын» деп қашан да кеудесін көтеріңкі ұстайды. Осы такаппарлығынан ол сағымды күндіз де, ышықты түнде де жаңылмай, маңындағы қай тауға қара-

сақ да, төбесінен аса қарап, өз төбесін өзгеден бұрын көрсетеді.

Жылқысы Ақшоқының шығыс жақ бетіне жайылған Алтынсары, масадан мазасы кетуі басылған соң, ышық үстінде кемедей қалқыған Ақшоқыға қарап еді, «әуелі мені көр!» дегендей, аржағынан Көкше басын қылтита қойды. Оған мойынын соза қараған Алтынсары бар денесін тұтас көргісі келіп еді, «Менің де тау атым бар, белімді бастырып Көкшені неге түгел көрсетейін!» дегендей, Ақшоқы Алтынсарының көз алдына перде боп керіле кетті.

Бірақ, Ақшоқы перделегенмен, Көкшенің бар денесі, бар сұлулығы Алтынсарының жүрегінде жазулы. Көкшенің қай жерінде нендей тамаша барын ол өз алақанындай біледі.

Көкшенің өзін де, балапан тауларын да, балды бұлақ, барқынды көлдерін де түп-түгел көзімен көріп, көкірегіне ұмытпастай ғып жазып алған Алтынсарының ендігі құмары Көкшенің астын көру.

Оның ұғымында: Көкшенің асты шалқып жатқан алтын көл; бетінде ұшан-теңіз сексен көлі болса, астында да суы алтын сексен көлі бар!.. Олай деуіне өз аты қуа.

— Атымды неге Алтынсары қойдыңдар?— деп сұрағанда, әке, шешесі оған:

— Сен туар жылы Көкшенің жерінен көп алтын тауып, ырымың жақсы бала болғасын Алтынсары қойғамыз,— деген.

Алтынсарының аулы Торайғыр тауының Бурабай жақ бетінде, таудың етегінде. Ауылдың маңы құлаған апандай үңірейген көп шұқыр. Алтынсары:

— Бұл не?— деп сұраса:

— Алтын жуған жер,— дейтін үлкендер.

Біреулер: «Таудан аққан бұлаққа бақыраш тосып ек, құмға аралас алтынның үгіндісі ақты» деген кеңесті айтады. Бұл кеңеске Алтынсарының қызыққаны сондай: бала кезінде тауды кезіп кетіп, талай бұлаққа бақыраш тосып алтын күтті. Оның еңбегі де еш болған жоқ: ұзақтың сары күні құм жуған оның бақырашына, алтынның үгіндісі кейде ілекпеген, кейде аздап ілекті. Мұндай ұнтақ табылғасын Алтынсары «Көкшенің астында алтын көл бар» дегенге бала кезі түгіл, жігіт болғасын да сенетін еді. Сондай көлдің біреуін қайткенде табуды жатса-тұрса арман ететін еді.

Жігіт бола, алтын іздеуге оның құмарлығы тіпті үдеді. Сол кезде «аққумен аспандағы ән қосатын» Біржан Сал-

дың моласының қасынан ағатын «Біржан бұлағы» ның маңынан көп алтын шығыпты, ол алтынды алуға қазына кісі жіберіпті» деген сөз дүңк ете түсті. Бұл — 1915 жылы еді.

Алтын табуды, алтынның көлін табуды арман еткен Алтынсары «ата-бабаң істемеген кәсіп» деп әркім тоқтау айтқанмен, Біржан бұлағынан шыққан алтынды қазысуға кете барды.

Алтын қазушылармен ол екі жылға жақын шахтыда жұмыс істеді. Сонда оның ұққаны: Көкшенің астында алтын көбі, бәрін жинап ала алса көл болатыны рас. Бірақ, Көкше сараң... Бай алтынын ол «мә!» деп ұсына қоймайды. Ұсыну былай тұрсын: күлдей ғып үгіп, жеті қабат жер астындағы тасқа, балшыққа араластырып шашып жіберген. Ондағы ойы: «Ерінген қойсын, ерінбеген алсын!» Сол сараң Көкше: «Егер тым ұсақ үгіп оңайлықпен таптырмасам, алтынды іздеушінің көңілі қайтар» дегендей, кейде кесек алтынын да кездестіріп қояды. Алтынсарымен бірге істеген старательдер ондай кесектің талайын тапты...

Тапқанмен не керек!.. Жұмыс көп, ақы аз. Жұмыс үшін емес, алтын көл табу үшін старатель болған Алтынсары бір жылдан кейін өзі мен өзі есептесіп еді, еңбегіне шаққанда алған ақысы оннан емес-ау, жүзден біріне тұрмайтын сықылды. Сонда да алтынды сүйгендіктен ол тағы бір жыл істеді.

Алтын іздеу жолында жүргенде оның тағы бір алған сабағы: старательдің кейбіреуі тапқан алтын өзегін, егер заводшы бай ақшаны мол берсе айтады екен де, аз берсе жасырады екен.

Екі жыл старатель боп істегеннен кейін, сондай бай өзектің біреуі арман ғып жүрген Алтынсарыға да кездесті. Бұл кезде Алтынсары алтынды құм түгіл, тастан да айыра алатын болып еді.

Табиғаттың мінезі қызық: алтынды тасты ол тілген тақтайдай жап-жалпақ қып жасайды да, алтынын оңай сурып ала қоймасын дегендей, тақтай тастың бір басын жердің бетіне көлбей қойғанмен, екінші басын қалың қыртысына көсіп сүңгітіп жібереді. Бұндай тақтай тастың қалыңдығы жарты кезден, кезге жақын; жалпақтығы саржаннан, үш саржандай; ұзындығы кейде келте, ал кейде бес-алты шақырымға кетеді. Осындай ұзын қалақ тастардың бергі басы кісі бойы жерден табылса, екінші басы бес жүз метр жерге шейін тереңдеп кетуі мүмкін.

Алтынсарыға бұндай тас, алтын көлдің бетіне қатқан қабыршық — алтын мұзы сияқтанады. Сондай мұздың біреуін Алтынсары 1917 жылдың күзінде тауып, заводшының тамырын басып көріп еді, құнға тұрар еңбек бермеуі байқалды. Аз пұлға көп еңбегін сатқысы келмеген Алтынсары, пайдасыз еңбекте салпылдап жүре беруге жалығып, жұмыстан шықты да, ауылдағы үйіне қайтты.

Міне, оған аттай он жыл. Содан бері, жұмыстан кетерде тапқан тасы Алтынсарының оянса есінен, ұйқтаса түсінен кетпейді.

Жылқы күзетінде жүріп Көкшенің астын көруге құмартқан Алтынсарының есіне тапқан алтын тасы түсе қалды.

«Апырау,— деп ойлады ол — советке де алтын керек қой осы. Ол неге осы Көкшетауға кеп алтынын ақтармайды!»

«Советтен кісі келсе жасырған алтын өзегін айтар ем!— деп ойлады ол — ...соның іздеп келгенін күтпей, өзім барып айтсам қайтеді?..»

«Қой сөйтейін,— деп бекінді ол,— сол араға алтын заводын салуға басшы болайын!.. Өзіміздің өкімет!.. Оған да, маған да пайдасы тисін!»

«Өзіміздің» деген сөзді ол өзімсініп шын көңілден айтты.

«Бұл өкіметтен бұрын,— деп ойлады Алтынсары өткенді еске түсіріп,— біздің ауылға, маған осындай мал бітіп пе еді? Қазір тамақ тоқ, көйлек көк. Бұрын жердің асты түгіл, үстіне ие емес ек. Жердің астындағы алтын түгіл, үстіндегі оты, суы аталықты, малы көп адамдікі еді. Жарлы жалғыз қарасына азық таба алмай соры қайнайтын еді. Жердің үсті біздікі, енді астын да иеленуіміз керек!..»

Таңды Алтынсары алтын ойымен атырды.

2

Қамшаттың құндызымен жиектеген торғын шымылдықтай, айналасына жасыл қылшықты қарағай өскен, Көкшенің дария көлінің біреуін жағалап жайдақ тарантасқа жеккен атта екі кісі келе жатты: біреуі Алтынсары, біреуі оның құрдасы — Шауыпкел.

Бұлардың жүріп келе жатқан жолы — жалпақтығы бір ғана арба сиярлық ескі сүрлеу. Сүрлеудің бір жағында,

егер арба ауып кетсе көлге тура құлайтын биік жар, жардың астында жалтыраған көлдің екінші қабағы сағымданып әрең көрінеді. Сүрлеудің екінші жағы жерден тік қиылып шыққан шың. Шыңның текшеленген тастары адамның көзіне қатарланып жиналған әдемі кітаптардың этажеркасын елестетеді.

Сүрлеу жүрген сайын жоғарылай береді. Оның бір ұшы арқандай шұбатылып көлдің етегіне түсті, екінші ұшы жыландай иіріліп көл жағасындағы аласалау таудың белін асылды.

Сүрлеу таудың тікшілдеу жерінен асуға айналғанда Алтынсары аттың басын тартты.

— Осы араға тоқтайсың ба?— деді Шауыпкел.

— Тоқтайық.

Алтынсары үйден шығарда Шауыпкелге «сол арада бүркіттің ұясын көрдім, балапанын алайық» деп алып шығып еді.

— Әй,— деді ол Шауыпкелге, таудың етегіне аттарын ағытқаннан кейін,— осы тауда алтын көп деген сөз бар, соны күрекпен шұқып қарасақ қайтеді?

— Бүркіт ше?

— Балапан қайда барар дейсін. Әуелі алтынды қарайық.

Алтынсары үйінен балапан үшін емес, алтын үшін шыққан еді. Оның баяғыда жасырып айтпаған алтын тасының тақтайы осы таудың етегінде. Бұл ойын ол Шауыпкелден жасырды.

— Уа, қойшы соны!— деді Шауыпкел — қайтесін алтынды!.. Осындай ыстықта қазып, азабым құрысын!.. Онсыз да ындыным кеуіп келеді. Сусын қайда?

Сусын ішіп отырып Алтынсары сөзін тағы қайталады.

— Рас айтам деймін,— деді ол,— іздейікші! Табылмаса қалсын. Бізден ешкім айып алмас.

— Керексіз іске құмарың-ай!..

Ол ертеде осы арадан алтынның тасын тапқанын Шауыпкелге айтуға бір оқталды да, тағы да «әуелі қойған белгімді байқап алайын, таба алмай ұят болар» деп ойлады.

Сол оймен, ерінген Шауыпкелді арба қасында қалдырып, өзі белгісін іздеп кетті. Бірақ, қанша шарлағанмен, белгі табыла қоймады.

— Қап,— деп өкінді ол арбасына қайтып келе жатып — бай өзек еді, табылғаны абырой еді!..

Арба астында, көлеңкеде тынығып жатқан Шауыпкел Алтынсарыны:

— Иә, Сарым! Неше бұт алтын әкелдің?..— деп ажуалады.

— Күлме, құрдас,— деді Алтынсары,— асықпа!.. Үмітсіз сайтан деген.

— Күлгенім емес, сұрағаным: атың Алтын болғасын алтыншыл шығарсын деп ем, ақырында жезшіл де болмай қалмасаң не қылсын!..

— «Асықпа» дедім ғой, егер алтын табылса, сен де қаша қоймассын, атыңа ұқсап шауып-ақ келерсің.

— Қашамын. Олда-білдә қашамын. Нанбасаң бір қапшық алтын тауып әкелші! Қызығар ма екем?

Алтынсары жеңілгендей болды.

— Саған ерегескесін алтынды таппай қоймаймын!— деді ол, арбадағы темір күрегін алып жөнеле беріп.

Алтыны бар жерді Алтынсары жер бетіне шыққан шөбінен де жобалайтын еді. Сол жобасына сүйеніп құмы есілген бір жерді ол шұқылап қаза бастады.

— Ә, іске сәт!— деді Шауыпкел, Алтынсары қазған шұқырды кіндік тұсына келтірген кезде қасына барып.

— Айтсын-ақ!— деді Алтынсары белін жазып, терін сүртіп,— осы арада алтын бары анық. Тез шығады. Нанбасаң қазып көрші.

Тыныққан Шауыпкелге алтыннан көрі ермек керек болды.

— Жарайды, шық бері! Бер күректі маған! Мен де біраз шұқиын, меселің қайт болмасын,— деді шұқырға түсуге оңтайланып.

Расында шаршаңқыраған Алтынсары күректі шұқырда қалдырып, өзі сыртқа шықты да, Шауыпкел ішіне түсіп қаза бастағанда шұқырдың жиегіне жүресінен отырды.

Тың тегеуірінмен Шауыпкел кезге жақын қазып тастап, ара-тұра, құм балшықты әдей Алтынсарыға лақтырып тұрды да, бір кезде қалшиып тұрағап, Алтынсарыға елеусіз көзбен бір қарап қойып, еңкейіп аяғының астынан бірдемені алды.

— Ол не?— деді елегзіген Алтынсары басын көтеріп.— Не алдың аяғыңның астынан?

— Ештеме де алғам жоқ.

— Жоқ, бірдеме алдың?— деді Алтынсары орнынан түрегеп.

— Немене, алтын тапты деп тұрмысың?

— Не де болса көрсет!

Шауыпкел қойнына бір нәрсені тыға қойғандай болды. Алтынсары қадалған сайын оның кескіні құбыла бастады.

— Кескінің неге құбыла қалды?!— деді Алтынсары шұқырға бір, Шауыпкелдінің кескініне бір үңіліп — қарау кәпір, бірдеме тауып, қызғанып тұрсын-ау деймін! Көрсет қойныңа тыққаныңды!

— Түк те тыққан жоқпын!— деді Шауыпкел күректі балшыққа қадап мықшыңдап — саған ерегіскесін кісі бойына шейін қазам осы шұқырды, бірдемесіне жетпей қоймаймын...

— Әуелі тапқаныңды көрсет. Көрсетпесең зорлап көрем.

Алтынсары Шаупкелдіден күштірек еді. Сондықтан, алыса кетсе жеңілетінін білген Шауыпкел:

— Ал, тінтем!— деп Алтынсары шұқырға түсуге ыңғайланғанда:

— Сенбесең көр!— деп сыртқа шығуға ыңғайланды да, Алтынсарының көзін алдап, қойындағыны сырғытып түсіріп жіберіп, аяғымен балшыққа араластыра қойды.

— Ал, тінт!— деді ол тысқа шыға ерленіп, омырауын ашып,— қашаннан бері маған мұндай күдіктенетін болып ең?

— Мен сені емес, шұқырды тінтем.

— Е, шұқырдың жазығы не? Тініткің келсе мені тініт!..

Алтынсары қазылған шұқырдың қасына барып түсейін деп жатыр еді, сыртынан кеп оны оң жағына аударып тастап Шауыпкелдің өзі түсе қалды да, Алтынсары тұрғанша аяқ астынан бірдемені алып қойнына тағы тыға қойды.

— Енді алып шық!— деді Алтынсары.

— Нені?

— Тапқан алтынды.

— Уа, тәйірі алсын сені! Өзің рас айтып тұрсың ба? О, не қылғаның! Сені әдей ерегістірейін деп түстім. Ал, кәне қарай ғой!

Шауыпкел шұқырдан шықты. Оның аяқ астынан алтынды алғанын көрмей қалған Алтынсары шұқырға бір түскелі тұрды да:

— Әй!— деді тағы,— Рас айтам, қойныңды көрсетші.

Шауыпкел ашуланған болды.

— Өзіңнің денің дұрыс па?— деді ол қабағын түйіп,— мазақ қылғың келе ме? Осы араның тауын көшіріп әкетсең де еркің. Ал, мен кеттім арба жаққа!

Шауыпкелдінің кескін құбылысы Алтынсарының күдігін тағы күшейтті. Сондықтан ол ойнаған боп кеудесіне қол салайын деп еді, анау итермелеп маңайлатпады. Екеуі алыса кетті.

Олар ұзақ алысты. Шауыпкел де тірі жан, сондықтан Алтынсары қарулырақ болғанмен берісе қоймады. Екеуінің де киімдерінің пәрә-пәрәсі шықты. Екеуі де ентікті. Бұлардың бұл алыс-жұлысына: қиядағы күн, асқар тау, шалқар көл, қалың тоғайдан басқа, сол араның аңы мен құсы ғана куа болды.

Тиыш тоғайдың ішінде жапырақ жамылып жем іздеп шоқаңдап жүрген қоянның құлағына бұлардың ырсылдаған дауыстары шалынып, селк ете түскен қоян «не?!» дегендей құлағын қайшыландыра, алдыңғы аяғын көтере, тұрқын соза қарады да, алысқандарды көре салып, бетін бұтаққа остыра қалың шытырман арасына жып берді.

Қалқия қойған қоянды көзі шалған қарағай басындағы ителгі алысқандарға алданам деп жемінен айырылды.

Тауда екі жәндік таласса, біреуінен өзіне жем түсіп дағдыланған аш бүркіт бұлардың төбелерін торлай ұшып, аспанда шарықтап жүрді.

Күмістей сыңғырлаған даусы орман ішін сұлу үнге бөлеген бұлбұл да дауысынан жаңылды.

Ағаштың жапырағы мен көлдің жұқа бетін дірілдеткен әлсіз жел тына қалды. Дауысын бәсеңдетпеген жалғыз-ақ таудан аққан бұлақтың сылдыры.

Осылардың бәрінің тыңдағаны Алтынсары мен Шауыпкелдің алысы, алысқаннан алқынған өкпеден шыққан ырсылдаған демдері.

Адамның денесіндегі күш, мүшесінің бәрінде бір тегіс болмайтынына Алтынсарының көзі Шауыпкелмен алысқанда жетті. Алыса кеткен жерден алып-ұруына қарағанда Шауыпкелді ол тез жеңе қоям ғой деп еді. Күш сынаса келе, Шауыпкелдің бар қаруы уысында екендігі байқалды. Оның денесін шопақ құрлы көрмей көтеріп алып, жерге оңай құлата салған Алтынсары, қанша қару жұмсағанмен, жұмған уысын жаза алмай қойды. Уысы винттеп тастаған темірден бір кем емес.

Шауыпкелдің алысуын басында ойын шығар деп ойлаған Алтынсары, шынға айналғанын көргесін, уысын жазуға әлі келмейтінін байқаған соң, басып жатқан Шауыпкелдің көзіне көзін оқтай қадады да:

— Әй, ақтық рет айтам, рас бермеймісің!— деді дікілеңіп.

— Немді берейін!— деді Шауыпкел алқынып — түгім де жоқ беретін.

— Қолыңдағыны.

— Қолымда да түк жоқ.

— Ендеше неге жазбайсын? Кәне, жазшы, алақаныңды!

— Жазбаймын.

— Неге?

— Әдейі, ерегескесін!..

Алтынсары қабағынан қар жаудыра түсін суытып алды да, Шауыпкелді жерден көтеріп құшақтаған қалпымен, көлдің биік шыңды жарқабағына алып келді.

— Менің мінезімді білесің ғой!— деді ол Шауыпкелге қадалып — қолыңды жазбасаң көлге лақтырам.

Алтынсарының құшағында өзін жоққадай көрген Шауыпкел кескініне қарап еді, лақтыратыны рас сықылданып кетті. Сондықтан, Алтынсарының «өлгің келмесе әкел, жылдам!» деген сөзіне шыдай алмай:

— Мә,— деп уысындағыны сыртқа лақтырып жіберді де,— босат!— деді ақырын.

Алтынсары разы болғандай түсін жылытып Шауыпкелдіні жерге ақырын түсірді де, лақтырған затты алып көріп еді, айнала құм топырақ жабысқан, жұдырықтай тұтас тума алтын екен. Қуанып кеткен ол алақанымен салмақтап көріп еді, қолын жерге алып түсе жаздады.

— Қызғанғаның осы ма?— деді ол Шауыпкелге қарап күліп — сен қызғанба! Бұл алтынды мен өзім алмаймын.

— Енді қайтесін?— деді нанбаған Шауыпкел кекті кескінмен.

— Үкіметке берем.

— Үкімет саған несін береді?!..— деді Шауыпкел кекеп.

— Екеуміздің еңбек ақымызды береді. Бұл алтын халық қазнасына түседі.

— Одан басқа пайдаң?

— Алтын іздеу кәсібіне қайта кірем, старатель артелін ұйымдастырам. «Алтынның шыққан жерін белден қаз» демей ме, аталарымыз. Осы араны тағы да қазып, тығылған алтындарын түгел аламыз? Сені де шақырам, бұл абыройлы іске.

— Оны кезінде көрерміз,— дей салды кесек алтыннан айырылуға іші күйген Шауыпкел. Алтынды үлесу жайын

Алтынсарыға айтпақ боп бір тұрды да, көнбесіне көзі жеткен соң үндемеді.

Алтынсары атқа кетті. Осы кезде арба қасына барған Шауыпкелдің ойына Алтынсарыны өлтірсем қайтеді деген жамандық ой тұтанды.

— «Қару қайда?»

Оның есіне арбаның кіндік темірі түсті. «Байқаусызда білектей темірмен қарақұстан персем,— деп ойлады ол — жаны тас деймісін!»

Осы ниетпен ол кіндік темірді суырып алып, Алтынсары атты әкелгенде ту сыртынан екі-үш рет айналды. Оның неге айналғанын Алтынсары сезген жоқ.

Ыңғайы келгенде қарақұстан кіндік темірмен салып жіберуге Шауыпкел қолын көтерді де тату өскен құрбысын қимады.

3

Олар қыстау жолымен қайтты. Үйден шығарда:

— Қайтарда егіншілерге соға кетейік,— деген еді Шауыпкел Алтынсарыға.

Ат Алтынсарынікі еді. Шауыпкелдің сөзін есіне сақтаған ол, қыстау маңындағы егінге тура тартты.

— Неге тұнжырап келесін, әй?— деді Алтынсары Шауыпкелге, даңғыл жолдан егіннің жіңішке жолына бұрылған шақта.

— Маған не қыл дейін деп ең?— деді Шауыпкел қабағын түйе қарап.

— Уа, тәйірі алсын сені, тәйірі алғыр! Оның не, қарап отырып араз боп? Алтын керек болса, мә!.. Ойын-күлкімнің садағасы!.. Осы жұдырықтай тас үшін, бұның әкесіндей тасқа бермейтін тату көңілден айырыламыз ба?

Алтынсары алтынды алдына тастап еді, Шауыпкел алмады.

— Сен қоңыраюды қой!— деді Алтынсары — бір жыл туған төл емеспіз бе, антұрған!.. Бұл алтын екеумізге пайдасын бірдей тигізеді... Сына осы сөзімді!..

— Көрсек көрерміз — дей салды Шауыпкел.

Егіншілерге жақындап қалғасын басқа сөз кеңеспей, Алтынсары алтынды қалтасына тықты.

— Іске сәт!— деді ол, соқа айдаған егіншілердің алдынан кеп тоқтап.

— Айтсын!— деді беттерін шаң басқан екі жігіт.

Ауылдың адамдары егінге төрт-бес үйден бірігіп шыққан еді. Бұл қоста Алтынсарының да, Шауыпкелдің де сыбағасы бар.

— Бес күннен бері жыртқандарың осы ма?— деп сұрады Алтынсары егінші жігіттен — қалай аз жыртқансыңдар? Тіфу!.. Осылай да жер жырта ма екен?.. Бұл не?.. Жердің бетін айғыздап тайыз айырып?.. Арасынан жыртпаған тың тастап отырыпсыңдар ғой!.. Егін шыға ма бұған?..

— Енді қайтейік. Әдейі солай жыртып жүрген жоқпыз. Көлік жүрмейді, соқа өтпейді,— деді егіншінің бірі кейіп.

— Өтпеуіне тағы бір себеп,— деді екінші жігіт,— әлгі көзі шыққыр Қирабай қаладан соқа ала барғанда, доңғалағын ауыстырып әкетіпті. Міне, көрші, біреуі үлкен, біреуі кішкене, бұл қалай түзу жүрсін!.. Құр көлік қинау!..

Алтынсары шегі қата күлді.

— Неге күлесін?— деді жігіт.

— Күлгенім... соқа осылай болмай қалай болушы еді?.. Оның доңғалақтары осылай ұлылы-кішілі болады.

Соқаға өгіз жегілген еді,— төрт пар өгіз... ауыздарынан көбігі бұрқырап, тілдері сала құлаш шыққан, бүйірін соққан өгіздерге Алтынсары жақындап еді, мойындарын жарма соғып қан аққан қып-қызыл жара...

— Обал-ай.— деді Алтынсары,— көлік бүлінген екен.

Бұл ел бұрын егін салмайтын, салса: байлары орыс жалдап салғызып, кедейі кетпенмен егетін. Ол кезде кедейлер «әттең... қолымызға жер, көлік, соқа тисе!— деп кіжінетін.

Міне, қазір оның бәрі бар: жер түп-түгел кедейдікі, қанша ексе де еркі; бұрын кедейде көлік жоқ еді, совет өкіметі келгелі шаруасы көтерілген олар елбесіп-селбесіп жететін көлік те жасап алды. Бұрын кедейге соқа табылмайтын еді, қазір ауылшаруашылық кооперациясы арқылы оған да қолы жетті.

— Ендігі жетпейтін — Алтынсарының ойынша: «Егін жұмысына жаттықпағандық».

Ол егінші жігіттерге осы ойын айтып еді:

— Жаттықсаң да осы соқа, осы көлікпен көп егін сала алмайсын,— деді жігіттер.

— Сендерше не істеу керек?

— Егінді өзі жыртып, өзі егетін машина шығару керек.

— Асықпасаң ол да болар,— деді Алтынсары.

Осы кезде егіншілердің қосы жағынан жіңішке жолмен заулатқан бір пар атты көріне кетті. Ат-арбасы, сайманы бұл аранікі секілді емес.

Егіншілер жақындаған жолаушыларды қарсы алса, қалаша сәнді киінген қазақ жігіттері екен. Жөндерін сұраса, біреуі тау кенінің инженері, аты Таубай, екіншісінің аты Таспай, ол Таубайдың жәрдемшісі.

Амандасып тұрып, олар әзілдесіп қалды.

— Егінді нашар жыртады екенсіздер!— деді Таубай, соқа жүрген жерлерді көріп ап,— көлікті де айдай білмейді екенсіздер, өгіздеріңіздің мойнын алдырып тастапсыздар ғой!.. Обал-ай, жануарларға.

Жат жігіттің алдында егін жырта білмеу намысына өзі де ортақ болған Алтынсары, әзілден жығылғысы келмей:

— Жер жыртатын машина шығарып берсеңдер, біз сендерге қой деген жоқпыз,— деді.

— Бірақ, сол машинаны шығаратын біз емес, өздерің,— деді Таубай.

— Біз шығарамыз?— деді егінші жігіттің біреуі, Таубай қылжақ қылып тұр деп ойлап.

Әзіл сөзге шын жауап берген Таубай, қазір партия мен үкімет отанды ірі кәсіпті елге айналдыру саясатын жүргізгелі жатқанын, осы саясат егінге хажетті машиналарды мол өндіруге жағдай жасайтынын айтты.

— Бұның бәрі дұрыс,— деді Алтынсары,— сол істі өркендету үшін, мына біздің жәрдеміміз не болады?

— Алтын табысу болады!— деді Таубай.

Өз сырын ол енді ғана айтты: ол революция жылдары жабылып қалған Степняк алтын ошағын қайта ашу жабдығына шығыпты.

— Бұл жұмысты,— деді ол жігіттерге,— біз, тек, жергілікті халықтың жәрдемімен ғана іске асыра аламыз. Сол халыққа сіздер де жатасыздар.

Бұл сөздерді құлақ қоя тыңдаған Алтынсары да шынына көшіп:

— Өзіңе керегі алтын ба, құрбым?— деді Таубайға,— егер алтын болса, осы Көкшетау жерінің астында ол бұлақтай қайнап жатыр, қанша алсаң да таусылмайды.

— Көкшетаудың бойында алтын көп екенін білеміз,— деді Таубай,— бірақ, соны тауып беретін кісі керек қой.

— Өңгені білмеймін,— деді Алтынсары,— мен өзім сол алтынды іздесуге әзірмін. Менің мына жолдасым Шауыпкел де әзір. Солай ма, достым?— деп ол құрдасына қарап

еді, «меселі қайтпасын» дегендей, Шауыпкел басын изеді.

— Іздесіп қана қоймассыз,— деді Таубай күліп,— табысарсыз да.

— Таппайтын нәрсені іздеп хажеті не?— деді Алтынсары жымиып.

— Мүмкін, тауып та жүрген боларсыз?— деді Таубай, «осы жігіт ескі старательдің бірі болмағай» деп ойлап.

— Мүмкін!— деді Алтынсары сенімді дауыспен.

— Қоста дәм бар ма?— деп сұрады Алтынсары егінші жігіттерден.

— Әлгінде қымыз келген еді,— деді жігіттің бірі.

— Ендеше дәм татыңыздар!— деп қосқа алып барған Таубайға, Алтынсары бүгінгі тапқан олжасын айтып еді:

— Кәне, ол алтының?— деп қуанып кеткен Таубайдың екі көзі шарасынан шыға жаздады.

Табылған тума алтынды Таубайдың көзіне ғана көрсетіп, қолына ұстатпаған Алтынсары:

— Асықпа, құрбым,— деді Таубайға — бұл алтынды завод кеңсесінің есігі ашылған күні қолымнан апарып берем де, өзім бірінші старатель болып қызметіне кірем.

4

Электр сәулесінен іші ашық аспанды күндіздей жарқыратқан штректі бойлай, сыртында брезент сулығы, аяғында үлкен етігі бар Алтынсары келе жатты. Беті — инженердің кабинеті. Шахтының төбесіндегі порода тастардың жігінен шапшыған су оның жалбағайына кейде тырсылдап тамшылады, кейде фонтандай атқылады. Шахтаны бойлай салынған жіңішке темір жолдармен кен тасыған электр вагонеткалары зырылдап ерсіл-қарсыл өткенде Алтынсары ығысып жол береді де, тағы да ілгері жүреді.

Аяғын аттаған сайын оның көзіне ескі замандағы қараңғы шахта, тар шахта елестеді, сол қараңғы, тар шахтада қолына ұстаған кәрәсін лампасының әлсіз жарығынан алдындағы екі адым жер еркін көрінбейтіні есіне түсті. Міне, ендігі электрлі шахта, ертегілерде айтылатын, іші самаладай жарық кең алтын сарай сияқты...

Алтынсары білегіндегі сағатына қараса түскі үш екен. Үште шахтадағы кабинетіне оны инженер Таубай шақырыпты. Неге шақырғанын білмейді.

— Бүгінгі нормаң?— болды, Алтынсарыны кабинетінде қарсы алған Таубайдың бірінші сұрауы.

— 120. Кешке шейін 180 ге апарармын, деп ойлаймын.

— Жоқ, оны істей алмайсын!— деді Таубай күліп.

— Неге?!— деді Алтынсары таңданған кескінмен.

— Горкомнан звонить етті. Сен өз колхозың «Алтын таңға», сайлаушылар арасында үгіт-насихат жұмысын жүргізуге барып қайтпақ болыпсын.

Степняк алтын өндірісі ашылған күннен бастап жұмысқа келген Алтынсары, алғашқы күндерден бастап сауатсыздар мектебіне түскен еді де, аз уақытта жаза, оқи білуге халы жеткен еді. Содан кейін іле партия қатарына өткен оны, қалалық партия комитеті үгітшілер тізіміне қосып қойған. Қазір жергілікті советтің сайлау науқаны жүріп жатыр. Осы жұмысқа Алтынсары да белсене қатнасып жүр. Лифтпен көтерілген Алтынсары тысқа шықса, «М—1» тұр, шофері Шауыпкел.

— Қайда барамыз?— деді Шауыпкел оған.

—«Алтын таңға».

— Құп болады!— деп Шауыпкел айдай жөнелді.

Олар «Алтын таңға» ілезде келіп қалды. Колхоз таудың етегіндегі бұлақты жиектей салған алпыс шақты үй еді. Үйлердің бәрі де сұрыпталып қиылған жаңа қарағай. Кеңсе мен мектеп орталығында.

Кеңсеге келсе күзетші әйел ғана бар екен. Басқарма бастығын сұрап еді:

— Егін басында,— деді әйел.

— Мүшесінен кім бар?

— Олар да егін басында.

— Бәрі не алады егін басынан?

— Жиылыс бар деп кетті.

Алтынсары мен Шаупкел таныс токтің басына келсе, тау-тау боп үйіліп жатқан бидай, бидайды жинау мен соғу жұмысында сапырылып жүрген көп адам...

Машинадан түскен Алтынсарыны, құрбылас жігіттері мен әйелдер «качайттаймыз» деп, тырмысуына қарамай қаңғебелек ойнатып, көтеріп алды да кетті. Біраз қақмақылдап ентіктірген Алтынсарыны жерге түсірген соң:

— Кәне, айт!— деп шуласты олар, қоршаған Алтынсарыға,— алтын сенде көп пе, бізде көп пе?

— Сендерде де, бізде де көп,— деді демін алқына алған Алтынсары.

Олай демеуге болмайтын. Колхоз бастығының айтуынша, «Алтын таң» биыл еккен 1300 гектардың алдынан қырық, артынан жиырма центнерден түсіп жатыр. Бұл

шығым тек, егінді трактормен айдап, сеялкамен сеуіп, комбайнмен орудың арқасындағы ғана түсім.

— Алтын көбейсе, машина да көбейеді,— дейтін еді Алтынсары.

Сол айтқаны келді: дәл есебін айтпағанмен, Степняк отанға алтынды ай сайын қадақтап емес, бұттап беріп жатқан сияқты. Сонша мол алтын машинаны көбейтпей қоя ма!..

Отанда қазір алтын да, машина да көбейген түрі бар. Бұған байыған тіршіліктің бар саласы да куа. Осынша зор жетістіктің ауыр жүгін сүйреп, алдыңғы қатарда келе жатқан еңбек ерлерінің ішінде Алтынсары да бар. Ендеше, колхозшылар оны «хан көтеріп» качайттамағанда, кімді качайттайды?..

Ток басында, ішіне мыңдаған кісі сиярлық астық сарайы бар еді. Соған жиналған колхозшыларға, отанның ірі өндіріске ие болуынан тапқан пайдасы туралы Алтынсары баяндама жасап тұрғанда, босағаға сүйенген Шауыпкел ойлы кескінмен қадала қарады да тұрды. Алтынсарының туғаннан бергі өмірі оның алақанында: екеуі бір жылда туған төл, бірге өсті, біте қайнады...

Шауыпкел бала кезінде Алтынсарыдан пысық еді. Алтынсары сөзге нанғыш, уәдешіл, момын бала болатын. Өзін одан қу санайтын Шауыпкел бала кезінде де, жігіт кезінде де алдап, талай рет «тақыр мұзға отырғызған». Алтынсары оның біріне де ашуланбай көне беретін.

Ақырында, «бәрінен қой бағып қойыртпақ ішкен озар» дегендей, еңбек сүйгіш Алтынсары, Шаупкелдің ұғымында шырқап аспанға кетті де, пысықсынған еңбексіз ол, жерде қалып қойды.

«Көкке шыққаны емей немене?— деп ойлады босағада тұрған Шауыпкел — пойызға да, автомобильге де, аэропланға да мінетін осы; Алматы, Мәскеуді аралайтын осы. Киім осында, тамақ осында,.. обырой, атақ осында!..»

Алтынсарының бұндай шат тұрмысын Шауыпкел бұрын күндейтін еді, бұл жолы, босағада сүйеніп тұрып, бірінші рет ол құрдасына сүйсінді.

«Дұрыс!— деді Шауыпкел ішінен, 1927 жылы туынды алтынға таласқанын есіне түсіріп,— сондағы мұның сөзі расқа шықты. Алтын көбейіп еді, машина да көбейді...»

Шауыпкелге де осы машиналардың бәрі Көкшетаудың алтынынан жасалып жатқан сияқтанды. Сол алтынды та-

бушы да, қазушы да Алтынсары сияқтанды оған. Ендеше, ел бұны ардақтамағанда кімді ардақтайды?!.

«Егер мен де сол кезде белсене алтын қазсам, бұлай боп жүрмес едім!» деп өкінді Шауыпкел.

Олай дейтін себебі: колхоз жұмысына да жалқау ол, Степняк ашылған жылдарда ауылда жатты да, жалқаулық қарнын ашырғасын алтын қазудан шоферлікті жеңіл көріп машина руліне отырды. Қазір ол айына сегіз жүз сом алады. Оның көбін «бәрібір байымаймын» деген оймен ішіп қояды. Сондықтан оның өзі де жүдеу, үй іші де жүдеу... Ал, Алтынсары ше... Оның шамалауында, бұрынғы байлар да мұндай тұрып көрген жоқ... Ендеше, жақсы тұрудың тетігі, тек еңбекте ғана...

Митинг біткен кезде ымырт жабылып, қас қарайды. Жиылысқа қатнасқандардың қартаң жағы грузовикке мініп, қалаға кетті де, жастар жағы ток басында ойын-сауық жасауға қалды. Олар Алтынсарыдан бірге болуын өтініп еді:

— Түнгі сменаға барушы едім,— деп босанды.

Заводқа қайтуға тысқа шыққан Алтынсары төңірегіне көз салып аз уақыт тұрды.

Түн айлы, жұлдызды жарық екен. Ол ара, жан-жағы еркін көрінетін адырлау жер еді. Адырдан завод та айқын көрінеді екен. Завод қаласында жанған электр шамның жиылығы аспандағы жұлдыздан кем емес. Әлдеқайда, Шортан жақтан кетіп бара жатқан пойыз паровозының үні естіледі. Әне!.. Көкте екі қызыл жұлдыз ұшып барады. Ол жұлдыз емес... Қызылжардан Қарағандыны беттеп тартқан самолет!..

Алтынсарының көзіне айлы түнде аспанды белуарлаған Көкше түсті... Баяғыда, жылқының күзетіне барған түні Көкше туралы ойлаған ойы есіне түсіп кетті оның...

— Рас!— деді ол ішінен мұнартқан Көкшеге қадала қарап тұрып,— сенің сыртқы сұлулығың Грек, Рим көркемөнершілерінің ойланып қолдан жасаған шебер шығармаларынан да әлдеқайда сұлу!.. Жерден текшеленіп аспанға шаншыла шыққан сенің Оқжетпесіңді, сырлы тостаған құйған қымыздай, құшағына алған суы меруерттей мөлдір көліңді, етегіне ұстаған күміс оқадай дөңгелене сыртыңды айналып жатқан шабағыңды, сенің сұлулығыңды еліктей жаралған бытыранды ұрпақтарыңды; ... солардың бәрін қаусыра құшақтап, қолын күзеткен батырдай, бәрінен басыңды асыра қарап, «бұлттың сүтін ішіп ержеткен»

өзіңді,... қандай суретші осы қалпытарында сала алар еді?!.

Жоқ, сала алмайды ол!.. Шебер табиғат миллион жылдар бойы салған суретіңді жасы жүзге жетпейтін суретші қалай салмақ сенің?..

Сен Көкше, сыртың сұлу боп қана жаралған жоқсың. Сенің ішің де сұлу. Сенің «қақырығың қайыма алтын, түкірігің түйме алтын!.. Сен ертегіде айтылатын алтын сандықтың қабысын!.. Сенің астыңда алтын дария!.. Сенің сол алтын дарияңды ақтарып тапқан кім?.. Ол, тек, советтің ұлдары мен қыздары!..

— Жаса, советтің ұлдары мен қыздары!— деген даусы шығып кетті Алтынсарының.

Бір орында көп тұрып қалғаны сонда ғана есіне түскен ол, аяңдап машинасына келсе, Шауыпкел кабинада отыр екен.

— Әй, Алтынсары!— деді ол, қасына отыра берген құрдасына,— саған бір серт айтайын ба мен?

— Айт!

— Айтсам, алтын табу жұмысына мен де түсем де, өзгемен емес, сенімен жарысып, шамам келсе басып озам!..

— Оған мен тілектеспін,— деді Алтынсары,— бірақ, есіңде болсын, мен де саған оздырмауға тырысам.

— Әрине,— деді Шауыпкел,— озу-озбау тәуекелдің ісі ғой. Ол қалжыңым. Ал, шынымды айтсам, жалқаулықтың тақсіретін тартып болдым мен. Бұл албастыны үстімнен түсірем енді!..

— Расың ба, әй?— деді Алтынсары, Шауыпкелдінің сөзіне енді ғана мән беріп.

— Растығына әкел, қолыңды!

Екеуі қол алысты.

— Ала білген қолға Көкшенің байлығы жетеді,— деді Алтынсары,— біз екеуміз түгіл талай мыңдаған адам жүздеген жылдар қазып тауыса алмайды.— Бұның асты алтын дариясы екені рас. Бұл алтын аймақ!..

1934—1937 жылдар.

ОТТАН ҰШҚЫН[1]

1

Тағылы тауынан аса соққан октябрьдің өкпек желі, жұмысшылар барағының бүйірін солқылдатып жіберді. Шіріген тақтайдан жасалған есіктің жақтаулары дауылды желге төтеп бола алмады. Есікті еріксіз ашып кірген жел, ысқырынған дыбыспен барақтың ішін басына қыдырып, қаз-қатар тұрған жұмысшылар көйкесінің асты-үстін тіміскілей түгел аралап, олардың әр жерінде жылтыраған білтелі май шамдарды үрлеп сөндірді. Баракты тымық қараңғылық тұншықтыра бүркеп алды.

Бұл — күндізгі сменадан келген жұмысшылардың болмашы, нәрсіз тамақтарымен жүрегін жалғап, койкаларына ұйқыға жатқан шағы еді. Олардың тыныштығын, түнгі сменаға баруға жиналғандар бұзды. Әлі киініп болмаған олар, жел шамды сөндірген кезде, топтала жиналып, күңкілдеген кеңеске кірісті.

— Бұл қараңғы көрде отырудың сәні жоқ,— деді Антип Лескин, көптен бергі жұмыстас досы Кемербеков Әлпейіске, тысқа шығып,— жұмысқа жеткенше қимылмен жылынайық, аяғым мына суық баракта қатып қалды...

Аяғы тоңған тағы біреулер тебіне бастап еді, қараңғыда шылпылдаған саздың дыбысы естілді.

— Мұндай тұрмысқа қалай шыдауға болады, жаным-ау!— десті әркімдер ызалы үнмен.

— Менен туған баланың бәрін осы барақ жұтты...

— Осы баракты сазынан, менің әйелім екі тізесінен бірдей басұр боп, төсегінде қозғала алмай жатқан жоқ па?..

— Құрт аурудың ұясы емес пе, бұл барақ? Талайдың өкпесін шірітіп жеген жоқ па?..

---

[1] Успен (Нілді) кен ошағында 1905 жылы болған жұмысшылар көтерілісі туралы Қазақстан Орталық архивында сақталған документтерден алынып жазылды.

— Сонда, тамақ тойса бір сәрі-ау!.. Аш кісіні ауру айналдырмағанда қайтушы еді?..

— Айыңа үш-ақ сом еңбекақы алсаң, тамағың қалай тояды?..

Осы күңкілдер біраздан кейін шуға айналып, шу қимылға айналып, баракты иші ерсіл-қарсыл жүріс боп кетті. Қараңғыда біріне бірі соқтығып, бірінің аяғын бірі басып... дегендей, сапырылыс көбейген шақта:

— Апырау, жарық неге жақпайсыңдар біреуің?!— деді әлдекім,— сіреңке тұтатыңдаршы құдай үшін!..

— Қайдан аласын оны?— деді екінші,— дүкенге сіреңке түспегелі жұмадан асты.

Бұл қимыл мен бұл шуға араласпай, Федор Засыпкин мен Исхақ Қашқымбаев бір койкада қатар отыр еді.

— Сенде бар еді ғой сіреңке,— деді Федор Исхаққа,— жақсайшы, шулатпай аналарды!..

— Ақшасын төлесе жағам,— деді Исхақ қалжыңды үнмен.

— Қанша алушы ең бір сіреңкеге?— деді оның үнін таныған Әлпейіс, ұнатпаған дауыспен.

— Бір сіреңке бір тиын...

— Тез байиды екенсің онда!.. Каробкаңның елу тиын болғаны ғой ол?..

— Қымбатсынсаң жақтырма!..

— Біздің терімізді соймаған сен-ақ қалып ең енді, арзаныңды қымбатқа сатып!..

— Соны да сөз деп айтып тұрмысын?.. Мен кен ошағының басқарушысы Нельсон емеспін, жылына жетпіс мың сом ақша алатын. Мен де өзіңдей жұмысшымын...

Одан әрі, ол екеуінің жанжал сөздерін жұмысшылардың шуы бөліп кетті. Бәрінің аузындағы сөз: завод басқармасын кінәлау, сөгу, боқтау...

Әлпейіс сол кезде Исхақтан алған сіреңкені тұтатты да, сөніп қалмасын деп алақанымен қалқалап, майшамның білтесіне тигізді. Тоңазыған білтенің шырылдай от алған ұшына Засыпкин сағатын тосты да:

— Уақыт боп қапты, кеттік сменаға!— деді...

2

Ол кезде далада жынды боран бұрқырай соғып тұр еді. Сол боранға қақала-шашала, үйген күртігіне сүрінежығыла, барақка екі адам жақындай берді: бірі — Павел

Торопкин, екіншісі — Әлімжан Байшағыров. Оларды бөгегісі келгендей, беттеріне қар лақтырған жынды жел өршелене орай түсті. Жүру аса қиынға соқты. Аяқты тұсауымен ғана қанағаттанбаған боран, жаяу келе жатқандарды қатты шапалағымен бетке осты, шекені құрсаудай қысты, өкпені қызған темірдей қарыды...

Өзара сөйлескілері келгенмен, сөйлесер сөздері де көп болғанмен, бораннан тұншыққан олар тіл қатыса алған жоқ. Сол қалпымен келе жатып, олар қар басқан баракты төбесіне шығып кетіпті. Өйтулерін ең алғаш Әлімжан сезіп:

— Паша,— деді Торопкинге,— біз қайда шығып кеттік, аңғардың ба?

— Қайда?

— Баракты төбесіне...

— Оны қайдан білдің?

— Мына бір сорайып тұрған, біз іздеп келе жатқан баракты пешінің мұржасы!..

— Қойшы?!— деп таңданған Павел, мұржаның қасына кеп, Әлімжан сөзінің растығына көзі жетті де,— есігін қайдан табамыз мұның?— деді.

— Әне бір тұста болу керек!— деді Әлімжан, қолымен нұсқап,— Ұста, менің арт жағымнан!.. Төменге жылжып түсіп көрейік. Құлап қап жүрме!..

Сақсынған Әлімжан, сенген Павелды ала, баракты бір тұсынан омақата құлады. Екеуі де қалың, жұмсақ, күртікке күп періп кіріп кетті. Тақырға түскенде жараланып қалулары мүмкін еді.

Дес бергенде, құлаған жерлері дәл есіктің алды екен,— күртіктен шыққан Әлімжан тани кетті. Есікті сыртына қарай ашса, күртікті аршу қиынға түсер еді, ішіне қарай ашылатын болғандықтан, қалың буға орана, екеуі баракқа кіріп келді.

— Бұ кім, әй, түнделетіп жүрген?— деген дауыс шықты қаракөлеңке баракты ішінен.

«Подрядщик емес пе екен, смена кешікті деп келіп жүрген?.. Әлде, урядник пе екен, кейбір түндерде тексеріс жасайтын?!..» деген қорқыныш кірді, әркімдердің ойына. Өзгелері осы ойларын білдіріп күбірлесе бастағанда, Антип пен Әлпейіс, келушілерге көз тігіп, үн-түнсіз сазара қалды...

Үрейлене қараған келушілердің кім екенін, жұмысшылар олар жарығы әлсіз білтенің қасына келгенде ғана та-

ныды. Өз жолдастарын көрген олардың қобалжыған көңілі орнына түсті.

Павелға уақыт қымбат. Ол қардың бетіне жабысқан қалдығы мен еріген суын сүртті де, қойнынан суырған қағазды жарыққа тоса жазып оқи бастады. Жұмысшылар тым-тырыс боп тыңдай қалысты.

«Біз — Успендегі кен ошағының жұмысшылары,— орыстар және қазақтар, туысқандық одақ жасаймыз да, капитализммен күреске шығып, төмендегі істерді талап етеміз:

«Бізге сатылып берілетін бұйымдардың бағасы тез арада төмендеп арзандасын;

«Жұмыс сағаты сегізге түссін де, еңбекақы жиырма бес процент өссін;

«Орыс және қазақ жұмысшыларының балаларына арналып мектеп ашылсын;

«Жұмысшылардың тұрақ жайлары тез түзетілсін, аурухана салынып, дәрігерлермен қамтамасыз етілсін;

«Бұл шарттарды орындау үшін, Нельсонға бір жұмалық уақыт берілсін, егер осы мерзімде орындалмаса, орыс және қазақ жұмысшыларының жалпы көтерілісі жариялансын!..»

«Үндеу осымен аяқталды» дегендей, Павел қағаздан көзін алып, анталай қамаған жұмысшыларға қарап еді, оның ендігі айтар сөзін айтпай-ақ түсінгендей кескінмен:

— Қоямыз қолымызды!— деп бәрі ду ете түсті.

Алақандай қағазға төне қарағандардан, хат білетіндердің өздері қол қойды, білмейтіндері үшін біреулер қол қойысты, біреулер «жазаға тартса өз таңбаммен тартылайын» деп білте шамның ысына тосқан бармақтарын басты...

Засыпкин мен Қашқымбаев, үндеу қағаздың маңына жолаған жоқ. Оны аңғарған біреулер:

— Сендер неге қол қоймайсыңдар?— деп ду ете түсті.

«Кім?» дегендей, Әлімжан жарықты көтерді де, кімдер екенін таныған соң:

— Нельсонның жыртысын жыртып тұрғаны да!— деп білтені орнына қойды.

Шу үдей түсті:

— Мүмкін, шіріген жұмыртқа болғылары келген шығар!..

— Шпион емесін қайдан білдіңдер?..

— Серіктерін тиынға сататындар болады дейтін!..

— Қабырғаларын күйрету керек, онда!..

Бұл шуды Павел әрең дегенде басты.

— Тыңшы болса, бола берсін,— деді ол,— біз бұл ісімізді ешкімнен де жасырмаймыз. Талап хатымызды Нельсонға ертең қолымыздан береміз. Бұл тақсырлардың қолдарын қойса да, қоймаса да еркі...

Павел солай дегенмен, төне қараушылардың көздері тым ішіп-жеп бара жатқан соң, Федор мен Исхақ қағазға еріне жақындады да, амалсыздан қолдарын қойды...

3

Екі қолын қалтасына салған Нельсон комнатада ауыр адыммен ерсіл-қарсыл жүрді. Сәкіге төселген түкті жұмсақ кілем, ол басқан аяқтың тықылын тұншықтырып естіртпеді. Бөлменің төбесінде үркердей шоқталып жанған люстра шамының шаңқан жарығы, стол үстіне жиы жайылған әдемі ыдыстарды одан да көріктендірді. Қызыл барқыт орындықтар, кең столды, сәнді киінген қыз келіншектей қоршады. Үйде гүлдене көріктенген өсімдіктердің арасында торға қамалған шымшықтар шықылықтап ойнады. Терезе алдындағы шыны ыдысқа құйған мөлдір суда, нелер ғажап түсті балықтар жүзді...

Осынша рахаттың ішінде жүргенмен, Нельсон мазасызданууда. Ол шымшықтардың шықылдауына да, сырттағы дауылдың терезе қақпаларын сықырлатуына да ытырына қарайды, оған әлдекімдер есік-терезені қиратып кіріп жатқан сияқтанады...

Иә, ол бүгін аса тиышсыздықта!.. Не істеуге білмеген ол, біресе төс қалтасындағы алақандай алтын сағатын суырып, тілдеріне қарайды; біресе, осы бөлменің қабырғаларына айна ілініп, май-бояумен әдемі жасалған портреттерге қарайды. Олардың ішінде II-Николай да, осы маңдағы кендерді ашушы, атақты саудагер, Рязанов та, кен ошағының кейінгі иесі — француз капиталисі — Жан Карно да, оның өкілі — фон-Штейн де бар.

Нельсон оларға сүйсіне емес, сөгіне қарайды:

— Тамаша компанияның жиынтығы!— дейді ол, кекетінді күлкімен, даусын шығарып, сағатының қақпағын сырт еткізе жауып, қалтасына қайта сап,— біз — ағылшындар орыстың ахмақ патшасын да, есепке шорқақ саудагерін де, француздың қызық құмар капиталисін де ал-

дап, бұл кен ошағын қолға түсірдік. Енді оны уыстан оңай шығара қоймаспыз!..

«Дегенмен,— деп ойлады ол, аз кідірістен кейін, өз денесін өкшесімен айналдырып жіберіп,— Карноның да еңбегін бағаламауға болмайды. Француздар мылтықты ғана жақсы атпайды, сауданы да жақсы жасай біледі. Орыс патшасы бұл даланы ағылшындарға өз қолынан сатуға қорықты,— бұдан да Индия жасайды деп хауіптенді. Карно арқылы қолымыз лекпегенде, бұл дала бізге жоқ еді!..»

Бұл ой денесін біраз салқындатқан Нельсон, тағы да қызынып, қолдарын қалталарына біресе салып, біресе алып... дегендей, жүрісін жылатуға айналды. Соңғы күндердің оқиғалары тиышсыздандырды оны: Россия орталығында күшейген революция дауылының екпіні мұнда да жетіп жатыр, мұндағы жұмысшылар арасында да қозғалыс басталып, көтеріліс хаупі туып тұр!..

— Осындай сауатсыз, надан жұртты желіктірушілер кім болды екен?!— деп ызаланады ол...

Кеудесін кернеген ызаның уытын төккендей, алдына кез келген орындықтарды теуіп ұшырып жібереді...

Тағы да сағатын суырып, тілдерінің жалқау жүрісіне ызалана түседі ол; соғуы дұрыс па дегендей, құлағына басып тыңдайды ол... Өйтпегенде қайтсін, алтынмен жылына жетпіс мың сом жалақы алады. Тегін алуға болмайды, онша көп ақшаны. Ендеше,— қасқыр ұстаған қояндай, көтерілісті мейірімсіз тұншықтыру керек, ұйымдастырушыларды тез тауып, кен ошағынан аластау керек!..

Кім оны істейтін?.. Полиция!.. Одан басқа ешкім де жоқ мұнда, көтерілісті баса алатын!.. Мүмкін, бұл рольді жергілікті болыстық управитель Жәкен Мұстафинмен, оның кандидаты,— Исхақ Жамантықовтың атқаруы!..

«Ең тез және ең жақын жәрдем осылар» деп ойлаған Нельсон, столын бүгін, соларды қонақ қылуға әзірлетті. «Үйімде Азия тонының иісін шығарып кетер, азар болса. Оған менің ештеңем де құрымас, тек жәрдемдері тисе болды» деп ойлады ол...

Есік алдына байланған неміс овчаркасы үрді... Оның дауысынан сескенген Нельсонның тұлабойы дірілдеп кетті. «Көтерілісшілер болса қайтем?!»— деген ой кеп кетті оған. Егер олар болса, түтіп жейтіндей көрді. Сол қорқынышпен есік алдына барса, аспаз әйел, есіктің ішінен ілінетін темір шынжырын ағытқалы жатыр екен. Нельсон әйелді үнсіз қимылмен итеріп жіберді де, үн шығаргысы келген аузын

алақанымен баса қойды. Сыртқа құлағын тігіп еді, ешбір дыбыс естілмеді.

— Елікбайды шақыр!— деп сыбырлады ол, аспаз әйелдің құлағына.

— Елікбайы — келетін қонақтарға асханада қазақша тамақ даярлап жатқан кісі еді.

— Біреулер келген сияқты,— деді ол, қасына еппен басып келген Елікбайға,— білші, кім екенін, дыбыс беріп!

Елікбай білсе,— Жәкен мен Исхақ екен. Қуанышы қойнына симаған Нельсон есікті кең ашып, аса жылы шыраймен, құшақ жая қарсы алды. Даладағы суықтың буына бөленген оларға ере, үйге тағы екі кісі кірді. «Бұлар кім?!» дегендей одырая қараған Нельсонның сезімін көз жанарынан аңғарған Жәкен, семіз денесін қозғай, ентіге дем алды да, асықпай-саспай, әуеле сыртқы қасқыр ішігін шешіп, киіміне жұққан қарды қағынып:

— Қорықпаңыз, өз кісіміз!— деді.

Қобалжыған көңілі тиышталған Нельсон, жатырқаған адамдарына сырт киімдерін шешкеннен кейін үңіле қарады да, жымиып қойды. Өз адамдары екенін енді ғана таныды ол: Қашқымбаев пен Засыпкин!..

4

Боран басылды. Оның орнына сықырлаған аяз отырды. Үскірік аяз адам түгіл, күннің де бетін шарпып, қалқайған құлағын күп-күрең ғып жіберді. Аяқ басқан жердің қары, құйрығы басылған күшіктей қыңсылады.

Бірнеше күннен бері бекерге үңірейіп бос тұрған шахты алдына бір топ жұмысшы жиналды. Суық қысқан олар кірпідей жиырылып, тобарсуға айналған аяқтарын жылытпақ боп, тұрған жерлерінде билей тыпырлады...

— Бұл не деген суық?!..

— Күн неге күреңдене құлақтанды екен?.. Қан төгіліп жатқан жоқ па екен бір жерде?..

— Төгіле берсін!.. Өзіміз аманбыз...

Соңғы сөзге біреуі байлана кетті:

— Қалайша аманбыз?— деді ол,— біз сияқты көтерілген біреулерді, бір жерлерде қырып жатпағанын қайдан білдің? Бізді де қырмасына қай көзің жетті?..

— Біз төбелесіп тұрған жоқпыз ғой?

— Бұлай тұрғаннан, төбелескеніміздің өзі жақсы еді!..

— Төбелесіп көр, Әлімжан мен Павелдай өзіңді қамасын да қойсын!..

— Соларды не істейтінін білдіңдер ме?— десті бәрі шуласа, шоғырлана қалысып.

— Ақмолаға жөнелтеді дейді...

— Сонан соң?

— Одан әрі айдайды дейді...

— Апырау, біздікі не осы?!.. Біз үшін қамалды ғой олар!.. Қорғаныш бола алмадық қой біз оларға!..

— Әлі де боламыз!.. Егер босатпады бар ғой, жанжал жасап тартып аламыз!..

— Істеп көр оны, мықты болсаң!.. Ақмоладан отряд кеп тағы да не көрсетер екен өзіңе!..

— Ол рас,— деді көпшілігі күрсініп,— мылтыққа қарсы кім тұрады?.. Амалсыз бағынған жоқпыз ба? Өкіметтің де жайын көрдік. «Ол байдың жағы» деген сөз рас екен...

Осылай сөйлесіп дірдектеп тұрғандардың ішінен, біреуі:

— Мен қатып қалдым. Күн төбеден ауып кетті. Енді шыдай алмаймын, кетем!— деді.

— Менің де шыдағым кеп тұрған жоқ,— деді екінші,— көтеріліс басылғаннан кейін, бұлай топталудан түк те шықпайды. Біздің тілегіміздің бірі де орындалмайды. Одан да жұмысқа шығайық...

Сол кезде Нельсонның қорасынан, екі семіз атты көсем жеккен әдемі шаналы, қасқыр ішікті адамдар шыға жөнелді. Аттар айдаусыз-ақ еліре шапты.

— Жәкен мен Исхақ!— десті жұмысшылар.

— Кетсін, иттің балалары!..

— Тамақтары тоқ, киімдері жылы, суық не істейді оларға!

— Тегі көңілді кетіп баратқан болу керек өздері...

— О не дегенің?.. Көтерілген жұмысшылардың арасына іріткі түсіріп, біріне бірін қарсы қойып, жанжалды басып берген олардан Нельсон несін аяды дейсін?.. Тыққан шығар көмейлеріне сиғанша!..

Олардың артынан, Нельсонның қорасынан шаналарға үйіле-төгіле мінген қарулы солдаттар шықты да, Ақмола жаққа беттеп жүріп кетті. Алдыңғы шанада Ақмоланың уездік начальнигі Нехорошев кетіп баратқанын жұмысшылар танып тұрды.

— Әне бір қоршағандары Павел мен Әлімжан!— деді

төне қарап тұрғандардан біреуі,— Ақмолаға әкеткені ғой олардыі.. Біздің тілегімізбен есептеспегені ғой мұнысы!..

— Бөгесек қайтеді алдын?..

— Егер күшің жетсе!— десті жұмысшылар ауыр күрсініп.

Нельсонның семіз аттарына мінген отряд алыстай берді. Аздан кейін Нельсонның үйінен, ас пен араққа тойып, беттері шиқандай қызарған Қашқымбаев пен Засыпкин шығып, жұмысшылардың қасынан өте шықты. Зұлымдық қылықтарына ұялмаған бейне көрсетті олар. Несіне ұялсын — жұмысшыларды сатулары бірінші рет емес.

Олар аттанарда қасында тұрған Павел мен Әлімжаннан да ұялмай, беттеріне тура қарады. Нельсон да сол арада тұр еді.

— Міне, қайда басын кесетін адамдар!— деді Әлімжан Павелға, шанаға мініп жатып.

— Оны істер күнге де жетеміз!— деді Павел сенімді дауыспен.

Қақпадан шыға жөнелгенде, Павел Әлімжанды шынтағымен түртіп қалды да:

— Көрдің бе ананы?— деді.

Павел қолын нұсқаған жаққа Әлімжан қараса, шахты төбесіне кеше,— көтеріліс күні өз қолынан тіккен қызыл ту әлі сол қалпында желбіреп, нарттай жанып тұр екен. Бұл көрініс Әлімжанға жеңілудің емес, жеңудің бейнесі сияқтанып кетті. Суық ауада ол демін ішіне еркін тартты. Павел мен Әлімжан қараған сайын қызыл ту жарқырай түсті.

Ноябрь, 1935 ж.

ЕКІ КҮН

1

Қарны қабақтай, бұты таяқтай, жілігінің жігін, қабырғасының қатарын сыртынан санап алатын топырыш торы, оған белден жеккен екі доңғалақты — «қазақ арба». Аттың арқасындағы жалба-жұлба желқомда жапырайып біреу отыр, арбаның арысын бойлай біреу көсіліп жатыр. Аспанды қоршаған қою қара бұйра бұлт. Бұлттың демін ішіне тарта қоюына қарағанда, не сұрапыл дауыл, не нөсер жауын болатын сияқты.

Артқы аяқтары мен алдыңғы аяқтары шалысқан топырыш торы, екі аттап, бір сүрінеді; оның сүйегі негізінде пысық жылқы. Сондықтан сүріне бере, «бұным не?» деп намыстанғандай, оңалуға аяқтарының әлі келмеген кезде, тұмсығын да аяқ орнына жұмсап, күшті мойнына сала, басымен жерді тірей созыла түрегеледі.

Өз денесін өзі көтерумен арпалысқан топырыш торы сүріну-қабынумен әбден қалжырады. Құлағының ұшынан қара бақайына шейін құйылған тер — оның бойдағы аз ғана әлін одан жаман тауысты. Оның жүрегі желді күнгі жапырақтай дірілдеп, өкпесі көріктей көмпиіп, танауы делдең-делдең етті. Сол күйі топырыш торы жамбастай сылқ етіп құлап еді, сереңдеген төрт аяғын қайтып бауырына жинай алмады.

— Далабай!— деді аттың арқасына жапырайып мінген бала жігіт, қазақ арбада қисайып жатқанға — мына жамандатқыр, қолқа-құрт болып, қасқыр жеп арам өлгір, тұра алмауға айналды, албасты басты итті!

— Мен не шара істейін,— деген сөзді Далабай ыңырсып зорға айтты.

— Азырақ оттатып, демін алдырып, содан кейін жылжимыз ба, қайтеміз?

— Сөйтпегенде амал қанша.

Бала жігіт топырыш торының белін шешіп, арбадан

босатып «шу-шу!» леп еді, талықсыған ат тырп етпеді. Жігіт күйгелектеу еді:

— Мына қара басқыр енді өз денесін өзі көтере алмағаны ма? Қап, құлағыңды... ай, сені біржолата талдырайын!

— Байтас!— деді бала жігітке Далабай, оның аяғы резенке топты тепкендей топырыш торының қампайған қарнына томп-томп тигенде,— обал ғой, теппе малды! Күші сарқылған ғой, әйтпесе аянып жатыр деймісің, еті барда пысық-ақ жылқы еді ғой...

Атты тұрғыза алмайтынына көзі жеткен Байтас, тізгінін басына түріп, Далабайдың қасына келді. Ат жолдан шыға жығылған еді, мезгіл көктем, жердің көдесі көктеп көтеріліп қалған. Аз уақыт тыныстаған аттың мұрнын, иек астындағы жасыл көденің жұпар иісі қытықтап, ат денесін қозғамастан, көдені түбінен өткір күрек тісімен қырқып ап көпіршіте шайнай бастады.

— Далабай, қалайсың? Бойың қалай?— деді Байтас.

— Сол қалпы. Қайта денемнің қызуы үдей түскен сияқты,— деді Далабай демін ентіге алып,— қаталап шөлдеп барам, әттең бір сусын!..

— Арба да соғып тастады білем өзіңді; жол жайсыз екен, тілеуі кесілгір, тым болмаса бос тұрған тарантас арбасын да бермеді ғой, ол жайлырақ болар ма еді, қайтер еді? Мына қазақ арба құрғырдың қиқулаған даусы да құлағыңды керең қылған шығар.

Далабай жауап бере қоймады. Онда көп кеңесер дәрмен де жоқ еді.

Далабай кедей жігіт. Етінің тірлігімен ол кедей болса да ерте үйленген. Оның үйінде әйелі, үйелмелі-сүйелмелі арасы жасқа толмайтын үш ұлы бар. Оның отауындағы аяқты мал: бір ат, бір лақты ешкі. Осындай шаруасы шағын болғасын сол жылғы көктемде қазақтың бір байына егін салысуға жалданды. Соқа соңына он шақты күн түскеннен кейін ол кенеттен қалпақтай түсіп ауырды да жұмысқа жарамады. Далабайды үйіне апарып тастауға байдың «қолы тимеді». Байдың асқа тіккен құрым үйінің босағасында ол ыңырсып екі-үш күн жатты. Байтастың әкесі Далабаймен бөле еді. Байдың жаны ашымайтынын көрген ол:

— Шырағым,— деді Байтасқа,— атыңмен мені үйіме апарып сал.

Байтас «атым көтерем» деп күңкілдеп еді, әкесі ұрысты:

— Не оттап отырсың, ат адамнан қымбат па? Болдырса жолшыбай шалдырып, амалдап жетерсіңдер, сөзді қой, апар!..

Далабайдың қасында арбаға сүйеніп тұрып Байтас әкесін ішінен кінәлады, «мен осылай боларын біліп едім — деді ол өзіне-өзі — айтқаным келді!»

Арбаға сүйеніп тым-тырыс тұрған Байтастың да, арба үстінде ыңқылдаған Далабайдың да көңілін шаң-шұң дауыс бөлді:

— Қос тігілді, неде болса көріп алдық.

— Бар көлікті, бар адамды жинап тез бару керек.

— Қарамызды көрсе өзі де жолай қояр ма екен?

— Жолап көрсін,... бәрібір өлім!..

Шулағандар шоғырланып келіп қалды.

— Мынау жолда жатқан кім?— деді шулағанның біреуі, Далабай жатқан арбаның қасына жақындағанда.

— Біз,— деді Байтас — өздерің кім?

— «Бізің» кім?— деді екі-үш дауыс.

— Немене, кісің жоғалып па еді, сонша шұқшиып,— деді ызалы Байтас.

— Мынау қалай-қалай сөйлейді? Қисық неме ғой өзі, кері басқан.

— Қисық болсам, тезге сап түзетейін деп пе едіңдер?

— Түзетсек түзетеміз.

— Оңай болмас!..

Сөз жанжалға айналып бара жатқан соң Далабай дыбыс берді, шулағандар өз аулының кісісі екенін ол таныды. Шулағандар да Далабайды тани кетті.

— Қабанбайдан егіндік жерді сұрай-сұрай жағымыз талғансын, бүгін тіршілік қып келеміз, тобыр кедей боп,— деді шулағанның біреуі — қосты құйқасы қалың жердің біреуіне апарып тіктік, басында кісі қалды, өзіміз ауылдағы қалған күшті жинап әкелгелі бара жатырмыз.

Далабайдың түнделетіп келе жатқан мәнісін олар естіген соң, Байтастың аты болдырғанын білген соң:

— Пар өгізге жеккен ридуан бар,— деді олар Далабайға,— үстінде қорабы бар, ішіне шөп салған — жұмсақ, соған мін.

Байтастан рұқсат ап, алғыс айтып Далабай өгізге жеккен ридуанға мінді.

— Екі өгіз кімдікі?— деп сұрады ол жолда, өз аулында үлкен өгіз жоғын ойлап.

— Жай, дұспан көзі ғып, серпе сөйлеп жатқанымыз

емес пе,— деді ауылдасы,— екі өгіз қайдан келсін, жаңадан үйреткен екі құнаншықпа!..

— Біздің кер ат көтеремнен торалды ма?— деп сұрады Далабай.

— Қайдан торала қойсын, көкке аузы жаңа тиді, оның үстіне, «жығылғанға жұдырық» деп, төккен тезек арасына үйелеп қалып, өлгелі жатқан жерінен зорға аман алып қалдық. Талпына-талпына сілесі қатып соқтығып қапты. Содан бері үйіңнің қасында жатады, әйелің көк шөпті алдына жұлып тастайды.

— Қап, ептеп-септеп егінге жарай ма деп ем, ол болмаған екен ғой,— деп кейіді Далабай.

— Біз де ренжідік,— деді ауылдастары — үй саны көп, көлігі құрғыр жоқ. Қабанбайдың жеріне көзді жұмып қол салып отырмыз, бірақ сол жерді аздап болса да, үй басы бір десетинадан болса да жыртып шығуға жарайтын көлік барлық ауылда жоқ. Бір-бір сауын сиырды жекпесек.

Таң бозара бастады. Екі құнаншықпа өгізге жеккен ридуанды жаяулы-жалпылы қоршаған бір топ адам Далабай үйінің алдына келіп тоқтады. Далабайдың әйелі Күнімжан ол кезде үй қасындағы көтерем аттың маңында еді.

— Ат бүгін оттамай жатыр, өліп қала ма деп күзетіп отырмын,— деді ол.

Сырқат қорғасындай ауырлатқан Далабайдың денесі, «ат өлер білем» деген сөзге сергіп кетті.

— Не дейсін?!— деді ол тұра кеп. Біреулер Күнімжанға Далабайдың сырқаттанып келгенін айтты.

— Жасаған-ай сақтай көр, үйге ұшықтап кіргізе көріңдер,— деді шошынған Күнімжан. Әркімдердің сүйемелдеуімен арбадан түскен Далабай атының қасына барса, төрт аяғы серейіп сұлап жатыр екен. «Мұнысы қалай!» деп ол сезіктеніп, аттың танауына саусағын салып көріп еді — сұп-суық.

— Өліп қапты,— деді Далабай ауыр күрсініп, қара құрым үйіне арқасын сүйей отыра кетіп.

Осы кезде оның тұла бойына жайылған уайым уытын еліктегендей, көктегі қара бұйра бұлт сапырыла жөнеліп, тымық ауаны желдетіп кеп кетті.

— Дауыл!.. Үй бастырыңдар!..— десті жұрт шулап.

Лезде сұрапыл дауыл ышқына кеп соқты. Арқа сүйенген Далабайдың құрым үйінің уығы мен керегесі солқ-солқ етті. Далабай жалма-жан тұра кеп, әйелі үйінің сыртқы бауларын байлағанда, үйге кіріп, шаңырақтың екі желба-

уын шешіп ап, безгек болған кісідей дірілдеген үйді мықшия төмен басты.

... Екпіндей соққан дауыл үйшіктей үйді шыдатпады. Сыртқы жақ кереге қаңылтырдай майысып ішке сұғылыңқырап келді де, үй Далабайдың басынан аса төңкеріліп кеп түсті.

— Ойбай, қу шұнақ құдай-ай, енді қайда барайын?!— деген жан даусы шықты Күнімжанның.

— Мен мұнда,— деді отыра кеткен Далабай әлсіз дауыспен. Оның қасынан ұяларын дауыл бұзған балапандай шулаған екі-үш баласының даусы шықты. Ол жалма-жан құрақ көрпемен балаларын қоршап қойды. Бұл, 1917 жылдың бірінші май күні еді.

2

Далада дабырлаған дауыстан Күнімжан оянып кетті. Олар жатқан күймелі арбаның есігі жабық еді. Есіктің жақтауынан түскен болмашы сәулеге күйме іші күңгірттеу жарық. Күнімжан көрпесінің бір жақ бұрышын ақырын түріп, сытылып шықты да, тұра кеп есіктің күршегін ағытып, ептеп сығырайтып ашты. Ол далаға қараса, таң бозамықтанып келеді екен. Далада ерсілі-қарсылы сапырылысқан кісі.

.— Уоу, Злиқа мен Жүсіптер, сонша көп ұйқтағандарың не?— деді Далабайға құрдас бір колхозшы күйме алдынан өте беріп, Күнімжанды көзі шалып қап.— Пай-пай қызуларың сөнбейді-ау сендердің!.. Кәрі мұндар, өзің де бүгін хордың қызы секілдене қалған екесің...

Құрдасының арғы айтар сөзін жобалаған Күнімжан, сырмінез болған дағдылы қалжыңына тізгін беріп, ұттырмайын деп еді, аржағынан екінші ұлы — Тайқошқар кеп қалды; ол — жиырма бірге шыққан алпамсадай жігіт, ударник. Баласынан ұялған Күнімжан есікті жаба қойды.

Күнімжан Далабайды «ұйқтап жатырға» жорып қасына келді де, кіршіксіз ақ зонтпен астарлаған көк сәтен тысты көрпемен қымтады. Далабай Күнімжаннан бұрын оянған еді. Күнде құлқын сәріден қылқылдап, егіншілерге маза бермейтін оның бұлай бейқам жатуы — бүгін бірінші май мейрамы, мейрамды тойлайтын комиссияда ол жоқ, сондықтан бүгін емін-еркін бір ұйқтамақ-та. Осы ниетпен ол қалғып та, шуға елегізіп те селсоқ жатыр.

Далабай бастық болған колхоздың аты Ленин. Оған

іргелес колхоз «Октябрь». Бұлар бірін-бірі бірінші майға қонаққа шақырған. Ленинде құлынды бие 95, құлының байлағаны — 40; «Октябрьде»— 68, байланғаны — 40. Майдың көкмайса шөбін жеп, сүмесі дерткен биелердің сүтіне инеген қара сабалар аузы-мұрынынан шығып, шүпілдеп, ірк-ірк етеді. Комиссиядан Күнімжанға тиген сыбаға осы қымызды тойшыларға қандыра үлестіру.

Қалғыған Далабайды Күнімжан аздап кейін оятты. Олар бірін бірі еркелетіп, жастары елу, елу бесте болса да «кемпір» «шал» деп атайтын еді.

— Шал, э, шал,— деді Күнімжан.

— Уэ, не болды, кемпір,— деді Далабай.

— Кісі келді.

— Кім?

— «Октябрь» колхозының бастығы — Байтас.

Далабай киініп далаға шыққа, көктің күншығыс жақ жиегі тотының қанатындай құлпырып күн шығуға жақындап қалған екен.

— Иэ, егін-жайларың қалай?— деп сұрады Далабай Байтастан.

— Планымыз — 800, орындағанымыз — 564. Сендер ше?

— 900 ден 585.

— Былтыр бәйгені сендер алып көшпелі қызыл ту мен «М—1» ге ие болып едіңіздер, биыл аманшылық болса бәйге біздікі шығар.

— «Сүт көп, көмір аз», асықпайық.

— Ойын ғой,— деді Байтас — әйткенмен былтыр егінді кеш сеуіп, кеш соқты демесе, еңбеккүніне Ленин де 4 килодан алды, біз де 5 тен алдық.

— Биыл да жауын көп. Партияның XVIII съезі тапсырмасын орындауға сенім мол.

Байтас Далабайға той туралы сөзін айта бергенде, көздеріне ауылдан келе жатқан «М—1» шалына кетті. «Парторг — Баянов» деді Далабай.

Машина келгенше Байтас — Амантайды сұрады. Амантай — Далабайдың тұла бойы тұңғышы. Жасы биыл 23 те. 17 жасында ол орта мектепті бітіріп, Алматы қаласындағы ВУЗ дың біреуіне түсті. Сонда оқып жүргенде 1938 жылдың басында әскерлікке алынып, Қиыр-Шығысқа кетті. Өткен жазда болған Хасан көлінің оқиғасынан кейін оның бір жолдасы «Амантай ауыр жараланды, лазаретте екі ай жатып, тәуірлеу боп, түгел айығуға Кавказдағы ку-

рортқа кетті» деп жазды. Содан Амантай әлі оралған жоқ, тек «аманмын, сауығып келем» деген ара-тұра хаттар ғана бар.

Осы кеңесті Далабай Байтасқа айтып тұрғанда, автомобиль қастарына келіп, әскерше киінген денелі, бір көркем жігіт көтеріле берді. Ол жігіт автомобильдің есігін ашып жерге түскенде Күнімжан да, Далабай да құшағын жая ұмтылды.

Күнімжан жігітті Далабайдан бұрын құшақтады. Сол кезде жерді жиектеп алтын нұрын айнала бүркіп күн де шығып келе жатыр еді. Далабайға жігіттің Күнімжанның иығынан асқан маңдайы сол шыққан күндей жарқырап кетті, ол кең маңдайдан құшырлана сүйді.

«Амантай жараланды» деген сөзді естігенде, жамандық шақырмайыншы деп Күнімжан көзіне жас алмауға ант еткен еді. Қазір баласын бауырына басқанда оның денесі қорғасындай балқып, көз жасы тасқындап-ақ тұр, бірақ түскен ант толқыған жасты жарқабақ тастай бетке қағып, кейін ытқытып шегеріп жатыр.

Далабай өзіне ондай антты айтып көрген емес. Сондықтан шыққан күннің алтын сәулесіне себелеген бұйра бұлттың маржан тамшысындай оның көз жасы күн нұрына шағылып домалап-домалап кетеді.

— Уоу қойсаңдаршы, бала жалғыз сендердікі ме? Болмаса дүйім жұрттікі ме? Егер жұрт баласы болса, мына бізге де амандасуға босатсаңдаршы!— деген сөзді сол араға түгел жиналған тойшылардың әрқайсысы-ақ айтты.

Хасан көлінің оқиғасы — ел арасында ертегі. Елдің естуінше бұрын-соңды болған соғыста мұндай әдіс-айла, қайрат-жігер жұмсалып көрген емес. Бұл соғыс Советтер Союзын да, оның батыр ұлдарын да жер жүзіне тегіс әйгілеген. Сондықтан Амантаймен қысқа амандасқан жұрттың ынтасы соғыс кеңесін естуге кетті.

— Шырағым,— деді әркімдер Амантайға,— аман көру арманымыз еді, көрдік, шүкіршілік! Ал, енді сен кешегі ішінде өзің болған, жер жүзіне еліміздің батырлық атын жайған оқиғаны бізге баяндашы!

Амантай күлімсіреп кеңеске кірісті... Бұл 1939 жылдың бірінші майы еді.

Май, 1939 ж.

ШЫНДЫҚТАҒЫ ЕРТЕГІ

1

Сирек, түлкі қара мұрты бар, адырақ көз, еңгезердей жігіттің комбайн кебежесінен ағытылған бидайды қапшықтарға құйып ап, арқалауы сол арадағы колхозшылардың көзін сүріндірді.

— Нешеуі керек,— дейді өлшеуші.

— Мейлің, өзің біл!— дейді адырақ көз, белдеме тұсынан айқыра айқастырған жұдырықтарының жұбын жазбай, арқасын еңкейе, тоса беріп.

— Он пұтты әкеттің. Он бес пұт салсам қайтесің?

— Қорған купецтерінің жиырма пұтын арқалап та көргем, бұл өзіміздің бидай ғой, салсаң сал!

— Көтерсе көтерер,— дейді көлденең біреулер,— бұрын да жанын сала қимылдайтын еді, енді, Мәскеуге баратын болғасын не күшін аясын.

Тоқтаған комбайнның кебежесіндегі бидай босатылып боп, қапшықтар автомобильге тиелгесін, бригадир демалыс жариялады.

Ол кезде күлімдеген күн, бұлтсыз аспанның кеудесіне мінген шаңқай түс еді. Шыжытқан күннің қызуынан шыпшыған тер төмен қарай шұбырғанда, бетті бүркеген кілегей шаңды шайып, колхозшылардың кескіні жолбарыстың жотасындай жолақтана қалды. Айғыз бетті, әсіресе, манағы адырақ көз.

— «Дегесін құдуғара, құдуғара...» деп Қабамбайдың қулықшы Қасені адырақ көз алая қараған соң, өлеңнің кейінгі жағын «шорнаглазай, шорнеңкей, раскудрявай милеңкейге» бұрып, әзілге айналдырды.

Сол кезде «Бүркеу» жақтан «көк мылтықтың» күмістей кекілін күнге шағылыстыра кербез аяңмен біреу келе жатты.

— Бұл кім?

— Парторг,— Мырзатайдың Әнэпиясы.

— Ендеше күте тұрайық.

«Көк мылтықты» келгенше колхозшылар көр-жерді сөз ғып, күлкімен көңіл көтерді. Олардан ойы оғаш адырақ көз.

Комбайнның тоқтаған жері «Егін шоқ» дөңінің қырқа жоны. Жонның жотасы да, жайылымы да жалы жалбыраған жаппай жалпақ егін. Жылмаңдаған жел жалбыр жалды егінді жұмсақ қана желпісе, алтын теңгелер таққан желектей соқтығысқан сабақтар сыбдыр-сыбдыр етеді.

«Егін шоқ» еңсесі биік дөң. Оның қырқа жотасынан Қырым мен Қытай көрінгендей. Жотада тұрған адырақ көз, жан-жаққа қимылдаған қарашығын қадап еді, телегей теңіз егін,... кемеріне көз жетер емес!

Бригаданың егін шабуға шығуы бүгін ғана еді. Қиыр Шығысты тұтас шолған· құлпырмалы қанатын тоты таң қаққан кезде, басындағы жал дәнін билей алмай, белі бүкірейіп, бұйыққан бұйра егінді бүлкілдете комбайн күзей бастаған. Міне, енді, күн түске тармаса қырқа жол қасқаланып, етегі түріліп қалды.

«Егін шоқтың» шоқтығына шұбала үйездей өскен жасыл желектей қайың бар. Жиегі жиналған «Қайың шоқ» дөңінің жотасындағы егін, қамшат-құндыз бөріктей дөңгеленді, егін ортасындағы шұбалған шоқ қайың, құндыз бөрікке қадаған үкідей, желпіген желден ырғаң-ырғаң етті. Толқыған телегей теңіз егінге адырақ көз қарайды да тояды, тояды да толғанады.

— Күні кеше ғана сияқты еді,— дейді ол ішінен,— бұдан жиырма жылдар бұрын бұл маңда егін ектіретін жалғыз Торсан үйі болды. Одан басқа егін екті деген қазақты естігем жоқ. Торсанның соқа салдырған жері осы «Егін шоқ». Бірақ ол осынша..., бізше егетін бе еді?.. Жоқ... Қарашұнақ, Қошпан, Жаназар сияқты Торсанның құлдары бір тілді соқамен жылында бес-алты десәтина жерді тырмалап, күз көр-жер, кәкір-шүкір бірдеңе жинаған болатын. Ал, біз?..

Адырақ көз аз кідіріп, колхозы «Жаңа жолдың» жайкүйін елестетті.

Байлардың жерін алатын жиырма жетінші жылы: «Жең ұшынан жалғасайық, жарлылар боп жабдығымызды біріктірейік» деген сөзге қосылып, «Жаңа жол» атты артель ашқандардың ішінде осы адырақ көз де бар еді. Содан бері колхоздың үй саны көбейді де, байыды да. Қазір ол Пресногорьков ауданындағы басты колхоздың біреуі. Адырақ көз колхоздың «билік, ерлік» деген сияқты атқа-

мінерлігіне араласқан жоқ. Оның жан-тәні жұмыста. Жұмыста оның алдына түскен жігіт «Жаңа жолда» жоқ. Сондықтан да ол туралы жұрт «Дайыр, Дайырға бер айыр!» деп мақал шығарып алған.

Адырақ көз тағы да бір ойлардың соңына түсіп, дүркіретіп қуып бара жатыр еді, оны қайырған:

— Дайыр!— деген дауыс.

Адырақ көз жалт қараса, «Көк мылтықтың» үстінде тұрған парторг — Мырзатайдың Әнәпиясы.

— Дайыр, жолдас, Тасыбеков!— деді Әнәпия адырақ көзге — Дайынбысын, Мәскеуге?

— Дайыр дайын!

2

Құйындай құлдыраған шаң жұлындай жіп-жіңішке боп шаншылып аспанға көтерілді. «Қызыл ағаштың» етегіндегі егінді жинаушылар шаншылған шаңға қарады.

— Құйын,— деді біреулер.

— Тымықта түтін осылай көтерілуші еді, тұтанған өрт боп жүрмесін,— деді біреулер.

— Мен білсем, бұл құйын да емес, өрт те емес, Тасыбектің Дайыры, кеше соған машина кетті деген.

— Ол болса құйын мен өрттен екпіні кем соға да қояр ма екен? Мәскеуге мен барсам, жермен емес, көкпен келер ем. Әнеугүні «Айымжан» колхозындағы Ғабдолланың қызы Қостанайдан аулына аэропланмен ұшып келіп, түстеніп қайтты ғой.

— Машина тақияңа тар кеп отыр ма? Бұрын ара қонып жететін Қорған қаласына күніне екі барып қайтамыз, оған көзің тоймаса, суқараңғы боларсын.

Байсақал аулын басып, Бүркеумен «Қызыл-ағаштың» арасынан түсетін «Кір-көйлектің» (Пресноредут) жіңішке жолы егінді жанап өтеді.

— Бізге бөгелмесе, «Көк мылтық» пен көлденең қосылып көріңдер, осыдан жүйрік жылқы бұл заманда жоқ, неғып бір шалмас екен.

Төсеген тақтайдай жолмен жүйткіген машина «Көк мылтыққа» қайдан шалдырсын, зымырап ағып өте шықты.

— Бәсе айтам ғой,— деді бір жігіт,— көже де ашығанда көпіреді, Дайырда көжедей қызу жоқ деймісің, көрдің бе, елең қылмай өте шыққанын?!

— Қолын бұлғап өтті ғой, тегі шофер тоқтамаған болу керек.

Осы сөз рас еді. Бірақ тоқтамаған шофер емес, кабинада шофермен қатар отырған саңырау Райс. Ол жасамыс болса да жел көңілді еді. Әкесі Алдаберген өгізге мініп көрмеген оның тақымына тұлпар машина тигесін, қайтіп шыдасын.

— Толайым айда,— деді ол орыс шоферға,— «Көк мылтық» машина бәйге пайдот... наше перот пайдот!..

3

«Жаңа жол»— «Аққусақ» ағашының құшағында, «Ақбасты» көлінің ығында. Дайырдың үйі жарқабақтың жағасында.

Оның екі бөлмелі жер үйіне жиналған жұрт симады.

— Жарғабақ жібектей есілген бетеге. Кеңестің дәмі тәттілене бастады, соған шығып еркін тыңдайық — десті әркімдер.

— Мақұл.

Он төрт жаңасын жасаған ай сол кеште көкті сығалап, биікке барып қалған еді. Аспан ашық. Қара мақпал түннің тоны жарқыраған жиі жұлдыздарды зорға көтеріп тұрған сияқты.

Дайыр соншалық сөзуар жігіт емес еді. Содан ба? Әлде көргені көп болғасын неден бастарын білмеді ме? Аз күмілжіп отырды.

— Сөйле! Сөз тыңдағалы келдік. «Мәскеу даңқы жер жарады. Не көрдің?»

Дайыр айнала қарап еді, ер-азамат, ұлы-кіші, қатын-қалаш, бала-шаға — қоршаған адамдардың көздері жұлдыздай жайнап, бұған қадалып барады.

— Мәскеу бар ғой,— деп бастады ол,— түнде осы айлы түннен жарық. Анау табақтай айдан көлемі үлкен, онда кем болса мың шам бар шығар. Ұсақ шамдарымен салыстырғанда көктің жұлдызының жиілігі сөз емес.

— Япырай, не дейді?

— Ал, енді үйлерінің биіктігі бар ғой, Бүркеудің биік бес қарағайын біріне бірін жалғаса, содан асып түсер.

— Міне, саған, керемет!

— Машина дегенің бар ғой, дәл, таңертең ауылдан қаптап өріске жөнелген малдай.

— Сөйлес сен!..

— Тіпті, оның қай қызығын айтып тауысайын. Жер астынан жүргізіп қойған пойызын көргенде, ертегіде айтылатын жер астының алтын сарайлары есіме түспесі бар ма?

— Е, енді қайтуші еді, сөйтпей!..

— Мен сендерге көрмедегі тамашаларды айтайын: 1463 кило салмағы бар бұқа көрдім. 1225 кило шығатын жылқы көрдім. Биіктігі екі жарым метр кендірдің сабағын көрдім, 49 кило шығатын асқабақ көрдім, бір сепкені он бес жыл ұдайымен өсетін бидай көрдім, тебінгіден жалпақ темекі көрдім, күректен жалпақ күнбағыс көрдім, саласы сала қарыс жүн көрдім, тағы не көрдім...

Дайырдың басында көрмеде көргендері сапырылысып кетті. Ойы солардың арасынан малтығып шыға алмағасын, ол кеудесін кере дем алып, басын көтеріп жоғары қарады.

— Ал тағы, бәсе, бол айт!— десті кеңеске құмары қанбағандар.

— Өзім шаршаңқырап та тұрмын,— деді Дайыр,— және соншалық сөзге шешен де кісі емеспін қиыстырып айта беретін, қалғанын ертең айтсам қайтеді? Бүгін айтарым: жиырма екі жылда біздің өкіметтің, біздің халықтың істеген ісі адамның аузы айтып жетерліктей емес. Жай, таң-тамаша қаласын да тұрасын. Қуанышың қойныңа симайды.

Жиналған жұрт Дайырды жібере қоймады. «Сөзден сөз туып» дегендей, түн ортасы жақындап, үркер төбеге келгенде бір-ақ босатты. Онда да,— «бұл кеңестің аяғын ертең айтам» деген соң.

Таңға жақын тараған халыққа Дайырдың сөзі шындықтағы ертегі көрінді.

Ноябрь, 1939 ж.

АЛЫП АЙНАШ

Айнаштың жіңішке саусақтары жығылып жатқан күріштің сабақтарын жыпылдатып жинап үлгергенше, оң қолына ұстаған өткір орақ сол қолдың уысындағы сабақтарды қырқып та үлгірді. Оның мұншалық шапшаң қимылдауына себеп, күйеуі Әбеннің:

— Өткен жыл Шиелі каналын қазғанда, өзің теңді қыз-келіншектердің арасында болмадың, енді сол каналдан суарылған егінді оруға да ерінемісің?— деп намыстандыруы еді.

Әбеннің сөзіне намыстанған Айнаштың ендігі ойы егін оруда өзгені қойып өзімен жарысқа түсу, шамасы келсе, озу болды. Бұл сырын Әбеннен жасырған Айнаш, басқа бригадада жүрген Әбен, әлдеқалай келе қалса «міне, көр менің қимылымды» дегендей орақ оруды жылдамдата түсті.

Бір күні орақ оруда жүрген Айнаш нақ қасынан естілген еркек даусына жалт қараса, ойда жоқта кеп тұрған Әбен екен. Бұл жолы Әбеннің кескінінде бұрынғыдай қалжың толқыны жоқ. Әлденеге өңі ішіне тартылып сұрланған, ойнақы қара көзі жел үрлеген шоқтай жайнаған.

«Бұның не?!» деген сөз аузына келіп қалғанмен Айнаш айтпай дағдылы әзілмен «қайсымыз озамыз?» дей салды.

— Көрерміз оны,— деді Әбен — бірақ, бұдан былай екеуміз екі майданда жарысамыз: мен соғыста, сен тылда.

— Қойшы!..— деді Айнаш — әзілді түсін тез өзгерте қойып, даусы дірілдеңкіреп,— майданға кететін болдың ба?

— Қорқайын дедің бе?— деді Әбен, сынай қараған кескінмен.

Айнаш ойланып қалды. Бұл ауылдан қан майданға аттанған талай жігіттің келіншектері, қасында орақта жүр. Солардың кейбіреулері, күйеуі әскерге аттанарда жылайын десе Айнаш:

— Сенікі не?! Жұбайыңды сен жібермесең, басқалар жібермесе, отанды кім қорғайды сонда?..— деп ұрсатын.

— Өз күйеуің аттанғанда көрермін беріктігіңді,— дейтін, сөзден тосылған келіншектер.

— Көрсең көрерсін,— дейтін Айнаш,— Отанның басына ауыр күн туды. Фашистер шабуыл жасады оған. Бұдан қалған мал — мал, жан — жан!..

Солай дейтін Айнаштың енді өзі жыласа не болмақ?..

Осыны ойлаған Айнаштың толқыған сезімі тез берік қалпына нық басты да:

— Аман барып, сау қайтуыңа тілектеспін, Әбіш!.. Абыроймен қайтуыңа тілектеспін!.. Жарысқа да әзірмін!— деп, жасқа булыққан кескінін көрсеткісі келмегендей, бетіне күріштің баулаған сабағын қалқалай қойды...

— Ризамын — деді Әбен Айнашты құшақтай ап, бауырына қатты қысып,— бірақ, сен егін оруда ғана емес, кетпен шабуда да мені жоқтатпа!..

Сөз айтуға шамасы жоқ Айнаш, «болады» дегендей, жан жарының қолын ғана қысты...

Әбен майданға жүріп кетті. 1941 жылдың шығымды егінін оруда, жинауда колхозда ерекше көзге түскен Айнаштың үйіне, 1942 жылдың басында колхоз председателі:

— Шиелі каналының шлюзін аяқтағанша каналға су жүргізу үшін қосымша бұтақ қазуға тура келіп отыр. Кісі санын өзің білесің. Аз адаммен кетпенге түсуді өтінем,— деді.

— Барам,— деді Айнаш іркілмей.—«Әр түйір дән жауға бір оқ» деп жүрген жоқпыз ба, өзіміз? Әбен де соны айтады хаттарында. Сырдария бойынша неше миллиард дән өсіретін каналға су жіберуде не жанымды аяймын. Барам. Әбен үшін де, өзім үшін де қазам ол каналды...

... Біз Айнашты канал үстінде, кетпен шабуда көрдік: қар ұшқындаған салқын ауада бетінің қаны піскен алмадай құлпырған, 21 жастағы жас Айнаш, Сырдың сіңірдей қатты топырағына кетпенін құлаштай соққанда, жердің бүйірі солқылдады.

— Мынау Айнаш бұл қимылымен не шыдатады?!— деп сұрадық біз прорабтан.

— Өзі де шыдатпайды,— деді прораб күліп,— күнделік жер қазу нормасы алты кубометр, ал Айнаш, кетпенге түскелі, күніне орта есеппен он бес кубометрден кем қазған емес, кей күні жиырмадан да асырып жібереді.

Өзі үшін де, сүйікті Әбіш үшін де кетпен шабатын алып Айнаш осылай қимылдайды екен!..

Апрель, 1942 ж.

«ТІЛ» АЛУШЫЛАР

1

— Бұл жолғы барлауға «тіл» әкелем деп өзіне өзі сенген ғана жолдас барсын,— деп ұшқынды кішірек қара көзін айнала ойнақшыта жүгірткен командирға:

— Мен, жолдас младший лейтенант! Әкелем тілді!— деді Расулов.

Расуловтың уәдесінде қалт болмайтынына сенімі көптен бекінген лейтенант:

— Мақұл!— деді оған жымия қарап,— ал, Расуловқа серік қайсының?

— Мен, жолдас лейтенант!— деді Бектұрғанов.

Қайда бару, не істеу туралы лейтенанттан тапсырма алған екеуі қалың орманның ішіне сұңғи жөнеле бергенде:

— Шіркін, осындайда жүзіктің көзінен өтетін жылпос, жүйрік атың болса!— деді Бектұрғанов.

— Не істер ең ол атпен мына қалың орманның арасында?

— Көрер ең не істегенімді!.. Бірақ, жоқ қой ондай ат!..

— Неге жоқ?— деді Расулов, жеңіл күрсінген Бектұрғановқа,— Даяр атты кім мінбейді? Мықты болсаң немістен тартып ап мін!

— Кездессе көрер ем,— деп кіжінді Бектұрғанов.

— «Кездессе көрер ем!».. Со да сөз бе екен? Іздеп келеатқаның немістер емес пе? Жолығуыңа мен-ақ кепіл болайын, тартып алуыңа өзің кепіл бол!..

Расуловтың бұл қайрауына іштей намыстанған Бектұрғанов «қап, енді көрерміз» деп кіжінді де, болмаған іске мақтанғысы келмей үндемеді.

Бұл — күн жаңа шашырап шығып келе жатқан мезгіл еді. Жын ойнағындай тапталған орман арасының жасыл шөбі, жаудан көрген жәбірлігін барлаушыларға шаққандай, көзіне жас алғандай, түнгі түскен ышықтың тамшылары жапырақтарының алақанында мөлдірейді де, домалап жерге түседі. Оқ тескен, қылыш кескен, танк тапта-

ған қарағайлардың жарасынан сорғалаған шайырлары асқынған жараның іріңіндей жүректі жеркендіріп, қарағанның құсқысын келтіреді. Әр жерде шашылған неміс өлімтіктеріне үймелеген қара шыбындар, құзғын-қарғалар «жем іздеп кеп, жем болған сорлы, орманды сасытарсын, тезірек жеп тауысайық» дегендей ызың-шуын үдетіп, іріген денеге тұмсықтарын қомағайлана көме түседі. Бұтақтан бұтаққа секірген тиындар «шіркін, есуас немістер-ай, өлімтігіңді жат жерде ит-құсқа жұлқылатпай-ақ, ауылыңда ажалыңнан өліп, ата-бабаңмен қабырлас боп жайыңа жататын-ақ жөнің бар-ау!» дегендей, айуандық қылықпен аңша өліп жатқан немістерге таңданып, таңдайын тұрс-тарс қағады.

— Немістер көшкен «жайлаудың» сиқын байқаймысын?— дейді Бектұрғанов үнсіз келе жатқан Расуловқа, сыбырлаңқырай сөйлеп. Ентелей адымдаған Расулов Бектұрғановқа жауап қатпайды, орман арасына қадалған көзі өткірлене түсіп, адымын жиылата, аяғын нығарлай басады.

Олар арнасы тар, бірақ суы терең өзенді жағалап келеді. Картаның көрсетуінше, өзен былай шыға екіге бұтақталады да, айрылған аралары алшақтайды. Командирдің айтуынша, тіл алатын жер, өзеннің бұтақталған айырынан алыс болмауға тиісті, бірақ, тілді оң бұтақтың бойынан алу оңай ма, әлде, сол бұтақтың бойынан алу оңай ма?— ол туралы айқын тапсырма бере алмай, тек «шамаларсыңдар, байқасыңдар» деген ғана ұсыныс айтқан.

Өзеннің бұтақталар сағасына келген соң, танк құлатқан бір жуан еменнің әлі өмірден күдер үзбеген қалың жасыл жапырақты бұтақтарын беттеріне перделей, екеуі еменнің діңгегіне отырды.

Атаққа кім құмартпайды? Еңбекпен иеленген атақ адамға мақтаныш емес пе?

Сегізінші гвардияға бұл екеуінің алыстағы күнгей Қазақстаннан кеп қосылуына әлі айға толған жоқ. Содан бері олар бірнеше қырғын арпалысқа қатнасты, бірақ, екеуіне де, әзірше, көзге ерекше түсудің кезеңі кездесе қоймады.

Осы жолы екеуінің басындағы ойда: «Шіркін, сәті түсіп, тапсырманы айта қалғандай орындасақ қандай аброй болар еді!»

Және екеуіндегі ой: «Солай болса-ау!» деген арманды

тілектеріне ешкім ортақтаспай жетсе! Айта қалғандай ерлікті оңаша, жеке көрсетсе!

Бұл ойдың бетін бүркеңкіреген түрде Расулов барын көрсетті.

— Әй, Бектұрғанов — деді ол,— дем алдық. Енді қозғалайық. Бірақ, біз бүйтсек қайтеді: қалаған жағыңды ал! Сен өзеннің бір тармағымен кетсең, мен бір тармағымен кетсем?

— Оқасы болмас,— деді, өзі де соны айтқысы кеп тұрған Бектұрғанов,— таңдауын сен ал!

Таңдаған жақта бақыт күтіп тұрғандай, екеуі ұзындау бір жас шыбықтың бұтақтарын сындырды да жеребе ұстасты, ұшына Расулов шықты.

«Бұның жолы болады екен!» деген ой кеп кетті Бектұрғановқа. Бірақ, бұрын ырымға дағдыланбаған ол, «жоқты жора қылмайыншы,— деп ойлады тағы,— мұны жолдастарым, әсіресе комсомолдар естісе күлкі болармын!»

«Қайтеміз?» деген сұрауды көз қарасынан аңғартқан Расуловқа:

— Сен оңға, мен солға кететін болдық қой?— деді Бектұрғанов.

Расулов ауылдан келген, партияда, комсомолда жоқ, белсенді атанбаған, еңбектен басқаға елігіп көрмеген, тек ұдайымен бірнеше жыл стахановшы атанған момын жігіт еді. Комсомол Бектұрғановтан оның бір айырмасы: көз тарту, түс көру, жеребе сияқты ескі ауылдың біраз ырымдарына сенеді. Сондықтан ол, жеребеден шықпай қалған Бектұрғановты «әлденеге кездеседі» дегендей ішінен аяп, «өзі қайтер екен» дегендей кескініне елеусіз қараспен бағып еді, пәлендей қобалжығандықтың ізін таба алмады.

«Жоқ, деп жорыды Расулов,— жамандыққа ұшырамауға тиісті: ол да жеребенің ұшынан аз-ақ шықпай екі елідей жеріне ғана жетпеді ғой.

Көңілін солай орнықтырып, жолдасына жақсылық жорыған Расулов:

— Ендеше отырмайық,— деді оған,— жөнелейік. Шама келсе, әлгі бір орман алаңында бір бірімізді тосармыз.

— Жақсы.

Екеуі жұбын жазып жөнеле берді.

2

Расулов келе жатыр.

Денесінің ұзын тұрқы орташа ғана болғанмен, оның жауырны кең, кеудесі төстек, мойны қысқалау жуан, денесінің бұлшыққары темірдей қатты еді.

Мұндай дене күштен кенде бола ма? Колхозда жүргенде он пұттық қаптарды жерден көтеріп, ап арқалап жүре беру, элеваторға жүк апарып қотарғанда бес пұттық үш қапты басқышпен өрлетіп әкелу, шөп тиеген бричкелер орлау жерде аударылып қалса, иыққа сап көтеріп түзеп жіберу... тағы сол сияқты, колхозшыларды күштілігіне таңдандыру оның дағдылы ермегі болатын. Бір арманы балуандық болып, Октябрь, Май сияқты ұлы мейрамдардағы жиында күресейін десе, күшін білетін басқалар «ойбай мертігеміз» деп жоламайтын. Отанды қорғауға әскерлік қатарына алынғанда ол кейіген де, іркілген де жоқ. Неге іркілсін: әскерлікке алынған өзгелер одан кем бе? Отанын ол қорғамағанда кім қорғайды?

Ауылынан аттанғанда, онда жалғыз ғана арман болды: «елді, жерді қорғаған азаматтың қатарында жүріп өлсем арман не? Бірақ, бір арман: «Өзімнен күші он есе кем, сүмірейіп инеліктей қатқан бір фашистің атқан оғы қапыда өлтіріп кетсе обал-ақ!.. Шіркін, қолма-қол ұстасатын күн боп, күші асқаннан өлсем де арманым болмас еді!».

Басына ұялаған осы арман одан әлі ұшқан емес. Жатса да, тұрса да осы арман көз алдында көбелектей елбеңдейді де тұрады; ұйқтаса түс көріп, талай немісті найзалап өлтіріп жүреді. Оның барлауға ауысыуы да осы арманына жетудің әдісі. «Жалпы соғыста,— деп ойлайды ол — қашсаң да, қусаң да көптің бірісің, ал барлауда не көрсең де жеке көресің».

Қарт кісілердің «Қыпшақ Жәнібек батыр тілейді екен. — Құрулы мылтық, құрсаулы жауға кездестір!— деп» дейтін сөздері Расуловтың есінен шықпайтын еді. Бұл жолы ол осы тілекті өзі арман етті. «Екі өлмек жоқ, өлім біреу,— деді ол өзіне өзі, өзенді бойлай тоғай арасымен келе жатып,— өлсем, тірілсем де, осы жолы жаудың бір күштісіне жолықсам екен!»

Осы оймен автоматын көлденең ұстап, тоғай арасына тесе сығалап келе жатқан оның құлағына адам даусы сап ете қалды. Кенет дыбысқа тітіркенгендей болған ол, аз тоқтай ғап жүрегін орнықтырды да, аяғын жолбарыстай

еппен адымдап, тоғайды перделей, дыбыс шыққан жаққа беттеді.

Ол ұзақ жүрген жоқ. Қалың өскен талдың арасымен келе жатса, өзеннің жарланған қабағында, жалаңаш үш адам көйлектерін алдына алып төне қарап отыр екен. Олардың көйлектен аулағандары бит екенін Расулов айқын көрді. Жалаңаштар битті өшіге сығады да бір біріне былдырлайды. Сөздерінің мағнасына түсінбегенмен, неміс-тер екенін Расулов танып тұр.

Не істеу керек?

Расуловқа керегі «тіл» болса, бұдан оңай тіл жоқ: автоматты ұсынып тал арасынан шыға келсе, олар қаша ала ма? Қашпаса, не істе десең де еркіңе көнбей шарасы қанша?

Расуловтың бір мінезі — өтірік айтпайтын еді. Және бір мінезі — сықаққа төзбейтін еді. «Егер, бұл үшеуін жалаңаш күйінде ұстадым десем — деп ойлады ол,— жолдастарым ғой: «жалаңашқа әлің жеткен, батыр екенсін-ау!» деп мазақтайды. Егер, қаруымен ұстадым да, былай шыға шешіндірдім десем, оған ешкім иланбайды, өтірік айтқан болам!».

Не істеудің қисынын таба алмай, «әлде, әуреленбей, осыларды отырған орындарында бір-бір басып жоқ қылсам қайтеді» деп толқыды. «Онда не бітті — деді тағы да,— қарусыз жауды жеңгеннен не табам?

Ойдағы Расулов жалаңаштың үшеуін де сынап тұр: біреуінің денесі зор, Расуловтан бойының биіктігі бір жарым есе бар десе де сиятын; екіншісінің ұзын тұрқы өзі шамалас болғанмен, кесектігі бұдан көп талдырмаш; ал, үшіншісі шартық тоқтыдай кіп-кішкене бірдеме. Үшеуіне қарап тұрып «не де болса, сонау зорымен ұстассам!» деп ойлады Расулов.

Биттерді сығуға жалықты ма, әлде уақыттары болды ма?— Немістер киіне бастады. Олардың киім өзгешеліктерін Расулов білетін: орта бойлысы — обер-ефрейтор, зоры мен кішкентайы — жабайы солдаттар.

Немістердің киініп болуына шыдаған Расулов, жасырынып тұрған талға келгенде, автоматының аузын нақ тұмсықтарына иіскете тақай қойып:

— Таста құралды!— деп ақырды.

Зор солдаттың қолынан винтовкасы түсіп кетіп, көзі шарасынан шығып шегіне берді.

Зор солдатқа ынтасы көбірек ауған Расуловтың көз

қыры, офицердің қимылдағандай болған қолына түсіп кетсе, ол кабурынан маузерін суыра бастаған екен.

— Ә, солай ма?!— деп кекетінді күлкімен мырс еткен Расулов, мылтық даусын шығарғысы келмей, ыңғайы солай болғандықтан, автоматтың құндақ жағымен бастан періп кеп жіберді. Далия шалқасынан құлаған офицердің бөркі ұшқан оң жақ шекесінен қара күрең қан бұрқ ете түсті, жанталаса сермеген қолынан маузер сонадай ұшып кетті... Тапалды да ол құндақпен бір соққанда талдырып түсірді.

Сол кезде ұзын солдатқа қараса, сүзуге ыңғайланған бұқадай денесін жиыра, желкесін күжірейте, құшағын жаза, саусақтарын тарбита, тізесін бүкірейте адымдап ұмтылып келеді екен.

Бұл зор солдат — немістің шағындау шаруалы фермерінің баласы еді, жасы жиырма бесте. Әкесі жасынан сабаққа бергенмен, оқуға зейінсіздіктен мектеп бітіре алмай, жабайы қара күш қызметкерінің бірі болып өскен. Бірақ, ақылы берекесіз болғанмен, күші берекелі, өзімен күшін теңдестірген кісіні ол өмірінде жолықтырған емес. Күшіне күші теңдеспейтіндер, оны сүйсінсе де, сықақтаса да «зухштейр» деп атайтын, онысы —«тұқымдық бұқа» деген сөзі.

Расуловқа кездескенше, жауымен жұлқысқан жерде оның аброй алмаған кезі жоқ: Чехословакияда, Бельгияда, Францияда талайларды найзасымен шаншып өлтіргендіктен «зухштейрдің» орнына «ризе» (дәу) атанып, фашизмнің ең үлкен ордені «темір кресттің» кеудесіне үшеу-төртеуін ұдайымен қадаған.

Оның Россия майданына келуі, бірінші рет тапсырмамен жолға шығуы бүгін ғана. Олардың да командованиясынан алған міндеті — қызыл армиядан «тіл» әкелу. Көптен хауіпті зонаға килігіп шешінбегендіктен, кір-қоңы асқынып, киімдері биттегендіктен, жолда жолыққан өз барлаушыларының «алда, жақын жерде хауып жоқ» дегеніне сеніп қап, денелерін талаған биттерден серілмек боп суға түскен де, содан кейін биттерін жоюға тұтынған. Расулов оларға осы жағдайда кездесті.

Расуловты көргенде «Дәудің» қолынан винтовкасы түсіп кетіп үрейлене шегіне қалуына себеп мынау еді: Россияда одан бұрын соғысқа қатнасқан солдаттардың «Россияның қалмақтары өжет те, мықты да, рахымсыз да» деген сөздері есінде қалған. Россияда орыстан басқа қан-

дай ұлттар барын білмейтін «Дәу»—«қандай адамдар олар?» деп сұрағанда, «түсі пәлендей» деп баяндаушы сипаттаған. Бұрын жаудан шайлығып көрмеген оның жүрегі бұл хабарға тітіркенгендей болған. Әйткенмен, «Россияның монғолдарына» кездесіп шайқасуды ол өзіне арман еткен.

Расуловты алғаш көргенде «Дәудің» қолынан винтовкасы түсіп кетуі — ұшқынды қара көзінің қарашықтары оған көз емес, атылғалы тұрған екі мылтықтың аузы сияқтанып кетті. Қадалған қара көздер «Дәудің» бойдағы бар күшін сорып алғандай боп, винтовкасы қолынан түсіп кеткен «Дәу», босаған буынына әрең ие болды, тәлтіректеп барып, азар құламай қалды. Егер Расулов сол қадаған көзін жазбаса, «Дәу» не деген еркіне көнетін еді.

Расулов офицер мен тапалды жайратуға кірісіп көзін одан тайдырған кезде ғана «Дәу» есін жинап, не өлу, не өлтіруден басқа айла қалмағанын түсінді де тапалды сұлатқан Расуловты қапыда, сыртынан құшақтай ап, жерге алып соғып ұмаштағысы келді.

Ұмтылған «Дәуге» көзі түскен Расулов, автоматты жерге тастай берді де, «дәумен» айқаса кетті. Қолдары қоян-қолтық айқасқан екеуі де көтеріп әкетем деген үмітпен белдерін тартып көріп еді, қай жағының белі болса да иіле қояр емес, бүкір өскен емендей мыңқ етпей сіресіп тұр. Расуловтан бойы ұзын «дәу» оны иығынан басып шөгерем бе деп талаптанып еді,— басқан салмағының астында адам емес, кесектеу бір жартас жатқан сияқты.

«Дәудің» бір әдісі үйіргіш еді. Ол осы әдісін қолданбақ болып, іштегі бір қолын сыртқа шығарып, екі қолмен де ышқырдан ұстап үйірем дегенде, Расулов оны оң аяқпен іштен шалып кеп қалды. Бұрын шалған күрес әдісін көрмеген «Дәу» Расуловтың аяғын тізеден төмен бүгіп әкетіп бара жатқанын сезді де, күш бермеуге тырысып керілген аяқтарын жинады.

Алысып жүрген екеу бұл кезде өзеннің нақ жарқабағына таянған еді. Дәудің ойы Расуловты жағасынан үйіріп суға атпақ та.

Екі аяғын жақындатқан «Дәудің» сол аяғынан өзінің оң аяғын ілезде Расулов шығарып алып, неміс үйірем деп ыңғайланғанша, оң жақ жамбастан сыпыра шалып сілтеп кеп жіберді. Тоңқалаң асқан «Дәудің» кеудеден төменгі денесі жардан аса, өзенге қарай құлады.

Құлаған екпінмен «Дәудің» сол қолы Расуловтың жа-

ғасынан шығып кетіп, оң қолы ғана легіп қалды. Леккен қолдың күшімен жардан тырмысып шығам, я жауымды суға ала құлаймын деп дәмеленген «Дәудің» көзіне Расулов жұдырықпен салып кеп жіберді. Көзінің оты жарқ етіп, есеңгіреп қалған «Дәудің» қолы жағадан шығып кеткенде; денесі суға шолп етіп батты да жөнелді. «Қайтер екен?» деп үңілген Расуловтың көзіне аз уақыт шымырлап үйірілген судан басқа ешнәрсе ілікпеді.

Аздан кейін, әртінірек тұстан «Дәудің» судан қылтыңдаған саусақтары, одан кейін жирен шашты басы көрінді. Мана, немістерге ұмтылғанда ойынан шыққан «тіл» деген сөз Расуловтың есіне енді ғана түсті. Ол өзен жағасын коныстаған ауылда жасынан сушыл боп өскен еді. Байқап тұрса суға малтуға айналған «Дәудің» дәмесі — жағаға шығуда.

Расулов офицердің оңай жатқан мауэрін алды да, өз автоматына қарамастан, киімшең қалпымен суға шоп бере қарғыды. Суда жарысқанда ол алдына жан салмайтын еді. Сол жүйріктігінен әлі де танған жоқ екен, құлашын сермей малтығанда «Дәуді» ілезде қуып жетті де, оң қолында көтерген маузер.

— Былай қарай малты, шортаным!— деді ол «Дәуге» маузерлі қолымен жөн сілтеп.

Неміс амалсыз көнді. Расулов оны өзі қалаған жағаға алып шықты...

3

Расуловқа кездескен үш фашисті Бектұрғановтың көзі одан бұрын шалып еді. Сондықтан, төнген хауіпке серігін жеке тастауға қимаған ол, тоғайды бетке ұстай жасырынып, оқиғаның неге соғарын күтті.

Расуловқа қай бұрын ұмтылған немістен Бектұрғанов автоматының тұмсығын аударған жоқ. Расуловқа төнген ажалды доптай қағуға даяр отырған Бектұрғанов, қашан одан дәрмен кетіп болғанша ісіне араласпауға бекінді.

Расулов немістерді жеңіп шыққанда Бектұрғанов сүйсінді де, қызғанды да. «Штабқа бұл мынадай жетістікпен барғанда, мен немді айтам?» деп ойлады ол. Сол ойдағы Бектұрғанов Расулов еркіне көндірген тілді» алып штабқа жөнелгенде, отырған орнынан тырп етпей қалып қойды.

Аздан кейін жау жақ жобадан естілген күбірге қараса, бір топ солдат пен бір офицер ағашты тасалана келе жатыр

екен. Жаудан кісі өлтіру хажет болса, Бектұрғановқа реті келіп-ақ қалды: біреуін емес, бірнешеуін атса да ыңғайға дәл-ақ келді.

Намыстан жетектемпаз не бар! «Расулов тіл алғанда, мен тіл алмайтын нем бар» деген намысты ойға бойын бекіткен Бектұрғанов, орман арасымен манағы жөніне жөнелді.

Ұзақ уақыт оған орманның өзіне арнаулы табиғи көрінісінен басқа, көңіл аударарлық ешнәрсе кездеспеді. Жүре-жүре шаршағандай болған ол, өзіне хауыпсіз-ау деп жобалаған өзен жағасының бір жерінде, сынып құлаған қарағайға кеп отырды.

Оның ойында әлі де Расуловтың табысы: «апыр-ау,— деп таңданады ол,— ауылда жүргенде, қазақша күресті бозбаланың ермегі сияқты көруші ем, оның да соғыстық маңызы зор боп шықты ғой. Манағы ұзын неміс күш жағынан Расуловтан артық болмаса кем емес сияқты. Егер ғой, Расулов қазақша күреске әдістенбесе, немісті оңай жыға алмайды. Мүмкін, өзі жығылып қалуы. Онда не болды?— өлгені емес пе? Осыдан елге аман қайтсам ба,— деп қорытты бұл ойын Бектұрғанов,— қазақша күресті колхозда өзім ұйымдастырып, күрестің түрлі тәсілдеріне жаттықтырмаған жігіт те, бала да қоймаспын!»

Расуловтың қазақша күреске әдісқойлығына сүйсінген Бектұрғанов, «ол тәсілімен мақтанды, ал, мен не өнеріммен матқанам?» деп ойлады. Оның бойындағы бір қасиет — жаяуда қолы қатты: қандай мықтымын дейтін жігітпен қол қысыспақ ойнаса, уысына түскен алақанды езіп жібереді де, өз алақанын өзгенің қысқан уысына билетпейді. Оның және бір мақтанып айтары — атқа тақымы берік: аударыспақ ойнағанда да, көкбар тартқанда да, ат үстінен ілуде біреулер ғана болмаса, талай қарулымын дейтіндер қозғалта алмайды, винттеп бекіткендей, тақымы аттың ерттеулі арқасына жабысады да қалады.

Өз бойындағы осы хасиеттерін еске алған Бектұрғанов «мен ғой, намыстанып осылай қарай шығып қалдым. Сонда неме сендім? Мерген емеспін, Расуловтай балуандық хасиет менде жоқ. Немістер менімен алақан қысыспақ, я ат үстінен аударыспақ ойнай ма? Ендеше, намыстанғанмен, тілді қалай алам?» деп ренжіді.

Көңілі қобалжыған Бектұрғановтың кейін қайтқысы кеп кетіп, орнынан түре келіп еді, жаңа ғана сөнген намысы тағы да тұтана қалды

«Соғыстың өзі — тәуекелдің майданы емес пе?— деп жұбатты Бектұрғанов жабырқаңқы көңілін,— тәуекелге бел байлап ілгері ұмтылайын, не жөні болар екен!..»

Ол біраз уақыт аяңдағаннан кейін, аралап келе жатқан орманның күнгей шеті ашық далаға шығып, сүйірленген тұмсығы дөңгелене бастысқа қарай бейімдеді. Нақ сол арадан өзен орманның теріскейіне қарай шалқаяды екен. Өзеннің иілген жерінде цементтен жасалған көпір, үстінен асфальтті жол өтеді.

Бектұрғанов қалтасындағы картаны алып қараса, тұрған жері — немістердің тылы.

Бұл түскі сағат төрттердің шамасы еді. Бір жақтан қарны ашқан, екіншіден не хал болар екен күтейін деп ойлаған Бектұрғанов орманның нақ жиегіндегі бір түп қалың шоқты бетіне перделей отырды да, сумкасынан азықтарын алып тамақтануға тұтынды. Екі көзі орманның алаңы мен, алаң арқылы жырағырақта сағымдана бұлдырап көрінген орманда.

Оның жеуге тұтынған азығы қаңылтыр қалбырдағы консерва еді, бәкімен бір жақ түбін ашып көрсе, сиырдың семіз еті екен, күн ыстықтау болғандықтан ба, әлде денеңің қызуынан ба — сорпасы бусанып, ет балқып тұр. Асқа қомағайлау Бектұрғанов консерваның сорпасын ұрттай, майлы етті асап жіберіп жұта бергенде, асфальт жолдың орманға сүңгіген жағынан тасқа тықылдата басқан аттардың тұяғының даусы құлағына сап ете түсті. Оның жүрегі қобалжығандай болып, жұта берген еті тамағына түйіліп, өңешінен әрең өтті. Ол консерваны жерге қоя сап, мылтығын оқтана жүре бергенде, шоқытқан жүріспен бес салты адам көпірден өте берді. Немістер екенін Бектұрғанов көпірден шыға жөнелгенде ғана аңғарды: біреуі офицер, төртеуі солдат.

Орманнан шыға олар аттарын тебініп шаба жөнелді. Беттері алыста бұлдыраған орман.

«Неге атпадым!— деп өкінді Бектұрғанов, немістер ұзап кеткенде,— қалшиып қарап қалғаным не? Ең аз дегенде екеу-үшеуін түсіріп қалатын ем, қап!»

Жауды аман жібергеніне өзін қатты сөккен Бектұрғанов, көзін салттылардан айырмай тұрғанда, шапқан екпінімен жырақта бұлдыраған орманға барып кірді.

Енді ас ішкісі келмеген Бектұрғанов, тамақтарын орап сумкасына салды да, орманның сүйірленген тұмсығына қарай жөнелді. Жағалап барса, оның «тұмсық» дегені, ор-

маның біткен жері емес, бүйірленген бір бөлегі ғана, аржағы сайға түсіп, мапа жырақтан бұлдыраған орманға тұтасады. Одан әрі тағы да қалың орман, ортадағы ашық дала айнала қалың орманның арасындағы арал сияқты.

Ілгергі бетте жаулар барына күдіктенбеген ол, теріскей жақтың жайы қалай екен деп аралап еді, ұзақ жүрмей, немістің блиндаждарына ұшырасты. Еппен еңбектеп жүріп анықтап алды: айнала жаудың бекінісі. Бұл жағдайды анықтаған ол, манағы салттылар барып кірген жөнге жөнелді. Ол тұсқа күн бата жеткен оның алдынан, орманның бір қабат ішін жиектей аққан кішкене өзен кездесті, суы тайыз, жиегі қалың қоғажай. Кейде суға, кейде батпаққа, кейде құрғаққа киліккен ол, қоғажай арасымен жолбарыстай жымып келе жатса, өзен жағасында ертоқымы, жүгенімен бір топ жылқы жайылып жүр, сан шамасы жүзге тарта бар. Аттарды бақылайтын солдаттардың біреуі төмпешікті жастана ұйқтап жатыр, екіншісі тізесіне қойған дәптерге әлденені қарындашпен жазып отыр.

Бектұрғанов көзін солдаттан аттарға аударды. Оның әкесі Бертұрған жасынан саяхатшылықты кәсіп еткен, аттың жақсыларын мінген, жақсы атты сынағыш, танығыш адам еді. Әкесінің атты сынайтын сөздері мұның да есінде қалып, ол өлгеннен кейін, ауылы атты бұған сынататын болған, және бұның сынауы теріске кетпей, жүйрік дегені де, желгіш дегені де, мықты дегені де — айтқанындай боп шығатын.

Немістердің оттап жүрген аттарын сынаған оның көзіне, ақбақай қарагер ат өзгеше түсті. Ат — арғымақ та, қарабайыр да емес, будандау, денесі шағын ғана, бірақ, муше бітіміне қарағанда, желден басқаға жеткізбейтін жүйрік сияқты. Ертоқымына қараса — жабайы солдаттың біреуіне мінгізген ат.

Ақбақай қарагер Бектұрғанов отырған қоғажайға бет-тей оттады. «Я, сәт!» деді Бектұрғанов үміттеніп, ойы серпіліп.

Қоғажайға жақындап кеп, жардан төмен түспей оттаған атты үркітіп алмайын деген оймен, Бектұрғанов жардың қабағына қарай шықты да, жүресінен отырды. Оның көзі ағаш арасында жақын жерде сапырылысқан адамдарға түсті. «Штабы болмағай да» деп жорыды ол.

Сапырылған жұртқа аз уақыт қарап отырған оның көзіне, ағашқа байлаулы атына мінуге ыңғайланған манағы

офицер мен қасындағы солдаттар ұшырай кетті. Олар аттарына мінді де, келген жағына қарай жөнелді.

Бектұрғанов еңбектеп ақбақай қарагерге жақындап еді, ат ығысыңқырай беріп тоқтады. Бектұрғанов ақырын жылжып кеп атты ауыздық түбінен ұстады да жетектеп жардан төмен түсірді, өзеннен жетектеп өткізді, содан кейін үстіне ырғып мінді де шаба жөнелді, беті — офицерлер кетіп бара жатқан жақ. Ол кезде, батқан күннің қызыл шапағы қоңырланып, кешкі дала бұлыңғырлана бастаған еді. Бектұрғановтың офицерге жетуге ынтыққан ойына серік болғандай, ақбақай қарагер зымырай шапқанда, тымық һауаны желдендіріп жіберді.

Офицер мен солдаттарға Бектұрғанов жалаңаш даланы жиектей өскен ағашқа кіре жетті. Аттарының шабысы құлақтарын керең қылғандықтан ба, әлде маңайларын хауыпсыз көргендіктен бе — офицер де, солдаттар да арттарынан қуып жеткен Бектұрғановты абайламады.

Жауларға жақындай, ашуын ақылға билеткен Бектұрғанов, арттағы солдаттарды сыпырта басып озып, алдында келе жатқан офицерге жанаса беріп, жауырыннан қапсыра жұлқи жөнелді.

Ат үстінен аударылып кеткен офицер, не халге душар болғанын Бектұрғановтың тақымына басылғанда ғана білді. Бірақ, кім екенін көпке дейін шамалай алмады, тақымнан босайын десе, тастай берік!..

Солдаттар да алғаш не хал болғанын аңғармай қалып, офицер тақымға түскеннен кейін:

— Жау!— деп айғайласты біріне бірі,— қу!.. Ат!..

Аттарға қамшы басылды, винтовкалар сатыр-күтір атылды. Бірақ пайдасыз қимыл болды бұл. Олар қимылға кіріскенше, Бектұрғанов орманға сіңіп кетті... Одан әрі бөгет жоғына ол берік сенді... «Бұл да бір жақсы тіл болды!» деп қуанды ол ішінен.

Август, 1942 ж.

БАТЫР ҚЫЗ

Бұл әңгіме — әңгіменің героинасы Совет Одағының батыры Маншук Маметованың өзіне арналады.

жазушы.

Қалың қарағайлы орманның арасында шытырлап жанған бұтақтарды айнала отырған жауынгерлер, айсыз түнде Маншуктің бетінде ойнаған жалынның сәулесіне қарағаны болмаса, оның кішкене денесін айнала бұрып, жіңішке, жұмсақ даусымен айқын айтқан сөзін тыңдаған жоқ. Несін тыңдасын, дағдылы үгіт; «өзің өлме, жауды өлтір! Егер қапыда өлсең, сенің атыңды халқың өз тарихына алтынмен жазады!..»

— Айтайын дегенім осы, жолдастар,— деді Маншук сөзін аяқтап.

— Кімде сұрау бар?

Ешкім үндемеді.

— Міндетті түсінікті деп санаймызда онда?

— Түсінікті!— десті жауынгерлер бір ауыздан.

Расында түсінікті еді: бұдан он бір күн бұрын, 1943 жылдың 6 октябрінде генерал-лейтенант Галицкий басқаратын үшінші ұрғыш армия шабуылымен немістердің қорғанын қиратып, 30 шақырымдағы Невель қаласын алып тоқтаған. Қапыда қырылған немістер есін тез жинап, ұрғыш армияны қоршау қамына кіріскен. Кезеңін тапса, немістің қоршауына мүмкіншілік жоқ еместе: ұрғыш армияның алды ілгері кеткенмен, көршілес армиялар кезінде жәрдем бере алмағандықтан, екі бүйірі қысыңқы қап, немістер сыртын ораңқырап кеткен.

Ұрғыш армияны қоршау үшін неміске кеңдігі 5—6 километрдей жерді ғана қаусыру керек, ол үшін ең қолайлы орын Қаратай және Үлкен-Иваново дейтін екі шалқар көлдің арасындағы — қылы. Отан соғысының алғашқы кезінде шегінген біздің армия жауды бөгеу үшін, Заиванье дейтін поселкенің тұсында қылыны жырып, екі көлді каналмен қосып жіберген, сол канал әлі сақтаулы. Енінің ең

кең тұсы жүз метр, ұзын тұрқы шақырымдай, түйенің мойнындай иреңдеген бұл сопақ қылының теріскей жақ бұйратты белесінде бекінген немістер, күнгей жақ бетіндегі орманда біздің армияның қазақстандық жүзінші бригадасы жатыр. Қылының өзі немістердің қолында. Жері қайқаң, жазық келген мойнақтың өнбойында төселген миналан ат тұяғы сияр жер жоқ. Миналардың арасында аралары алшақ құрылған үш қабат сым тор.

Ажалдың осы араны жол бермейтінін көрген біздің төрт разведчик: Раисов, Мырзабаев, Әлімбаев, Нұрлыбаев — Қаратай көлінен салымен жүзіп өтіп, октябрьдің он екісі күні немістің Битке дейтін обер-лейтенантын ұрлап әкелді. Биткенің баяндауынша немістер октябрьдің он бесі күні каналдан жиналмалы көпір арқылы өтіп, шабуылға кіріспек те, біздің армияның қысыңқы бүйірін сыртынан құшақтай қаусырып, қамауда қалған үш дивизия мен екі бригаданы қырмақ.

Разведка тағы да алып келген «тілдердің» сөзіне және қолға түскен неміс документтерінің ыңғайына қарағанда, Биткенің мәліметі дұрыс.

15 октябрь күні немістердің осылай шабуыл жасауы анықталғаннан кейін, үшінші ұрғыш армияның соғыс советі кеңесті де, кимылға немістерден бұрын кіруді ұйғарды, бұл ұйғару бойынша шабуылды қылының аузында тұрған жүзінші бригада, оның ең алдындағы 2-батальон бастамақ. Маншук осы батальонда. Бұл мақсатты орындау үшін Исин Мәуленнің құрылысшы батальоны 15-октябрьге қараған түні, түн бойы жолдағы миналарды тазалап, сым торларды қияды. Ажал араны тазаланып біткенін Мәулен қызыл ракета атып білдіреді, сол кезде артиллерия «ойнап» жаяу әскерге жол ашады. Шабуылдың мақсаты: немістерді Изочка станциясына шейін сырып тастау.

Командованияның осы планын октябрьдің он үшінен бастап жүзінші бригаданың әрбір бөлімшесіндегі үгітшілер жауынгерлерге ұғындыруға кірісті, солардың бірі — бірінші ротаның парти.\ ұйымдастырушысы — Маншук Маметова.

«Осылай да, осылай» деп бұл мәселені Маншуктің өз ротасындағы жауынгерлерге айтуы бір емес, бірнеше рет. Әр айтқан кеңестің сөзі басқа болғанмен, мағнасы бір. Сондықтан, бастап бейілдене тыңдаған оның сөзін, кейінгі кеңестерінде жауынгерлер соғыс тәртібі қатаңдықтан ғана отырды, егер босаң тәртіпті жиналыс болса, олар алда-

қашан «несін қайталай бересің соның»— деп тарқасып кетер еді: Кеңесін аяқтаған Маншуктің «түсінікті ме?» деген сұрауына, жауынгерлердің бір ауыздан «түсінікті» деп шу ете түскен себебі де осы.

Соғысты басынан кешкен кісі,— шабуыл болардың алдында сол шабуылға қатнасатындардың жан-жүйесін жақсы біледі. Бұл кезеңде, бұрын соғысқа қатнасқан адамға да, қатнаспаған адамға да өмірден керегі бір ғана зат, ол — қай ретпен болса да езу тарту, күлу, реті келсе қатты күлу, шегі қатқанша күлу. Адамның өмірінде шабуыл алдындағы күлкіден тәтті, рахат күлкі жоқ. Шабуыл алдында осы тәтті күлкімен рахаттанғысы келмейтін не жауынгер, не командир болмайды.

Бірақ, күлдіретін кім? Ертеңгі шабуылда өлем бе, жараланам ба, әлде тірі қалам ба деген сезімнің толқынына бір батып, бір қалқып жүрген адамды күлдіру оңай ма? Егер, осы отырған топта шабуылға қатнаспайтын адам жоқ болса, қайсысы ерігіп, қайсысының күлкісі кеп отыр дейсің?

«Көре-көре көсем болады» деген қазақ мақалы соғыс майданында да шындықтың айнасы. Онда да соғысты басынан көп кешкендер өлім хаупінің тұйығына кеп иірілген көпшіліктің күлкі толқынына жол ашып жібереді. Жүзінші бригада мұндай «көпті көріп көсем болғанның» бірі Сүлейменов Ыбырайым, 43 жылдың 14 октябрі күні оның есебінде өзі дәлдеп атып жыққан 370 неміс бар.

Маншук сөзін аяқтағаннан кейін жауынгерлер «түсінікті» деген жалғыз ауыз сөзден басқа ешнәрсе айтпағанын бақылап отырған Ыбырайым, көпті көңілдендіру, күлдіру ниетімен әзіл бастады.

— Сізге бір сұрау беруге бола ма, жолдас үгітші қыз,— деді Маншукке.

— Айтыңыз!

— Міндет түсінікті және оны орындаймыз да. Сізден сұрайын дегенім: үгіттеуге жақсысыз, сонда сіз, осы майданға келгелі неше неміс өлтірдіңіз?

Маншук үндемей қалды, несіне үндесін, дауласар дәлелі аз армияға өзі тіленіп кірген Маншуктің көп уақыт қызмет атқарған орны — штаб. Сол штаб қызметінде жүріп ол пулеметті меңгеру кружогіне қатынасты да «озат атқыш» деген баға алды. Бірақ, өткініш сияқты жеңіл-желпі бірдемелерге қатынасқаны болмаса, атқыштық өнерін сұрапыл қыргында қолдану сәті әлі түскен жоқ. Сондықтан, онымен

әзілдескісі келген жігіттер «біздің Маншуктің атқыштығы сондай: һауаның қай жерін көздесе де оғы мүлт кетпейді» десетін, Маншукпен осылай қалжыңдасатын бір жауынгер, Ыбырайымның сөзін қостай кетті:

— Бәсе, десейші,— деді ол — осы әйелдер сөзді ерлермен бірдей сөйлегенде, жауды неге бірдей өлтірмейді екен?

— Әйелден ерлік шыққанын қашан көріп ең?— деп даурықты біреуі.

— Неге ер жоқ?— деді Маншук,— Зоя Космодемьянскаяны қайтесің?

Әйелден ерлік шықпайды» дегенді аңдаусыз айтып қалған жауынгер, сөзді бұрмалағысы келіп:

— Ол рас,— деді Маншукке,— Зоя батыр қыз. Сен сондай қазақ қызын тауып берші бізге!

Маншук тағы да кідіріп қалды. Оның қасында отырған, батальондық партия ұйымдастырушысы Диқамбай Қосанов Маншукке қарап ақырын жымиды да:

— Қазақтың бүгінгі қызын сұраймысың, бұрынғы қызын сұраймысың?— деді жауынгерге.

— Қайсысы болса да?

— Бұрын талай ер қыздары болған қазақтың,— деді Диқамбай.

— Мәселен?

— Батырлар туралы айтылатын жырларды естідіңіз бе?— деді Маншук дәлел таптым дегендей қосарлана кетіп.

— Естімек түгіл оқыдым да...

— Қобландының серігі Құртқаны, Тарғынның серігі Ақжүністі қайтесің?

— Қайтем олардың? (Жауынгерлер ду күлісті). Білем, батырдың сенімді жарлары. Еріне жан-тәнмен берілген әйелдер осы күні де аз емес. Менің сұрап отырғаным: найза алып жауға шапқан, ту көтеріп қол бастаған қазақ қызы. Сен сондайды тауып берші!

Сөзден тосылғандай болған Маншук кідіргенде, бригаданың соғыс қимылын басқарушы полковник Баймулдин Әбілхайыр мен батальон командирі капитан Ушаков келіп қалды.

Баймулдиннің бұйрығы бойынша басталғалы тұрған шабуылдың тәртібі былай болуға тиісті: қылының бергі бетіндегі даланы минадан тазалауға капитан Исин Мәу-

ленің құрылысшы батальоны түнгі сағат «нуль, нуль» ден кіріседі. Тазаланған даланы Ушаковтың атқыш батальоны жылжи еріп бекітіп отырады. Құрылысшы батальонның алды «төрт, нуль-нуль»-де каналға жетеді де, қызыл ракета атады, сол кезде артиллерия ойнап, жаяу әскерге неміс қамалын басып алуға мүмкіндік береді.

Осы бұйрықпен іске кіріскен батальонның Маншук оң жақ қанатында еді, қасында автоматчиктер ротасы және станкалық пулеметтің кезегіндегі екі жігіт.

Түн. Аспанды қоршаған қою бұлттан шиыршық қар ұшқындайды. Қызыл армияның қимылын жау естімесін дегендей немістер жақтан ескен ызғырық салқын жел әрбір жауынгердің құлағына «еппен қимылда,— жауың сезімпаз; тез қимылда,— уақыт аз! Сақ бол, айналаң ажалдың араны! Қырағы бол,—қапыда өлме!» деп сыбырлағандай болады.

Бұл сыбыр желдің ғана бұйрығы емес, жердің де, елдің де бұйрығы екенін ұққан әрбір жауынгердің денесі дағдылы қалпынан жүз есе епті сияқты. Дәл осы минуттерде сақ құлаққа желдің жылжуын естуге болады, олардың қимылын естуге болмайды. Олардың төңірекке төне қараған көздерінен ұшқан ұшқын бронды бауырдай тілетін термиттік оқтан да өткір: термиттік оқ бір қарыс бронды ғана тіліп өтсе, бұлардың көз ұшығына түннің қалыңдығы бір емес, жүз емес, мың да, миллион да емес, нелер миллиард қарыс бронын тіліп өтіп, аспан мен жердің қабысқан жиегіне шейінгі жер бетіндегі барлық затты көріп тұр. Тіпті жер шарының жартысын бүркеген бүгінгі түннің өзі түн емес, түнді тесе қараған жүзінші бригада жауынгерлерінің қара көзі сияқты.

Құрылысшы батальонның жауынгерлері қолдарына ұстап жер бетін сипай жылжытқан мина тапқыш құралдың тұмсығы жаудың жерге жасырған миналарын тінте бастады. Ізтапқанда жер тырналап қыңсылаған тазыдай мина тапқыштар да жерде жасырынған минаның исін сезсе, жауынгердің құлағына сыңғыр ете қалады. Ажалды құшағын жайған минаның жауынгерлер қол-аяғын қырқады да, дәрменсіз денесін домалатып тастай береді.

Осы қарқынмен қимылдаған Мәуленнің батальоны сағат «төрт, нуль-нуль»де жететін мерзімге сағат «екі, он жеті» де барып қалды. Ушаковтың батальоны да өкшелеп қалмай келеді. Немістер жағынан әзірге сезінген белгі жоқ.

Ракетаны қазір атайын десе, уақыт әлі ерте, артиллерияның даяр болмауы мүмкін; өздері ілгері жылжиын десе — жаудың алдыңғы бекініс ұялары тым жақын және естілген дыбысқа қарағанда ояу сияқты, аспанның батыс жақ жиегіндегі көмескі ақтаңдақтан блиндаж бен блиндаждың арасында ор арқылы еңкеңдеп жүгіргендердің бастары да қараңдап көрініп қалады. Не істеу керек?

Екі батальонның командирлері ақылға отырғанда, тәуекелшіл, өжет Ушаковтың сөзі өзгеден қонымды көрінді.

— Бұл араға біздің жеткенімізді жау сезсе,— деді ол,— шабуылға даяр тұрған күшін төгіп жібереді де, артымыздан келетін күшті кесіп тастап, бізді жеке мелжемдейді. Мұндай хауіпке көрнеу көзді жұмбай-ақ, басқа айла қолданайық: ең сенімді жігіттерден құрылған екі отряд сал байлап суға түссін де, қылының орта тұсындағы биікке салынған Заиванье поселкесін алсын. Каналдан жүзіп өтіп бержағынан біз жетейік. Егер сәті түсіп осы тілекке жете алсақ, екі батальонмен жаудың екі дивизиясын ұзақ уақыт бөгеуге мүмкіншілік бар.

Осы ұсыныс қабылданып, суға жүзетін отряд адамдары іріктеле бастағанда:

— Менің де қосылғым келеді, жолдас капитан!— деп рапорт берді Маншук Ушаковқа.

— Жоқ, сіз мұнда керексіз — деп кесіп айтқан Ушаковтың бұйрығына таласу тәртібінде жоқ Маншук, мұңайған кескінмен, пысық қимылды денесін баяу ғана қозғап өзінің пулеметі тұрған жерге кеп жамбастай отыра кетті.

Малтуға кеткендерді жөнелтіп сап, кейінге хабаршы жіберіп, құрғақта қалғандардың дайындығын аралап жүріп тексерген Ушаков келгенде, Маншук жамбастаған қалпында әлі отыр еді. Оның мана жәбірленіп кеткенін сезген Ушаков, сол сезімі әлі жадырамағанын абайлады да, сөзін жұбатудан бастады:

— Өкпелеп отырсын-ау, жолдас Маметова, маған?— деді ол қасына отыра кетіп,— білем. Бұл жорыққа аттанарда жігіттермен қалжыңдасқаның да есімде. Осы арпалыста ең батыр деген жігітпен жігер-қайратыңды таластыруға іштей берген сертіңді кескініңнен ұққам. Сен жауға бұрын жеткенді батыр деп ойлама, екіталай күн туғанда бекінісін бермегенді батыр деп ойла. Менің шамалауымша, қылының өнбойын біз аламыз. Бірақ соны ұстап тұра аламыз ба, жоқ па —ең зор мәселе осында. Біздің мылтықтың даусынан түршіккен жау барлық қаруынан оқты борандатып

жіберіп, артымыздан жететін күшті жылжытпай қойса, осы қойнаудағы жаудың шабуылға даяр тұрған екі дивизиясымен біздің бір ғана батальон арпалысуға тура келеді. Кімнің ерлігі қанша екені сонда көрінеді, қарындасым. Рас па?

— Рас!— деген жауапты ашық, ақжарқын дауыспен қалай айтып жібергенін Маншуктің өзі де аңғармай қалды.

— Серттесейік, осыған!— деді Ушаков қолын ұсынып.

— Серттесейік!— деп, орнынан атып тұрып, жіңішке, нәзіктеу саусақты алақанын Ушаковқа ұсынған Маншуктің бойында, мана қалыңдығы қара бұлттай оралған жәбірлену сезімінің ізі түгіл, көлеңкесі де қалған жоқ еді.

Осы кезде, Заиванье жақтан атылған қызыл ракета, жұлындай шаншылып аспанға зымырай жөнелді. Мылтықтан атылған оқтардың нысанаға ұзап ұшпай-ақ тиюі қып-қысқа, тық-тық еткен даусынан білініп тұрды. Біздің кісілер жау қамалына жеткенін білгендей, кейінгі артиллерия да ойнап қоя берді.

— Шабуылға!— деген Ушаковтың өткір үнмен айтқан бір ауыз сөзі, кемеріне толған өзен суын жарып жіберген болат кетпен сияқтанып, команда күткен көпшілік лық етіп, ілгері ақтарыла жөнелді.

Командаға делебесі қозған жауынгерлер жүгіре басып каналға жетті де іркіліп қалды. Канал жап-жалпақ, ені елу метрдей бар.

Разведканың хабары бойынша бұл каналдың тереңдігі орта бойлы кісінің кеудесінен келуге тиісті. Қараңғы түнде қарамайдай құлпыра толқып жатқан кіші-гірім өзенге жақын суға Ушаков «түсе қалыңдар!» деп бұйыра алмады. Командованияның бұйрығы бойынша бұл каналға жауынгерлер артиллерия ойнағаннан кейін жетіп, арттарынан грузовикпен әкелген көпірді салып өтпек те. Оны күтуге уақыт жоқ, не істеу керек?

«Кім біледі деп ойлады Ушаков, судың тереңдігі разведканың айтқанындай болса жақсы, егер болмай, терең суға бөлімшемді ғарқ қып алсам, мойныма мәңгі түспестік күнә жүктермін».

Осы күдік ойын толқытқан Ушаков:

— Малти білетіндер тез суға түссін,— деп команда берді бөлімшесіне,— ауыр құралды солар арқаласын. Малти білмейтіндерден суға әуелі ұзын бойлылары түсіп көр-

сін, қалғандары соларға қарап өтсін. Егер, су терең болса, малтитындар малтымайтындарды алып шықсын.

Команда берілгеннен кейін, малтымпаздар шеті қабыршақтанып қатуға айналған мұздай суды шопылдата күп бергенде, олардың артынан бойы ұзындар түсе қалғанда:

— Тереша!— деді елеңдеген Маншук, пулеметтегі кезектесі, ұзын Терентийге,— түс сен де!

Терентий басын шайқады. Оның бұл қылығына кейіген Маншук, қаналдың кемерінен жылжып суға қарай түсе берді.

— Маша!— деді Терентий,— сен де малтымақпысың?

— Әрине!

— Малти білмейсің ғой, сен?

Маншук үндеместен суға таяна түсті. Несіне үндесін,— бұрын малтып көрмегені рас та.

Ат басына күн туса, ауыздықпен су ішеді, ер басына күн туса, етігімен су кешеді» дейтін атасы қазақтың мақалын жақсы білетін Маншук, мынадай тай-талас кезеңде малти білмеймін деп тұрып қалса, өзгелер өте бастаса,— тал бойына мін, таудай талабына төмендік, жаһоттай жанына кір емес пе? «Өлімнен — ұят күшті». Малтуға жүрексінсе, малтып өткендер ертең «батырсынған қыз бұның қалай?» деп мазақтамай ма? Мазақтаса ұялмай ма? Ұялса — өлгені емес пе?

Осы намыспен малтуға берік бекінген Маншук, Терентийге:

— Білген-білмегенімде нең бар сұрап,— деді де, созған қолын қағып жіберіп, суға күп бере түсе жөнелді.

Киіміне сіңе қалған мұздай судан денесі түршікті ме, тұншығады екем деп үрейленді ме, өзгеге ере алмаймын деп намыстанды ма — осының қайсысы болса да, әуелі аяғын судың түбіне баса түскен Маншук бірер адымдағаннан кейін, қолын қанаттай желпіп жоғары ырғып қап еді, мұзды суға денесі жаңқадай қалқып бетіне шыға келді. Су бетіне көтеріле, кәнігі малтымпаздардай ілгері жүзе жөнелгеніне оның өзі де хайран қалды.

Малтығандармен жарыса аз уақыт жүзген Маншуктің есіне кейін қалған пулеметі мен кезектестері түсіп, жалт бұрылып қайтып келсе, Терентий де, басқа кезектестер де манағы қалпында әлі тұр екен.

— Әкел пулеметті!— деді Маншук, судан кемерге шыға беріп Терентийге.

— Қайтесін оны?

— Арқалап апарам арғы жағаға.

— Көтере алмайсың,— деді Терентий, кемерден шығып пулеметті ұстай берген Маншукке, бергісі келмей тартпақтап.

— Тарт қолыңды, Терешка!— деді Маншук жекіп, қорықсаң тұра бер өзің осы жағада.

— М-м-ма-ша!..

— Біз ..— деп келе жатыр еді кезектестің тағы біреуі.

— Тыңдағым келмейді, арқалатыңдар!— деді Маншук бұйырған үнмен.

Пулеметті сүйрей жағадан сырғи берген Маншукке қосарлана Терентий де түсе қап еді:

— Арқалат, маған!— деді Маншук, Терентийге.

— Мен арқалайын, Маша!..

— Біз!— десті басқа кезектестер.

— Сендер малти білмейсіңдер,— деді Маншук,— өздерің амалдап шығыңдар. Терентий оқтаулы ленталар салған жәшікті көтерсін, пулеметті мен арқалайын.

Өзге кезектестер қақала-шашала, суға бір батып, бір шығып ілгері жөнелгенде:

— Сүңгісе де арғы жағаға жетер,— деді Маншук Терентийге,— кәне, арқалат пулеметті маған!..

— Расың ба, Маша?

— Екеуміз қыз-ойнақта отырған жоқпыз, әзілдесетін. Уақыт аз, әкел!

Арқалатқан пулеметпен жүзе жөнелген Маншук, ойда жоқта, суды балықтай билеп алды. Ауырлығы 56 килограмм пулеметті ол шопақ құрлы көрген жоқ. Терентий пулеметті демесейін деп еді:

— Жәшігіңе ие бол!— деді Маншук оған.— Оқтарға су тимесін.

Терентий тым ұзын бойлы жігіт еді, мінезі жуас оны сыртынан сықақтаушылар «түйе» дейтін де, көзінше әзілдегендер ертегіде төбесімен көк тірейтін құжға теңейтін. Қатар тұрса Маншук оның кіндігінен ғана келетін.

Пулеметті арқалап малтығанына сүйсінген Маншук, судың тереңдігін Терентийдің бойынан байқады: оның сорайған денесін түгел жапқан судан қылқиып басы ғана көрінеді. Кейде Қаратайдан Ивановаға қарай жел айдаған толқындар басын да бүркеп кете жаздайды.

— Қалай, Терешка?— деп қояды Маншук.

— Бірдеме ғып өтерміз,— деп сыр бермеген болғансы-

ған Терентий, толқындар лықылдап басына шапшығанда «қайтеді мынау!» деп хауіптенеді.

— Малтып көрсейші — дейді Маншук.

Терентий, Маншук және басқа кезектестер арғы жағаға шыққанда, жау да артиллерияға артиллериямен жауап беріп, қызу дуэль басталып қалған еді. Шабуылға даяр тұрған немістер, зеңбіректің де, пулеметтің де барлық калибрін кимылға кірістіргенде, снаряд пен миналар қардай борап кетті.

Не істеу керек? Айнала анталаған ажалдан қашқанмен құтыла ма?

Ажалмен арпалысуға кіріскен жауынгерлер киімдерін шылқыта малшындырған күздің мұздай суық суын сығуға да мұрша таппады, суда тоңазыған олардың денелері, судан шыға, жан-жағынан ажалдың улы тілі жалақтай бастағанда, түршігіп, тоңазуын ұмытып кетті. Осы кезде командирдің «Алға!» деген бұйрығы да, бытыраңқы батальонның өнбойына, сым торлы бекіністі бойлай жүгірген электр тоғындай тарады.

— Кеттік!— деді Маншук кезектестеріне ілгері ұмтыла беріп.

— Кеттік!

...Бораған оқтың арасында еңкеңдей ілгері ұмтылған көпке, пулеметтерін сүйрей жүгіріскен бұлардың кезектестерінен Маншук пен Терентий ғана жетіп, өзгелері жолда қалды. Олар жан-дәрменде Заиваньенің оң жағындағы биікке шықса, біздің әскерлер биікті меңгеріп ап, арғы бұйраттағы жаумен атысып жатыр екен. Жаудың да оқ жаудыруы сұрапыл. Саялар бірдеме таппаса, жан сақтауға мүмкін емес. Жауған оқтан жырмаланбаған ине шаншар жер жоқ.

Ажал нөсері осылай төгілген биікте, паналауға қолайлы бекініс бар еді, ол — биіктегі молаларға қойылған ескерткіш тастар. Ескерткіштерді бетке ұстай құрылған станкелі екі пулеметтің арасына әкеп Маншук пулеметін құрды. Оның пулеметінің алдына кездескен тастың ұзын тұрқы қырынан жатқызған шкафтай, биіктігі де, қалыңдығы да метрдей. Тегі, ол осы араның табиғи тасы болу керек әйтпесе, көлікпен көтеріп әкелерлік салмақ емес.

Тасты паналай, пулеметінен от бүріккен Маншуктің ұшқынды дөңгелек қара көзі, қарауылдан қия бұрылмай, алдыңғы жаққа қадалып қатты да қалды. Сұрапыл атыс басталған соң-ақ, мезгілдің түн, я күн екенін ол ұмытты. Атып келе жатқан таңның сәулесі ме, шығып келе жатқан

күннің шұғласы ма, немесе нақ сол минуттерде прожектордан артық жарқыраған көз жанары ма — пулеметтің замогіне бармағын алғаш басқан минуттен-ақ, Маншуктің нысанаға алған жағы түп-түгел көріне қалды. Өзгелерін кім білсін, дәл Маншукке жау жақтағы қайқаңдау сайдың бетінде адам түгіл, көденің әрбір түбі, шөптің әрбір қылтаны селтиіп көрініп тұрды. Осы минуттерде ол дүниеге өз көзімен емес, күннің көзімен қараған сияқтанды.

Маншук үшін уақыттың минуттары пулеметтің тізбектеле атылған оқтарынан жиі да, жылдам да зымырады. Бірақ, Маншук, пулеметтен неше оқ атылғанын абайламағандай, уақыттың да неше минуты өтіп жатқанын білген жоқ. Оның білгені — пулеметтің замогіне бармағын батыра басып, үздіксіз ұшырған оқпен, жау жақтан жан адамды қимылдатпау.

Кейінгі жақтан «ойнаған» артиллерияның екпінінен бе, өз батальонының жауынгерлері жаудырған оқтан ба, Маншуктің өз пулеметінен бүріккен оттан ба — бекінген бұйратынан жау бері жылжи алмады.

— Маша,— деді, бір кезде, Маншуктің қасында жамбастап жүріп қызмет атқарған Терентий,— екі ленталық-ақ оғымыз қалды.

— Көршілерден сұра,— деді Маншук бетін бұрмастан.

— Олар жоқ.

— Қайда?!— деді Маншук жалт қарап.

Таң атқанын сонда ғана білген Маншук, Терентийдің көңілсіз кескінмен, жауап қатпастан, алақанын жаза айнала шолған қолының ізін қуа жүгірген Маншуктің көзінің қарашығына шағылысқан сурет — жусап жатқан өліктер мен жаралылар.

Қалай қараса да қадала алмай тайғалақтаған оның қарашығына, маңайында тіршілік әрекеті бар ешкім кездеспеді. Кімге қараса да оның көргені, не біржола қимылдан қалғандар, не қимылының бойында қалған ақтық сарқынын жауды өлтіруге, я жолдасын жақтауға емес, өз жарасының сыздауын қайтсем жеңем деп жанталасқандар. Көршілес пулеметтердің маңайында да осы көрініс: екі пулемет те тырсылдарын доғарып, үндері өшкен.

Ойына «шынымен Терентий екеумізден басқа ешкім қалмағаны ма?!» деген Маншук, төңірегіне еңсесін көтере, тұрқын соза қарап еді, сай-салаларда, бекіністер маңында жауға оқ жаудыру әрекетінде жүрген біраз адамды ұшыратты. Олардың аз-көбіне қарауға мұршасы жоқ

Маншук, қанша болса да, өз адамдарынан тірілері барын көңіліне тоқ санап:

— Әкел, қалған ленталарды,— деді Терентийге. Ол екі лентаны берді.— Көрші пулеметтердің атылмаған оқтарын мұнда әкел!

Терентий жөнеле берді. Сол секундте жау жағының оқ бораны үдей түтеп кетті.

Көрші пулемет паналаған тас, Маншуктен он шақты адымдай жер еді. Екі арасы панасыз жазық. Терентийді жұмсауы жұмсағанмен, жауған оқтың біреуі қағып кете ме деп толқыған сезіммен, пулеметін ұстай бере, жалт қараса, «жасқанғанмен жан сауғалар жер жоқ» дегендей, Терентий тік тұрып кетіп барады екен.

— Жат!— деп айқайлап қалды Маншук, Терентий сабырмен мойын бұра қарады да, «қайда жатам» дегендей, қолын бір сілтеп, кетіп бара жатқан тұрпатын өзгертпеді.

Тағы да «жат!» деген сөзді айта берген Маншуктің ауызы «жаны» айтып, «тын» айта алмай, «аға» ашқан қалпы аңырайды да қалды. Сол секунтте, Терентийдің дәл аяғының астынан кеп түскен мина, киіз үйдің орнындай аумақтың топырағын аспанға бұрқ еткізе түсірді, бұрқыраған қою шаңның биіктігі он, он бес метр биікке көтерілді. Терентий қою шаңмен бірге аспанға ұшты ма, тірі ме, өлі ме, я жаралы ма,— оншасын Маншук білмеді.

Маншук бәсеңдетуін күтейін деп жау жаққа көз қырын салса, біздің жақтың атуы әлсіреді ме, әлде жаралы жау жолбарыстай әдейі шапты да — бұйраттан бері беттеп бір зор танк, оған ере бірнеше кішірек танктар, оларды паналай қаптаған жаяулар келе жатыр.

Маншуктің манадан бері босаған тамырлары тағы да тырсылдай қалды, манадан құрғауға айналған тері тағы да шұбыра жөнелді, манадан дағдылы соққан жүрегі тағы да аттай тулады. Енді ол Терентий жаққа қарағысы келмесе де қарады. Қарамасқа амалы қанша,— жау қаптап келеді, оқ жоқ, құрғақ қолмен кімге әлі келеді.

Маншук жалт қараса шаң бәсеңдепті, бірақ, Терентий жоқ. Қайда ол?!..

Өлді деп жорыған Терентийді барып көруге, егер өлсе аржағындағы пулеметтен оқ алып қайтуға Маншук еңбектей жөнелді. Ол әлі саябырланып бітпеген шаңның түбіне сүңгі бергенде, қармалаған қолына жып-жылы бірдеме былқ ете түсті. Шошып кеткен Маншук, былқылдағанға тиген оң қолын тартып ап, шаңнан жасқанған көзін басқан

сол қолын төмен түсіріп алдына қараса, белуарынан бөлінген адам кеудесінен шұбала шығып жатқан шек-қарын!.. Бөксе жақ жоқ!.. Басына қараса... Терентий...

Өз денесі екіге бөлінгендей, өз шек-қарны ақтарылып, жерге түскендей халге келген Маншук, «Терешка!» деп басын құшақтай ап еді, әлі жылуы кетпегенмен жаны жоқ бас тілге келе ме?!..

Терентийдің... жылдан аса бірге болған жандай жолдас Терентийдің... отан соғысында екі рет награда алған, төрт рет жараланған Терентийдің мынадай қазаға ұшырауы жас жүрегін жидіте елжіреткен Маншук, оның бетіне бетін тақап, дірілдеген дауыспен «Те-рр-р-реш-к-ка-а-а!» деп еңіреп қоя берді.

Осы қалпында ол ұзақ жататын еді, егер сол жақ иығы ара шаққандай ду ете түспесе. «Не болды» деген оймен Маншук оң қолын омырауына тығып суырып алса, саусақтары қып-қызыл қан. «Бұл не?» деп ойлағанша болмай, арқасынан да, жауырынының астынан жып-жылы бірдеме жорғалағанын сезген Маншук, омырауын ашып жіберіп қараса, оқ бұғана мен топшысының аралығынан тиген; арқасына қолын тықса, жауырын астының еті жалбырап тұр; жаралы иығын қозғап көрсе, сүйегі аман сияқты; жау жаққа қараса, жақындап қапты; манағы зор танк жақындағанда тіпті зорайып кетті. Ұсақтары да үлкейіп кеткен сияқтанды. Танктардың да, жаяулардың да оқ шашуы орасан.

Орнынан атып тұрған Маншук, көршілес пулеметтің қасынан бір жәшік оқты арқалай жүгіріп, өз пулеметіне қалай кеп жеткенін білмей қалды.

Пулеметін ұстай алған Маншук нысанаға ең зор танкты мезгей, оқты жаудырып кеп жіберді. Зор танктің шімірікпей шүйгіп келе жатуына хайран қалған ол «тие ме, тимей ме» деп күдіктенді. Тимейді дейін десе, осы пулеметтен көздеп, бұтақта отырған көкекті атып түсіргені бар; тиеді дейін десе, оқ дарымайтыны қалай?!

Сасқан белгісін дене әрекеттерінен сездірген Маншуктің оң жақ құлағына:

— Саспа, қарындас!— деген қазақша сөз сап ете қалды. Ол жалт қараса — кәдімгі Сүлейменов Ыбырайым. Қолында ПТР[1].

---

[1] Противотанковое ружье — танкке қарсы мылтық.

— «Ойһ, аға!» деген Маншуктің көзінен жас ыршып кетті.

— «Жолбарыстан» жүрегің шайлықты ма, қарындас?— деді Ыбырайым.

— «Жолбарыс?..» Қайдағы?..

— Анау ше? Немістердің «тигр» деген танкін білмеймісің?

— Осы ма?!

— Дәл өзі.

«Жолбарысты» Маншуктің естігені болмаса, көргені жоқ еді. Естуінше оның мөлшері біздің «КВ»[1] тәрізді. Мына келе жатқан «дәудің» түрі де «КВ» ға ұқсайды, айырмасы,— бұл «КВ дан сопақтау және тікшілдеу сияқты.

Міне, енді сол «жолбарысты» Маншуктің өзі көруге тура келді.

«Жолбарыс» жақындап қалды. Мұның пулеметтен ағытқан оғын «жолбарыстың» шыбын шаққандай елер түрі жоқ.

Не істерге білмей сасқан Маншуктің жан-жағына алақтаған көзіне оң қанатындағы тасты бетке ұстай, қолындағы ПТР сын «жолбарысқа» безеп тұрған Ыбырайым ұшырай кетті.

— Аға!— деп қалды Маншук ышқынған дауыспен,— ат!

— Нені?— деді Ыбырайым жымия қарап.

—«Неніңіз» қалай?— деді Маншук, бұл жөнсіз жымыюды жек көрген пішінмен — «жолбарысты!»

— Өз аңдарыңды сонарла. Менде жұмысың болмасын.

Танк тіпті таянып қалды. Оның пулеметтерінен бүріккен оқтары, Маншукты тастың ығына еріксіз бұқтырды. Ол бұға беріп Ыбырайымға қараса, манағы қалпында әлі тұр! Шыдамы шыңдалып біткен Маншук тағы да «аға!» дейін деп еді, кескініне көзі түскенде аузын алақанымен баса қойды: жобасы ұқсағаны болмаса, бұл Ыбырайым бұрынғы көріп жүрген Ыбырайымы емес, бұның бұрынғы күлкішіл жұмсақ, майда кескінінің еті кәзір түйір-түйір боп бұлшықтанып, толқынды судың бетіндей қимылдап кеткен; бұрынғы қара сұр келбеті күреңденіп лаулап жанған жалынның түсіне көшкен; бұрынғы шүңіректеу көзі қазір сыртына теуіп, жауға атылатын минадай сүйрие қалған;

[1] «КВ»— «Клим Ворошилов»— танктың аты.

қырыстана тыжырынған бет етімен бірге кейін қарай керілген еріндерінің арасында пулемет лентасындағы оқтай тізілген жалпақ, ұзын, сиректеу ақ тістерінен тасты тасқа үйкегендей шықыр естіледі; түбі батыңқылау, тұмсығы көтеріңкілеу шолақ мұрнының кең танауы, дауылға ұшқан қаршығаның қанатындай желпілдейді; бұрынғыдан әлденеше рет зор сияқтанған денесі қабанға ұмтылғалы жатқан жолбарыстай бүлкің-бүлкің етеді.

Ыбырайымның бұл бейнесіне сүйсініп кеткен Маншуктің бойын бұрын бүре басып тұрған хауіп, енді сергіп кетті.

«Шым болаттан құйылған мылқау «жолбарыс» пен адамның жолбарысы жекпе-жек кездесті,— деп ойлады Маншук,— екеуінің қайсысы алар екен!»

Әжесі айтатын бір ертегіде «жолбарыс пен айдақар арбасып тұр екен, сол жағдайда кез болған бір батыр, арты не болуын күтіп тұрып қапыда жөтеліп қапты, сол дыбыстан сескеніп жолбарыс жалт қарағанда, айдақар оны орап алып сығып тастапты», дейтін кеңес есінде жүретін Маншук, «қапыда кетірермін» деген оймен, Ыбырайымға көз қиығымен ғана қарап, демін де еппен ақырын алды.

«Ерден ердің хаупі бар» дегендей, алдында ажал күткенін сезді ме әлде, деңкиген тасты кедергі көрді ме,— Маншук ықтаған тасқа төрт-бес қана адымдай жер қалғанда, мылқау «жолбарыс» сол жаққа қарай жалт бере бұрылды. Сол секундте Ыбырайымның мылтығынан гүрс ете түскен дауыс естілгенде, «жолбарыстың» арт жағынан жалын аралас қарақошқыл түтін будақтала бұрқ ете қалды. Бұл оның күюі ме, әлде солай түтіндене қалатын бірдемесі бар ма — оншасын Маншук аңдамады.

«Жолбарыстан» будақтала бұрқыраған жалын мен түтіннің арасынан киімдері лаулап жанған фрицтер[1] жанталаса шығып қашқанда:

— Ат!— деген дауыс сап ете қалды Маншуктің құлағына. Әлгі дауыстың екпінімен, қолы пулеметті ұстай алған Маншук, кім екен деп қараса,— Ыбырайым!.. Бұл әлгінде көрген Ыбырайым емес, бұрынғы өзі білетін жайдары кескінді Ыбырайым.

— Ат!— деді тағы да Ыбырайым, дағдылы сыпайы даусымен.

Жалын жамыла «жолбарыстан» қашқан фрицтерді көздей Маншук пулеметтің замогін басып қап еді, денесі

[1] Немістер

дірілдеген пулемет сапылдап сөйлей жөнелді. Оның сөзі «неміс оккупанттарына өлім!». Осы сөзді Маншукке Ыбырайым да айтты. Бірақ Маншук бұл сөздің пулеметтікі, я Ыбырайымдікі екенін ажырата алмады.

Ыбырайымның оғынан ба, басқанікінен бе, «жолбарыстың» үйіріндегі өзге танктер де бұрқырап өртене бастады. Өртенбегендері өрт келе жатқанда ысылдай бытырай қашқан ордалы жыландай жапа-тармағай жалт беріп, қақ жарыла екі бүйірге қарай беттеді. Осы кезде Маншуктің пулеметінен бүркілген оқтан ба, басқа серіктерінің оғынан ба, жаудың шұбырған жаяулары танктерден бөлініп қалды.

КП[1] дан қарағанда да, шабуыл я шегіну кездерінде де Маншук жаудың талай жусап қырылғанын көрген еді, бірақ, нақ осы жолғыдай оталғанын ол көрген емес, сол сияқты, жаудың талай шабуылын көре жүре, нақ осы жолғыдай жосықсыз жапырлап ұмтылғанын да көрген емес. Бұл жолы алдыңғы ұмтылушылары жусап жығылып жатса, артқы жақтан жапа-тармағай жүгірушілер үдеді де отырды.

Жауды қырудың қызығына түсіп оқталған ленталарды шетінен суырып ала берген Маншук, қасына қатар қойған жәшікке қолын сұғып еді, бұдырмақ оқтардың орнынан теп-тегіс тақтай білінді. «Мұнысы қалай!» деген хауыппен, әлі де бетін бұрмай, қолымен жәшіктің ішін шарлай сипап еді, майда тақтайдан басқа түк сезілмеді: жер бауырлап жыбырлай жүгірісіп келе жатқан жаудан көзін бұра алмаған Маншук, жәшікті ернеуінен ұстай алдына көтеріп ап қараса, ішінде дәнеңе жоқ, артына қараса, өрімнің таспаларындай шұбатыла жатқан бос ленталар. Айналасына құлақ түрсе, алыстан естілген тарсылдар болмаса, нақ осы тар қылыда біздің жақтан атылған мылтық даусы естілмейді. Шамасы бұл жарты аралда ол жалғыз қалған сияқты... Жаудың ентелеуі басым, және жау жақ бұйраттан осы биікке төккен ұлылы-кішілі құралдардан жауған жуанды-жіңішкелі оқтардың нөсері әлі толастар емес.

Жұлқына ұмтылып келе жатқан жау мың ба, миллион ба, кім білсін — әйтеуір құжынаған құмырысқадай сансыз бірдеме. Соның бәріне осы маңда төтеп болар жалғыз өзі екенін көрген Маншук, оқ таусылғанда қобалжыған жүрегін тез қалпына түсіріп, дірілдеген денесін тез жинай қой-

[1] Командный пункт — команда беретін орын.

ды. «Бұл арада бүкіл кеңес армиясы өзіммін,— деген такаппарлық ой кеп кетті оған,— егер мен осалдық көрсетіп жеңілсем, армияға сенген ел маған не айтады, мен оларға не айтам?» Бұл сұрау тірі өзімді түгіл, өлі аруағымды да қара жүзді қылмай ма? Қара жүзбен бүгінгі замандастарым түгіл, ертеңгі ұрпаққа, тарихқа не бетіммен қараймын?..»

Мана жер бауырлап жылжыған жау, алдыңғы биіктен бүріккен оқ басылған соң шуласып тұра жүгірісті. Өлмей беріспеуге бекінген, бірақ жаумен жұлқысуға өз маңында оқ жоғын білген Маншук, «ендігі оқ қалса оң жақ қатардағы пулеметтің қасында болар» деген оймен еңбектей жүгірді.

Ол пулемет те Маншуктің пулеметінен он, он бес метрдей жерде еді, екі ара панасыз жазық. Жауған оқтан қорғанған Маншук жан-дәрмен дегенде ұмтылған тасына жете беріп еді, көздеп атты ма, я қаңғырып кеп түсті ме, бір мина аяқ жағынан жарқ етіп кеп түсіп, шатырлай кеп жарылғанда денесі аударылып түсті. Бұрқыраған шаңның арасында ұйпа-тұйпа бола қалған Маншук, мина денесінің қай жерін жараласа да ауыр жаралағанын сезді, өйткені, қай тамыры қырқылса да, жүрегін тартып әкетіп барады...

Сонда да есін танбаған Маншук, жалма-жан тұра берді де, кираң ете құлады. Тағы ұмтылып еді, тағы құлады.

«Апырау, не болған маған!» деген оймен ауырған аяғын ашып көрсе, тізеден төменгі жағы былқылдап бос жатыр... Жиырылған еттен қан сорғалап ағып тұр...

Жүрегі дір ете қалған ол, жау жаққа қараса, жапырлай ұмтылған жау жақындап қапты.

Сасқан Маншук, жарасын байларлықтай ешнәрсе табылмаған соң, белдемшесінің оң жақ етегін дыр еткізіп қақ айырды да, жаралы аяғын шымқай орап, ағытқан қайыс белбеумен тас қып байлады. Содан кейін бір тізе, екі шынтағымен жылжып пулеметке жетсе, айналасында сөреге жайған құрттай қаз-қатар тізбектеле жатқан оқтаулы ленталар.

Маншуктің есінен жаралануы шығып кетіп, жапа-тармағай жақындап қалған жауға пулеметтен оқ шашып қоя берді. Жау шапқан шөптей оталып кеп түсті...

Оқиғаның ендігі егжей-тегжейін кейінгі күндердің сыбағасына сақтап, қайғылы күйдің қайырмасын ғана ойнайық.

Маншуктің өңінде жауды қыруы, біраздан кейін түсі

сияқтанды. Қызу қимылмен қансыраған абайламаған ол, талықсып кетті де, атуын доғарды. Бірақ оның шалажансар денесінің кеудесі пулеметке асыла сүйеніп қалғанмен, замокке жабысқан қолының саусақтары жазылудың орнына, жігерленіп сығымдала түсті. Оның басында қалған батыр ойдың болмашы сарқыны, денесіне «атуды доғардым» деген хабар емес, «үдеттім» деген хабар жеткізді. Шалағайлау түс сияқты ғана ойлауға шамасы келетін оның миында «немісті қыруым үдеді» деген мақтаныш, сау кезінен анағұрлым өсіп кетті.

... Немістің қырылуы Маншуктің есі бар кезінен үдеуі рас еді: оның талықсыған қарсаңына, жүзінші бригаданың кейінгілері де, оларға таяна ұмтылған біздің басқа әскери қосындар да жетіп, жауды жосылта отап, Изочка станциясына қарай тықсырып алып кеткен.

Шабуылмен ілгерілеген үшінші ұрғыш армияның бөлімдерін өкшелей армия қолбасшысы генерал-лейтенант Галицкий де келе жатты, қасында полковник Әбілхайыр Баймулдин.

Жиналмалы көпір арқылы машинамен өткен Галицкий, Заиванье қаласының бүйіріндегі молалы биікке шыға бергенде:

— Кузьма Никитович!— деді Әбілхайыр Галицкийге,— Немістің шабуылға әзірленген барлық күшін біздің екінші батальонның бес сағат бөгеген биігі осы.

— Шығып көрейік!— деді генерал.

Олар биікті деңгейлеп кеп тоқтады. Одан жоғары көтерілуге, жусап жатқан өліктер жол бермеді.

— Былайғы жағына жаяу шығайық, жолдас генерал,— деді Әбілхайыр.

— Өйтуге де болады.

Олар машинадан түсіп, өлік-өліктің арасымен қабақ шыта жүріп келе жатқанда, аржақтан автобустарын шұбатып, санитарлық батальон адамдары да жетті. Олар жаны бар жаралыларды жинай бастады.

— Жолдас генерал!— деді Галицкийге, оның артын ала келе жатқан адъютанты Качергин, кенет дауыстап қап.

— Не айтасыз?— деді генерал бұрылып.

— Ананы қараңыз!

Качергиннің қолымен нұсқаған жағына генерал қаршыға көзін қадай қараса, құндағы тасқа сүйенген пулеметте асылып біреу жатыр.

— Барайық!— деді генерал.

Олар аяқтарын жылдамдау басып, пулеметке асылғанға жетіп келді.

— Қараңыз, тірі ме, өлі ме?— деді генерал.

— Мен қарайын,— деп Әбілхайыр асылған адамды басын көтере берді де, шошығандай қолын тартып ала беріп, тез қайта ұстай алды.

— Кузьма Никитич!— деді ол, асылған адамды тағы көтере беріп,— бұл біздің қыз!..

— Біздің?!..

— Иә біздің!..

Әбілхайыр қыздың денесін жеңіл көтергенмен, пулемет замогіне жабысқан саусағын тез жаза алмады,— қарысып қатып қапты. Маншуктің қарысқан қолын пулемет замогінен әрең босатып алған Әбілхайыр, денесін көтеріп құшағына алғанда, генерал да тани кетіп,—«Маншук Маметова!» деп қалды.

Маншук ышқынды да көзін ашты.

— Тірі!— деді Әбілхайыр қуанып кетіп,— жолдас Качергин жүгір врачқа!..

Качергин жүгіріп кетті.

Әбілхайыр құшағына алып отыра кеткен Маншук, тек, ара-тұра кірпігін ғана қақпаса, Галицкийдің ешбір сұрауына жауап бере алған жоқ. Сөйтіп отырып, олар батыр қыздың жантәслім қылғанын сезбей де қалды...

Маншуктің бүгін қандай ерлік көрсеткенін, генерал Галицкийге, сол араға келе қалған капитан Ушаков баяндап берді. Батыр қыздың ерлік істеріне сүйсінген генерал, жерге жатқызған оның жансыз денесінің қасында қайғылы кескінмен бөркін алып аз тұрды да, Баймулдин мен Ушаковқа:

— Аяныштықаза!— деді бір кезде,— сонымен қатар қуанышты,— отанымыздың тарихына тағы да бір батыр қызының аты алтынмен жазылатын болды. Бұл қызды біз «Совет Одағының батыры» атағына ұсынамыз.

— Олай ұсынарлық еңбегі бар!— десті Баймулдин мен Ушаков.

— Бұл біздің батыр қыз!— деді Галицкий!..

Апрель, 1944 ж.

БАЛАЛАР

(Индия жазушысы — Навтежден аударылды.)

Ән жаңа ғана айтылып, оның қызғылықты әуені біткенмен түнгі гүлдің иісіндей бөлменің ішін лық толтырып тұрды. Біз бәріміз де аса зор көңілденген сезіммен Индраға қарай қалдық... Бұ не үн!..

Кенет кішкене қоңыраулардың сылдырына ұқсаған баяу күлкі естілді. Индра көрші бөлмеге сығалады да:

— Менің ең жақсы сүйетін әнім,—«Доллей» деді.

Содан кейін Индра баласын алып келді де, айналып-толғанып:

— Джика, әнім менің, қуыршағым менің!— деді.

— Мұның тамаша ән екені рас,— деді профессор Лолл баланы Индраның қолынан алып. Ол аз кідірді де,— балалық бақытыңды сақтаушы тәңірім болсын!— деді балаға.

Одан кейін мәдениетке байланысты мәселелер сөз болып кетті. Профессор, офицер және Пысық үшеуі, бұл жөнінде оқу кітаптарынан, көргендерін өз пікірлері ғып айта бастады.

— Құлшылық үйінің маңайында ойнаған балаларға сүйсінгенде,— деді Пысық Индраға,— тәңірінің өзі де пенделерін ұмытып кеткен. Сіздің балаңыз да солардың арасында болған ғой деймін.

Дәл сол кезде бөлмеге жаңағы әдемі баланы күтуге алған Айя келіп те кірді.

— Бәйбіше,— деді ол Индраға,— балаға тамақ беретін уақыт болды.

Бәрі де күтуші қызға қарай қалыпты. Оның жасы 14 шамасында. Бірақ, ол әлі жас шыбықтай нәзік екен. Оның қап-қара нәзік қолының сәулесі баланың жаялығына да түсіп қоңырландырып тұрғандай. Ересекке ұқсаған оның кескіні толықша сегіз айлық баланың да бетінен кішірек. Ол баланы Индраның қолынан алды да, шығып кетті.

— Әлгі сұмпайыны мұнда неге кіргіздің?— деді Пысық Индраға көтеріңкі дауыспен.

Бұл сөзге профессор да қосарланып:

— Өскен ортаның балаға әсері бар, әлгі қыздың қара өңі балаңызға жұғып жүрмесін,— деді.

Маған бұл сықақ сөздер Айяға шымылдықтан естіліп тұрған сияқтанды.

— Тәңірі құлшылық үйінің маңайында ойнаған бұл қыз сияқты балаларға сүйсіне қарамауына менің сенімім зор,— деді профессор.

Әннің бойды билеген әсері сол кезде тарап жүре берді. Бұл бөлмеде тынысым тарылып кетті. Болмашы бірдемені сылтауратып, мен кешірім өтіндім де шығып кеттім. Неге екенін қайдан білейін, күтуші кішкене қыздың елесі көз алдымнан кетпей-ақ қойды. Оның ғана елесі емес, өзге сансыз балалардың елестері ше. Олардың дауыстары қоңыраудай сылдырламайды. Мысалы, мынау Престо әкесі оны бір офицердің үйіне күтушілікке жалдады.

— Сардар Жи,— деді ол офицерге,— бұл қызымды ал да жұмысқа қос, сенің сарқытыңды жеп тамағын асырасын.

Жалданып алған ақысына үй-ішін қашаннан бері асырап келе жатқаны Престоның есінде жоқ.

Оның хозяині мен хозяйкасы жақсы кісілер болып шықты. Қыздың өтініші бойынша, ай сайынғы еңбекақысын әке-шешесіне олар жіберіп тұрды. Офицердің қызметі жиі ауыса берді. Ол Амирицаро, Мадрас, Бомбей, Сринагар сияқты қалалардың бірінен соң біріне көшті. Жолаушымен бірге қыз да көшті. Қай қалада не көргені қыздың есінде аздап сақталғанмен, өз туған қыстағынан есінде ештеңе де жоқ. Тек бөгесін сумен, оның жиегіндегі мыжырайған үйшіктің бейнесі ғана күңгірт бұлдырайды. Одан басқа түгін де білмейді. Өз қуыршақтары мен өзге балалардың қуыршақтарын құда түсіріп ойнағаны да, өзінің де келіншек болып түсіп ойнағаны да, тығылымбақ ойнағаны да, балшықтан илеп жасаған ойыншықтары да, өлеңді жатқа айтулары да оның есінен шыққан.

Тіпті ол шешесінің қандай екенін де еркін есіне түсіре алмайды. Оның есінде шешесінің басынан өткен бір оқиға ғана айқын сақталды.

Бірнеше күннен бері әкесі ауырып жатты. Бір күні шешесі сүт пісіргенде Престо бір жұтым сүт сұрады. Шешесі оған:

— Қыз ешуақытта сүт ішпейді, егер ішсе, іші кеуіп өледі,— деді. Содан бері ол сүт ішкен емес, ішейін десе

қорқады. Жыл тәулігінде кездесетін бірер мейрамда хозяйка сүт берсе ол ішпейді. Сонда ол, сүттен өлмейтінін де біледі, өйткені, оның қолынан сүт ішкен балалар өліп жатқан жоқ. Сүт ішпеу оның дағдысына айналған.

Бір сәтте хозяині ол туған қыстаққа жақын кеп тұрды. Престонның қуанышы шектен шықты. Хозяйка оған ескі көйлек-көншек, сынған ойыншық, тозған лента сияқты көр-жерді беретін еді. Оның бәрін Престо бір жәшікке сала берді, сондағы ойы — кішкене інілері мен сіңлілеріне сыйлау. Мұндай ойыншықтарды көзі көрген емес. Өз қыстағына бару мақсатымен қымбатты сыйларын құшақтап машинаға мінгенде ол өзін бақыттымын деп санады, оған қанағаттанғандай сезім пайда болды. Қыстаққа жақындаса, бөгеген судың орнында құрғақ тақыр жатыр, үйшіктің орны да жоқ. Енді оған жол сілтейтін не!— оның жеңіл қанаты қорғасындай салмақтанып жүре берді. Үйін, туған үйін ол көзіне жырларда мақтайтын Балкха мен Бұхараның ғажап сарайлары сияқты елестететін еді. Ондай үйді Престо туған қыстағынан таба алмады. «Үйім қайда менің? Мен Харнамоның қызымын» деген оны, қыстақтың қыздары ду күле мазақтады. Престо үйіне апаратын жолды таба алмады...

Башира ше? Ол менің мектептес досым. Әнді ол көп білетін. Кейде мектепке әлдеқалай офицер келе қалса, учитель оқытушы Баширағa «менің айтар зікірім біреу ғана». Немесе, сол сияқты, тәңіріні, не бай мен бекті мақтаған әндерді айтқызатын.

Башира бір күні мектепке келмей қалды. Келер күні де, одан кейін де Башира көрінбеді. Оны көрмесем жабырқай беретін болған соң, мен қыстағына іздеп бардым. Ол далада кодастың сиырын бағып жүр екен.

— Мектепке неге келмейсің?— дедім мен оған.

— Біз кодас сатып алдық,— деді ол көңілсіз кескінмен.

Мен оған хайран қалдым. Менің ұғымымда, әкесі сатып алған кодас оған сүт ішкізіп рахаттандырады екен десем, мектептен айыруға себеп бопты.

Әкесі кодас сиыр сатып алғанмен, сүті жалға алған пәтерінің төлеуіне кетсе керек. Мен оған әдемі доп сыйладым. Бірақ, сол допты ойнайтын уақыт сыйлай алған жоқпын.

Анау жүрген Калу ше... 16 жастағы ол кампит пен картопты ерігіп сатпайды, соқыр шешесі мен кішкене іні-

лерін асырау үшін сатады. Шешесі оны дүниедегі жарық сәулем деп атаса, былайғы жұрт күңгірт Калу деп мазақтайды.

Қалу корзинкасын көтеріп біздің мектептің маңайында жүреді. Үзіліс уақытында одан кампит сатып ап, балалар шуласа ойнаса, ойынға сондай уақыты болуын Калу арман етеді.

Калудың құмарын қандырып, бір түн ұйқтамауына ғасырға жақын уақыт өткен сияқты. Сататын кампитын даярлау үшін, соқыр шешесі мен ол күн сайын таң сәріден тұрады. Одан кейін сатуға шығады. Күні бойы сатқаны ертеңгі азығына әрең жетеді. Балалардың шырқаған әнін естігенде ол мұңайып «мен, тегі өмірімде ән салып көрдім бе екен?— деп ойлайды. Оның айтар әні — біркелкі көңілсіз дауыспен таңертеңнен кешке шейін сататын бұйымының атын айқайлау...

Одан кампит сатып алатын балалар есеп, тарих география сабақтарын айтса, Қалуғаға олар сыр жұмбақ ертегі сияқты естіледі...

Мен Делидің орталық көшесінде жазы-қысы саудамен жүретін қызды да әлденеше рет көрдім. Оның бетіне аштықтың таңбасы басылған. Газет сататын бұл қыз, газет оқи алмайды, оның әріптерін білмейді. Ғылымның сәулесі оның ақылына түскен емес. Әнге де ол құмартқан емес. Газет сатып айғайлаудан оның даусы мезгіліне жетпей қарлығып, тұрпайыланып болған. Оның бетінде балалықтың түк ізі қалмағанмен, кескін-кейпі сәбилік қалпында. Кім біледі, ол ешуақытта да бойжеткен қыздың қалпына келмес!..

Бихарадан шыққан тағы бір бала болды, аты Раму, Калькутта бақшасының ішінде бір күні менің бәтенкемді тазалады. Әр паркте сол сияқты балалар қаптап жүреді. Кәсіптері — бәтенке тазалау. Олардың қолына ойыншық түспейді, олар ойнамайды, гүл шешектей құлпырмайды... Олардың алдынан көп кісі өтеді, бірақ, олар өткінші адамдардың тізесінен жоғарғы жағына қарамайды...

Етік майын сынған шеткеге жұқтырып алып, қимылға кіріскен Рамудың қозғалысынан мен капиталистік зор қаланың асыққан ырғағын көрем. Сонымен қатар бұл қимылда дене өнершілерінің қозғалысы бар. Соған қарасаң адам өмірінің рахаты, искусство, дене өнері, билеу, шегемен шұрқ-шұрқ тесіліп, заңның жібімен батеңкеге қосақталған сияқты. Мен өмірімде талай балаларға кездес-

тім. Солардың бірі велосипедпен жүк тасушы еді. Оны мен Луканов көшесінің бірінде, іңірде кездестірдім. Аяғы педальды басуға жетпеген ол, велосипедін жүргізу үшін, оңы мен солына кезек ырғалып, ауытқыды да отырды.

— Есек пен адамға осындай жеңіл жүкті тасыту заңын кім шығарды екен?— деді ол кейіп,— кім шығарса да, ол бұзық адам.

Мұндай балалар қараңғы, дымқос күркелерде тұрып, құстың қанатын шөп жасайды, резинкеден түймелер мен ойыншықтар жасайды. Типографияларда әріп теріп, бетіқолы бояу болып жүреді. Велосипедпен жеңіл жүк тасиды, газет сатады, бала күтуге жалданады... Мұның бәрі аяныштыбалалық. Оларды мен өмірімде көп кездестірдім.

Балалардың ішінен бір баланың бейнесі әлі күнге дейін көз алдымда. Ол әрқашан да көз алдымнан кетпейді. Міне, ол қазір де қарсы алдымда елестеп тұр. Одан мен қорқам. Онымен кездескенімді ешкім көрмесе екен деп тілеймін. Мұндай семіз маған сол баламен Калькуттада кездескенде пайда болған еді.

— Тақсыр!— деп дыбыс берді ол маған.

Мен жалт қарадым да, шашын майдалай тараған ұл баланы көрдім.

— Тақсыр!— деді ол,— сізге рахат минуттары керек емес пе?.. Мен тамаша қызға татимын...

Балаға қайран қалдым. Оның бойы, менің кіші інімдей ғана екен. Ол мына қылығымен шешесінің, я апаларының бетіне қалай қарайды?.. Әйел мен еркектің арасындағы махаббатты ол ешуақытта ұға алар ма?.. Сүйікті қыздың көзінен көгілдір аспанын таба алар ма? Ерлі-зайыптылардың ұясындағы рахатты сезе алар ма? Сүйіскендердің ернінде мәңгі сақталатын ләззатті түсінер ме? Өз өмірінен әйелді мадақтайтын ән табар ма?

Баланың айтуынша, әкесі соңғы империалистік соғыста бомба түсіп өлген. Кәрі шешесі мен кішкене інісін асырау ауыртпалығы оның мойнында қалған.

— Тақсыр!— деді ол,— ұрлық қылсаң абақтыға түсесін. Мынау кәсіп одан жеңіл. Мұнда тек полициядан ғана таяқ жейсің. Шешем мұнымды білмейді, дос баланың үйінде отыр деп жориды.

Қылығына ұялған оның менің кіші іниме ұқсайтын кескіні қып-қызыл болып кетті. Ол үлкен кісідей ұялды...

— Інімді мектепке бердім,— деді ол,— оған адал қызмет тауып бергім келеді. Сізге тігіншілік кәсібі ұнай ма?..

Содан кейін ол жүріп кетті. Алыста оған ағылшынның су әскерлері көрінді. Неонгазының қалада жанған шамдары қыпылықтай бастады...

Кеше Чаучоуринхидің тапталмаған алаңында зор митинг өтті. Бір жұмысшы, «мынау оттың ішінде жұмысшының қаны қайнап жатыр» деді. Жиналған жүз мыңдай адам, Неоннан жасалған рекламаға қарай қалысты. Темірді тартатын магнитке ұқсап, бұл рекламалар олардың еңбектеніп тапқан тиындарын жұтатын еді. Бүгін бұл отқа олар басқа көзбен қарады, басқа жүрекпен толғанды. Оларға правосы үшін күресуді өмірдің өзі үйреткен сияқтанды. Мыңдаған көздер бүгін қажымас кектің ұшқынын шашты. Ол Индияның көзі еді. Оның көзіне қосылып, дүние жүзінің миллиондаған көздері ұшқынданды. Ол ұшқындарға жаңа өмірдің тәтті қиялдары бейнесін түсірді.

Қызметші кішкентай кескінді қара қыз, мұнда кел сен! Сүт ішпеген, туған үйіңді таба алмаған Престо, мұнда кел!.. Менің мектептес досым Башира, мұнда кел!.. Сенің жүрегіңнің жасырын түкпірінде жарқын қиял бар, барына мен сенем. Соқыр шешеңнің жарық сәулесі Калу, сен де кел мұнда!.. Газет сатқанмен, аштықтың құшағынан шықпаған кішкене қыз, сен де кел!.. Өмірің искусстводан, дене өнерінен, биден айырып, батеңке жұлығына үңілдірген Раму сен де кел!..— Арын Бенгали Пенжаба, Европа қыздарының орнына сатып жүрген аты мәлімсіз бала, сен де кел. Сенің жүрегің адал кәсіпті тілейтінін мен жақсы ұғам...

Кім де кім бақытын қиялдың қанаты астында жасап жатқандарға қосылам десе, мұнда келсін!.. Барлық көздердің ұшқыны бір ұшқынға қосылсын! Барлық қиял тұтассын. Өзіміздің берік мекенімізді жасайық. Жанымыз жайланып, рахаттансын. Өмірімізді ойдағыдай құрайық. Жұрттың бәрі түрлі түсті топпен ойнай алатын болсын. Бәрі сүт ішетін болсын. Жұрттың бәрі тарихтың, географияның, физиканың, математиканың ертегідей өлкелерінде саяхаттайтын болсын. Жұрттың бәрі өз сүйіктісінің көзінен көркем аспанның көгілдір түсін көретін болсын.

Ноябрь, 1953 ж.

АСПАЗ

1

Таң қараңғысынан тұру Дәметкеннің өмірлік дағдысына айналған еді. Келін кезінен «қазаншы қатын» аталған ол, биыл елу төрт жаста. Осы жиырма тоғыз жылдың ішінде, қандай, жағдайда жүрсе де, оның атқарғаны бір ғана аспаздық қызмет. Оны таң қараңғысынан тұруға үйреткен кәсіп осы.

Бүгін де ол дағдылы кезінде оянса, бір ғана бөлмелі ағаш үйінің іші әлденеге сәулеленіп тұр. «Бұ не?!» деген ой келді Дәметкенге. «Ай сәулесі» дер еді,— ескі ай таусылып, жаңа ай өткен кештің ішінде ғана туған да, сирек қара бұлттың арасына сұңғіп жоғалған. «Таң атты ма» дер еді, жиырма тоғыз жылға созылған аспаздық өмірінде, бір күн де таңды атырып тұрмаған оны, бүгін таңды атырып тұратын,— не қара басыпты?!..

Тағы да бір таңқаларлық жағдай боп тұр оған: найзағайы жарқылдай, жер-көкті сілкіндіре күркірейтін күнге де мыңқ етпейтін мынау ағаш үй, безгек болған адамдай, әлденеге дірілдеп барады. «Жер қозғалды ма» дейін десе, Солтүстік Қазақстан өлкесіне жататын бұл маңда, ондай оқиға болғанын ешкім естіген емес. «Енді не болды?!»

Осы оймен, үйдің салқындығынан ба, әлде белгісіз бір хауіпті күткендіктен бе,— денесі дірілдеңкіреген Дәметкен, киінбестен терезеден қарауға төсегінен тұра бергенде:

— Дәметкен!— деген дауыс шалынды құлағына. Күтпеген дауыстан денесі селт ете қалған ол, кім екенін біле қойды,— бөлменің екінші бұрышында, жылы пештің қасына тақтайдан жасаған төсегінде жатқан әкесі — Самалық.

— Бұ не, үйдің дірілдеп бара жатқаны?!— деді әкесі.

Дәметкеннің есіне түсе кетті: тың көтеруге келе жатқан көп трактор, жуық арада осы тұстан өтетінін, өл әуеле немересі — Күнжаннан, одан кейін МТС директоры Ержанов Байназардан естіген. Сол адамдармен механизмді

қарсы алатын адамдардың тобында Күнжан да аттанып кеткен.

Осы жайды білетін Дәметкен, жер-көкті тітіреткен гүрілдің не екенін әкесіне қысқаша түсіндірді де, өзі қызметіне баруға киіне бастады. Оның қызметі — осы ауылдағы МТС-тың тракторлар ремонтын жасаушыларға ас пісіру.

— Иә, қайда барасын?— деді Самалық қызына.

— Жұмысыма.

— Қоя тұр оны!— деді Самалық бұйырған дауыспен.— Киіндір мені, далаға шығам. Керемет көрем!

Әкесінің соңғы сөзі Дәметкенге ұғымды да: олардың туған жері қазір колхоз боп отырған мекеннен алыста. Ұзын тұрқы үш жүз километрдей, көлденеңі екі жүз километрдей ол жерге, бұдан жиырма бес жыл бұрын, жаз айларында жүздеген көшпелі ауылдар барып қонатын. Қара қыртысы метрден артық құнарлы жайлауға белуардан шалғын шығатын. Кең жайлаудың тұла бойы тұнған, суы тұщы көлдер болатын. Соншалық құнарлы жерді жайлаған малдарға, малшылардың тілімен айтқанда,—«қарыстан артық қазы, сүйемнен артық сүбе» бітетін. Жазық, кең жайлаудың тек қана айыбы — ағашы болмайтын. Кейін ауыл шаруашылығы колхозданған кезде, көшпелі ауылдар орманды өлкелерден жеткілікті жер алып, кең жайлау бос қалған. Жүзден асқан жасының сексен шақты жылын жайлауда өткізген Самалық, туған-өскен жеріне сағынышын айтып, «со жерге де ел орнап, қызығын көрер ме екен?!» деген...

«Жуық арада жайлауға совхоз орнайды, оның тыңы түгел көтеріліп, тұтасымен егін себіледі» дегелі, Самалық қуанышта. Оның жатса да, тұрса да, «керемет» дей беретіні сондықтан. Енді, Дәметкен, сол кереметтің алды көріне бастағанын айтқан соң, жұртпен бірге қарттың да қарсы алғысы келді. Киінем деуі содан.

Әкесінің осы жайын ұққан Дәметкен, бір-ақ нәрседен қысылды: МТС-тың асханасында жиырма жылдан бері қызмет атқарып келе жатқан ол, әлдеқалай ауырып қалған күндерінде болмаса, не сәскелік, не түстік, не кештік астың біреуін де мезгілінен кешіктіріп даярлаған емес. Қазір әкесін киіндірсе, қызметінен кешігеді.

Осы оймен ол әкесінен рұқсат алмақ еді.

— Бар, жүре бер, өзім де киінем!— деп ақырып қалды.

Айтқанын істемей қоймайтын шалдың тысқа шығуға

бекінгенін ұққан Дәметкен, «өзі киінсе жазым болар» деген хауіппен:

— Жарайды, киіндірейін,— деді.

Ол екеуі киініп тысқа шыққа, желі тымық далада қапалақтап қою қар жауып тұр. Тұтасқан үні жер-көкті тітіреткен тракторлар тізбегінің алды ауылға кіре бастапты, арты, алыстағы фарлардың жарығына қарағанда, бұдан он бес, жиырма километр жердегі «Путь Ильичаның» маңында сияқты...

— Ойпырм-ой, құдай-ай, не деген көп трактор еді бұл!— деді, жасаураған көзіне көп фардың жарығы шағылысып, моторлардың тұтасқан гүрілі құлағын тұндырғанда.— Ұшы-қиырсыз көп!..

Бұл кезде көшеге әке мен қызы ғана емес, ауылдың бар адамы тегіс шыққан еді. Сапырыла жүріп, шулай кеңескен олардың арасында қасынан өте берген Ержановты Дәметкен бөгеп, қысқа амандықтан кейін, жұмысынан кешігуіне кешірім сұрайын деп еді:

— Оқасы жоқ,— деді Ержанов.— Барлық жұмысшы осы маңда жүр.

— Оларда да трактор таңсық па?

— Трактордың оларға өзі емес, саны таңсық. Біздің жайлаудың бір өзінде, жаңадан жиырма совхоз ұйымдасқан екен. Солардың әрқайсысына орта есеппен елу трактор келгенде,— бір мың трактор ғой ол!

— Ойпыр-ой, не деген көп еді!..— деді Дәметкен.

2

Дәметкеннің үйіне беттеген тракторлар тіпті тақалып қалды. Артқы тракторлардың жарығынан, жұрт енді ғана шамалады: әр трактордың артында, кіші-гірім үйдей боп, ұбақ-шұбақ сүйретілген бірдемелер келеді.

— Шана!— деді біреу.

— Қайдағы шана?— деді екінші,— үлкендігі үйдей ғой мұның!..

Өзге сөзге уақыт болмай қалды: тақалып кеп тоқтаған бірінші трактор «С—80» екен. Оның үстіңгі күймесінен әлдекімдер түсе бастады.

Дәметкеннің жүрегі бұл кезде ерекше тулап кетті, өйткені, оның ойынша, осы тоқтаған трактора немересі Күнжан болуға тиісті...

Бұл есім Дәметкеннің әрдайым жан жүрегін жарып шығатын сөз болушы еді. Өйтпегенде ше!..

Ол Есентай атты кедей жігітпен сүйісіп қосылған еді. Бұл — олардың туған өлкесінде, совет өкіметі орнап жатқан шақ еді. Келер жылы олардан ұл туғанда, жарқын өмір басталған кезде туған нәрестенің атын Жарқын қойды.

Жарқыннан кейін Дәметкен бес құрсақ көтерді де, үшеуі өліп, алғашқы екеуі ғана тірі қалды. Бірақ, бұл ұлдардың қызығын, әкесі — Есентай көрген жоқ. Ауылдық советтің председателі боп қызмет атқарып жүрген оны, ауыл шаруашылығы колхоздана бастаған кезде, байлардан құралған бандылар өлтіріп кетті.

Табысы өзіне мол жететін Дәметкен балаларына жетімдік көрсеткен жоқ. Аз жылда Жарқыны ержетіп, әуеле жеті жылдық мектепті, одан кейін жақын қалалардың біріндегі ауыл шаруашылық техникумын бітірді де, туған ауданына келіп, участкелік агроном болды. Сөйтіп жүріп үйленді.

Жарқынның әйелі, баладан қайтыс болды. Дүниеға шырылдап шыға жетім қалған немересін Дәметкен бауырына салды да, күндей сәулесі көріп, атын Күнжан қойды.

Күнжан бес жасқа шыққанда ұлы Отан соғысы басталып кетті. Соғыстың алғашқы күндерінде Дәметкен екі ұлын бірдей майданға аттандырып еді, екеуі де үйіне оралған жоқ...

Егер қолында кішкентай Күнжан болмаса, осынша қайғыны қалай көтерерін Дәметкен білмеген болар еді... Арманда өлген сүйікті ері, арманда өлген сүйікті балалары есіне түскен шақта, қабырғасы қайыса қайғыратын Дәметкеннің көзіне күндей нұрланып өсіп келе жатқан Күнжаны түссе, көңіліндегі ойлардың бәрі жойыла ғап, тұла бойы түгелімен жарқырап кететін еді...

Әжесінің көңілін осылайша аулап жүріп, Күнжан ержетіп те қалды. Жеті жасынан сабаққа барған ол, он үш жасында ауылындағы жеті жылдық мектепті бітірді де, әкесінің жолын қуам деп, сол оқыған техникумға кетті.

Өткен жаз техникумды бітіріп ауданына келген Күнжанды, Ержанов арқылы Дәметкен МТС қызметіне алдырған еді. Сол қызметті жаңа ғана бастап жүргенде, партияның тың көтеру туралы қаулысы жарияланды.

Қаулыға бұл колхоздың жастарынан бірінші боп Күнжан үн қосты. Ол колхоздық комсомол комитетінің секретары еді. Комитеттің жиналысында Күнжан өзге жастарды

да тыңға баруға шақырды. Оннан астам комсомол сол арада ризашылық білдірді де, тағы он шақты адам жиналыстан кейін, туыстарына ақылдасып ап ризашылық берді.

Күнжан әжесіне ақылдасқан жоқ. Егер ақылдасса, оның ризашылық бермеуіне үш себеп бары Күнжанға мәлім: бірінші себеп —«бүгін бе, ертең бе» деп өлмелі әкесі отыр, оны тыңға ала кетуге болмайды, тастап кетуге және болмайды; екінші себеп — МТС-та үйренген және жақсы көріп алған қызметін тастағысы келмейді, егер тастағысы келсе, МТС-тің жібермеуі де мүмкін, өйткені, ол, МТС-қа қызметі жаққандықтан, жыл сайын сыйлық алып, құрмет тақтасынан түспейтін қадырлы адамның бірі; үшінші себеп — егер өзі МТС қызметінен кетпесе, немересінің кетуіне ешуақытта ризашылық бермейді.

Күнжан әжесін қулықпен көндірмек боп, колхоздың комсомолдары тыңға барғалы жатқанын баяндап алды да, өз жайында:

— Комсомол комитеті таңдауды маған береді: «не, тәртіпке көніп, тыңға бар» дейді, «немесе, тәртіпке көнбеймін деген сөзіңді айт» дейді. Бұған не деймін?— деп ақылдасқан болды.

— Көнбесе не істейді?— деп сұрады Дәметкен,

— Комсомолдан шығарады да!— деп Күнжан күрсінген болды.

— Көтек,— не дейді?!— деп сасып қалған Дәметкен есін тез жинады да,— жоқ, өйтпес, комитетің. Егер өйтем десе, өзім барып сөйлесермін,— деді де қойды.

Күнжан әжесін қалай көндірудің жолын таба алмай жүргенде, тыңға келушілерді қарсы алатын комиссияға мүше боп, темір жол станциясына аттанып кетті.

Ауылына беттеп келе жатқан тракторларды көргенде, біреуінде Күнжан отыр деп жорыған Дәметкеннің жүрегі кеудесіне симастай қуанды.

Оның жорамалы тура шықты: трактордан түсе қалған екі-үш кісінің ішіндегі қысқа тонды, түлкі құлақшынды, белін сыптығырдай тас қып байлап алған ықшам денелі, жылдам кимылды біреуі Күнжан екенін Дәметкен айтпай-ақ таныды. Дәметкенді көрмегендей, ол трактордан түсе, тіркелген күймеге қарай жөнеле беріп еді:

— Күнім!— деп қалды Дәметкен.

Күнжан ол дауысты естімегендей, жүгіре басып күймеге барды да, есігін ашты. Оның ішінен әлсіз жарық жыл-

тырады, күбірлеген адам үндері және жылаған бірнеше кішкене баланың даусы шықты.

— Қалай келесіздер?— деген даусы естілді Күнжанның.

— Жақсы,— деді, бірнеше әйел мен еркектің даусы тұтаса.

Қазір, жолдастар!— деп күйменің есігін тарс жапқан Күнжан бері қарай беттей беріп еді, қарсы келген Дәметкен,—«Күнім!» деп құшақтай ап, қардың ұшқындары жабысқан сұп-суық бетінен өбе сүйіп-сүйіп алды. Әжесі құшағын жазғанда:

— Тез шам жағайық, үйге түсетін кісілер бар...— деп, Күнжан үйге кірді де, электр шамының включателін тез бұрап қалды. Үй іші жарқырап кетті.

— Дәдем қайда?— деді Күнжан, соңынан ере кірген әжесіне, Самалық қарттың төсегіне тез қарап ап.

Сендерді қарсы алам деп далада отыр,— деді Дәметкен.

Тысқа шығып, бабасын бетінен сүйген Күнжан күймеге қарай жүгіріп кетті. Дәметкен әкесінің қасына кеп, үйге кіргізбек болып еді:

— Қонақтарыңды түсіріс!— деді ол.

— Тоңған жоқпысын?— деді Дәметкен.

— Жоқ!— деді қарт нық дауыспен. Енді өлсем де арманым жоқ!..

Қарт көп кешікпей қайтыс болды. Сол күні күнгей жақтан тұрған бір жылы самал, қарды күрт ерітіп, қартты жерлеуге барған жұрт, белуардан суға малшынып келді.

Күнжан бұл кезде үйде жоқ еді. Ол «Коммунизм сәулесі» аталған жаңа совхоздың мекенін белгілейтін комиссиямен жайлауға, «ДТ—50» тракторына тіркелген күймелі шанамен кеткен.

Қарт жерленген күннің ертеңінде Күнжан келіп қалды. Әкесінің жасы жетіп өлгенмен, бұл қазаны ауырлап жүрген Дәметкен даусын шығара жылап, әкесін біраз жоқтап алды да, мауқын басқаннан кейін, Күнжанның тыңға баруына, оған қоса өзінің де тыңға баруына көнгендігін айтты.

Оның бұлай көнуіне екі себеп болған еді: Бірінші себеп — ауылына келіп жатқан қонақтар, Коммунизм сәулесі» аталған жаңа совхоздың әзірге өз үйі болмағандықтан, оған туысқан республикадан келген адамдар, көктем туып, күн жылынғанша осы колхоздағы үйлерге орналас-

қан. Келген адамдар мен тұрғын адамдар жата-жастана танысса, әлдеқайдағы алыстан келген, әлденеше ұлттың өкілдері бар, біразы қыс іші демей жас балаларымен көшіп келген. Бірақ солардың ішінде, жол азабына ренжитін біреуі жоқ.

Дәметкеннің өз үйіне орналасқан бір семьяда шал, кемпірі бар, үйленген бес ұлы, ерге шыққан екі қызы бар, олардан туған балалар бар, барлығы он жеті адам боп шықты, солар да қыс ішінде түгел көшіп келген. Ал, бұрынғы тұрмыс жайын сұраса, Москва маңындағы бір ірі совхоздың жұмысшылары екен, әрі, бәрі де алдыңғы қатардағы стахановшылар екен. Дәметкен олардан «сонша рахат тұрмысты тастап неге келдіңдер?» десе, «тың көтеру туралы отан шақырған ұранға үн қостық!» дейді. «Сонша алыстан бұлар үн қосқанда, тыңның ортасында отырып мен неге үн қоспаймын?» деген ойға келеді Дәметкен.

Оның тыңға баруына бір себеп осы болса, екінші себеп — ауылға уақытша орналасқан тыңға барушылар тамақты МТС-тың асханасынан ішті. Көп жылдық тәжрибесі бар Дәметкен, астың қай түрін болса да өте дәмді пісіретін, сондықтан оны, осы асханадан азықтанатын адамдар аса құрметтеп, атын қазақтар «Дәме апай», орыстар «тетя Дуся» қойып алған. Үйренісіп алғаннан кейін, тыңға келушілер Дәметкенге «сізді ала кетеміз» деген сөз шығарды.

Дәметкен МТС-тың директорына және жұмысшыларға ақылдасып еді:

— Барыңыз!— десті олар,— Бұл сөзді, сізге біз құтыла алмағандықтан емес, қымбат көргендіктен айтамыз, өзге коллективтер де тыңға сіз сияқты қымбат адамдарын жіберіп жатыр, біздің де қымбатымызды жібергіміз келеді.

Кешікпей, тыңға аттанатын кексе аспаздың көп жылдық жақсы еңбегіне МТС ұзақ мінездеме жазып, жергілікті комитеттің жиналысында бірауыздан бекітіп берді.

3

Совхоз адамдары «Алға бас» колхозынан тыңға көшерде, шатырды қайда тігу сөз болған еді.

— Әрине, Жалтырша көлінің жағасына тігеміз,— деген еді жер жайын көріп қайтқан совхоз директоры Меликян.

— Онда,— деген еді Дәметкен,— шатыр менің туған

жеріме тігілсін. Қазіргідей ылайсаң кезде, Жалтыршаның жағасында одан қолайлы жер жоқ.

— Хұп болады,— деді Меликян,— Бірақ, туған жеріңізді таба аласыз ғой?

— Көзімді жұмып отырып...

— Таба аласыз ба, әже?— деп сұрады Күнжан.

— Көзімді жұмып отырып...

Соңғы жиырма бес, отыз жылдың ішінде жайлауға ешкім бармағандықтан, бұрынғы көш жолдардың бәрі тозып, кейде білінер, кейде білінбес торабы ғана қалған еді. Биыл жайлауға барған совхоз адамдары, жерді мөлшерлеу мақсатымен жайлауға тура тартпай, тыңға айқыш-ұйқыш жол сала, қиғаштай жүрген. Дәметкен ол жолдардың біреуін де білмейді.

Жол жайы осылай болғанмен, шофердің қасына отырған Дәметкен, колхоздан шыға, «шырағым, олай жүр,... былай жүр!» деп нұсқай отыра, бұрын жайлауға көшетін жолдың жобасынан аумай, нысаналы орынға тура әкеп түсірді. Ерген-жұрт, оның мұншама жершілдігіне хайран қалысты. Бұл араны Дәметкеннің ұмытарлық та реті жоқ еді: әкесінің айтуынша, балалары өліп-өліп, өлім сарқытындай боп Дәметкен туған соң, ол жалғыз тайын сойып той жасайды да, етін асуға, үш таған ғып жерошақ қазады.

Осы жерошақ, Жалтырша басынан Дәметкеннің ауылы соңғы рет көшкенге дейін қаз-қалпында сақталып келді. Тіпті бертінде, реті кеп, Дәметкен Жалтыршаға барып қайтса, жерошақ та, кигіз үйінің іргесін көмген шымның сақинасы да со қалпында жатыр екен.

Осы араны ойлаған сайын оның есіне бейғам балалық шағы, қыз боп бой түзеген шағы, со кездегі тату-тәтті достары, әке-шешесі, ержетіп тұрмысқа шығуы, сүйген жарымен сыйласып өткен шаттық күндері, балалы-шағалы болуы, оларға деген аналық махаббаты түседі...

Дәметкен туған жерін дәл тапты да, қадалары қағылған алғашқы шатырларды, аса зор қуанышпен тігісті. Әжесіне қосыла қуанғанмен, осы совхозға агроном боп орналасқан Күнжанның көңіліне бір хауіп туды. Дәметкенде «белімнің құяңы» деп атайтын сырқат болатын,— егер денесі салқынға тисе, шойырылып жатып қалатын. Кейде тіпті қатты шойырылып, қимылдауға мұрша бермей, құлындақұлыны шығатын...

Қар кетіп болғанмен, жер әлі ылайсаң. Қада қағып көрсе, беті іріп жатқанмен, жердің астыңғы тоңы әлі еркін жі-

біген жоқ. Теріскейден ескен желдің салқындығына аспанда жиылана торланған ақ сұр бұлттың төмендей көшуіне қарағанда, мүмкін, қар да жауып қалуы... Күнжанның хауіптенетіні «Жылы орын жоқ осындай жағдайда, әжесі ауырмай-сырқамай қызмет атқара алар ма екен?!..»

Бірақ Күнжан босқа хауіптенді. Не ғажабы барын кім білсін,— ояу уақытының көпшілігін ашық жерде ас пісірумен өткізсе де, ызғарлы жел біразға дейін басылмаса да, алғашқы күндері әуеле қар, артынан жаңбыр жауып, жердің дымқостығын ұлғайтса да — Дәметкеннің құяңқы ұстамауы былай тұрсын тымау да тиген жоқ.

Жұмысты ол жеңіл киіммен істеуді жақсы көретін еді. Осы дағдысымен, күн райын суық кезде де үстіне жеңіл фуфайкеден басқа киім ілген жоқ, басына шашын ғана жабатын жеңіл орамалдан басқаны тартқан жоқ. Жердің сазына қарап, аяғына, тек, қалың шұлғаумен керзалық етік киді.

Оның ас қып беретін адамдарының көпшілігі трактористер. Олар екі сменамен қызмет атқарады: таңертеңгі алтыдан кешкі алтыға дейін, кешкі алтыдан таңертеңгі алтыға дейін. Жұмысшылардың және оларды күтушілердің бұл бригадада саны елу шақты адам, соның бәрін үш мезгіл азықтандыруға, жалғыз Дәметкеннің, әрине, күші келмеген болар еді.

Совхоздың директоры оған жәрдемшіге екі қыз берді. Қыздар күн мен түнге кезектескенмен, Дәметкен кезектеспеді. Ол күндіз де, түнде де ас пісірген қыздардың қасында болды. Қай кезде ұйқтап, қай кезде дамылдайтынын кім білсін,— қашан көрсең де ас пісіретін қыздың қасында. Оның бір мінезі — өзі пісіргеннен басқа асты жақтырмайды, өзі пісіретін астың дәмді болуын, өзінен басқа ешкімге сеніп тапсырмайды.

Алғашқы күндері Жалтырша көліне жақын жердің тыңын жыртқан тракторлар, күн өткен сайын алыстай беріп, тамақты машинамен таситын жерлерге кетті. Тамақ оларға жабық, жылы ыдыстармен тасылды. Трактористер қанша алыста болғанмен, үш мезгіл асты да Дәметкен өзі апарып таратты.

Бұл қызметіне Дәметкен мейлінше риза... Өйтпегенде ше?.. Жер жаралғалы соқа тимеген оның туған-өскен өлкесінде, мыңдаған гектар тың көтерілді. Дәметкеннің бір қызығы — есепке шорқақ еді. Көп мың түгіл, ол бір мыңның өзін де санап жеткізе алмайтын. Мынау көтеріліп жатқан

тыңның жайын сұраса, біреу емес, әлденеше мың!.. Соншама санға ойы жетпегенмен, Дәметкеннің көріп-біліп жүргені — көтерілген тың ұлан-байтақ кең. Бұл тыңды бір ғана совхоз емес, жайлауда іргелес орнаған әлденеше совхоз көтеріп жатыр. Солардың бәрі қанша тың көтерілгенін көргісі келген Дәметкенді Меликян машинасына мінгізіп әлденеше рет аралатты. «Не деген көп көтерілген тың!..» деп хайран қалды Дәметкен.

Бірақ, Дәметкен үшін бір ғана өкініш бар: оның еркіне салса, көтерілген тыңның бәріне егінді 1954 жылдың жазында себу керек, ал, Күнжанның, тағы басқалардың айтуынша, бұл жылы азғантай жерге ғана егін себіледі де, өзге кең жерге егін — 1955 жылдың жазында өседі.

Болашақ жылдың жалпақ егіні өскенін көруге асыға отыра, Дәметкен, 1954 жылы себілген аз көлемді егіннің тез пісуін, оның жемісін тез татуды шегінен шыққан шыдамсыздықпен күтті...

Ол күткен жемістің ішінде бидаймен қатар овощь та бар еді. Сол бидайдың себілуін, сол овощьтың отырғызылуын Дәметкен өз көзінен өткерді. Одан кейін көктеуін, сабақтануын, дән тартуын, пісуін әрдайым бақылап, мақсатына жақындаған сайын, қуанышы қойнына симады. Дәметкеннің сол жайын көрген Меликян:

— Комбайннан алғаш құйылған астықты, алғаш жиналған овощьты сізге әкеп берем,— деді оған,— содан сіз тамақ жасап, туған жеріңізде бірінші рет өскен астықтың дәмін, бірінші боп татасыз.

Асыға күткен Дәметкеннің қолы ол күнге де жетті. Комбайнның шүмегінен грузовиктің жәшігіне алғаш құйылған бидайды Меликян совхоздың электр қуатымен жүретін диірменіне үктірді де, Дәметкенге жеткізіп берді. Сол күні асхана қасындағы тақтайдан уақытша жасалған сарайшыққа, екі грузовикке тиелген овощь та келіп түсті: оның ішінде капуста да, картоп та, сарымсақ та, сәбіз де, қияр да, помидор да бар.

Ол күні кешке Дәметкен көзінің шырымын да алған жоқ. Ашытқы құйған тандырды ол үлкен екі бөшкеге белуарынан келтіре салды да, қабарып көтерілгенше, бетін жылы орап жауып тастады. Содан кейін, овощьтарды аршып тура уға кірісті.

Ол күнгі түстік, тыңда өскен жаңа овощьтан жасалды. Ас қайнап пісуге айналған кезде, ожаумен іліп ап дәмін

көру Дәметкеннің дағдысы еді. Бірақ бұрын асықпай, астың пісер мөлшерін күтетін.

Бүгін бұл дағдыдан Дәметкен айырылды. Ошаққа орнатқан қазан бусанбай жатып қақпағын ашып көрген ол, тезірек қайнауын тілеп, отты астына баса жақты.

Қазан шала қайнай бастаған кезде-ақ, Дәметкен қуанған кескінмен ожауды малып жіберіп, сорпаны іліп алды да, шетінен үрлей ұрттап дәмділігі тілін үйірген сияқтанған соң, қылқ еткізіп жұтып жіберді. Оның бұрын көрмеген қылығына хайран қалған қыздар, сорпаға құмарланған себебін сұрап еді:

— Туған жердің топырағына өскен дән өзге дәннен дәмді болады екен,— деді ол.

Туған жердің тыңына бірінші рет өнген жемісті қолынан егіп өсірген, осы совхоздағы жиырмаға тарта ұлттың ер ұлдарымен, ер қыздарына Дәметкен ішінен сансыз алғыс айтты.

Оларға мына тәтті түстікті тезірек татыру үшін, қазан астындағы отты Дәметкен үдете жақты...

Октябрь, 1955 ж.

ПОВЕСТЕР

ЖАРҚЫН ЖОЛМЕН

1. ЖОЛҒАСУ

Сандықкөлдің дөңесіне шыға бергенімізде, қап-қара мақпалдай керіліп жатқан боpозданың ішінен өркешті нар түйедей бір нәрсе көзімізге ұшыраса кетті.

Тайпалған жылжыма жорғадай ырғалып, оқтай зырлаған «газик» көз ұшында көргенге, көзді ашып-жұмғанша келді де қалды. Ол көрінген — тыңы көтерілген дала. Мезгіл — майдың басы. Құлпыра көктеген кең даланың бороздамен астасқан тұсы, қара мақпал мен жасыл мақпалдың астасуына ұқсайды. Осы араға келгенде, зымыраған машина бороздаңы жағалай ілгері тартты.

— Сонау өркешті не нәрсе?— дедім, қасымдағы шоферға.

— Катарпеллер.

— Ол не?

— Трактордың бір сорты,— деді шофер,— американдық машина. Бізде әлі өзіміз шығаратын трактор аз ғой.

Катарпеллер жасыл даланы жиектеп кеп, бұрыштанған боpозданың шетіне жақындағанда шофер автомобилін кілт тоқтата қойды.

Біз автомобильден түсе, дарылдап келе жатқан трактордың алдынан, төңкеріліп жатқан борозда қыртысын бойлай сүріне-жығыла жүгірдік.

Біз жақындай трактор де тоқтай қалып еді, ішінен,— дөңгелек жүз, денесі сүмбедей тік, басында бұлғары кепкесі, көзінде алақандай қаптама көзілдірігі, сыртында бұлғары шекпені, аяғында жұмыстың жуан етігі, қолында қара бұлғары биялайы бар, бет-аузын шаң басқан біреу шыға келді.

«Жас жігіт-ау шамасы»,— дедім ішімнен.

— Есенсіздер ме, жолдастар?— деп қолымызды алған «жігіт» әйел дауысты!..

— Бет-аузың немене болып кеткен, шаң басқан ба?— деді шофер оған қалжыңдап.

— Жуса кететін кір ғой ол. Жуса да кетпейтін кірден сақтасын,— деді әйел дауысты адам.

Оның әйел екендігіне енді күдігім қалмаған мен, ішімнен «қазақ әйелінен де тракторист шыға бастаған екен, бұл олардың «жыл құсы» екен!» деп қуандым да, стажын білмек боп:

— Трактор тізгініне отыруыңыз нешінші жыл?— дедім.

— Екінші жыл,— деді әйел.

— Атыңыз?

— Үміт!..

— Түскі астың мезгілі болғанын аңғармай қалыппын ғой,— деді Үміт сағатына қарап.

— Неге?— деді шофер.

— Екі қос социалистік жарысқа түскен ек,— деді Үміт,— бірі — ерлердің, бірі — әйелдердің қосы.— Жарыстан мақсат — озу ғой. Сол мақсатты қуу соңында жүріп, уақыттың қалай өткенін аңғармай қаламыз.

— Қосыңа тамаққа барсаң ала кетуге болады.

— Жақсы. Қазір Надежда келеді, соны ала кетейік.

Сол кезде екінші трактор бізге жақындай берді.

— Бұл «Коммунар!»— деді шофер мақтанған кескінмен.— Бұл біздің отандық өндірістің жемісі.

«Коммунар» катарпеллермен қатарласып кеп тоқтағанда, ішінен орыс әйелі секіріп түсті де, Үмітті жүгіріп кеп құшақтай алды.

— Сағынысып қалыпсыздар ғой?— дедім мен күліп.

Қапелімде шыққан дауысқа Надежда жалт қарады да:

— Ғафу етіңіз жолдас, амансыз ба?— деп қолын ұсынды.

— Надежда Сергеевна Карапузова, менің досым!— деді Үміт.

— Кәне, қосқа баралық, жолдастар!— деді Үміт бізге.

— Машинамен!— деді шофер.

— Хұп болады!— десті әйелдер.

2. БАҚЫТТЫ БАЛАЛАР

Келе жатқан бетімізде, жайылымға шыққан аққудай боп, сәулесі күнге шағылған, ағарған бірдемелер көріне кетті. Тұлпардың тізгінін еркінірек жіберген шофер «ә» дегенше ағарғандарға жақындап қалды,— қаз-қатар тігілген шатырлар екен. Бұлардың аты шатыр демесең, ұзын-

дығы он бір метрдей, көлденеңі он метрдей, кәдімгідей терезесі бар, жап-жалпақ үй, жалпы саны он шақты. Шатырлардың арасында қаптап тұрған машиналар, олардың үйіліп жатқан саймандары. Шатырлардың нақ ортасына орнатқан ұзын діңгектің биігінде радионың ауыздары аңқиған екі репродукторы.

Біз келіп бір шатырдың сыртына тоқтай қалғанда, ішінен «Гугай-ай-дың» әнін шырқаған бірнеше әйелдің дауысы естілді.

— Бұл не концерт?!— дедім мен Үмітке, машинадан түсіп жатып.

— Бірге тұратын әйелдердің көңіл көтеруі болар.

— Қанша әйел тұрады бұл шатырда?

— Жиырма үш!.. Сегізі трактор жүргізуші, өзгесі қара жұмыста.

— Көп екен!— дедім ойнаған болып.

— Бұл бір қостағы ғана әйелдер. Совхоздағы барлық жұмыс әйелінің саны жүзден асады.

— Мына әйелдер неге бос отыр кәзір?

— Сменасы енді басталады.

Біз машинадан түсіп болған кезде шатырдан жұмыс киіміндегі таңқы мұрындау қара бұжыр әйел жүгіріп шыға келді де, бізге атүсті ғана амандасып:

— Смена!— деді қатты дауыспен.

Үйден жұмыс киіміндегі көп әйел жүгіре шықты. Бізге бастарын ғана изеген оларды, грузовик егін өлкесіне ала жөнелді...

— Ало, ало!..— деген дауыс естілді сол кезде, манағы бағананың басында тұрған радио репродукторынан.

— Жолдастар!— деді радио.— Қазір Алматыдағы қазақ театрының артистері совхоз жұмыскерлерінің күндізгі демалысына арнап концерт береді.

Әдемі әндер бастала жөнелгенде:

— Осы өнерге мен таңғалам,— деді Үміт, маған,— радио орнатылғанына айдан асты. Былтыр да осында болған екен. Бірақ, мен онда басқа участокте ем. Қыс жиып алып, мынаны әнеугүні егінге шыға қайта құрды. Неше түрлі тамашаларды естиміз. Жалғыз Алматыдан ғана емес, Ташкеннен, Мәскеуден, тағы басқа қалалардан... Өзі тіпті рақат болды!.. Кейде жұмыстан шаршап келгенде, төсегіңде қисайып жатып тыңдасаң, аунаған аттай, адам сергіп қалады. Ән-күйдің нелер тамашасын тыңдайсың!..

— Үміт,— деді Надежда, мені нұсқап,— жазушы жол-

дас қызыл бұрышқа бара тұрсын, біз жуынып, киініп алайық.

— Жақсы,— деді Үміт.

Мен «анау шатыр» деген жобамен жөнелгенде, екі әйел шатырына кірді.

Қызыл бұрыш ұйымдасқан шатырдың іші кәдімгі қалалы жердегі қызыл бұрыштан айнымайды екен: төріне Маркс пен Лениннің портреттерін қызыл шұғаға орап, жан-жағын гүлдермен әшекейлеген; ортада үстіне қызыл шұға жапқан ұзын үстел, оның үсті толған газет-журнал; мен кіргенде оннан аса әйел, еркек газет, журнал оқып отыр; шатырдың қабырғасына өндірістің ұрандары жазылған плакаттар мен жалаулар ілінген.

Есіктен кіре, мен соларды тамашалай қарап тұр ем, құлағыма жас балалардың шулап, әндеткен дауысы сап ете түсті. Жалма-жан жүгіріп далаға шыға келсем, өргізген қаздың балапанындай болып, ылғи ақ киім кигізген жиырма шақты, екі мен сегіздің арасындағы балалар, бірінің артынан бірі шұбырып барады екен. Балалардың алдында да, артында да бастарына ақ орамал тартып, үстіне ақ халат киген екі әйел — біреуі — орыс, біреуі — қазақ.

Жалғыз мен емес, шатырдың сыртында жүргендердің көпшілігі балалардың жүрісін, шуын қызық көріп, көздерін айырмай қарады. Әсіресе, мосқалдау, қазақша киінген бір әйел:

— Ой, садағаң кетейін!.. Ой, қыбырлаған аяғыңнан айналайын!.. Ой, құрмалдығың болайын!..— деп өзінен-өзі сөйлеп, балалардың соңын ала жүріп барады.

— Сіздің де балаңыз бар ма еді, жеңгей?— дедім әйелге, соңынан еріп.

— Бар еді, қарағым!— деді әйел жүрісін доғармай,— анау біреу томпаңдап бара жатқан қара домалақ менікі еді!

— Қашан беріп ең?

— Биыл екінші жыл.

— Совхозда көптен тұрасыз ба?

— Орнағаннан бері.

— Отағасыңыз бар ма?

— Бар.

— Не жұмыста?

— Қара жұмыста!

— Өзіңіз не істейсіз?

— Ас пісірем.

— Қалай, жақсы ма, совхоз?

— Түбін кім білсін. Әзірге жаман емес.

— Бұрын қалай тұрып едіңіздер?

— О жағын сұрама, шырағым. Ерім де, өзім де туғалы тесікөкпе болып, кісі есігінде жүрген адам едік. Жасым бил қырық үште. Ерім елу алтыда. Совхозда тамақ тоқ. Қысы-жазымызға үй де береді. Етіме жамаусыз көйлек осы совхозда ғана тиді.

— Балаңыз нешеу?

— Өліп-өліп, өлім сарқытындай болып қалған жалғыз осы ғана.

— Күтімі қалай балаңыздың?

— Болашағын қайдан білейін, қарағым. Әзірге күтімі біздің қолдан жақсы. Құдай-ай сақтай гөр!— деді әйел маған қарап,— шешек еккен сұмдықты кім көрген, бұрын?! Ол жарықтық егу түгіл, қарағанға шамданады дейтін еді. Әнеугүні лөктір қатын келіп балаларға шешек егіпті. Мен ектірмейін деп ем, қазына өз дегенін істемей қоя ма,— еркімді билеп әкетті. Амалсыз көнгенмен: «Алла-ау, не пәлеңе кез келтіресін? Өлгенде көрген жалғызым еді, сақтай көр!» деп мойныма бұршақ салдым. Жүрегіме ас батпады. Екі-үш күннен кейін балам ауырып, денесін көрсем, білегіне мөп-мөлдір танадай болып шешектің бес-алты анасы шыққан екен. «Ә, құдай, ә, аруақ қолдай гөр, жеңілдігін бере гөр!» деп жаба қойдым... Сонан, құдай жөн берді-ау, шырағым, жазылды-ау!

— Сіз мұнда келген екенсіз ғой,— деген дауысқа жалт қарасам, екі бетінен қаны тамған бір әдемі әйел. Үстінде қалалы жерде киетін таза және қымбат костюм, кеудесінде қадаған гүл.

— Мұндамын,— деген жауапты бергенмен, «бұл неткен әйел?! деп кескініне қарай қалдым. Сүзіле қарап Үміт екенін зорға танығаным ғой!.. Манағы шаң мен күйе басқан бет-аузын жуып, үстіне оңды, таза киімдерді кигенде, сымбаттанып та, сұлуланып та кетіпті. Бейнесінің шырайы құбылмалы пүліштей ойнап тұр!..

— Осы балаларды зордың күшімен жинадық,— деді Үміт маған,— ел әлі де надан ғой. Баласын бақшаға берсе өлтіретіндей көреді. Қазір үйреніп кетті. Емшек балалары анау шатырда. Саны көп емес — сегіз. Мүмкін, көресіз?

— Көрейік.

Шатырдың ішіне кірсек, ақ ағаш кроваттарда сегіз бала уызға тойған қозыдай ұйқтап жатыр екен. Беттері

толған ай тәрізденіп дөп-дөңгелек боп, бопылдатып еміп жатқан еріндерінде бақыт қуанышының әсері тұр.

Күзетіп отырған татар әйелі, тышқан аңдыған мысықтай, аяғын ептеп басып, бізге жақындады да:

— Балалардың тыныс кезі еді, жаңа ұйқытатып ек — деді.

Біз — «ғапу етіңіз!» деп шығып кеттік.

3. КЕШКІ САЛҚЫНДА

Тамақтан кейін аз тынығып далаға шықсам, күн екіндіге құлаған екен. Күндіз көк мұздай жалтырап тұрған торғын аспанға, үйездеген жылқылардай, әр жеріне бұлт үйіріліпті. Бұлттың оңтүстік жағы қарақошқылданып, қоюланған. Күнбатыс жағы қойдың шарпындай алашабырланған да, дәл жермен астасқан тұсы — көтерілген шымылдықтың етегіндей жоғары түрілген. Сол жоғары түрілген етектің жер жақ шетінен алтын күннің бір жақ жиегі ғана шыққан екен, өзгесі бұлт ішінде... Әлгінде самал болып қана есіп тұрған жел, енді демін ішіне тартып, тына қапты.

Ерсілі-қарсылы өріп, зырқырап жүрген автомобильдердің ішінен біреуі зырлатып кеп, мен тұрған жерге тұра қалды. Ішіндегі инженер Железнов екен. Ол мана менен бөлініп төртінші участкеге кеткен.

— Егін биыл шығымды болады,— деді ол түсіп жатып,— жақын арада төгіп өткен жаңбырдан жерге екі қарыс су сіңген еді. Анау тұрған бұлт,— деді ол, батыста қоюланған қара бұлтты қолымен нұсқап,— бүгін тағы төксе, совхоз егіннің әрбір десетинасынан жүз бұтты еркін аламыз!

— Болсын, одан да артық болсын!— дедім мен.

Сол кезде шатырынан шығып, бізге беттей берген Үмітті Железнов қарсы алды да:

— Мына біреуді сізге парт ячейканың хатшысы беріп еді,— деп конверт ұсынды.

Конвертті ашып Үміт оқыды да:

— Жүретін кезіміз болып қалған екен ғой,— деді.

— Қайда?— дедім мен.

— Округтік партия конференциясына.

— Қайыр, қош!— деді Железнов Үмітке қолын ұсынып.— Мен Қиялы станциясына барып қайтатын ем. Жолыңыз болсын. Сіз деді маған Железнов менімен де қол алысып,— Шағалаға қайтыңыз.

— Сіз ше?

— Мен де кешке келем, Шағалаға. Ертең совхоз өндірісін екеуміз бірге аралармыз.

— Мақұл.

Железнов жүріп кетті.

— Осы жолдас коммунист пе?— дедім Үмітке.

— Көптен бергі большевик. Арғы негізі — Ленинградтағы «Красный треугольник» заводының жұмыскері, кейін, совет заманында, іс үстінде оқып, инженерлік білім алған. Біздің совхозға өзі тіленіп келген. Механика мастерскоеніц бас инженері боп қызмет атқарады.

— Сіз, енді, қашан жүресіз конференцияға?— дедім мен, Үмітке.

— Кешке совхоз орталығынан келетін машинамен.

— Қызылжарға машинамен баратын боларсыздар?

— Әрине, атпен емес,— деді Үміт күліп.— Қызылжар бұл арадан тігінен елу-алпыс километр болғанмен, атпен ара қонып барады,— жол жаман. Автомашинаға да қиын. Смирново станциясы жақын. Содан пойызбен кету қолайлы.

— Смирновоға Сізді, мүмкін, мен шығарып сап қайтармын?

— Оны кезінде көреміз.

Ойын осылай бекіткен Үміт, кешке дейін басқаратын тракторына барып, серігіне тапсырмалар беру жабдығымен шұғылданбақ болды, мен оған дейін осы бригададағы басқа жұмыстарыммен шұғылдануға кірістім.

Біз шатырларға оралған кезде күн жерге белуарынан батып, бұлттың түрілген жиегіне алтын сәулесін тармақтандыра шашып тұрған шағы еді. Сол күннің баюын күткендей-ақ, жерден жоғарғы ернеуі ғана қылтиған кезде, манағы тынған жел көтерілді де кетті. Қою қара бұлт желді құйынға үйірілген шаңдай бауырына тартты да, қаһарлы түспен бермен қарай көшті. Өсімдіктер арыстаннан бұққан мысықтай, басын жерге тигізіп бұлтқа тәжім етті. Ызбары күшті қара бұлт жалбыр жал қара айғырдай, қайра-қайра кісінеді. Қара айғырға мініп, жауымен жұлысқан батырдың сілтеген найзасындай, жайдың оғы аспанның о жағында бір, бұ жағында бір жарқ-жұрқ етті.

Аспаннан жерге шұбалта төккен өрмектей тарам-тарам созылып, қою жаңбыр, шүмектен ағытқан судай лақылдап кеп құйылды...

Жауыннан ыққан жұрт шатырларға тығылды. Аспан-

нан нөсер емес, бидайдың дәні құйылғандай, сол қуанышты сезімге жаны ғана емес, аузы да құмығып сөйлеуге келмегендей, шатырдан жан адам үн шығарған жоқ.

Жалғыз-ақ, радиомен әлдеқайдан келген ән-күй, нөсер жаңбырдың сарылдай құйылған дыбысын бөліп, балдай тәтті үні құлаққа құйылды да тұрды...

Бұл күннің кешкі салқынын біз осылай қарсы алдық.

4. БОЛАШАҚТЫҢ БЕТАШАРЫ

Автомобильмен зырлатып келе жатырмыз. Қасымда Үміт пен шофер.

Жаңбырдан кейін жаңарған ауамен пүліш даланың жұпар исі мұрынды жарып барады. Жел тынған. Аспан ашық. Бір шөкім бұлт жоқ. Қияға өрлеп шығып алған толған ай самсаған жұлдыздың ішінде, күміс қадаған қара мақпал шапаннан бетін ғана шығарып тұрған сұлу тәрізді.

Біз шыққан участоктан Смирново жиырма бес шақырым.

— Сағат неше?— дедім мен шоферға, былай шыға.

— Он бір,— деді шофер, шылымға тұтанған сіріңкесінің жарығына білек сағатын тосып.

— Кеш шыққан екеміз ғой.

— Жабдық көп болды ғой,— деді Үміт.

— Сонымен, бригада жиналысының қортындысы немен тынды?

— Ойдағыдай тынды,— деді Үміт — кеше бір жұмада бітіруге ойлаған планды, бүгін екі жарым күнде бітіріп кететін болдық!

— Мүмкіншіліктерің жете ме оған?

— Біздің бригаданың жері былтыр жыртылып даярланған. Осы жерден бір катарпеллер бір кезекте он бес гектарды, «коммунар» он гектарды себе алады. Бригадада сегіз катарпеллер, бес «коммунар» бар. Егер бұларды үздіксіз үш кезекпен жіберсек, күніне 390 гектарды айдап тастайды. Біздің жоспардан қазір қалғаны 1107 гектар. Бұл мөлшерді екі жарым күнде, әрине, бітіреді. Амандық болса,— деді Үміт шаттық дауыспен — үшінші күні бізбен іргелес «Игілік», «Жаңа жол», «Екпінді» колхоздарына жәрдемге барлық трактордыны айдаймыз.

— Онда жақсы екен,— дедім мен,— өкінішін қоса айтқанда, бұл маңдағы колхоздарда трактор өте аз ғой әлі. Көпшілігінің жегетіні көлік қой. Кейбірінде ат, өгіз сияқты

мықты көлік те болмай, сиыр жегеді ғой. Көктемнің сиыры да қай бір күйлі,— көбі тыртиған арық. Соқа сүйреп не оңдырады олар.

— Рас,— деді Үміт.— Соқаға сиыр жегудің не екенін көзбен көрдік: өткен жыл сиырмен себілген егіннің ең шығымды гектарынан бес-алты центнер ғана дән алынды, онда да,— жаңбырлы жыл болғандықтан; ал, біздің тракторлар жәрдемдескен колхоздар, гектарына жиырма бес,— отыз центнерден алды.

— Онда, осылай жәрдемдесе беру керек қой!— дедім мен күліп.

— Әрине!— деді Үміт,— Бірақ, оған мүмкіндік жетсе.

— Неге жетпейді?

— Сіз аспаннан келген адамдай сөйлейсіз,— деді Үміт салмақты дауыспен,— осы елде туып, осы елде тұрып жатқан жоқсыз ба? Бүкіл «Петропавл» аталатын бүкіл Қызылжар округінде бірінші совхоз болып, біздің «Шағала» бұдан екі жыл бұрын ғана ашылған жоқ па?!. МТС деген, бұл округте әлі құрылмай жатқан жоқ па?.. Осы жалғыз совхоздың өзі алғаш қалай құрылғанын естімедіңіз бе?

— Айтпақшы,— дедім мен Үміттің сөзін бөліп,— сізден я басқа біреуден сұрайын деген кеңесім еді бұл, аузыма сөз салып жібердіңіз-ау!.. Өте жақсы болды. Совхозды ұйымдастырушының біреуісіз, қысқаша болса да айтыңызшы, оның тарихын.

— Онда көп тарих жоқ.— деді Үміт,— Бұрын, патша заманында, жылында бір рет, жаз ортасында, «Тайша» атты жәрменке жиналмаса, былайғы уақытта бос жатқан жер ғой бұл. Және, қандай кең өзі,— «айналасы айшылық, көлденеңі күншілік» дегендей, біздің бір «Шағалаға» кесіп бергені 250 мың гектар. Одан артылып бос жатқаны қанша!.. Және, қандай жер: қара топырақты қыртысы бір метр... қою шалғыны белуардан өседі...

— Жер жайынан хабарым бар,— дедім мен,— сіз совхоз ұйымдастыру тарихына көшіңіз.

— О да болсын,— мен бұл араға, жаңадан ашылған совхоздың бірінші топ адамымен келдім. Көп адам емес,— директор, манағы бас инженер, бас бухгалтер, советтік бес, алты тракторист, ішінде — мен...

— Неге «советтік» дейсіз?— дедім мен,— советтік емес трактористер де болғандай?

— Болған!— деді Үміт.

— Қайдан?

— Америкадан. «Катарпеллер» аталатын тракторлар Америкадан келген, трактористері ере келген...

— Неге?

— Бізге тракторды жүргізуді үйретуге.

— Қойыңызшы?!

— Рас. Ақыларын алтынмен алатын болып келді. Еңбегіне алтынын ала берсін-ау!.. Капиталистік тәрбияда өскен мұндарлар, мұрындарын көтере, тәкәппарси келді... Сол ызасына шыдамадық та, бір жылдан кейін, келген іздерімен қайырдық...

— Өнерін үйреніп қой?..

— Әрине. Америка тракторын жүргізу де соншалық бір қиын іс емес екен. Біздің жігіттер мен қыздар қастарында жүріп, америка трактористерінің өнерін бір айға жетпей қағып алды. Одан кейін қалуға, өздерінде де ықлас болған жоқ.

— Ілгері озып кеттік,— деді Үміт, аз кідіріп,— кейін оралайық. Сонымен, совхоз бос жатқан айдалаға келіп орнады. «Шағала» атануы — көлден. Сол атты шалқар көл бар.

— Көрдім ғой,— дедім мен,— бірақ, совхоз орталығы оның жағасында емес, жиырма бес шақырымдағы Сандықкөл жағасында ғой.

— Рас. Совхозға кіші көлдің емес, үлкен көлдің атын қойған болар.

— Түсінікті. Совхоз тарихын жалғастыра беріңіз.

— Біз көктемде орнадық,— деді Үміт.— Екі жұмыс қатар кетті: үй құрылысы және тың айыру.

— Қанша тың айырылды, алғашқы жыл?

— Он мың гектар. Оған кейінгі екі жылда отыз мың қосылды.

— Тұқымды бәріне де себесіздер ме, бұл көлемнің биыл?

— Түгелімен!..

— Шығып кетсе көп егін ғой ол?

— Әрине. Гектарынан жүз бұттан алғанда да төрт миллион бұт қой ол!.. Бұрын бұндай астықты бүкіл Ақмола губерниясы боп жинай алмаған. Қазір бір совхоз бүкіл губерниядан артық астық алады. Біздің дәміміз төрт миллионнан да артығырақ!..

— Жылдың, яғни, жаңбырдың жайына қарағанда ол да болар?

— Әрине!..

— Шіркін,— деді Үміт, аз кідірістен кейін,— бос жер көп-ау біздің Қазақстанда әлі!.. Соның бәріне совхоздар ұйымдастырса, ә?!..

— Ол күн де алыс болмауға тиісті...

— Мен де солай ойлаймын. Маған біздің «Шағала» болашақ совхоздардың «беташары» сияқтанады...

— Маған да солай.

5. БАҚЫТСЫЗ БАЛА

Бізге Шағаланың өткен тарихы осымен бітіп қалған сияқтанды. Ендігі ой, болашақта ашылатын совхоздар өлкесін кезгендей, Үміт екеуміз біраз уақыт тым-тырыс отырдық.

Бұл күйде, автомобильдің сырғанай зырлаған шабысына көңілдің көтерілуімен қатар, түннің тұңғиық кескіні, сезімді біраз ауырлатты. Сол кезде жолды қысқартайық деген ниетпен, Үмітпен тағы бір ұзақ әңгімеге кірісуді ойладым.

— Үміт!— дедім мен, қалғыған адамдай қасымда басын төменірек салбыратып отырған оған.

— Ә?— деді Үміт, шошынған адамдай басын көтеріп ап.

— Жол қысқартсақ қайтеді?

— Немен?

— Әңгімемен.

— Не жайда?

— Менің әңгімені тағы да сізден естігім кеп отыр.

— Қандай әңгімені?

— Маған сіздің қазіргі өміріңізді ғана білу емес, өткен өміріңізді білу де қызық сияқтанып отыр...

Үміт қатты күрсінді. Ол күрсінудің өзі-ақ өткен күнінде жүрегіне қорғасыннан ауыр тиетін элденеменелер барлығын көрсетіп тұрды. Сол халдегі Үміттің аузына сөз салып жіберу мақсатымен:

— Неге күрсінесіз?— дедім мен оған.— Өмір болғасын, ыстығы да, суығы да, қайғысы да, қуанышы да болмай қоймайды. Мүмкін, сіздің өткен өмірде көргеніңіз, қазір еске түсіру үшін ауыр да болуы. Ал, мен үшін оның үлкен мәні болуы. Айтуыңызды өтінем!

— Айтқым келмейді,— деді Үміт, тағы да күрсініп.

— Неге?

— Өте жеркеніште өмір ол.

— Оның жеркеніштi болуына, мүмкін, сіз айыпты емес шығарсыз?

— Әрине!— деді Үміт нық дауыспен.

— Онда несін жасырасыз?

— Жасырмауға да болады,— деді Үміт жиналыңқырап.

— Ендеше, бастаңыз.

— Шешем есімді білмейтін кезде өлген екен,— деп бастады Үміт сөзін,— оның кескін-кейпі есімде жоқ. Әкемді өңім мен түсімдей білем. Ол менің тоғыз жасымда өлді.

— Қызметі не еді?

— Қызылжардың тері заводында жұмысшы да.

— Кімнің қолында қалдыңыз?

— Ешкімнің де емес. Әкемде туысқан-туған болмайтын. Менен басқа, Бөбек дейтін ұлы болған. Жасынан қағына өсіп сотқар болғандықтан, көршілер «Сотқарбай» деген ат қойып, кейін солай атығып кеткен. Әкем өлгенде ол жиырмада.

— Иә, сонымен!..— дедім мен, сорлы баланың халі одан әрі не боларын естуге асығып.

— Әкем өлгеннің артынан көп кешікпей тентіреуге, қайыр сұрауға түстім.

— Сотқарбай асырамады ма?

— Қайдан асырайды,— деді Үміт күрсініп,— он жасқа келе қарта ойнау, арақ ішу жолына түскен ол, әкем өлген соң бейбастақтық өмірге көшіп, бұзықтарға қосылып кетті...

— Сонымен?

— Сонымен, қайыр сұрау үстіне киімдерімнің жырым-жырымы шығып, етегін айнала түйіп алатын болдым. Аяқтағы далба-дұлба бәтенкенің жұлығынан кенеп шұлғау сүйретіліп жүретін болды. Мойным ырғайдай боп жүрдім. Осындай күйге түскен адамды кім жолатсын. Әуелгі кезде әркім есіркегенмен, артынан жеркеніп, жан пәнде үйіне жолатпайтын болды. Жаз күнін не қылайын, онда қайда болса сонда үй ғой. Қыстың сақылдаған сары аязында далаға қонып жүрдім-ау!

— Әлің келетін бір жұмыс табылмады ма?— дедім мен, Үміттің хайыршылық өмірінің аржағын естігім келмей.

— Зорға табылды,— деді Үміт те, хайыршылық тақырыбынан еңбек тақырыбына ауысуына қуанғандай, ауыр

сезімнен сергіген сияқтанып.— «Кірпіш сарай» дейтін жер бар ғой Қызылжарда...

— Білем.

— Жақсы білесіз бе?

— Жақсы білем ғой деймін.

— Онда кірпіш соғылатынын да білесіз бе?

— Қазір соғылмайды ғой ол кірпіш? Ертеде соғылғанын естідім.

— Иесі кім екенін естідіңіз бе, ертеде соғылатын кірпіштің...

— Масляков деген бай еді деседі.

— Рас сол. Оның жұмысшыларын қалай ұстағанын естідіңіз бе?

— Жалпы сөз ғой ол. Сіз конкретті жағдайын айтсаңыз, тыңдауға әзірмін.

— «Жағдай» дегенде он екі, он үштегі бала несін біледі. Менің есімде қалғаны — көктем туып, жер жібігеннен бастап, күз жердің тоңы қатқанша жалаңаш аяғымен балшық илеп кірпіш соғатын әйел, еркектер. Олардың ішінде жасы менің алды-артымдағы балалар да бар.

— Күн көрісі қандай, сонда?

— Не күн көріс болды дейсіз оларда. Көбінде өзіндік баспана жоқ. Жатар жерлері — барак. Ол әрі ылас, әрі суық, әрі төсенішсіз. Сол халінде тамағы тойса бір сәрі ғой. Көбі аш — тапқандары тамағына жетпейді. Киімге,— болса, болмаса да!.. Жаз оқасы жоқ қой. Қыстығүні жалаңашжалпы дірдектеуден жаман жоқ екен!..

— Дегенмен,— деді Үміт ауыр күрсініп ап,— хайыршылықтан бұл да жақсы екен, тіленіп емес, тырбанып күн көруге тырысасын!..

— Сонымен,— дедім мен,— бақыт тапқан күнін естуге асығып,— ұзаққа созылды ма, бұл бейнет?

— Қызылжарда Совет өкіметі құрылғанға дейін.

— Енді содан кейінгі өміріңізді сөйлеңіз!..

6. ЕҢБЕК ӨРІНДЕ

Біз кеңесіміздің осы арасына келгенде, қап-қара боп тұнжырап жатқан жалпақ бороздаңы жағалап келе жатқан жол қайқайып, боламық далаға қарай айнала берді.

— Қап, бәрекелді-ай,— деді шофер машина жүрісін бәсеңдетіп,— жайлаудың жіңішке жолына түсіп кеткен екеміз. Оңбаған жаман жол еді. Бұнымен жүріп болмайды.

— Ендеше кейін бұрыл!— дедік Үміт екеуміз.

Кейін бұрылған машина асау аттай аз уақыт мөңкіді де, «тәк!» дегендей тоқтай қалды. Оның тоқтаған қимылымен бірге үні де өшті.

— Машина сынды!— деді шофер, автомобильден түсе қап моторының әлденелерін шұқылап көріп ап.

— Енді қайттік?

— Таң атқанша тұрамыз. Бұзылғанын жарық түсе оңдаймыз. Қазір жарық жоқ.

Амал құрыды... Нақ сол кезде, түнде еңсесі түскен дүниеге «таң келеді!» деп шүйінші айта, аспанның шығыс жақ жабығынан күлімкөз шолпан туды.

— Шіркін-ай, һауа қалай таза еді, адам тоярлық емес екен!— дедім мен.

— Түн тамаша!— деді Үміт те.

— Ұйқыңыз келген жоқ па?

— Өзіңіздің ше?

— Жоқ.

— Мені ұйқы қысып кетті,— деді шофер,— ұлықсат етсеңіздер, таң атқанша көз шырымын алар ем.

— Болсын,— дестік біз.

Шофер өз орнына отыра беріп қор ете түсті.

Әлгінде машина тоқтаған уақыттан бері,— менің делебемді қоздырып тұрған нәрсе,— жақын жерде су құстарының шулауы, сол дауысқа қарағанда, сөз жоқ, көл бар. Тегі, біз дөңестеу жерде тұрмыз, көл соның еңісіндегі ойпатта.

— Естисіз бе?— дедім мен Үмітке, шофер ұйқтағаннан кейін.

— Нені?

— Көлдегі құстардың шуылын?

— Менде құлақ жоқ деп пе едіңіз?— деді Үміт күлімсіреген дауыспен.

— Көлдің жағасында жүріп естімейміз бе, ол құстардың сайрауын.

— Өйтуге де болады.

— Иә, сонымен,— дедім мен Үмітке, көл жаққа қолтықтаса кетіп бара жатып — «құланның қасынуына мылтықтың басуы дәл келді» дегендей, машинаның бұзылуы, біздің кеңесімізді аяқтауға жақсы болды-ау!

— Солайлау болды.

— Енді сіз бақыт дүниесіне қалай кірген әңгімеңізден бастаңыз.

— Ол менің механика заводына кіруімнен басталады, алғаш алып барған адам,— кірпіш сарайда тұратын Мария Гавриловна Карапузова. Ол манағы өзіңіз көрген Надежда деген әйелдің шешесі. Марияның күйеуі терi заводында әкеммен көп жыл бірге қызмет атқарған адам. Ол ертеде өлген, баладан жалғыз-ақ Надежда қалған.

— Әке-шешем өлгеннен кейін,— деді Үміт, демін соза бір алып қойып,— маған жылы қабақпен қарайтын жалғыз адам осы Мария Гавриловна болды. Бірақ, «қарағым-шырағымдаған», ауыр қалымды аяған сөздерінен басқа жәрдемі тиген жоқ. Оған мен өкпелеген де жоқпын. Несіне өкпелеймін,— қызы мен өзі де тамақ пен киімге тақыл-тұқыл ғана жарып, бірде аш, бірде тоқ отырады...

— Сонан, революция болып қалды,— деді Үміт, әңгімесінің аржағын тездеткісі келген адамдай жинақыланып,— «Революция» ның не екенін ол кезде білгем жоқ. Қайдан білем, он үш жасар баламын. Тек қана білгенім — жұрт біреулерді «ақ», біреулерді «қызыл» десіп жүрді. Мария апай «қызыл» болып шықты. Ақтар жеңгенде, ол абақтыға түсіп қалды...

— 1918 жылы ғой бұл?

— Солай.

— Абақтыдан қалай босана алды?..

— Қашып шыққан көрінеді. Онысын біз білмейміз. Біздің білгеніміз — 1919-жылдың күзінде, Қызылжарда Совет өкіметі құрылғанда, Мария апай қызыл туды қолынан бірге тігісті...

— Иә, сонан?— дедім мен, әңгіменің аржағын тіпті тез естігім кеп.

— Сонан,— деді Үміт, менің асыққан ойымды түсінгендей, жылдамдата сөйлеп,— ұзын сөздің қысқасы, Мария Гавриловна Карапузова Қызылжардағы механика заводының директоры болып шыға келді!..

— Қалай?.. Механик па екен ол?

— Солай екен. Революцияға дейін сол заводта аға-шебер боп қызмет атқарады екен. Өзі 1915 жылдан партия мүшесі екен.

— Ал, енді, оның өзіңізге істеген жақсылығын айтыңыз.

— Жақсылығы — азып-тозып жүрген жерімнен тауып алды да, заводтың жұмысына орналастырды. Қызы — Надежда да сол заводта жұмыста екен.

— Әрине, қара жұмыс?

— Әрине.

— Қанша уақыт болдыңыз онда?

— Осы совхозға келгенге дейін...

— Қалай?!.. Оқуды қашан оқыдыңыз?

— Заводтың өз ішінде. Әуеле лекбизден.[1] Одан кейін, Надежда екеуміз Қызылжардағы механикалық техникумнан сырттай оқып бітірдік. Сөйтіп, екеуміз де аға механик боп қызмет атқарып жүргенде, осы «Шағала» совхозы ашылу хабары естілді. Оған тракторист керектігі мәлім болды. Округімізде бірінші боп ашылатын совхозға баруды, оның қызметін көтерісуді Надежда екеуміз серт еттік те, округтік партия комитетіне арыз апардық.

— Коммунист пе едіңіз онда?

— Әрине. Надежда да. Екі жылдық стажымыз бар. Арыз қабылданды да, біз осында келдік. И всё![2]..

Үмітке еңбегі жайлы одан әрі сұрау беруді мен мақұл көрмедім. Оған екі себеп болды: бірі — таң ағарып болды, дөңдегі машинаның түзелгені, гүрілінен естіліп тұр, ендеше, жүру керек; екіншісі — Үміттің бақытсыздық тұңғыйығынан бақыт өріне қалай шыққаны айқын көрінді, ендеше, неменесін тұжырымдай берем оның?.. Осы оймен:

— Машина даусы естіледі,— дедім Үмітке,— түзелген болар.

— Мен де солай ойлап тұрмын.

— Жүруіміз хажет болар онда?

— Әрине!

Үміт пен қолтықтаса машинаға беттеп келе жатқанда; тағы бір сұрау көмейімді қытықтай бастады, ол,— «осы кісінің махаббаты болды ма? Болса, немен тынды?»

Біраз уақыт ыңғайсызданғанмен, мен ретін кәлтіріп бұл сұрауды бергенде:

— Махаббатсыз өмір бола ма?— деп Үміт күлді де,— Бірақ, бұл әлі аяқталмаған драма,— деді.

— Басталуына көп болған ба еді?— дедім мен.

— Оның сізге хажеті жоқ,— деді Үміт тағы да күліп,— мен сіздің пьесаңызға героина бола алмаймын.

— Кісі «героина» болам деп бола ма, қарындас?.. Өмірдің өзі болдырады да оны?..

— Егер сүюшілердің арасында драмалық тартыс болса!.. Менде ондай тартыс әзірге жоқ.

---

[1] Сауатсыздықты жою мектебі.

[2] Болғаны осы.

— Мүмкін, болар?

— Жоқ, болмайды ғой деймін,— деді Үміт күлкілі кескінін байсалдыландырып.— Расымды айтқанда, завод жұмысына өзіммен бірге кірген менің болашақ жұбайым, жуырда, яғни осы көктемде, Москвадағы машина құрылысы институтын бітіреді. Сонда мен, сізді тойға шақырам!..

— Келем!— дедім мен.

Сол секундте біз машинаға да таянып қалдық.

— Мен даяр!— деді шофер.— Машина бабында.

Біз үсті қайырылған машинаға мініп жөнеле бергенде, алтын сәулесін аймағына кең таратқан күннің де көкжиектен шеті көріне бастады. Бұл күн маған Үміттің бақыты сияқтанып кетті.

Жарқын жолмен зымыраған машина, екпінін үдете түсті.

Зымыра, заманымыздың машинасы!..

Январь, 1931 ж.

АЖАРДЫҢ АЖАЛЫ

1. ОЗАТ ОҚУШЫ

Бұл оқиға 1935 жылы басталды.

Бостандық ауданының жеті жылдық мектебі жағасын қарағайы, қайыңы, терегі аралас өскен, бергі шетінен арғы шетіне көз зорға жететін үлкен көлдің жарқабағында ед

Күн сәскеден жоғарылай, осы мектепке қарай аттылы да, жаяу да адам шұбырып қаптай бастады.

— Уа, жол болсын!— десті жолыққандар бір-біріне.

— Әлей болсын! Балалардың биылғы оқуы бітке екен, бүгін қортынды жиналыс болады, деп мектеп дирек торы шақырған екен. Соған қатнасамыз да, баламызды алып қайтамыз.

— Ә, онда жолымыз бір екен!

Жұрт мектепке осылай ағылған кезде, Ажар қалад жүгіріп жүріп әкесін іздеді. Бұдан екі күн бұрын Ажа Бостандықтан жиырма бес шақырым жердегі «Азат» кол хозында тұратын әкесі Қаратілеуге «оқуым бітті, ертең қс рытындысы болады, соған келсін де, мені үйге алып қайт сын» деп хабар айтқан.

Әкесін ол «аға» деп атайтын. Сол ағасы мына келі жатқандардың ішінен көзіне ұшырамаған соң, әркімдерде сұрастырып еді, біреулер:

— Көрмедік,— деп қысқа жауап берді. Енді біреулер

— Анау үйде сіздің колхоздың бастығы Мақсұт келі жатыр, содан сұра!— десті. Ажар жүгіріп ол үйге барс Мақсұт әлдеқайда кетіп қапты. Жүгіріп жүріп іздеге Ажарға, Мақсұт аудандық банк үйінен табылды. Әкесі сұраса,— «түріне қарағанда келе қоймас» деп салқын ған жауап берді Мақсұт. Өз жол жайын сұраса,— колхозғ жеңіл автомобиль алмақ болып, банкеге ақшасын төле келген екен. Ажардың әкесін неге іздеуін естіген ол:

— Аттестатың жақсы болса, бүгін алатын жаңа маш намен ауылға өзім апарам да, тойыңды әкең жасамас өзім жасаймын!— деді.

— Жақсы, ағатай!— деді Ажар.

Ажар жүгіріп пәтеріне келді. Онымен бір пәтерде Айман дейтін қыз тұратын еді, екеуі әрі сабақтас, әрі құрдас.

— Келіп пе?— деді, Ажардың әкесін іздеп кеткенін білетін Айман.

— Жоқ!— деді Ажар ауыр күрсініп.

Айман Қаратілеуді жек көретін еді, оған себеп,— дәулеті жете тұра Ажарды киіндірмейді, өзі теңді құрбысынан кем ұстайды, кітап, қағаз сатып алуға ақшаны да аз береді. Егер Айманның кітабынан пайдаланбаса Ажарға оқу қиын да болар еді. Өткен қыс «пәтеріңе, тамағыңа төлеуге ақшам жоқ» деп Ажарды алып кетпек болып еді, мектеп директоры Қаратілеуге әрі ұрсып, әрі өтініп зорға алып қалды.

Ажардың ұғынуынша, Қаратілеудің ісіне түсі лайық сықылды: алпамсадай денесінің жауырыны күдістеу келген, алдындағыны тарпа бассалғандай еңкек; қалың қабағында қою, ұзын қара қасы кіші-гірім сақалдай желкілдейді, ойнақшыған кішкене шүңірек қара көзі інінде жатқан жыландай жылтырайды; бет-аузының мұрны мен көз көлемінен басқа жерін түгел жапқан бұйра қою қара сақалдың қылдары аттың ту құйрығындай; саусағының буындарына дейін шоқтала өскен қара қылдар анау-мынау мұрттай; дауысы бұқаның өкіргеніндей жуан.

Қаратілеудің осындай түр-тұлғасына қорқа қарайтын Айман, оның мінезін де ұнатпайтын еді: ісіне байланысты болмаса, аузынан ешуақытта несие сөз шықпайтын, айтатын сөздері әрі долаң, әрі тұрпайы ол, Айманның көзінше Ажарға не әкелік жылы сөз айтқан емес, не сүйіп иіскеген емес.

— Ылғи осылай ма?— деген Айманға:

— Ылғи,— дейтін Ажар мұңайып.

— Әке болмай кетсін, онда!— дейтін Айман кейіп.

Сол әке, Ажарды бүгін де ренжітіп, емтиханға келмеуіне Айман одан да бетер ренжіді де, Ажардың онсыз да ауыр ойын ауырлата түскісі келмей:

— Кеттік, мектепке!— деді.

Олар үйден қолтықтаса шығып мектепке қарай тартты. Мектеп пен бұлар тұратын пәтер арасында қалың орман бар еді, оның ішінде, табиғаттың өзі жол сияқты қып жасаған атқан оқтай түзу кезең бар еді. Сол жолмен жолшыбой кездескен гүлдерді жұла отырып, жасыл бұтақтар арасында сайраған бұлбұл даусына шаттана отырып, екеуі жылдам басып келе жатыр еді, орта жолға барғанда, үсті-

не ақ костюм киген екі жігіт көлденеңдей кетті,— біреуі — аудандық прокурор Салмақпай, екіншісі — заготскоттың бухгалтері Шалабай.

— Жол болсын, қыздар!— деді Салмақпай Ажар мен Айманның алдынан кесе-көлденеңдеп.

— Мектепке барамыз,— деді екі қыз қосынан, Салмақпайды жанап өтуге жолдан бұрылып.

Шалабай ұмтылмай көлденең қарап тұрғанда:

— Асықпаңдар!— деп Салмақпай екі қызды ұстайын деп ұмтылып еді, олар жүгіре жөнеліп, қолына түспеді.

Айманның құлағына «Шалабай Ажарды көңіл етіп, әкесіне кісі салып жүр» деген сөз шалынған еді. «Отыздан асқан, әйелі өлген, үш баласы бар кісіге әкесі неге берсін, берем дегенмен Ажар не көнсін!» деп ойлайтын еді Айман. Ал, өткен қыста әйелінен әлденеге айырылып, алыстағы төркініне жіберген Салмақпай, «ғашықтық сезімін» білдіріп, әнеугүні Айманға записка жіберген, Айман оны жыртып тастаған да, жауап қайырмаған. Содан кейін Айман Салмақпайдың көзіне түспеуге тырысатын. Шалабайдың Ажарда көңілі барын Айман білгенмен Ажар білмейді. Ол жайын аңғарған Айман, оқудан басқада көңілі жоқ сияқтанған құрдасының көңіліне қаяу түсірмейін деп, білгенін айтпайды.

Салмақпай мен Шалабайдан ығыса қашқан екі қыз мектепке жақындады. Ағашын тасып берген колхоздардың көмегін былай қойғанда, салынып біту шығынының өзі сексен мың сомға түскен, ішіне 300 бала еркін сиып оқитын, 500 кісіге жақын адам сиярлық клубы бар,— бұл мектеп екі этажды үлкен қарағай үй еді. Қасында жүз балалық интернат бар.

Айман мен Ажар осы мектептің коридорына кірсе, жан адам жоқ екен. Қабырғадағы сағатқа қараса, жиылыс ашылар уақыт өтіп барады екен. Олар аяқтарын еппен басып залға беттегенде, көлденең бөлменің біреуінен мектеп күтушісінің біреуі Ұлмекен апай шыға келді. Ол мінезі жақсы, балажан адам еді, сондықтан мектеп оқушыларын, әсіресе Ажар мен Айманды жақсы көретін.

— Жиылыс басталып қалды ма, апа?— деді екі қыз, Ұлмекенді екі жағынан құшақтай, құлағына сыбырлап.

— Сендер неге кешіктіндер?— деді Ұлмекен, сұрауға жауап берудің орнына, қыздарды кіналағандай.

Айман қапыда Ажардың кескініне қарап қалып еді, ол

«кіналы менмін» дегендей көзін төмен түсіріп, басын төмен салбыратты.

— Тез барыңдар!— деді Ұлмекен, клубтың жабық есігін нұсқап.

Ажар мен Айман қымсынған қимыл, ұялған кескінмен клубтың есігінен кірсе, ішіне адам лық толып, орындыққа симағандар тік тұр: кейбіреулері терезелердің төменгі жақтауына шығып отырыпты.

Ажар мен Айман олардың арасынан сығылысып өтіп, қабырғаның біреуіне жабыса тұра қалғанда, сахнадағы қызыл шұға жапқан столды айнала отырғандардың ішінен мектеп бастығы Баймұрат түрегелді.

— Жолдастар!— деді ол, залдағы жұртқа көзілдірігінен сүзе қарап,— Мектеп балаларының биылғы жылғы сабақ маусымы бітумен байланысты, балалар мен олардың туысқандарының жиылысын ашылды деп жариялаймын.

Шапалақ ду ете түсті.

— Оқу жылының қорытындысы туралы сөз аудандық оқу бөлімінің бастығы жолдас Мамановқа беріледі.

Жұрт өте зер салып тыңдаған бір сағаттық баяндамасының басында, Маманов: патша өкіметі кезінде қазақша мектеп болмағанын, араб-парсы мектептерінен оқыған қазақ балалары бес-алты жылда зорға хат танитынын, орысша школадан қазақ баласы аз оқығанын, революциядан бұрын қазақ халқының үш процентi ғана сауат білгенін, онда да бай балалары ғана оқып, еңбекші бұқараға білім есігі жабық болғанын айтты. Содан кейін ол Октябрь революциясының, коммунистік партияның ұлт саясатының жемістерін айта кеп, аудандық көлемдегі оқудың хал-жайына тоқтады.

— 1935 жылы Алматыда болған мәдениет қызметкерлерінің съезінде ауданның халқын жүз процент сауаттандырғанымыз үшін үкіметтен грамота және сый алған едік,— деді ол — ал, мектеп мәселесіне келгенде, биыл мектеп жасындағы балалар жүз процент оқуға алынды. Екі класты мектептен түгел арылдық. Қазір бар жердегі мектеп те төрт класты. Жеті жылдық мектеп ауданда бес жерде. Осы мектеп алдағы күзден он жылдыққа айналады.

Сөзінің аяғында Маманов мектептің кемшіліктерін айта кеп, бірнеше минут қыздарды оқыту мәселесіне тоқтады.

— Өткен жыл,— деді ол,— төрт жылдық мектепті бітірген әйел балалардың саны ауданда 300 ге жақын бар

еді, содан ілгергі кластарға түскені он жеті ғана. Тексере келгенде өзге әйел балаларды туысқандары он бес, он алты жасынан ерге беріпті.

Маманов қыздар мәселесіндегі бірнеше қылмысты істерді санай кеп, ақшаға айналған қалыңмалдың белең алғанына бірнеше дәлелдер келтірді. Соңғы сөзін ол, әйел балаларға ең аз дегенде жеті жылдық мектепті бітіруге қолдан келген шараның бәрін жасауды айтты.

Мамановтан кейін желпініске шыққан жұрт, оның әйел балалар туралы айтқанын түгел қолдады.

Сөйлеген жұрттың көбірек ауызға алғаны Ажар болды. Мектептегі комсомолдардың, мұғалімдердің, әртүрлі үйірме бастықтарының сөздеріне қарағанда Ажар барлық сабақтан да озат оқушы екен. Тәртіп жағынан да, әлеумет ісінен де үлгілі оқушылардың бірі екен.

Баяндама мен жарыс сөздер біткеннен кейін, озат балаларға сыйлық, мектепті бітірген балаларға аттестат тапсырылды.

Бірінші боп Ажар шақырылды. Сұңғақ бойлы, көркем қоңыр өңді ол, қуаныштан да, залдағы жұрттан қымсынудан да жүрегі тулап, бойы дірілдеп, беті дуылдап орнынан қозғалмап еді, қасындағылар «бар, бар!» деп итермеледі. Оған да қозғалмай тұрғанда:

— Бар ма, Қаратілеуова Ажар?— деді директор.

— Мұнда!— деп ду етті балалар.

— Ажар, кел мұнда!— деген директордың даусы, оны орнынан арқандай сүйрей жөнелді. Жұрт қол шапалақтады.

Бұл жолы шаттанудан гөрі қымсыну есін кетірген ұялшақ жас қыз, сахнаға ақылдың емес, қуаттың бастауымен көтеріле берді.

— Жаным-ау, Қаратілеудің қызы жастау сықылды еді ғой... соқтауылдай болып қапты ғой өзі!..— деп күңкілдесті көзі түскендер.

Стол алдына барған Ажарға директор қысқа ғана құттықтау сөз айтты да, қызыл барқыт тысы бар папкеге салған аттестатын ұсынып:

— Бұл білімнің өзі емес, оған баратын жолдың нұсқауы ғана деп түсін, Ажар шырағым. Ілгері оқып, отанымыздың зор білімді адамының бірі болуыңа, сол білімнің жемісін халыққа беруіңе тілектеспін.

Шапалақ ду ете түсті. Қолына тиген аттестатты Ажар ала жөнелуге ыңғайланғанда:

— Тоқта, шырағым!— деді директор.

Тоқтай қалған Ажарға ол, түбін алтын жазумен әшекейлеп, бұлғарымен тыстаған Пушкиннің алты томы мен, әдемілігі сондай Абайдың бір томдығын қолына ұстатқанда, қуаныштан лүпілдеп соғып, кеудесіне зорға сиып тұрған Ажардың жүрегін еліктегендей, шапалақтың шартшұрт соғылуынан, қарағай үйдің іші күңіреніп кетті...

Сыйлықтарын қолтықтай залға түсе жүгірген Ажарда ес болған жоқ.

Бірер сабақтан ғана «төрт» алғандықтан «ударник» атанған он шақты оқушының тізіміне Айман да ілекті.

— Жолдастар!— деді директор, сый беріліп бітіп, балалардың оқу отметкелері жарияланғаннан кейін, жиылысты жабарда — отыз жыл бала оқыттым. Жасым елу екіде. Сол жасымды мен советтік замандай бақытты елді, бақытты елдің бақытты балаларындай балалар көрген емен. Мен енді сөзімді көп созбаймын. Созуға мүмкіндігім де жоқ,— қуанышты жүректің жиылата соғуынан алқынып тұрмын. Аз сөзде айтарым — мектеп балаларын жанымдай жақсы көремін. Әсіресе, жақсы оқыған баланы. Жаңағы бірінші бәйге алған Ажар деген бала менен үш жыл оқыды. Мен оған және мектепті бітірген өзге балаларға шын әкелік, туысқандық жүректен бақытты сапар тілеймін!..

Шапалақ ду етті...

«Басқа айтар сөз жоқ» деп ойлап, «жиылыс жабылды» деп жариялауға қол шапалақтаған жұрттың басылуын күтіп тұрған Баймұрат, біреу иығынан түрткенге жалт қараса «Азат» колхозының председателі Мақсұт екен.

— Жолдас директор!— деді ол — маған қысқаша сөз беруіңізді өтінем...

— Не туралы?

— Оны сөйлегенде көрерсіз.

Баймұрат Мақсұтқа таңдана бір қарап қойды да, көпшілікке әуелі оның кім екенін таныстырып ап сөз берді.

— Жолдастар!— деп бастады Мақсұт сөзін,— мен көп сөйлемеймін. Тек қуанышымды ғана айтам. Сіздер жаңа жақсы оқыды деп құрметтеп сый берген бала, Ажар Қаратілеуова біздің колхоздың баласы. Бала үмітімізді ақтады. Осы қуаныш үстінде, сіздерге «Азат» колхозының халжайын айта кетуге де рұқсат етіңіздер. Мақтанды демес сіздер, өздеріңізге белгілі,— бұл колхоз ауданда ғана емес, бүкіл облыста бірінші қатардан орын алады. Колхозда қа-

зір 112 үй бар. Өткен жыл 3600 гектар егіп, өкіметке 2300 центнер астық бердік. Колхозшылар еңбеккүніне 21 килодан бидай алды. Биыл 4000 гектар егеміз. Өткен жылы 70 биенің қымызынан ғана 118 мың сом пайда алып ек, биыл 125 бие құлындады. Орталықта 500 сиыр бар. Екі сиыры жоқ колхозшы аз. Орталықта 3000 қой бар. Өткен жыл колхозшыларға үй басы бұт жарымнан жүн үлестірілді. Ағаш үй салмаған колхозшы бізде бірен-саран ғана. Биыл өз ақшамызға саламыз деп үкіметтен жеті жылдық мектеп сұрағалы отырмыз. Колхоздың бес грузовигі бар. Бүгін жеңіл автомобиль алдық...

Залдағы жұрт сол кезде:

— Бұл жұлдызы оңынан тұрған колхоз...

— Оңынан тұрмай қайтсін,— халқы ұйымшыл, жұмысқа ынталы...

— «Құлдай істеп, бидей іш» деген мақалды ұстаған осылар...

— Бұның колхозшысындай бұрын байлар да тұра алған жоқ...— деген сықылды сөздерді айтып жамырап кетті.

— Сабыр, жолдастар!.. Сөз тыңдаңыздар!— деп директор қоңырау қақты.

— Соңғы айтарым,— деді Мақсұт, шу басылған шақта,— мына Ажар мен екеуміз, колхозымыздың көктемдік сабан тойына, осы мектептің барлық мұғалімдері мен аудан қызметкерлерін, және осы колхоздың стахановшыларын қонаққа шақырамыз!

— Оны ақылдасармыз,— деді Баймұрат.

2. КҮДІКТІ ҚОНАҚ

Ажардың әкесінің үйі — колхоз орталығындағы алаңға жақындау, жан-жағын сиыр сүзіп жапырған, маңайында қоқтығы көп, жамандау шым үй еді.

Бүкіл ауылда бұдан нас үй жоқ. Төрт көше ғып шәһәр тәртібімен салған, жүзден аса үйлердің ең аз дегенде 95 процентті қарағайдан, я басқа ағаштан салғандар. Көп колхозшылардың үйі төрт-бес бөлмеден. Солардың арасында он шақты ғана шым үй тұрады, бірақ аты шым демесе, бұлардың көбі тазалық жағынан ағаш үйге бергісіз: іші-сырты майланып, ақталған, төсек-орындары, ыдыс-аяқтары таза, қора-қопсылары жинақ.

Мақсұттың «қала тәртібін орнатамыз» деп басқаруымен қоныстанған жылы көп колхозшы жақын жердегі ор-

маннан терезелерінің, есіктерінің алдына жас ағаштар әкеп орнатқан, олар қазір жапырақтана биік боп өсіп, ауылды бақшаға бөлеп тұр. Мектеп, диірмен, басқарманың кеңсесі қала ортасындағы алапқа салынған. Олардың айналасына отырғызған ағаштар да жапырағы жайқалып өскен.

Осындай бай тұрмыстың ортасында, өзінің үйі, баяғы заманның қайыршы кемпіріндей, не қотыр малдың терісіндей жалба-жұлба боп қиқайып тұрғанына Ажар қатты ренжитін. Бұл жайды әкесіне бірер рет айтып, түзетуін өтінген шақта, қырсау әке үндемей жауап берген де, қыз өтінішін қайталай берген соң:

— Тәйт әрі, мазамды алмай, өзің үй болғанда түзерсің, менде жұмысың болмасын!— деп ақырып тастаған. Одан кейін әкесіне бұл жайда сөз қатуға бата алмайтын болған.

Енді, міне, жеті жылдық мектепті бітіріп, күзге қарай, Н... қаласындағы он жылдық мектепке түспек болып үйіне келген Ажар, «тілімді енді де алмас па екен» деген үмітпен, тұрмысын түзеу жайында, әкесін тағы да қажап көріп еді, тас қалпынан бүлк етпеді. Ол, өз ақылынан басқаны тыңдамайтын қырыс, кер азу, мінезі ұрт адам да. Жанына жақпаған істе, кім де болса бетінен алып қауып тастайтын.

Сол мінезінің үстіне Қаратілеу өлгендей жалқау. Жасы қырық бестерге жаңа келген, күші қайтпаған, істеп кетсе жұмыс алдынан бұрқырап отыратын кісі болғанмен, үйінде тым-тырыс жата береді де, табысы болмаған соң не аспа, не киімге жарымай жүдейді де жүреді. Ажардан басқа жаны — әйелі. Бірде ауру, бірде сау оның тиіп-қашты еңбегі кімді жарытады? Қылығына қарап, Қаратілеуді колхоз басқармасы мүшеліктен шығарып жіберуге талай рет оқталады да, жалғыз Ажардың көңілін қимағандықтан қалдыра береді.

— Егер колхоздан шығарсақ — дейді Мақсұт басқарманың өзге мүшелеріне,— қара ниет шіркін, күшігін жеген қасқырдай, жалғыз баласы Ажарды, бізге білдірмей біреуге ұрлап беріп жіберуі де мүмкін. Бұл хауіпті ол бекерге айтпайды. «Азат» колхозы россиялық федерацияның кейбір облыстарымен көршілес отыр. Бұл маңайдың байлары, ауыл шаруашылығы колхоздана бастаған кезде сол облыстарға қашып кетіп, іздерін таптырмайтын жерлерге орналасып алған. Ескі қоры ма, ұрлық па, сауда ма — ақшалары көп олар, кейде, артта қалған «ауылдарына» жасырынып келеді де, ескі әдеттен шыға алмай жүрген біреулердің қызын сатып алып, қызды қапыда арбасына басады да

жоғалады. Қаратілеу Ажарды да сөйте ме деп қорқады Мақсұт. «Ажар қорқар» деген оймен, бұл күдігін оған сездірмейді, бірақ, өзі сыртынан қарауыл болады...

Мектепті жақсы бітіріп бәйге алып келген баласына Қаратілеу қуанбады.

— Өзіме тиер пайдасы жоқ оқудың керегі не?— деді ол, құтты болсын айтып келгендерге.

Балам деп ешуақытта мейірі түсіп көрмеген әкесінің бұл қылығына Ажар онша ренжи қойған жоқ.

Ендігі оның уайымы — колхозға келетін қонақтар. Мектепті бітіріп, Мақсұттың машинасына мініп келе жатқан Ажар сұрастырып көрсе, егінін кезінде ойдағыдай сеуіп, малдарын ойдағыдай төлдеткен «Азат» колхозы сабан тойын жасауға ұйғарған екен, көрші колхоздар да, аудан орталығының адамдары да осы тойға шақырылған екен. Ажар бұл сөзге «біздің мектепті бітіруімізге жасайтын той екен десем!..» деп өп-өтірік өкпелеген болып еді, шын өкпеге жорыған Мақсұт,— «Оралдының он тойы бірге келеді» деген, шырағым, той жасалса болды да, атағы бәріңе де жетеді» деп жұбатты.

Ажар колхозға келсе, бүкіл колхоз болып та, жеке үйлер болып та тойға келушілерді жақсылап қарсы алуға күтініп жатыр екен. Өз үйіне қараса, не ішінде, не сыртында қонақ түсер сиық жоқ.

Бұл жайға Ажар қатты намыстанды да, әкесінің қабағын түйіп ұнатпағанына қарамай, көршілес үйлердің жас әйелдерін шақырып әкеп, әуелі сары балшықпен, содан кейін, колхоз орталығынан сұрап алған бормен іші-сыртын майлатты. Үй ішінің тозығы жеткен шөптерін шығарып, бүргесі өлсін деп, әуеле ащы ермен төсетті де, одан кейін су құйып сыпыртып, қалың ғып таза шөп төсетті. Төсек-орындарды далаға, күнге жайып шаңдағын қақтырды, икемге келетін кірлерін жудырды... Сонымен, ертең қонақ келеді деген күні, Қаратілеудің үйі де адам тұратын қуысқа ұқсады. Алғашқы күндерде кірпігін жөнді жұмбай, талаған бүргеден түн бойы етін тырнап шыққан Ажар, үй жайғасқан күні жақсылап тұрып ұйқтады...

Ертеңіне ертемен оянса, ұйқысы қанып, бойы сергіп қалған екен. Үйдің іші жарық. Оң жақ босағада жатқан әкесіне көзі түсіп еді, бүргеден тиышталған ол, ауасы таза үйде қор-қор етеді...

Шешесі тұрып кеткен екен. Ажар жеңіл ғана киініп далаға шыққа күн көкжиектен жаңа көтеріліп келеді, һауа

сап-салқын, тұп-тұнық. Жан-жаққа өрген табын-табын мал азан-қазан, у-шу.

Колхоздың қаласы салынған орын, айналасында он, он бес шақырым түгел көрінетін дөңесте еді, айналасы керілген жап-жасыл жазық дала. Қаланың әр жерінде шоғырланып өскен қарағай. Бір жақ бетте жиегі көкпен астасып жатқан жап-жасыл егін өлкесі, таңғы самалға теңіздей тербеледі. Әлдеқайдан таңғы тұнық һауаны дірілдетіп трактордың даусы естіледі...

Колхозды ауылдың ішкі-сыртқы көркем көрінісі билеп алған Ажардың сезімін,— «әй, бала!» деген дауыс бөліп жіберді. Ол жалт қараса, пар ат жеккен, арбасының үстінде күркесі бар, артына бұзаулы сиыр тіркеген, қазақша киінген қара сақал біреу түсіп тұр екен.

— Бері келші, шырағым!— деді ол Ажарға. Танымайтын адамды жатырқаған кескінмен Ажар жақындады.

— Кім баласысың?— деді ол, қасына таянған Ажарға.

— Қаратілеудің...

— Сен Ажар емеспісін?!— деді анау таңданған даусыспен.

Ажар «бұл кім, мені танитын?!» деп таңданған кескінмен басын изеді.

— Алда қарағым-ай! Денің сау ма? Жігіт боп қапсын ғой!— деді сақалды.

Осы кезде арба үстіндегі күрке ішінен бір әйел басын шығарып:

— Не дейді жаным-ау, Ажар ма?!— деді.

Олардың кім екендерін Ажар енді ғана жорамалдады: 1929-жылы кәмпескеленген Қарамырзаның келіні Салиқа!.. Қара сақалдың кескіні соның күйеуі Төлебайға ұқсайды. Ажар білетін кезде Төлебай сақалын қырып жүретін, мұртын қысқартып қоятын. Ажар көз тоқтата қараса — сол — Төлебай...

— «Жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан шықсын» дегендей,— деді Төлебай, Ажарға күле қарап,— алдымнан жақсы кездестің-ау, шырағым. Іздеп келе жатқаным сіздің үй еді. Үйлерің осы ма?

— Осы,— деді Ажар.

— Мал-жандарың аман ба? Әке-шешең аман ба?..— деп, Төлебай жылдамдатып кетті. Салиқа да арбадан түсе ғап, «алда, қарағым-ай!» деп Ажарды сүймек болып еді, Ажар қымсынып сүйдірмеді.

Осы кезде қолтығына шөмшек қыстырған Ажардың шешесі Айсары, адырдың бір саяңынан шыға келді.

— Оу, Айсары жеңгей ғой, мынау! Денің сау ма?— деп Төлебай оны қарсы алып еді:

— Көтек-ау!— деді Айсары шошып кеткендей одырая қарап,— Сен Салжігіт емеспісің?!..

— Ұқсамаймын ба?— деді Төлебай күліп, Айсарының қолын алып.

— Өзгеріп кетіпсін ғой!.. Танымай қала жаздадым ғой!.. Мал-жандарың аман ба?

— Аманы да, жаманы да бар. Аманымыз келдік.

Төлебай жылағандай көзін сүртті. Жолықпай жатып «жаманы» не екенін сұрауға Айсары ыңғайсызданды. Сонымен қатар, Төлебайдың ауырлай қалған сезімін жеңілдету мақсатымен:

— Иә, жол болсын, Салжігіт?— деді.

— Әлей болсын,— деді Төлебай көзін сүртіп, нық дауыспен, елге келе жатқан бетім. Келмегеніме алты жыл. Жырақ жерде жүрдік. Бұндағы туыстардың кімі өлі, кімі тірісін біліп, өліге бата, тіріге сәлем беруге келдім. Ауылдар араласып кетті ғой колхоз болған соң. «Біздің ауылдан бір қозғалмаса сол үй қозғалмаған болар» деп, сіздің үйді алыстан әдейі көздеп келдім. Таптым, құдайға шүкір!..

Сол кезде қастарына барған Салиқа да Айсарыға өліп-өшіп амандаса бастаған соң, олардың қасында өзін артық кісі санағандай, Ажар үйіне кіріп кетті. Қаратілеу әлі де ұйқтап жатыр екен.

— Аға!— деді Ажар әкесін оятып.

— Ә!— деді Қаратілеу көзін уқалай түре келіп.

— Кісі келді...

— Кім?— деді Қаратілеу есінеп, керіліп.

— Баяғыда кәмпескеленіп кеткен Төлебай,— деді Ажар ұнатпаған дауыспен.

— Не дейді, мынау?!— деп Қаратілеу орнынан атып тұрды да, етігін аяғына, шекпенін үстіне сұға сап, далаға жүгіре шығып кетті.

Қаратілеу үйден шыққан кезде Төлебайдың арбасы үй алдындағы төбесі ашық қораға кіріп үлгерген еді. Қайдағы бір қимасын көргендей, Қаратілеу мен Төлебай құшақтаса кетті. Әкесінің ізін шала тысқа шыққан Ажар, құшақтасқандарға қарамастан, көшеге қарай сып етіп өте шықты. Қаланың күншығыс жақ шетінде қарағайдан қиып сал-

дырып жатқан жылқының кең қорасы бар еді, Ажар соған қарай жөнелді. Оның іздегені — Мақсұт. Ат қораға тура тартқан себебі мезгілдің осы шағында, Мақсұттың ат қора маңында жүруін көргені бар еді.

Жүгіре басқан Ажар, төбесі жабылып, терезелері орнатылып, сәкісі салынып боп, іші бөлініп жатқан кең ат қораның ішіне кірді де, жұмысшылардың бірінен Мақсұтты сұрады.

— Жаңа ғана темір жол станциясына кетті,— деді ол.

— Неге?

— Оншасын білмедім.

«Қап!»— деп өкінді Ажар. Келген жұмысы — жағымсыз қонақтың жайын айтпақ еді, оның сәті түспеді.

«Тез келсе екен!» деп асықты Ажар.

Жағымсыздығының үстіне, күтпеген «қонақтың» бұл келуі, Ажарға күдікті көрінді.

3. ӨРШІГЕН КЕК

«Мауқымды бастым» дегендей Төлебай құшағын жазғанда Қаратілеу кескініне қарап еді, жылағандай көзін сүртіп тұр екен.

Қаратілеудің мінезіндегі тағы бір өзгешелік,— біреудің қайғысына онша елжірей қоймайтын еді, егер әлдеқалай елжірей қалса, көзіне жас алмайтын еді. Өзге түгіл, өзінің балалары өлгенде де ол жылап көрген емес.

Құшағын жазған Төлебай Қаратілеуге жампаңдай амандаса бастап еді:

— Үйге кірейік,— деді ауыр мінезді Қаратілеу.

Салиқаға ол үйге кіре амандасты. Қаратілеудің бұндай салқындығы, бұрынғы мінезі екенін, әлде, келгенін ұнатпай отырғанын біле алмаған Төлебай, үйге кіре, жылдамдата сөйлеп хал-жайын айтып кетті. Оның баяндауынша,— канпескеленіп кеткенде Төлебайдың әке-шешесі, екі інісі, баласы бар еді. Олардан кім аман, кім жаманын Қаратілеу білмейтін, үйткені кампеске болғаннан кейін ұзап көшкен оны көріп тұрғаны осы. Әке, шешесі өлген, бір інісі, екі баласы өлген. Тірі інісі келіншек алып, Тумень қаласына орныққан. Өзі елден кеткелі сол облыстың бір совхозында жұмыста екен.

— Ел іші тыныштады деген хабар алғасын,— деді Төлебай жай-күйін айта кеп — және өзіміз сықылды үкімет науқанымен елден көшкен адамдар туған жеріне қайтып

жатыр деген соң, мен де туған жердің топырағын иіскейін деп, колхоз рұқсат етсе көшіп келейін деп сапар шектім.

«Жұрт қата айтқаны ма?» деген ой келді Қаратілеуге, Төлебайдың сөзін естігеннен кейін.

Елден кеткелі екі рет ұрлықпен сотталғанын, бір рет ұстаған милицияны өлтіріп, бір рет лагерьден қашып кеткенін, інісі колхоздың қорасына түсіп ат ұрлағалы жатқанда атылып қалғанын, Батыс Сибирь облыстарының көп ауданына қылмысымен симай, елге амалсыз келгенін жасырғанда Төлебайдың беті шімірікken жоқ.

«Колхоз бастығы Мақсұт» деген сөз Төлебайдың құлағына тиышсыз тиді. Мақсұттың әкесі Қарамырзаның есігінде өмір бойы жалшылықта тұрып өлген еді, өзі де 1925 жылға дейін сол байдың есігінде жүріп, сол жылы қызыл отаудан сауатын ашқан еді де, 1929 жылы Қызылжардағы бірінші басқыш совпартшколаны бітіріп қайтқан еді. Сол жылы ауылда жаппай колхоздану мен бай-кулакты жою науқаны жүріп, Қарамырза үйін ол өз қолынан канпескелеген еді. Сол жылы Тумень облысына көше қашқан Төлебай, қазірге дейін елден қол үзіп хабарласпай кеткен еді де, колхоз председателі Мақсұт екенін білмеген.

Енді Мақсұттың колхозда председатель екенін Қаратілеуден білгеннен кейін:

— «Неде болса тәуекел!— деп бекінді Төлебай, аужайын байқармын да, қабағы түзелсе көшіп келе қалармын, баяғы әніне басса жөнімді табармын».

Оның «табатын жөні»— тұрған жері ұнамай бара жатса, түнді жамылып жыту. Осы «кесіпке» дағдыланған ол, Сибирь облыстарының талай жерінде тұрып, талай жерінен қашты. Әдетте ол, қайда барса да не колхоздың, не совхоздың малын бағу қызметіне тұрады. Тайгалы Сибирьде, әдетте, мал қалың ағаштың арасындағы алаңдарға бағылады. Төлебай да тұрған жерінің малын сондай тұстарға бағып, жыныс орманның ішінде, жаз бөренеден қиған шошалада, қыс ағаш үйде отырады.

Бірақ, бұндай жерде ол ұзақ отыра алмайды. Оған себеп,— канпескеленбеген бай кезінің өзінде оның қолы ұрлық пен саудаға епсекті болушы еді. Канпескеленгеннен кейін бұл кәсібін ол үдетіп, бағатын малының пайдасы жақсы тұруға жеткенмен, ұрлықсыз, саудасыз отыра алмайды. Қашып үйренген оның арба, сайманы мен екі пар аты даяр болады. Егер қылмысы сезіле қалса, малды да, үйді де иесіз тастап, үйіндегі жандарын, керек мүліктерін

ғана алады да, түнді жамылып, таптырмайтын бір жаққа жытады. Осындай тұрмысқа дағдыланған ол, бар табысын ақшаға айналдырып, күнделік ішім-жемнен артылатын малды ұстамайды.

Елге де жақсы тұрмыстың айдауымен келіп тұрған жоқ, қызмет атқарған бір совхоздан әлденеге қашып кетіп, бала-шағаларын елеусіз бір жерге қоя тұрып, егер ел іші тиышты болса орныгар ма екем деп келіп тұр.

Қаратілеудің оған аталастық жағынан жақындығы бар. Былай да ескішіл Қаратілеу, рушылдық ұғымда тіпті ескішіл еді. Төлебай қу оның сол ұғымын пайдаланып, әрдайым оны аға тұтқан боп, ақылдасқан, сенген боп жүретін. Мысалы, 1928 жылы Төлебай үкіметтен жасырған 500 бұттай бидайын даладағы екі ескі құдыққа тығып «саған ғана сендім» дегенде, Қаратілеу «өлтірсе де айтпан»— деген уәдесіне жетіп, келер жылы аман-есен қолына тигізген. Одан кейін, қорасының ішіндегі сабан маясының астына сандықпен тыққан Төлебай үйінің асыл бұйымдарын колхоз активтері тауып алғанда:

— Менің тықпауыма құдай куа. Өзге біреу тыққан болар,— деген сөзінен Қаратілеу танбаған.

Көптен көрмеген сондай сенімді «туысын» Төлебай сынап байқаса, баяғы қаймағы бұзылмай сақталған көрінеді. Оған қуанған Төлебай, «туысқандық сезімін қайрай түсейін» деген оймен, Қаратілеудің жүйесін босатады-ау деген әлденелерді айтып, ауыр мінезді «ағасын» күрсіндіріп, өзі жылап та алды.

Біраз сырласып кеңескеннен кейін:

— Таң намазы өтіп барады екен,— деді Қаратілеу түре кеп — «досың кездессе жолыңнан қаласын» дегендей, күн сәскеге барып қапты ғой!..

— Біз намазды ұмытқалы қашан,— деді Төлебай, демін ауыр ап,— «ораза, намаз тоқтықта, тәлімсіген молданың, сәлдесі қалар боқтықта» дегендей, намазды құнттайтын жайым болды ма менің елден кеткелі? «Аштан өлмеу, көштен қалмау» ғана болған жоқ па, ақыл-ойымды жұмсағаным? Қанша айтқанмен, орныгып отырған адамсыңдар ғой, Қареке,— намазды оқиды екенсіңдер ғой, сендер?

— Намазды елде де ұмытты,— деді діншіл Қаратілеу күрсініп,— бірен-саран шалдар болмаса, былайғылар намаз дегенді білмейді.

Тысқа шығып дәреттенгеннен кейін үйіне қарай аяңдаған Қаратілеуді Мақсұт пен Ажар алыстан көрді.

— Әкең — деді Мақсұт Ажарға күліп,— жұмысқа жалқау болса да, намазға жалқау емес. Осы ауылда осыдан басқа намаз оқитын бес-алты кемпір-шал ғана бар.

— Қой деп неге айтпайсыңдар, оларға?

— Кім ұлықсат етеді оған?— деді Мақсұт салмақтанып,— дінге сену-сенбеу жұмысы, әркімнің қара басына ғана байланысты іс. Оны заңмен тиюға болмайды.

— Солай-ақ болсын, ағай. Дініне тиым салмай-ақ қойыңыздар. Ал, енді, жалқаулығына неге тиым салмайсыздар?

— Қайтіп?.. Үгіттейміз,— болмайды; колхоздан шығарамыз деп қорқытамыз — болмайды; не істеу керек енді?..

— Шығару керек колхоздан!— деді Ажар нық дауыспен...

— Бір сенің көңіліңе қарап...

— Несіне қарайсыздар менің көңіліме? Жалқау екен, тіл алмайды екен,— несіне ұстайсыздар колхозға мүше ғып?.. Шығарыңыздар!.. Қарны ашқан күні қайта кіреді колхозға. Содан кейін жалқаулықты қояды...

Демін соза алған Мақсұт:

— Егер оны істесе!..— деді де аржағын айтпады.

Қаратілеу бұларды көрмеген адам сияқтанып үйіне кіріп кетті.

Оның ізін шала Мақсұт пен Ажар кірсе, буы бұрқыраған самауыр жасаулы тұр, Қаратілеу намаз оқып жатыр. Қисайып жатқан Төлебай Мақсұтты көргесін басын көтеріп орнынан түре келді.

Төлебаймен де, әйелімен де салқын ғана амандасқан Мақсұт, «ағай намазды төпеп жатыр екен ғой!» деп күліп еді, намазын бітірді ме, болмаса, Мақсұттың қалжыңын ұнатпай қарсы жауап айтқысы келді ме — Қаратілеу жәй намаздан бетін бері бұра, сөйлей түре келді.

— Өлсек бізге жаназа намазын оқитын ешкім де жоқ,— деді ол, шын сөзін қалжың түрде айтпақ боп, бірақ, бұл ниетіне даусы көнбей,— одан да, өзіме керекті намазды тірі күнімде оқып алайын деп жатқаным да, шырағым, Мақсұт. Өлгеннен кейін, киім-кешегімді бөлісіп аларсыңдар да, соның ақысы үшін денемді топырақка жасыра саларсыңдар.

— Ол дұрыс қой, Қареке,— деді Мақсұт қалжыңды дауысын өзгертпей,— бірақ, сенің бұл өсиетіңді орындау үшін, киім-кешектерің қызғылықты болу керек қой. Ондай киімдер сенде жоқ қой; болу үшін, колхозда белсене

еңбек атқару керек қой. «Құлдай істеп, бидей іш» демей ме, аталарымыз?

Бұрынғы әдеттерінде, Қаратілеу мен Мақсұт әуелі осылай ойнап, артынан жанжалдасып қалатын еді. Сол дағдысымен Қаратілеу көтеріліп келе жатыр еді, мінезін білетін Төлебай көлденең сөздерге жұбатып жіберді.

Шай ішіп отырып Төлебай Мақсұтқа жүрген жол мәнісін баяндады.

— Әуелде надандықпен, өкімет заңына түсінбей тұладық — деді ол, елден кеткелі басынан кешкен оқиғаны баяндай кеп,— ол қылығымыздың қата екенін енді түсіндік. Жасыратыны жоқ: «өкіметке бергенше» деп талай аяулы малдарымызды жойдық та, саттық та: кім көрінгенге ұрлап шығарып та бердік. Қанша астығымыз жер астында шіріді. Сол ісіміз барып тұрған ақмақтық екенін енді ұқтық. Осы өкіметтің ісінде ешбір терістік жоқ. Байдың кедейді жегені рас. Өзіңнің әкең, сен өзің біздікіне қанша еңбек сіңірдіңдер. Надан кезде сол еңбектеріңді бағаладық па?— Жоқ!.. Бай-кулакты үкімет дұрыс кәмпескеледі. Байлық бір қолда тұрғаннан, көптің қолында тұруы жақсы екенін кейінгі жылдарда ұқтық. Ендігі жалғыз тілек: туған жерге көшіп кеп көптің ортасында адал еңбек атқарып отыру... Елге келген себебім сол...

— Енді адалдығымды документпен дәлелдейін,— деп Төлебай үлкен бұлғары күмәжнигін ішкі қалтасынан суырып алды да, бүктесіні жыртылған справка қағаздарды Мақсұтқа біріндеп бере бастады, Мақсұт оқи бастады.

Қазақстаннан шеткері шыққан бай-кулактардың кейбіреулерінің кәсібі,— барған жерлеріндегі кейбір құлқынның құлдарын тауып ап, көмейлерін тығындау арқылы, салақ кеңселерден ұрлап алған мөрі, штампы бар қағаздарға «пәлен жерде пәлен уақыт қызмет атқарды» деген справкалар жасатып алатын еді. Төлебайдың Мақсұтқа ұсынып отырған справкалары — сондайлар. Мақсұт олардың бәрін қарап шықса, Төлебай елден аттанғалы: завод, фабрик, темір жол, совхоз жұмыстарынан қол үзбеген және қызмет атқарған орындарынан ылғи мақтау қағаз алып шыққан...

— Қызмет жайым осылай болды, шырағым!— деді Төлебай мақтанған кескінмен Мақсұт отыз шақты справкені оқып шығып өзіне қайырғанда.

— Аз жұмыс емес,— деді справкелерге сенерін де, сенбесін де білмеген Мақсұт,— көп жұмыс...

— Енді қалай!— деді Төлебай масаттанып — басында ақылы бар кісі үкімет ұранына үн қосатын уақыт болды. Ендігі бақыт еңбекте ғана екенін білмеген кісі барып тұрған оңбаған. Ондайларды атып өлтірсе де обал жоқ. Елден кеткелі атқарған ісім осы. Көшіп келуімді мақұл көрсеңдер, туған жерде орныгып отырғым келеді, ал, алда-жалда «оның реті келмейді» десеңдер мекеніме қайтып отырам.

Сөйлесіп отырғанда Мақсұттың көзі үйдің ішіне түсті. Ажар жөндегенге шейін бұл үйге кіргенде, сасық иістен мұрнын басып зорға отыратын еді. Қазір іші жап-жаңа, hауасы тап-таза. Әнеугүні ол «тойға келген қонақ үйіңе түседі» деген сөзді Ажарға қалжыңмен айтса, енді Қаратілеуге ырасымен айтпақ боп:

— Ажарың келгелі үйіңнің көркі кіріп қапты ғой, иіс-қоңыстан арылып, іші-сырты тазарып,— деді.

— Несіне кекетесін?— деді Қаратілеу, бұл сөзді көңіліне ауыр алып,— Мен сенен үй сұраған жоқпын ғой, ешқашан? Құдай жаманымнан жарылқасын. Жұрттың жақсысынан не пайда.

— Биыл аманшылық болса егіннің беті жақсы боп келеді ғой. Сенен кедей Байтоқ былтыр 900 пұт астық алып, 800 пұтына екі бөлмелі ағаш үй салды. Жаңа жылдан бері, алты ай бойына жиырма бес қана еңбеккүнің бар. Байтоқтың еңбеккүні қазір екі жүз елуден асып барады. Күзге шейін қимылда, ағаш үйге сенің де әлің келуіне мен кепіл болайын,— деді.

— Басымды қатырма!— деді Қаратілеу тік келіп. Ағаш үй, мағаш үйіңмен өзің бай бол. Жұмысқа бармады десең білгеніңді істе.

Қаратілеудің ашуы молайып бара жатқасын, Төлебай Мақсұт жағына шығып, еңбек істемеуінің қаталығын көрсеткен болды. Бұрын тыңдап қалғандықтан ба, болмаса қонақ деп сыйлады ма, Қаратілеу Төлебаймен қайымдасқан жоқ.

Әңгіме үстінде бірер шәшке шай ішкен Мақсұт, «жұмыстарым бар еді» деп кетуге үйдегілерден рұқсат алғанда Ажар соңына ере шықты.

— Қайда барасыз?— деді Ажар, үйден шыға.

— Басқармаға.

— Мен де бірге барайын?

— Жүр.

Қатарласып келе жатқан Мақсұтқа:

— Қалай, ағай, біздің қулак «бауырымыздың» сөздері ұнады ма?— деді.

— Өзіңе ше?,— деді Мақсұт Ажарға күле қарап.

— Менімше, сөзінің бәрі жалған.

— Сонда не істеу керек оған?

— Қуу керек!

— Колхозға кірем деп келіп отырған көрінеді ғой,— деді Мақсұт қуланған оймен, бірақ, ол ойын кескінінен де, дауысынан да аңғартпай.

— Аласыздар ма?— деді Ажар, Мақсұттың сөзін шын көріп.

— Оны басқармада шешеміз,— деді Мақсұт, енді шындап.

Бүгін басқарманың мәжіліс жасайтын күні еді. Мана, Мақсұт Қаратілеудің үйіне кеткенде, басқарма мүшелері жиналып жатқан. Енді Ажар мен Мақсұт келсе, мәжілісқе қатнасатын адамдар түгел екен.

Қарайтын өзге мәселелер де бола-тұра, Мақсұт Төлебайдың қысқаша жазып берген арызын бірінші мәселе ғып қоюды хажет көрді. Ең әуеле ол кекетусіз, қалжыңсыз түрде Төлебайға жолыққанын, оның не сөздер айтқанын басқарма мүшелеріне қысқаша айтып шықты.

— Берілген арызды қарамауға хақымыз жоқ,— деп бітірді ол сөзін,— мәселені қалай шешу еркі сіздерде.

— Осындайларды әр жерде алып жатыр ғой,— деп әлдекім күңк ете түсіп еді, басқарма мүшелерінен Меруерт деген сауыншы әйел оған шаптыға кетті:

— «Ежелгі жау — ел болмас» деген мақал бар емес пе?— деді ол,— «жау аяған — жаралы қалады» демей ме? Жұмыс істегісі келсе бұдан басқа да жер жетеді. Мен алуға қарсымын.

— Бұнықі баяғы байды құбыжық көретін ескі көзқарас,— деді құрылыс ісінің бастығы Жапар сөз алып,— еңбектен қашса бір сәрі. Егер кәмпескеленгеннен бері жұмыс істеген документтері болса, Мақсұт оларын көрсе, қашатын не бар? Еңбекпен түзелген талай байды көріп жүрміз. Менімше алу керек.

Алу, алмау туралы басқарма мүшелері екі-дай айтысқа кіріскенде, тұнжыраған Ажар үн-түнсіз аз уақыт отырды да, әлден уақытта қолын көтеріп сөз сұрады.

— Менімше алмау керек!— деді ол.—«Неге алмау керек»? деген сұрауға менің айтар дәлелім де жоқ. Менің бар дәлелім — Төлебайдың өзге үйге емес, біздің үйге түсуі.

Естуімше, бұл колхозда оның әкемнен жақын да туысы бар. Ендеше, неге ол біздің үйді таңдап кеп түседі. «Балықшы балықшыны алыстан көреді» деп орыс мақалы айтқандай, осы колхоздағы көп үйден, ең артта жүрген біздің үйді, яғни — менің әкемді таңдауы жай емес. Мұнда, менімше, үлкен мән бар. Сол мәнді анықтамай Төлебайды колхозға қазір ала қою, менімше, тым асығыстық...

Ажардан кейін Мақсұт сөйлеп, оның сөзін қолдады да, бұл мәселені ашық қалпында қалдыра тұруды мақұл көрді. Беделді және әділ председательге ешкім қарсы болмай, оның ұсынысы қабылданды.

Бұл сөздердің бәрін, Төлебай есіктен сығалап тыңдап тұр еді. Меруерттің қарсы болғаны оған жат көрінген жоқ, себебі — үйінде сауыншы боп жүргенде Төлебай оны талай тілдеп, талай сабаған. «Сол кегін ұмытпаған екен!» деді де қойды ол ішінен, Меруерттің сөзін тыңдап алғаннан кейін.

Өзге қарсы болғандарға да ол онша өшіге қойған жоқ,— себебі,— олар да бұның тісі, тырнағы батқандар.

Ал, Ажар сөйлегенде, Төлебай ызадан жарылып өле жаздады. «Мұнықі не?— деп ойлады ол, Ажар қарсылық сөз айта бастағанда,— бұған не жаздым мен?!»

Ажар сөйлеп болғаннан кейін, «қап, қаншық-ай!— деп кіжінді ол, жұдырығын түйіп, тісін қайрап,— тұра тұр, асықпа, бәлем!..»

Мақсұт Ажардың сөзін жақтап ұсынысын өткізгенде,— ыза мен кек кеудесін кернеген Төлебай, өз бармағын өзі қанын шығара шайнап алды. Қаратілеудікіне қайтқан Төлебайдың Ажарға деген ыза мен кегі өрши түсті.

4. СОЛҚЫЛДАУ

Райкомның секретары Сапар Мақсұтқа «сабан тойына өзім де барам» деп уәде беріп еді. Райком бюросының сол күнгі мәжілісін өткізіп боп, аттану жабдығына кірісе бастағанда, обкомнан тығыз түрде шақырған телеграмма келіп, түнделетіп қалаға жүретін болды. «Азат» колхозындағы сабан тойды басқарып өткізуді, ол райкомның мәдениет бөлімінің меңгерушісі Сағындықов пен оқу бөлімінің меңгерушісі Мамановқа тапсырды.

«Азатқа» жүретіндер уәделі жерге жинала бастағанда, қай машинаға отырарын білмей Айман оңашарақ тұр еді:

— Қарындас!— деді Салмақпай оған,— Кел мұнда, менің машинама отыр!..

Көңілінде Ажарға барып қайтудан басқа ой жоқ Айман Салмақпайдың шақыруына қуанып, артқы есігін ашқан машинаға кіре берсе Шалабай отыр екен.

— Шалабай!— деді Салмақпай, қымсынған кескінмен Айман оның қасына отыра бергенде.

— Әу!— деді Шалабай.

— Орын ауыстырсақ қайтеді, екеуміз?

Шалабай жауап қайырмастан машинадан түсе бастады, Салмақпай оның орнына келіп отырды. Машина жүріп кетті.

Машинаға бұлай орналасу, Салмақпайға да, Шалабайға да сәті түскен бір іс сияқтанды. «Жолшыбай сөйлесіп, көңіл сырын ашуларына жағдай туды» деп ойлады Шалабай. Салмақпайдың өзі де солай ойлады.

Бұған дейін ол Айманға бірер рет «ғашықтық запискасын» жолдағанмен, тілдесіп көрген жоқ еді. Дәл осы сапарда да сөйлесе қоям деген ойы жоқ еді, аспандағы жұлдыздай қолы жетпей жүрген қызды, мейірімді тағдыр айдап әкеп машинасына міңгізді.

Дағдылы қалпы болса, бұрын тіл қатыспаған оның бұл жолы да тіл қата алмауы мүмкін еді, өйткені ол сөзге аузы епті кісі болмайтын, әсіресе — қызға!..

Бұндай тұйықтан оны шығаруға, әлгінде, жүрер алдында қонақ болған бір үйдің арағы себепшілік көрсетті. Қызыңқырап алған шақта ол әрдайым батыл болатын. Сол салтына бағып, машина далалық жолға шығып ап зымырап келе жатқан шақта, Салмақпай көңіл күйін Айманға қымсынбай шертіп жіберді.

— Қарындас,— деп бастады ол сөзін,— мен сізге бірнеше записке бердім. Сіз жауап қайырмайсыз. Оныңыз қалай?

— Себебі бар шығар,— деді Айман, баста шошына қалғанмен, бойын тез жинап, қаймықпай.

— Не себеп? Әлде, мені теңім емес дейсіз бе?

— «Тең, кем» деп ешнәрсе айтпаймын. Менің ойымда қазір оқудан басқа ешнәрсе жоқ.

— Үйлену оқуға бөгет бола ма? Сізді оқудан тоқтату орнына жәрдемдесейін, берсеңіз уәдеңізді!..

— Сіз оқыған адамсыз — деді Айман — оның үстіне заң қызметкерісіз, бұдан былай маған мұндай сөзді айтпауыңызды өтінем!..

— Айтса ше?

— Заңға, партиялық тәртіпке сіз де бағынатын боларсыз. Ендеше, егер бұл сөзді қайталайтын болсаңыз, мен сізбен райкомда сөйлесем...

— Не деп?— деген сөз түсіп кетті, қорқа қалған Салмақпайдың аузына.

— «Өзі заң адамы бола тұра, заңды бұзады» деп...

— Қалайша?

— Өзге жағын былай қойғанда, жасым он алтыға жаңа толған маған мұндай ұсыныс жасауыңыздың өзі қылмыс...

Көмейіне құм құйылғандай, Салмақпайдың үні өше қалды.

Біразға дейін үн қатпаған Салмақпай, машина «Азат» колхозына таянған кезде:

— Қайда түсесін, Айман?— деді.

— Ажарды іздеп келем, мен,— деді Айман.

— Білесін бе үйін?

— Білем, көрсетем.

«Анау үй!» деген Айманның нұсқаған жеріне машина тоқтай қалғанда, Айманды әдейі күткендей, Ажар есігінің алдында тұр екен. Оны көре Айман секіріп түсіп, екі қыз сүйісе құшақтасқанда:

— Жүр!— деді Шалабай қасындағы шоферға.

— Қайда?

— Машиналар алдына тоқтап жатқан сонау кеңсеге. Машина жүріп кетті.

— Әлгі қыз қайтеді?— деді Салмақпай.

— Аптықпа, прокурор жолдас,— деді Шалабай күліп,— тайдың тулағанындай ғана ашу ол. Жуасыту оңай.

— Қалай?

— Оны кейін сөйлесеміз.

Аз күн ажырасқанда сағынысып қалған қыздар сүйісіп мауқын басқаннан кейін:

— Мектепке барайық,— деді Ажар.

— Онда кім бар?

— Жастар бар, музыка бар...

Қыздар жүгіре басып мектепке жөнелгенде, үй сыртындағы төмпешіктің төбесінде тас құдайдай қақырайып қатып қалған Қаратілеу орнынан қозғалған жоқ. Қыздар алыстай, оның қасына, қораның таса жағында жүрген Төлебай келді де:

— Неғып отырсың, Қареке?— деді.

— Жай отырғаным ғой, құдай отыр деген соң,— деді Қаратілеу кейінген дауыспен.

— Үйіңе қонақ түсірмеуің қата болды,— деді Төлебай.

— Түсіргенде немен күтем, өзім аштан өлейін деп отырып? Мені тірі отыр деп ойлайсын ба? Жоқ, мен тірі емеспін. Аруақ шақырып үйіме кеп түскенде саған бір малдың басын бере алмаған соң, мені өлген деп есептей бер!..

— Байғұс-ау, баяғыдай сауда-саттықта жүрген адам емессін. Бар табысың колхозға жұмыс істеп алған еңбек ақың. Сені мен сөгем бе? Орта жасқа келіп қалдың. Құдай сені бас жағынан кемтар қылды. Өлген балаларыңның біреуі тірі тұрса, сен де баласы барлардай еңбеккүнді көп алып, қолыңды алтынға малар едің де отырар ең. Сені бұл күніңде ешкім де сөкпейді. Колхозға жексұрын бола бермеу керек. Жұмыс істемеді деп сені мен сөкпеймін. Ал, басқа тәртібіне бағыну керек.

— Бағынбағанда маған не қылады? Азар болса шығаратыны ма, колхозынан?..

— Байғұс-ау, онда не күн көресің?

— Колхозда неменеге жарып отырмын мен? Бәрібір тарығу... Одан да осы колхоздан шығайын десем, әлгі Ажар деген бала болмайды...

— Қайтсін ол бала да. Іші ашиды ғой, туған әкесі болған соң!— деп Төлебай Қаратілеуге сүзіле бір қарап алды да:— Осы баланды ешкімге атастырып па ең?— деп сұрады.

— Жоға тәйір!..— деді Қаратілеу кейіп,— осы заманда кімге атастыра алушы едің?

— Сен орашолақсын,— деді Төлебай жан-жағына қарап алып,—«ебін тапқан екі асайды» деп, ебін тапқан адамдар қалыңмалды ақшадай алып жүрген жоқ па? Сенің баландай жөні түзу балаға үш-төрт мың сом береді. Егер мен сен болсам: біреумен құда болар едім де, жең ұшынан жалғаса қояр ем.

— Мен оны ойламады деймісің? Ойладым!.. Бірақ, бата алмадым...

— Неден?

— Оқыған әйел балалардың кейбіреуі әкесінің сөзіне көнбей жүрген жоқ па?..

— Сөз емес!— деді Төлебай, кейіген боп.

— Көнбейді ойбай!..— деді Қаратілеу екіленіп,— Ау-

ылда отырмаған соң білмейсің. Баяғы қыз жоқ. Бұ заман-
ның қызы заңды соға түре келеді...

— О да сөз емес! Шындап кіріссе өз баласын өзі көн-
діре алмайтын адам бола ма? Әкелік салмағыңды шы-
салып көрші, заңды білгенмен қайда құтылар екен!..

«Мұнысы да рас-ау!» дегендей, Қаратілеу солқылда-
қалды... Одан әрі кеңесуге, осылай қарай келе жатқан әл-
декімдер жақындап қалды...

5. ЖАСЫРЫН ҚҰДАЛЫҚ

«Азат» колхозының сабан тойы көңілдегідей өтті. Оға
өз ауданының ғана емес, көршілес өзге аудандардың д
біраз адамы қатынасты. Облыста атаққа шыққан колхо
болғандықтан, оның шақыруын қабыл алып, облысты
басқарушы мекемелерден де екі машина адам келді, баста
әкелуші,— облыстың жер бөлімінің меңгерушісі — Аман
дық Айтуғанов.

Жиналған жұрт алдында тойды құттықтап сөз сөйлеге
Амандық, колхоздың табыстарына қуанышын айта кеп
алдағы міндеттерге де тоқтап өтіп, сөзін қорытарда

— Жолдастар!— деді төңірегіне күлімсірей қарап ап,—
қазақтың әдетінде тойға шашу әкелу ырымы бар. Менімше
бұл жақсы ырым. «Орамал тон болмайды, жол болады»
дейді атамыз қазақ. Менің де тойға әкелген орамалым бар
Бірақ ол, қалта түгіл машинаға да сыймайтын орамал бол
ғандықтан әзірге қалдырып кеттім. Жақын арада жіберем

— Онысы немене екен?!— деген күбір шыға бастады
жиналыстағылардың ішінен.

— Жіберетін орамалым,— деді Амандық күліңкіре
сөйлеп,— арғымақ айғыр!

Жұрт ду күліп, қол шапалақтады.

— Бұл колхоздың,— деді Амандық күлкісін тыйып
байсалды кескінмен, өзге шаруасы жақсы болғанмен, жыл
қы шаруасы жақсы емес. Жақсы болмағанда, сан жағына
емес, сапа жағынан. Колхозда мыңға тарта жылқы бар
бірақ, бәрі де бұрынғы қазақы жылқылар. Соларды асыл
дандыру үшін, арғымақ айғыр керек. Біз осыны ескерді
те, мына тойға «орыстың желгіш» аталатын арғымақ айғы
рын шашуға тартпақ болдық.

Теңбіл қаракөк түсті, биік, сұлу арғымақ, «Азат» қол
хозына тойдан бір жұма кейін жетті. «Орыстың желгіші
деген ат бұл тұқымды арғымақтарға бекер қойылған жо

екен,— көсіле желгенде, жүйрік жылқы болмаса, былайғы жылқы шауып та жете алмайды, сондықтан, колхозшылар оның атын, «Желмая» қойды.

Осы Желмаяға салт мінген Мақсұт, егін өлкелерін аралап түспек боп келе жатыр еді, бір ағаштың қылтаңынан, атқа жеккен тарантаспен кетіп бара жатқан Төлебай кездесті. Ол көп талқылаудың артынан, жақын арада ғана колхозға мүше боп, семьясын көшіріп әкелген еді. Артынан қуып жетіп амандасқан Мақсұт:

— Жол болсын,— Төлеке,— деді оған.

— Әлей болсын,— деді Төлебай.

— Қай жаққа сапар шектіңіз?

— «Төртінші токтің басында молотилка[1] тұр еді, бригадир соны залоктың арғы бетіндегі жаңа қосқа апар» деп еді, соған келе жатыр ем. Ал, өзіңе жол болсын?

— Әлей болсын: мен де сол жаңа қос жағына бармақ едім.

— Кісі бар ма, сол жаңа қоста?— деді Төлебай, кім барын біле тұра білмеген боп.

— Қаратілеу бар.

— Ол неғып жатыр, бос тұрған қоста?

— Егіннің басы дән тартқалы қаз деген қаптап кетті. Қаратілеуге мылтық беріп, қазды қорқыт деп жібердік. Қаз таң ата келеді. Сол кезде мылтық атып шошытса, кешке дейін жоламайды.

— Ім-м, солай екен ғой,— деді Төлебай ыңылдап,— көптен көрінбегенге, Қаратілеуді қайда деп жүрсем, жаныма тиыш жұмыс тапқан екен-ау, сабаз!.. Апыр-ай, жалқау-ау, бейшара!..

Астындағы айғыры арқырап, ойнақшып болған соң:

— Ал, мен кеттім!— деді Мақсұт желе жөнеліп.

— Әкесінің тақымына өгіз де тимеген неме еді,— деп кіжінді артынан көз тіккен Төлебай,— қарай гөр сен, мынаның құтыруын, арғымақ мініп!..

Жолдың топырағын жентектей ұлақтырып жорта жөнелген теңбіл қаракөк айғырдың тұяғы, өткен күн есіне түскенде, Төлебайдың төбесіне ойнағандай болды.

«Колхоздың жұмысына кіріскеніне айдан асты»— деп ойлады ол — әзірге сенімім жаман емес. Бригадир жақсы қарайды. Жұмыстан қолымды қағатын емес. Колхозшының бірі боп кететін жайым бар. Бірақ кешегі кәмпеске

[1] Егін соғатын машина.

жылдары ішке қатып қалған мұзы құрғыр жібімей-ақ қойды. Колхозға бар ынтасымен берілген байдың баласын көрдім. Мысалы — Оразалының Байдәулеті. Әнеугүні оңашада сөйлесіп ем, «осы тұрмысымнан артық тілегім жоқ» дейді. Ал, мен құрғыр, олай емеспін. Бетім жылтырағанмен, ішім жібімейді. Бұл қалпыммен колхозда ұзақ жасай алуым қиын!..»

— Жасай алмағанда қайда барам?— деген ой кеп кетті Төлебайға. Мен бұл колхозға, оны көркейту үшін келген жоқпын ғой, басқа барар жер, басар тауым қалмаған соң келдім ғой!..»

Кең дүние қабырғасын көрдей қысқан Төлебайдың тынысы тарылып кетті. Тұншығып бара жатқан сияқты болған ол жанталасқандай, көйлегінің жаға түймесін ағытты...

Шоқытып кеткен Мақсұт, жайқала өскен егін өлкесіне таяна, атын тежеп аяңға түсірді де, жер мен көкті астастырған теңіз сияқты тебіреніп тұрған шығымды егіннің ішін кезген тар жолға түсіп, қуанышты көзбен айналасын шолды. Егіннің сабағы әнеугіден әлдеқайда биіктеп, арғымақ аттың үзеңгісінен келеді, ат үстінен еңкейіп, кей сабақтың басын жұлып ап көрсе, собығының ұзындығы сүйемнен асады және уызы тобарсып, дәнге байлана бастапты.

Сұлыға тойған ат егінге ұмтылған жоқ. Құлағын қайшыландырып жан-жағына қараған оның есі-дерті — үйір... Соны сағынғандай, анда-санда аузын арандай ашып, арқырай кісінеп қояды.

Егінге көңілі тойған Мақсұт, қаннен-қаперсіз келе жатыр еді, аты жалт беріп, үстінен ауып түсіп қала жаздады Жалмажан аттың жалынан ұстай алып, денесін ерге әрен орнықтырған Мақсұт, «неден үрікті?» деп жан-жағына қараса, егін арасынан біреудің басы қылтияды.

— Бүгім, әй!— деді Мақсұт оған.

«Мен!»— деген адамға қараса,— Ажар!.. Күтпеген бұл жүріске іштей таң қалған Мақсұт.

— Бұл не тығылымбақ?— деді қалжыңды дауыспен.

— Ол кім, тығылған?— деді Ажар.

— Өзің ше?

— Мен тығылып тұрған жоқпын.

— Бойыңды неге жасырасын, тығылмасаң?

— Кім жасырыпты?

— Жасырмасаң көтерілші!

— Бар бойым осы!

— Ендеше неге аласа көрініп тұрсын?

— Мен аласа емеспін, егін биік!..

— Өзің бері жақындашы!— деді Мақсұт,— «бұл қыз қайдан жүр?!» дегендей, Ажарға одырая қарап, қымс етсе үріккелі тұрған айғырдың тізгінін тежей тартып.

Мақсұт үрку еркіне жібермеген айғырға Ажар жақындаса, егін расында биік екен,—«бойшаң-ақ» дейтін оның иығынан асады.

Бұрын да кескінді Ажар, егінге бөленіп келе жатқанда тіпті көркем боп кетті. Мақсұт Ажарға осы минутке дейін сәби бала деген көзбен қарайтын еді, енді көз тоқтатса, бойжеткен сұлу қыз!.. «Әйел бала — деп ойлады ол сол сәтте,— даланың гүлі сықылды екен-ау!.. Гүлді өсімдік әуелі жабайы шөптей басы бүрісіп өседі де, бір күнде қауызынан шығып тотының қанатындай құлпырады да кетеді. Ажар да нақ сол гүл сияқты екен?..»

— Иә, қайдан жүрсін?— деген сұрауға:

— Әкеме ас апарып келем,— деп жауап берді Ажар.

— Жаяу ма?

— Велосипедпен.

— Сол кісі, тегі, еңбекке епте көнді-ау деймін?— деді Мақсұт күліп.

— Өзіңізге жол болсын?— деді, бұл сұрауға жауап бергісі келмеген Ажар.

— Егінді көруге. Қаракеңе де соға кететін ойым бар.

Мақсұт «Ажар тағы бірдеме айтар» деп күткен еді, қыз үндемеді.

— Егін арасында неғып жүрсін?— деп сұрады Мақсұт одан.

— Бай егінді тамашалап. Кім біледі, оқуға бара алмай қалсам, сіздермен бірге орысып, қызығын бірге көрермін...

— Айтпақшы, шүйінші!— деді, Ажардың мына сөзінен, «оқуға түсе алмаймын ба, қайтем!» деген хауыптың салқынын сезген Мақсұт...

— Иә?..— деді Ажар еленделп.

— Алматыдағы Казпидің рабфагіне арызың мен документтеріңді жіберіп ең ғой сен, даярлық класына түсем деп?.. Содан шақыру қағаз келді!..

Ажардың шектен тысқары қуанғанын кескін құбылысынан ұққан Мақсұт «Құттықтаймын, Ажар!» деп қолын

алды да, «қалған қеңесті кешке сөйлесерміз» деп жүріп кетті.

Егінді біраз аралаған ол Қаратілеуге келсе, қостың алдында қисайып жатыр екен.

— Салау-маликем, Қареке!— деп Мақсұт сәлем беріп еді, Қаратілеу көзін ғана ашты да, басын да көтермеді, сәлемін де алмады...

— Сәлемімді неге алмайсын, Қареке?— деді Мақсұт күле сөйлеп,— жұмысқа қосты деп өкпелеймісін? Жаңа жылдың басынан, алты ай бойы 20 шақты-ақ еңбеккүн тауып ең, міне енді, күзетке кіргелі, күніңе күн алып, аз уақытта еңбеккүніңді қырыққа жеткіздің. Ертең егін соғыссаң күнің күн жарымнан, екі күннен айналады. Жылдың қорытындысында екі-үш тонна астық алсаң, ұрысу орнына мені сүйесін.

Қаратілеу үндеген жоқ.

— Егінді орап түскелі келіп ем,— деді Мақсұт, Қаратілеу кеңесе қоймаған соң — өте жақсы екен егін. Аманшылық болса, халықтың еңбегі жанғалы тұр екен. Ренжіме, Қареке,— еңбегіңнің рахатын көресін, биыл!..

Қаратілеу тағы да үндемеді. Ендігі тұруда, я сөз қатуда мән жоғын көрген Мақсұт, «хош!» деді де жүріп кетті. «Жібімейтін неткен тас адам!» деп таңқалды ол Қаратілеуге.

Мақсұттың артынан сүзіле қараған Қаратілеу: «Әкесі ынжық, жаман неме еді, осы неме пысық, ақылды болып қайдан туған?» деді дауысын шығарып.

Ұйқысы қанған, нені ермек қылуға білмей іші пысқан Қаратілеудің ойына Ажар түсті. «Басы қараның бәрі игі» деген мақал рас — деп ойлады ол — игілігі емес пе: ол сабақтан келгелі үстім кірлемей, үй ішім тазаланып жақсы боп қалдым. Егін басына келгелі тамағымды да әкеп тұрады және тәтті-дәмді ғып әкеледі. Ол болмаса кім істер еді мұны?..»

Қызды балам деп ойлап көрмеген оның тас жүрегіне әлсіз болса да, өмірінде бірінші рет әкелік мейірімнің сәулесі түскен сияқтанды. Ол ауыр күрсінді...

Қызды неліктен балам емес деп санауы туралы ол көп ойланып, бір тұйықтан шыға алмай қоятын еді, ол «қыздың пайдасы не, әке-шешеге?.. Жат жұрттыққа жаралған адам. Ержеткен соң-ақ, маңдайына жазылған біреуге кете барады. Содан кейін әке-шешеге тиер түк пайдасы жоқ. Ендеше, оның несін бала дейміз?».

Бұл сұрау, Қаратілеуді аса қатты қинайтын еді, үйткені, талай ұл туғанмен, бәрі жас шағында өле берді де, енді ұл туудан күдер үзген шақта, қолында жалғыз Ажар қалды. Қаратілеудің ұғымында «Ажар да жат жұрттық, ендеше, одан тиер пайда жоқ, олай болса, несіне бала деймін».

Бұрын да осы «тұйыққа» қамала беретін оның қараңғы, топас ойы, жаңағы бір, өмірінде Ажарға бірінші рет елжірей қалған секундтан кейін, сол тұйыққа тағы да қамала қалды. Бұл тұйықтан тағы да шығар тескіндік таба алмаған ойына, Төлебайдың оған соңғы бір күндері айтып жүрген сөзі түсті.

— Ауданда үлкен қызметтің бірін атқаратын, өзі бай тұратын Шалабай деген біздің жиен маған кісі жіберіпті — деген еді. Төлебай, Қаратілеуге соңғы күндердің біреуінде.

— Қайдағы жиен?

— Баяғы біздің Сапиқа дейтін апамыздан туған бала. Жас күнінде біздің үйге келіп жүретіні есіңде бар шығар.

— Менде не ес қалды дейсін. Көрсем көрген шығармын, бірақ, ұмыттым.

— Ол да байдың баласы...

— Сапиқаны берген жер бай еді ғой...

— Оның да үйі кәмпескеленген. Бірақ, мына жиен жасынан орысша оқып ысылған өнерпаз еді, сол өнерімен, денесіне шаң жұқтырмай, үкімет қызметінде қалып қойды. Қазір осы аудандағы бар ақшаның билігі соның қолында көрінеді.

— Онда, үлкен қызмет екен!— деді, «ақшаның биі, ең үлкен би» деп түсінетін Қаратілеу.

— Өнерінің, беделінің үстіне, кербез жігіт. Жасы отыздан асып бара жатқанмен, әлі үйленген жоқ, сонда жұрт ұнаған қызын бермейді емес, сұраса лақтырып жібереді. Жиенге қыз жақпайды.

— Онысы қызық екен.

— Сол жиеннің көзі, қазір бір қызға түсіп, өліп-өшерлей құмартып жүрген сияқты...

— Неге алмайды, ендеше?

— Маған кісі салуы — соның жабдығы.

— Иә?..

Сырласып үйренген Қаратілеуден Төлебай бойын ірікпей, турасын айтты.

— Сол құмартқаны,— деді ол,— сенің Ажарың екен Баланды осы жігітке берсең, баланның да құдайы оңдай ды, өзіңнің де құдайың оңдайды, желің оңынан тұрады туған баланнан кем болмайды. Өле-өлгенше жылы суғ қолыңды маласын да отырасын. Содан кейін саған колхоз дың керегі не, басқаның керегі не?..

Бұл кеңес делебесін қоздырғанмен, баласына билігі ке лер-келмесіне көзі жетпеген Қаратілеу, «күн көп қой, ой ланармыз» деген де қойған еді.

Ол әлі де осы ойдың үстінде, егін қосының алдында жа тыр еді, көзіне екі өгіз жеккен арбаға, үлкен машина артын келе жатқан біреу ұшырай кетті. Түрегеп қарсы алса Төле бай екен.

— Сусыны бар ма?— деді ол, амандықтан кейін өгізде рін ағытып отқа жіберген соң.

— Бар, жүр қосқа!

Қосқа кірген Төлебай үлкен екі аяқ қымызды екі-ақ жұтты.

— Бал екен!— деді ол — Мұны кім әкелді?

— Ажар.

—«Ұл-қыздың бәрібір» дегенде болмаушы едің?— деді Төлебай күліп,— қыздың да пайдасы көп екеніне көзің жетті ме, енді?..

— Жеткенмен не керек, ол маған қанша жолдас бола ды енді! Жат жұрттық бала, жасы жетіп қалды!..

— Сен өзің қызықсын, Қаратілеу! Айтқан ақылды неге алмайсын? Ретті кеп тұрған құтты жеріне неге қон дырмайсын, бұл баланы?..

— Ол ақылыңды алар едім-ау,— деді Қаратілеу күр сініп,— екі ой кедергі бола береді: біреуі — жаңа заманның баласы, көнсе жақсы, көнбесе, мінезім қатты адам, өмі бойы көрмей кетем бе деп қорқам; екіншісі — одан алға аз ғана ақша не болады маған? Көп болса бір-екі-ақ жыл жермін, содан кейін немді жеймін? Осы оймен «ашыққа өзім ашығайын, баланың бағын байламайын» деп те сан далам...

— Екі сөзің де хата!— деді Төлебай,— Сенен туған ба ла, сенің тіліңді алмасын!.. Со да сөз болып па?! Өзің осы сөзді баланың құлағына салып көрдің бе?

— Қатын шет жағалатып айтқан екен, ыршып түсіпті «Әкеме айт, менде оқудан басқа ой жоқ» депті.

— Жаным-ау, беті ашылмаған жас бала «барайын» де қоя ма? Әке-шешесі шындап айтса, ақылды бала неге көн

бесін?.. Бұл бір. Екінші — менің сені алдаған жерім жоқ қой?..

— Жоқ.

— Ендеше не деп ант іш дейсің: уәдеңді берсең, Шалабайды есігіңдегі көк есегің ғып қоям. Оның тапқан-таянғаны — сенікі болады. Жылы орныңнан қозғалмайсын. Үйіңе әкеп малды төгеді де тұрады. Содан кейін колхозда құй істе, құй істеме, бәрібір. Ішіп-жемің болған соң жұмыстың керегі не саған?

— Оны енді, кезінде көре жатармыз,— деп Қаратілеу дағдылы әніне басып келе жатыр еді:

— Көргенді қой, сен!— деді Төлебай,— Енді күтер жер қалған жоқ.

— Неге?

— Сен күткенмен, балаң күтпейді.

— Қайда барады ол?

— Алматыға оқуға шақырған қағаз келіпті. Өз көзіммен көрдім. Хатшы оқыды. Содан, мынау молотилканы бригадир осы жаққа апаратын кісі іздеп жүр екен, «мен апарайын» дедім. Ондағы ойым — саған сөйлесу. Тіпті ретім келмейді десең сөзім жоқ. Әйтпесе бала оқуға бір кетсе, енді қайтып саған аспандағы бұлт жуық. Ашыққанның әкесін сонда көресін. Тым болмаса колхозда стахановшыл да емессін, қартайған соң қазына асырайды дейтін. Баяғы Ормамбет марқұмды білемісін, дәулетінен, перзентінен айырылып, қартайғанда қайыршы боп өлгенін.

Ормамбет кеңесін айтқанда Қаратілеудің жүрегі су ете түсті.

— Қайдан білейін,— деді ол Төлебайға, үрейлі кескінмен.

— Білмейтін дәнеңе жоқ. Неменесіне қипақтайсын? «Дос жылата, дұспан күлдіре айтады» дейді. «Туғанын көрмеген өлгеніне жыламайды» дейді. «Жаны ашымастың қасында басың ауырмасын» дейді. Қандас туысымсың. Әкеңді көрдік. Ертең сен тарықсаң, бөліп берерім болмағанмен, көз көргең менің жаным ашиды. Балаңды кемге бер десем обалы маған. «Теңі келсе тек бер» деп, бұдан артық теңі табылмайды.

— Сонда, жасы кемірек, заң көтере ме?— деді Қаратілеу ішінен көніп қап.

— Заң олардың өзі жазған қағаз емес пе? Уәде берсең болды, аржағын өздері реттеп алады. Бойы сұңғақ бала, жиырмада десе де жұрт та, заң да нана береді...

— Ендеше өзің біл!— деді Қаратілеу ауыр күрсініп.

— Е, бәсе, солай деші!.. Қайырлы болсын!— деді Төлебай Қаратілеудің қолын алып,— Ендігісін өзім реттеймін. Сыртыңнан билеп, көндірмей қоймаймын деп, жақын арада МТС-ке майға барғанда 500 сомын алып келіп ем, қалтамда отыр: оны қазір берем. «Істің басы байлы болса, түбі сайлы болады» деген, менен қымсынба, алатыныңды ашып айт.

— Бір баланың билігін саған бердім, Төлебай, ендігісін өзің біл!

— «Өзің біл» деген сөз ауыр болатын еді. Өз алдыңда бұл сөздің басын ашып алайын: жаман-жұман қыз: 500 сом, әрі барғанда —1000 сом болып жүр. Мынау деген бас қыз 3000 сом. Мен саған 4000 ды уәделесіп қайттым. Оны ертең жеткіз десең де дайынмын. Қалай қарайсын?

—«Өзің білесін» демедім бе, мен?

— Жарайды онда, міне, мына 500 сомды ал, игілігіңе ұстатсын!— деп Төлебай ылғи 20 сомдықтан 25 қағазды санап тұрып Қаратілеудің қолына ұстатты.

— Ал енді қайтайын,— деді Төлебай.— Мен қоңыраулы кісімін ғой. «Тастаған шоқпар сорлыға тиеді» дегендей, біреу-міреу сезіп қалып, екі арада мен өліп кетпейін!.. Сені қастық қылады демеймін. Бұл кеңесті Айсарыға сездіре көрме, әйел адам ғой, аузынан шығып кетіп масқара болармыз...

— Дұрыс!— деді Қаратілеу аз кідіріп.

Бұл сырды өзара берік сақтауға екеуі қол алысты.

6. БАСТАЛҒАН МАХАББАТ

Кеңсеге сағат тоғызда келген Мақсұт, шкафтан қағаздарын алып, жаңа ғана ісіне кірісе бастап еді, телефон сылдыр ете түсті.

— Ало!— деді ол.— Кім?.. Айман? Қай Айман?.. Жарылғапова?.. Ә-ә-ә!.. білем, білем... Ажарды?.. Қазір!..

— Әй, шал, бері келші!— деді трубканы столге қойған Мақсұт, есіктен қараған кеңсенің күзетші шалына.

— Немене?— деді ол жақындап.

— Бар, Қаратілеудікіне, қызын шақырып кел, телефонға шақырады де!

Шал барса, Ажар үйінде жалғыз жылап отыр екен.

— Бала, сені шақырады!— деген дауысына жасты көзімен Ажар жалт қарады.

— Кім?— деді Ажар көзін қол орамалымен жалма-жан сүртіп.

— Кеңсе.

— Неге?

— Телефонға...

— Қайдан шақырыпты?

— Онысын білмедім.

Реніште отырған Ажар «бармасам қайтеді» деп бір ойлап тұрды да, кім екенін білмесе де, керек кісінің біреуі болып қалар деп, орнынан тұрып кеңсеге жөнелді.

— Көп кешіктің ғой,— деді Мақсұт Ажарға, «өзі жылаған ба, көзі қызарып, беті ісінгені несі?!» деп ойлап.

— Ало,— деді Ажар дірілдеген дауыспен, телефонның трубкасын ұстап — Айман?.. Ә?.. «Даусың?»... Жәй, әншейін... ұйқым қанбағандықтан!.. Рас айтам!.. Бүгін келем дейсің бе?.. Біржола ма?.. Дұрыс!.. Кел!.. Жарайды... Иеие, келген соң айтам!.. Қонаға?.. Дұрыс!..

Ажарға Айманның айтқаны оқуға жүру жабдығы. «Август басталып қалды — деді ол — мен Қызылжардың педтехникуміне түсем деп ем ғой, арызымды қабылдапты, тез кел деп жатыр. Кеше Мақсұт ағаңды көріп ем, сені де Алматыға жүреді деді. Өз машинаммен апарып салдырам деді. Қызылжарға екеуміз бірге кетейік. Мен ертең сенің үйіңе қонуға барам. Бүрсігүні ертемен жүріп кетейік.» Ажар Айманның бұл сөздерін мақұлдауын даусынан білдірді...

Ажармен телефон арқылы сөйлескен Айман, оның көмекейінде жастың жұрнағы тұрғанын сезген жоқ. Сондықтан да ол, «даусың неге жылаған кісідей шығады?!» деген сұрауды қадағалай бергенмен, Ажар сырын оған телефон арқылы айтпай бөгелуіне: бірінші — телефонистқадан ыңғайсыздану, екінші — көзбе-көз көріскенде болмаса, айтып жеткізе алмаймын — деп ойлау.

Ажардың бұл жылауының алды басталғанына бес-алты күн болды. Оған себеп Шалабайдың үйлену ниеті айқындалғаны еді. Әкесінің «күйеуге берем» деген сөзіне Ажардың құлағы есін білер кезінен бері үйренген-ді. Қаратілеу Ажарды кішкене күнінде «қалқам қашан мал боласын?» деп иіскейтін. Ажар жете бастаған кезде, досжаранымен ол жайда сөйлесе қалса, «осы баламды құтты жеріне қондырсам арманым болмас еді» дейтін.

Ажарды Шалабайға беру туралы Төлебайға уәде еткеннен кейін, бұл сөзді қызына естіртуді әйеліне жүктеді.

Күйеуіне бағынып үйренген Айсары, іштей ұнатпағанмен, қызына амалсыз сыр ашып еді:

— Апа, сондай сөздің керегі не?!— Маған қазір күйеу керегі жоқ, оқу керек. Тыңдамайтын сөзді айтпа!— деп бетін қатты қайырып тастады.

«Осымен бұл сөздің алды-арты бітер» деп ойлаған еді Ажар. Ол тілегі болмады. Шешесі қыр соңынан қалмай, күн сайын құлағының етін мүжіді де жүрді. «Қойсайшы апа, бұныңды!» деген өтінішін Ажар жылап та, ашуланып та айтса, шешесі:

— Маған не қыл дейсін, құлыным-ау!.. «өз сөзім емес, әкеңнің сөзі» деп жүрген жоқпын ба? Оған бағынбайтын шама бар ма, менде?!— деген сөзінен танбады.

Енді не істеудің амалын білмей, Ажар қатты қысылды. Оның ойынша, бұл жабысқан пәледен құтылудың екі-ақ жолы бар сияқты: бірі — не советке, не комсомол ұйымына айту, өйтсе, жұмыс асқынып, әкесі жазаға тартылады, өйту балалық борышына қайшы сияқты: екіншісі — әкесінің өзімен сөйлесіп райдан қайтару, бірақ, бұл да оңай жұмыс емес — мінезі тастан қатты әкесінің көне қоюы екіталай.

Ойы көп толқыған Ажар «көнбесе көрермін» деген пікірмен, екі жолдың соңғысын таңдады.

Тағы бір рет мазалаған шешесіне Ажар осы шешімін айтқанда:

— Бетім-ау, не дейсің?!— деп Айсары шошып кетті.— Әкеңмен қалай сөйлесесін, бұл жайда?.. Ұят емес пе?..

— Басқа амал қалған жоқ!— деді Ажар нық дауыспен.

Сол күні кешке, оңашаланған бір шақта, Ажар әкесіне ойдағы құсығын түгел ақтарып еді, Қаратілеу сөзін бөлмей тыңдап отырды да, Ажар сөйлеп болғаннан кейін, «еппен көндірейін» деген сасық қулықпен, әуелі жұмсақ келді.

— Сөзіңді сөкпеймін, балам,— деді ол,— жаңа заманның адамысын. Ойыңды бұлайша ашық айтуыңда айып жоқ. Бірақ, өз жайыңды ғана ойламай, менің де жайымды ойла, балам. Құдай сені маған өлмесін деп берген шығар. Жаман жерге итерсем обалың маған. Өзі жас, өзі ауқатты, өзі беделді жігіт көрінеді. Оқуыңнан да тартпайтын көрінеді. Тек, уәдеңді беріп, үйіне басыңды сұғып қана шықсаң жететін. Одан кейін, қашан оқуыңды бітіргенше шығыныңды төлеп тұрамын депті. Шешең екеумізді өмір бойы асыраймын депті. Құдайдың үйге айдап әкелген осын-

ша дәулетін басқа неге тебеміз, балам?.. Сен қой, ондай балалықты... Егер мені әке десең, орында осы өтінішімді!..

— Ол өтінішіңді орындай алмаймын, әке!— деді Ажар, пайдасыз сыпайысуды хажетсіз деп ойлап,— мен сізді әке деп сыйлаймын. Сізге дұспандық ойламаймын. Бірақ оқуға барма, күйеуге бар деуіңіз зорлық. Қазір совет заманы. Әркімнің басына бостандық. Сізбен ерегіскендігім емес — мен оқуға барам.

— Жоқ, бармайсын!— деді, ашу билеп кеткен Қаратілеу бет-аузы түтінденіп, айғайлап.

Ажар үндемеді. Ұрып тастай ма дегендей, Айсары күйеуі мен қызының араларына түсе берді.

— Бұл үйден өлмей кетпейсін!— деді Қаратілеу, айғайлы дауыспен, долданып.— Құй оң құлағыңмен есті, құй сол құлағыңмен есті,— мен бар деген жерге барасын...

Айғайлай түрегелген Қаратілеуді отырғызу мақсатымен Айсары ұстай алып еді,—«бейбастақ қылып өсірген балаң!.. Аудандағы оқуға да жібермейік дегенде тыңдамадың, ал енді тыйып көр, қызыңды!» деп, әйелін жұдырықтың астына алды кеп! Зәресі кеткен Ажар, арашалауға күші келмейтін болған соң, көршіден кісі шақырайын деп есікке ұмтылып еді:

— Жоқтауыңды бірақ асырам, жаның барда қайт кейін!— деді Қаратілеу ұмтылып.

Әкесінің кескініне үрейлене қараса, адам пернесі өзгеріп, аң сықылданып кеткен екен.

— Қайтайын, аға!— деді жаны түршіге қалған Ажар шегініп.

Ол күнгі жанжал сонымен бітті де, үшеуі үш жерге қисайып, ойдан талыққан кезде ғана ұйқыға кетті. Таңертең Ажар оянса үйде жан жоқ. Өткен түннің оқиғасын ол есіне түсіріп жылап отыр еді, шал келіп оны телефонға шақырды...

Міне, Айманмен телефон арқылы сөйлесердің алдындағы Ажардың басындағы халы осылай еді.

Айманға сөйлескенше Ажардың ойы түнде болған оқиғаны комсомол ұйымына айтып, әкесін көпшіліктің талқысына салу еді. Айманмен сөйлескеннен кейін, «бір күнше шыдайын — деген ой келді оған — басына қайғы түспеген оның ақылы менен гөрі бүтін болуға тиісті. Не істесем де соның ақылымен болайын».

Ойын осылай бекіткен Ажар, Айман келгенше өзін қайда қоярын білмеді. Үйіне ол, болса-болмаса да сыймай-

ды. Бөтен үйге баруға кескін-кейпі жоқ. Ересек адамның бәрі шаруашылық жұмыспен бытырап кеткенде, көшеде селтиіп жүру тағы да ыңғайсыз. Колхоз егін жинауға кіріскеннен бастап, күні кешеге дейін ол комбайн үстінде болған еді де, кеше,—«енді оқуға жүрер кезім таянды, жұмысқа енді келмеспін» деп кеткен еді. Ендеше, жұмысқа бүгін қалай барады және не кескінімен барады?..

Ойы солай азаптаған Ажар, біраз толғанғаннан кейін, екі себеппен егін басына баруға бекінді: бір себебі — ертеңге дейін одан басқа сыяр жері, бәрібір,— жоқ; екінші себебі — тереңдеу, оны қазір оқушылардың алдында ашамыз.

Егін жинау жұмысына араласқан Ажар, бір ғана комбайында болып, соның сабанын түсіру, толған дәнін грузовикке аудару ісімен шұғылданды.

Комбайнер — Тайжан деген жігіт еді. Қызылжардағы механизация мектебін бітіріп, Бостандық ауданының МТС іне қызметкер болып келген оның мамандығы комбайн жүргізу болатын. Егін жинау жұмысы басталарда МТС оны осы «Азат» колхозына жіберді де, келе сала ісіне кірісе бастады. Жергілікті комсомол ұйымы оған жәрдемшілікке Ажарды берді.

Жасы биыл ғана жиырмаға толған, сұңғақ бойлы, күшті денелі, қоңырқай, бірсыдырғы әдемі кескіні бар, мінезі ойнақы Тайжан, танысқан сағатынан бастап-ақ Ажарға ұнады. Бірақ, ол, бастапқы күндері, Тайжанды кавалер деп емес, отанның жақсы жігітінің бірі деп қана ұнатты.

Жас адамдар қақтығып-соқтығыспай, ойнап-күлмей жүрмейді. Тайжан мен Ажар да сөйтті. Күнәсыздықтан басталған бұл ойын күлкі, біраздан кейін, жас пен жастың ғана емес, қыз бен жігіттің әзіліне айналған сияқтанды, соның арты — Тайжанның Ажарға записка беруіне соқты.

Ол, әрине, махаббаттық сезімнен шыққан записка. Егер бұл записка, Ажардың комбайында жүрген кезінде берілсе, записканы алғаш оқығанда ашулана қалған Ажар, Тайжанмен ұрсысып, араздасып айрылар ма еді, қайтер еді? Записка Ажардың қолына, Тайжанмен қоштасып кеткеннен кейін тиді. Онда да Тайжан қолма-қол бермей, абайсызда қалтасына салып жіберген екен.

Тайжанмен күнәсіз әзілдесіп жүретін күндерде «жақсы жігіт-ау!» деп бір ойлап қойған еді Ажар. Осы ойы тереңдей беріп, біраздан кейін оны жақсы көруге айналған еді. Бірақ, бұнысы, қыздың жігітті жақсы көруі деген ой

Тайжанмен қоштасқанға дейін, Ажардың есіне келген жоқ-ты.

Енді, қоштасып айырылғаннан кейін, үйіне қайтып келе жатып ойлап қараса, сол Тайжанды жігіт деп те жақсы көре бастаған сияқты...

Осы сезіммен жеңіл бір күрсініп алған Ажар, комбинезонының қалтасына әлдеқалай қолын салып еді, әлде не қағаз қолына ілеге кетті. «Жаным-ау, мұнда қағаз жоқ еді ғой!» деп таңданған Ажар суырып ап қараса, тетрадьтың төртке бүктеген беттері, сыртына «Ажарға» деп жазылған. Қол Тайжандікі.

Жүрегі зырқ ете қалған Ажар, ашып жіберіп оқыса — махаббаттық сөздер!..

Тайжаннан мұндай хат күтпеген Ажардың ашуы кеп кетіп, хатты жыртып-жыртып шашып жіберуге бір ыңғайланды да, тағы да тоқтады. Содан кейін, аяқ астынан үйіріле жөнеліп, бұрқырап барып тарап кеткен құйындай, оның ашуы да тарай бастады. Сол кезде тағы бір оқып еді, хат манағыдай ызғарланбай, жүрегіне жылы лебін тигізді. Ажар тағы жеңіл күрсінді.

Содан кейін хатты тағы бір оқып көрсе, бұған дейін оқығанда аңғармаған сөздер тұр екен. «Мен сені бүгін-ертең деп қыстамаймын,— деген сөздер екен ол,— менің саған, тек қана айтарым, бүгін бе, биыл ма, келесі жылы ма, бірнеше жылдан кейін бе — әйтеуір, сен мендік болуға тиістісін. Ал, егер, ол болмады ғой, ерте ме, кеш пе, екеуміздің біреумізге ажал!»

Бұл сөзге тіпті ашуланған Ажар, Тайжанға қайтып барып, әлгі ойынан бетер ұрсайын деп еді, колхозға жаяу келе жатқан оның артынан машиналы әлдекім қуып жетті де, өте беріп тоқтай қалды, МТС директоры екен.

Ажарды танитын ол амандықтан кейін, «кәне, мін машинаға» деді де, мінген соң «Азатқа» қарай ала жөнелді.

Үйіне келе, Ажардың есіне Тайжан тағы да түсті. Ол енді, Тайжанды жақсы көре бастағанын аңғарды. Сөйткені емей немене,— әнеугүні, комбайын басында Тайжанмен қолтықтасып қатар түскен карточкені ол тауып алды да, әлгі хат пен екеуін комсомолдық билетінің ішіне салып қойды. Енді ол Тайжанды сағынып көруге құмартты. Кешке комбайын басына қайтып кеткісі келді. Бірақ — ыңғайсыз,— әке-шешесіне әлгінде «комбайннан біржола келдім» деп қойған. Сол ыңғайсыздықтың үстіне, үй ішінің жанжалына, әкесінің қамауына ілекті.

Ертеңіне Айманмен телефон арқылы сөйлескенге дейін, аулына сыймаған Ажар, әрі Айман келгенше ермек табу үшін, әрі, реті келсе Тайжанмен сыр ашу үшін, егін басына кетті де қалды.

Тайжанды ол комбайын үстінен тапты. Ажардың сынық ажарына көре сала көңіл бөлген ол,—«немене болған саған?» деп жайын сұрап еді, «жәй, өткен түні басым ауырып» деп, үй ішінің құпиясын ашқан жоқ.

Көріскенше құмартып жанталасқан Ажар мен Тайжанның махаббаттық сезімдері, көріскен шақта, қылауы түспеген ұятқа қамалды да, күні бойы комбайын үстінде бірге жүргенде бетін аша алмай-ақ қойды. Кешке ол екеуі осы қалыптарымен тарасты. Тағы да қоштасарда Ажардың Тайжанға, тек қана айтқаны:

— Ертең мені жөнелтіп салуға келесін бе?
— Келем!— деді Тайжан.
— Жұмысты қайтесің?
— Кезектесіме тапсырам.
— Ерте кетіп қалсам қайтесін?
— Таң білінбей кетпессін?
— Әрине!..
— Ендеше, таң біліне сонда болам...
— Одан кешікпессін!
— Міне, қолым!..

Қолдасып айырылған Ажар, күн байыған кезде үйіне келе жатып, гимнастеркесінің төс қалтасынан комсомолдық билетін суырды да, хат арасындағы Тайжанмен түскен карточкесін алып, ерніне қатты баса сүйді...

7. ЗҰЛЫМДЫҚ ҚҰРБАНЫ

Ажар қайтып келе жатқанда, оның үйінде сұмдық бір кеңес жүріп жатты. Бастаушы — Төлебай.

Ол кеше бір жаман хабар алды,— Шалабайды аудандық саяси мекеме тұтқынға алған да, Қызылжарға жөнелтіп жіберген.

Не себепті олай болуына көзі жетпегенмен, Қаратілеудің жорамалынша —«мені қалыңмалға сатып алғалы жүр»— деп Ажар арыз беруге тиіс...

Шалабайдың ұсталуы, Төлебайға асқар таудай панасы құлағандай әсер етті. Расында да солай еді: ойға-қырға сыймай қашып жүрген Төлебайды өткен жаз Шалабай іздеп барып тауып алған да, хал-жайымен танысқаннан кейін:

— Көшіп аулыңа кел!— деген ақыл берген ол.

— Жиенжан-ау, сыям ба, оған?— деген сөзге:

— Сыясын!— деп жауап берген Шалабай.

Шалабайдың сипаттауынша, ауданда өз беделі үлкендігінің үстіне, сүйенер адамы көп. Мысалы, аудандық сот пен прокурор —«ашса аясында, жұмса жұмырында».

Төлебайды елге келуге көндірген Шалабай, Қаратілеудің қызында көңілі барын, бірақ, қыздың көңілі әзірге жоғын нағашысынан жасырмаған.

— Елге мен барман,— деген Төлебай Шалабайға,— егер бара қалсам бар ғой, Қаратілеуді мен есегімдей жетектеймін. Бұрынғы Қаратілеу болса, қызын ол, не көндіреді де, не мойнын үзеді.

Еліне келе, Төлебайдың бұл сертіне жетуі бізге мәлім. Қаратілеу көнгеннен кейін, қызының көнбеуінде оның жұмысы болған жоқ. Шалабай оған:

— Көнбесе зорлауға болмайды, зорлаймын десек басымыз кетеді — деген хауіпті айтқан еді.

— Сөз емес,— деді Төлебай,— бір түнде арбаңа басып салып берейік. Содан кейін қайда апаратын жөніңді жазып берем, ол жөннен адам түгіл сайтан да таба алмайды. Қасына бір ертіп берген соң, әйел дегеннің көнуі оп-оңай. Зауі-сайтан көнбейтін болса, бір жерде мойнын бұра да кет.

— Елді қалай көрем, одан кейін.

— Орал ма, Гурьев пе, батыс жақтағы бір қалада апам бар деп жүрген жоқсын ба?..

— Бар, Жаңақала деген жерде.

— Соған барам деп аттанып кет те; жасырынып кеп, алып қаш. Қаратілеу мен екеуміздең басқа жан білмейді.

Әкесі «қызым жоғалды» дейді де қояды, сенің әкеткеніңді ешкім де білмейді.

Сөз осыған байланды. Қаратілеудің үйінде соңғы күндерде не әңгімелер болып жатуынан Төлебай хабардар болып, Шалабайға жеткізіп тұрды. Қыздың көнбеуіне көзі жеткен Төлебай, Қаратілеуді тулатпайтын, үркітпейтін түрде өз планын айтып көріп еді, қара жүрек шын мақұлдай кетті. Мақұлдамауға да амалы жоқ еді, оның: Төлебай уәде қылған төрт мың сомды ол алып, бойына сіңіріп қойған, қайта құсуға мүмкіншілігі жоқ. «Көнбесе қызыңды өлтіреді» деген сөзді, Төлебай, әрине, Қаратілеуге айтпайды. Оның айтары «осы елде туып, осы елде өстің ғой сен. Жақсы-жаманын түгел көрдің ғой. Көнбеген қызды алып

қашқан талай кісіні де көрдің. Қыздың қарсылығы бір-ақ күндік болмайтын ба еді! Құлағына қол апартпайтын талай асау қыздар, алып қашқан соң-ақ, көндігіп жүре бермейтін бе еді? Бұл балаң да сөйтеді».

Сана-сезімі революциядан бұрынғы ауылдың салт-санасынан шықпаған Қаратілеуге, Төлебайдың бұл сөздері қона кетті. Ажарды Шалабайдың алып қашуына ол ризаласты.

Соңғы күндері, Ажар шиыршық атып, маңына жолатпағаннан кейін, Қаратілеу Төлебаймен:

— Енді қайтеміз?— деп ақылдасып еді.

— Онда, өз жобамызбен көшейік,— деді Төлебай, бірер күнде шығарып берейік.

Осы іске қам жасалып жатқанда, уәделі күнде Шалабайдың өзі емес, ұсталып қалған хабары келді. Оның басқа бір саяси іспен ұсталғанын Төлебай қайдан білсін, «Ажар ұстатты» деп ойлады ол.

Төлебай осы хабарды айтып келгенде, Қаратілеу не дерге білмей сасып қалды. Оның үрейлі кескінін көрген Төлебай, одан да жаман қорқытпақ боп:

— Бұның арты жаманға айналады енді,— деді Қаратілеуге,— қолына түскен адамға, өкімет шынын айтқызбай қоймайды. Мені қойшы, араларыңда жүрген-тұрғанымды көрген куа жоқ, Шалабай да мені өлмей ұстап бермейді. Сен туралы ол шынын айтады. Оның аржағы белгілі...

Төлебай аз кідірді де, демін күрсіне алып:

— Саған обал болды бейшара!— деді есіркеген дауыспен,— қартайғанда абақтыда шіритін болдың!.. «Батырдың ажалы маржадан» деп, сенің ажалың, туған қызыңнан болатын болды!..

Бұл сөзді естігенде, Қаратілеудің Ажарға деген әкелік сезімі түгел сөніп болды. Дәл осы сәтте, егер қасында Ажар отырса, ол бассалып тұншықтырар еді...

Қаратілеудің ішінде не дауыл соққанын көздерінің, бет бейнесінің қимылынан байқаған Төлебай:

— Тағы бір сұмдық естіп отырмын,— деді оған.

— Иә?..

— Әлгі бір, комбайыншы жігіт бар ғой, Тайжан деген?.. Ажар біраз күн қасында жүрген?..

— Иә?..

— Сол жігітке қосылғалы жүрген көрінеді Ажар...

— Оны қайдан білдің?..

— Аңдушылар айтты...

— Дәлелдер?..

— Көзбен көріп, қолмен ұстаған өзге дәлелдерін былай қойғанда, қызың сол жігіттің карточкесін төс қалтасынан тастамайды дейді. Нанбасаң, кешке қызың үйге келгенде, оңашада қысып сұрашы, егер қалтасынан шықпаса, маған «тіфу бетіңе!» де...

— Болсын!— деді Қаратілеу.

Қаратілеудің алдында одан әрі жылмаңдауды хажет көрмеген Төлебайдың кетер алдында айтқаны:

— Сөйлес қызыңмен, мүмкін райынан қайтар. Ол, тіпті, Шалабайға қосылмай-ақ қойсын, бірақ кінәсіз жанды кіріптар етіп, обалына қалмасын, абақтыдан босаттырсын. Шалабай босанса, саған да ешкім тимейді. Ал, ол босанбады бар ғой, абақтыда шірідім дей бер!..

Бұл сөзді көңіліне берік тоқыған Қаратілеу, түнде қызымен оңаша кездесуді арман етіп еді, тілегі «қабыл» бола кетті: әйелі — Айсарының толғатқан әйелге жәрдемдесуге, туатын баланы қабылдауға қолының епсегі болушы еді; Ажар егіннен келе, үй іші боп іңірде шай ішіп отырғанда, ауылдың арғы шетінен біреу ат жегіп келді де: «әйелім толғатып, қысылыңқырап отыр еді, жәрдем көрсет» деп Айсарыны алып кетті. «Түнде жоқтамассын,— деп кетті ол Қаратілеуге,— аманшылық болса, ертең ертемен әкеп салам».

Қызымен оңаша қалған Қаратілеу, жұрт аяғы басылып, ауыл жатқанша, әлденелерін ермек қып, далаға кіріп-шығумен жүрді. «Бүгін жанжалға себеп жоқ» деп түсінген Ажар, кәрәсін лампасының жарығымен кітап оқуға кірісті. Әкесіне анда-санда қарап қойса, түсі тым суық, Бұнысын «жаңа бірдеменің ызғары» деп ойламайды Ажар, «кешегі жапжалдың салқыны» деп жориды, сол салқындықтан артықты, әкесінен күтпейді ол. «Қанша ашуланғанмен,— деп сенеді ол,— аты —«әке», өкпеге қиса да, өлімге қимайды, оқуға ризашылығын беріп аттандырады».

Ажарды сезімі алдады. Ауыл жатып болды-ау деген шақта тыстан кірген Қаратілеу, есіктің ілгегін ішінен салды да, Ажардың алдындағы шамды көтеріп ап, пештің тасасына қойды.

— Неге, әке?— деген сұрауға:

— Қазір айтам!— деді де, шамды орналастырып, үй-іші қараңғылыққа болғансын, аса суық кескінмен,— әкел, мұнда!— деп Қаратілеу Ажарға қолын созды.

— Нені, әке?!— деді, оның түсінен шошыған Ажар, орнынан ұша түрегеп.

— Қалтаңдағы кәртішкені!

— Не кәртішке?..

— «Әкел» деймін!— деген Қаратілеудің жуан саусақтары, Ажардың төсін бүре жабыса кетті... Ажардың:

— Әке!— деген даусы қаттырақ шығып еді.

— Өшір, үніңді!— деді Қаратілеу,— әйтпесе, мен өшірем!

Тұлабойы қалтырап кеткен Ажар, дірілдеген қолымен, төс қалтасындағы комсомол билетін суырды да:

— Кәртішке осында!— деп ұсына берді.

Ажардың кеудесінен қолын алған Қаратілеу, билетті шамның жарығына апарды да, ішін ашып, карточкені суырып көрді... Төлебайдың айтқаны расқа шықты.

Одан кейін не істеп, не қойғанын Қаратілеу білген жоқ. Айуандық біраз қимылдарын аңша жасаған ол, аз да болса, адамшылық санасына қайтқан шақта қараса, алдында сұлап біреу жатыр!.. «Бұл кім?» деп үңілсе — қызы! Сонда ғана жүрегі тас төбесіне шыға келген ол, қызын қозғап көрсе, денесінде жан жоқ!..

Ол сүзіле қараған кескінмен, өлген қызының қасында бірталай уақыт отырды... Өлген!..

Төлебайдың «өзі аямағанды, сен де аяма!» деген сөзі түсіп кетті оның есіне. Әлгінде ғана болар-болмас оянған әкелік сезімі сол сөзден тағы сөне қалды.

Есік қағылды сол кезде.

— Кім?— деді қорқып кеткен Қаратілеу есікке барып, дірілдеген дауыспен.

— «Мен!»— деген Төлебайдың дауысын тани кетті ол.

— Иә — деді Төлебай, үйге кіре, есіктің ілгегін салып қойып.

— Бәрі бітті!— деді Қаратілеу тұнжырап.

— Не бітті?

— Әне, көр, біткенін!— деп Қаратілеу Ажардың денесін нұсқады.

Ажардың өлуіне көзі жеткен Төлебай:

— Таптың ба, кәртішкені?— деп сұрады.

— Таппасам, бұны істеймін бе?

— Қайда ол кәртішке?

— Міне?— деп қолына берген комсомолдық билетті, кәртішкені көрген Төлебай, Тайжанның хаты да сонда екен. Төлебай оны тез оқыды да қуанып кетті.

— Құдай оңдады!— деді ол.

— Неге?

— Тайжан дегені, қызыңа «мен сені өлтірем!» деп жазған екен ғой!..

— Қойшы?!..

— Ырас. Мына хатта жазған!.. Енді бұл қыздың жаласы соған ауатын болды.

— Қалай?

— Қорадағы ашаның біреуіне мойнынан асайық та, мына хат пен кәртішкені қалтасына салайық. Ертең өлігін тапқан жұрт осы хатты көрсе, сөз жоқ, қызды Тайжан өлтірген екен деп сенеді...

— Сөйтеміз де, енді?— деді ол тұнжырап үндемеген Қаратілеуге.

— Басқа амал қанша!— деді Қаратілеу ауыр күрсініп.

8. ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗА

Кеше, Ажар хоштасып кеткеннен аз-ақ кейін, Тайжанның комбайны авариядан ұшырады. Оған өзі айыпты. Бұрын комбайн жүретін жолға көзін тесе тігіп, бөгеттің бәрін байқап отыратын, қақтығар-соқтығар тұстардан ебін тауып аман алып өтетін Тайжан, Ажар кете, ол дағдысынан айырылды.

Домалақтап бүктеген жіп болады ғой. Егер оның бір ұшын әлденеге байлап, байланған нәрсесін жылжыта берсең, созылып тарқатыла береді ғой, мықты жіп болса үзілмейді ғой...

Кетіп бара жатқан Ажардың денесіне тіккен Тайжанның көзі, дәл сол жіпке ұқсап, шешілместен, үзілместен шұбатыла созылып ерді де отырды, нық байланып қалғандай, басқа жаққа бұрып алуға Тайжанның шамасы келмеді.

Ажардың денесі, алдындағы ағаштың қалтарысына бұрылғанға дейін солай созылған Тайжанның көз жанары, бұрылғаннан кейін де, екі арасында жалғанған жіп үзілмеген сияқтанып, бұрылыстың тұсына қадалды да қалды...

Сол қалпында қанша тұрғанын Тайжан сезбеген де болар ма еді, қайтер еді, егер астында жүріп келе жатқан комбайнның әлденеменесі тарс-тұрс ете қалмаса!

«Не болды?!» дегендей ол жалт қараса, трактор сүйреп келе жатқан комбайнның ішкі сарайы бұзылуы, жо-

ғарғы шүмегінен кебежесіне саулайтын бидай ағысының сарқыла қалуынан көрініп тұр.

Комбайннан жүгіре түскен ол трактордың тоқтаттырып үңілсе, бидай сабақтарымен бірге, комбайнның ішіне әлдене өлімтіктің сүйегі түскен екен де, хажетті бір деталі үзіліп кеткен екен. Тайжанға бұл өте қатты өкініш болды. Дәл осы секундке дейін, егін жинауда оның комбайыны бүкіл ауданның алдында еді. Енді, мына деталь түзелгенше, артта қалып қоюы мүмкін.

Жұмысын амалсыз тоқтатқан ол, комбайнын колхоз орталығындағы темір ұстасына әкеліп еді:

— Түзеуге болады,— деді ұста.— Бірнеше сағаттық қана жұмысы бар мұның.

Күндізгі жұмысынан шаршаңқыраған ұста: «Ертең ертемен кірісермін» деп еді, хал-жайын айтқан Тайжан, «бір түнгі ұйқыңызды қиыңыз да, бітіріп беріңіз!» деп жатты да жалынды. Озық комбайнердің ісіне кедергі келтіруге ұялғандай:

— Болсын,— деді ұста,— бірақ, өздерің жәрдемдесесіңдер.

— Болады,— деді Тайжан,— жәрдемдесем!

— Біз де,— деді серігі мен тракторист...

Түні бойы ремонтталған комбайн таң сіберлеп келе жатқан кезде бітті...

Тайжан кеше серігінен, «Ажарды ертең ертемен аттандырып салайын, егінді сен шаба тұр» деп өтінгенде, «осылардың арасында бірдемелері болу керек» деп жоритын серігі «жарайды» деп уәде берген. Комбайнның ремонты бітіп жұмысқа жөнелгелі жатқанда, серігінен ұялды ма, әлде комбайны жөнделген қуанышы Ажарға кеше берген сертін ұмыттырып жіберді ме:

— Ал, кеттік!— деп комбайнына міне беріп еді:

— Кешегі уәдең қайда?— деді серігі.

— Қандай?

— Ажарға берген?

— Айтпақшы, сол бар екен ғой...

— Ендеше, түс! Ажарды жөнелтіп сал. Бүгінгі кезек менікі ғой, егінді мен шаба тұрайын.

Серігі басқарған комбайн егін басына жүріп кетті. Сіберлеген таңның ала-көлеңкесін жамылып, Тайжан Ажардың үйіне тартты.

Жолшыбай ол ой азабына батты. «Кеше қалтасына са-

лып жіберген запискамды Ажар қолына алды ма екен, жоқ па екен?— деп ойлады ол.— Алса қайтті екен?!»

Ажардың ұрсарын да, ұнатарын да білмеген ол, «не де болса бара көрейін» деп тәуекелге белін берік байлады да, аяғын екпіндей тездете басты.

Неге екенін білмеді, Қаратілеудің қақпасына жақындағанда Тайжанның жүрегі өрекпіп аузына тығылды. Тоңғандай тұлабойы дірілдеп кетті. Өз денесін өзі байқап ұстамаса тәлтіректеп құлап қалатындай болды. «Апырай маған не болды?!» деп ойлады ол.

Қаратілеудің алдыңғы жағы аз ғана ашылып тұрған қамыс қақпасына таяна, кіруге бата алмай тұрғандай, Тайжан тоқтай қалды да, «бұным не?» дегендей, қақпаны еппен ашып, қораға кірді. Со бетімен есікке жақындады.

— «Түк дыбыс білінбейді ғой,— деп ойлады ол есіктің тұтқасын ұстап тұрып, бірақ тартпай,— үй іші ұйқтап жатқан болар».

Үйге кірерін де, кірмесін де біле алмаған ол, қораның ішін шола қарап тұр еді, бір жақ түкпірінде, салбырата ілген, адам тұлғалы бірдеме ұшырай кетті...

«Жаным-ау, мынау аң мен құсты қорқытуға жасалатын қарақшы сияқты ғой!— деп ойлады ол,— қора ішіне неге іледі, ондай қарақшыны?..»

«Не де болса көрейін!»— деген оймен жақындаса, Тайжанның жүрегі су ете түсті. Сасып қалған ол қаша жөнелуге бір ойлап, тағы да бойын тежеп, кім екенін білгісі келді. Сол оймен, теріс қараған бетіне үңілсе — Ажар!..

Көзінен жастың қалай ыршып кеткенін Тайжан білмей қалды. Ол жалма-жан Ажардың денесін көтеріп, тұзақты зорға деп ағытып, құшағына алды... Былқ-сылқ еткен денеде жан жоқ!..

Тайжан не қыларын білмеді. Жаңғыз дене салмақты болғанмен, ол Ажарды кеуде тұсына көтеріп, сұп-суық бетіне бетін тақап аз уақыт ессіз адамдай қалшиып тұрды...

— «Бұл қалай?!— деп ойлады ол, есі аз да болса жиналған шақта,— әке-шешесі қайда бұның?!»

Тайжанның жасты көзіне, сол араға текшедей үйген кигіз үйдің керегесі көрінді. «Бұлай тұрып болмас» деп ойлаған ол, Ажарды керегеге шалқасынан жатқызды да, үй ішіне хабар бермек боп есікке барды. «Жоқ!— деді ол, қолын тұтқаға тигізе беріп тартып алып — бұны әуелі Мақсұтқа айту керек...

Ажарға ендігі достығы, оны өлтіргендерді ашу деп ұқ-

қан Тайжан, өкпесін қолына ала, Мақсұттың үйіне қарай бар пәрменімен жүгіре жөнелді.

Тайжанның қораға қалай кіріп, не істегенін, қараңғы бір түкпірден сығалап түгел көрген Төлебай, Тайжан қорадан шыға сүп беріп үйге енді. Бұл кезде Қаратілеу өтірік ұйқтап жатыр еді. Оның кірпігі, қазір түгіл түн бойына ілінген жоқ-ты. Ашудың айдауымен, Ажарды қалай өлтіргенін білмей қалған ол, Төлебай екеуі өлген Ажарды қораның түкпіріндегі ашаға асып, Төлебай кетіп, өзі жалғыз қалғаннан кейін, аз да болса адамшылық қалпына келген. Содан кейін, айуандық қылығына қатты өкінген ол, «өзім де өлсем қайтеді?» деп бір ыңғайланып, қасында жатқан балтаға қолы көтерілмей қойған... Өле алмасына көзі жеткен ол, «болған іске болат бол» деген мақалды есіне ап, «несіне болса да шыдадым» деп бекінген. Бір сәтте, «өлтіргенімді мойныма алып, күнәмді жаза тартумен жойсам қайтеді?» деп ойлаған ол, біраздан кейін ол ойдан да тайқып шыққан. «Енді, жаласын Тайжанға жапқаннан басқа амал жоқ» деп қорытқан ойын ол. «Бірақ,— деген күдік келген оның ойына,— Тайжанның бұл қораға келіп, қалай асып өлтіргенін кім дәлелдей алады?!..»

Осы ойлармен басы шатасып түні бойы көз шырымын алмаған ол, не істеуге білмей аунақшып жатқанда, есік жақтан сыбдыр естілді. «Кім?!» деген ойдан жүрегі тас төбесіне шыққан ол, өп-өтірік қорылдай қойды.

— Қаратілеу!— деді үйге кірген Төлебай, қасына барып.

— Әу,— деді оның дауысын таныған Қаратілеу ұйқылы көзін сығырайтып ашқан боп, басын көтеріп:

— Құдайың оңдады!..

— Немене?!— деді Қаратілеу елеңдеп.

— Көктен тілегенің жерден берілді. Қайда екенін білмеймін,— құдай айдап, жаңа қораға Тайжан кіріп шықты...

— Қойшы?!..

— Рас. Асулы тұрған Ажарды жерге түсірді де, керегеге жатқызып, өзі сенің есігіңе келді. Тегі, сені өлтіруге ойлады ғой деймін. Құдай сақтады. Өзі Мақсұттың үйіне қарай жүгіріп кетті. Хабарлауға кетті ғой деймін. Ал, енді, бекін!.. Ұйқтаған болып жат та, Тайжан кісілерін ертіп келгенде, «өлтірген өзің!.. Әйтпесе, неге ерте келесін!» деп сал, бәлеме әлекті!.. Оған қоса, Ажардың қалтасынан «өлтірем» деген қағазы шықса, мойнына түседі де қояды...

Қаратілеу «не дейсің?!» деп үлгермей, Төлебай шыға жөнелді... «Қызын өлтірген Қаратілеу, ақылы енген соң өзімді бассала ма» деп, үйге сескене кірген еді ол. Оның тез шығып кетуіне де себеп сол. Арам антұрғанды ойы алдаған жоқ,— түнгі ой азабында Қаратілеу, «бүлдірген сол ит» деп, сол сәтте қолына түссе Төлебайдың басын шаппақ та болған, балтасын қасына алған себебі де сол болатын. Енді, Төлебай шыға жөнелгенде: «Қап!— деп өкінді Қаратілеу,— қолыма түспей кеттің-ау!..»

Осы кезде, дырылдап кеп, үйінің маңына тоқтаған автомашина даусы естілді. Жүрегі тағы да тас төбесіне шыға келген Қаратілеу, «кім де болса ұйқтаған орнымнан оятсын» деген оймен, көрпесімен басын тұмшалай, қисайып жата кетті.

Келген Айман мен Сапар еді.

— Мен машинада отыра тұрайын,— деді Сапар Айманға — күн жаңа шығып келеді, бұл үйдің жандары ояна қоймаған болар, сен кір де оятып шық!

— Жарайды — деді Айман машинадан түсіп — әкесінің мінезі жаман еді, Ажарды жібермеймін деп жатпаса не қылсын!..

— Оны сөйлесе көреміз...

Аз күн ажырасқанға Ажарды қатты сағынған Айман, жүгіре басып, әуелі қораға, одан үйге кірсе, төр алдында кесек тастай боп жалғыз адам жатыр, одан басқа ешкім көрінбейді...

«Әкесі болар — деген ой кірген Айман,— апырау, Ажар қайда? Шешесі қайда?» деді ішінен, көлеңкесі көмескі үй ішін көзімен тағы бір шолып. «Жоқ қой, олар?.. Қайда кеткен?!»

Төрде деңкиіп жатқан Қаратілеуді оятуға бата алмаған Айман, жүгіріп далаға шықты.

— Ояттың ба?— деді машинадан түсіп тұрған Сапар.

— Ажар да, шешесі де үйде көрінбейді. Әкесі ғой деймін, жалғыз адам ұйқтап жатыр...

— Оны неге оятпадың?

— Мінезі теріс. Сөгіп тастар деп қорықтым...

Олардың ойын, осы үйге қарай асығыс адыммен топталып келе жатқан адамдар бөлді.

«Ерте жүрген не қылған топ?!» деп таңдана қарап тұрған Сапар, топ жақындағанда, ең алдымен Мақсұтты танығы. Жақындай берген оған Сапар:

— Егін жиналып жатқан кезде топталып бос жүрулеріңе болайын!.. Не жүріс, бұларың?— деп қалжыңдап еді:

— Жүргеніміз құрысын!— деді Мақсұт қайғылы қабақпен—. Масқара боп келеміз!..

— Астықтарыңды орындай алмай ма?

— Астық орындалады ғой. Басқа масқарамыз шығып жатыр...

— Не болды?..

— Ажар өліп қалды!..

— Не дейді?!..— деді Сапар мен Айман бір дауыспен шошып кетіп.

— Мына Тайжан көріп хабар айтты...

— Қайда?.. Қалай?..

Тайжан аз сөзбен көрген-білгенін айтқаннан кейін, оған еріп бәрі Ажардың қасына келсе, шашырап шыққан күннің, қораның тесігінен кірген алтын сәулесі, денесін нұрымен бөлеп, тірі адамдай екі беті нарттай болып жатыр екен...

— Жаным-ау, мынау тірі кескін ғой — деп әрқайсысы бетіне қолдарын тигізсе — мұздай сұп-суық!..

Ажардың өлуіне көзі жеткен топ даурыға шулап, аянышты және кекті сөздер айтып жатқанда, Айман оған тесіле қараған көзбен сазарып қатты да қалды. Оның бұл қылығына жалғыз Сапар-ақ қайран қалды, өйткені, мана, жолшыбай айтып келе жатқан достық сөздеріне қарағанда, әрі қимасы болғандықтан, әрі әйел болғандықтан, Айман еңіреп жыласа керек еді,... неге өйтпеу себебіне Сапар түсінбеді...

Ажардың өлігін көргенде қашқан ақылы, аздан кейін басына оралған Сапар:

— Әкесі үйінде деп еді, шақыр!— деді Мақсұтқа.

Мақсұт үйге кіріп Қаратілеуді әуелі дауыстап, одан кейін түрткілеп, зорға оятты да:

— Райкомның секретары Сапар шақырады,— деді.

— Қайда?

— Қораның ішінде.

Қаратілеу Мақсұтқа еріп тысқа шыққа, Айсары дауыс қылып қораны басына көтеріп, Ажарды аймалап жылап жатыр екен, тырнап тастаған екі беті қып-қызыл жосадай...

— Мынау не?— деді Сапар Қаратілеуге Ажарды нұсқап.

— Бұл не?!..— деді Қаратілеу, өлгенін сезбегенсіп.

— Кім өлтірді мұны?

Ажарға үңілген Қаратілеу, өлгенін енді ғана білген боп, бетін алақанымен басып отыра кетті...

Әркім әр түрлі сөзбен шулай бастағанда, қабағы қатулаңған бетінен, Қаратілеу алақанын алды да, орнынан жер тірей түрегеп:

— Өлгенін алғаш айтқан кім, мұның?— деді Сапарға тұнжырай қарап.

— Мен!— деді Тайжан.

Қарулы қолының жуан жұдырығымен Қаратілеу аузына қалай салып жібергенін Тайжан аңғармай да қалды... Тістері опырылып ішіне кіріп кеткендей ауырған аузын Тайжан ұстай алғанша Қаратілеудің қарулы қолы оның алқымына да жабысты!..

Қолы мұндай қарулы болар ма, оның!.. Тайжанды қылғындырып әкеткен саусағын, көпшілік жабылып әрең жазды...

— Өлтірген осы!..— деп ұмтылды ол Тайжанға тағы да. Көпшілік еркіне жібермеген ол:

— Есті жұрт!.. Есті, дүние!..— деді Қаратілеу бар даусымен,— баламды өлтірген осы!..

«Емеспін» деуге Тайжанның шамасы келмеді,— Қаратілеудің қатты соққан жұдырығынан оның күрек тістері сынып түсіп, аузынан қан сорғалап кетті...

Тайжанға ұмтылған Қаратілеуді ұстаушылардың біреуі Сапар еді. Оны:

— Қайдан білесін, Тайжанның өлтіргенін?— деген сұрауына;

— Өлтірмесе, ол бірінші боп қайдан көреді?..— деді Қаратілеу арпалысқан қимылын бәсеңдетіп.

— Мүмкін, келген шығар, осында?

— Таң атпай неге келеді?..

— Дәлел емес, ол,— деді Сапар,— жас адамға, неге ерте жүресін деуге болмайды. Одан басқа дәлелің болса айт!..

— Бар,— деді Қаратілеу, алқынып,— босатыңдар, айтайын!

Ұстаған жұрт босатқанда:

— Өлтірерін кеше біліп ем,— деді Қаратілеу.

— Қалай?!— деп шуласты жұрт.

— Баламның төс қалтасында бір қағаз болуға тиісті, комсомолдық билетінің ішінде, соны алыңдаршы!..

— Қара!— деді Сапар Мақсұтқа.

Мақсұт Ажардың төс қалтаснан билетін суырды да, ішін ашып хатты алды.

— Оқы!— деді Сапар.

Мақсұт оқи бастағанда:

— Аяғын ғана оқы!— деді Қаратілеу.

— Неге?

— Басы,— жастықтың сөздері. Өлтірем деуі,— аяғында.

Хаттың аяқ жағын оқыған Мақсұт үндемеп еді:

— «Екеуміздің бірімізге ажал» деген сөз бар ма екен?— деді Қаратілеу.

— Бар.

— Ендеше, қызымды оқуға жібергісі келмеді, ана залымның үйленгісі келді. Оған көнбейтін болған соң, түнде алдап далаға шығарып алды да, өлтіріп кетті...

— Бізден таң ата айырылған, Тайжан,— деді Мақсұт,— түнде қасымызда болды. Ендеше қалай өлтіреді.

— Таң ата қайда кетті...

— Білмедім, оншасын?

— Осында келдім!— деді Тайжан қаны аққан аузын басқан қолы арқылы үн шығарып.

— Ендеше, сонда өлтірдің де, пәледен құтылу үшін хабар бердің!..

— Өлтірген өзің!— деген қатты даусы шығып кетті, Қаратілеуге көзін оқтай ата қараған Айманның.

— Дәлелің?— деп екіленіп келе жатқан Қаратілеуді Сапар тоқтатты да:

— Кімнің өлтіргенін ашуға, үкіметтің мүмкіншілігі жетеді, прокурорға телефонмен хабар айту керек!— деді...

Телефон соғылғаннан кейін бірер сағатта қылмыс орнынан жетіп келген прокурор Салмақпай, Тайжанның хатын көргеннен кейін, «куәлік нәрсе айқын» деді де, қылмыс заңының 136-статьясымен айыптап, Тайжанды сол арада тұтқынға алды.

Сөйтіп, жазықсыз адам жазаға ілекті.

9. «ШЫНДЫҚТЫҢ МЕКЕНІ — ШЫНДА»

Эпилог орнына

Ажар өлімінің зерттеуі ұзаққа созылды. Бұл істе айыпты деп Тайжанды тұтқынға алған прокукор — Салмақпай, өлімнің жазасын қайткенде соның мойнына түсіруге бар

білімін жұмсағанмен, мәселе тереңдей келе, басқа жағдайлардың да беті ашыла бастады.

Бұны ашуға бас себепкер Айман. Қызылжардағы педагогика техникумына оқуға түскен ол, сабақтан босанған уақыттарының бәрін Ажар жұмысының ізіне түсуге жұмсады. Ең алдымен ол, Ажар жайында білетіндерінің бәрін тізіп, облыстық партия комитетінің атына ұзақ хат жазды да, Тайжанның тұтқынға алынғанын, өзінің ойынша оның хаталығын, Ажарды өлтіруші — әкесі Қаратілеу мен соған жақтас адамдар деп жорамалдауын, істі Салмақпай зерттегенде мәселенің анығы ашылмауын, оған дәлелдерін айта кеп, бұл істі басқа біреудің зерттеуіне беруді өтінді. Ажардың өлуіне аса зор мән берген облыстық партия комитеті, облыстық прокурор Әділбековті шақырып алды да, Айманның хатын қолына беріп, істің анығын өзі зерттеп ашуды тапсырды.

Зерттеуді Әділбековтің өзі қолға алғаннан кейін, жаңа мәселелердің шеті кеп шықты, ол — Шалабайдың Ажарға жасырын құдалығы. Бірақ, бұл да ұшығын таппайтын домалақ жіпке айналды. Мақсұттың айтуынша, бұл құдалықта жеңгетайлыққа жүрген Төлебай болуға тиісті. Одан жауап алайын десе, Ажар өлген күні әйелін алған да, әлдеқайда жытқан, содан бері із-тозының қайда екені белгісіз. Қашуына қарап, оның бұл іске араласы барын Әділбеков жорамалдайды, бірақ, іздеу орындары қанша тырмысқанмен, кеткен жобасын біле алмайды.

Бұл «құдалықтың» себебін бір білсе — шешесі білуге тиісті еді. Бірақ, ол да Ажар өлген күні қол жеткісіз жерге кетіпті: қызының күйігіне өзі шыдай алмады ма, немесе, бөгет боларын сезіп, біреу қастық жасады ма,— сол күні кешке үйіне барғандар оның өлігіне жолығыпты; сот — медицина орындары зерттесе — удан өлген...

Кім сұраса да, қайда сұраса да, Қаратілеудің берер жауабы — «Тайжаннан басқа ешкім өлтірген жоқ». Зерттеуші өзіне күдік айта бастаса: «бетің қызбай қалай айтып отырсын? Аң да баласын жемейді, менің сол ғұрлы болмағаным ба?» деп шап ете түседі; қыстап бара жатса,— «дәлеліңді айт та мойныма сал» дейді, ондай дәлел жоқ.

Шалабай да «кесіп алса қан шықпастың» бірі екен,— құдалықты мойнына алмайды, қысса документ сұрайды, ондай документ жоқ.

Тана алмайтын жағдай болғандықтан, Салмақпай Айманға сүйіспендік хат жазғанын мойнына алады да, Шала-

бай мәселесін маңына жуытпайды. «Көп уақыт серіктес, дастарқандас болыпсын ғой?» деген сұрауға,— «болғаным рас,— деп жауап береді ол,— құрдас жігіт... мәдениетті жігіт, көңіл көтеруге қолайлы жігіт... сондықтан біраз уақыт жақын жүргенім рас... Басқа ешнәрсесін білмеймін, хате айтады десеңіз Шалабайдың өзінен сұраңыз...»

Салмақпаймен уәделесіп қойғандай, Шалабайдың да жауабында айтары сол. Зерттеуші оспақтап: «серігің мойнына алып отыр ғой» десе, екеуінің де айтары,— «мойнына алса, көз бе көз мойындасайық!»

Тайжанның айтары,— өлтірмеуім өзіме аян. Ал, егер Ажарға жазған хатым, Ажардың өлігін бірінші боп көруім, мені айыптауға жеткілікті документ болса, жаза тартуға бейілмін». «Күдігің кімде?» деген сұрауға,— «ешкімде де емес,— деп жауап береді Тайжан,— ешкімді де қаралауға менің ешбір дәлелім жоқ».

Қанша зерттегенмен, осыдан басқа ештеңе анықталмайтын болған соң, прокурор өз пікірін жазды да, істі сотқа жолдады.

Сот Ажардың өліміне жыл толған шақта, «Азат» колхозының сол кезде салынып біткен жаңа мектебінің залында құрылды. Колхоз басқармасының және жергілікті партия мен комсомол ұйымының сұрануы бойынша, мектепке Ажардың аты қойылған еді, бірақ «Қаратілеуова» деген фамилиясының емес, «Ажар» деген өзінің аты.

Өткен күз осы ауылға әлдеқалай келе қалған атақты бір суретші, Ажардың оқиғасын естігеннен кейін, оның Тайжанмен түскен карточкесін тауып алған да, соған қарап отырып, бояулы үлкен форматпен әуелі Ажардың жеке портретін, одан кейін Тайжанмен қатар түскен портретін өздерінен айнытпай жасап, Мақсұттың өтінішімен, келер жылдың көктемінде әдейі келіп, екі портретті де колхозға сыйлаған. Ол — колхоздың жаңа мектебі салынып жатқан кез болады. Мектептің планымен танысқан суретші:

— Былай да жақсы екен,— деген Мақсұтқа,— әсіресе, залы жақсы екен. Портретті осы зал сахнасының маңдайшасына іліп, қоюыңызды өтінем!

— Мақұл,— деген Мақсұт,— Ажардың портретін солай ілеміз. Ал мына Тайжанмен бірге салған суретіңізді алар-алмасымды білмей тұрмын, өйткені, кім біледі,— өлтіруші сол екені анықталса, ілу түгіл көруге де болмайды ғой бұл портретті...

— Әзірге ілмеңіз!— деп өтінген суретші,— бірақ, алы-

ңыз да, сақтап қойыңыз. Егер мені сезімім алдамаса, осы Тайжан ақталады да, портреті Ажармен қатар тұрады!..

Ажар атындағы мектепте, Ажардың жұмысы қаралатын сотқа осы суретші де қатынасты. Судьяның ұлықсатымен, сот мәжілісінде ол хажетті деген объектілерін жазып отырды. Сонда оның ерекше шұқшиғаны екі адам, бірі — Тайжан, бірі — Қаратілеу.

Тайжанға шұқшиятыны — соттың сұрауларына жауап берерден басқа уақытта, сахнаның маңдайына ілінген Ажардың суретіне сүзіле қарап, көз жасын домалатады да отырады... Қаратілеуге шұқшиятыны — Ажардың суретіне қарамауға тырысады, ал, егер, әлдеқалай көзі түсіп кетсе, от басып алғандай, тез тарта қояды да, өкпе-бауырын, жүрегін, ішкі сарайын түгел құсып тастайтын адамдай, ышқына дем алып, ауыр күрсінеді...

Үш күнге созылған сот мәжілісі, зерттеу жазып бергеннен басқа еш нәрсенің бетін аша алған жоқ. Ендігі үміті — айыпталушының соңғы сөзінде ғана қалған сот, Тайжанға сөз беріп еді:

— Айтарымды айтып болдым,— деді ол жасқа булығып,— ендігі айтарым — мені ату керек!..

— Неге олай дейсіз?— деп сұрады соттың председателі, бөгелген Тайжаннан,— әлде, айыбыңызды мойныңызға аласыз ба?

— Алайын, алмайын, маған ендігі тіршіліктің хажеті жоқ...

— Неге?

— Ажар өлімінің күйігін тірі жүріп тартқанша, өліп тартайын!..

Соңғы сөздерін айтқанда еңіреп жіберген ол, бетін алақанымен басып отыра кетті...

— Сіз, дегенмен, сөзіңізді бітіріңіз!— деді оған председатель.

— Басқа айтарым жоқ,— деді Тайжан түрегеп, ықылық атқан дауыспен.

— Онда отырыңыз!..— деді председатель.

Сот мәжілісін жасауға кетті.

Суретшінің ойын бұл кезде Тайжаннан гөрі Қаратілеу бөлді, себебі,— Тайжан соңғы сөздерін айтқанда, оған қадалып қарай қалған Қаратілеу, сот мәжіліске кеткеннен кейін, сол қараспен көзін Ажардың портретіне тікті.

Адамның жан жүйесін бет құбылысынан білем деп сенетін суретші, Қаратілеудің бұл жолғы бет құбылысынан,

Ажардың портретімен шын сырласқандығын аңғарғандай болды... Бұл құбылысты суретші құмарта сызды...

Мәжілісін бітірген сот, қорытындысын жасауға қайтып кеп, стол басына орныққан шақта, Қаратілеу қолын көтере түрегелді.

— Не айтасыз?— деді председатель.

— Шынымды айтам!— деді Қаратілеу.

— Қызымды өзім өлтіру туралы шынымды!..— «Ah..» — деген көп дауыс, залда тұтаса күңіреніп кетті... Ол шуды әрең басқан председатель, Қаратілеуге:

— Сөйлеңіз!— деп еді.

— Сөйлер алдында бір ғана өтінішім бар,— деді Қаратілеу.

— Айтыңыз!

— Осы біздің колхозда, хата естімесем, біздің осы мектепте, анау отырған суретшінің, Ажар мен Тайжанды қатар отырғызып салған суреті болу керек...

— Бар!— деді суретші мен Мақсұт қосынан.

— Сол суретті,— деді Қаратілеу сахнаның маңдайшасын қолымен нұсқап,— анау Ажардың суретіне қатар іліп қоюларыңызды өтінем.

— Қашан?

— Қазір.

— Неге?

— Менің сөзім сол екеуі туралы болады...

— Өтінеміз!— деп ду ете түсті зал.

— Әкеліңіз,— деді председатель Мақсұтқа.

Мақсұт алып келген суретті председатель көрді де, күрсіне бір дем алып:

— Маңдайшаға қазір іліп жатудың қажеті болмас, қазір сот столының өздеріңіз жақ бетіне сүйеп қойсақ та болар,— деді.

— Дұрыс!— деді көпшілік.

Бетіне қарсы қараған екі жастың алдында ауыр қылмысын мойнына алған Қаратілеу, не болып, не қойғанын сөйлеп кетті...

Ағынан жарылған оның ұзақ және ауыр сөзін, көппен бірге, мәжіліске қатынасқан жазушысы да тыңдап отырып хажетті жерінің бәрін блокнотына сүйкеп алды.

Сол сүйкеуден осы повесть туды.

Февраль, 1937 ж.

БАЛУАН-ШОЛАҚ

(Аңыз)

Бұл күнде қырық тоғызда менің жасым,
Қамалдың бұзар кезім тау мен тасын:
Кешегі сентябрьдің базарында[1]
Көтердім елу бір пұт кірдің тасын.
Жиылып орыс-қазақ таң қалысты,
Болды деп Қаһарманнан[2] мынау басым.
Залок[3] сап жетпіс бес сом күрескенде,
Сындырдым Карон балуан қабырғасын.

(Балуан-Шолақтың өз өлеңінен)

1. «АЛЫП — АНАДАН ТУАДЫ»

Ол ауылдың қыстауы Қайрақты көлінің жағасында, қалың орманның арасында еді.

Қабағына қайғының бұлты оралып, кеудесін кернеген шерді, күркіреген күндей үһлеумен жеңілткісі кеп, көз жасы бұлақтай саулаған ауылды еліктегендей, я, қайғысына ортақтасқандай, сол күні күздің қарасұрғылт бұлты нөсерлей жауды, жел ышқына соқты.

— Болыңдар! Жөнеңдер, тез! Жоғалыңдар!— деп ат үстінен айдаһардай ысқырған полицейский урядниктің сілтеген қамшысы бұлттан жарқыраған найзағайдай ирелеңдеп, талайдың арқасын тіліп түсті.

Қасқыр талаған қойдай қызыл жон болған ауыл адамдары, басқа паналар жер жоқтай, полицейский сабап айдап шыққан қораларына ығысып қайта-қайта тығыла берді.

— Өрт!— деді урядник ауылды қоныстан қуып шығара алмаған соң, лезде ауылдың әржерінен қою қара түтінге бөленген қара күрең жалын жарқ етті. Өрт еріксіз ай-

---

[1] «Сентябрьдің базары» революциядан бұрын Көкшетау қаласында күз болған.

[2] Қаһарман — фарсы халқының ертегі батыры.

[3] Ерегісте шартқа тіккен ақша.

дап шыққан ауылдың аузындағы жалыннан да ыстық жалғыз сөз:

— Қайран қоныс, хош бол!

Бұл бейқам отырған ауыл еді. Өткен жазда болған болыс сайлауында, сол ауылдың біреуі, болыстыққа таласқан Тоқсанбайдың Сыздығы деген байға қарсы шыққан. Бірақ Сыздық выборнайларды[1] ақшамен сатып алып, сайлаушыға да пара беріп, болыстыққа сайланған. Қолына мөр тиіп, әкімшілік тізгінін ұстағаннан кейін, ол, өзіне қарсы ауылдардың берекесін кетіруді ең бірінші міндетім деп санаған. Сол жылы переселен управлениясы[2] ішкі Ресейдің қалаларынан көшірілетін переселендерге жер сұрағанда, Сыздық болыс кектенген ауылдарының ішіне қосып, осы ауылдың да жерін ұсынған. Кешікпей землемер кеп жерді өлшеген. Бірақ, ауылдың адамдары ол өлшеудің не өлшеу екенін түсінбей, қыстың жабдығын қамдап, бұрынғыша отыра берген.

Күз, ауыл шапқан шөбін қорасына үйіп, қар ұшқындап қысқы үйіне кеп қонғанда, ызғарлы хабар кенеттен сап ете түсті:

— Көшесіңдер!

— Неге?— деп сұрады ауыл.

— Үш-төрт жүз үй крестьяндар көшіп келеді, алды келіп те қалды. Бұл жерде енді солар отырады.

— Біз қайтеміз?

— Онда біздің жұмыс жоқ. Қайда барсаң — онда бар.

— «Қой, олай болмас» деп ауыл бейқам отырғанда, арбалы, жаяуы аралас шұбырған крестьяндар кеп қалады.

Сол күні урядник те келді, ауылды өртеп көшірді. Мі-не, бар оқиға осы!..

Күз көшке әзірленбеген ауыл, урядниктің жыландай ысылдаған ызғарымен, мылқау өрттің лебіне шыдамай қонысынан қозғалғанмен, тез жиналып кете алмады, бес-алты шақырым ғана жерге жылжып, бас-аяғы жиналып ақылдасты.

— Ал, қайда барамыз?

— Қайдан білейік, қайда барарымызды!

— Патшаға дейін іздену керек,— деді біреу.

— Мынаның былшылдап жоқты айтқаны несі?— деді

---

[1] Сайлауда дауыс берушілер

[2] Россиядан қазақ даласына көшкен крестьяндарды орналастыратын патша өкіметінің бір мекемесі.

екінші біреу ашуланып,— Пәлен мың шақырым Кетрампорға барып патшаға арыз берем деп жүргенде, мына еңкейген кәрі мен еңбектеген жас қырылып қалмай ма? Әуелі осыларға баспана табайық та. Қайда арыз беруді содан кейін ойланармыз.

— Ол дұрыс,— деді біреулер,— бірақ бос тұрған қоныс ешқайда жоқ. Жиырма шақты үйміз. Қайда сиямыз?

— Маңай ел ғой. Жұбымызды жазбаймыз деуге болмас, атқа мініп ауылдарды аралап, биыл қысша баспана іздеп бытырап орналасайық.

— Осыдан басқа амал жоқ.

Қатын-қалаш, бала-шаға қалың қарағайдың арасына тіккен күркелерде қалды да, еркек атаулы атқа мініп, маңайдағы ауылдарды аралап кетті. Еркек кіндіктен ауылда қалған жалғыз Баймырза.

— Е, сен неге жүрмейсін?— деген сөзге оның берген жауабы:

— Балам жоқ, соны іздеймін.

— Қай балаң?

— Нұрмағамбет.

— Е, ол қайда еді?

— Тай үйретем деп таңертең кетіп еді, содан тайы да, өзі де жоқ. Астындағы асау тай бір жерде өлтіріп кетпесе не қылсын!

— Ертерек неге айтпадың, ел боп іздесетін?

— Оған урядник болды ма! Есті жаңа жинап отырған жоқпыз ба?

Баймырзада жалғыз тайдан басқа жылқы болмайтын еді. Одан басқа көлігі — жалғыз қоңыр шолақ өгіз.

— Қатын?— деді ол, әйелі Қалампырға жүрт кеткен соң,— әлгі өгіз қайда екен, мініп баланы байқайын? Тай жығып өлтіріп кетті ме, әлде? Аман болса жарар еді!..

— Күні бойы мінген өгіз, әлгінде ағытқаннан кейін отқа кетіп еді, ұзаса керек, маңайда көзге шалынбайды.

Баймырза өгізді тауып алып келді.

— Суарған жоқ па ең, бар болғыр!— деді Қалампыр өгізді көріп,— бүйірі ішіне кіріп кетіпті ғой? Бар, суар!

— Жаңбырда өгіз су іздей ме?

— Со да сөз бе? Бар, суарып кел!

Ауылдың көлік ағытқан жері, өткен жыл, мекенін переселенге өлшеп, үйлерін көктемде көшірген ауылдың жұрты еді. Сол жұрттағы қалың бұйра талдың арасында құдық барын Баймырза біледі.

Ол қарына шелек іліп, өгізін жетектеп жөнелді. Бұл кезде жаңбыр толастап, бұлт бытырай бастады. Бірақ желдің екпіні әрі күшті, әрі суық. Күннің батып бара жатқан белгісін батыстың жиегіндегі қызыл күрең бұлт білдіріп тұр.

Тал арасындағы құдықтың жиегі опырылған, айналасы дөңес сары балшық екен. Баймырза шелекке таққан жібін қолынан сусыта бергенде, тереңдегі сасықтау сары судың иісін сезіп, шөлдеген өгіз де мұрнын шүйіріп, төмен еңкейді. Су толған шелекті Баймырза жоғары көтеріп еді, иығына біреу қаққан сияқтанды,в қараса саз балшықтан сырғанап, өгізі құдыққа құлап барады...

Сасып қалған Баймырза, шелектің жібін табанымен баса қойып, өгізді мүйізінен ұстай алды. Сырғанаған өгізді ол қайдан тоқтата алсын. Өгіз күп беріп құдыққа түсті де кетті; өгіздің екпіні Баймырзаның өзін де алып кете жаздады. Сонда да тірі жан, өгізі құдыққа құлай бергенде, ол жанталасты. Құдық белуардан шүпілдеген су. Басы төмен түскен өгіз табан аузында тұншығады. Жалғыз өгіз! Ол өлсе қайтпек?

Жан-дәрмен Баймырза, өгіздің мүйізіне байланған кендір жіптен мықшия тартып, тұмсығымен құлаған судан жоғары шығарды.

Дес бергенде, жуан қара тал құдықтың жарына төне біткен екен. Өгіздің әрі суланып, әрі сазданып сусыған мүйіз жібін Баймырза жанталасып жүріп талға ілектірді де, сірестіріп байлады, өгіздің басы судан шығып тұрды.

Одан жоғары тартуға күші жоқ. Айла-амалы құрыған Баймырза: «Қа-лам-пыр!.. Қалам-пыр!..» деп бақыра берді.

Бұл дауыс құлағына шалынған Қалампырдың жүрегі дірілдей қалды. «Нұржаным[1] жамандыққа ұшыраған болар ма?» деп сескенді ол. Осы ой тұла бойын түршіктірген Қалампыр дауысқа қарай жүгірді. Оған ере, ауылдан бірнеше әйелдер, балалар жүгірді.

— Қалампырдың Баймырзаға ең қатты айтатын сөзі: «бар болғыр!» еді.

— Бар бол, сен, бар болғыр!— деді ол айқайдың мәнісін есітіп,— зәремді алдың ғой! Былай тұр!

«Былай тұрдың!» мәнісіне түсінбей, шоқша сақалын шошайтып, кішірек көзін сығырайтып Баймырза Қалам-

[1] Нұрмағамбетті еркелеткен аты.

пырға қараған кезде, Қалампырдың қолы өгіздің мүйіз жібіне тиді. Құдыққа еңкейіңкіреп, жіпті қолын соза ұстаған Қалампыр «һәуіп!» деп денесін жаза тартты. Сол кезде, өгіздің мүйізі қолға ілігер жерге кеп қалды.

— Ора жіптің ұшын, аяғыма!— деді Қалампыр Баймырзаға

— Неге?

— Нең бар, «неге» де! Ора, деймін тез!

Түсінбеген Баймырза, шұбалған жіптің артығын Қалампырдың жіліншігіне орағанда, сусымасын дегендей, ұшын Қалампыр табанына басты. Содан кейін, жіптен қолын босатты да, тағы еңкейе түсіп өгіздің екі мүйізінен ұстап, құдықтан суырып алды...

«Қарулы қатын» деген сөз, Қалампыр туралы халыққа алдақашан тараған еді. Баймырзаның ағаш үй қиятын қол өнері болатын. Сонда жәрдемдескен Қалампыр, қолы жететін жерге жуан бөренелерді көтеріп әпере беретін. Оған да жұрт сүйсініп қайран қалатын еді, ал, мына құнан өгізді құдықтан шығаруы жұртты тіпті тамаша қалдырды, әрі таңдана, әрі разы боп, құдықты қоршаған жұртқа, Қалампыр масаттанғандай айнала қарап еді, көптің арасында Нұрмағамбеттің де басы көрінді.

— Қалқам,— деді қуанып кеткен Қалампыр — қайда болдың, сәулем? Келші бері! Зәрем кетті ғой, сені жоғалтып!..

Сары сұр, қыр мұрын, өткір қара көзді бала қолын созған Қалампырға келе қоймай, сазарып тұрып алды. «Бар, бар!» деп қоршаған қатындар итермелеп еді, бала тұнжырап кейін шегінді.

— Қаршадай боп мықтысын қарашы!— деді қатындар, жап-жас басынан зілдей ғой, мынау! Қаққан қазықтай орнынан қозғалмайды!..

— «Алып — анадан туады, ат — биеден туады», деген қайда,— деді бір қартаң әйел,— «Су мұрынға»[1] тартса қаймыжықтай біреу болар еді. Кескін-кейпін, денесін көрмеймісің! Аумаған келін! Тек тіл-аузымыз тасқа!..

Қалампыр қөтерген он төрт құрсақтан тірі қалғаны: ұзатқан екі қыз, Төлебай дейтін ұл және осы Нұрмағамбет еді. Нұрмағамбет Қалампырдың сүт кенжесі. Сондықтан ба, әлде балалары өліп-өліп өлім сарқытындай болғандық-

[1] Жасы үлкен әйелдер Баймырзаны келекелеп «Су мұрын» дейтін еді.

тан ба,— әйтеуір, Қалампырдың жан-тәні Нұрмағамбеттің үстінде. Бес жасына шейін емген Нұрмағамбет, міне, биыл он бір жасқа шыққанмен әлі күнге шейін кешкі төсекке жатарда бір, таңертең төсектен тұрарда бір, мамасын иіскемесе мауқы басылмайды. Нұрмағамбет көзінен екі елі тайса, Қалампыр аңсайды да тұрады. Нұрмағамбеттің екі бетінен құшырлана сүймей, Қалампырдың аңсауы ешуақытта басылмайды.

Бүгін де солай аңсаған Қалампыр, құдық басында шақырғанына келе қоймаған Нұрмағамбетке «бұл несі?!» дегендей жақындап еді, бұрынғыдай апалап бассалудың орнына, ол, тағы да шегіне түсіп:

— Көк күшік қайда?— деді.

Қалампыр үндемеді.

— Тұрымтай қайда?— деді.

Қалампыр үндемеді.

— Күйді ме?— деп сұрады бала, дауысы қалтырап.

— Қап, құдай-ай!— деді Баймырза, Қалампыр тағы да үндемеген соң, мана у-шуда есімнен шығып кеткенін көрдің бе? Шошалада қамаулы тұрған көк күшік пен тұрымтай қала беріпті. Күйіп кетті-ау бейшаралар!..

Нұрмағамбет еңіреп қоя берді де, алақанымен бетін басып жүгіре жөнелді.

Жарылғалы тұрған жарадай жұрттың қайғысының ауызын Нұрмағамбеттің жылауы тырнап ашқандай болды.

«Қайран қоныс, қайран жер!»— деп үн қосып жылаған жұрттың дауысына күңренген дала да дауысын қосты.

2. КЕКТІ БАЛА

Жаздай бір байға ағаш үй қиған Баймырза, жұмысын бітіріп, еңбегіне тай алып, ауылына өртенер алдында ғана келген еді.

Көпейлеу туған жирен қасқа тайдың денесі кішірек болғанмен, екі құлағы тас төбесіне найзадай шаншылған, құйрық-жалы үкінің ұлпа қанатындай желпілдеген, үрген қуықтай бұлтиған семіз, төрт аяғы қаққан қазық сияқты тіп-тік, сұлу тай екен.

Тайды көргенде Нұрмағамбеттің қуанғаны сондай, кішкене денесін кең дүниеге сиғыза алмады, біресе екі санын шапалақтап аспанға қарғыды, біресе, жата қап, жерге домалады. Оның бұлай қуануына бас себеп мынау еді:

Өткен жазда, осы маңайдағы ауылдар балаларын сүн-

детке отырғызды. Ондай балаға әкесі арнаулы ат, я тай атауға тиісті. Сүндеттер алдында балалар атаған аттарына, тайларына мініп, ауылдарды аралап жарысуға тиісті.

Балалар осы дағдымен аттарына, тайларына мініп шықты, аты, тайы жоқ балалардың ішінде Нұрмағамбет қалды. Өзге жаяу қалған балалар, атты, тайлы балалардың жарысқанын қызық көріп, соңдарынан шуласып жүгіргенде, Нұрмағамбет жыртық кигіз үйіне кірді де, жер бауырлап жатып алды. Босағада ұршық иірген Қалампыр баласының неге жата қалған себебін сезді де, балаға білдірмей көзіне іркілген жасты теріс қарап жаулығымен сүртті.

Сырттан Баймырза келді. Ол еркегімсіп Қалампырға ұрысты:

— Неге жылайсың, жамандық шақырып? Пайғамбардың сүндеті емес пе, бұл? Тек құдайтағала қожаның қолын жеңіл қылсын деп тілесейші!

Атсыз баланы сүндетке отырғызу — балаға «өміріңде атсыз өт» дегенмен бірдей. Осы оймен ішке қайғысы симай жарылғалы отырған Қалампыр Баймырзаға шап ете түсті:

— Әне, көр, балаңды!— деді ол жасқа булыға сөйлеп,— Тоқсанбайдың сарайын қиғанда, тоңып өлетіндей тон алдың. «Алдағы жазда Нұржан сүндетке отырады, тон алма, тай ал» деп ем, тыңдамадың. Балаңның тілеуін кескендей болдың, бар болғыр!..

Жасқа булыққан Қалампыр аржағын айта алмады. Оның Баймырзаға арнаған ызалы сөздері көзінен жас боп төгілді.

Баймырза Нұрмағамбетті зорлықпен сүндетке отыртты. Бірақ, ол өзіне ішінен ант етті: «Алдағы жаз қолым қырқылып қалмаса, қосымша берсем де, ақыма бір тай алармын!»

Ол осы сертіне жетіп, еңбегінің үстіне, байға ақысына қосымша балтасын беріп, жоғарыда аталған жирен қасқа тайды алып келді.

— Міне, сүндет атың, қалқам!— деді ол алдынан шыққан баласын бетінен сүйіп,— былтыр жоқ болса, биыл бар, тек алдатағала өміріңді ұзақ қып, игілігіне мінгізсін!..

Баймырзаның әкесі батырлау болыпты-мыс дейді. Сол әкесінен қалған жалпақ бас, тұрманын күмістеткен қалмақы ерді үйіне көптен жылқы бітпегенмен Баймырза тоздырмай сақтап, қасиеттеп, төріне іліп қоятын еді. «Киесі

бар, аруақ соғады», деп ол ерге қатын-қалаштың қолын тигізбей, өзі ғана ұстайтын еді.

Жирен қасқа тай босағасына кеп байланған соң, қуанышы қойнына симаған Нұрмағамбет ілулі ерді үйден алып шықты. Баймырза:

— Қоя тұрсайшы, қалқам! Тай ешқайда кетпес, қолқасы аман болса, бойы өсіңкіресін!— деп еді, Қалампыр Баймырзаға зекіп тастады:

— Тиыш отыр әрі, мыңқылдамай! Ол тай жоқта өліп пе ек? Бала аман болсын! Міне бер, қалқам! Әуелі үлкенірек баланың біреуіне мінгізіп бастықтырып ал, өзің мінем деп құлап қап жүрме!

Сыртта ұлылы-кішілі біраз бала тайды қоршап тұр екен. Ересектеу екі балаға құлағынан тұқырта бастырып қойып, тайға ерді Нұрмағамбеттің өзі салды.

— Әу, әткемнің аруағы, қолдай гөр! Қалқамның жасын ұзақ қыла гөр, жасаған!— деп Қалампыр босағадан қарап жылап тұрды.

Баймырза да ішінен сол тілеуді тілегенмен, сыртқа дыбыс шығармай, тайды балаларға ерттесті.

— Кәне, біреуің мініп, бастықтырып беріңдерші?— деді ол.

Ерттеулі тайды құлағынан ұстап Баймырза балаларға айнала қарағанда, Нұрмағамбет қарғып мініп кеп алды.

— Қалқам, құларсын, түс!— деді Қалампыр тысқа шығып.

— Өзің не айтып тұрсың, апа!— деді бала кейіп,— тілеулі тайымды біреуге мінгізетін мен жынды ма? Жібер әке!

Нұрмағамбет тебініп қалғанда, тай атып кеп кетті. Баймырза тайдың құлағынан айрылып қалды.

Құлағы қолдан босаған тай аспанға қарғығанда:

— Ал, ұшты, бала! Жасаған-ай, сақтай гөр!— деді Қалампыр үрейленіп.

Қарғыған тай секіріп жерге түсті, бала құламады, тайдың тізгінін қысқарақ ұстап, қамшымен бауырынан тартып-тартып қалды.

Қамшыдан ышқынды ма, я баланы жыға алмайтының білді ме,— тай енді аспанға секірмей, тура шаба жөнелді.

Шапқан тай лезде қалың орманды айналып, көзден ғайып болды. «Құлап қалар, не бірдемеге соқтығар» деп қорыққан Баймырзаға көрші біреу ат беріп, тай кеткен жөн-

ге шықса, бала ашық далада шоқытып жүр екен. Тай манағыдай емес, бастығып қапты.

— Кешікпей қайт, балам, көп шапсаң тайың ақсап қалар,— деп Баймырза үйіне жөнелді. Ол ауылға келсе, урядник көшірмек боп жатыр екен. Әлекке кездескен Баймырза, «байтал түгіл бас қайғы» дегендей, баланы іздеу түгіл, басымен қайғы боп өртенген ауылдан көше қашты...

Әкесі қайт дегенмен, Нұрмағамбет үйіне тез қайта қоймады. Тайды ол біраздан кейін билеп алды. Әкесінің «тайың ақсамасын» деген сөзін есіне тұтқан ол, тай еркіне көнген соң шабуды доғарып, тайын кейде аяңдатты, кейде желді...

Күн кешкіре болдырып терлеген тайын аяңдатып ауылға келе жатқанда оған, өзі дүниедегі ең бақытты адам сияқты көрініп кетті. Оның жеті-сегіз жасынан бергі ермегі — тұрымтай мен қырғиды баулып бөдене мен торғай алдыру еді. Бұл кәсіппен шұғылданып жаяу жүргенде, «әттең, бір, тай-ай?!»— деп арман ететін еді ол. Сол тай, міне енді астында!..

Жақын ауылдағы бір бай күз қойын қырыққанда, Нұрмағамбет бірнеше күн жәрдемдесіп, ақысына қасқыр алатын көкшолақ тазысының бауырын көтерген күшігін алған еді. Күшікті үйіне жаяу көтеріп әкеле жатып «бұл аман болса, бес айда қоянға қосуға жарайды, келесі жылы үйінен шығады, содан кейін қасқырға да қосылады, сонда жаяу қалай қосам!»— деп өкінетін еді ол, міне, енді сол тай астында!..

—«Ат бар, құс бар, ит бар, менен бақытты кім бар?»— деп қорытты ойын Нұрмағамбет.

Жел оның алдынан еді. Мұрнына өрт иісі келген ол, қалың қарағайдың арасынан жоғары қарап еді, қою қара түтін аспанға будақтала көтеріліп, бұлтқа ұштасып тұр екен. Өрт шығады деген күдігі жоқ ол, «күлін сабынға алуға жаққан алабота болар» деп ойлады ішінен.

Сол кезде жел қатайып, алдынан жаңбыр келе жатқанын көрген бала, ауылға тез жетейін деп тайын тебінді. Шаршаған тай жорытып кете қоймай, тақымында бұлтыңдай берді. Жаңбыр да жетті, жылдам жүрмеуіне ренжігенмен, әлі қылауы түспеген, қызығы басылмаған тайды ол сабамады...

Өртенген ауылды көргенде баланың зәресі ұшып кетті. Теп-тегіс жанып жатқан ауыл!.. Бірақ, жан да, мал да жоқ!.. Ауыл тып-типыл!.. Күйген қоралардың, үйлердің

қабырғалары, төбелері опырыла құлап жатыр!.. Әлгіде қатты құйған жаңбыр, қазір бәсеңдеу, бірақ өрт сөнер емес, қайта май құйғандай өршелене береді.

— Бұл не?!..

Қорқудан ба, қою қара түтіннен бе,— баланың тынысы тарылып, өкпесі алқымына тығылды.

Алқынған ол, тайы өрттен үрке берген соң, от бармайды-ау деген бір ағашқа байлады да, өзі жаяу жүгіріп үйіне барды. Онда да адам жоқ!.. Ол әкесі мен шешесін шақырып айқай салды — ешкім дыбыс бермейді!..

Бұлар қайда?!..

Тілдері жалақтаған жалынға қарап, Нұрмағамбет аңырып тұрғанда, шошаланың күйіп жатқан төбесі жалп етіп ішіне құлады. Баланың есіне көк күшік пен көк тұрымтай түсті. Күшігі мен тұрымтайына жаны ашыған оның отқа түсе қалғысы келді. Ұмтыла түсті де тоқтай қалды. Ондағы ойы: «ауыл да, үй де өрттен қашқан шығар. Апам мен әкем күшік пен тұрымтайды неғып тастап кетті екен? Қой тастамас!»

Осы оймен, тез ауылын табуға тайына қарай жүгіріп келе жатыр еді, алдынан шоқытып салт адам шыға келді де, бұны көріп тоқтай қалды,— қазақ тілін білетін таныс орыс фельдшері — «Бәске».

Бала еңіреп қоя берді. Фельдшер баланы уата алмады.

— Әй, залым патша-ай, иттің ғана баласы-ай, халықты осылай зарлатып қойған!— деді фельдшер баланы құшақтап тұрып.

— Кім дедің, ағатай, күйдірген?— деп сұрады бала жылап.

— Патша!

— Қайдағы патша?

— Барлық елді билейтін патша.

— Е, біз оның несін алдық, күйдіретін?

— Ер жетіп, есіңді білгенде айтармын оны, балам! Әзір жассың ғой, нені ұғасың. Ауылың да, үйің де «Қайыңшоқта» түнеп жатыр. Тез бар. Үйің жоқтап отырған. Жүр, тайыңа мінгізіп жіберейін!

Буынын әрең басқан баланы фельдшер қолтықтап әкеп, тайына мінгізіп, тайын жетектеп жолға салып, өзі жөніне кетті.

«Күшігім мен тұрымтайымды сұрамаған екем Бәскеден!— деп өкінді бала.

Күшік пен тұрымтайдан кейін баланың басын әурелеген

ой,— патша. Патшаға ауылдың не жазығы барын ол ойлап-ойлап таба алмады...

Ол патша деген сөзді еститін еді де, бірақ, елді билейді деген жалпы лақап болмаса, оның қайда тұратынын, не істейтінін білмейтін еді. Міне енді сол патшаны, әлгі фельдшер «өрт салушы» деп кетті. «Соған қарағанда — деп ойлады бала — патша осы маңайда болу керек қой. Егер,— деп кіжінді бала,— күйдіруі рас болса, күшігім мен тұрымтайым күйсе, сол патшаны күшік пен тұрымтайдай үйітпесем, жер үстінде топырақ басып жүрмейін, Нұрмағамбет атым құрысын!»

3. КҮЙІК

«Патша» деген сөз Нұрмағамбеттің жүрегіне инедей шаншылды да жүрді.

Таныс фельдшер тағы бір келгенде Нұрмағамбет патшаның қолға түспейтіндігін, оның әмірін бұл арада орындаушы урядник екенін ұғындырды.

Фельдшер кетті. «Патшаның әмірін орындайтын урядник» деген сөзді ол есіне мықты ұстады. Ендігі оның арманы урядниктен кек алу болды. Бірақ урядникті өлтіруге шамасы келмейтінін біледі.

— Енді не істеу керек?— деп өзінен өзі сұраған бала, өзіне өзі «күйдіру» деп жауап берді.

Осыған ойын тоқыратқан ол, күйген ауылының жұртына орнаған Қайрақты селосына барып, урядник тұратын үйді анықтап алды. Енді ол қолайлы жағдайды күтті, оныс — жаздың құрғақ кезі.

Жаз болды... Нұрмағамбет тағы бір тұрымтайды ұстап баулып торғай, бөдене, шіл сияқты құстарға салды. Осы ермекпен кейде жаяу, кейде құнан шыққан тайын мініп, үйіне екі-үш күнде бір-ақ келетін болды. Жылдар өтіп жатты. Кек баяғыдай. Ол он төрт жасқа шықты. Бір күні бесті шыққан тайын әкесінен сұрап мінді де, тұрымтайын алып аттанды. Бірақ оның бұл жолғы ойы аңшылық емес, урядниктің үйін күйдіру еді. Сол ниетпен қалтасына бір қорап сіреңке салды. Ол Қайрақтыны төңіректеп келді де, іргесіне жақын жердегі қалың қарағайдың арасында атын байлап отырды, ынтасы — урядниктің үйін күйдіру!..

Қала ұйқтады-ау деген кезде ол тұрымтайын қарағайдың бұтағына қондырды да Қайрақтының көшесіне кірді. Бұл — шілденің ыстық шағы еді. Көптен жаңбыр жаума-

ғандықтан — құрғақшылық. Оның үстіне, кешке қарай тұрған жел, түнге қарай қатайып кетті.

Ойында «күйдіру»ден басқа сөз жоқ бала, селоның сыртын айналып урядниктің үйіне келді. Оның үйі жел жақ шетте, төбесін қамыспен жапқан қарағай үй еді.

Бала үйдің жабығына өрлеп шығып, төбедегі қамысына сіреңке тигізіп еді, жел үрлеген от лап ете түсті.

«Ұрдым ба, бәлем? Кегім қайтты ма?» деген бала жүгіре қашып атына жеткенше, лаулаған жалын үйдің төбесіне барып қалды. Бекінген жері берік ол, үйден үйге ұшқан жалынға қарады да тұрды... Лезде селоны жалын тасқыны көміп кетті... Құлағына мал-жанның азан-қазан шулаған дауысы естілді, айналадағы hауа қоңырсып, күйген ет пен май сасып кетті, бұл иістен жүрегі айныды, басы айналды...

Аздан кейін есін жинаған ол, күйіп жатқан селоның өртін сөндірер күші жоғын көрген соң, атына міне қашты...

Өрттен бойын қашырғанмен ойын қашыра алмады ол. Селодан алыстаған сайын, мана — өртке қарап тұрғанда тұтанған аянышты ойы, енді, басында сол өрттен кем лаулаған жоқ...

Фельдшер Бәскенің «бұл селодағы орыстарды патша еріксіз айдап әкелді» дейтіні есінде. «Рас болу керек ол сөз,— дейтін еді Нұрмағамбет есейіңкіреген кезде,— қандай халде келгенін көзімізбен көрдім,— жаяу-жалпы, аш-жалаңаш келді...»

Сондай халде келген орыстың кедей крестьяндары тұрмыс жасауға қаншалық азаптанғанын, үйді қалай салғанын, егінді қалай сеуіп, астықты қалай жинағанын Нұрмағамбет көзімен көрді. Алғашқы кезде оларға одырая қараған қазақ ауылдары, іле аралас-қоралас боп, кейде қолма-қол ақыға, кейде несиеге жалданып үйлерін, қорақопсыларын салысты, көлік беріп, кісі беріп егіндерін де егісіп жинасты, осы бірлескен еңбектің үстінде, көпшілігі достасып, тамыр болып, бірінің жоғына бірі қарасып кетті, сондайлардың ішінде, Нұрмағамбеттің өз әкесі — Баймырзамен, өз ағасы Төлебай да жүрді, қолы епсекті шешесі — Қалампыр орыстардың тондарын, киімдерін тігісті. Сөйтіп, көрші қонған орыс селосымен еңбекте қоян-қолтық келісу арқылы, ауылдың кедейлеріне жақын жерден кәсіп табылып, бұрын алыстан іздейтін нанды енді жақыннан және арзан бағамен алды. Бұрын өзі жыл тәулігіне балта шауып қазақ байларына қызмет қылғанмен, ағасы Төлебай да ау-

ыл байларына жалшылыққа тұрғанмен, тапқандары тамағына жетпейтін бұл семья, орыстың жұмысына араласа, өзгеге тоймағанмен, нанға тоятын болды, бұрын шешесінен собалақ сұрап жылайтын ерке Нұрмағамбет, әкесі, шешесі, ағасы орыс жұмысына араласқан соң-ақ нанды ауызын толтыра асайтын болды...

Өзге орыстардың да жұмысына араласқанмен, Баймырза семьясының көбірек қолғабыс тигізген шаруасы — Бәскенікі еді. Бүкіл ауыл боп «Бәске» атап кеткен фельдшердің аты — Василий Петрович Курганов. Әлдеқайдағы адам дәрігерінің фельдшерлік курсын бітіріп, бұл араға жас шағында келген ол, қайда туғанын ауыл адамдарына айтқанмен, географиядан хабары жоқ ауыл түсінген, білген емес. Олардың түсінген, білгені — алғаш келгенде қазақша бір ауыз сөз білмейтін ол, ауыл арасында тұра келе, қазақ тіліне судай болып алды. Оның үстіне мінезі және ісі жақсы болғандықтан ауылдың өз баласы сияқтанды да кетті. Сөйтіп жүріп, жақын жердегі селоның бір қызына үйленді де, балалы, шағалы болып кетті. Үлкен баласы — Антон жиырмаға таянып қалды, одан кішісі — Андрей — Нұрмағамбетпен жасты, одан кейін тағы да екі-үш ұсақ баласы бар...

Бұрын жақынырақ жердегі бір селода тұратын Курганов семьясы, Қайрақты селосы орнай, қызметіне жақын жерге мекен салды да көшіп келді. Оның саманнан салған үйі де, қора-қопсысы да көбінесе Баймырза мен Төлебайдың қолынан тұрды. Егінін де солар салысты. Сонымен, бұрын да көңілдес Курганов, Баймырзамен енді тіпті жақындасып, туыстай болып кетті.

Урядникке сол Кургановтың сөзімен өшіккен Нұрмағамбет, үйін күйдіруге жиналғанда, түнде ұрланып барып, қамысты төбесіне сіреңке тұтатқанда, өзге крестьяндардың үйлері де, Кургановтың үйі де бірге кетеді деп ешуақытта ойлаған жоқ еді...

Енді, міне, жаппай күйген селоның арасында, Кургановтың үйі де кетуіне Нұрмағамбеттің ешбір күдігі болған жоқ...

«Үйі ғана күйсе бірсәрі ғой,— деген ой кеп кетті оған, өрттен атына міне қашқанда,— жандары күйсе қайтім?!..»

Бұл ойдан кейін, оның басындағы ой өрті лаулап, есінен тіпті тандырып жіберді... Жалын құшқан атының үстінде ол әрең отырды...

Кейін естісе өртке күйіп өлген адам жоқ екен, жараланған адам көп екен, солардың бірі — Курганов. Өзі ауыр жараланған оның өзге жандары аман қалыпты да, малмүлкі түгелге жақын кетіпті. Түгелімен арса болып қалғандар да аз емес дейді, күйдірген мәлімсіз адамды, азапқа, шығынға ұшырағандар қарғайды дейді. Бұл сөздерді естіген шақта, қылмысына өзін өзі қатты кінәлай, қарғай отыра, «обалың патшаға! Сендерді де, біздi де осылай күйікке ұшыратқан патша!»,— деді Нұрмағамбет.

4. ҚАМБАДАҒЫ ҚАСҚЫР

Күн батып барады... Күндіз қардың бұрқасыны басылып, жел тынды. Ақшыл бұлттан аспан аршылып, қыстың қызыл шұнақ аязы бүркеусіз бетті шымшылай бастады. Малдарын қораға жайғастырған ауылды да аяз қорғалатып, үйді-үйіне қуып тықты.

Қалың қарағайлы орманның ашық алаңына қыстаған аз ауылдың адамында қарақшыдай қалтиып далада тұрған жалғыз Баймырза. Оның кішірек қой көзі, орманның арасына қараған сайын қадала түседі.

— Неғып тұрсын әй, үйге кірмей!— деді ұшқыны шашыраған күлді төгуге далаға шыққан Қалампыр.

— Баланы қарап тұрмын!

— Қай бала?

— Нұрмағамбет ше?

— Бетім-ау, мен ауылда ойнап жүр екен десем, сол бала тәңертең кеткеннен әлі жоқ па?!

— Төлебайды жіберіп іздетіп ем, барлық үйді қарап келді, балалары үйлерінде дейді. Нұрмағамбет жоқ дейді.

— Бар болғыр, сол бала ма?! Ылғи осылай іздетеді де жүреді. Сол бар болғыр, қамбаға түсіп кетіп жүрмесін! «Қой!» десем қоймайды, бар болғыр! Қоян аулай ма? Құр аулай ма? Үйде отыруы жоқ!

— Мен қарап келейін, сен асыңды істе. Бала тоңған шығар. Үйге келе ыстық ішсін. Жолына жөргем ілекпесе, үйге келмейтін әдеті емес пе оның?

Қалампыр үйге кірді. Баймырза қамбаға жөнелді...

Оқиға былай еді: сол жылы боран көп боп, қарағайлы орманның жел жақ бетіне ағаш бойына жақын күртік үйіледі. Сол күртіктің қоян жүретін жымынан Нұрмағамбет, кісі бойынан биік қамба қазды. Қамбаның аузын тар, түбін кең қазып, ішіне сабан тастап өртеді, қары еріп, мұз-

дақ боп қатты. Содан кейін бетін шырпымен жауып, үстіне шөп тастады. Жыммен жүрген қояндардың талайы бұл қамбаға құлады.

Нұрмағамбет қайыңнан ұзынша құрық істеп, оның басына бау тақты да, қамбаға құлаған қоянды құрық сап ұстады.

Бүгін таңертең дағдылы қалыппен Нұрмағамбет құрықшасын ап қамбасына барса, шөп те, жапқан бұтақ та жоқ, «Қанды басың бері тарт!»— дейтін еді ол, қамбаға қоян түскенін сезсе. Сол сөзін айтып қамбаның жиегіне келсе, ішінде құлағы ербиген үп-үлкен бірдеме отыр!.. «Мынау не?» деп төне түсіп еді: желкесінің қара қылшық жүні жылқының жалындай желкілдеген, тұмсығы жарты кез, үлкендігі тайыншадай, қара құлақ қасқыр!..

Төнген Нұрмағамбетті қорқытқысы келгендей, қасқыр азу тісін сақылдатып, ырсиып ырылдады.

Не істеу керек?

Ол ауыл арасында «балуан бала» атанған еді. Маңайдағы елде онымен күресетін бір де бала жоқ. Бәрін де ол жығып бітірген. Ол «Батыл бала» да атанған. Сол маңайдағы елдің баласы — тай, құнан үйретер болса, алғашқы қарқынын басуды Нұрмағамбеттен күтетін. Қаршадайынан ол асау тайдың құлағына жармаса кетіп, тырмысып айрылмайтын, үстіне мінген соң тай, құнан түгіл, ат туласа да түспейтін.

«Балуан бала», «Батыл бала» деген сөздер оны масаттандырып, күштілігін көрсете түсуге тырысатын.

Қамбаның қасында қасқырға қарап тұрып Нұрмағамбеттің мен-мендігі қозып кетті. «Өзім өлтірмей, біреуге өлтіртсем — менің мықтылығым қайда?— деп ойлады ол,— ертең, басқа балалар мені мазақтамай ма? Қой, тәуекелге бел байлап, өзім-ақ жәукемдеп көрейін!»

Түбі шоқпарлы қайың құрықшамен ыржиып шоқиып отырған қасқырды Нұрмағамбет түртіп кеп қап еді, арс етіп құрықты тістей алды. Нұрмағамбет құрықшасын бері тартып суыра алмаған соң, көмекейіне тығайын деп әрі итеріп еді, құрықша ортасынан имиіп сынуға айналды.

Ызаланып кеткен ол, «hауп!» деп жұлқып кеп қалып еді, екпінімен шалқасынан түсті. Құлап жатып құрығына қараса, сынған жоқ екен. Жалма-жан түрегеліп, қамбаға қайта төнді. Бұл жолы, баланың жұлқынған қайратынан сескенгендей, қасқыр маңағыдай шоқиып отырып, бедіре-

йіп қарамады, жансауға іздегендей қамбаны шыркөбелек айналды да, жоғары қарғыды.

Жан ұшырды ма немене, қарғыған қасқырды алдыңғы екі табаны қамбаның ернеуіне жақындап қалды. Сол кезде, нақ қара тұмсықтан бала құрықшаның түбімен салып кеп жіберді. Қамбаның мұзын алдыңғы аяғымен тырнап із салған қасқырдың, артқы аяғы тайды ма, денесінің екпіні ме, әлде тұмсығына соққы қатты тиді ме — шалқасынан жығылды.

Бала қасқырды жұқа шаптан құрықтың түбімен шанша қойып еді, ытып тұрған ол құрыққа ұмтыла бергенде, бала тістетпей жұлып алды.

Қасқыр енді қарғымады. Бөксесін қамбаның қуысына тығып, балаға көзін тесірейте қарап, жоғарғы ернін шүйіріп, бірақ дыбыс бермей тым-тырыс жатты. Тек бала түрткенде ғана арсылдап, құрыққа жармасты.

— Не істеу керек?

Қасқыр дем алған кезде, баланың көзі тыржитқан мұрнынан тамшылап аққан қанға түсті.

— Әп-бәлем, жара салдым ба!— деді ол,— Құтылмассын енді менен!.. Әлде, жаздыгүні жалғыз бұзауымызды жеген антұрғанның өзі сенбісің?

«Мен болғанда не қыласың?» дегендей қасқыр тыржыңдап қойды.

Баланың белбеуіндегі қында мүйіз сапты кездігі болушы еді. Кездік үнемі шаш алғандай қылпылдап тұратын. Ауылдағы ұста осы кездікті оған: «Тіл алғышсын» деп, көрігін басқандығы үшін, шым болаттан суарып, сыйға соғып берген.

Кездігі есіне түскен бала, қынынан суырып алды да, қалтасынан тастамайтын, жалпақтығы алақандай, ұзындығы кездей қайыстан таспа тіліп, кездікті құрықшаның ұшына тас қып байлады.

— Енді тістесең тісте!— деп ол қасқырға құрықшасының түбін ұсынып еді, ызалы аң шап етіп тістей алды да, тартқанда бөгеусіз босатты.

«Тіліңді ме, таңдайыңды ма, әлде ұртыңды ма,— әйтеуір бір жеріңді кескен шығар,— деп ойлады бала,— әйтпесе неғып тез босаттың?»

Сынайын деп құрығын тағы ұсынып көріп еді, қасқыр ұмтылды да тістемеді. Қасқырдың аузынан қан шұбырды.

— Ә, солай ма, батырым?— деді бала масаттанып,— жараландың ба?

Құрығын суырған бала, «бүлкілдегінің тұсы осы шығар!»— деп қасқырдың бүйірінен найзасын сұғып кеп қалды. Қасқыр ышқынып-ыршып түсті де, құрық тиген бүйіріне қарай дөңгеленді. Қасқырдың қалың түбітін тесіп шыққан қан, қу шөпке тұтанған оттай қызараңдап жарқ етті де, сұрғылт жүнге жіңішке қызыл жолақ салып, бауырын орап төмен тамшылады.

Бала піскілеуді жиілетті. Қасқыр бірде құрыққа ұмтылып, бірде жоғары шапшып жанталасты. Сондай арпалыстың біреуінде қалжырағандай болған қасқыр, секіре беріп шалқасынан тағы құлап еді, нақ кіндіктің түбінен бала пышақты қадай қойды. Қасқыр жандәрменде аунап түсіп, созылып тұра беріп, сүйретіле құлады да, оң жағына жантая кетті.

— Жұмысың біткен шығар,— деді бала,— енді шанышқылап теріңді бүлдірмейін!

Бала үңіліп қарап тұр. Қасқырдың денесі дірілдеп, құйрығы шошаңдап, арандай ашқан аузын малжаңдата берді. Сөйтіп аз жатты да, қасқыр сұп-сұлық бола қалды.

«Өлді ме, жоқ па?»— деген оймен, бала, енді құрықшасының басындағы пышақты шешіп алып, мұқылымен ғана түрткілеп еді, денесі былқ-сылқ еткен қасқырда қимыл жоқ.

Қасқырдың өлгенін көрген баланың ойы, оның терісін үйіне сойып апаруға кетті. Осы оймен күні бойы әуреленіп, құрықшасының бауына қасқырдың мойнын ілектірді, содан кейін тартып көріп еді, зілдей бірдеме!

— Мынау қайтеді!— деп күш алғалы еңкейе бергенде, кеудесін тіреген ернеудің қары опырылып кетіп, бала қамбаға тоңқая құлады.

Құлаудан гөрі қасқырдан сескенген бала, жалма-жан денесін оңалтып, пышағына жармаса, түрегеп еді, қасқырда қимыл жоқ! Аяғымен түртіп еді, қозғалмайды!

«Өлген екенсің, бәлем!»— деп аударып көрсе,— бұл жалғанның арланы!.. Тіпті құнан өгіздей десе де сиятын!..

Бала қасқырдың сирақтарын ірей бастады. Қанша уақыт алданғанын ол шамалаған да жоқ. Біраз мықшыңдап терісін сыпырып, енді шығайын десе, айнала көк мұз. Пышақпен мұзды тесіп, қарды опырып еді, онда да малтығып тез шыға қоятын емес.

Баланың киімі жамаулы болғанмен жылы еді, оның үстіне қимылдаған дене тоңази қойған жоқ. Бірақ, мана қас-

қырды өлтіру қызығында жүргенде, биялайын шешіп тастап еді, қамбаға құлағанда сол биялай сыртта қалыпты.

Құрықпен де, қолмен де қарды опырған оппа қармен біртіндей жоғарылаған бала, сыртқа шыққан кезде екі қолының басы ашуға айналды. Бала қолына қараса, қанданған саусақтары бозарып кеткен екен, «Үсіген екен!» деген оймен ол жалма-жан қасқырдың терісін тастай беріп, саусақтарын қармен ысқылады.

Һауаның райы үскірік аяз екені сол кезде білінді, қолына ұстаған қар ерімей, құм сияқты сықыр-сықыр етті. Сондай қармен уқалаған оң жақ қолы ерекше дуылдады. «Үсіген осы қолым екен» деп ойлады бала.

Сол кезде баланың құлағына атын атаған дауыс сап ете түсті, ол жалт қараса — әкесі!

Көңілі көтеріңкі бала, қолым үсіді деуге арланып, әкесіне қылығын айтып мақтанды. Екеуі үйіне келді.

Қалампырдың қуанышы қасқыр емес, баласы. Ол ұлын «тоңды-ау, қалқам!»— деп жалма-жан шешіндіріп, аязда гүлдей жайнап қызарған ыстық бетін сүйіп: «Қолың да тоңған шығар» деп ұстап еді, оң жақ қолының саусақтары қансыз-сөлсіз сұп-сұр, әрі мұздай сұп-суық!

— Ойбай-ау!.. Енді қайтейін!— деді Қалампыр сасқалақтап,— үсіген екен ғой, мынау қолың?!.

Жансыз саусақтарды уқалап не қыларын білмеген Қалампыр, «Құлыным-ай, енді қайтейін!» деп, еңіреп қоя берді...

5. ЖАҒЫМДЫ ЖАЛШЫ

Қалампыр мен Баймырзаның еркіне салса, Нұрмағамбетке өздері көрген өмір бейнетін көрсетпей, бұла қып өсіру еді.

— Біздің қойшы,— дейтін еді ол екеуі, ерлі-зайыпты боп, ошақ басында оңаша шүйіркелесе қалғанда,— асарымызды асадық біз, жасарымызды жасадық біз. Біздің пешенемізге тәңірінің жазғаны — бейнет екен. Бейнетте тудық, бейнетте өстік, бейнетте өмір кешіп келеміз. Енді төрімізден көріміз жуық...

— Өзіміз өмірден осылай өтуге мойын сұндық қой,— дейтін еді олар ауыр күрсініп,— тек, біздің бейнетті балаларға бермегей де!..

— Бірақ,— деп өкінетін еді олар,— «алдыңғы арба қайдан жүрсе, артқы арба содан жүреді» дегендей, өмірдің

біз кешіп келе жатқан азап жолына Төлебай да түсті. Есін білгелі киген нәлет қамыт ол бейшараның да мойнынан түскен жоқ. Ол да осы бейнетпен өтеді енді, дүниядан!..

Нұрмағамбет жайына келгенде, олар әуелі өз-ара ырағай-тырағай боп жүрісті. Баймырза да оны балам деп жақсы көре тұра, «әжетке жарады-ау» деген шақта жұмысқа түсуін тіледі.

— Әу, қатын!— деді ол бір күні Қалампырға — күн көрістері нашарлап кеткен бір шақта.

— Әу!— деді әйелі.

— Қысқа жіп күрмеуге келмей қойды ғой бұл!..

— Оны не қыл дейсін?— деді Қалампыр, талай естіп құлағы үйренген сөзге, әдеттенген жауабын беріп.— Ұзартатын ретін тапсаң, мен саған қой деп жүрмін бе?

— Тағы да бір түйін жалғап көрсек қайтеді ол жіпке?—

— Қалай?

— Төлебайды ғой, біз кісі есігіне сегіз жасынан бердік?— деді Баймырза, айтар сөзіне алыстан орып жеткісі кеп...

— Иә?— деді Қалампыр, оның нысаналы сөзін сезе қалғандай боп.

— Арқа еті арса, борбай еті борша боп жүр байғұстың. Жасы жиырмадан асып кетті. Жұрттың ондайлары үйленіп те қалды...

—Қалыңмалын тап та сен де үйлендір!..

— Несін кекетесін, қатын!— деді Баймырза демін ауыр алып,— таппайын деп жүрмін бе мен, қалыңмалын!.. Ашпа-жалаптың орны емес пе бұл үй, қолға түскенді ауызға қағып сап, тағы да жалақтап отыратын?..

— Өзің не айтқалы отырсын?— деді Қалампыр кейіп,— соныңды айтсайшы, былай да асқынған кедейліктің жарасына шыбынды үймелете түспей.

— Айтайын дегенім,— үй-ішімізбен түгел бейнеттеніп тамақ асырап отырған жан емеспіз бе? Ауыр тұрмысқа аз да болса себі тиер ме еді, қайтер еді, Нұржанды да біреуге қол-қабысқа берсек қайтеді?

— Кімге?— деді Қалампыр тікілене қап.

— «Он үште — отау иесі» демей ме, аталарымыз?— деді Баймырза, қорқатын әйелінің жуандай шыққан даусымен, тесіле қараған көз жанарынан қаймығып — амандық болса, Нұржан енді он үшке шығады. Тіл-аузым тасқа, соқтауылдай жігіт боп қалды...

— Кімге бергің кеп еді, жалшылыққа?— деді Қалампыр кимелеп.

Баймырза үндемеді.

— Кімге деп отырмын ғой?— деді Қалампыр екіленіп — несін жасырасын, айт, кімге уәде бергеніңді!..

Айтқанмен де ұсынысы өтпеуіне көзі жеткен Баймырза, еркін билеп алған әйелінен сырын жасыра алмады.

— Тоқсанбайдікіне...— деді ол күмілжіп.

— Мә, апарып бер, мынаны!— деп Қалампыр еріне қолын да шығарды, ернін де шығарды.

Тұнжыраған Баймырза орнынан тұрды да үн-түнсіз далаға шығып кетті.

Ол кете ағыл-тегіл жылаған Қалампыр, біраздан кейін үйіне оралған Баймырзаға, кей кездегі дағдысымен, енді жылы шырай беріп, жұмсақ сөз айта бастады.

— Несіне ренжисін, байғұс-ау?— деді ол.— Сенің айтқаның-ақ болсын дейік. Сонда не шықты? Сен тесік өкпе боп өмір бойы жалшылықта келесін, одан не шықты?.. Мен де саған шамамнан келгенше қолқабыс тигізіп келем, одан не шықты?.. Төлебай да тесік өкпе боп бізге қосылды, одан не шықты? Күн тырбанайық, түн тырбанайық, бәрібір — баяғы жоқшылық!.. Нұржанды да осы батпаққа батырғанмен не шығады деп ойлайсын?

— Бірдеме шығады деп жүрген жоқпын,— деді Баймырза,—«суға кеткен тал қармайды» дегендей, менікі амалсыздықтан айтқан сөз. Олай деуіме және бір себеп,— «сөзде қаңқу жаман, ауруда шаншу жаман» депті ғой, бұрынғылар. Жұрттың қаңқуы да өлтіріп барады бір жағынан...

— Не деген?

— Өлеңге, домбыраға әуестеніп жүрген жоқ па, біздің Нұржан кішкене шағынан? Бала да болса санатқа кіре бастап жүрген жоқ па, сол өнерімен, жастардың арасында?.. Күншіл жұрт соны да көре алмай ма, немене,— «ата-бабаңда сері мен сал жоқ еді, сенен де шықты бір сері; енді оның сәнді ер-тұрманын, атын, киім-кешегін әзірлеп бер» деп мазамды алатын болды күншіл, күлеген жұрт!..

— Оттай берсін!— деді Қалампыр кесіп айтқан үнмен,— кісіден тіленген күніміз жоқ. Қазанымызға ас салып берген адам жоқ. Ашты-тоқты болайық, өз еңбегімізбен күн көріп жатырмыз. Нұржанның да жалшылыққа тұрар күні қашпас. Бойы өсіп, бұғанасы қатсын. Жасынан жал-

шылыққа берсең, ез-ез боп жаншылып қалар. Есін біліп, етегін жапқан соң өзі де қарап отырмас, ақылы бар бала...

Қалампыр мен Баймырза бұл сөзге қайтып оралмады, Нұрмағамбеттің ер жеткен, жұмысқа барам деген сөз өз аузынан шыққан күнін күтті.

Бірақ, олар ұзақ күтпеді. Қайрақты қаласы күйгеннен кейін, жан-жақтағы ауыл адамдары боп, оларға Баймырза да еріп, үйлерін, қора-қопсыларын салысуға аттанарда:

— Мен де барам, әке!— деді Нұрмағамбет.

— Қайда?

— Қалаға.

— Неге?

— Жұмысқа!..

Баймырзаның апарғысы, Қалампырдың жібергісі келмеп еді, Нұрмағамбет «барам!» деген сөзінен танбады. Несіне тансын,— жазықсыз күйдірген селоның қарғысы атқандай, жалғыз аты, өрттен кейін көп кешікпей жамандатып өлді. Тігерге тұяқта, жалғыз сиырдан басқа мал жоқ. Оның сүмесі шайды шылаудан артыққа жетпейді. Сәті түскен кәсіпке ғана кездесетін әкесімен, Тоқсанбай үйінде жалшылықта жүрген ағасы,— Төлебайдың тапқаны, тақыл-тұқыл тамаққа ғана жарайды. «Тәуір ғып өсірем» деген талаппен, бүтін киім-кешекті шешесі бұның ғана үстіне жапсырады да, өзгесі жамау-жасқаумен жүреді. Төсек-орын да тозған, кигіз үй де тозған. Қысқы үйі үй емес,— үйшік... Осындай жағдайда тұрудың несі қызық!..

Бала шағында байқамағанмен, есейе келе бұл тұрмыстың кермек дәмін үй ішімен бөле татқан Нұрмағамбет, ауыр тұрмысты жеңілдетуге көмегін қалай тигізуді білмей жүр еді, әкесіне күйген қаладан жұмыс табылған соң ерді де кетті...

Баймырзаның мамандығы — балташылық екені бізге мәлім. Қалың орманның арасына мекендеген Қайрақтыда, күйіктен кейін де балташыға жұмыс көп табылды. Сол жұмысқа білегін түре кіріскен әкесіне, Нұрмағамбет іздесе табылмайтын көмекші болды.

Ағашты мыжғалау жұмысына Нұрмағамбет тіпті кішкене күнінен үйір болатын: бәкімен, пышақпен, шаппа-шотпен, балтамен... дегендей, қолына не құрал түссе сонымен ойыншықтар жасайтын. Бірақ ол, көңіліне алған ойыншықтың долбарлап жобасын ғана келтіре алатын да, басқа шебер балалардай әдемі жасай алмайтын. Ал, домбыра шер-

туге, өлең айтуға кішкене күнінен-ақ шеберлене бастады. Мінезі ойнақы, қалжыңшыл ол, әлдекімдерді сықақтап, бірер ауыз өленді жанынан да шығарып жібереді. Оның үстіне, денесі өзі құралыпты баладан сом да, биік те боп өсіп, күрессе жасы қатарлас балаларды қолына да алмады, ересек балалармен де тайталас, ит-жығыс түсіп жүрді... Осы жайларына қарап, «бұл түбінде кім болады?» деген сұрауға, әркімдер әр түрлі жауап берді. Ағаш жонуға үйірлігіне қарап:

— Әкесіндей балташы болады,— десті біреулер.

— Болса болар,— десті екіншілер,—«тауда туған құлынның, екі көзі таста болады» дегендей, көзін аша көргені балташылық болған соң, бұл да өскенде балташы болмай қайтер дейсін. Бірақ, түріне қарағанда, әкесінен ұзап ешқайда бара қоймас, әкесіндей бұның да ісмерлігі ағаш үй қыюдан аспас.

Домбырашы, өлеңшілігіне қарап, біреулер,—«сері болады» десе, енді біреулер:

—«Талтаңдасаң талтаңда, ақшаң болса қалтаңда» дегендей, серілікке де дәулет керек шығар. Тақыр кедей несімен сері болады?— дейтін. Денесіне, күшіне қарап, біреулер:

— Осы асқан балуан болады,— десе, енді біреулер:

— Олай болғанда не бітіреді? Үнемі айыт-той кездесе бере ме оған, күреске шығатын? Кездескен жерде жығудан не пайда оған? «Айыт — аттыға, той — тондыға» жараспай ма? Аты қайда оның айыт пен тойға мініп баратын? Тоны қайда киіп баратын? Біреудің атын мініп, біреудің тонын киіп барудың несі сән?

— Осы бала, осы жайларды ойлай ма екен, жоқ па екен?— десетін әркімдер.

— Әй, ойламайды ғой деймін,— десетін біреулер,— мал түлігі болып қалды, ойласа, мал табуға тырысар еді ғой. Ойында ол жоқ. Баққаны,—«aha-hay» да, «ehe-hey!»

— Оны ойлауға әлі жас қой,— десе:

— Несі жас? «Он үште — отау иесі» емес пе? Он үштен асып бара жатқан жоқ па осы? Денесі он бес-он алтыдағы баладай емес пе? Осы кезде кірмеген сана оған қашан кіреді,— дейтін.

— Бала да емес, бұған кінәлі, әкесі де емес,— дейтін, білем деген біреулер,— айыпты — шешесі. Әкесі жалшықылқа берейін десе, шешесі «бұла ғып өсірем» деп көнбейді. «Байдың малы, жалшының жаны ардақты» деген осы...

— Шешесі ақылсыз адам емес,— дейтін біреулер,— оның да бір білгені бар шығар. «Бойы өсіп, бұғанасы қатсын» деп жүрген шығар баласының...

Солай күңкілдесетін жұрт, Нұрмағамбет әкесіне еріп, Қайрақтыға жұмысқа аттанғанда, «е, бәсе!» деп сүйсінді де, «қайтер екен?» деп күтті.

Үміт жүктейтін адамдардың ойын Нұрмағамбет ақтады: әкесіне тізе қоса балта шапқан ол, іскерлікте кем түспеді; ал, күшке келгенде, жасы жетіп қалған әкесінің қайраты қайта бастауынан ба, әлде, бала Нұрмағамбет, жас мөлшерінен әлдеқайда қуатты ма,— шапқан ағашына балтаның жүзі нығырақ қадалды, ағаштың қолдаса көтерген жағын еңсеріңкіреп кетті...

— Міне, енді, жігіт болды бұл,— деп сүйсінді, көрген дос адамдар,— әке-шешесін асырай бастауының алды осы!..

Балтаны көп жыл шапқан Баймырзаның, үздіксіз ауыр жұмыстан тапқан бір зақымы — беліне түскен шойырылма еді. Орта жаста пайда болған бұл зақым, жасаңқыраған кезде үдеп, ара-тұра ұстағанда, белін баса алмай, қозғала алмай, сіресіп жататын да қалатын. Кейде ол шойырылма жұмаларға, айларға созылып, қимылдауға халы келмей, төсекте шалқасынан жататын да қоятын... Бұл пәле оны көбінесе көктем, я күз айларында көбірек айналдыратын.

Биыл, Нұрмағамбетін ертіп Қайрақтыға жұмысқа барған жылдың күзінде осы пәле тағы да сап ете қап, белін қақырайта тас қып буды да тастады. Қимылдауға қалы келмеген оны, достас бір адамы тарантасына көтеріп сап үйіне алып қайтқанда, Нұрмағамбет жұмыста қалып қойды, әкесінің «бірге қайтайық» деген тілін алмады...

Сол қалғаннан Нұрмағамбет ұзақ қалды. Қалмауына болмады,— әкесі бұл жолы ұзақ ауырып, қыс бойы сартөсек боп жатып алды. Төлебайдың тапқаны, әке-шешесін асырауға жетпейтін болды, оған Нұрмағамбеттің табысы қосылса, онда да тоқ-жараулық қана күнелткенмен, «аштан өлмейтін, көштен қалмайтын» халге жетті.

«Басқа түссе баспақшыл». Басына әке-шешесін асырау күні туған Нұрмағамбет бұрын әкесіне жәрдемші болса, енді әкесі ауырғаннан кейін өзіне ғана сенді де, балташылық жұмысын жеке атқарып кетті. Табысы көп болмағанмен, оның балтасына жұмыс табылмай қойған жоқ...

Басында бейнет сияқтанған балташылық, үйрене келе,

құмарта атқаратын ісі боп кетті. Құмартпағанда қайда барады? Бұдан кеткенде де барар жері жалшылық. Өз ойында ауыл мен селоның жалшылығын салыстырса, бастапқысынан соңғысыпікі әлдеқайда жақсы сияқтанады. Ауыл жалшысының қандай болатынын, ол өз ағасы — Төлебайдан байқайды. Оны жұмысқа күні-түні айдайтын бай не асқа, не киімге жарытпайды, еңбекақысын кезінде бермейді, кейде жеп кетеді; орыс байының да жұмысы ауыр болғанмен, тым мезгілсіз салпақтатпайды, тамағын тоқ, киімін бүтін қып ұстайды, уәделі ақысын мезгілінде құлақ қақпай беріп тұрады, жұмасына бір күн демалыс береді, моншасына түсіреді, таза орынға жатқызады...

Нұрмағамбет тұрған байларына жағымды болды. Өйтпеуіне мүмкін емес еді: мінезі ойнақылығының, тіл алғыштығының үстіне, ол аса қарулы болды. Не жұмысқа болса да бар ынтасымен кіріседі де, қолы тиген жұмысын опырып жібереді. Мысалы, жап-жас қалпымен ол көтерген жүкті, ересек жігіттердің жігіттен жігіті-ақ көтереді; егіншөп шапқанда, жолды өзгеден бір жарым есе кең, бір жарым есе шапшаң тартады. Жұмысты соншалық қарқынмен істеген ол жалқаулануды, шаршауды білмейді, ерте тұрады, кеш жатады...

Осындай жайын көрген оны, Қайрақтының байлары, ақыны біріне бірі артық беріп, таласып жалдайтын болды. Селода ол «жағымды жалшы» атанды.

6. КҮТПЕГЕН КЕСІРЛІК

Нұрмағамбет жалшылықта сол жүргеннен төрт-бес жыл жүріп қалды. «Қолы қимылдағанның — аузы ойнайды» дегендей, жұмысты ынталана және бұрқырата мол істегендіктен, оның табысы да көп болды.

Өз еркіне салса, оның ниеті — бар табысын кедей үйінің шаруасын көтеруге жұмсап, тәуір тұратын үйлердің қатарына қосу еді, сәті түссе — байыту еді.

Нұрмағамбет жалшылыққа тұрған соң, ол үйдің тұрмысы шынында да алға басып, тамағы тойынудың үстіне, алғаш киім-кешек, төсек-орын, ыдыс-аяқ қосыла бастады; одан кейін тана-торпақ, тоқты-торым сияқты ұсақ жәндіктерден бастап, малдың да басы құралуға айналды; шаруасы солай оңдала бастаған соң:

— Әке,— деді Нұрмағамбет үйіне бір барғанда,— енді кісі есігіне кіріптар болуды қой. Апам мен екеуіңнің аш-

тан өліп, көштен қалмауыңа Төлебай екеуміз, әсіресе мен кепіл болайын. Апа, сен де қой енді, біреудің киімін тігіп, жамау-жасқауына қолғабыс тигізуді. Екі балаңның тапқантаянғанын құрастырып үйде отырыңдар да, бір қада болса да өз үйлеріңе қағыңдар, бір ине болса да өз үйлеріңе шаншыңдар, сөйтіп, біртіндеп барып, ілікке ілініңдер де, тәуір тұратын үйлердің қатарына қосылыңдар...

Әкесі мен шешесі Нұрмағамбеттің бұл тілін алды да, қолдарынан келген қайраттарын үй тұрмысын түзеуге жұмсай бастады; сырттан табыс кіру, үй ішінен бүтінші табылу, Баймырзаның бұрынғы іші де, сырты да сиықсыз үйіне ажар беріп, жыл өткен сайын, жақсы үйлердің қатарына жақындай түсті.

Бұл үй, бұдан да тез әлуеттенер ме еді, қайтер еді,— егер, Қалампыр аздап бөгеттік жасамаса.

— Сенің ақылыңды біз де алайық, құлыншағым,— деді ол Нұрмағамбет тағы да бір келіп, үйінің түзеле бастауына сүйсіне отыра, одан да түзелуіне тағы да бір ақыл айта бастағанда,— бірақ, сен менің ақылымды да ал.

— Айт, апа!..

— Аруағыңнан садаға кетейін, әткем марқұм айтушы еді,—«бай болып ешкім жаппас жердің жүзін, сұлу боп ешкім жаппас күннің көзін» деп. Әулиенің сөзіндей ғой, осы сөз. Талай байды көрдім. Ешқайсысы да байлықпен жердің бетін жапқан жоқ. Қолдың кірі сияқты нәрсе көрінеді, «байлық» дегенің, бір жуғаннан қалмайтын көрінеді. Аталарыңның «бай — бір жұттық, батыр — бір оқтық» дейтіні де сондықтан...

— Сонда, байымау керек пе, апа?— деді Нұрмағамбет күліп.

— Тәңірі беретін байлық болса қашпассын, балам, бермейтін байлық болса қумассын; қуғаныңмен жеткізбейді...

— Мен жетсем ше?..

— Асылық сөз айтпа, шырағым!.. Аталарың айтқан,— «ұл таппас қатын болмас, тұрарын айт, мал таппас жігіт болмас, құрарын айт!» деп. Кімнің бай болғысы келмейді дейсін, күнішегім, кім еңбектенбейді дейсін, баюға?.. Тапқаны құрамайды да!.. Тәңірі, тек, сол кезіне ұшыратпасын деп тіле!..

Еркелеп қана болмаса, шешесімен басқа жайда сөз таластырып көрмеген Нұрмағамбет, баю жайынан да бұдан әрі сөз таластырғысы келмей:

— «Ақыл айтам» деп ең ғой, апа, осы ма айтар ақылың, басқа ма?— деді.

— Айтайын деген ақылым,— деді Қалампір кескінін салмақтандырып,— аталарыңның мақалы бар,—«етігі жаман төрге шыға алмайды, жеңі жаман ас іше алмайды» деген. «Тоны жаманды ит қабады, ниеті жаманды тәңірі табады» деген аталарың. «Таныған жерге бой сыйлы, танымаған жерге тон сыйлы» деген...

— Неге мақалдатып кеттің, апа, осынша?— деді Нұрмағамбет күліп.

— Мақалдатып отырғаным,— деді Қалампыр, салмақты бейнесін өзгертпей,—«тіл-аузым тасқа»,— табысың жақсы, баюды қоя тұрып, ең алдымен үстіңді бүтінде!.. Жай ғана бүтіндеп қоймай, жақсы киін!.. Тағы да «тіл-аузым тасқа»,— туысың ешкімнен кем емес, тұрмысыңды да ешкімнен кем ғып ұстама, «мына» деген байдың баласындай сықырлап жүр!..

— Олай жүру жарасса, апа!— деді Нұрмағамбет демін соза алып.

— Неге жараспайды?..

— Жақсы киім жарасар еді, мінер жақсы атың болса, тұрар жақсы үйің болса!.. Ондайларың болмай, құр ғана сықырлап киінгенше, «несіне жетісіп киінеді?» деп біреулер күліп жүрмесе!..

Баласының бұл сөзіне тоқталып қалған Қалампыр, іштей,—«солай екен-ау, әлі!» деп қалды да, сыртына ол өкінішін шығарғысы келмей:

— Үміт дүниясы емес пе, балам? «Көң шыққан жерге — шөп те шығады» деген аталарың. Жас емессін бе, әлі? Неден күдер үздің? Алдын берген тәңірі артын да берер. Бақ пен дәулет жауын емес, бір күнде үстіңе құя салатын. Ол көздің жасы сияқты тамшыдан құралады. «Тай — атқа, ат — мұратқа жеткізеді». Әуеле, дұшпан көзі ғып киім-кешегіңді түзе. Одан кейінгісін тағы да көре жатарсын!..

Шешесінің тілін алды ма, әлде, былай да жасынан әдемілікті жақсы көруінен бе — табысынан үйіне де қараса отыра, Нұрмағамбет, жылдан жыл тәуір киіне бастады. Және ол, ауылша емес, орысша киінді. Ол кезде орысша киім ауылға тараған жоқ еді де, бірен-саран орысша киінем дейтін жігіттер болса, ауылдың діншіл ақсақалдары «шоқынасын» деп тыйым салатын еді. Орысша киінген Нұрмағамбет, сол киіммен алғаш үйіне барғанда, ауылдың өзгесінен емес, өзінің шешесінен қорыққан еді. «Ұрсар»

деп ойлаған еді ол. Шешесі өйтудің орнына, орысша әдемі киініп, орыс жігіттеріндей шашын өсіріп барған баласын, әуелі:

— Көтек-ай, бұл кім еді?!— деп таңырқап танымай қалды да, баласы екенін таныған соң, бассалып сүйіп:

— Бұл киімдерім жараса ма, апа?— деген баласына:

— Өте жарасады, күнім, игілігіңе кигізсін!— деп қайта құшақтап, қайта сүйді. Көрші-қолаңнан келіп отырған біреулер:

— Жарасуы жарасады-ау, бірақ, орысша киінгені ұнамайды!— деп еді:

— Бәрібір емес пе?— деді Қалампыр жекіп,— таза болса, тәуір болса болады,— деді ол баласына,— кие бер, күнішегім!.. Тек, шашыңды алдырып жүрсең болды!..

Шешесінің ол тілегін орындаған Нұрмағамбет, село жастарының арасында әдемі киімдерімен ғана көзге түскен жоқ, өнерімен де көзге түсті.

Жексенбі күндері, әсіресе, қаурыт жұмыстар азайған кездің жексенбі күндері, немесе мейрам күндері қала жастары сауық жасаса, ойынның гүлі екі жігіт болады, бірі — Андрей Курганов, екеншісі — Нұрмағамбет.

Әуелі, қысқаша, Курганов туралы: Фельдшер Василий Кургановтың Антон және Андрей деген екі ұлы болғаны бізге мәлім. Ана жылғы Нұрмағамбет тұтатқан өртте Василий күйген үйінің жалынына ауыр түрде шарпылды да, біраз уақыт больницада жатып, әрең дегенде тәуір болды. Бірақ, денесіне өрттен түскен тыртықтардан ба, өрт ішінде шошып оянғандықтан жүрегі қатты шайлығудан ба, немесе, бұрын да болып жүретін ымшық-шымшығының өрт күйігінен кейін қозуынан ба,— күйіктен тұрғаннан кейін бірер жыл сүлеленіп жүрді де, дүниеден көзін жұмды. Артында, жоғарыда аталған екі бала мен қартаң және сырқат әйелі қалды.

Андрей Нұрмағамбетпен жасты еді. Антон — төрт-бес жас үлкен. Бұл екеуі де бастауыштан артық мектепті бітіре алмады: селолықтан арғы мектепке, жасынан тентек боп өскен және оқуға ықлассыз Антон бармады; Андрей зиректеу және ықласты болғанмен, үйі күйген Василийдің оны ілгергі оқуға жіберуге орқаны келмеді. Сөйтіп, ол екеуінің де маңдайына, өмірлерін крестьяндықпен өткізу «бақыты» жазылды.

Бірақ, қандай крестьяндық ол? Малы жоқ, соқасы, сай-

маны жоқ крестьянда жалшылыққа тұрудан басқа не амал бар?

Ағайынды Кургановтар да сөйтті: Антон әкесі ауруға шалдығып табыстан қалған соң-ақ өз селосының байларына жалшылыққа тұрды, Андрей ол қамытты әкесі өлгеннен кейін киді... Бірақ, Антон селосының жалшылығында ұзақ тұрмай, әлдеқайдағы қалаға кетті де, үйіне жыл тәулігінде аз уақытқа ғана келіп жүрді және жақсы киініп келді, сонда айтары —«мата тоқитын фабрикаға жұмысқа кірдім».

Оның ойына салса, Андрейді де, Нұрмағамбетті де өзі қызмет атқаратын фабрикаға жұмысқа әкету еді, екеуін де шешелері жібермеді.

Андрей мен Нұрмағамбет аса тату-тәтті боп, бірге туған адамдай болып өсті. Бірін бірі есін білер шақтан танитын олар, сол шақтан бірге ойнайтын дос та болып кеткен еді. Қазақ арасында өскендіктен, қазақ тілін судай білетін, әрі мінезі жақсы Андрейді Нұрмағамбет бөтенсудің орнына жанындай жақсы көреді.

Өрттен кейін, әсіресе, селоға келіп жалшылыққа тұрғаннан кейін, Нұрмағамбет Андреймен тіпті жақын болып алды. Сондағы бір себебі — бұрынғы татулық болса, екінші себебі — үйін өртегендіктен, өзін оның алдында аса қылмысты адам көріп, ол қылмысын жууға, достығын күшейте түсуден басқа құралым жоқ деп ұғуда...

Осы мақсатпен тым жақын боп, жұмыстан қолы босаған уақытын Андреймен бірге өткізетін Нұрмағамбет, әкесі өлгеннен кейін жалшылыққа тұруға бел байлаған Андрейді өз қасына алды. Ақыл фарасатына жүйрік Андрей, дене күшіне әлсіздеу еді. Нұрмағамбет оны сонысын білгендіктен де өзі жүрген байдың жұмысына шақырды.

— Бірге болайық,— деді ол Андрейге,— жұмыста бірге жүрейік. Ауырына мен ие болармын, жеңіліне сен ие боларсын.

Жұмысқа бірігіп кіріскенде мысалы,— соқа айдаса — Андрей тұтқасын ұстады, шөп үйсе — төбесіне шықты, бидай соқса — веялканың құлағын айналдырды, қапшық көтерсе — түбін ұстатты...

Күш жұмысына сондай солқылдақтау Андрейдің, аса жетік бір нәрсесі — сырнай. Қайрақтыда одан сырнайшы кісі жоқ. Сырнайсыз ойын-той болмайды, Андрей сырнай тартпаған ойын-тойдың сәні болмайды, қай үйде ойын-той болса, алдымен Андрей шақырылады...

Нұрмағамбет те сырнайға аса құмар. Бірақ, оның бақытсыздығы, ана жылы, қамбадағы қасқырды өлтіріп, терісін сойып алам деп жүргенде үсіген оң жақ қолының басы бүлініп, фельдшер Василий төрт саусағының жоғарғы екі буындарын кесіп тастап әрең жазылған. Содан мұқыл боп қалған саусақтар, сырнайдың пернесін жылдамдата басуға жетпейді, ақырын басып азын-аулақ ойнауына айызы қанбайды, оңтайы оң жағына біткен Нұрмағамбет, сырнайды сол жақ қолымен үйренейін десе, саусақтары ырқына көнбейді...

Сырнайды еркін билеп кетуге мұқыл саусақтары көнбеген Нұрмағамбет, шала-шарпы дарылдатуға риза болмады да, бар өнерін сырнайға қоса ысқыру мен әндетуге жұмсады. Жоғарғы ернін жымқыра, төменгі ернін салбыратыңқырай, сиректеу, жалпақтау, ұзындау тістерінің арасынан ысқырық шығарғанда, дыбысын ол жер-өмірге жеткізетін болды. Бірақ ол, босқа ысқырмай, сырнайға ойналған әнге қосыла ысқырды.

Ысқырыққа келгенде, село жастарынан алдына жан салмайтын Нұрмағамбет, орыстың әнін жақсы үйренгенмен, сөзіне жетіле қойған жоқ, сондықтан, біліп тұрған орыс әнінің сөзін шалағай айтуға ұялып, орыс әндерін айтуға әуестене қойған жоқ. Қазақ әндерін ол да жақсы біледі, Андрей де жақсы ойнайды, сондықтан, сырнай тартса-ақ қосыла кетеді...

Өстіп, Андрей мен Нұрмағамбет Қайрақты жастарының ойын гүлі боп жүрген күндердің біреуінде, екеуіне де күтпеген кесір кездесе қалды. Бұл кесірге себепші Антон болды. Алыстағы қаладан туған селосына аз күнге қонаққа келіп жүретін ол, осы селоның ең байы — Егор Пропадконың бой жеткен сұлу қызы — Наташамен көңіл қосып қалды. Нұрмағамбет пен Андрей бұл кезде Егордың жалшылығында жүр еді.

Наташаның әкесі бұл жайды тез сезді де, мінезі қаһарлы ол, қызына тыйым салып, босағасынан аттатып шығармай қойды. Егордың есігі біржола жабылуына көзі жеткен Антон, кілтін қолына Нұрмағамбет арқылы түсіріп, түн жамыла жолығып жүр еді, Егор аңдытқан күзетші оны да сезіп қойды.

Қызын Көкшетау қаласындағы аса бай саудагердің баласына бермек боп, қалыңмалының көбін ақшадай қылғып қойған Егор, не істеуге білмей састы. Саспас еді,— қызына «мұның не?» деп ұрысқанда, «сүйетінім сол, бар-

май қоймаймын» деп қарсыласа кетті. «Атастырған күйеуіңе еріксіз беріп жіберем!» деп қорқытып еді — «бәрібір, оған пенде болмаймын,— деді қызы,— күшім жетпесе өлем, күшім жетсе, бәрібір, сүйгенімді табам!»

Амалы құрыған Егор, «енді не істеу керек?» деген сұрауға — «Антонды өлтіру» ден басқа жауап таба алған жоқ.

Егор жанды-жақты: ержеткен балалары да, еншісі бөлек інілері де, олардың балалары да көп адам еді. Жасырын түрде солардың басын қосып, Антонға деген үкімін ол айтқан еді, ұяластары «дұрыс!» деп мақұлдай кетті.

— Бірақ, қандай жағдайда?— деген сұрауға:

— Мынандай жағдайда,— деп жауап берді Егор,— осындағы жалшы қазақтың жәрдемімен, түнде, біз ұйқтап қалған шақта қақпаны ашып кіретін көрінеді. Сол кезде қапысын тауып өлтіріп жіберу керек!..

— Қазақты қайтеміз?

— Қарсыласса,— оны да!..

— Туыстары іздейді ғой!

— «Ауылына кеткен, қайтып келген жоқ» дейміз. Надан қазақтар бізге не істейді? Сот арқылы ізденгілері келсе, ебін тағы да табамыз! Ақшаға сатылмайтын сот жоқ!..

Сөз осыған байланды. Мезгіл жаздың ортасы еді. Айдың қараңғы кезі. Түнде қақпа дағдылы қалпымен жабылды да, ауыр құлыппен бекілді. Бүгін де Антонның келетіні өзіне мәлім Нұрмағамбет, Наташа арқылы, ол кілтті іңірде ұрлатып алды...

Нұрмағамбеттің әдеті — Антон келер түні, сенекке әдейі ерте жататын еді де, жабдығына олар ұйқтаған кезде кірісетін еді. Бүгін де сөйтті. Іңірде сенекке жата қалған ол, жау жағының әзірлігін сезген жоқ. Аңдушысы арқылы хабар алған Егор, Антонды өлтіруге әзірлеген адамдарын, ол жүретін жолдың қараңғы қуысына жасырды да, қолдарына балға, балта, тұтқасына қайыстан бау таққан кір сияқты қаруларды берді. Олар қолдарына түкіріп даяр тұрғанда, сенек жақтан сыбдыр естілді. «Бұл, әрине, жалшы қазақ!»

Сенектен шыққан адам, еппен басып барып қақпаның кілтін сыбдырсыз ашты. Түнге көздері үйренген өлтірушілер, қақпа сыртынан ішіне әлдекімнің кіргенін де көрді, «бұл, әрине, Антон!» Өлтірушілер дірілдеген денемен, қаруларын қолдарына оңтайлай бастады...

Қаннен-қаперсіз қора ішіне кіре берген Нұрмағамбет пен Антонға аңдушылар дүрсе қоя берді!.. Олардың дәлдеп сілтеген қарулары Антонның басына қабаттаса тиді де ұшып түсті. Не болғанын білмей сасып қалған Нұрмағамбет, құлаған Антонды құшақтай алам дегенде, көп адам оған жабыла кетті...

Жанталаса ұшып түрегелген Нұрмағамбет, жабылған адамдарды жан-жағына шашырата қалай ұлақтырып жібергенін білмей де қалды. Жаулар тағы да ұмтыла бергенде, бұрынырақ жеткен біреуінің шауып жіберуге сілтеген балтасын Нұрмағамбет қолынан шап беріп жұлып алды да, сол балтаның ұңғы жағымен кеудеден тапсырып кеп жіберді. Талып я өліп құлағанын білмеді — ол шалқасынан ұшып түсті...

Өзгелерін әлгінде дүрсе қоя берген үңгіріне қуып тыққан Нұрмағамбет, жалт беріп жылдам адыммен Антонның қасына келді де, қимылсыз жатқан оны жерден құшақтай көтеріп ап, далаға ала қашты... Артына алақтай қашқан оның көзіне, жаулардың қараңдап қуған елесі шалынды, бірақ, қатты жүгірген Нұрмағамбетке жете алмады ма, немесе, жетерін біле тұра бата алмады ма — жаулар оған қолдарындағы қаруларын ғана ұлақтырды да, қуып кеп ұстай алмады, ұлақтырған қарулар денесіне дарымады... Құғыншылар қақпадан шықпай, қора ішінде қалып қойды...

Нұрмағамбет сол жүгірген қалпымен, Кургановтардың үйіне келді. Андрей ол күні кешке «моншаға түсем де, үйде қонам» деп кеткен еді. Қатты қағылған есіктің дүрсілінен шошып оянған ол, есікті аша тіпті шошып кетті: әлдекім, әлдекімді көтеріп кеп тұр!..

— Кім?!— деген үрейлі дауысы қатты шығып кетті оның.

Кімдер не халде келіп тұрғанын білген ол, есінен танып қала жаздады.

Ол есінен танбағанмен, шешесі танды. Андрейдің «мама, шам жақ!» деген үрейлі дауысын естіп, бір жамандықтың барын, бірақ, не екенін білмеген шеше, дірілдеген дене, қалтыраған қолмен, қараңғы бөлмеде кәрәсін лампысын әрең жақса, ағаш кроваттың үстінде әлдекім сұлап жатыр... Қасында Нұрмағамбет пен Анрдей түрегеп тұр!.. «Бұл кім?!» деп сұрастырса — Антон!.. Ауыз-мұрнынан, құлақтарынан қан сорғалап жатыр... «Құдай-ау, бұған не болды?!» деп, бақыра жылап бассалса... өліп қалған!..

Шеше талып кетті... Сол талғаннан есін жинамаған, бұрын да ауыр сырқат бейшара, таңға жақын жан тапсырды...

Бұл кезде жиналған көрші-қолаң үйге лық толып отыр еді. Болған оқиға жайын естіген Кургановтың жақындары:—«жиналып барамыз, қанды қанмен жуамыз» деп желігісіп еді, жамағайындар тоқтау айтып бөгеді.

— Нұрмағамбеттің айтуынша,— десті олар,— босқа арандамайық. Шортандағы атаманға кісі шаптырайық. Жауларың да аман емес қой, тегі. Олардан да шығын болған адам бар сияқты ғой. Атаман келсін де, екі жақты да тексерсін. Заң адалын шешер.

Атаманға шапқын кеткенде, Андрей жақындарына өз ұсынысын айтты:

— Өлер ағам өлді,— деді ол,— Пропадкоға жуыма деп ем, тіл алмады. Ақыры,— басына жетті. Енді оның өліміне нақақ біреуді күйдірмеу керек...

— Кімді?..

— Мына, Нұрмағамбетті!.. Бұның жазығы — Антонға болысу. Ол үшін жаза тартуы әделетсіздік болар еді.

— Өзінің жорамалы расқа шығып, жау жағынан біреуі өлсе, жазаны амалсыз тартады да!..

— Ол тартпайды, мен тартам!..

— Неге?

— Қалай?!..

— Туыс менікі. Оның ісіне өзге емес, мен күюге тиіспін.

— Жаудан кісі өлсе, «өлтірген менмін» деп мойныма алам...

Ертеңіне станицалық атаман және тағы біраз чиновниктер келді де, қылмысты істерді тексерді. Нұрмағамбет балтамен соққан адам да өліп кеткен екен, ол Егордың інісі Фарфирий екен...

Екі жақтан да көп кісі тұтқынға алынды... Егор Көкшетаудағы саудагер құдасының жәрдемімен тергеу және сот орындарын сатып алды да, үкімде жазаға Курганов ілекті, ол бес жыл каторгіге айдалатын болды. Бірақ, ол жауаптарында да, сот процесында да айыпты мойнына алып, абақтыға өзімен бірге жабылған Нұрмағамбетті ақтап, босаттырып жіберді... Бұлай босанғысы келмеген Нұрмағамбетті, ол достық қолқасын салып әрең көндірді...

7. БАЛУАН ШОЛАҚ

Босанған Нұрмағамбет, екі себеппен Қайрақтыға оралмай ауылына қайтты, бір себебі — қапымды тауып өлтірмей қоймайды деп Пропадко тұқымынан қорқу; екіншісі — жазықсыз жаза тартып үй-орманымен құрып кеткен Кургановтардың, «Пропадколер бұзып әкетіпті» деген жұртын көргісі келмеу.

Осы себептермен жайлауда отырған еліне қайтқан ол, салысы суға кеткен адамдай, салбыраңқы қабақпен үйінде тұрып жатты. «Алда не істеу керек?» дегенді, ол алғашқы күндері ойлаған да жоқ, ойлауға шамасы келген де жоқ. Оның басын билеген жалғыз ой — Пропадко сияқты күштілердің, Кургановтар сияқты әлсіздерге көрсететін қорлығы.

Ол сондай ауыр ойда жүрген күндердің біреуінде, оның көзі де, жайлаудағы жұрттың көзі де бір атты мініп, бір атты жетектеп, ауыл-ауылдың арасында шоқыта шапқан біреуге түсе кетті.

— Е, қайда барасын?— деген сұрауға:

— Тоқсанбай байға ас[1] берілетін еді, соған сауын[2] айтып жүрмін,— деп жауап берді ол.

— Қашан болады, ол ас?

— Енді бір айдан кейін.

— Қанша елді шақырды?

— Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Қарқаралы, Кереку, Қызылжар, Омбы — осы жеті ояздың елін түгел шақырды.

— Ойпырмай, оған не деген ас шақ келеді?!

— Тоқсанбайдың өз малынан мың қой, жүз ту бие, ілік-шатыс, құдандасынан жүз елу ту бие, мың жарым қой, барлығы — екі мың жарым қоймен, екі жүз елу жылқы сойылады, солардың еті жетпей ме? Қымызына жиналған жұрт өзі әкеледі.

Бір ай асқа әзірленген жұрт сабаларын екі доңғалақты қазақ арбаға артып, біреу салт, біреу арба жегіп... дегендей, Тоқсанбай аулына, жан-жақтан ағыла бастады. Ормансыз жазық кең дала, құмырсқаның илеуіндей қыбырлаған адамнан көрінбей кетті.

---

[1] Өлген адамды еске түсіріп, елді жинап ас беріп, сауық жасау.
[2] Барлық елге қымызын жинатып асқа әкелдіру.

Бұл топтың ішінде Нұрмағамбет те жүрді. Ойы жүдеген шақта бойы да жүдеген оған, асқа аттанарда шешесі ұрысты. Нұрмағамбеттің еркіне салса, бұл асқа бармас та еді. Өзге жұрт жиналып жатқанда үйінде бейғам отырған оған:

— Сен неге отырсын?— деді Қалампыр.

— Жәй...

— Асқа бармаушы ма ең?

— Не алам, содан?

— Жоқ, барасын!— деді шеше, бұйырған дауыспен,— немене, жүнжіп кеткенің? Осындай жігіт бола ма екен, басына түскен бір іске мұқап қалған?.. Көрсетпе, ол қылығыңды көзіме! Бар, асқа!.. Және бұл жүдеген түріңмен емес, жақсы киініп, ертоқымыңды жақсылап бар!..

Бұйрығына көндірген шешесі, «ауылға келгенде киесін» деп даярлатып, сандығына салып қойған қазақы жақсы киімдерін, «Нұржан ғана мінеді» деп, өзгеге ұстатпай, кереге басына іліп қоятын жақсы ертоқымын берді де, биыл бесті шыққан жақсы атын мінгізіп, баласын ауылдан көріктендіріп жөнелтті.

Ондай ас пен тойда елдің аузындағы сөз — балуан жігіт пенен жүйрік ат!

Жеті ояздан жиналған жұртта, бәйгеге қосылатын мыңға жақын ат бар, солардың ішінде ерекше ауызға алынған Ақан серінің Құлагері. «Белдемесінде қанаты бар дейді, аз шапқаннан кейін құс боп ұшып кетеді дейді», деседі жұрт ол туралы. Талай саңдақтың иелері Құлагерді барлайды да, өз атынан түңіледі. «Құлақ естіген жерде бұрын бәйге бермеген Құлагер, бұл жолы да шалдырмас» деседі жұрт.

«Бәлен балуан кепті, түген балуан кепті!»— деген күңкілдердің ішінде ауызға ерекше түскені «Қарақыпшақ Қобланды батырдың ұрпағы-мыс деген «Түйе балуан» атанған біреу. Көріп қайтқандар ол туралы шошына сөйледі:

— Білектері адамның санындай, саусақтары білектей, саны кеудедей, кеудесі кигіз үйдей, құлағы тебінгідей, басы қазандай, аузы жырта қарыс, екі ерні — екі кесек ет, түксиген қабағына біткен қалың қас желкілдеп кішкене көзін жауып тұр, тұла бойы түксиген жүн, қылдары жылқының ту құйрығынан қатты, бойының тұрқы — нар түйедей, екі иығына екі кісі мінгендей, сөйлеген сөзі — арыстанның күрілдегені сияқты. Мойны бұрылмайды,— қараған жаққа

бар денесімен қозғалады, бір жегенде бір қойдың етін жүк көрмейді, бір сүйретпе[1] қымызға сусыны әрең қанады!..

— Онымен кім күресер екен?— деседі жұрт.

— Әй, ешкім күреспесе, өлгісі келген біреу болмаса!..

— Қап!— дейді біреулер өкініп,— бас балуанның бәйгісі түйе мен ат бастаған, құндыз бен жібек шапан қосқан жүз ірі қара деп еді, сол бәйгіні енді күрессіз аладыау, сабаз!..

— Қой,— деді біреулер,— түйе балуанды туғызған ел сол сияқты бір ұлды тағы да туғызбады деймісін. Ел ғой, біреу табылар.

— Әй, кім білсін!..

Асқа төрт рудан жиналған еді: Арғын, Қыпшақ, Керей, Уақ.

Әдетте «Арғын аға баласың» деп, аста, тойда бас балуан шығаруды ел Арғынға ұсынатын. Бірақ бұл жолы Арғынға жол тимеді. Себебі: ас беріп отырған Тоқсанбай, Арғынның «Атығай» дейтін бұтағынан, ас берген елге бас балуанның жолы келмейді.

Ендігі күресетін Қыпшақ пен Керей. Керей мен Уақ ағайындас. Тойда, аста олар бірге отырады.

Асқа жиналған жұрт етін жеп, қымызын ішкеннен кейін, біреу құрықтың басына екі кез қызыл матаны байлап, «ат шабар! ат шабар!» лап, Көксеңгірдің Көктөбесінің биігіне шаба жөнелді. Арбалылар да, салттылар да, жаяулар да соның соңынан шұбап, қыртысы қалың, жасыл көделі жердің шаңдағын аспанға шығарды. Қою шаңнан тұман басқан жер беті буалдырланып кетті. Көп кешікпей, құмырысқадай құжынаған жұрт, үлкен қара жолды ортаға ала, екі жарылып отырды. Жолдың бір жақ бетінде — Қыпшақ, екінші жақ бетінде — Керей мен Уақ; Арғын асқа жиналған жұртқа қызмет етті.

— Кем болса жиырма мың халық бар шығар,— десті көпшілікті көзімен шолғандар.

Әдетте күрестен бұрын бәйгінің аты кетеді. Асқа жиналған мыңға жақын жүйріктен іріктеліп кеп үш жүздей ғана ат бәйгіге қосылатын болды, себебі — әр елден озып келген жүйріктің иелері: бағын сынау үшін аттарын «Көксеңгірдің Көктөбесінен» елу шақырым жердегі Сілеті өзені-

---

[1] Ыстаған теріден тіккен үлкен торсық, шамасы он шелектей қымыз сияды.

нен жіберуді тілек етті. Сол тілек орындалып, Сілетіден ертең ертемен жіберетін боп, қоналқаға аттарды шабарман айдады. Жиын жұрт бүгінгі мәжілісті балуан күрестіру қызығымен өткізбек болды.

Аттар жөнелгеннен кейін бас балуан шығару жолы тиген Қыпшақ «Түйе балуан»ын шешіндірді. Түйе балуан күресерде қойдың жүнінен жуан ғып тоқыған, балағы тізесінен жоғары шалбар киіп, ышқырына қайыс белбеу өткізіп, белін тас қып буады екен де, үстіне одан басқа киім ілмей, тырдай жалаңаш шешінеді екен. Күрескен балуанмен бел ұстасқанша ғана иығына түйе жүн шекпенін жамылып отырып, күресерде оны сыпырып тастайды екен.

Сол әдетін істеп, түйе балуан қара жолдың жиегіне кеп отырады. Оған Керей, Уақтың көзі түсіп еді —«Түйе балуан»ға еріп келген адамдар бүркіт қасындағы торғай сияқтанды.

— Кәне, қайсың шығасың!— деп Керей, Уақ дәмелі балуандарының бәріне айтып еді, біреуі де шыққысы келмеді. Керейдің ішінде: сегіз оязға аға-сұлтан болған Сағынайдың «Паң» атанған Нұрмағамбеті отыр.

Түйе балуанмен күресер адам Керейден шықпағанына Нұрмағамбет ызаланып:

— Баяғыдан бері Керей, Уақ қатын алған жоқ па ең? Сенен ұл туған жоқ па еді? Ер тумай, жер туып па еді? «Елімін» деп неге айтатын ең, өзіңді?— деп ақырды.

Осы кезде: ұзынша бойлы, жауырынды, бірақ белі талдырмаш, үлкендеу бота көзі ойнақшыған, жоғарғы ерні жаңа ғана түбіттене бастаған атжақты, сарысұр әдемі жас жігіт, ор қояндай ойнақтаған жеңіл қимылмен, ептеп басып кеп, оң тізесін бүгіп Нұрмағамбетке сәлем беріп, қолын ұсынды. Нұрмағамбет «Бұл кім?» дегендей жас жігітті көзімен шолып еді: ақ ботаның түбітінен тоқыған, қарала батсайымен өңірін, етегін әдіптеп, жағасына төрт елідей құндыз ұстаған қынама бел қамзолы бар жасыл жібекпен тыстаған, оң жақ құлағын жымқыра киген ақ бұйра, жекей тымағы бар, аяғында кебісін күміс шегемен әлеміштеп, желкесін көк сауырлатқан, өкшесі биік «Қосай-қолашы»[1] бар.

Нұрмағамбет «Паңмен» үйде де, түзде де өзі ұлықсат етпей ешкім амандаспайтын еді. Мына жігіттің екпіндеп кеп қол беруі оған ұнамады.

---

[1] Кебісі де, етігі де өкшелі қазақша етік.

— Кім баласысын?— деді, ол семіз бетін тыржита қарап.

— Әкемнің аты Баймырза,— деді жігіт екілене сөйлеп,— өз атым Сіздің атыңыз сияқты — Нұрмағамбет.

— «Жаман иттің атын Бөрібасар қояды» деген сөз бар еді,— деді Нұрмағамбет, жігіттің аты өзімен аттас болғанын ұнатпай,— атың жақсы екен. Қай елсің?

— Іргелі ел емеспін. Аз атаның баласымын. Арғы тегім Үйсін. Аблай ханның заманында атам батырлықпен еріп кеп, Керейден қатын алып тұрып қалған екен. Содан тараған төрт-бес үй бармыз. Керейдің бір ауылында отырған кірмеміз. Ал, Паң ата!— деді Нұрмағамбет сөйлегісі келген паң Нұрмағамбетті кимелеп,— рұқсат етіңіз, Керейдің аруағын шақырып, Қыпшақ балуанымен күресейін деп едім. «Ер жігіттің үш жұрты бар, біреуі — өз жұрты, біреуі — қайын жұрты, біреуі — нағашысы»— деп еді. Задым Үйсін болғанмен, Керейдің қызынан туған мен де Керейдің бір баласымын.

Паң Нұрмағамбет, жігітке жауап берудің орнына айнала қарап еді, қоршап отырған ақсақалдар «жіберіңіз» деп өтінді.

— Бар,— деді Паң.

Жігіт қуанып жүгіре жөнеліп, қоршаған көптің арасында шешініп жатқанда:

— Есер неме емес пе?— деді Паң,— ұятқа қалдырмай ма?

Әлдекім оған Нұрмағамбеттің серілікте көңілі бар жігіт екенін және Қайрақтыда басынан кешкен халын қысқаша баяндап берді.

— Бәсе, айттым ғой, есер деп. Есер болмаса, өзі кедейдің баласы дейсіңдер, әлгіндей оңды киім кие ме? Енді жалшылыққа тұрғысы келмей жүрген біреу ғой. Жасы нешеде екен, өзінің?

— Биыл жиырмаға шығатын болар.

Паң ойланып қалды.— «Ә,— деп ойлады ол ішінен,— жасына қарағанда денесі сойқан екен. Мынау тегін болмас!».

Кешікпей көптің көзі ақ балтыры ашық күнге күмістей жалтырап, аяғын ойнақтаған құлындай жылдам басқан сидам жігітке түсті. Жігіттің үстінде: қой жүн шекпен, жеңін түрген.

«Я, аруақ, қолдай гөр!»— деген дауыс Керей, Уақ жа-

ғында қаққан қоңыраудың дауысындай тұтасып күңгірлеп кетті.

Ол кездегі ауыл әдетінде қара жолды балуан аттамайды. Нұрмағамбет оны тыңдаған жоқ, қасына ергендердің «тоқта!» дегенін елең қылмай өтіп кетті. «Қап!— десті Керей жағы,— кесірге ұшырамаса жарар еді, жолды аттадыау!».

Түйе балуан да түрегеледі. Дағдылы көзге ортадан жоғарырақ көрінетін Нұрмағамбет бойының биіктігі, Түйе балуанға қатарласқанда байқалды,— өзге адам кеудесінен келмейтін Түйе балуанның бұл иығынан келеді екен.

— Ә, сенбісің, Керейдің балуаны?— деді ол күрілдеп,— атың кім?

— Кейін сұрарсын, әуелі күресейік.

— Жарайды, оқасы жоқ!— деді ол Нұрмағамбетті менсінбегендей, қымсынбай,— ендеше, қалаған жеріңнен ұста, бала!

Нұрмағамбеттің шолақ қолы Түйе балуанның беліне буынған қайысқа шап ете түсті. Белбеуді ол, қолына капсыра бір орап алды. Өзгемен күрескенде Нұрмағамбет құшақтап көтеретін еді, мынау оған болар емес, беліне адамның құшағы жетпейтін, атан түйедей бірдеме!..

Жас жігіттің жұдырығының тегеурінділігіне қарап «күші бар екен», деп ойлады Түйе балуан, сонда да аса хауіп қылмай, шекпенінің екі өңірін кеуде тұсынан қапсыра ұстады да, бір қолын бос жіберіп:

— Ал қимылда, бала!— деді.

Сол кезде Нұрмағамбет Түйе балуанның сол жақ бүйірінен де ұстап, оң жамбасқа ала сілтеп кеп қалып еді, Түйе балуанның оң тізесі бүгіліп барып, әрең дегенде түрегелді.

— Жықты! Жықты!..— десті Керей жағы жүгіріп. Әдетте тізесін бүксе балуанның жығылғаны.

Екі жақтан да жігіттер жүгірісіп жанжалдасып жатыр еді:

— Тоқтаңдар!— деді Нұрмағамбет айқайлап,— жоқтағандарың менің намысым болса, кейін қайт, Керейдің баласы! Тізесін бүгіп бәйгі алмай-ақ қояйын. Бағымнан көрем, қайта күресем.

Екі жағы балуандарды жіберіп, кейін шегінді.

Бұрын мұндай күшке кездеспеген Түйе балуанның ашудан бетіне түгі шықты. Нұрмағамбетті езіп тастауды ойлаған ол, денесінің әр тұсынан ұстап еді — темірге тигендей батпады, бұлтыңдап ойнаған бұлшық еттері уысын кейін

серпіп жіберді. Денесін қапсыра көтеруге келтірмейтінін көрген соң, Түйе балуан белінен омырмақ боп, құшағын айқастырып алып, олай да, бұлай да бұрады, кейде ұршықтай үйіріп алып та кетті, бірақ, қалай сілтесе де тік түсетін бір тамаша!

Ызаланған Түйе балуанның самайынан тері, аузынан көбігі ағып, енді жағадан ап үйіруге ойлаған кезде, Нұрмағамбет оның ішіне кіріп кетіп, түйедей денесін иыққа сап арқалай жөнелді. Сол қалыппен бұлқынған балуанды босатпай, арқалап жүріп, үйіріп-үйіріп, сылқ еткізіп шалқасынан тастап кеп жіберді. Құлаған балуанның екпінінен жер солқылдағандай болды. Нұрмағамбет ор қояндай ойнақтап, Керейге қарап жайнаңдай жөнелді. Түйе балуан жығылған орнынан тұра алмай қалды.

— Қа-быр-ғам!— деді ол ышқынып, басын көтерейін дегендерге,— сын-ды бі-лем...

Нұрмағамбетті Керей жағы төбелеріне көтеріп әкетті. «Сені тапқан анаңнан айналайын... Күшіңнен айналайын... Көп жаса!»... деген дауыстар даланы басына көтерді.

Бір уақытта Паң Нұрмағамбет төңірегіне қараса, аз ғана ақсақалдан басқа жан жоқ. Жұрттың қоршағаны балуан Нұрмағамбет.

— Отырсын, түге, шуламай!— деп Паң ақырды,— не бар, даурығатын? Қаңғырған жалғыз ауыл Үйсінді сонша ардақтап, сонша қошеметтейтін, Керейдің ол бел баласы ма еді?

Паңға кім үндей алсын... Жұрттың даусы бәсеңдеді. Осы кезде: үстіне тамаша кілем жапқан, кере құлаш қамшат құндыз бен ала жібек шапанды өркешіне ілген түйеге бастатып, күміс тұрманмен ерттеген сұлу жирен атқа бастатып, бас балуанның бәйгісі,— жүз ірі малды Арғын Паңның алдына әкеп тосты. Бір тоғыз мал қосып түйе мен атты Паңның өзі алды да, өзгесін ақсақалдарға үлестірді.

— Балуанның өзіне де ырым беріңдер. Кедей кісінің баласы, еңбегі,— деген әркімдерге Паңнан бұрын жауапты Нұрмағамбеттің өзі берді.

— Мен дүние жиғалы жүрген жігіт емеспін,— деді ол,— күшім мен халқым сен аман болсаң, одан артық маған не керек?.. Бәйгіден бір сабақ та жіп алмаймын, ол көпшілік — сенің сыбағаң!..

Ентігін басқан Нұрмағамбетке жұрт алғысты жаудырып қоршап тұрған кезде: басына ақ жібек шәліні желбегей салған, құлағында алтын сырғасы бар, көйлек пен беш-

пенті татаршалау, орта бойлы, бетінде аздап қорасан дағы бар, ойнақшыған қара көзді, кішірек қыр мұрынды, жиырмалар шамасындағы қараторы әдемі келіншек көпшілікті кимелеп келді де, Нұрмағамбеттің иығына қызыл ала батсайы шапан жауып, қалтасынан мол, ақ жібек орамал алып, қолына ұстатты.

— «Орамал тонға жарамайды, жолға жарайды» деген,— деді ол сыпайы, сызылған сәнді үнмен,— ерлігіңізге тартқан сыйым, көпке балап алыңыз!..

Келіншектің қарақаттай мөлдір, күлімдеген көзі Нұрмағамбетке күн сәулесінен өткір қадалып, оның өмірде жаннан жасқанбаған көзін тайдырып жіберді. Сол өткір қарастан оның бойы отқа тиген қорғасындай еріп кеткен сияқтанды, аузына сөз түспей, жаутаңдап қарай берді.

Сыйына лайық жауабы тез беріле қоймаған соң, келіншек тағы бірдеме дегелі оңтайланып келе жатыр еді:

— Балуан, сені Паң шақырады, тез жүр!— деді бір жігіт.

— Біз бір жолаушы ек,— деді келіншек,— мекеніміз — Қараөткел. Жүріп бара жатыр ек, хош болыңыз!.. Келіншектің ұсынған қолының жіңішке ұзын саусақтары да, Нұрмағамбетке оттай ыстық көрінді.

— Хош!— деген сөзге ғана келді оның тілі. Келіншек Нұрмағамбетке қара көзінен нұр төге, төңкере бір қарады да, демін кеудесін кере алып, аяғын баяу басып жүріп кетті.

— Атын білесіңдер ме, әлгі келіншектің?— деп сұрады Нұрмағамбет, Паңға келе жатып, қасындағылардан.

— Білмейміз.

— Қап, сұрамағанымызды қарашы,— деді Нұрмағамбет өкінгендей,— әне, аттанып та кетті.

Паң Нұрмағамбет, балуан Нұрмағамбетті қарсы алдына шақырып алды да:

— Жай қолыңды!— деді.

— Нұрмағамбет екі қолын көтеріп, алақанын жайды.

— Жігітім, жарайсың. Күшіңе сүйсіндім,— деді Паң.— Не бата тілейсің?

— Тілеп бата ала ма, Паң ата?

— Екеуміз аттас екенбіз,— деді Паң,— сен Нұрмағымбетті қойып «Балуан» деген атқа ие болсаң қайтеді? Оны азсынсаң қасына «Шолақ» деген сөзді қосайын!..

— Паң. берер батаң «Балуан» деген атақ болса, мынау көп ол батаны мана айтқан!

— Я, рас... айтқамыз... «сүйгенін шұнағым» дейді... Халықтан сүйген атын ол алған... Оның аты «Балуан Шолақ»!— деген дауыс ду ете түсті.

Көптің құлағында бірнеше күнге шейін осы бір үн ызыңдағандай болды да тұрды.

8. КАРОНМЕН КҮРЕС

Балуан Шолақтың бағы ел үстінде құстай ұшты. Тоқсанбайдың асынан кейін, «Көксеңгірдің Көктөбе»сін жайлаған ауылдар оны бірінен соң бірі шақырып, қолдан-қолға тигізбеді.

Балуандық, әншілік, ақындық, серілік, ойыншылдық Балуан Шолақтың бір басынан табылады. Оның, барған ауылы ұлы думанға айналды. Жиналған жұрт оның тал бойынан мін тапқан жоқ.

— «Сегіз қырлы» дейтін жігіт осындай-ақ болар,— десті жұрт.

Мін таппаған жұртқа Балуан Шолақтың еркелеп айтқан өлеңі мынау еді:

«Атандым Нұрмағамбет — Балуан Шолақ,
Бір қолым үсіп кетіп болды молақ.
Сұлу қыз, келіншекке тиышсыздаумын,
Жалғыз-ақ тал бойымда мінім сол-ақ!»

Жайлаудағы елдің жайнаған гүліндей көз құмарын тарқатып серуенде жүрген Балуан Шолақтың құлағына бір күні сыбыс естілді:

«Көкшетау қаласына біртүрлі балуандар кепті дейді, бәрі де аждаһадай кереметтер дейді, оларға адам пар келетін емес дейді!..»

Күндеген кейбіреулер Балуан Шолаққа «күшті болсаң Көкшетауға барып солармен күрес!» деп шаптады.

Ерегіске жаны құмар Балуан Шолақ —«ендеше кеттім, Көкшетауға,— деді достарына,— еретіндерің жүріңдер!».

Жігіттер Балуан Шолақты жалғыз, өлсе жіберсін бе? Бір топ адаммен ол Көкшетауға жүріп кетті.

Көкшетау қаласына оның өмірінде бірінші келуі еді. Бұқпа тауының етегіне салынған Көкшетау қаласының теріскей жағында, көлемі кең шалқар көлі бар. Көл таудың бір бүйірін құрсаулап айналып кетеді. Нақ сол таудың көлмен астасатын жеріндегі бір қазақ үйіне, Балуан Шолақ бастаған жігіттер кеп түсті.

Мезгіл күз еді. Бірақ көп жылдың күзінде кездесетін ол араның жауын-шашыны биыл жоқ,— қара сұр бұлт бұрынғы жылдардағы дағдысымен торланып келеді де, күн түске тарта масайрап, әдемі қоңыр салқын болады да тұрады.

Сол күннің ертеңі — сентябрьдің бірінде, Көкшетауда жәрмеңке ашылады, оған жан-жақтағы елдерден қаптаған халық келеді.

Балуан Шолақ пен оның достары пәтер үйлеріне базардан қымыз алдырып сусындады да, салт атпен қаланың көшелерін аралады. Бір көшемен келе жатқан олардың көзі жалпақ тақтайға жапсырған, әлдекімдердің жалаңаш суреттерін қаз-қатар басқан қағазға түсті.

— Жүріңдер, жігіттер, көрейік!..

Келсе, бәрі де бұқадай күжірейген кереметтер! Орталарында бетін жаба басына қара киген біреу тұр. Қағаздың астындағы жазуды хат білетін біреуі оқып көрсе, күресетін балуандар екен.

— Бұлар цирк аталатын үйде күреседі екен,— деді жазуды оқыған.

— Қайдағы үй ол?

— Көрген жоқпыз.

— Іздейік, ендеше!

Олар сұрастырып жүріп тауып алды: кенеп жапқан түрі кигіз үй тәрізді, бірақ іші кең— кем дегенде мың кісі сиярлық.

Бұлар барғанда, үйдің қасындағы тақтай үйшіктің алдында көп кісі тұр екен.

— Неғып тұрсыңдар?— деген сұрауға:

— Билет сатып алғалы тұрмыз!— деп жауап берді олар.

— Неменеге?

— Шеттен келген балуандар күреседі екен, соларды көреміз.

Күресін көрсеткенге ақша ала ма, олар?

— Алады дейді.

— Күшін көпке сатып көрсеткен не қылған балуандар?!..

Нұрмағамбет пен жолдастары, кісі басына елу тиыннан билет алып, кешке көппен бірге цирктің үйіне кеп отырды. Ең алдымен ат ойыны болды. Балуан Шолақ делебесі қозып, «өзім де ойнайым ба?» деп қопаңдап қояды. Аттар сұлу. «Шіркін, жазық дала боп, мына аттарды көсіл-

тер ме еді?— деді Шолақ,— тар жерде ойнап, аттың бауырын жаздырмай қор қылуларын қарашы».

... Күрес басталды. Балуандар парадпен цирктің ортасын айналды. Бәрі де денелі. Бірақ, басына қара маска киген адамның денесі өзгесінен өзгеше. Тұлғасы аумаған Түйе балуан.

Француз күресінің приемдары Балуан Шолаққа ұнаған жоқ. Арқасы қозып отыр, тәсілдерін қарап отыр.

.. Қара маска киген балуан атаулының бәрін жықты. Жұрт оған қол шапалақтап, жер тепкілеп, цирктy басына көтерді. Осы кезде Балуан Шолақ шыдамай барьерден[1] қарғып түсті де, одыраң-одыраң етіп ортада тайраңдап жүрген қара масқаға барып қолынан ұстады.

Тоқсанбайдың асынан кейін Балуан Шолақтың денесі бұрынғыдан әлдеқайда толғанын, балуанның достары қара масканың қасына барғанда байқады: Балуан Шолақтың қара маскадан қарны ғана жіңішке, басқа денесі бірдей.

— Күресемісін?— деді қара маска оған.

— Күресем!

«Уақыт бітті... Ертең...» деген цирк бастығының сөзін жиналған жұрт тыңдамай «күрессін» деп шулап кетті.

Балуан Шолақтың тұлғасын көріп сескенген Қара маскa көптің көңілін қимай, «залогпен күресем» деді. Онысы сылтаумен құтылу еді.

— Неше сом?— деді Балуан Шолақ.

— Жетпіс бес сом! (Жетпіс бес сом ол кезде үш аттың құны).

Балуан Шолақтың жігіттері қалталарынан ақшаны суырды да берді.

— Сен қазақша күресем деп ойлама,— деді цирк бастығы,— бұл фрацузша күрес,— екі жауырынның арасын жерге тигізбей, жыққанға есептелмейді.

— Маған сонысы керек. Жауырынның ортасы түгіл, қыр арқасын жерге тұтас тигізіп берейін.

Балуан Шолақ цирктың киімін киіп шықты.

Сүзетін бұқадай екі балуан аңдысып жақындаған кезде, Балуан Шолақтың жалаңаш денесінің бұлшық еттері түйін-түйін боп бүлкілдеп, желді күні толқынданған теңіздің беті сияқтанып кетті.

Қара маска күрескен адамның мойнын аңдып, алқымын қысқан қалпымен арқалап шалқасынан жығатынын

---

[1] Барьер — ойнайтын алапты қоршаған тапал қорған.

Балуан Шолақ мана байқаған. Сол тәсілін істегісі кеп, Қара маска ыңғайлана бергенде, жалт беріп бұрылған Балуан Шолақтың қусырған құшағы мойнына тұзақтай түсіп кеп кетті. Ол «һауп!» деп арқалай жөнелді де, қаңқөбелек үйіріп, иығынан асыра, шалқасынан алып кеп ұрды.

Қара маскадан жығылған адам, белін қайқайтып шалқасынан иіле қалуын Балуан Шолақ мана байқаған. Сол қимылды істей ме деп хауіптенген Балуан Шолақ, Қара масқаны, баса қоюға ыңғайланып еді, орнынан қозғалмаған ол, «баспа» дегендей басын шайқады.

Күрестіріп жүрген адам сол сәтте ысқырып қалды да, жығылған Балуанның басынан маскасын сыпырды: әдемі кескінді, ақшыл сары өңді жігіт екен. Жігіт қозғалмастан бетін тыржитып, «мертіктім»— деді.

Қара масканы носилкаға салып екі-үш балуан алып кетті. Күрестің нәтижесі жарияланды.

— Күреске қатнасқандар: дүние жүзінің чемпионы, ағылшын балуаны «Қара маска» мен қазақ аулынан келген халық балуаны Балуан Шолақ... Олар француз күресінің әдісімен арпалысты. Күрес бір жарым минутқа созылып, халық балуаны — Балуан Шолақтың пайдасына шешілді. «Қара маска» ның бұрын ешкім шешпеген маскасын Балуан Шолақ шешті. 75 сом залог Балуан Шолақтың пайдасында. «Қара масқа» ның фамилиясы — Карон.

— Байқаусызда жықты...

— Айламен жықты,— деген шулар циркты басына көтерді.

— Балуан Шолақ күшінің көптігін кір көтеріп көрсетсін,— десті шулаған жұрт.

— Бүгін осы да жетер, ертең көтерер,— деген сөзді Балуан Шолақтың өзі қабылдаған жоқ.

— «Қапыда жықты»— деген сөзді артып жүрем бе?— деді ол,— көтерем кірін.

— Неше пұт көтересің?— деп сұрады одан.

— Әлгі мен жыққан балуан қанша көтерді екен?

— Қырық пұтты.

— Маған елуін сал!

Балуан Шолақ тізесі мен шынтағына салмағын сала шөкесінен отырды. Жалпақ қайыспен матастырып, бір балуан оның мойнына: он пұттықтан төрт гирді, алты пұт бір гирді, бес пұт бір гирді, барлығы елу бір пұт гирді артты.

Гирлер артылып болған кезде, шөкесінен жер тіреп

отырған Балуан Шолақтың екі қолының жіліктері жас талдай солқылдаған сияқтанды.

— Жөн бере гөр!— деп тіледі оның достары,— атан түйе көтере алмайтын жүкті артты.

Балуан Шолақ әуелі қолын жерден алып, тізерлеп отырып денесін жазды. Содан кейін оң тізесін көтеріп, оң аяғын табанына басты. Содан кейін мойнындағы гирлерді матастырған қайыстан екі қолымен қапсыра ұстап, «һауп» деп тұрып кетті де, аяғын алшаңдата басып, цирктің аренасын жағалап жүрді.

— Болды!.. Жетті!.. Түсір!..— десті жұрт.

Балуан Шолақ ерегіскендей, көтерген гирлерді арқасымен біраз айналдырып, бытыратып жан-жаққа ұшырып жіберді.

— Жаса! Көп жаса, Балуан Шолақ!— десті жұрт шуласып.

9. ҚОРҚЫНЫШ

«Әлеумет көзіңді сал олай-бұлай,
Дүние ойлап тұрсаң бір кең сарай;
Патшаға біздің қазақ бағынғалы,
Батырлар қорлық көрді талай-талай».
(Халық өлеңі)

Балуан Шолақ цирктан шыққа, түн тұнық қараңғы екен. Дала араның ұясындай, ызыңдаған бір тұтас дауыс. Ол дауыстың кімдікі екенін, қараңғыға көзі үйренбеген Балуан Шолақ, алғаш аңғара алмады.

— Бері жүр, Балуан!— деген жолдасының таныс дауысы естілді оған.

— Қайда барамыз?

— Нең бар, қайда барғаныңда. Атқа мінуді біл, аржағын көре жатарсың.

Ызың қаққан қалың дауыстың арасын қақ жарып, жолдасының соңына ерген Балуан Шолақ атына жетті де, тез мінді. Сол кезде қараңғыға аздап үйренген көзі, айналаны шолып еді, түнде толқыған теңіздің бетіндей, ұшы-қиыры жоқ тұтасқан бір қимыл.

— Қайда, Балуан Шолақ?— деген дауыстар естілді айналадағы қою қимылдың ішінен.

— Кім мені іздеген? Мен мұнда!— деді Балуан Шолақ.

— Енді неге қарап тұрсыңдар. Тартыңдар, Балуан Шолақ шыққа,— деген дауыс гу ете түсті.

— Ал, жөнелдік. Міне, мен бастадым,— деді біреу шаба жөнеліп.

Даладағы тұтасқан қимыл, жырақа тауып құлаған судай, жөнелген адамның артынан, Бұқпа тауын бетке ұстай қозғалып кетті. Сол тұтас ақтарылған қимыл толқында жүзген дөңгелектей, Балуан Шолақты қалқытып алды да жөнелді.

— Қайда барамыз?— деп сұрады Балуан Шолақ қасындағылардан, көппен араласа шауып келе жатып.

— Өзіміз де білмейміз. Біздің білетініміз,— көптің қалағаны — Сен.

Жердің бүйірін солқылдата, түнде тыныс ап, қалқыған желді оята, шуы көкті жаңғырта сатыр-сұтыр шапқан адам толқыны, Бұқпа тауының белуарынан аттап, Желтау жақ бауырға тоқтады.

— Ал, түсеміз осы араға,— деді басшы.

Көпшілік ошарылып, аттан жапыр-жұпыр түсе-қалысты. Түнге көзі үйренген Балуан Шолақ аттан түсіп жатып айналасын тағы бір шолып еді — адамға сан жетерлік емес.

— Он екі ата Қараул, сегіз ата Дәуіт ек,— деді Балуан Шолаққа, бұл жиынды басқарушылар,— елдің аруағын көтергеніңе риза боп, бүгін саған дәм татырып, қонақасы берейік деп ек: атыңды естіп, жүзіңді көруге құмар ек, міне бүгін көрдік. Бүгінгі түнді ойын-сауықпен өткізбекпіз.

Балуан Шолақ оларға алғыс айтты.

— Кәне, әкеліңдер малды!— деді бастаушы,— біреулерің таудан отын әкеліңдер, біреулерің суға барыңдар.

Салт атты жігіттер шауып кетіп, тау арасынан құлаған қарағайларды сүйретіп алып келді. Бұтағымен тұтас тамызған қарағайдың жалыны лезде жарқырап аспанға көтерілді. Кенеттен жанған оттан үрейленгендей, қалғыған түн үңіліп отқа төніп, жан-жаққа өрт жайылмасын деп сескенгендей, төңірегін қанатымен қоршай қойды. Қараңғылық қоюланып кетті...

— Әкелдік!— деген дауыс естілді қою қараңғылықтың ішінен.

— Жарық пен қараңғылық ерегісіп, көзімізді байлап қойды ғой,— деді біреу,— түк көретін емеспіз. Балуан бері келші!..

Бастаған жігітке ерген Балуан Шолақ оттан оғашырақ барса, бір асау жылқыны бірер жігіт құлағынан басып тұр екен.

— Сыбағаң осы!— деді ертіп апарған жігіт Балуан Шолаққа,— «тіл-аузымыз тасқа». Періштенің құлағына шалынбасын. Ертегілерде еститін: Қобланды, Алпамыс, Қамбар сияқты батырлар болмаса, нақ сендей елу бір пұт тас көтерген алыпты көз көру түгіл, құлағымыз да естіген жоқ еді. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар туады» деген мақал бар еді. Кім біледі, тұлпар мініп ту ұстап, көк болат сауыт киініп, егеулі найза қолға алып, елді жаудан қорғайтын қолбасшы боларсын. Сондықтан сыбағаңа тоқты-торымды олқысынып мына бір ту байталды шалғалы тұрмыз. Ал, балуан, батаңды айт!

Жігіт қолын жайды. Балуан да қолын жайып: «Құрмалдық қабыл болсын» деп иегін сипады.

Жігіттер байталды алып ұрып бауыздады. Лезде терісі де сыпырылды.

— Семіз екен. Ұлпа қазысы екі елі!— десті әркімдер.

Байталдың денесін мүшелеп бұзғанша, біреулер қан сасыған өкпе, бауыр, жүрек, бүйрек сияқты бөлекше еттерді астауға сап, от басына әкеп қуырдаққа турай бастады. Мал сойылғандағы дағдымен, көкбауыр қызу шоқтың үстіне тасталып, өз буына пісіп, торсылдап жарылып жатты.

— Уау, қансоқтаны ұмытпаңдар, атамыз қазақтың асы,— деді біреу.

— Өзім де ұмытып жатқан жоқпын,— деп мал союшылардың біреуі,— шек қарны ақтарылып, өзге мүшелері бұзылмай шалқасынан жатқан байталдың екі қабырғасының арасында, белдеменің үстінде бүйрек маймен араласып қоймалжың боп жатқан майлы қанды уыстады да шұжық қып шекке құйды.

— Балуан Шолақтың сыбағасын түгел салыңдар,— деді отағасы мал союшыларға.

— Бұл бір қызық болсын,— деді қанданған қолын шынтағына шейін сыбанған, пышағы жалақтаған қасапшы жігіт кеп,— Балуан Шолақ бүгін құлағымыз естімеген күш көрсетті. Ал, мен, Балуанға, құлақ естімеген, естісе де аз естіген әдіспен ет пісіріп берейін.

— Қалай?— десті жігіттер.

— Байталдың қарнын өңеш жалғасқан тұсынан ғана аздап тілем де, ішіндегі жынын ақтарып, айналдырып жуам. Содан кейін ішіне су құйып, сиғанша ет салып, дәмі татырлықтай тұз салып, тәттілене түсу үшін шар-дәрілеп бұрышпен сарымсақ салып, қарынды жарған жерінен тігем. Өңешіне құрай өткізем. Содан кейін жерді қазып,

ішіне құм төсеп, қарынды сол құмға көмем де, үстіне от жағам. Өңешке тыққан түтікті оттан оғашырақ жерден шығарып қоям. Міне осылай пісірген ет, дүниедегі ең дәмді ас болады.

— Дұрыс. Естіп ек. Көзбен көрген жоқ ек. Солай ас!— десті әркімдер.

Қарынға Балуан Шолақтың сыбағасынан басқа байтал етінің үштен бірі сиып кетті. Қалған ет қазанға асылды. Шоққа піскен көкбауырды және тәтті қуырдақты жеп, қымызды ішіп отырып, жігіттер Балуан Шолаққа өтініш айтты:

— Көзге мақтанғанымыз емес, ел сені «бір сырлы, сегіз қырлы» деп аңыз қылады, ақындық, әншілдік, серілік, балуандық, күлдіргіштік, шешендік, өткірлік, тапқырлық — осы сегіз сипат бір бойыңнан табылады дейді. Дене күшіңді көрдік, енді тіл күшіңді көрсет.

— Не айтам, тіл күшін көрсеткенде?

— Өлең айт! «Жақсының жақсылығын бетіне айт, нұры тассын, жаманның жамандығын бетіне айт, құты қашсын» деген аталарымыз. Сені не деп мақтаса да сиды. Бүгінгі күресте көрсеткен күшіңді өлеңге шығар, мына бозбалалар елдеріне айта барсын.

Көпшілік жабысып қоймаған соң, Балуан Шолақ циктегі күшін өлеңге шығарып, сыпайы қоңыр дауысын көтере айтты:

Бұл күнде жиырмада менің жасым[1],
Қамалдың бұзар кезім тау мен тасын.
Кешегі сентябрьдің базарында,
Көтердім елу бір пұт кірдің тасын.
Жиылып орыс-қазақ таңқалысты,
Болды деп Қаһарманнан мынау басым,
Залог сап жетпіс бес сом күрескенде,
Сындырдым Карон балуан қабырғасын.
Күш берген, атақ берген, әлпештеген
Туысқан өздеріңсің бауырласым!»...

Балуан Шолақтың өлеңі мен әнін қоңыраудың шылдыры бөлді. «Бұл кім?» деп көпшілік те, Балуан да құлақ түргенде, отты айнала отырған көптің қасына кеп, бір пар ат тоқтай қалды.

---

[1] Кейін Балуан Шолақ күштілігін жұртқа айтқанда, осы өлеңін қайталауды сүйетін еді, бірақ «жиырма» дегенді өзгертіп, қай жасында айтса, сол жасын қосатын еді. Мәселен 25 те, 34 те, 49 да деген сияқты. Осы аңыздың басында бұл өлеңін: «бұл күнде қырық тоғызда менің жасым» деп бастауы содан.

— «Урядник!..» деген хабар көптің арасына жайыла қойды.

— Неғып жүр, мезгілсіз уақытта?

Келген цирктың директоры екен. Қасында полицейский урядник.

— Саған келдім!— деді директор Балуан Шолаққа. Урядник үндемей, мұртын ширата берді.

— Мені қайтесін?

— Керегің бар, мін, арбаға!

— Осылар Балуанды ұстауға кеп тұрмасын!,— десті біреулер.

— Не ғыл деп?

— Қабырғасы сынған балуан өліп қап, жазаға тартқалы жүрмесін мұны.

— Олай болмас. Егер бола қалса, Балуан Шолақты оңайлықпен бере қоймаспыз!— деп топталған жігіттер ду ете түсті.

— Тоқтат шуды!— деп қойды урядник.

— Мені қайтесін?— деді Балуан Шолақ директорға.

— Оңаша айтам.

— Жоқ, осы арада айт!

— Қалаға барайық, сонда айтам!

— Імм-м-м! Сөзінің түрін көрдіңдер ме?— десті көпшілік тағы күбірлесіп — бұзық ниетпен келген екен. Балуанды даңғазамен қашырып жіберсек қайтеді?

Балуан Шолаққа бұл ұсыныстың арт жағынан біреу кеп сыбырлады.

— Жоқты айтпа!— деді Балуан оған кейіп,— не ақысы бар менде. Неге қашам, қорқып па?

— Мол-чать!— деп қойды урядник көпке.

Цирк бастығы келген жұмысын айтпайды. Урядник те, ол да мастау екен. Екеуі қуырдаққа тойып алды да, Балуан Шолаққа: «Ертең кел. Қорықпа. Бұдан да артық сый аласын бізден. Алтын аласын» деп, арбаларына міне кете барды.

Бұл келіс көпке күдік туғызды.

— Ұстауға жүр. Алдайды,— десті біреулер.

— Ұстамайды,— десті біреулер,— күші керемет боп көрінді ғой мұның. Сый беруі рас та боп жүрмесін.

Балуан Шолақты неге шақырғаны, істің аяғы немен тынары мәлім болмағандықтан, көптің арасында күдік күшейіп, сауыққа ешкімнің зауқы соға қоймады.

— Есің барда етегіңді жап, ел сені ұстап бермейді, осы түнде қаш,— деп жалынды көпшілік Балуан Шолаққа.

Балуан Шолақ ол ақылды алмады.

— Жазықсыз кісіні ұстай берсе, елден кісі қоя ма?— деді ол,— ерегіскен соң, ертең әдейі барам. Не істер екен, көрейін.

— Барса барсын, тәуекел,— десті жұрт,— егер көрінеу қастық істесе, я жазықсыз ұстаса, біз де елміз ғой, көріп алармыз, жазықсыз жаза тартқызбаспыз.

Жұрт етті жеп, таңға белгі бере тарады.

10. «ЕР ҚАНАТЫ — АТ»

Бөгеті жоқ маған жау қамалының,
Дүниенің бір ерке қонағымын.
Сүйіктім деп, ардақтап, еркелетіп,
Мен халқымның Балуан Шолағымын.
(Балуан Шолақтың өлеңінен)

Балуан Шолақ оянса, терезеден қараған күн түстен ауып барады екен.

Ауыз бөлмеде адам дауысы естілгенде, ол киінбестен түрегеп, есікке барып сығаласа, серіктері шай ішіп отыр. Балуан Шолақ орнына кеп киінді де, ауыз бөлмеге шықты.

— Ұйқың қансын деп шайға оятпап ек,— деді оған серіктері.

— Мені сұрап ешкім келді ме?

— Сүтемген дейтін ояздың почтабайы бар еді ғой, сол кеп кетті.

— Неге кепті?

— Ояз сені көрем деп айтады, дейді.

— Қайтеді мені көріп.

— Қайдан білейік қайтетінін. Расымызды айтайық, өзіміздің жүрегімізескеніп отыр. Осы торулары жай болса игі еді...

Балуан Шолақ хауіп айтқан сөздерге құлақ аспай, шайын ішіп тысқа шықса, Сүтемген почтабай, салтатпен келіп тұр екен.

— Сүтеке, не білдің? Балуанды бұлар неге қолқалап кетті?— деп көпшілік сұрап еді:

— Түкте білген жоқпын,— деді ол,— неге үрейленесіңдер? Менімше, аты шыққан адамды көру оязға таңсық. Одан басқа іштеңе де жоқ...

Сүтемген мен Балуан Шолақ, қаланың орта кезіндегі

ояздың ақ тас үйінің биік қорғанмен қоршаған қақпасына салт кірді, қақпа жабылды.

«Балуанды ояз шақырып әкетті» деген хабар қалаға да, далаға да тез тарады. Базарды сылтауратқан жұрт, ояз есігінің алдынан ерсілі-қарсылы өтіп, істің арты неге соғарын бақылаумен болды. Жұртта зәре жоқ. «Ең болмағанда көзі тимесе жарар еді!»— деп қорықты, ырымға сенетіндер.

Ояз қорасының қақпасы жабылған кезде, Балуан Шолақтың өз жүрегі де дірілдей қалды. «Қайтеді мыналар?!»— деп ойлады ол.

Сүтемген бастаған ол, ояздың үйіне кірсе, ұзын қара сақалын мұртына қоса, екі иығына қарай айырған, қалың қабақ, қою қас, қасқа бас, жуан денелі, ұзын бойлы еркек; ақсары өңді, тапал бойлы, кеуделі, бұғақты, толық семіз әйел; талдырмаш бойлы, көк көзді, қара-сарғылт бұйра шашты, өңі әкесі мен шешесінің сапырылған бояуынан жасалған, он бес, он алты жасар қыз; цирк директоры,— бәрі столды айнала шәй ішіп отыр екен.

— Осы!— деді директор Балуан Шолақты оязға қолымен нұсқап.

— Аман?— деп ояз, семіз саусақты, жуан, жүндес білегін Балуанға ұсынды да, қолдасқаннан кейін «отыр» дегендей орын көрсетті.

— Молодец!— деді ояз, отырған Балуанның денесін көзімен шолып,— әдемі жігіт! Орысша білесің бе?

— Мала-мала!— деді Балуан.

Ояздың сұрауларына шамасынша жауап берген ол, ұсынған тамағын татпады. «Ұу береді» деген ой, столдағы тәуір тамақтарды көргенде құмартқан нәпсінің бетін тойтарып тастады.

— Сен оған неге шақырылғанын айттың ба?— деді ояз Сүтемгенге Балуанмен аз уақыт қысқаша қажақтасқаннан кейін.

— Жоқ,— деді Сүтемген.

— Неге?

— Маған ондай тапсырма берген жоқсыз.

— Манағы сөз есіңізде болар?

— Есімде.

— Ендеше, айт соны!

«Манағы сөз» дегені,— Балуан Шолақ циркте Карон балуанды жыққан хабарын естіген соң, мәлімсіз балуанның күшіне ояз таң қалған да, «тез тауып әкел!» деп Сүт-

емгенге іздеткен Балуанды сұрастырып далаға кеткенін білген Сүтемген, естіген жайын айтқанда:

— Ендеше, ертемен жеткіз!— деген ояз.

Не себепті шақыруын сұрағанда:

— Мүмкін, циркке алармыз,— деген ояз,— ол үшін, әуелі өзімен сөйлесіп көрейін.

Циркке алынса қандай жағдайда болатынын, ояз Сүтемгенге айтып берген. Оған қазір «неге шақырылғанын айттың ба?» деп отырған себебі сол.

Сүтемген Балуанға ояздың алдында, неге шақырылғанын қазақ тілінде қысқаша айтып берді де, ақырында:

— «Сөздің қысқасы,— деді ол Балуанға,— бұлар сенің күшіңе қызығады. Бес-алты ай цирк балуандарынан күрес әдісін оқисын дейді, содан кейін циркке балуан боласын дейді, жер жүзін аралайсын дейді, алтынға бөленесін дейді...».

— Қанша алтын екен?— деп сұрады Балуан әдейі.

— Оның несін сұрайсын,— деді Сүтемген,— тегін алтын. Кешегі сен жыққан Карон айына он бес сом алады екен. Не деген ақша! Жылына 180 сом!.. Дыңдай алты аттың құны. Ауылда жүріп сен жылына бір аттық пұл да табамысын. Шатақты қой, ризалас!

Ояздың ұсынысы, Сүтемгеннің ол ұсыныста балын тамыза айтуы,— Балуан Шолақты еліктірді.

— Ойланайын. Жауабын ертең айтайын,— деді ол.

Ояз «бүгін айт, қазір айт» деп қыстап еді, «ойлансын,— деді әйелі,— көнбей кетер деймісін? Көнеді! Ақымақ па ол, сонша алтыннан, сонша атақтан, сонша карьерадан безетін?.. Меніңше бұл ақылды жігіт!»

— Рас, Мамуля, ол ақылды жігіт! Кескіні қандай ақылды оның!.. Көзі қандай ақылды!..— деді манадан Балуанға таңдана қарап отырған қыз ұшқалақтанып.

Балуан қызға күлімсірей қарап қойды.

— Ойлансаң, ойлан!— деді ояз Балуанға,— бірақ, жауабыңды ертең бер. Ақымақ болма. Келген бахытты басқа теппе. Сенен дүниежүзілік чемпион шығуы мүмкін. Ойыншық емес ол!..

Ояздан рұқсат ап Балуан Шолақ тысқа шықты. Сүтемген ере шықты. Екеуі атқа қонып қақпаға қарай жөнелте беріп еді, Балуанның көзі крыльцода тұрған әлгіндегі жас қызға түсті. Бұл жолы қыздың көзі оған қызыға қараған сияқтанды.

— Аты кім?— деп сұрады Балуан Сүтемгеннен, қыздың қасынан өте бере.

— Татьяна.

«Жақсы қыз екен!» деп қойды Балуан ішінен.

Көшеде күткен жұрт Балуанды қоршай кетті. «Ойлан! Көн!» деп Сүтемген өз жөніне бұрылды.

«Неге шақырыпты?» деген жұртқа Балуан Шолақ шынын айтты.

— Сен не дедің?— десті жұрт.

— «Ойланайыын» дедім.

— Өзің біл!— десті, араларынан кеткенін ұнатпаған көпшілік,— кісіден ақыл сұрайтын жігіт емессін. Мынау еліңнің саған берген атақ-абройы да сыбағаңа жетер. Дүние жүзінің бақыт-дәрежесі бір адамның уысына симайтын. «Көптен безген көмусіз қалады» дегенді де ойлан!

... Ертеңіне сәскелік асын ішкеннен кейін, атын ерттеп мінген Балуан Шолақ, ояздың үйіне қарай аяңдай жөнелді. Жолшыбай ол ақыл таразысының екі басында екі ойдың салмағын өлшеп көрді.

Бір ойы — алтын!.. Көп алтын!.. Бәю!.. Атақ!.. Дәреже!

Бір ойы — ауыл!.. Туған халқы!.. Бойына біткен өнерінің қызық қызметін соған көрсету,... атақ, дәрежені содан алу!..

Қайсысын алу керек?

Осындай ойда келе жатқан Балуан Шолақтың көзіне туған жердің бейнесі елестеп кетті.

Әне, ашық күнде басына бұлт оралып, алыстан көк гәуһар тас сияқты мөлдіреген Бурабай тауы!.. Оның аржағы дала!.. Бұйратты дала!.. Кең дала!.. Ол далада қаптай қонған ауыл!.. Туған ауыл!.. Өскен ауыл!.. Ол ауылда әке-шеше!.. Аға-іні!.. Апа-қарындас!.. Құрбы-құрдас!.. Балуан Шолақтың олар, олардың Балуан Шолақ қат-қабат думаны!.. Олар Балуан Шолақты, Балуан Шолақ оларды шын жүректен сүйеді...

Ал, ояздың «бар» деген сапары, ауылынан ұзап шықпаған Балуан Шолаққа, аржағында не бары мәлімсіз қараңғы үңгір сияқтанды. «Сондай белгісіз үңгірден алтын іздегенде, атақ іздегенде не болмақ?— деп ойлады ол,— іздегенім табыла қойса жақсы. Егер табылмаса, босқа әуре болу ғой ол. Ендеше, өмірдің ащысын да, тұщысын да туған халықпен неге бірге татпаймын?»

Қараңғы ойы осыдан ұзаққа бара алмаған ол,— «белгі-

сіз үңгірден бақ іздеуден, бақ тапсам да, сор тапсам да туған жерде табайын!» деп бекінді.

Ойының бұлай бұрылуы,— атының да басын кейін бұрғызды оған. Ол, Көкшетау қаласының түбіндегі шалқар көлінің арғы жағасында қыбырлаған қалың базаршыларға қарай шаба жөнелді...

Балуанның бұл шабуы не шабу екенін айтпай-ақ түсінгендей, біраз адам жолдан қосыла, жанапайлай шапты, құрғақ жердің шаңы бұрқырай аспанға көтерілді...

Тұмандай тұнжырап, борандай сапырылған қою шаңның арасында шауып келе жатқан Балуан Шолақ: «Апырау, дүбір күшейді ғой, жарысқан адам көбейді білем — деп жан-жағына қараса, қою шаңды бұрқыратқан адам, илеуінде қайнаған құмырысқадай!..

Көптің дүрмегімен шауып келе жатқан Балуан Шолақ бір кезде жан-жағына қараса, әркімдер басып-озып барады! Өз атына қараса, қарқындап, жайылып қалған сияқты... Аздан кейін ол, құнан-тай, байтал-сайтал, арық-тұрақ сияқты кәкір-шүкір жабайы аттардың арасында қалып қойды.

«Шапқанда байдың ұлы, тоқтағанда еске түседі» деген мақалдың шындық екенін ол осы арада ғана білді. «Ә-ә-ә,..— деп ойлады, ол, атының басын тежеп — рас сөз екен. Қай кедейдің баймен жарысқысы келмейді дейсін? Баймен талай кедей жарысады екен де, осы мен сияқты аты болдырып, тоқтап қалады екен ғой! Мына мақал содан шыққан екен ғой!»

Балуан Шолақ атын тежеп аяңдатқанда, одан жұрттың бәрі озып кетті. Қошеметтеп ортаға ала шапқан көпшілік, енді оған табалаушы сияқтанып кетті. «Қайтем, ілгері барып?.. Қайтсам қайтеді осы арадан?» деген ой кеп кетті оған. Егер, біреулер алдынан оралып кеп, «неге кейін қалдың?» деп, тағы да, ортаға алмағанда, ол кейін қайтып та кететін еді.

Қоршаған көпшілік Балуан Шолақтың неге тоқтағанын білген жоқ, сондықтан, тағы да анау-мынау деп хошемет сөздер айта бастап еді, Балуан қабақ шытып, ажарын бермеді, сұрауларына қысқа жауап қайырғаннан басқа кеңеске аузы бармады. Сөздің көбін оның құлағы естімеді. Оны саңырауландырған ой — ат.

Оның есі-дерті жақсы атта болды. «Ер қанаты — ат» деген мақал түсті оның ойына. Аздаған сауаты бар ол,— батырлар жырын жақсы көріп оқитын еді. Сонда,— Қоб-

ландының — Тайбуырылы, Алпамыстың — Байшұбары, Қамбардың — Қарақасқасы, шапса құстан озатын, болдыруды білмейтін, кезеңді жерде иесіне адамнан артық серік болатын, иесінің қуанышына қуанып, қайғысына қайғыратын аттарға ол аса қызығатын еді.

«Шіркін, сондай аты бар батырда арман бар ма екен!» деп ойлайтын еді Балуан Шолақ. «Құдай-ау!— деп тілейтін еді, дінге сенетін ол,— сенен байлық сұрамайын, тақымыма басатын солардай бір ат бер!»

Міне енді, жарысқан көптің артында қалғанда, сол қынжылуға Балуан Шолақ тағы да түсті. «Ер қанаты ат» деген бұрынғылар-ай!— деді ол ауыр ойда, топтың арасында аяңдап келе жатып,— аузыңнан айналсам болмас па!.. Жүйрік көңілді — жаман ат тұсады!.. Атсыз кісі — қанатсыз құс екен!..»

Ендігі оның бар арманы, өзіне қанат боларлық бір ат тауып міну болды...

11. АҚБОЗ АТ

«Мен Шолақ он сегізде өнер тапқан,
Үкілеп Ақбоз атқа тұмар таққан.
Басымда пұшпақ бөрік, шекемде үкі,
Үстіме кидім жібек шымқай ақтан»

(Балуан Шолақтың өлеңінен)

Шалқар көлінің Қылшақты өзені құятын тұсында «Қарауыл» аталатын шоқы бар, көктемде су жайылатын маңайы — қалың шабындық. Ол арадан мыңдаған мая тұрады десе де болатын-ды. Биылғы сентябрь базарының алдында сол маяларды базаршылар малына жегізеді деп, иелері маяларын күн бұрын тартып алып, тақырланған кең алқап бос тұрды, шабылмаған шырмауық пен жоңышқа талдардың арасындағы оймыш-оймыш алаптарда ғана қалды. Балуан Шолақ ерген топ осы талдардың арасына жеткенде, әр жерде шоғырланған базаршылардың Балуанды танығандары тоқтатып, қосынан дәм татырды.

Базаршыларды бір топ серіктерімен осылай аралап келе жатқан Балуан Шолақтың алдынан, тоғай арасына тіккен ақ шатыр кездесті. Шатырдың алдында, бірнеше кісінің ортасында, шоқтығына адамның созған қолы әрең жететін қара арғымақ тұр. Балуан жақындап кеп қараса — айғыр. Біреуден «не қылған айғыр?» деп сұрап еді, «саты-

латын» деп жауап берді ол. Сатушы — орыс, саудалаушы — Көкшетау елінің атақты байы Неғметжан. Жабайы жылқы базарда жиырма бес, отыз сом, айғыр иесінің сұрауы үш жүз сом.

— Айғырға қызығам!— деді Неғметжан көпке,— бағасын да ауырсынып тұрғам жоқ. Базарға сатуға елу ат әкелдім. Азар болса, солардың он бесін алар. Үйдегі үш мың жылқым аман болсын. Бір жылғы төлімнің жүзден бірі емес пе ол?

— Ендеше неге алмайсын?— деді Балуан Шолақ Неғметжанға.

— Таңдамалы биелеріме үйірге салайын деп, осы айғырды айналдырғанымa екі күн,— деді Неғметжан,— алғым келеді, бірақ, жақсы айғырды иесі, ақауы болған соң сата ма деп ойлаймын. Ал, аяғында, не тісінде ақауы бар ма деп, байқайын десем, алпарысқан бір жануар,— алдына барса тістеп, артына барса теуіп, маңына жолатпайды. Тіпті ақауы болмаған күнде де кескекті аюдай мұны қалай малданам деп ойлаймын.

Неғметжан мен Балуан Шолақ құрдас еді. Соны пайдаланған боп:

— «Түк жаңылып көкке бітеді, мал жаңылып итке бітеді» деген мақал рас-ау,— деді ол,— мал сендей иттерге бітеді де, қорықпай басынады. «Аюға намаз үйреткен таяқ» демей ме атаң қазақ? Мал аюдан асау боп па? Тізгінін менің қолыма бір тигізші, қайтып тентектік мінез көрсетер ме екен?

— Ендеше, тізгінінен ұста да жуасыт!

Балуан Шолақ тізгінді иесінің қолынан алды да, айғырға жақындады. Басқа кісіге құлағын жымпитып, аузын ашып ұмтылатын айғыр, Балуан Шолақтың зор денесінен, я оқтай шаншылған көз қарасынан сескенгендей тарпа бассала алған жоқ. Айғырға Балуанның өзі соқтықты. Ол ноқтаның үш дөңгелек темір шығыршықпен қосқан тұсын бұрап, айғырдың аузын аша алмастай тас қып бекітіп тастады. Содан кейін ернін саусағымен ашайын деп еді, тістеуге шамасы жоқ айғыр, басын бұлғаңдатып, ырыққа көнген жоқ.

— Ім-м-м, ерегісемісін?— деді Шолақ айғырдың аузын босатып,— сенің жыныңды өз еркіңе жіберіп басайын. Ал, екеуміз ерегістік!..

Басы босаған соң, «мені басынамысың» дегендей, Балуан Шолаққа қайрат көрсетпек боп, айғыр аспанға тік

шапшыды. Тізгінді ұшынан ғана ұстаған Балуан шапшыған айғырдың бауырына кіре беріп еді:

— Тарпиды!..— десті қарап тұрғандар шулап — кейін шегін!..

— Адам баласын жығып болған соң, енді хайуанды да жыққысы келген екен, көрейік әуселесін,— десті біреулер.

Сақтандырушының сөзіне құлақ аспаған Балуан Шолақ, тарпымақ болған айғырдың алдыңғы екі аяғын жуан бақай тұсынан шап беріп ұстай алды да, кең кеудесін иығына міңгізіп, оң жаққа қарай сілтеп кеп қалды, айғыр оң қабырғасына құлап түсті. Айғырдың тұруға жанталасып көтере берген басын Балуан құлағынан басып жерге қайта жастады да, дәл сағалдырық тұсынан тізерлей қойды. Бүркіт басқан түлкідей, мойыны жерге жабысқан айғырдың бөксесі шоршаң-шоршаң етті...

Балуан Шолақ айғырдың ұртына бармағын батырып, аузын аштырды да:

— Міне, қараңдар, тістерін!— деді көпке.

— Құлын күнінде сақау шыққан мал екен,— деді Шолақ, айғырдың аузына үңілген көпке — күрек тісінде дағы қалыпты. Бірақ, мал екен, жануар! Қасқыр азу жылқы екен. Өзі жүйрік жылқы. Бірақ, ұзаққа шаба қоймас,— тісінің сыздығы қысқа. Ал, бұдан туған қарабайыр құлынан талай тұлпар шығуы керек. Аяғында ақау жоқ.

Шолақ айғырды босатты. Түрегелген айғырға: «Тісіңді енді көрсетші»,— деп қол созып еді, беті қайтқан адамға жылқының бағыныштылығы қандай,— жай ғана кекжигені болмаса, бұрынғыдай шапшымады.

Айғырды 300 сомға Неғметжан алды. Сатып алған жылқының «құйрығын майлау» әдеті бар.

— Ал, Балуан,— деді Неғметжан сол әдетпен,— бір тоқтының еті біздің шатырдың алдында асулы тұр еді, бүгін соны жейік. Өз сыбағаң басқа.

Серіктерімен Балуан Шолақ Неғметжанның шатырына кіріп қымыз ішіп отырғанда, есік арқылы, бұйра талдардың арасынан көзіне шымқай боз жылқы шалынды. «Бұндай да боз жылқы болады екен!» деп таңданған Балуан Шолақ, әлденені сылтау қып тысқа шығып үйездеген бір топ аттың ортасында басын түйістіре тұрған боз жылқыға жақындаса, талай сұлу жылқыны көре-жүре, көзіне бұрын түсіп көрмеген тамаша ақбоз ат!.. Бұл топтағы жылқының бәрі де құр ат болу керек,— еттері тым семіз...

Ақбоз атқа қызыққан Балуан, анықтап көруге, мүмкін

болса ұстап көруге таяна беріп еді, аттар да, ақбоз ат та жақындатпай, ығыса жөнелді. «Міне, ат!» деп ойлады Балуан. Ол қосқа қайта кіргенде, аттар нақ қостың аузына қарсы үйездеп тұра қалды.

— Неғметжан!— деді Балуан Шолақ,— анау Ақбоз сенікі ме?

— Менікі.

— Асау ма, өзі?

— Жүген-құрық тимеген.

— Сатуға әкелдің бе?

— Әрине.

— Сол сияқты атты сата ма кісі?

— Өзім де қимаймын. Бірақ — ит мал!.. Биыл тоғызға шығады. Үйрете алмай-ақ қойдық. Далада асау айғырды ұстап мінетін жылқышылар да үйрете алмады. Ең алдымен шығаннан шыққан қашаған, атпасаң ұстатпайды, екінші — бұғалыққа бойлауық,— он жігіт тартып тоқтата алмайды; үшінші — төрт аяғын буып, аузын тұмшаламасаң ерттетпейді,— тебеді, тістейді; төртінші — үстіне адам мінсе, басын билетпей, тұмсығын төсіне тұқыра тығып алады да, орғып тулай береді, мінген адамды жықпай қоймайды. Қанша жыл азаптанып, үйрете алмаған соң, амал жоқ, сатпақшымын. Әйтпесе, сатуға адам қияр жылқы емес.

Балуан «маған сат!» дей алмады. Бұндай аттың бағасы кем дегенде 40—50 сом. Балуан Шолақта ондай ақша жоқ. Сондықтан Неғметжанды сөзбен торлап:

— Егер біреу осы атыңды үйрете қалса қайтер ең?— деді.

— Қалағанын берер ем,— деді Неғметжан.

— Егер аттың өзін қаласа ше?.

Неғметжан күмілжіп қалды.

— Біреуге сататын атын қимай ма?— десті тыңдаушылар. Неғметжанның аузына сөз сап,— жай бермес, бұлын алып берер.

— Сөзіңнің сарынын аңғарып отырмын,— деді Неғметжан Балуан Шолаққа,— көңілің кетіп отыр екен. Әйтеуір сататын атым, саған-ақ берейін. Ойдағы бағамды да сұрамайын. Менің қолқам — осыны өз көзімше үйретіп мін! Мұның ең кем дегенде екі жуан аттық құны бар. Егер үйретсең — бір аттың ғана ақшасын төле, екінші аттың ақшасы — үйреткен еңбегің болсын. Осы атта кетіп баратқан кегімді әперсең болғаны. Расымды айтайын: тұлғасына қызыққанмен, мінезінен қорқып базарда ешкім алмады. Осы-

мен базарға үшінші рет әкелдім. Егер сен алмасаң, амал жоқ, биыл соғымға сойып басын мүжимін.

— Бұл сияқты аттың басын мүжігенше өз басыңды неге мүжімейсің?— деді Балуан Шолақ қалжыңдаған боп,— мен саған мүжітпейін ол басты. Кәне, бұғалық қылатын арқан әкел!

Арқан берілді. Балуан дамбалдан басқа киімін түгел шешті де, балағын ышқырына түріп, бұғалық таққан құрықты сүйрете ұстап, қабанға шабатын жолбарыстай аяғын еппен басып, үйездеп тұрған аттардың Ақбоз жағынан барды. Оң жақ қолының білегіне бүлдіргесінен ілген он сегіз таспа жуан қамшы.

Аттар оны абайламай қалды. Жақындаған кезде аттарды ол дыбыс беріп үркітті де, қаша жөнелген Ақбозға бұғалықты тастап кеп жіберді. Мойнына бұғалық түскенін сезген Ақбоз қарғи кеп жөнелгенде, Балуан Шолақ жерге отыра қап, жұлқи тартты. Шапшыған ат тегеуірінді қолдың екпінімен шалқасынан түсті. Ат түрегелгенше Шолақ шап етіп құлағынан ұстай алды. Ақбоз алдыңғы екі аяғын ербитіп, көзі шатынап тұра бергенде, Шолақ құлағынан төмен қарай тұқырта басып қалып еді, ат ет-бетінен түсті.

Ақбоз жанталасып екінші рет тұра бергенде, Шолақ оның құлағын босатып, тізесіне төгіле өскен шоқтығына сол қолын орап алды да, жұқа шаптан дырау қамшымен тартып кеп жіберді. Бұрын етіне бұндай таяқ тиіп көрмеген Ақбоздың жаны ышқынып, орнынан тұра, ыта жөнелгенде, Шолақ үстіне қарғып шығып кетті.

Ақбоздың мөңкігісі келді. Бірақ аттың еркіне Шолақтың тегеуірінді қолы жібермеді,— бауырын ала дыраумен тартып-тартып жіберіп еді, денесін пышақпен тілгендей болған ат, беталды құладүзге көсіле жөнелді. Үстіне жабысқан «пәлені» түсіре алмайтынын сезген Ақбоз, жансауғалап өзенге қорғалайын деп еді, жақты қамти мойынға соққан қамшы жазық жаққа бұрып әкетті. Ол маңда Шолақ пен Ақбозға қарамаған жан жоқ. Әне жерде де шоғыр, міне жерде де шоғыр, бәрінің аузында:

— «Апыр-ай, мынадай да ат үйретімпаз жан болады екен!»

Аздан кейін Балуан Шолақ атты билеп алды. Ол қамшымен қалай жасқаса, жүгенсіз ат солай қарай шапты. Бар шабысымен көсіле сілтеп жүрген аттың үстінде Шолақ ойнауға айналды: ол біресе аттың оң жағынан, біресе сол жағынан қарғып түсіп қайта үстіне шықты, арқасына алақа-

нын тіреп, төбесімен тік тұрды, кейде арқаға аяғын басып түрегеп шапты, кейде жаядан сыпырылып түсіп, қыл құйрығына жабыса, үстіне қайтадан қарғып мінді.

Тоғыз жылғы ту аттың өкпесі ентікті, жүрегі алқынды. Бар денесі отқа қақталған мұз сияқты еріп кеткендей, қара тер шашасы мен иегінен судай сорғалады. Сөйтіп жүріп ат болдырып, шабыстан желіске, одан аяңға түсті, аздан кейін сенделіп тұрды да қалды.

Балуан Шолақ шатырға жақындаған жерде аттан түсті. «Шідер!..» деп айқайлады ол атты мойнынан құшақтап, жағынан сипап тұрып. Бір жігіт жүген мен шідер апарып берді. Шолақ атты жүгендеп, аяғына өре салды да, басын кекжите тізгінді шоқтығына қаңтарып, өзі ентелей басып Неғметжанның қосына келді. Ақбозды беруін берем десе де, ішінен қимаған, бірақ уәдені бұзудың орқанын табалмаған Неғметжан бұрынғыдай жайраңдамады, өзге көпшілік айтып жатқан мақтау сөздерді айтпады.

— Ал, мырза!— деді Шолақ, шатырға кеп сусындаған соң,— «уәде құдай аты» деген сөзге тоқтаймыз ғой?

— Солай болады да,— дей салды Неғметжан.

— Неге күмілжіп айттың? Әлде қимаймысың?

— Айтқаным айтқан, ат сенікі, егер сыйлаймын десең өзің біл!

— Сен олай солқылдама! Қимасаң тартып алмаймын. Не деп сыйлаймын, саған? Атың аз деп пе? Әлде мұндай ат менің тақымыма жақпайды деп пе? Уәде қылған өзің, сөзіңді жұтам десең мейлің!

— Ашуланғаның ба, бұл?

— «Ер жігіттің екі сөйлегені — өлгені»— дейді атаң қазақ. Ашуланып мен сенімен төбелеседі деп отырмысың? Әлде, жалынады деймісің? Арымның садағасы кетсін!

— Бердім, атты! Уәдем уәде!

— Тәңір жарылқасын!— деді Шолақ,— мен құнеремдік қылмаймын. Қайыр сұрайтын дәрежеге жеткенім жоқ. Қолқамды алдым. Ал, енді, менен атыңның толық бағасын ал. Қалағаның сенікі болсын: не астымдағы атыммен 25 сом, не 50 сом сап ақша!..

Неғметжан ақшаны алмақ болды. Балуан Шолақта 50 сом түгіл 50 тиын да жоғын білетін серіктері, атаулы ақшаны сол арада қалталарынан суырды да берді.

Ас ішкен соң Шолақ көп кідірген жоқ. Астындағы атының ноқтасын Ақбозға кигізіп, Ақбозды жетекке алып жүріп кетті.

12. ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУ

«Қожаның бір қызы бар аты Балқаш
Лебізі кейде шекер, кейде орғаш.
Жігіттер қатын алсаң осындай ал,
Бота көз, оймақ ауыз, қиылған қас.
Ақау Балқаш,
Әрида, қалқаш-ай!»
(Балуан Шолақтың өлеңінен)

Ақбоз ат айта қалғандай болды. Семізден жарап, бауыры тартылғаннан кейін, маңайынан өткен кісі оның сұлулығына тоқтап қарамай кете алмады. Аяңдаса да, желсе де, шапса да ол алдына жылқы түсірмеді. Бірақ Шолақ оны «бір мінгенім — бір дәурен емес пе?» деп бәйгеге қоспады.

Ақбоз өте мінезді болды: Шолақтан басқаға атпаса ұстатпады, Шолақтың қолына құрықсыз тұрды, ерттеулі қалпында қаңтарусыз қойса қозғалмады, бос жіберсе қашпады, бейбіт оттамады, ішін жинақ қалпынан түсірмеді, «жат, кел, бар, отта, жуса!» деген сияқты сөздерді ұғып, бұлжытпай орындады.

Ақбозды Шолақ аса еркелетеді: мезгілінде оттатты, суарды, тамағын тәтті ғып берді, денесін кірлетпей күн сайын жуды, жал-құйрығын төгілдіре күн сайын тарады, атасынан қалған күмісті қалмақы ер-тоқымнан басқа тұрманды денесіне жолатпады, кекіліне үкі, құйрығына шолпы тақты, мінгенде денесіне қамшы тигізбеді. Солайша мәпелеген иесінің «аяңда, жел, жорт, шап!»— дегенін Ақбоз тізгінді ұстаудан аңғарды да, бұйрығын қалт етпеді.

Әсем Ақбозбен ел аралап думан-сауықпен күн кешірген Шолақ, бір күні бір ауылда қыз ұзататын тойға кез келді. Ауылдың әдетімен, кешкі ойында қыз-бозбала аралас отырғанда Шолаққа ұзататын қыздың қасынан орын тиді. Бұл кезде Шолақ 23 те еді.

Қасына отырған қызға қараса: аршыған жұмыртқадай эппақ жүзді, мөлдір көзді, мінезі ойнақы біреу екен.

Қызға қылықты Шолақ, шүйіркелесіп отырып сырын біліп алды: ұзатқалы отырған күйеуін менсінбейді екен, амалсыз барғалы отыр екен. Аты — Балқаш, әкесінің аты — Қожа.

Балуанның бала жасынан бойына біткен бір мінезі — аяғыштық еді. Сол қалпына бүгін де бағып, сырласқан қызының қақпанына қалай түскенін аңғарған да жоқ.

Күйеуіне наразылық зарын айтқан қыз, көз жасын көп-

тен жасыра, Балуанға көрсете маржандай төгіп отырды да, «бүгіндік қана емес, өмірлік панаңа ал!» деген өтінішін айтты. Ұзақ сырдың аяғы серт байлаумен тынды. Уәде — ертең түнде қыз үйінен ұрланып шығады да, екеуі Балуан Шолақтың еліне аттанады.

Осыған уәде байлаған Шолақ, күтіп алмақ болған сайға ертеңіне ымырт жабыла келді де, қаңтарған атын тізгінінен ұстап, жамбастай жатты. Қыздың уәделі кезде келуіне күдігі жоқ ол:

— «Апыр-ау, мен енді үйленем-ау!» деді күліп.

Ілезде ол күлкіні басқа бір ой басып, Балуан Шолақ тұнжырай қалды.

Ол кездегі ауылдың әдетінде ең алдымен үлкен ұл үйлену керек. Ендеше, Балуаннан бұрын, ағасы Төлебай үйлену керек қой. Ол әлі үйленген жоқ. Барлық бөгет — қалыңмал. Балуан орыс селосында жұмыста жүргенде мал басы біраз құралып, Төлебайдың қалыңын төлеу үміті бұл үйдің басына орала қалған еді. Қазір ол үміт бұлдырлана бастады.— Балуан жұмыстан амалсыздықтың күніне қол үзген соң, үйінің тоғы қайта шайқалып, қалың төлеу былай тұрсын, күн көрістің өзі тағы да тақыл-тұқылға айналды...

Сайда, түнде, Балқашты күтіп отырып осы ойға шомған Балуанның басына үш сұрау туды:

Бірінші сұрау — «Төлебайдан бұрын қатын алғаным ұят емес пе? Әке-шешем не дейді? Ел не айтады?»

Екінші сұрау — «Әйел жігіттің аяғына тұсау дейтін еді, сол тұсауға өз еркіммен түскенім бе бұл?»

Үшінші сұрау — «Ол біреудің, біреу болғанда, дүмді байдың жесірі, ертең дау болады, мүмкін барымта алуы. Сол дауға қарсы тұрар менде күш бар ма, дауды көтерер мал бар ма?»

Осы ойлардан көңілі толқыған соң оның аттанып кеткісі келді.

Бірақ, серт қайда? Есін білгелі екі сөйлеп көрмеуінен, бір беттілігінен бүгін тая ма? «Ер жігіттің екі сөйлегені — өлгені» емес пе? Бір бұзылып дағды алған серт қайтып түзеле ме? Бір өлген ұят қайтып тіріле ме?

— «Бақ түссе маңдайымнан, тас түссе таланымнан,— деді Балуан Шолақ ойының солқылдақ буынын бекітіп — тәуекел, шыдадым, жеттім сертіме!

Бойын бекіткен Балуан Шолақ, Балқашты асыға күтіп еді, келе қоймады... Шыдамы тозған оған мерзімді уақыт алдақашан өтіп кеткен сияқтанды...

Асыққан Балуанға, жаздың қысқа түнінің өзі жылдай болды. Егер бір қырдың астындағы қопалы көлден шулап қасқырлар ұлымаса, не бұны, я басқа бірдемені бүрмек боп әуреленген жапалақ біраз уақыт үстін көлбей жалп-жалп ұшпаса, я әлдене бір хауіпті сезгендей, Ақбоз пысқырып елеңдей бермесе,— бұл түнге шыдау аса қиын еді...

... Бір кезде, «бақыт жұлдызыңмын», дегендей жарқырап шолпан туды. Таңнан тіл әкелгендей самал жел жұмсақ алақанымен Балуанды бетке сипап, құлағына әлденелерді күбірледі. Біз де хабаршыңбыз, күткенің кешікпей келеді — дегендей, қараңғы аспанда елестеп, сымпылдаған үйректер, қаңқылдаған қаздар ұшты.

Түн салмағы басып ауырлатқан денесі сергіп, ұйқысы қанып тұрғандай болған Балуан Шолақ отырған жерінен түрегелді де, атын маңдайдан, сауырдан сипап, қасындағы жылжыма бұлақтан суарды. Содан кейін, аздап шалсын деп тұсады да, «мұнша кешіккені несі?!» дегендей, бір биікке өрмелеп шығып ауыл жаққа көз тікті. Іле оның көзіне,— ұшқан құс, жортқан аң екені белгісіз,— жер бауырлай зымыраған бірдеме ұшырай кетті...

Күңгірт сәуледен көзі еркін жете алмай қадала қарап тұрған Шолақтың құлағына аттың дүбірі шалынған сияқтанды. Көп уақыт өткен жоқ, біреу ызғытып келе жатыр.

«Осы болу керек!»— деп ол төмен түсіп атын тез ертеді де, жетектеп, қайта әлгі жотаға шықты. Күткені келіп қалды,— Балқаш!.. Қыз екпінімен өтіп бара жатып, Балуанды көрді де, қайырылып тұра қалды.

— Сертіңде тұрған екенсің,— деді, сайға төмендей атынан түсе қалған қыз Балуанды құшақтай ап,— ризамын. Кешіккеніме ренжіме,— деді қыз жаутаңдап,— себебі болды, кейін айтам... Тез жөнелейік, қуғыншы келіп қалуы мүмкін...

— Осындай ерте шақта ма?!

— Кеше күдікті боп қалса керек, аңду көбейіп, әрең дегенде ұрланып шықтым...

Бұл кезде бозара бастаған таңның етегі жоғары көтеріліп, төңірек қылаңдана көрініп қалған еді. Балуан мен Балқаштың елеңдеген құлағына дүсір естілген сияқтанды. Елегізген олар, биіктен бастарын қылтитып қараса, ұбақшұбақ қалың қол шауып келеді. Қыз құп-қу боп кетті.

— Сен сайға түс те, көрінбей тұр,— деді сұрланыңқыраған Шолақ Балқашқа — мен жауға қарсы шабайын!

— Қой, ойбай!— деді кескініндегі қорқыныш үдей түс-

кен қыз,— топырақ шашамысын, көпке? Қолыңда қамшыдан басқа қаруың да жоқ!.. Одан да, ат жараса қашып құтылайық!

— Оның жігіті мен емен!— деді Балуан күліп,— ертедегі батырлар айтады дейтін еді — «құрулы мылтық, құрсаулы жауға кезіктір» деп. Олар да періштеден емес, мені тапқан анадай әйелден туған шығар. Өзім «Балуан Шолақ болам да, өзім жаудан қашам!.. Кім болғаным, сонда менің?.. Одан артық өлім бар ма, маған? Әйтеуір өлу керек болса, қашып өлгеннен қашпай өлген артық емес пе? Жоқ, Балқаш, мен қашсам өлем де, қашпасам өлмеймін. Қызығыма қара да тұр сен, жаумен қалай сайысар екем мен!.. Қалыңмал төлеген жоқпын саған. Тегіннен тегін алғаным ұят болар. Малымды салмағанмен, күшімді салайын!..

Бұл сөздер көкейіне қонған, жауға қарсы аттануына көнген Балқаштың өтініші — «бетін қайтарам десең қайтар, бірақ кісі шығынын жасай көрме, пәлесінен құтыла алмассын!» болды.

— Құп болады,— деді Балуан.

Қызды сайда тұруға көндірген Балуан Шолақ, Ақбозын ойнақтатып төбенің басына шыға келді. Бұл кезде таң әппақ боп, аспанның шығыс жақ жиегі сарғылттана бастап еді.

Шапқыншылардың алдында оғашырақ біреу далақтап келеді. Зады Шолақты танып келе жатқан сияқты,— сойылын көлденең ұстап:

— «Аттан түс!.. Түс аттан»— деп қиқулайды.

Шолақ оған қарсы ұмтылды. Екеуі айқаса бергенде, жігіттің сілтеген сойылын Шолақ жұлып алып, аттың екпінімен ағып өтіп кетті де, іле қайта бұрылып, жігіттің түп етегінен қапсыра алды. Жігіт қиялай тартып, беріспеуге тырмысып еді, Шолақтың қуатты қол күші еркіне жібермей, тартқан жағына еңсере аударып әкетті де, өңгеріп апарып жерге тастап кетті. Аты ойнақшып бетімен шыға берді...

Кейіннен жеткендерін де осы әдіспен аттарынан аударып, біраз сайысқаннан кейін қуғыншыдан ат үстінде ешкім қалмады.

Ойнақтаған бос аттардың бәрін Шолақ сайға айдап түсірсе, қайратына сүйінген қыз, атына мініп бері келе жатыр екен.

— Сен мынау дөңге шық та, аттарды иіре тұр,— деді ол қызға,— мен жігіттерге барып келейін.

— Неге?!..

— Кеше ойнап тарқасқан жігіттермен, бүгін араздасып айрылам ба? Барып кешірім сұрайын.

— Ойбай, ұстап алады. Аттыдан жаяу мықты деседі ғой, қолдарына бір ілексең жібермейді...

— Көр, қалай жібергенін!..

— Өтінем, Балуан!— деп қыз тізгініне жармаса беріп еді:

— Босат тізгінді!— деді Балуан дауысын көтеріп. Қаймыққан қыз жаутаңдаған көзбенен тізгінін босатқанда:

— Мен сені ерге — ер, серіге — сері десем, сен осылай ма едің?— деді Шолақ,— Ер жігіт қайралған қылыш емес пе еді? Оның жүзіне неге қол апарасың?

Қыз тұрып қалды. Шолақ құйындатып тартты да кетті. Бұл кезде аттан түскен жігіттер де бір жерге жиналған еді.

— Салт тұрып сөйлессем сөгерсіңдер, құрбылар!— деді жігіттерге жақындағасын Балуан атынан қарғып түсіп, жаяу барып,— ал ұстаймын десеңдер, мен міне, келіңдер!

— Жаяуда да әліміз келмес деймісің — ұстаңдар!— деп манағы ең алғаш сайысқан жігіт қоразданып еді:

— Шіркіннің ерін-ай!— деді біреуі оны кекетіп,— бар байлап ала ғой, мықты неме! Өзгеміз аттан осалдықпен түскен болармыз. Сенің қапың бар шығар!

Ана жігіттің қарығы басылып қалғандай болды.

— Мұнымыз той тарқардағы аударыспақ сияқты ойынымыз емес пе?— деді Шолақ,— айтыңдаршы, қайсыңның тұшы етіңе ашы таяқ тигіздім.

— Таяқ тигізбегені құрысын, бұдан да ұрып өлтіріп кеткені жақсы еді,— десті біреулер.

— Ал, жігіттер, құдай ойын-күлкіден айырмасын. Қыз шіркіннің көңілін қимайтын әдетім болушы еді, соным ұстап, бір қыздарыңды алып қашқаным рас, бірақ, құрбы замандасым, сен — маған қыздан қымбатсын. Алып қалам десең қыздың серті менің мойнымда болсын, әне, сайда тұр, барыңдар да қайтарыңдар!..

— Әу, жігіттер,— деді біреуі сол кезде,— түкке тұрмайтын намыстың керегі не? Балуан Шолақ боп тусаңдар кім қой деді сендерге? Бір қызды Балуан Шолаққа қимаймыз ба? Қалған қыз да жетпей ме қалыңға сатуға? Қызды қайтарып апарғанда не дейсін? Тартып алдым дейсің бе? Одан да, Балуанды осынша дарақыланып қуған айып бойымызға құт, соны жуктейік те қайтайық!

Бұған ешкім қарсы бола алған жоқ. Жол айтқан жігіт Шолақтың Ақбозын мініп барып қызды ертіп, аттарын айдап келді. Бірен-саран болмаса, жігіттердің көпшілігі Шолақ пен Балқашқа ризалық тілектерін айтып, жөнелуіне рұқсат етті.

Күн ол кезде жаңа ғана шашырап шығып келе жатыр еді. Күннен тармақтанған алтын сәулеге бөленген екі жас «Әрида қалқаш» әніне қосылып жортып кетті.

13. «ЕР — ЕЛДІҢ БАЛАСЫ»

Жұртқа жағар ер жігіт қылығынан,
Сілтегенім кеткен жоқ құрығымнан;
Анталаған сан дұшпан қамаса да,
Сырдың суы келмейді жұлығымнан.
(Балуан Шолақ өлеңінен).

Ереймен тауында тұратын, Балқашқа қалыңмал төлеген күйеу, Балуан Шолақпен жерлес Сатыбай байдың нағашысы боп шықты. Сатыбайға ол кісі салды:

— Нағашың жіберді,— деді келген елші,— айдай жесірімізді тапа-тал түсте, аз үй қоңсың — қаңғырған Үйсіннің делқұлы біреуі алып қашты. Төрт үй Үйсін кімге топырақ шашады. Оның арқа тіреуі — Керей — сенсің. Алдыңнан өткелі келдік. Жесірімізді қайтарып, қоңсыңнан айыбымызды әпересін бе, болмаса тұрысар жеріңді айтасын ба?

Сатыбай да Балуан Шолаққа кісі салып еді: «Иесіне қайтарып беретін, менің әкелгенім мал емес, адам,— деп жауап қайтарды ол,— мен қайтара алмаймын. Тартып алам десе еркі білсін!»

Бұл сөзді естіген соң, Сатыбайдың нағашысы жіберген кісіге ұстатқан сөзі мынау болды: «Жігіттеріңді жинап сайланып келіңдер де, мықты немеден тартып алыңдар. Өзін де ұстап әкетіңдер. Бұл елді мен тырп еткізбеймін».

Елші кеткеннен кейін Сатыбайдың бұл уәдесі ел ішіне дүңк етіп жайыла қалды.

Үйсінге қараған үш-төрт үйде Шолақтан басқаларының бәрі момын екендігі бізге мәлім. Және қонысынан ауғалы олар төмендеу бір кедей ауылға қоңсы қонған. Сатыбайдың сөзін естіп шошыған олар мен көршілері:

— Жарқыным,— деді Балуанға жиналып кеп,— сен бұлай отырма. Сатыбайдың нағашысы осал жау емес деседі. Ол Қанжығалыдағы атақты Саққұлақтың ағайыны болса

керек. Бес болыс Қанжығалыны жинап жатыр дейді ол. Ертең жауар бұлттай торланып, жасанған жау келіп қалғанда, жалғыз өзің төтеп бола алмайсың.

— Не істе дейсіңдер, сонда?

— Күшің келмейтін іске ұмтылатын ақмақ емессін. Өлеріңді біл...

— Ол үшін?

— Жесірін қайтар!..

— Болмайды ол. Менің өлігімді аттамай, Балқашты олар әкете алмайды...

Балуанның құлаған жағынан тұрмайтынын білетін ағайындары мен көршілері:

Ендеше, көңіл жетер адамдарыңа хабар айт, жиналып саған қарасын болсын. Жалғыз адамға жаудың шабуы оңай. Көпке шабуға жүрексінеді...

— Мен ешкімге «болыса гөр» деп құлдық ұрмаймын,— деді Шолақ,— керек көрген жігіт болса өзі де келер. Керексіз болсам, жалбарынғанмен келмес. Мен нені болса да үйден күтем.

— Ендеше, бассауға қыл. Мұндағы біздің неменемізді алар дейсің. Келер де кетер.

— «Қашқан жауға — қатын ер». Олай басындырғанша келетін ажалды қарсы алсам болмай ма?

Шолақ ешкімге бармады да, жасырынбады да. Ол Ақбозын бабында ұстап, үйінде отыра берді. Оның дүниеде ең қымбаты шешесінің сөзі. Бірақ, өзге айтқан тиым сөзді, қорқыныш сөзді Қалампыр Балуанға айтпады. Оның ұғымында, әйелдің ер адамды бет алған ісінен бөгемеуі керек, әсіресе, Балуан Шолақ сияқты атаққа шыққан жігітті...

Ұғымы сондай болғандықтан, Балуанға да, былайғы жұртқа да сыр бермеген Қалампырдың, істің немен тынарына жетпейтін көзі, кейбір оңаша шақтарда жасқа толып, ағыл-тегіл болып алады. Бірақ, кейде жылағанмен, кейде жыламайды ол. Кейде қорқыныш тұманы басып кеткен оның ақыл-ойына үміттің де күні шығып, соның сәулесінен жүзі жарқырай қалады. Бұрынғы аңыздық батырлар туралы ертегіні көп естіген және сол ертегілерді өзі де талайларға, әсіресе, балалық шағында, Нұржанына айтқан Қалампыр, кейін Нұрмағамбеті «Балуан Шолақ» аталып, күші ел аузында ертегі сияқты аңыз боп кеткенін естіген соң, «бұл балам да сондай батырлардың біреуі ғой!» деген мақтаныш сезімге ие болған еді. Қалампырдың ақыл-ойында жарқырайтын үміт күні — осы сезім. Көппен алысқалы

даярланған баласының жеңілу хаупі оның басына тұман боп оралса, жеңу қуанышы күн боп шығады. Неге екенін кім білсін «балам жеңілмейді, жеңеді!» деп сенеді ол. Осы бір сенім оны ілгері жетектеп, баласының көп жаумен жалғыз айқасар күнін асыға күткен сияқтанады...

Балуан Шолақтың ешкімді жәрдемге шақырмағандағы ойы, біріншіден — жайшылықта доспын дейтіндерді осындай таршылықта сынау болса, екіншіден — өзінің күш мөлшерін тағы бір байқау еді. Өз байқауынша бойдағы күшінің көбі әлі көрінбей жүрген сияқты.

«Жаяу бес жүз жігітпен келе жатыр дейді» деген хабар дүңк ете түсті бір күні. Ұрлатып алмасын деп кісендеп ұстап жүрген Ақбозын Балуан Шолақ сол күні өмілдіріктеп, құйысқандап, төс айылын бос, шап айылын берік тартып ерттеді. Атасынан қалған темір сауытты көйлекшең етіне киіп, аяғын байпақты етікке сұқты. Басына — бес көз ақжібектің бір жақ ұшын шандып орады да, екінші ұшын арқасынан кере-құлаш салбыратып жіберді.

Балуан Шолақтың ауылы биіктеу дөңнің басында болатын. Дөңнің қырында үлкен оба бар. Соған шығарып қарауылға қойған бір бала, түс ауа берген кезде шауып кеп үй сыртынан:

— Балуан, Балуан... Қара құрттай қаптап келе жатыр!— деп айғай салды.

Қалампыр бұл кезде далада еді. Баймырза үйде еді. «Жау келеді» дегелі өрекпіген жүрегін қалай басуды білмеген ол, үйінен шықпай, көр-жерді ермек қып шұқына беретін. Бүгінгі оның ермегі — етік жамау еді.

Баланың «қара құрттай қаптап келеді»— деген айғайы Баймырзаның төбесінен жайдың оғындай ұрды.

— «Ah!»— деді ол ышқына дауыстап, екі көзі шарасынан шығып, инесі мен бізі қолынан түсіп кетті.

Шалқасынан құлай берген әкесін Балуан Шолақ ұстай алғанда, үйге бір шелек су алып Қалампыр да келді.

— Не болды бұл бар болғырға?— деп Қалампыр да Баймырзаның басын сүйеді.

— Ағатай, ойбай, кеп қалды!— деді сырттағы бала шырылдап.

— Балам... Нұржан...— деді Баймырза көзін қатты жұмып аз тұрғаннан кейін кең ашып,— енді қайттік?!

Әлсіз әкесін жатқызып, бойын жазған баласының көзіне Қалампырдың көзі түсіп еді, зәресі ұшып кетті: ағы қып-қызыл боп қанталаған Балуан Шолақтың екі көзі

пеште маздап жанған оттың жалынындай дауылдап ұшқын шашып тұр екен. Даража біткелі нұрланып, қызыл шырайланған беті қорғасындай сұрлана қапты. Бойы дірілдеген сияқты, еріндері тоңазыған адамдай қыбыр-қыбыр етеді...

— Апа!— деді Балуан, даусы болаттай шыңылдап,— мен аттандым!..

«Құлыным!» деп құшағын жайған шешесін ол құшырлана беттен бір сүйді де, шешесінің сүюіне үлгіртпей, сып беріп есіктен шыға жөнелді. Босағаға сүйеніп солқылдап тұрған Балқашты оның қанталаған көзі көрмеді. Тордан шыққан арыстандай үйден бұлқына шыға келген оған дүниені өрт қаптаған сияқты, жер де, көк те, өсімдік те, ауыл да, мал-жан да қып-қызыл боп елестеді.

Атына қалай ырғып мінгенін ол білген де жоқ. Жөнеле берген оған:

— Сойылың!..— деді үйден жүгіре шыққан Балқаш, сойылын ұсынып, даусы дірілдеп.

— Бір салғанда сынып қалатын немені атқа ауыр ғып қайтем. Одан да, керегінде біреуден тартып алсам болмай ма? Жаудың сойылы менікі емес пе? Құдай осы дырауымнан жарылқасын,— деп, қамшылы қолын көтере Балуан шапты да кетті.

Жолдың шаңдағын көшкен бұлттай бұрқыратып келе жатқан қалың қолға бетін қойып, Ақбозбен Балуан Шолақ сілтеп келеді. Ақбозға сол күні өмірінде бітпеген шабыс пайда болған сияқтанды: төрт тұяғымен жердің топырағын уыстай аспанға атып зымырағанда, көлденеңнен көзі түскен жұрт оны ұшып барады екен деп ойлады. Балуан Шолақтың басындағы ақ жібектің шұбатылған ұшы делегейлене шаншылып, аспанға көтерілді.

Сол екпінімен Балуан Шолақ келе жатқан топқа жақындағанда, алдынан ойқастап біреу шауып шыға келді.

— Қанды басың бері тарт!— деді Балуан аңға айтатын сөзін оған айтып, тұра ұмтылып.

Шапқынмен қарсы кеп қалған салттының кім екенін ол абайлаған да жоқ, «кім болсаң да жаудың бірі шығарсың» деп, қамшымен атын қасқа маңдайдан ала тартып кеп қалды. Ақбоздың екпінімен ағып өткен ол жаңағы атын ұрғанды жаудың жекпе-жекке шыққан батыры екен деп ойлап, өзін де ұрмақ боп, жақындай беріп еді, иесі құлаған аттың астынан аяғын ала алмай бұлқынып жатыр екен. Балуан оны қамшымен періп өтуге төніп бір келді де,

жығылып жатқан адамды ұру бойына ар көрініп, қасына тұра қалды. Көзі сол шақта ғана топқа түсіп еді, құйындатып шауып келеді. Қою шаңның арасында қыбырлағандардың ұшы-қиыры жоқ сияқты.

Үйінен аттанған кезінен көрі қайнаған ашуы салқындап, көзін жапқан қан тарқаған ол, топпен айқаспақ боп атының басын бұра беріп еді:

— Балуан!— деді аттың астынан аяғын алып түре келген адам. Балуан жалт қараса, өзінің сол маңайдағы бір досы!..

— Мұның не?— деді Балуан оған, оны жау болған екен деп ойлап.

— Бәсе мұның не?— деді досы, Балуанның атын неге ұрғанына түсінбей.

— Жаумысың, елмісің?

— Мен қашан жау боп ем, саған?

— Анау қаптағандарың кім?

— Өзіміздің елдің жігіттері.

— Қайда барасыңдар?

— Сені жауға талатып қоямыз ба?

— Қайда, ол жау?

— Мына төбенің астында. Біздің топты көріп ошарылып тоқтап қалды. Сені шақырғалы келе жатсам, неге ұрдың мені?!..

— Жау екен деп...

Ұяттан беті қызарған Балуан Шолақ атынан қарғып түсіп жығылған атқа қараса, соққан қамшы маңдай сүйегін айырып түскен екен. Ат өліп қапты.

— Мін, мына атқа,— деді Балуан досына Ақбозды тосып.

— Неге?

— Төлеуің.

— Ол не дегенің?! Бір атты сенің жолыңа құрмалдықа шалу көп пе?

Өзге жігіттер де кеп қалды. Досы Балуанға атының құнын көптің алдында кешті. Балуанды ортаға алған топ қыр басына шықса, жау жағы әлі ошарылып тұр екен. Олар жүз шақты кісі, бұлар төрт-бес жүздей.

Екі араға елші жүрді. «Аз үйлі Үйсін» деп Балуанды ұстап әкетпек болған жау жағының тауы шағылып, беті қайтты. Сатыбай, тағы сондай байлар мен атқа мінерлер Балуанды қолдайтындардың арасына іріткі салмақ болып еді, ел көнбеді. Ақыры, жау жағы бітімге кеп, қалыңмалын

Балуанға төлетуге келісті. Ол малды Балуанның достары төлеп жіберді.

— «Ер — елдің баласы»— деген сөз рас екен!— десті Балуанның досы да, дұшпаны да, ері де, елі де жарайды!..»

14. АҢҒАЛДЫҚ

«Мен өзім аққан судай тасып жүрмін,
Кеудесін дұшпандардың басып жүрмін.
Жаласы сексен өгіз маған ауып,
Ұлықтан сол себепті қашып жүрмін».

(Балуан Шолақтың өлеңінен).

Балқашқа бұрын қалың берген жер қалыңмалын қайтарып алғанмен, Балуан Шолаққа деген кегі біткен жоқ.

— Балуан Шолақтың бұл қорлығы бізден гөрі саған батуға тиісті,— деді олар Сатыбайды қайрап, елдеріне қайтар алдында,— үркердей аз үйлі қаңғырған Үйсін, рулы ел — Керей, сенің ішіңде қоңсы боп отырып, өз еліңді өзіңе билетпеді. Егер, мұны бұл қалыппен жүгенсіз жіберсең, бүгін біздің қатынымызды тартып алса, ертең сенің қатыныңды тартып алады. Бізге оқасы болмас, мойнымыз алыс жер, бір жесірді садақаға бердік: ал, ертең ауылыңда отырып, Сатыбай, сенің малыңнан құрық, басыңнан сырық кетірмесе, осы жүгенсіз жібергеніңе бұдан жаман өкінерсің, ойлан!..

Сатыбай расында ойланып қалды. Қонақтары кеткесін, «осыған өтірік пәле жапсырсақ та көзін жоғалтсақ қайтеді»,— деп ол дос-жарандарына ақылдасты. «Оның рас,— деді достары,— бірақ, бұл елде тым беделді боп кетті. Пәле жапсақ та ойланып жаппасақ, көпшілікті соңымызға түсіріп алармыз».

Сатыбай бір күні Қайрақты қаласына барды да, көптен бергі тамыры — Егор Пропадкоға ақылдасты. Балуан Шолақтың елдегілерге көрсеткен «қорлық-зорлықтарын» қоюлата сипаттай келіп:

— Сенің ініңді өлтіру қылмысынан аман құтылып кеткен соң, ел қазағынан қорықсын ба ол,— деді Сатыбай ауыр күрсініп,— қайта, шетіміздің қырып тастамай аман қойып жүр!

— Сонда не істеу керек?— деді Пропадко,— өкіметке айтып абақтыға алдыратын қылмысы жоқ. Орыс заңы қылмыссыз адамды қараламайды. Бұны, ең қызығы қапы-

сын тауып өлтіру. Біз соған бекінген ек, әлдекімнен естіді ме, немене,— бұнда келмей қойды. Өздерің неге істемейсіңдер осыны? Ауылда оған мүмкіндік көп қой?..

— Жоқ, сол мүмкіндік!.. Жолын тосып өлтіруге, жеке я аз ғана адамның шамасы келмейді, ел боп жабылу қиын, және екі-дайда, елдің көбі оның сойылын соғып кетеді...

— У бергізсе ше?

— Онда ел тіпті көтеріліп кетеді...

«Енді не істеу керек?» деген ол екеуінің ақылы төмендегі арнаға құйылды: Балуан Шолақты ұстап беретін тұсау — Ақбоз. Жанындай көретін бұл аты қолға түссе, ол да түседі. Ол үшін, «егінге түсті» деген жаламен, ішіне Ақбозды қоса, Балуан ауылының жайылымда жүрген жылқыларын бір түнде Сатыбай Қайрақтыға жеткізеді де, Егор ол жылқыларды қорасына қамайды. Потраваға[1] Егор өзгені емес, Ақбозды ғана сұрайды. Балуан әрине атын босатып алу әрекетіне кіріседі, осы бетінде қапысын тауып өлтіру оңай.

Сөз осыған байланды да, ішінде Ақбоз бар, ауылының жылқысы Пропадконың қорасына аз күнде қамалды.

Балуан да, ауыл адамдары да малының соңынан барды. Бірақ, Егор теңдік бермеді. Ол бұршақ соғып қиратып кеткен егініне, қаланың старостасын апарып, қорасына қамаған жылқы қиратты деген акты жасатқан екен. Оның бағалауынша, бұл потраваға қамалған жылқының жартысы жетер емес, Егордың қалағаны — Ақбоз.

Мал иелері не істеуге білмей ақылдасқанда, біреулер жоғарғы ұлыққа барып шағым айту керек,— деп еді:

— Одан жақсылық күтпе,— деді Балуан Шолақ — «Қарға қарғаның көзін шоқымайды» дегендей, олар байдың сөзін сөйлейді.

— Сонда не істейміз?

— Менің зорлықты зорлықпен қайырғым келеді.

— Қалай?

— Түнде осының қорасына түсіп, жылқыны айдап шығамыз!

— Ондай аранға қалай түсеміз көрінеу көзге? Қорасы қай бір оп-оңай оның, қарғып түсе кететін?.. Биік тас қамалдай емес пе ол?.. Қақпасы тастан да берік емес пе?.. Және атты кісіні алып тастайтын қабаған иті бар!.. Олардың үстіне, қорасында жаттың жылқысы қамаулы тұрған-

---

[1] Шабындық жерді малға таптатқаны үшін төленетін айып.

да, бейқам жатады деймісін ол?.. Күзетшілері болады, әрине!.. Және құрғақ қолмен емес, мылтықпен күзетуі мүмкін. Аяйды деймісін ол,— басады да салады, әсіресе, сені!.. Ондай ажалға сен де барма, біз де бармайық. Бәрінен жан тәтті. Жанды малдың жолына құрбандық қып болмас...

— Сонда не істейміз?

— Көкшетау барып, жоғарғы ұлықтан сұранудан басқа жол жоқ...

Ағайындарымен аузы біріге алмаған Балуан, Курганов-қа ілік-шатыстығы, әрі достығы бар, заң-законнен де хабары бар, селолық басқармада писарь боп істейтін Павел Ларионовқа ақылдасты. Балуанды білетін ол, Егорға өшпенділігі бұрынғыдан күшейе түспесе бәсеңдемеуін айта келіп:

— Сенікі дұрыс,— деді Балуанға,— заңмен оны жеңе алмайсын. Әкімдердің бәрі оның сөзін сөйлейді. Ең қолайлысы, өзің айтқандай, ретін тауып, жылқыны түнде қорасынан ұрлап алу керек. Ол үшін, Егордың күдігін жойып, мал иелері — бәрің Көкшетауға аттанған болыңдар да, былай шыға, өзің ғана орман арасында қалып қой. Басқа қазақтарың бара берсін.

— Неге?

— Екі себеппен: бірі — Егор соңдарыңнан бақылау жіберуі мүмкін, өйтсе, кеткендеріңе көзі жетсін, ал сен, қалың орманға кіре, елеусіз бір жалтарыста түсіп қал: екіншісі — өзге қазақтардың бұнда саған серіктігі болмайды, қайта, аяғыңа оралғы болады...

— Жалғыз не бітірем мен?

— Өзіңмен таныс және дос орыс жігіттерінен жәрдемшілер берем. Олар сені отта қалдырмайды, қиындықтан алып шығады...

Сөз осыған байланды. Балуанның серіктері де бұл сөзді мақұлдап, «Көкшетау кеттік» деген дабрамен жүріп кетті. Ларионов «эулие» екен, айтқаны дәл келді,— Егор олардың соңынан, «алыстан бақыла» деп, салт атты аңдушы жіберді. Оның жәбірленушілерге алыстан ере отырып қадаған көзіне қалың орманның қалтарысы шымылдық болды да, Балуанның жортып бара жатқан аттың арбасынан жып етіп түсіп, сып етіп орманға жоқ болғанын абайламай қалды...

— Орманнан жалаңаш далаға шығарып сап қайттым, түгелімен Көкшетауға кетті,— деген бақылаушының хабарына Егор сенді де:

— Білгенін қылсын!— деген хауіпсіздікпен, қақпасын күндегі дағдысымен ғана бекітіп, қаннен-қаперсіз, тұқымымен ұйқыға кетті.

Павел Ларионов уәдесіне жетті. Оның күндіз келісіп қойған сенімді жігіттері, түн жамылған Балуан Шолақ келгенде, қолдарына түкіріп, жәрдемге даяр отырды. Сайдың тасындай жиырма шақты жас жігіт қасына ергенде, Балуан Шолақтың ойында қуаныш пен сенімнен басқа іштеңе қалған жоқ.

Егордың бұл қаладағы ең үлкен, ең сұлу үйіне, Балуан мен серіктері түн ортасы ауған шақта жетті. Село да, бұл үй де шырт ұйқыда. Түн көзге түртсе көрінбестей қою қараңғы. Егор үйінің ауласы айнала бөрене қарағайдан қиып, биік жасаған кең шарбақ еді.

— Ал, жігіттер,— деді Балуан серіктеріне, Егор үйіне жете,— сендер сыртта қалыңдар да, маған хауіп төнсе ғана жәрдемге келіңдер, төнбесе, осылай, сырттан қарауыл боп тұра беріңдер. Қора іші маған таныс. Жылқыларды қоятын жерін де білем...

— Атыңның аяғы кісендеулі деген, оны қалай бұзасын?

— Бұрап бұзам...

— Қақпаның құлыбын?

— Оны да...

Жігіттер «өйте алмайсын» демеді,— жуан темірді сымдай бұрауы, төрт-бес жігіттің жүгін көтеруі оларға мәлім...

Серіктерінен рұқсат алған Балуан, қарғып шарбақ үстіне шықты, аржағы жарты төбесін қаңылтырмен жапқан шатырлы қора. Жарты шатырдың арқалығымен ілгері сырғып үңілсе, қараңғы түнде түгі көзге шағылып Ақбоз ат бір діңгекте байлаулы тұр. Басқа жылқылар да соның маңында. Одан әрі көң сасып, мұрындары пысылдап, малжаңдай күйсеген бірсыпыра өгіз жатыр.

Манадан дыбысы шықпаған иттің Шолақты қайдан сезгенін кім білсін,— өршелене үріп, тартқан сымды бойлай бері қарай жүгірді де, төбеде отырған Шолақтың нақ астына кеп, «кімсін?» дегендей, ырылдап қана қарады. Шолақ бұл үйден кеткеннен кейін күшіктей асырап алған ит, үлкендігі тайшадай бірдеме екен. Басын жоғары көтере ырылдаған оны, Балуан шынжырынан шап беріп ұстап, жоғары қарай көтере қойды да, қылқынып булыққан ит жақындаған кезде, өкшемен тұмсықтан теуіп-теуіп жіберді. Содан кейін үні өшкен иттің шынжырынан арқалыққа

асып байлай сап, қарғып төмен түскенде Ақбоз иесін танығандай оқыранды.

Көзінен жасы шығып кеткен Балуан атына жақындағанда, күйсеп жатқан көп өгіздің арасынан біреуі түрегелді де күжілдеңкіреп, бері қарай жүрді. Өзі кеткеннен кейін, Егордың қорасына сүзеген бұқа пайда болғанын, жаяу түгіл атты кісіні де маңайынан жүргізбейтінін, талайлардың атын жарып тастағанын Балуан естіген еді. Сол бұқа екен деп ойлап, бірақ сескенбей қарсы барып еді, бұқа қаймықпақандай тұқырып, көңді алдыңғы аяғымен қопарып шаша бастады. Қасына барғанда күжірейген бұқаның мүйізінен Балуан шап беріп ұстай алды. Сүзуге тырмысқан бұқаны еркіне жібермеген Балуан, белиндегі қамшысын алып оң бүйірден тартып-тартып қалып еді, бақ етіп қаша жөнелді де, енді қайтып ұмтылмады.

Тез кетудің қамын ойлаған Балуан қақпаға барса, тұтқасының сомдығы білектей, етегі күректей құлып, қақпаның жуан темірден соққан баспасында салулы тұр. Жерде жатқан бір жіңішкелеу темірді алып құлыпты бұрап еді, темірдің өзі майысты. Басқа сайман таба алмаған Балуан құлыпты оң қолымен қапсыра ұстап, бар екпінімен бұрап кеп қалып еді, етегіне қабыстырған жалпақ темірдің шегелері шығып кетіп, кілті бос қалды. Қақпаның ашылуына көзі жеткен Балуан атына келіп, кісенін сылдырсыз бұзды да, қақпаға кеп сықырсыз ашты. Содан атын жетектеп жүріп, ұйқыдан жалқауланған өгіздер мен ауылының жылқыларын қорадан айдап шықты.

Қақпа алдында дыбыссыз қуанышпен қарсы алған достары, малдарын үн-түнсіз айдасып, село шетіне шығарып берді. Сол арада хоштасқан достарының ішінде Павел Ларионов та бар екен.

— Малдарды осы бетіңмен айда да, Меңіреудің қалың қарағайына жет!— деді ол,— содан кейін Егор түгіл, шайтан да іздеп таба алмауы анық. Аржағын өзің біле бер. Біздің қолдан келгені осы.

Балуан орыс достарына алғыс айтты да, Ларионов сілтеген жөнге жүріп кетті...

Арасынан иттің тұмсығы өтпейтін Меңіреу қарағайының арасынан өзі ғана білетін бір жіңішке жолды тауып, орманның қалың ішіне сұңғіп, Балуан таң біліне жайлы жерге бекінді. Өгіздерді ол санаса — сексен екен. Бәрі де сала құлаш мүйізді, атан түйедей, өңкиген жануарлар.

Ауылмен астыртын хабарласқан ол, Қызылжардағы

ет заводына өгіз айдаған Ақмоланың купецтері келе жатқанын естіді. Олар Меңіреу тұсына кеп қонғанда, сексен өгізді қырық сомнан сатты да, ақшаның көбін ауылдағы тілеулес адамдарына үлестіріп беріп, азын ғана қалтасына басып, мәселе бір жайлы болғанша бой-таса қыла тұру мақсатымен, Ақбозына мінді де, жақын арада Атбасар қаласында ашылғалы жатқан жәрмеңкеге суыт жүріп кетті.

15. ҒАЛИЯ

«Хат жазайын Ғалия, саған арнап,
Сипатыңа, екінші құрмет айлап.
Анда-санда көзіме бір көрінсең,
Қарға аунаған түлкідей қалам жайнап.
Ойпырымай, жан сәулем, Ғалия,
Бетіңнен...
Аппақ қардай етіңнен...
Бір күн ауру, бір күн сау,
Жазылмадым,
Ой, ой, ой... дертіңнен!»[1]

Ақтөбе қаласынан Омбыға тартқан патша өкіметінің әскерлік жолының үстіне бекет есебінде түскен қаланың біреуі — Атбасар. Оның ең алғаш орнауы 1854 жыл. Бұл қаланың әскерлік бекет болуынан басқа қандай маңызы барын оның аты көрсетеді. «Атбасар» екі сөзден құралған: «ат», «басар». Бұлай деп қойылуына мынадай себеп бар: Атбасар қаласы салынған маңайда Арғын руының: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қозған, Қақсал дейтін рулары бар. Бұларда мал, әсіресе жылқы малы көп болған. Атақты Құлтума ақын Аққошқар Сайдалы дейтін байлардың байлығын айтқан өлеңінде:

«Сұрасаң арғы атамды Қуандықты,
Қылыпты өз тұсында жуандықты.
Аққошқар, Сайдалының заманында,
Бір көлден қырық мың жылқы суарыпты»,—

дейді.

Атақты ақын Біржан сал:

«Кім жетер Алтайдағы Жанайдарға
Алты жүз жас бота мен тайлағы бар»,—

дейді. Атбасар қаласында ең алғаш ашылған базарды мыңдаған жылқы басып кеткен соң, соғыс бекеті орнына салынған қаланың аты «Атбасар» боп кете барған...

[1] Өлеңін де, әнін де Балуанның өзі шығарған.

Атбасар үш өзеннің түйіскен жерінде: Есіл, Керегетас, Жабай.

Балуан Шолақ базарға келсе, осы үш өзеннің арасында жүз мыңдап жиналған малдың ұшы-қиыры жоқ!..

Театры, киносы жоқ ерте замандағы ауылда, халық өзінің ойын-тойларынан, әр жерде ашылған базарларды да ойын-сауықтың ордасына айналдырған, халықтың: «балалы үй базар, баласыз үй қу мазар» деп, баланың қызығын базарға теңеуі сондықтан.

Атбасар базарының «базары» Балуан Шолақ болды. Оның: ақындығы, әншілігі, қулығы, әзілі, сықағы, атқа ойнауы, дене өнерін көрсетуі халықты қайран қалдырды. Өнері осындай болғандықтан, көрген жұрт та, көрмеген жұрт та «Балуан Шолақ кепті» деген жерге сауда-саттығын тастап аттылы, жаяулы шұбыратын болды.

Балуан Шолақтың қай жерде тоқтағанын, қайда келе жатқанын, қайда бара жатқанын базаршылар біліп отырды. Ол теңіз, өзгелер — өзен сияқты,— қай жерде ол тұрса, сол жерге жан-жақтағы жұрт құйыла қалады, ол магнит, өзгелер темір сияқты — қай жаққа қарай жөнелсе, өзгелер де жапырылып оның артынан шұбайды.

Осы думанмен жүрген Балуан Шолақ, бір күні, екі өзен: Керегетас пен Жабайдың аралығына тігілген көп ақ үйге кездесті.

— Бұл не?— деп сұрады ол серіктерінен.

— Қымызшылар мен қасапшылар тіккен үйлер.

— Түсейік біреуіне!

— Түссек таңдап түсейік,— деді біреуі,— бұлы өтімді болсын дей ме, немене, қымызды жас келіншектер мен қыздар құяды, және көбі — сұлулар. Қараөткелден келген бір келіншек бар осында, Кескіні онша шығаннан шыққан сұлу емес, бірақ, мінезі жібектей есіледі, әзілге судан жүйрік! Күйеуі момын жігіт көрінеді. Биі — келіншегі. Сауық-сайранды жақсы көретін келіншек, қымызды өзгеден тәтті ұстайды. Аты — Ғалия.

— Үйі қайсы?— деді Балуан.

— Анау тұрған!

Бастаушы Балуанды ақ үйлердің орталау кезінде тігілген, үзігінің сыртқы етегін қызыл шұғамен оюлатқан, баулары, белдеуі термелеп тоқылған бір үйге әкеліп түсірді.

Олар аттарын үй сыртына матастырып жатқанда: төңірегі шашақты ақ жібек шалыны құлағынан қыстыра арқасына төккен, етек-жағасын алтын зермен мәнерлеткен,

қызыл барқыт жеңсіз қынама бел қамзолы, асығынан аз-ақ жоғары, қос-етек жібек көйлегі бар, аяғында кестелі биік өкше етігі бар, екі құлағында салпыншақты алтын сырғасы бар келіншек кигіз үйден шыға берді де, жолаушыларға аз уақыт қарап тұрып, үйіне қайта кірді.

— Осы!— деді біреу.

— Кімді айтасын?— деді Балуан.

— Жаңағы үйден шыға беріп қайта кіріп кеткен келіншекті.

— Неге өйтті ол?

— Балуанның мысы жеңген болар...

— «Аттыға жол, жаяуға сөз бермейді» дейтін келіншек еді ол, қаймыға қойды ма екен? Басқа бір себебі болар...

— Не де болса үйге бара көрейік,— деп жігіттер үйге кірсе, келіншек қымыз ішіп отырғандарды тұрғызып, төр алдына шымқай жаңа қызыл ала батсайы көрпе төсеп жатыр екен.

— Жұртқа төсемейтін көрпеңді төсерлік, кімің еді ол?— деп үйдегілердің қалжыңдағанына келіншек жауап бермей, көрпені тез төседі де, Балуан Шолаққа көз қырымен ғана қарап, әдеппен ығысып қымыз құйған шараның қасына барды. Бірақ, келіншек отырмады, сыйлайтын адамынан бұрын отырмайтын ауылдың әдепті әйелдерінің дағдысымен, Балуанға бір қырындап түрегеп тұрды.

Төрге төселген батсайы көрпеге, қалжыңбастау бір жігіт — «жақсы болды-ау, мынау маған» деп отыруға жылжып еді:

— Тәйт, әрі, қалжақтамай,— деді орта жастылау адам оған жекіріп,— білмей отырмысың кімге салынған көрпе екенін?

— Кімге?— деді қылжақбас.

— Әкеңе!

«Кім ол — әкем?!» дегендей қараған қылжақбастың көзіне, Балуан Шолақтың түр-тұлғасы өзгеден ерекше көрініп кетті: «осы екен ғой,— әкем!— деп жорамалдады қылжақбас,— тегі, тегін кісі болмас бұл!..»

Үйдегілер Балуанға түрегеп амандасты. Төрде айналасы кең дөңгелек тапал үстел тұр екен, үстінде жиегіне айнала қойған үлкен форфор кеселер, ортада кең ағаш табаққа турап, бетін ақ сүзгімен жапқан жылқының семіз сүр қазы-қарталары, қыртысы қалың майлы сүр ет.

Балуан Шолақ та, өзгелер де отырды, келіншек әлі түрегеп тұр.

«Сапылдап сөз бермейтін еді, Балуанның мысы жеңуін қарашы!»— деп күңкілдесті еркектер өзара.

Балуан келіншекке «апыр-ау, қайда көрдім, мұны?»— деген оймен амандасты.

Амандыққа ернін ғана қозғап үнсіз жауап берген келіншек, шараның қасына отырды да, екі әдемі кесеге қымызды құйып, өз қолымен әкеп, біреуін Балуан Шолаққа, біреуін оның қасындағы жігіттің біреуіне ұстатты. Келіншектің кім екенін Балуан енді ғана таныды: баяғы Тоқсанбайдың асында, Түйе балуанмен күрескен жолы, шапан жабатын осы келіншек!

— «Міне, қайда кездесу!..— деп ойлады Балуан келіншекке әлсін-әлсін қарап,— мұның аты Ғалия екен ғой...»

Қараған сайын Ғалияға ол құмарта түсті. Ат үстінде ұзағырақ жүріп сусаған ол, осы үйге түсерде бір сүйретпе қымызды жалғыз ішерліктей болған еді. Қазір, алғашқы екпінмен жұтқан жарты аяқ қымыздың өзі әрі өтпей, өңешінде тұрып қалған сияқтанды.

Үйдегі жігіттер Балуан Шолақпен танысқаннан кейін, өлең айтуын өтінген еді. Бұған дейінгі мәжілісте іркілмей суырыла жөнелетін ол, мына жолы бойындағы бар ақындық, әншілдік қуаты қашып кеткендей домбыраға саусағы жүрмеді, аузына сөз түспеді. Жүрегінде жаңа бір ірі ән толқи бастаған сияқтанды оған, бірақ, ол ән кеңірдегіне симай, кептеліп алқымына тығылып тұрғандай болды.

— Ат үстінде көп жүріп алқынып ем,— деді ол, қолына берген домбыраны қасына сүйей сап,— сөкпеңіздер. Әнге қазір жайым жоқ.

Босағада отырған жігіттер өзара күңкілдесті:

«Дауылпаз деген бір құс бар, дауысы жер жарады, қасына келсе жұдырықтай» дегендей,— деді біреулері,— Балуан, Балуан»,— деп жұрттың дәсердей ғып жүргені осы ма?! Қаңқайған денесі болмаса, мынауында береке шамалы екен!..»

— Білмей айтып отырсын,— деді оған қасындағысы,— еркектің сықыры әйел емес пе? Әйелге елтімеген, әйел арбап қуатын да, сабырын да жеңбеген қай еркек көрдің? Жалғыз көз қарасының өзімен-ақ, Ғалияның оны арбап, қуатын да, қайратын да мұрындықтаған түйедей жетегіне алғанын абайламай отырмысын?

— Мен мана аңғарғам,— деді үшінші біреу,— есіктен кіргелі Балуанның екі көзі сонда.

— Осылар маған көптен әмпей кісілер сияқты,— деді

төртінші,— әйтпесе, Балуан Шолақ сияқты батыр бір көрген әйелге бұлай құмарта қалмас еді!..

— Сабыр етіңдер, артын күтейік,— деді біреулер.

Балуан Шолақтың аңсары ауғанын Ғалия ана жылы да көз қарасынан аңғарған, бұл жолы да аңғарды.

Ғалия Ақмола қаласында туып-өскен Тілеу дейтін кедей жатақтың қызы еді. Әкесінде бұдан басқа бала болған жоқ. Сондықтан ба, я, әйел баланы ерекше сыйлайтын қазақ әдетінен бе,— әйтеуір Тілеу, өзі бойнада мал союмен күн кешсе де, Ғалияны киер киім, ішер астан кенде қылған жоқ. Еркін өскен Ғалия жасынан сырнайға, әнге әуес болды, қалада «әнші қыз», «сырнайшы қыз» аталады.

Бұрын тамыр-танысы ғана болмаса, жан жоламайтын Тілеудің үйіне, Ғалия өскен соң, «қас батыр, қайран жақсы» дегендей, қаланың да, даланың да мырза-шоралары қаптап кетті. Қырдан қалаға келетін мырзалар, бұрын Ақмоланың үйлерін таңдап, қайдағы тәуір пәтерге түссе, Ғалия өскен соң, Тілеудің қала шетіндегі сиықсыз землянкесіне таласып түсетін болды. Оның қорасы атқа, землянкесі адамға симады.

Қаланың да, даланың да мырзаларнан, әйелі болсын, болмасын Ғалияны саудаламағаны кемде-кем. Қаланың мырзалары мол түрде ақшасын, даланың мырзалары мол түрде малын ұсынды.

Бірақ, бұлардың біреуіне де әкесі міз бақпан жоқ. Оның жауабы: «Балам ер жетсін, кемеліне келсін, ақылы толсын, содан кейін кімге барса да еркі. Теңі келсе тек берем. Ғалияның қалыңынан күн көрмей-ақ қоям».

Ғалия ер жетті. Сөйлеушісі көп, әкесінің уәдесі жоқ. Ғалияның өзіне сөйлессе, әзіл-оспақтың шытырманына алып кетеді де, әурелеп апарып, адастырып жібереді, «шебер-ақ құрдым» деген торлардың ешқайсысына оралу түгіл, түспейді.

Оның бұл қылығына өшіккен жігіттер: «Пәлен болдым, түген болдым», деген өсектер таратады. Бұл өсектердің кейбірі әкесі мен шешесінің де құлағына шалынады. Оған күйінген шешесі әкесіне: «Баланың бағын байладың, міне енді мынадай атаққа таңылды!» деп талай рет шаптығады, талай рет көз жасын төгеді, әкесі бұл өсекке қажығанмен, қызын сүймеген біреуіне бере салуға обалсынады.

Осы қаңқу қажытқан Ғалияның әкесі, бір күні қызына кісі арқылы сөз салды:

— Балама айт,— деді ол,— өзі білетін қымызшы Біржан Ғалияны көңіл етеді. Ол әрі момын, әрі ауқатты жігіт екенін балам біледі. Мен болсам жер ортасынан астым, шешесі де сары кідір боп қалды. Күшім бар кезде, момын бір еумен елбесіп-селбесейін деп ем, Біржан соған дәл кеп тұр. Балам соған көнсін.

Елші адам Ғалияға әкесінің бұл сөздерін артығымен жеткізді. Ғалия жауап бере қоймаған соң: «Ойлан,— деді елші,— ақылың бар бала едің, есігіңе келген ырысты маңдайға теппе».

Елші айтпай-ақ, Ғалия өзінің жұбайылық өмірі туралы көп ойланатын еді. Ол қаланың медресесінен мұсылманша жап-жақсы білім алған қыз. Кітапты да ол жасынан көп оқыды, солардың ішінде ерекше сүйетіні ғашықтық қиссалары болды. «Қиссалардағы қыздар ғашық болғандай жігіттер кездессе, мен де ғашық болар ем»— деп ойлайтын еді ол. Сондай жігітті ол іздеді де, бірақ, таба алмады. Ғашық болуға жарарлық жігіт оған хыялдағы ертегі сияқты көрінді. Ол соңғы кезде ғашықтық болады дегенге сенбеді, сондықтан, бір жағы жасы жеткен, екіншіден көп өсек құлағын сарсытқан ол, кім де болса, тәуекел деп біреуге бармақ еді, міне сондай кезде, әкесінің ұсынысы кездесе кетті.

Қайту керек?

«Бармаймын» десе әкесі ренжиді... «Барайын» десе, Біржан теңі емес... Бұндайда әйелдің әлі келетіні,— көз жасы, ойы толқыған Ғалия жатты да жылады... ол ұзақ жылады... Одан өнер ешнәрсе жоғына көзі жеткен Ғалия, «бәрібір,— деп қорытты ойын,— тағдырдың көлденең тосып тұрған бақытын көрген жоқпын. Ойдағым табылмауына көзім жетті. Әкемнің көңілі жабырқамасын,— барайын!»

Қызының көнгенін естіп қуанған әкесінің Біржанға жалғыз ғана шарты болды:

— Жалғыз балам болған соң ерке ғып өсіріп ем,— деді ол,— жас күнінен сауық-сайранға, ән-күйге әуес боп өсіп еді. Қолыңа барған соң, қазан-ошақтың ортасына қамап, күң ғып жіберме. Қымыз сатуды кәсіп еткен жігітсің. Баламды сол таза жұмысыңа ғана қос: таза жерде, таза киім, таза ыдыспен қымыз сатсын. Ойдағы-қырдағы жәрмеңкелер мен базарларға барып та қымыз саудасын жасайсың. Сонда қасыңнан тастама. Қымыз бар жерде — сауық бар. Одан бетін қақпа.

Біржан бұл айтқандардың бәрін де істемек болды.

... Кешікпей той жасалды. Біржанның төрт бөлмелі қарағай үйіне Ғалия келіншек боп түсті. Бұрынғы Тілеудің үйінен шықпайтын мырзалар — енді Біржанның есігін босатпады. Біржанға бұл залал да болған жоқ. Бұрын тоқал шешесі сататын қымыздан жөнді пайда ала қоймайтын. Ғалия босағасын аттаған соң-ақ, саудасы күсет бола бастады. Қымызды сатып ішушілердің көбі соның үйінде болды.

Оның қорасында кең қарағай сарай болатын еді, соған кілемді жайып, лық тола жиналған жұртқа, әсіресе қылжақбас бозбалаларға қымызды Ғалия өз қолынан құйып берді. Оның қолынан жұтқан қымыз, бозбалаларға бал татыды.

Кейбір жақын құрбысымен кездескенде ғана болмаса, әкесінің үйінде бәлкім тұйықтау, ұялшақтау Ғалия, келіншек болған соң кіммен де болса бет пердесін аша сөйлесті. Бір жағы әзіл, бір жағы сықақпен, қымызға келген бозбалаларды ол ұршықтай үйіріп, билеп әкетті. Ара-тұра сырнайға қосыла ән шырқап, думан да жасады...

Біржанның «үй иесі» деген аты ғана болмаса, билік Ғалияда болды. Ғалияға өшіккен біреулер, Біржанға: «әйелің пәленмен, түгенмен жақын» деп шағыстырды да. Ол сөзге сырттан елегізгенмен, Ғалияға қатты сөз айтуға Біржанның батылы жетпеді.

Расында да тағдырына мойын сұнған Ғалия Біржанды еркек деп емес, ерім деп ұқты, сондықтан азғырушылар көп болғанмен Біржанның көзіне ол шөп салған да жоқ, салам деп ойлаған да жоқ. Оның ойы: «Маған ер боларлық жігітті әлі көргем жоқ. Мен көрген ердің бәрі — еркек қана. Біржан да соның бірі. Олай болса, басымды бәріне қосақтап қайтем? Бірімен ғана болсам жетпей ме соның?»

Осы ойға табанын нық басқан Ғалияның өмірден ендігі алмақ болған ләззәті — Біржанның қымызын сата отыра, уақытын ойын, сауық, әзілмен, ән-күймен өткізу еді.

Бұрынғы Ақмола, Семей облыстарында жыл сайын жәндыгүні үш жерде ірі жәрмеңке болады: Қоянды, Тайынша, Атбасар. Бұлардың Ақмолаға ең жақыны екі жүз елу шақырым. Базарларға төңіректен ең кем дегенде мың шақырым жердегі халық жиналады. Кейде, бір шеті Петербургтен, бір шеті Ташкен — Құлжадан, бір шеті Владивостоктан мал жинайтын саудагерлер келеді.

Біржанға келгелі Ғалия осы үш базардың ешқайсысынан қалмады. Базарға Біржан сауын бие айдамайды, барған жерде сауын биені үйірімен, тігетін үйді жасауымен уақытша сатып алады да, базар тараған сайрандап жатады.

Көлденең қараған кісіге бір базардағы табысынан-ақ байып кететін сияқты, себебі қымыз сатып ішетін базар-шының көпшілігі соның үйінде. Бірақ, көлденең жұртқа көмескі нәрсе,— ақша ғып, жамбасына басып жатса өзі біледі де, ал басқа көзге көрінетін дүние жағынан, пәлендей жарқырай қалған ештеңе жоқ, баяғы бір сыдырғы қоңыр дүрсін күйі.

Ғалияның ең алғаш Ақмоладан ұзап барған базары — Ақмола мен Қызылжар арасындағы «Тайша» еді. Балуан Шолақты оның ең алғаш Тоқсанбайдың асында көруі де осы «Тайшаның» жолында.

Ол жолы Балуан Шолаққа апарып шапан жапқанда, атағын бұрын естігендіктен, я құмартқандықтан жаппаған еді. Түйе балуан мен Балуан Шолақ ұстасарда «анау жіңішкені, анау жуан езіп тастайды-ау!— дескен еді Ғалияның қасында тұрған жұрт,— жіңішкені сор түртуін қарай гөр!»

Ғалия да осы ойда болды, бірақ оның тілегі, танымаса да жіңішке жігітке ауды. Жуан жіңішкені үйіргенде, Ғалия өзін үйіргеннен кем қынжылған жоқ. Сөйтіп, «жіңішкенің халы не болар екен» деп қорқа қайғырып тұрғанда, жіңішке жуанды арқалай жөнелді... «Ә, құдай бере гөр!» деп айғайлап қалды Ғалия қуанып кетіп. Жіңішкенің жуанды үйіре жөнелуіне тіпті сүйсінген Ғалия, жерге алып соққанда, қуаныштан есі шығып кетті... Ол жүгіре басып арбасына барды да, үлкен ақ сандығын тез ашып, Ташкенттен келген ала жібек шапанды, Балуан Шолаққа ала жүгірді. Шапанды жабудан оның мақсаты, жас балуанға сый ғана беру емес, аты-жөнін сұрап танысу еді. Оған үлгермей, Балуанды паң Нұрмағамбет шақырып әкетті. Арманда қалған Ғалия арбасына қайтып келсе, бұрын қызғанғанын сездірмейтін Біржан, бұл жолы бұртаңдаған кескінмен, аттарын арбаға жегіп жатыр екен.

— Неге асықтың?— деді Ғалия.

— Жүреміз!— деді Біржан, түйген қабағын жазбай, жегіп болған арбаға отыра беріп,— мін, тез!..

— Тойды аяқтамаймыз ба?

— Оған уақыт жоқ.

«Қызғанышы ма, несі бұл?!— деп таңданған Ғалия, жылжи берген арбаға әрең мініп үлгерді...

Артынан, жіңішке балуанның аты Нұрмағамбет екенін, елі оны Балуан Шолақ деп атағанын Ғалия естіді. Қайтарда Ғалия Балуан Шолақтың аулына соқпақ боп еді, Біржан: «Жолдан бұрыс көрінеді» деп ризаласпады.

Ғалия Балуан Шолақты со ойлағаннан ойлай беретін еді, оны тағы да көруге құмартатын еді, міне енді, сол құмарынан шығудың сәті Атбасар базарында, өз үйінде түсті.

«Атбасарға Балуан Шолақ кепті... Өнерімен елді таңқалдырып жүр»,— деген сөзді Ғалия естіген еді. Көргісі кеп іздемек болған оны екі ой бөгеген еді, біреуі —«Әйел басыммен іздеп баруым ұят болар»; екіншісі —«Тоқсанбайдың асындағы көзқарасын хата ұқпасам, мені өзі іздеп табуға тиіс».

Осы ойдың тұғырына талпынған көңілдің құсын байлай қондырып, іштен сабырсызданған Ғалия, «келе жатыр ма» деп, үйінен тысқа әлсін-әлсін шығып қарай беретін болды. Балуан Шолақ пен серіктері түсіп жатқанда, Ғалияның үйінен шыға беруі, осы көп шығудың бірі еді.

Балуанды Ғалияның тез тануына бұрынғыдан толуы, нұрлануы бөгет болған жоқ. Балуанға қараған сайын, жүрегінде бұрын бықсып жанған құмарлық оты қызына түсті...

16. «БАТЫР — БІР ОҚТЫҚ»

«Бір ат келді базарға құлақасқа,
Жібек ноқта басында, бауы басқа,
Ғашық болып көріскен, Ғалияжан,
Кел екеуміз мінейік тарантасқа!
Ойпырымай, жан сәулем Ғалия,
Қабағың...
Күндей әппақ тамағың.
Қарақаттай көзіңе,
Құмарлана
Ой, ой, ой... қарадым!..»
(Балуан Шолақтың өлеңінен).

Атбасар қаласының күнгей жағындағы Есіл өзенінен қалаға беттеп, кең қара жолмен жұлдыздай аққан, арбаға жегілген бір жорға көптің көзін сүріндірді.

— Бұл кім?— десті жұрт шуласып.

— Балуан Шолақ!

— Е, онда осы сияқты жорға бар ма еді?

— Кеше базарға құлақасқа жорға түсіп еді,— деді біреу,— Челяба қаласынан келген купецтің жорғасы екен. Талай жасқа келдім, талай сұлу жылқыны көрдім, мұндай сұлу жылқыны көрген емеспін.

— Онда иесі неге сатады?!

— Купец салт ат міне ме? Арбадан шыққан жылқы болса керек жануар. Сол мінезінен сатса керек.

— Қаншаға алды?

— Екі жүз сомға.

— Апыр-ай, мына Балуан Шолақ жынданған шығар,— десті көпшілік шулап,— он шақты аттың құны ғой мынау.

— Тегін ақшаны аясын ба,— десті әркімдер,— Қайрақты қаласының сексен өгізін ұрлап алып сатып, соның ақшасымен келді деген.

— Сол купецтің фаэтон жеңіл арбасы бар екен,— деді біреу,— Балуан Шолақ атқа арбаны қоса саудалап, жүз сомға алыпты. Жұрт Балуанның ат пен арбаны сонша қымбат алуына бір таңданса, екіншіден жұртты таңдандырғаны,— арындап арбаға жүрмей қойған атты Балуанның фаэтонға жегіп жүріп кетуі!..

— Жылқының перісі емес пе ол? Оған таңданатын ештеңе жоқ,— десті әркімдер.

— Қасындағы кім?

— Ғалия!..

— Қайдағы Ғалия?

— Ақмоладан келген қымызшы Біржанның қатыны.

— Оны неге беріп қоя берген бұған?..

— Әңгімесі көп көрінеді оның...

Жұрт солай дабырласып тұрғанда, аяғын зырылдауықтай шапшаң басып, құстай ұшқан Құлақасқа көзден ғайып болды. Олардың құлақасқамен осылай жүруіне, міне, бүгін үшінші күн...

Ғалияның үйіне барып қымыз ішкен Балуан Шолақ ұзақ отырмай, жұмысым бар еді, деп кетіп қалды да, кешке айналып сол үйге қонуға келді. Көз қарасынан мінезі жеңіл ме деп ойлап қалған Балуан Шолақ, Ғалияға ауыл әдетін қолданбақ болды.

Ауылда, егер қыздың я келіншіктің қас-қабағы жақсы болса, бозбалаға онымен тілдесу хажет емес, түнде ұрланып төсегіне бір-ақ барады.

Біржанның үйіне осы ниетпен келген Балуан Шолақ-

қа жолы болған сияқтанды,— Біржан әлде не жұмыспен бүгін келмейтін боп кетіпті. «Үй оңаша болды» деп қуанған Балуан, іңірде, өзен жағасындағы тал арасына Ақбозды апарып, аяғына тұсау салды да, үйге қайтып келе жатты. Ойда жоқта алдынан, басына шапан бүркенген әйел кездесті де, жолын бөгеп тұра қалды.

— Бұ кім еді?!— деді Балуан.

— Мен, Ғалия!— деді әйел бетін ашып.

Рас — Ғалия!!..

Ғалияны қалай құшақтай алғанын Балуанның өзі де сезбеді. Соқыр сезім сол жерде есінен тандырған ол, сүйіктісін жерден жаңқадай көтеріп, қалың талдың арасына ала жөнелді.

Ғалия тырмысқан жоқ. Балуан оны қалың шалғынның арасына әкелді де, денесін көме шалқасынан жатқызды. Ғалияда әлі де бұлқыну жоқ.

«Мынау қайтеді?» деп ойлаған Балуан Ғалияның бетіне түрегеп тұрған қалпымен үңілді.

— Тоқтыңыз семіз бе екен?— деді Ғалия.

— Қайдағы тоқты?— деді Балуан түсінбей.

— Ауыл ұйқтап жатқанда қотанға қасқыр ұрланып кіретін де, бір тоқтыны арқалап ала қашатын. Сол сияқты мені қайда әкелдіңіз?

«Батыр аңғырт». Балуан сөзден тосылғандай үндемеді.

— Балуан,— деді Ғалия, басын көтеріп, қасына отырған оның иығына қолын салып,— мен сізді осы араға әдейі іздеп кем ем, тыңдасаңыз үш тілегім бар.

— Неге тыңдамайын. Айт.

— Айтайын!— деді Ғалия жеңіл күрсініп,— нарлығыңызға, «Балуан Шолақ» деген даңқыңызға сүйеніп, тілегімді берер деп айтам. Бірінші тілек — мен туралы талай өсек естуіңіз мүмкін, соның жаманат жағына сенбеңіз; екінші тілек — қалтқысыз көңілмен жүрек жара дос болайық; үшінші тілек — осы базар тарқағанша біздің үйде болыңыз!

Балуан ойланып қалды. Үшеуі де ауыр тілек: Алғашқы тілегін берейін десе, «көлденең өткен көк аттыны құр жібермейді»— деген сияқты өсекті көп естіді, ол өсектің анық-танығына жетпей қалайша «саған сенем» дей алады? Екінші тілек —«дос болу»... Өте үлкен сөз! Өте салмақты сөз! Сырын білмеген адамға «достаса қояйық» деп оңай ма? Ең қиыны — үшінші тілек. Ғалиямен қалай бірге бола

алады ол? Күйеуі ұлықсат ете ме оған. Жаман да болса күйеу аты, еркек аты бар емес пе оның? Ендеше өз бойына лайық, еркектік, күйеулік намысы бар емес пе? Сол намысын таптағысы келгенге, шамасы келгенше қарсы тұрмай ма ол?.. Оның арты неге соқпақ сонда? Бұған дейінгі дұшпаны аздай, тағы дұшпан үстіне дұшпан қоса түсу керек пе? Ол жалғыз болса құба-құп. Егер оның дос-жараны көп боп сойылын соға кетсе қайтпек.

Осы ойлардың салдарынан Балуан тұнжырап үндемей қап еді:

— Орындай алмасаңыз қолқам жоқ,— деді Ғалия оның иығынан қолын алып.

«Өкпеледі» деп ойлаған Балуан ағынан жарылып еді...

— Көп жыл бірге тұрған күйеуімді мен сізден гөрі жақсы білемін,— деді Ғалия,— оның еркі менің қолымда. Бүгін де мен оны, ертеңге дейін оралмайтын жаққа жұмсадым, ойым — сізбен бүгін оңаша болып, армансыз сырласу еді...

— Менің бүгін оралып келетінімді қайдан білдің?— деді Балуан қуланған боп.

— Еркектің әйелге деген бар сыры көзінде тұрмай ма, Балуан?— деді Ғалия күліп,— көз қарасыңызбен айтып аттанбадыңыз ба маған, «кешке оралам» деген сөзді?..

— Ә, солай ма еді?— деп Балуан мойындай қалды да,— ол өз алдына бір сөз ғой,— деді кескінін салмақтандырып — ал, әлгі сөзге келсек, «күйеуім,— еркімде» дегенімен, оның намысын көрінеу көзге таптауға болмайды; көзіне шыққан сүйелдей боп, үйінде бадырайып қалай жатып алам?..

— Сонда не істемексіз? Ұрланып кеп жүрмексіз бе?

— Басқа амал бар ма?

— Сізді жасыра алатын дүние жоғына көзіңіз жете ме, батыр, тегі?..

Балуан үндемеді...

— Жоқ,— деді Ғалия шымыр дауыспен,— ешнәрсе де жасыра алмайды сізді!.. Өзгені былай қойғанда, қараңғы түн де жасыра алмайды!.. Сіздің қайда жүріп, қайда тұрғаныңызды жұрт жасырсаңыз да біледі, өйткені, сіз жұртқа шыққан күн, туған айдай мәлім боп алған адамсыз. Сіз жұрттың бәрін көрмегенмен, сізді жұрттың бәрі көреді...

— Сонда не істеу керек?— деді, бұл сөздерге тағы да шырмалған Балуан.

— Бір жол бар,— деді Ғалия қаярланған үнмен,— бірақ, оған сіз түсе алмайсыз!..

— Мысалы, қандай?

— Әйеліңізден айырылып, маған қосылу!..

— Өзің түсе алар ма едің, ол жолға?

— Түсер ем!.. Ал, сіз?..

Балуан жауап бермеді. Қалай береді,— осы секундке дейін басына тумаған сұрақ бұл.

Жауабын өзі таба алмай қиналған сұраққа, «Ғалия да ойланбай жауап беріп тұр» деп жорыған Балуан:

— Сен де хата айтасын. «Түсем» дегенмен, түсе алмайсын ол жолға, күйеуіңнен айрыла алмайсын!— деді Ғалияға.

— Ендеше, не істеу керек?

— Былайша ғана ойнап-күлу керек...

— Қалайша?

— Белгілі сөз ғой ол!— деді Балуан, ішінен «сондай да сұрақ бола ма екен?!» деп таңданып.

— Қалайша «белгілі?»— деді Ғалия,—«ұрланып жолығу» ма, «белгілі» дегеніңіз?.. Оның несі «ойын-күлкі?»..

— Сонда не істе дейсін?— деді Балуан бұл мағнасыз егесуді доғарғысы келген үнмен.

— Егер қиғыңыз келсе, Балуан, маған өзіміздің өзге ешкім білмейтін ұрлықтың ойын-күлкісі емес, қалың ел білетін жария ойын-күлкі керек.

— Ол қалай болады?

— Мысалы, бір әдемі атты әдемі сайманмен, әдемі тарантасқа жегесіз, екеуміз оған қатар мінеміз де базар аралаймыз және жәй араламаймыз, сырнайлата, әндете аралаймыз, сөйтіп, базардың думаны боламыз. Міне, бұл, жұртқа жария ойын-күлкіміз болады. Жұрт та рахаттанады бұған, өзіміз де рахаттанамыз. Бұлай ойнап-күлуге күйеуімді мен көндіре алам.

Екеуі осыған серт байласты. Серттің куәсы — Біржан болды. «Ғалияның алысқа жұмсауымен,— мен көз таса боп, Балуанға кешке жолығу» деп күдіктенген ол, «барайын» деп аттанып кеткен еді де, былай шыға бой таса ғып, іңірде кейін оралып, атын алысқа тұсап, талды жамылып кеп, Балуан мен әйелін аңдыған еді. Ол екеуінің қалай жолығып не кеңескенін, қастарындағы қалың талдың ішінде отырған Біржан түгел естіді. Әзірге бүлініп-жарылған ештеңе болмағанмен, естіген кеңестері құлағына жаға қойған жоқ. Бұл істің арты немен тынуына көзі жетпеген ол,

«ең жақын міндетім» деп, Балуанның бүгін түнде Ғалиямен қашуына бөгет жасауды есептеді. Сол мақсатпен ол, үйі ұйқыға жатады-ау деген кезде, алыс жолдан оралғандай, атын дүбірлете аяңдатып кеп, дыбысын сездіргісі келгендей, үйінің сыртына қақырына-түкіріне түсті.

— Иеміз келіп те қалды!— деді ол дыбысты таныған Ғалия, іштей әрі қуанып, әрі ренжіп.

— Ренішті — бүгінгі түнді Балуанның құшағында өткізбек еді, күйеуі ол үмітін кесті; қуанышы — бүгінге дейін адал келген неке суына, бүгін арам тамшы қосу, су орнына у ішердей жүрегін лоблыта бастаған ол қиналудан күйеуі құтқарғандай болды.

Қасына жатқан күйеуімен сыбырласқан Ғалия, оны өз ырқына көндіріп барып ұйықтады. Сондағы айтқан сөзінің тоқетері: «Ойыным мен сауығыма бөгет болмауға басынан көнген едің ғой, сен? Адал некемізге арам жұқтырмауға мен уәде берейін, Балуанмен базарда серуендеуіме бөгет болмауға сен уәде бер».

Осы тақырыпта айтылған ұзақ сөздің қорытындысы сияқтанған бұл өтінішке, Ғалияның дегенін екі етпеуге дағдыланған Біржан қарсылық айта алмады. Оның, тек қана айтқаны:

— Қайдам, жұрт көзіне ерсі көрініп жүрмесе, өзің біл!..

— Жұрттың не десе де еркі,— деді Ғалия,— ел аузына қақпақ бола алмайсын. Бір бірімізге өзара сенсек болғаны. Мен саған сендім. Ал, сен өзің маған сенесің ғой.

— Әрине!— дей салды Біржан.

Көкейінде «сенбегенде амалым қанша!» деген сөз тұр. Ол сөзді сыртына шығара алмайды. Ғалияның көңілін қалдыру былай тұрсын, кірбің салуға да жоламай дағды алған ол. Неге екенін өзі де білмейді,— Ғалия жоқ жерде оған өмір жоқ сияқтанады, онсыз күні,— қараңғылық сияқтанады, айы да, күні де Ғалия сияқтанады, оның көңіліне қаяу салу, айы мен күнінің бетіне кір жағу сияқтанады...

Бұған дейін сөйтіп келгенде, Біржанның жанын толқытарлық хаупі болған да жоқ еді. Қазір олай емес. Мынау «Балуан Шолақ» деген оның бұрын көрмеген «аңы». Бұрынғы «аң» деп жүргендері, бұның қасында, арыстанның қасындағы борсық сияқты. «Бұл бір жұтпас,— деп қорқады Біржан Балуаннан,— егер жұтса, түйені түгімен, биені жүгімен... дегендей мол қылғыр!.. Бұның аузына ілеккенді суырып алу да қиын болар!..»

Осыны айтайын десе, «көңілін қалдырам ба» деп Ғалиядан қорқады, айтпайын десе, «асап қою» хаупі бар!.. Ғалияның «маған сенесін ғой?» деген сұрауына «сенем» деген нық жауап бермей, «әрине» деп былқ ете түсуі сондықтан...

Ерінен рұқсат алуын Ғалия ертеңіне естірткенде Балуан Шолақ қуанып кетті.

Жігіт екен ғой, оның өзі!— деген сөз шығып кетті оның аузынан,— дос болуға да жарайтын жігіт екен ғой ол!.. Бірге серуендесек қайтеді өзімен?

— Егер, көнсе.

— Неге көнбейді?..

— Артық жүріс, тұрысты ұнатпайтын адам...

Ғалияның сөзі тура шықты. Онымен базарда бірге серуендеу үшін, жоғарыда аталған Құлақасқа жорғаны арбасаймanымен сатып алған Балуан, Біржанға бірге жүруді ұсынған еді, «бұндай іске бейілім жоқ еді, Ғалияға берген ұлықсатым ұлықсат, өздерің серуендей беріңдер!» деді.

Құлақасқаның фаэтонына мініп Балуан мен Ғалия жөнеле бергенде, ішінде лаулай жөнелген қызғаныш оты Біржанды да үйіне отырғызбай атына еріксіз қондырды. Оның ақылшысы,— әрі болыс, әрі бай, ауылда да, Ақмолада да салығы бар Ыспан дейтін адам еді. Кеше де ол Ғалия жұмсаған жаққа бармай, сол — Ыспанға соғып, Балуан Шолаққа деген күдігін айтқанда:

— «Қасқырдың ұлығаны — жеймін дегені» депті аталарың,— деді Ыспан,— Балуан Шолақ бекерге ұлитын қасқыр емес, ұлыса жейтін қасқыр. Ұлыды ма, қатыныңа қарап?—«жеді» дей бер оны. Осы түннің өзінде жеп кетіп жүрмесін ол. Жемесін десең, ізіңмен қайт үйіңе!

Қайтпақ болған Біржанға:

—«Аңдушы алмай қоймайды» депті аталарымыз,— деді Ыспан.— Торуға кірісе, қапыңды табады ол...

— Таптырмау үшін не істеу керек?

— Оны кейін ақылдасайық. Бүгін үйіңе қайт. Әуеле Балуанның үйіңе оралу-оралмауын біл, соған қарап айла жасайық.

Ертеңіне Біржан оралып кеп естіген-білгенін айтқанда:

— Келді ме, жорамалым?— деді Ыспан, Біржанның салмағын молайта түскісі келгендей.

— Дәл келді. Әулие екенсіз!..

— Енді бұдан құтылу оңай,— деді Ыспан.

— Қалай?..

— Оны кейін білесін. Саған тапсырарым,— қатынның серуендеуіне бөгет болма...

— Со бетімен алып қашса қайтем?

— Оны істемейді Балуан Шолақ. Сертіне ол берік жігіт. Кешке кеп үйіңе қонам десе қонады ол.

Ендігі сөзді ертең кеңеспек боп Ыспан Біржанды үйіне қайтарып жіберді. Оның Біржанға «кейін білесін» дегені, өткен күні, Атбасарға жиналған болыстардың бәрін ояз шақырып алған еді де, «Егор Пропадконың өгізін ұрлаған қашқын — Нұрмағамбет Баймұрзин осы базарда жүр дейді, жалған аты «Балуан Шолақ» дейді, халық өзін аса жақсы көреді дейді, олардың арасынан ұстау да қиын дейді, ал, енді сол адамды қалай ұстаудың амалын табыңдар» деген. «Табамыз» деп уәде берген болыстар. «Бірақ, бұл істі өте жасырын түрде істеңдер!» деп тапсырған ояз.

Осы әңгіменің ішінде болған Ыспанның құлағына Біржаннан естіген хабар жаға кетті. «Көптің ішінен ұстау қиын еді,— деп қуанды ол,— серуенде жүргенде ұстау оңай. Бұны оязға хабарлау керек».

Біржанға бұл ойын айтпауы —«сөз тарап кетер» деп қорықты.

Хабар тиген ояз, базарда тәртіп сақтау ісінде жүрген Казачая сотняға «қапысын тап та қамап ұста!» деген бұйрық берді.

Ғалиямен қатар мініп, сырнайда тартқан әнге қосыла, Құлақасқаның екпінді жорғасымен сілтеп келе жатқан Балуан Шолақты кейі салт, кейі жаяу бір топ солдат алдын бөгеп тоқтатты да, қоршап ала қойды.

— Бұ не пәле?— деді, түсі құп-қу боп кеткен Ғалия, дірілдеген дауыспен.

— Пәле боп бізге не қылады?— деді Балуан,— не ақысы бар бізде, бұл солдаттардың?

Олардың Балуан Шолаққа не істеуін баяндардан бұрын, оқушыларды «Казачая сотня» аталатын бөлімшенің хал-жайымен таныстырып алайық.

Бұл сотняның тұрғылықты мекені — Көкшетау сыртындағы Айдабол дейтін жер. Анда-санда адамы жаңарғанмен сотняның осы өлкеге пайда болуына көп жылдар өтті. Ол ең алғаш 1739 жылы, Абылай хан Россияға бағынуға ант бергенде құрылып, «тәртіп сақтауға» хан ордасына жіберілді. Абылай ханды, оның баласы Уәли ханды, қолынан

өткерген сотня, «дала тиыштығын сақтау» ісінде қалып қойды... Үкімет бұл сотняны: Көкшетау, Атбасар, Ақмола — үш ояздың орталығы деп Айдаболға қойды. Атбасарда базар ашылғалы, сотняны жылда «базар тәртібін сақтауға» жібереді.

Сотняның солдаттары соңғы жылдарда бірнеше рет жаңарғанмен, атаманы көп заманнан өзгерген жоқ. Ол: сөмпектеу келген ұзын бойлы, ұрты ішіне кірген қушық бетті, иегінің ұшын ғана қасқалап қырғаны болмаса, сақалы мен мұртын тұтас, ұзын ғып өсірген, ойнарқы кішірек қара көзді, қайқы мұрынды, кең танаулы, ұзын қасты, сақал-шашы ағарған, қара сұр казак-орыс. Оның туып өскен жері Айдаболға жақын — Зеренді тауындағы казактардың станицасы, тұқымынан байлар да, генералдар, полковниктер, атамандар да көп шыққан. Біз сипаттап отырған атаманның аты Захар. Орыс та, қазақ та оның фамилиясынан гөрі атын жақсы біледі. Қазақтар оны «Көктеке» дейді.

Көктеке өзімен теңдес біреу болмаса, өзгемен қамшы я жұдырықпен сөйлеседі. «Қолы тастан қатты» дейді таяқ жеушілер. Оңай олжа табуға да шебер ол, жоқтан сылтау тауып кім көрінгеннен қорқытып пара ала береді. Станицада бай шаруасын қорқытып ұстайтын жалшыларына тегін баққызады. Ол әсіресе қазаққа өш, кез келген қазақты сабау — оның өміріндегі «бір рахаты»...

Көктекенің қаһарлы атын Балуан Шолақ та естіген. Зорлықшылдың бәріне өш Балуан, біреулер Көктекені жамандаған әңгімелер айтқанда, «шіркін, маған бір кездесер ме еді?!» деп кіжінетін еді, міне, енді, сол тілегі бола кетті,— оны солдаттар, Көктекенің бұйрығымен қоршады, өзі ішінде тұр. Балуанды ол — ояздың «ұстап бер!» деген әмірімен қоршады.

Ол да Балуан Шолақ туралы көп әңгімелер естіген еді және ол әңгімелер Көктекеге ертегі сияқты боп жеткен еді. Қара күші болмаса, сана-сезімі топас ол, Балуан туралы ертегілердің біразына нанған сияқтанып, көруге құмартып жүретін еді.

Міне, енді «ертегінің ерін» алдынан тосып тоқтатқан ол, қазақша шалағай білетін сөздерімен тіл қатпақ боп, солдаттарды кимелей Балуанға жақындады.

— Кімдікі парен сен?— болды оның бірінші сөзі.

— Мен — Балуан Шолақ!— кім екенін жорамалдап.

— Аһа!.. Понимаю!.. Естіген!.. Сен үлкон казак!.. Здоровый!.. Молодчина!.. Қайда барады, сен?..

— Базар аралап жүрмін...

— Сені ояз шақырған, мен соған тоқтатқан...

— Менің оязда жұмысым жоқ.

— Онықі жұмыс сенде бар...

Көктеке қылжақ қылып тұр екен деген оймен, Балуан атының басын кейін бұрайын деп еді, божысынан Көктеке ұстай алды...

— Жібер!— деді Балуан, божыны жұлқып.

— Жоқ, мен сені жібермейді, оязға апарады!— деді Көктеке түсін суытып ап.

— Жібер!— деп божыны тағы жұлқығанда, қолына жармасқан Көктекені кеудеге салып кеп жіберді. Көктеке шалқасынан түсті. Сол ашумен атты құнтпен тартып-тартып жібергенде, жаны ышқынған ат, қамаған солдаттарды кеудесімен қағып, тарта жөнелді. Арба жалтарған шақта Ғалия төңкеріле құлап түсіп қалды... Оны байқаған Балуан атын тежей беріп еді:

— Қарама маған! Өзің құтыл!— деп Ғалия айғай салды. Содан ба, әлде қызған ат киіп әкетті ме, Балуан Шолақ жөнеле бергенде:

— Ат!— деген дауыс естілді.

Бірнеше мылтық қатарынан гүрс ете түсті. Құлақасқа омақата құлады. Арба төңкеріліп түсті, Балуан ұшып кетті.

— Өлді!..— деп шу ете қалды қарап тұрғандар...

Балуан Шолақ тұрып үлгермей солдаттардың қоршауында қалды...

Солдаттар оны құрғақ қолмен емес, найзалары сүйиген мылтықты қолмен қамады, егер құрғақ қолмен қамаса, алыса кеткенін ұшырып жіберер еді де, денесіне қол дарытпай, сытылып шыға келер еді. Мылтыққа амалы болмай қалды оның. «Батыр — бір оқтық» деген аталарының мақалы түсті оның есіне. Дәрменсіздігін көрген ол, солдаттарға «ұста да, байла!» дегендей, артына қайырған қолдарын тоса берді...

Ертеңіне Балуан Шолақтың аяқ-қолына кісен салынды да, пар атқа жеккен күймелі арбамен, салт мінген, елу солдаттың қоршауында, Көкшетауға айдалды.

Балуанға жаны ашитын жігіттер «жолда тосып тұрып тартып аламыз» деп еді және ол ойларын орындамақ боп

әр жерге тосқауыл да қойып көріп еді, нақ «иә, бәсе»
келгенде мылтыққа қарсы шаба алмады. Олардың да кү
сіне айтқан сөздері «батыр — бір оқтық» деген р
екен-ау!..

17. АБАҚТЫДА

Абақты азап орны, жайнаған шоқ,
Басқаным от сияқты, ішімде дерт.
Кіргізген камерына қарап тұрсам,
Ішінде менен басқа адам да жоқ.
Өнерсіз атқа мініп неге керек!
Тудым мен өнерпаз боп елден ерек.
Есікті шегіншектеп сүзгенімде,
Ұшырдым тақтайларын төртке бөлек.

(Балуан Шолақтың өлеңінен

Балуан Шолақ Көкшетау түрмесіне жабылды. Он оңаша бөлмеге қамады. Балуан ішіне кіре төңірегін көзіме шолса, темірмен торланған биік, кішкене терезесі бар, кір леген қара сұр қабырғалы, төбесі тапал, сәкіге винттеп тас таған темір кроваты бар, оның үстіне кір кенеппен тыста ған көрпе тастаған, босағасына «үштік» аталатын кішкен керосин лампы ілген, сәулесі күндіз де күңгірт бөлме екен

Тар бөлмені қамаудағы арыстандай күңірентіп Балуа Шолақ аз жүрді де кроватқа келіп отырды. Көрпе деген сабан екен. Не істерге білмеген Балуанның көзіне, бөлме нің қалың қарағай тақтайдан жасалған есігі түсті. Бір оқи ға есіне кеп кетті оның.

Бұдан бірнеше жыл бұрын, күзге қарай, ауылда шылда хана болды. Ойынға Шолақ та қатынасты. Жақын арад қарағайдан қиған жалғыз ғана бөлме еді бұл. Шылдахана ға жиналған жұрт ішіне әрең сиған үйге ас та даярланға соң, іші ысып кетті де, жанып тұрған керосин лампы сөні қалды. Оны тұтатпақ боп әркімдер әуре боп жатқанда үй дегілердің тынысы тарылып, дем алуға болмай қалды.

— Тұншығып барамыз,— десті әркімдер — есікті аш тын екен!

Біреулер ашайын десе, жасаң қарағайдан жасалған есі ісініп тас боп бекіп қапты,— тепкілейді — ашылмайды, балтамен ұрады — ашылмайды!..

— Енді қайттік?!— деп үйдегілер сасқанда:

— Жол беріңдер маған,— деді біреу.

— Кімсің?

— Балуан Шолақпын. Есікті мен ашып берейін.

— Ал, аш!— деп есік жақтағылар сырыла бастады.

Қараңғы жолында әркімге соқтығып, жығыла-сүріне есікке жеткен Балуан, қолымен толғап еді, есік болар емес! Өкшемен теуіп еді қозғалмайды. «Мынау қайтеді?» деп ерегіскен ол, шегіне беріп, төбесімен сүзіп қалды. Есік жалп етіп шалқасынан құлады. Содан кейін от та жанды, лампы да тұтанды. Жұрт далаға шығып қараса есіктің топса темірі омырылып кеткен екен!..

Абақтының тар, күңгірт бөлмесінде отырып осы оқиға есіне түскен ол, жұдырығын түйіп алып есікті қойып кеп жіберді. Қалың қарағай есік, екпінді күштің тегеурініне шыдамай, орта тақтайлары омырылып, шалқасынан түсті.

Торды үзген арыстандай ол сынған есіктен сып беріп шыға келсе, кең коридордың екі жағынан да мылтықты күзетшілер жүгіріп келеді екен.

Таныс мылтық!.. «Батыр — бір оқтық!».

Балуан Шолақ қарсыласпады. Күзетшілер оған сөзі жеткенше ұрысты да, басқа бір бөлмеге тағы кіргізді. Ол — кең бөлме екен. Іші лық толған адам: біреулер отыр, біреулер жатыр, біреулері түрегеп жүр... Бәрінің кескін-кейіптері абақты бөлмесінің қабырғасындай қарасұр, бәрінің де көздері абақты бөлмесіндей күңгірт.

Балуан Шолақ кең бөлмеге кіргенде, оны бір топ адам қоршап алды. Бәрінің сұрауы біреу: «Кімсің? Жазығың не?»

Сазарған Балуан жауап бермей, жаңа ұсталған жолбарыстай жан-жағына қабағын түйе, тесірейе қараса, қоршағандар — түгелімен арық, түгелімен желқом — жыртық киімді. Бұның үстінде ылғи жаңа және жақсы киімдер...

Жыртықтардың бір тобы бұған қадала қарап қоршай қалғанда, еңгезердей біреуі таянып келді де:

— Шеш, киімдеріңді!— деді.

— Неге?!— деді Балуан таңданған кескінмен...

— Біз киеміз.

— Өзім қайтем?..

— Сен мына, біздің киімді аласын!..

— Иә, біздің киімді аласын!— деп ду ете күлді, қоршағандар, құрсауын тарылта жақындап.

«Мыналар қайтеді?!» деп сескене бастаған Балуан, ығысыңқыраған бейнемен:

— Әй, естерің дұрыс па, өздеріңнің?!.. Жыным бар ма менің жақсы киімдерімді сендерге беріп, өзім сендердің құрымдарыңды ілетін?

— Шешемісін, жоқ, па?— десті қамағандар, енді түстерін суытып, өздері шешіп алуға ыңғайланып.

— Жоқ!— деді Балуан, ақырған қатты дауыспен...

Көп адам оған жабыла кетті... Ол алыса кетті!.. Күшінің көптігінен бе, әлде аналар шетінен әлсіз бе,— жабылған адамдарды Балуан шопақ құрлы көрмей, жұлып алған тымақтай жан-жағына шашырата ұлақтырып-ұлақтырып жіберді!.. Маңында адам сиреп қап, бірен-саран жақын тұрған адамдар ұстауға бата алмаған кезде:

— Кәне, қайсының барсын, тағы да!— деді Балуан алысуға ыңғайланып,— келіңдер, алысуға ойласаңдар!..

Әлгі арпалыста қолының тегеуріні қаттырақ батты ма, немесе, әлдері келмеуіне көздері жетті ме — ұмтылушылар болғанмен, ешкім жақындап кеп ұстаса қоймады.

— Бұл не қылған балуан? Кім өзі, мұнша күшті?!— деп шулағандарға:

— Мен, Баймұрзин Нұрмағамбет!.. Халқым қойған атым — Балуан Шолақ!— деді ол енді еркінсіп ап.

— Нұрмағамбет!— деген сөз сап ете түсті оның құлағына.

«Бұл кім?» деп ойлауға үлгертпей, әлдекім оны құшақтай алды.

«Алысқысы келген біреу ме?» дегендей, Балуан оны денесінен итермелейін деп еді.

— Нұрмағамбет!.. Мен!.. Андрей!..— деді құшақтаған адам.

Андрей Кургановтың даусы!.. Бірақ, кескін-кейіп оныкі емес,— бет-аузын қауғадай сақал жапқан біреу!.. Үстібасы далба-дұлба!..

Ол расында да Андрей болып шықты. Досын тар жерде тапқан Балуан баладан жаман егіліп жылады, оны ұзақ уақыт уату қиын болды...

Уанғаннан кейін сұрастырса, алыстағы Сібірге айдауға кеткен Андрей жуық арада қашып келген екен де, қолға қайта түскен екен. Ол абақтыдағыларға қысқаша Балуанның кім екенін таныстырды. Одан әрі шұңкілдесіп сырласулар кетті...

«Мен не қылдым, япыр-ай жақыныма?!
Тұзым ащы жақынға татыды ма?
Абақтыда жатқанда бір келмеді —
Шолақ қол батқаны ма тақымына?»

(Балуан Шолақ өлеңінен)

Балуан Шолақ абақтыда айға жақын жатты. Оны сыйлайтын адамдардың қолынан келгені — дәм татыру. Қолдарынан келер басқа ешнәрсе жоқ. Достарына риза Балуанның ренжитіні — туысқан ағайындары, әке-шешесі, ағасы — Төлеубай, әйелі — Балқаш. Балуан абақтыға түскелі олардың ешқайсысы ат ізін салған емес, дәм әкелген емес.

«Бұл қалай?!— деп таңданды Балуан Шолақ.— Естімей жатыр ма? Естісе неге келмей жатыр?!»

«Ағайыным момын еді,— деп ойлады ол кейде,— көлеңкелерінен қорқатын еді. Олардың келмеуіне себеп сол шығар; мұндайда от пен судан тайынбайтын адамның алған жарымен, ата-анасы болар еді. Олардың да тым-тырыс жатуы неліктен екен?! Әлде, Балқаш менің Ғалиямен аз күн сайрандағанымды естіп, қызғанып, қызғаныш аяғын тұсап жібермей ме екен?»

Атбасардан конвоймен жөнелтерде Ғалия Балуан Шолаққа анадайдан амандасып, артынан іздеп барам деп қалған, одан да хабар-ошар жоқ.

«Адамның сезімі алдамаса, Ғалияға сеніп ем, жолымда жанын қияр дос таптым ба деген ем. Іздеймін, келемін деп уәде айтуы қалай? Уәдесін орындамауы қалай? Шіркін, оның да опасыз болғаны ма? Әлде, сорлыны жаман, қызғаншақ күйеуі арқандап жібермей жүр ме?»

Ғалияның келмеуі туралы Балуан Шолақтың жобасы дұрыс еді.

Ақмола қаласының күнгей жағында, отыз шақырымдай жерде «Майбалық» атты шалқар көл бар. Сол көлді айнала мекендеген Арғын руының Ағыс атанатын бұтағында болатын. О да серілеу, ауқатты, оның үстіне, «білсе барымта, білмесе сырымта» дегендей, өштескен адамын ұрлап құртатын озбырлығы бар адам да.

Ғалияны қыз кезінде алам деп талпынғанның біреуі осы Қордабай да, бірақ, әкесі — Тілеу көп қалыңмалға емексігенмен Ғалия көнбеген еді. Арманда қалған Қордабай Ғалиядан келіншек болған соң да күдер үзбей, «тым

болмаса ойнап-күлуіңді қимаймысын»— деп қыңыратқи беретін еді. Ішкі ойы алыс жатқанмен, Ғалия Қордабайдың жігітшілік әзіл-оспағына қызығып, қалжыңның ұзын арқан, кең тұсауынан босатпайтын...

Ғалияның Атбасар базарына баратынын естіген Қордабай, «қанша қашаған болғанмен, осы жолы бұғалығыма неғып ілікпес екен?»— деп дәмеленген.

Атбасарда Ғалияның көңілін аулауға Қордабай күн бұрын қам жасап, Қарқаралы жақтағы өзектес ұрыларына хабар айтып, мойны алыс жерден бір айғырдың үйірі — 15 шақты қысырақты алдырды да, Атбасарға айдады.

Ғалия мен Біржанды ол жолда жолықтырып, Атбасарға бірге барды. Жолшыбайғы әзіл сөздерінің арасында Қордабай Ғалияға 15 байталды сол үшін әкеле жатқанын ұқтырды. Ондай өзеуреп, жоққа шабылатын жігітті олжалану Ғалияның кәнігі болған ісі еді. Бұл ойын күйеуінен жасырмай, құрғақ ойын-күлкіден қызғанбауына уәдесін алды.

Ғалия емексіткен соң Қордабайда ес қалған жоқ. Он бес байталдың ақшасын судай сапырған оның негізгі тұрағы Біржанның үйі болды. Ғалия оған Біржанды аз күнде Ақмолаға қайтаруға уәде берді. Бұл қулықты шынға жорыған Қордабай тіпті шала бүлінді...

Балуан Шолақ келгенде үйде жоқ Қордабай, ол аттанып кеткесін келді. Жігіттер оған Ғалияның қас-қабағы Балуанға қалай болғанын айтты.

Аяғын тік басқан еркекте, өзінен артық адам бар деп ойламайтын еді Қордабай. Балуан Шолақтың атағын естіген еді. Жұрты Балуанды «пәлен-пәшпеден» деп көтермелегенде, «өй, тәйір-ай, кім дейсін, сонша ардақтайтын,— деп ойлайтын еді Қордабай — о да біз сияқты бір қатыннан туған шығар!.. Ол да біз сияқты, екі аяқты, жұмыр басты пенде шығар... Азар болса күші артық шығар, одан басқа несі артық дейсің? Күшімен кімді жеңеді ол? «Білегі толық бірді жығады, білімі толық мыңды жығады», білімі артық болмаса болғаны!».

Жігіттер Ғалияның Балуан Шолаққа қылмыңдауын айтқанда, Қордабай мұрнын шүйірді:

— Қой, әрі!— деді ол.— Соны да сөз деп айтып отырсыңдар ма? Жолап көрсін, Ғалияға,— күшті болмақ түгіл, бұл заманның Әзрет Әлісі болса да, әлегін аспаннан келтірейін!..

Балуан Шолақ Ғалияға оралып келген түні, онымен

табақтас бола-тұра, Қордабай ойдағы қайратын көрсете алмады. Не ғажабы барын білмейді,— қанша сұқтанғанмен, батып сөз айта алмады, бойынан сығымдап әкелген намыс пен ашу, не тіліне, не білегіне орала алмады. Ғалия азғырылып болды деп түсінген ол, қапысын тауып Балуанды атпақ та болып еді, реті келе тұра қолы көтерілмеді...

Қордабай осындай толқымалы халде жүрген кезде Балуан Шолақ ұсталды.

«Балуан Шолақ ұсталды»— деген хабар базаршылар арасына найзағайдан тез тараған еді. Бұл хабарға қуанушылар да, қайғырушылар да болды; қуанушының біреуі — Қордабай.

Ұсталған Балуан Шолақты солдаттар Атбасар қаласының желкесіндегі қазармаға алып жөнелерде, сол араға Қордабай да жеткен болатын. Ол барған кезде Ғалия талықсып жатыр екен.

— Әкел, маған!— деді Қордабайдың қаталдығы шектен шығып, салт аттың үстінде тұрып,— әкел, қаншықты, өлімтігін күйеуінің үйіне апарып тастайын!..

Сол араға жиналған жігіттер талықсыған Ғалияны көтеріп әпергенде, Қордабай лақтай алдына өңгеріп алып, қымызға тігілген үйіне қарай шапты да кетті.

Үйіне барып есін жиған Ғалия Балуан Шолақтың соңынан кетпек боп еді, Қордабай қайрап қойған Біржанның сөзі қысқа болды:

— Мойныңа тағылған арқаның мен екенім есіңде болсын,— деді ол,— тырп етіп көр, қалай қылғынар екенсің!..

Ғалияны Біржан мен Қордабай арқанмен сүйрегендей Ақмолаға алып қайтты. Ғалияның Көкшетауға, Балуан Шолақтың артынан келе алмаған себебі осы.

Енді Балқаштың келмеген себебіне тоқталайық:

Балуан Шолақтың ұсталғанын оның елі, Көкшетауға жетпей естіді. Өзге туыстарымен бірге, бұл оқиғаға Балқаш та ағыл-тегіл жылады.

Жұрттың бәрінен көп жылаған Қалампыр. Бірақ, ол, жылай отыра, қайғылы дүйім жұрттың бәрінен артық қайрат көрсетті.

— Балқаш, шырағым!— деді ол, хабар естілген күні кешке,— жылаумен Нұржанды құтқара алмаспыз. «Болған іске болат бол»,— дейтін Әткем. Белді бекем буайық. Төлеубай екеуің жассыңдар ғой, аяқ-қолдарың жеңіл, Көкшетауға аттаныңдар, Нұржанға ас апарып беріңдер.

Балқаш бұл сөзді мақұлдады. Ұлықтың пара алатын

кезі. Параға беруге өз қолдарында пұл жоқ Баймырза, «ел ақтап, жылу жинасам қайтеді»— деп еді, Қалампыр ұрысты.

— Жігерсіз бар болғыр!— деді ол,— енді сұраншы болуың ғана қалып еді. Досқа күлкі, дұшпанға таба болғың келіп пе еді? Жаны ашыған ағайын болса жәрдемін берер, бермесе ешкімнен ешнәрсе сұрама!

Төлеубай бір байдың жылқысында еді, иесі оны «шықсаң біржола кет, әйтпесе жібермеймін», деп босатпады. Оның істеген «рахымы»— Төлеубайдың ақысына уәде қылған қойын күн бұрын берді. Сол қой сойылып, көршілердің біреуі атын беріп, Балқаш пен Баймырза піскен етті арбаға салды да, екеуі Көкшетауға жүріп кетті.

Ауылдан ерте шыққан олар, күн түске тармаса бір көлдің жағасына кеп ат шалдыруға тоқтаса, сол арада Атбасардан қайтқан Тоқсанбайдың Сыздығы, Жұманның Әлжаны, тағы сондай мырзалар жатыр екен. Баймырза мен Балқаш солардың қасына жақын жерге ат ағытты.

Ат шабандау және арықтау еді. Баймырза атты арбасынан ағытып көл жағасына апарды да, аяғын тұсап, қасында қисайып жатты. Балқаш арбаның үстіндегі астауға салынған піскен етті, жыныгып кетер деп жайды.

Балқаш пен Баймырзаны анадайдан таныған Сыздық пен Әлжан олардың қайда бара жатқанын айтпай-ақ жобалап, өзара сөйлесті.

— Жаман Баймырзаның мына қимылын қарай гөр, жасаған!— деді Әлжан,— бұған да намыс бітіп, тұтқындағы кісіні іздейтін болған соң, өзгеге не жорық!..

— Түсінбей айтасын,— деді Сыздық,— кешегі жаман Баймырза бүгін жақсы бола қалды деймісің? Оны жақсы ғып отырған кім екенін білемісің?

— Кім?

— Қатыны Қалампыр. Баймырза соның айдауымен келе жатыр. Ол қолының қысқалығымен ғана қотанға сиып жүрген қатын. Егер ауқатты адамның қатыны болды бар ғой, ел билеген бәйбішенің біреуі болар еді.

— Анау арбасының қасында қалған әйел келіні болды ма екен?

— Әрине.

Екеуі де ойлап Балқаштың атын таба алмады.

— Кім болса да мейлі,— деді Сыздық,— ал, енді, біз бір қызық істейік («Не істейміз?» дегендей, Әлжан оның

кескініне қарады). Осы қатынды азғырып кейін қайырайық.

— Қалай?

— Ғалиямен Атбасардағы қылығын айтсақ, тулауы мүмкін. Өзін қызғаншақ қатын дейтін.

— Егер оған болса!

— Болдырамыз. Жүр, барайық!

Сыздық пен Әлжан Балқашқа барып амандасты, жол сұрады. Балқаш жол жайын айтты.

— Осындай қатыны бар кісінің арманы бар ма екен?— деді Сыздық Әлжанға,— біздің басымызға жаманшылық келмесін де, егер келе қалса, қатындарымыз үйден де шықпас еді, бар бітіргені жылау болар еді. Міне, қарашы, жұрттың қатыны еркек сияқты! Ерге — ер, серіге — сер.

— Осал қатын алса ол Балуан Шолақ бола ма?— деді Әлжан Сыздыққа көзін қысып қойып,— елден таңдап алып қашқан қатыны емес пе?

— Жаман қатындар бізді төсектің құлы деп ойлайды, аяғыңды қия бассаң қызғанып, төбеңе әңгіртаяқ ойнатады. Біздің күнә-сұмдығымыз Балуан Шолақтың қасында — дария қасында шұқанақтай. Міне, ақылды қатын мен ақылсыз қатын осындай таршылықта байқалады (көзін қысып), қарашы, мына ақылды қатынды. Балуан Шолақтың қанша күнә-сұмдығын біле тұрса да, артынан іздеп келе жатыр! Біз осылай болсақ, қатындарымыз артымыздан күл шашып табалар еді.

— Балуан да қатынына сенген соң солай еркін жүреді де. Егер сенбесе, кеше, Атбасардың айдай-әлем жиналған қан-базарында қымызшы Ғалиямен ашық сайрандар ма еді?..

Манадан бері елеусіз тыңдаған кеңеске Балқаштың құлағы түріле қалды. Базардан ерте қайтқан бір құрбысы, бұдан бұрын да қалжыңдаймын деп Балқашқа Балуанның Атбасарда Ғалияға әуліккенін айтып қойған еді. «Қайтер дейсін, басы-байлы меншіктенбес»— деп Балқаш сыр бермеген болғанмен, ішінде қызғаныш оты лаулап, егер анық болса Балуан келген соң жанжал шығармақ еді.

Міне, сол сөз енді жолынан тағы кездесті. Қызғаныш оты ішінде тағы лапылдаған ол, Сыздық пен Әлжанға сыр бере қоймай, қалжыңмен әңгіменің анығына жетпек болды. Осы қулықпен әзілдескен оған Сыздық пен Әлжан Балуан Шолақтың Ғалиямен базарда қалай сайрандағанын өсіре айтып берді.

Сыздық пен Әлжан Балқаштан қулығын асырды. Қалжыңдасам дегенмен оның ішінде қызғаныш оты жанып жатқанын екі қу айтпай-ақ ұқты. Сондықтан олар, қоянды тосқауылдап қуған қасқырлардай, Балқашты қақбақылдап, кезек-кезек қызғаныш отын үрлей түсті.

Басында сыр бермеген Балқаш, Ғалия кеңесі айқындалған кезде ызаға шыдамай жылап жіберді.

— «Құлақ естіген өтірік, көз көрген шын» деген,— деді Сыздық жылаған Балқаштың қызғанышын қоздата түсірейін деген мақсатпен,— Көкшетауға барсаң, Ғалия алдыңнан кездеседі.

— Айтпақшы, солай екен ғой,— деді Әлжан,— Ғалия Балуанның артынан кетті деген.

— Кеткенің не?— деді Сыздық — мен өз көзіммен көрдім. Бізбен аржағынан бірге кеп, дәл, мына, Көкшетау қаласының желкесінен айырылды. Біз сұрағанда — «жетсе, мал, жетпесе бас, ізденем» дейді.

— Сонша құмарлануына қарағанда, осылардікі жай ойын-күлкіден артығырақ-ау, деп ойлаймын,— деді Әлжан.

— Ойын-күлкің не?— деді Сыздық кейіген боп,— Атбасардың имамы — Әлғазы ишанға барып неке оқытқанда ішінде болған кісі бар.

— Ә, онда, мына замандастікі арамтер ғой.

Балқаш жылауын үдетіп жата кетті. Мақсаттары орындалғандай болған Сыздық пен Әлжан орындарынан тұрып жүре берді.

— Ойдан шықты,— деді Сыздық кетіп бара жатып,— артын бағайық, немен тынар екен?

— Баймырза ақылына түсіріп жүрмесе?!.

— Долы қатын дейтін. Оған көнбес. Көнсе барсын. Қызғанышын бір тұтатуға тұтаттық. Енді оны сөндіру оңай болмас.

Аздан кейін атын суарып, қайта отқа қойып Баймырза келді. Келсе келіні жылап жатыр. Әлгі келген адамдар тағы бір жамандық хабар айтты ма деп зәресі кеткен Баймырза, олардың не айтқанын сұрамақ боп, сөзін:

— Шырағым, жылама! Жамандық шақырма! Жаны аман болса, аз күнгі азабы дәнеңе етпес!— деп сыпайылай бастап еді:

— Өлмесе өрем қапсын!— деді Балқаш басын жерден жұлып алып.

— Кімді айтасың?!— деді Баймырза түсінбей.

— Баланды!..

— Қай баланы?..

— Әлгі, тұтқында жатқан!..

Баймырзаның зәресі ұшып кетті:

— Апыр-ай, келін-ай, не деп отырсың?

— Рас айтам!— деді Балқаш шаптығып.— Мүрдем кетсін, ұлың!

— Ойпыр-ай, келін-ай, қарағым-ай!— деді Баймырза үрейлі кескінмен,— жындануан аманбысың?

— Жындандым!.. Мені жындандырған балаң!..

— Не ғып?!.. Қалай?!..

Балқаш жауап бермей, бетін топыраққа төсей, жата қап жылады.

«Әлгілер азғырған екен ғой!»— деген ой келді Баймырзаға. Олардың кім екенін Баймырза білмеген еді. «Кім де болса жолығайын», деген оймен барса,— Сыздық пен Әлжан!.. Олар жөнін айтудың орнына, Баймырзаны сықақ қылды.

Өзі өз болғалы Баймырзаның кісімен ұрысқанын естіген адам жоқ еді. «Пәленмен қатты сөзге кепті», дегендегі оның ең ауыр сөздері «шіркін» мен «мұндар» болатын!

Сыздық пен Әлжанға ашуланғанда оның айтқаны:

— Момынның сілесі қатты болады. Шіркін, не жаздым мен сендерге, бүйтерліктей? Өркендерің өспес мұндарлар!

Баймырза жөнеле берді. Сыздықтың бір жігіті Баймырзаны сабамақ боп ұмтылып еді, Баймырзадан емес, Балуан Шолақтан қорыққан Сыздық тоқтатты.

Баймырза оттағы атын арбасына жекті. Балқаш әлі ет-бетінен жатыр. Жылауын қойған. Ұйқтаған сияқты.

— Кәне, келін, жүрейік!— деді Баймырза атты жегіп болып, жайылған етті астауға сап орап, атының басын Көкшетауға қарай бұрып.

— Мен бармаймын!— деді Балқаш долдана түрегеп, бет-аузы саз топырақтанып.

— Келін, қарағым!— деді Баймырза жалынып,— қой, айналайын, ашуды!.. Дұшпан айыруға не демейтін еді? Сыздық пен Әлжан біздің Нұржанға дос па еді? Дұшпан емес пе еді, олар? Дұшпан сөзіне еріп дұшпан боламысың, Нұржанға? Келін шырағым, біздің босағаға келгеніңе бірнеше жыл болды. Содан бері саған тіл қатқаным осы шығар. Мені сыйласаң, аруақты сыйласаң арбаға мін!

— Өзің бара бер, мен бармаймын!— деді Балқаш сазарып.

Кісімен жанжалдаспаса да, Баймырзада томырықтық мінез бар еді. Сонысы ұстап:

— Ал, келін!— деді ол атын айдап — мен кеттім!

Баймырза жөнеліп кетті. Балқаш сазарып тұрған қалпынан қозғалмады.

Баймырза артына қарамады. Қарайын десе, келіні емес албасты тұрған сияқтанды. Көкшетау жолына түсіп ол ұзады. Ашу буған Балқаш әлі тұр...

— Не ғып тұрсын?— деді сол кезде Сыздықтың бір жігіті келіп,— жүр!.. Аулыңа алып қайтайық.

Ашу бұлты жапқан Балқаштың ақыл аспаны енді ғана жадырады. «Мұным қата болды,— деген ой келді оған,— кешпес күнә істедім. Балуан күнәлі болған күнде де, кінәні әуелі өзіне аударуым керек емес пе еді? Әткем айтқандай, мүмкін жаудың өсегі шығар!..»

Балқаш қараса, Баймырза бір қырдан асып барады екен.

— Әтке!.. Әтке!..— деп Балқаш бар дауысымен айғай салды. Дауысты естіді ме, жоқ па — Баймырза артына айналмай қырдан асып кетті.

Балқаштың басына — «ендігіміз айырылу ма?» деген ой кеп кетті... Бұл ойдан зәресі ұшып кетті оның.

«Әтке!..» деп айғайлаған ол, өкпесін қолына ала, Баймырзаның соңынан ұшты. Ұстауға ұмтылған Сыздықтың жігітін ол қағып жіберіп жығып кетті.

Жүгірген Балқаш, алқынып қыр басына шыққа, арғы сайдағы бір томарда Баймырза атын тоқтатып, арбасының қасында кейін қарап тұр екен.

«Мені күтіп тұр екен ғой»— деп ойлады Балқаш.

Ол Баймырзаға аса разы боп кетті. Әлгінде ғана бұзылғандай болған семьялық ұясы, Балқашқа енді жаңа ғана түзелгендей болды. Өкпесінің алқынуына қарамай, ол тағы да жүгірді...

Баймырзаның тоқтаған себебі басқа еді. Қырдан аса ақылы сабасына түскен ол, «ет не болды екен?» деп ойлады. Мана, атын тұсап арба қасына келгенде, арбаның үстіне жайылған етте қаптап қонған шыбындарды көріп еді. Жаз шыбын қонған еттің тез құрттайтыны Баймырзаның ойына қырдан аса ғана түсті.

«Ет құрттамаса игі еді!»— деп хауіптенген ол, атын тоқтатып, астаудағы етке қараса, арасында эппақ құрттар илеудегі құмырсқадай быжынап жүр!..

Баймырза жылап жіберді. Жыламай қайтсін: артында тағы соятын қойы бар ма, оның?..

— Мұндар, құдай-ай!— деп жылады ол,— тым болмаса Нұржанға үйдің дәмін қызғанбасаң едің!..

Шыбынды, құртты жаратқан құдайға атар оғы болмаған Баймырза, жасқа булығып тұрғанда, Балқаш та жетті.

— Әтке!— деді ол Баймырзаны құшақтай ап, демі тауысылғандай буыны босап.— Кешір, Әтке!..

Балқашты аяп кеткен Баймырза үн-түнсіз қатты да қалды... Ол екеуі қосыла жылады.

Біраз жылап басылғасын:

— Енді кейін қайтамыз,— деді атасы.

— Неге?!— деді келіні.

— Немізді апарамыз енді? Елге барып, тағы да қой іздейік...

Олар кейін ауылға қайтты...

19. КЕПІЛДІК ЖӘНЕ СОТ

«Айналайын Ғалия сен бір тоты,
Сені айтпасам келмейді, көңіл хоты,
Сен есіме түскенде Ғалияжан,
Бір тиіндай болмайды өгіз соты».

(Балуан Шолақ өлеңінен)

Балуан Шолақтың бір досы Ыбырай — бастап және тағы бірнеше досы қостап Балуан Шолақты сотына шейін кепілдікке алуға Көкшетауға барды.

Көкшетаудың ұлықтарына олар жалынды да, пара да ұсынды, бірақ, өзге қылмыстың бәріне «мейірімді» ұлықтар, Балуан Шолаққа қатайып, маңына жолатпады. Параға қызыққан судья, «кепілдікке берсек қайтеді?» деп оязға ақылдасқан еді:

— Қазақ даласына өрт тұтатайын деп пе ең?— деп ақырды ояз оған,— Балуан Шолақ — сереңкесі емес пе даланың?..

Балуан Шолақтың достары судьядан күдер үзген соң, оязға жолықпақ боп арыз ұсынып еді, ол айтар жауабын Сүтемген арқылы қайырды.

— Ояздың көзіне көрінбеңдер!— деп қорқытты Сүтемген арызшыларды,— Егер көрінсеңдер, бәріңді де жауып қояды.

— Неге жабады? Шағым берген кісіні жаба берсе, ұлық бола ма?— деп дауласты қазақтар.

— Ендеше,— деді Сүтемгем,— «әкесі өлгенді де естіртеді»,— турасын естігілерің келсе, «Балуан Шолақ үкіметтің дұшпаны,— дейді ояз.— Оны қорғаған кісі де үкімет дұшпаны. Арызшылар бұл қылықтарын қоймаса, Балуанға қоса сотталады...»

Ояздан, басқа ұлықтардан тауалы шағылған Балуан Шолақтың достары Омбыға, губернаторлық мекемелерге ізденуге кетті.

Омбыда айдан артық жатқан олар, адвокаттың жәрдемімен, прокурордан «Балуан Шолақты кепілге жібер», деген қағаз ап қайтты. Өзге шығыннан басқа, жалғыз осы қағаздың өзі оларға мың сомға түсті. Балуанның күші келмейтін бұл ауыртпалықты ел боп көтеріп кетті...

Балуан Шолақ кепілге босанып үйіне келді. Балқаштың қылығына қатты ренжігенмен, Баймырза мен Қалампыр, Балуанның былай да жүдеу көңілін одан жаман жүдетермің деп, Балқашқа деген өкпесін Балуанға білдірмеді.

Бірақ, «ел құлағы елу», «отыз тістен шыққан сөз — отыз ру елге жетеді».

Балуан Шолақ Балқаштың қылығын жата-жастана елден естіді. Бұл жайда ерекше ынта көрсеткендер Тоқсанбайдың Сыздығы жұмсаған адамдар. Солардың айтуынан, Балқаштың неге іздеп келмеу себебін өсірген түрде естіген Балуан өкпе мен ашудан жарылып өле жаздады. Оның ойына Балқашты өлтіріп тастау ниеті де келіп кетті. «Бәрібір сотталған бас, құнын бір-ақ берейін?»— деп ойлады ол.

Бұл ойын ол іске де асырар ма еді, қайтер еді, егер өткен көктемде Балқашпен арасынан бала тумаса. «Бәтен» қойған бұл қыз, Балуан, сергелдең жолда жүргенде бүлдіршіндей боп өсіп қалған екен. Баланы жанындай жақсы көріп кетті ол. Ашу алғаш қысқанда, үйінде оңаша отырған Балқашты бассалып сабауға, тіпті өлтіріп жіберуге бел байлаған Балуан үйіне кірсе, семіз, әдемі баланы Балқаш емізіп отыр екен.

Балуанның алдында кешірілмес күнә жасауына алдақашан мойындаған Балқаштың бұл қылмысын Балуанның білген-білмегеніне көзі жетпейтін еді де, «білсе қайттім?!» деп іштей қысылатын еді, білген сағатын қорқынышпен күтетін еді, сондықтан, Балуан, даладан әрбір келген сайын кескініне абайсыз көз тігіп, жан-жүйесінің не халде екенін білуге тырысатын еді.

Мына жолы, Балуан, ашудан түтеп келгенін кескінінен

аңғарған Балқаштың жүрегі су ете түсті де, жанталасқан ақылы айла тауып, орнынан көтеріле, емізіп отырған баланы алдына тоса қойды.

Еркінен тыс көтеріп алған баланың көйлекшең семіз денесі, әкенің бойдағы ашу отын түгел сорып ап, қашқан ақылын бойына қондырып берген сияқтанды. Баласының ыстық денесін бауырына баса отыра кеткен Балуан, бетіне бетін тақап, өксіп қоя берді... Балқаш не дерге білмей сазарып тұрғанда, біраз жылап мауқын басқандай болған Балуан басын көтерді де, жас толған көзін өлусірете қарап:

— Бәрін де естідім,— деді Балқашқа.— Бәтен үшін бәрін де кештім...

Балуан Балқашқа бұрын да не қатты сөз айтып, не қол тигізіп көрген жоқ еді, күнәсін Бәтен үшін кешкеннен кейін де сөйтті. Бірақ, оған енді әйелім деп жоламады. «Ұрғаннан шымшыған батады» дегендей, Балуанның бұнысы Балқашқа қатты батты. Ол еріне шынынан ақтарылып жалынды да, жалбарынды да, бірақ, Балуан, қатқан қалпынан қайыспады.

Кепілде Балуан айға жақын тұрды. Бірақ, ол бұрынғыдай жайраңдамады, өз бетімен ел қыдыруды қойды. Шақырған ойын-сауыққа бармады. Арнап шақырғандардың дәміне де таңдап баратын болды.

«Көңілін көтерейік», деп құрбы-замандасы, дос жарандары ағылып келіп жатты. Олар айтқан жұбату сөзге Балуан жұбанған жоқ.

— Несіне жұбанам,— дейді ол сыр айтатын жігіттеріне,— «әделет» деген бұл заманда жоқ екен. Күштілерден зорлық-зомбылық көріп жүрген мен ғана екем десем, ондайлар көп екен. Көптігін абақтыға түскенде көрдім. Орыс та бар онда, ноғай да бар, естек те бар, біз білмейтін талай елдің ер азаматтары да бар. Солардың көбі күштілерге қарсы шығам деп қор болып отыр. Патша дегенің, ұлық дегенің, заң дегенің күштілердің жағында екен. Олардың жайған торына түспейтін адам жоқ екен. Абақтыда, нелер білегі күштілерді де, білімі күштілерді де көрдім. Көбі патшаға қарсы. Патшаға қарсы — біздің қазақтар ғана екен деп жүрсем, орыстың өзі бізден де артық қарсы екен. Сол үшін де талайлары абақтыда отыр...

— Сонда, сол патшаға келер кер бар дей ме, сол қарсылар, болмаса, босқа сандалу ма, айтып жүргендері!..

— Бар дейді...

— Мысалы,— қандай?

— Олардың еркіне салсаң патшаны құлататын.

— Қашан, қалай құлатпақ сонда?

— Оны өздері де білмейді... Айтатындары — патшаға қарсы көтерілу керек дейді...

— Кім көтеріледі, сонда?

— Елді көтеру керек дейді...

— Ел оған көтерілсе... Және көтерілгенмен, патша шыдата ма оны?.. Қаруға қарсы өзің не істей алып отырсың?.. Өзгелер де өзіңдей емес пе?..

Абақтыда туып, жауабын ешкім таба алмаған бұл сұраудың жауабын Балуан елде де таба алмайды, сондықтан, абақтыдағылардай ол да күрсініп:

— Иә, ол қиын сұрау!— деп ауыр күрсінеді де қояды...

Бір күні Балуан Шолақ ағайын-туған, дос-жаранын жинатты:

— Ал, ағайын!— деді ол,— аз күн кеп қонақ болдым. Кепілдікке әкеп күтулеріңе ризамын. Маған енді ұлықсат етіңдер,— мекеніме барайын!..

— Қайдағы?— деп ду ете түсті көпшілік.

— Көкшетауға!.. Абақтыға!..

— Оның қалай, Балуан?!— деді жұрт шулап,— әлде елге өкпең бар ма?

— Ешбір өкпем жоқ. Абақтыдан шыққанмен, бұғалығынан босанған жоқпын. Одан ұзаған сайын, тұзағы тарыла түскендей қылғынып барам. Тынысым жеңілденер ме екен, тартпайын бұғалықты, барайын абақтының өзіне, бұлқынбайын ұстаушының қолында!..

Балуан Шолақ елдің, ата-ананың сөзіне көнбей, ақыры бәрінен де рұқсат алып, Көкшетау абақтысына қайта жатты.

Кешікпей сот құрылды. Сот алдында Балуан Шолақ, баяғы бала кезінде Қайрақты қаласын күйдіруден бастап, сексен өгізді ұрлағанын, казачий сотнямен төбелескенін қоса, бар айыпты мойнына алды.

Айыпкер танбаған соң, сот мәжілісі ұзақ созылған жоқ. Бұдан кейінгі сөзді Балуан Шолақтың өзіне берейік:

— «Атадан ұл тумайды мендей сабаз!
Түрмеде жатыр екен өңкей маңғаз.

---

[1] Бұл өлеңдерді Шолақтың өзі шығарған.

Алты күн ақ түрмеге қамалған соң,
Түсірді мировойдан[1] маған қағаз.

Ақылым бір басыма емес арзан,
Тауалым шағылған жоқ бұл қағаздан.
Қағаздың мен түріне қарап тұрсам,
Жеті жыл каторгаға мені жазған.

Мировой айдайтынын жаңа білдім,
Ішімнен шығарар деп ойлап жүрдім.
Айдайды деген хабар естіген соң,
Қажымас өзіме өзім қайрат бердім.

Бозбала мықты болсаң қасты жемір,
Тісіңде қайрат болса тасты кемір.
Жүрегі қамалғанның шайқалсын деп,
Сегіз көз қабат қылып қаққан темір

Мен Шолақ осында да көрдім жайды,
Туғалы көрдім бе мен осындайды?
Темірді тіземе сап қозғап көрсем,
Секілді қоғажайдай былқылдайды.

Бойыма күш біткенге еттім шүкір,
Қажысам абақтыға, бетке түкір.
Темірін екі итеріп тартқанымда,
Кірпіші жерге түсті күтір-күтір.

Асты-ғой бұл арада менің айлам.
Құрғаным бала жастан бәрі сайран.
Япырым-ай, бұл не қылған зор дажал деп,
Сол жерде орыс, қазақ болды қайран.

Жігітпін тәңірі басқа жаққан шырақ,
Күшіме не тұрады менің шыдап!
Аяқ пен қолымдағы бұғаулардың
Шынжырын сол арада үздім бұрап.

Түрмені бұзғанымды етті ғажап,
Пендеге өзім өлмей болман мазақ.
Қиратып «терезеден шық» дегенде
Шықпады қорғалақтап орыс, қазақ.

Сұрасаң Қотыр, Шортан біздің болыс,
Алты күн-ақ түрмеде қылдым қоныс.
Қарғып кеп терезеден қақпа барсам,
Күзетші қалғып отыр екі орыс.

Қасқиып қалғыған күліп тұрдым,
Оларға күш жетерін біліп тұрдым.
Екеуін екі қойып талдырдым да,
Ілгері одан әрі жүріп бердім.

[1] Мировой судья — патша үкіметінің соты.

Тәуекел алсын ерді панасына,
Ақылдың қараңдаршы данасына.
Қалдырып кетем бе деп Ақбоз атты,
Мировой келіп кірдім қорасына...

Ақбоз ат білінбейді біздің сорға,
Жануар түстің бе әлде, жайған торға!
Есігін конюшнаның[1] бұзып кіріп,
Шығардым бірі — рысақ[2], бірі — жорға.

Ашумен еріндерім күбірледі,
Тыңдаймын, басқа дыбыс білінбеді.
Бір қақпа қара тастан жымдасып тұр,
Ішінде бір зор қабан күрілдейді.

Ойласам мына дүние жалған екен,
Іздеген мақсатына барған екен.
Ақбоз ат келгенімді менің біліп,
Аузына шойын кілтті салған екен.

Оңдалған бала жастан менің жолым,
Білмедім дүниенің оңын-солын.
Бойыма осы күшім қалай сиған,
Кілітті жұлып алды шолақ қолым.

Ақбоз ат алған атым топтан сайлап,
Көп дұшпан соңға түсті одағайлап.
Есігін тас сарайдың бұзып кірсем,
Ішіне қойған екен панар байлап.

Ақбоз ат, айналайын менің қалқам!
Сен үшін талай тасты қылдым талқан!
Жетектеп шылбырынан шығарғанда,
Аяғын басты атым алшаң-алшаң.

Жылқыны неге керек босқа мақтап,
Атты айт, мінген ерін жүрген сақтап.
Тоғыз жыл топқа мінген жануарым,
Иегін салды иығыма екі жақтап.

Ақбоз ат бұл өнерің болды басым,
Домалар өрге қарай тепкен тасым.
Жасыңнан тіл үйренген тұлпарым-ай!
Көзімнің тия алмадым аққан жасын.

Атадан ұл тумайды мендей сабаз,
Түрмеде қалды, шіркін талай маңғаз.
Мировой қорлығына шыдай алмай,
Түбіне панарының жаздым қағаз:

---

[1] Атқора
[2] Желгіш ат.

— «Түрмеде алты күндей болдым қонақ,
Сөйлеуге мизамыңды[1] тілім олақ.
Жорға, рысақ Ақбозды алып кеткен,
Сұрасаң менің атым — Балуан Шолақ!»

20. АДАМ БАРЫМТАСЫ

Ақыл жастан шығады, асыл тастан,
Арнасына сарқады өзен тасқан.
Менің атым әйгілі Балуан Шолақ,
Ерегіскен дұшпанның көңілін басқан.
(Балуан Шолақ өлеңінен)

Жорғаны, рысақты, Ақбозды алып жөнеле берген Балуан Шолақта жалғыз ғана ой болды, ол — Қараөткелге, Ғалияға тарту.

Осы оймен, таң атқанша Меңреудің қарағайына жетейін деп шоқыта жөнелген ол, кенет тоқтай қалды. Оны тоқтатқан «Ғалияға мен алды-артыма қарамай кете берсем, ел не болады? Әке-шешем не болады?»— деген ой еді.

«Кете барсам — деп ойлады ол — ұлық мені қашты деп, орныма экемді я Төлебайды, я басқа достарымды ұстаса, оларды тұтқындатып өзім бос жүрем бе? Онда мен кім болам? Абақтыға өз еркіммен кеп қайта түспеймін бе? Қой!.. Өйтпейін!.. Елге де, туысқандарыма да ұлық тимейтін жағдай жасап кетейін!».

Көкшетауға қайта оралған ол, бір досының үйіне келді де, қайдан жүрген шынын айтты.

— Қарсы алам!— деді досы,— неше күн жатсаң да жан адам білмейтін жер табам. Атыңды да, өзіңді де сақтай алам.

Досының ойдағы жері — Қылшақты өзенінің бойында бұлғары заводындағы бір жұмыскер екен. Досы үш атымен Балуанды түнде соған апарып еді, ол судьяның аттарын босаттырып жіберді де, Балуан мен Ақбозды жан адам таппайтын түкпірге жайғастырды.

Досы кетті. Балуан Шолақ бұлғары заводында жатып қалаға тыңшы салды. «Ояз Балуан Шолақты іздетпек боп жатыр, туысқандарын, достарын ұстамақ боп жатыр», деген хабар келді. Кешікпей ол хабар анықталып, ішіне Баймырзаны, Қалампырды, Төлебайды қоса, Балуанға ең жақын деген оншақты адамды ояз Көкшетауға алдырды да, абақтыға қаматты.

[1] Заң деген мағынада.

Не істеу керек?

Бұл сұраудың жауабын таптым деп ойлаған Балуан Шолақ, бір күні кешке Ақбозды баптап ерттеді де, ымырт жабыла қаланың батыс жағынан кеп, үлкен көшеден тауға асатын даңғыл жолды торыды.

Қараңғыға үйренген оның көзіне, ілезде, үлкен көшемен айдап келе жатқан пар атты арба елестей кетті.

— «Қанды басың бері тарт!»— деді Балуан Шолақ, пар аттыға көзін қадап.

Пар атты Балуанды сезгендей, үлкен көшенің шетіне шейін ағызып кеп, жалт беріп кейін бұрылды. Енді қайтып оралмайтындай көрген Балуан Шолақ соңынан қуғысы кеп ұмтыла берді де, ақылы тоқтау сап атын тежеді.

Ол пар атты арбадан көзін алмады. Балуан қадалған сайын пар атты қараңғы көшеге сұңғи түсті. Біраздан кейін көзден ғайып болды.

«Қап!— деп өкінді Балуан,— тәуекел деп қумаған екем! Алдыма келген олжамнан айырылып қалам ба, қайтем?!».

Әлі де үміт үзбей қою қараңғылыққа көзін қадап тұрған Балуанға пар атты тағы елестей кетті. Бұл жолы екпінді аттар көшкен бұлттың көлеңкесіндей зымырап келеді.

«Қанды басың бері тарт!»— деді Балуан тағы. Оның аңдып отырғаны,— ояздың Омбы гимназиясында оқып жүрген қызы — Татьяна еді. Жаздың оқудан бос айларында үйіне демалысқа келген ол, фаэтонға әкесінің екі қара арғымағын жегіп, кешке қаладан тау саласына дейін желіп жүріп ерсіл-қарсыл серуендеуді ұнататын. Бүгін де ол сөйткен.

Қызды іліп әкетпек боп даярланған Балуан Шолақтың қасынан қыза желген пар арғымақ, Бұқпа тауының асуына қарай сыр етіп өте шықты.

Балуан соңынан қуа шапты, бірақ тым бастырмалатпай, атын тежеп, тауға сұңғи түссін деп ойлады.

Фаэтонда екі кісі ғана барын Балуан көрген: біреуі — көшір — фаэтонның алдында божы ұстаған: біреуі — қыз, қазір де сол қыз!.. Қазір де фаэтон артында жалғыз отыр.

Пар ат екпінімен таудың кезеңіне шыға бергенде, Балуан Ақбозға тақымды қысып қап еді, құстай ұшқан ат арбаға жетіп келді. Фаэтон алдындағы божақты ол бар пәрменімен салып кеп жіберіп еді, арбадан ұшып кетті. Сол кезде арбаға қарғып түсті де, божыны ұстай ап, аттарды қарағай ішіне айдай жөнелді. Не болғанын білмей, қор-

қыныштан үні шықпай қалған қызды құшағына қысып алды.

Балуан Шолақ арбаға қарғып түскенде қыз қорыққаннан есеңгіреп қалды. «Кісіні көтеріп әкететін бүркіт болады, ол түнде ұшады» деп — әкесінің ойнап қорқытатын сөзіне иланатын қыз, арбаға қарғып түскен Балуанды ең алғаш, аспаннан кеп қонған бүркіт екен деп ойлады. Зәресі кетіп, даусы шықпай қалған қыз талып қалған жоқ, жарты есі бойында еді, сондықтан ол «бүркіт бүреді-ау енді!.. Аспанға әкетеді-ау енді!..» деп ой ойлап жатты.

Денесіне тұяқ тие қоймағанын сезген қыз аздан кейін есін жинаса қасында біреу отыр, көшір екен деп ойлаған оның:

— Кім?!— деген сөзге ғана келді тілі әлден уақытта...

— Балуан Шолақ!..

— Балуан Шолақ? О, тәңірі!..— деді де қыздың үні өшті. Ол талықсып кеткендей болды...

Балуан Шолақ артына қараса, Ақбоз арбадан қалмай жортып келеді екен. Ақбоздан кейін ешкім көріне қоймаған соң, Балуан жолдан бұрылып, бір сайға түсті де, сиректеу қарағайдың арасына кіріп, аттарды тоқтатты. Ақбоз да сол араға тоқтады.

Торға түскен тағы құстай екі көзі жаутаңдап зор хауіп күткен қызға, Балуан Шолақ бар білген тілімен, ойын түсіндірген болды. Бойын жинаңқыраған қыз, Балуанға өз пікірін айтты. Одан Балуанның ұққаны:

— Мен сізді білем. Ер жігіт екеніңізді де білем. Сіз туралы мен жоғары пікірдемін. Мені алып қашуыңыз дұрыс, бірақ жіберіңіз мені! Мен әкеме тілімді алғызам. Тұтқынға алынған туысқандарыңыз босайды. Өзіңізге де әкемнен ешкім тимейтін қағаз әперем. Нанбасаңыз ертең үйге келіңіз! Егер уәдемде тұрмасам, мені кісіге санамаңыз! Содан кейін өлтірсеңіз де ризамын. Мен жаспын, өтірікті білмеймін, иланыңыз!

Татьянаның сөзін түгел ұқпағанмен, ұзын ұрғасын түсінген Балуан, біраз ойланып отырды да:

— Болмайды!— деді.

— Неге?— деді қыз таңданған дауыспен.

— Сенің оныңа әкең көнбейді. Оны еріксіз көндіру керек.

— Қалай?

— Сені қарағай арасына алып кетем.

Балуан Шолаққа одан әрі жалынудан мән жоғына қыздың көзі жетті.

Шынында да Балуан Шолақты қазақ халқының рыцары деп ұғатын қыздың көңілі суи қалды. Ол енді Балуанды қара жүрек рақымсыз адамға санады. Сонда да күдер үзбей, жалынды сөздермен тас жүрегін ерітем бе деп ойлап тағы бірдемелерді айтуға ыңғайлана беріп еді, қарағай арасынан әлдекім қараң ете түсті. Балуан да, Татьяна да шошып қалды.

— «Мен!»— деді қараңдаған қазақша дыбыс беріп.

Бұл — Балуанның Көкшетаудағы досы еді. Егер Балуан қызды қолға түсіре алса, досы сыртынан бақылап жүріп осы арада табыспақ та. Бірақ, қызға кескінін танытпау үшін бетін орамалмен шандып келетін болған.

Досы қуғыншының жоғын айтқан соң. Балуан пар атты ағытты да біреуін қарағайға оралмастай етіп байлап, біреуін досының ерімен ерттеді. Содан кейін, күн бұрын мұсылманша жазып қалтасына салған хатты досына беріп почта жәшігіне тастауға өтінді. Ол оязға арналған хат.

Хатты алып жайдақ атқа мінген досы кеткен соң, Балуан ерттеулі арғымақты көлденең тартты. Қыз қарсылық білдірейін деп еді, «әй, сенімен әзілдесіп тұрам ба», деп Балуан жерден көтеріп ап атқа қондырды да, өзі Ақбозға мініп, қызды мінгізген аттың шылбырын қолына алып тартып кетті.

21. ХАУІПТІ ХАТ

Ояз қызын түн ортасында жоқтады. Көшені қаратқан кісісі таба алмай келген соң, ол хауіптеніп, полицмейстерді шақырып, қаланы түгел тінітті — жоқ!..

Зәресі кеткен ояз түн ортасы ауа шеркеудің қоңырауын қақтырды. Мұндай мезгілсіз кезде, шеркеу өрт шыққанда ғана қағылатын еді, сондықтан ұйқыда жатқан қала халқының қоңырау дауысын естігенде зәресі кетті. Өрт деп ойлаған жұрт ұйқыдан шошып ояна сала үй ішіндегі барлы-жоқты затын көшеге тасыды. Аты-арбасы барлар ең қымбат деген мүлкі мен балаларын салып алып көл жағасындағы тақырға шапты. Қаланың қорадағы барлық малы да, жаны да көшеге шығып, мал шулап, бала жылап, ит үріп, қала әңкі-тәңкі болды.

Қаланың бұлай дүрлігуі — бұдан 10—15 жыл бұрын қаланы тып-типыл қып кеткен өртті ұмытпағандық еді.

Қоңырау даусынан шошып оянған халық, өрт жоғын көрген соң «не болды екен?»— деп шеркеу маңына жиналды. Полицейскийлерден ояздың қызы жоғалу туралы естіген-білгенін, жиналған жұрт бір-біріне сыбырласып та, самбырласып та айтып жатты. Полицейский жиналған көпке қысқаша жариялап:

— Қаламызға бақытсыздық пайда болды. Его благородие уездный начальник Терентий Диякович Долгоносовтың қасиетті періштедей жалғыз қызы — Татьяна ұрланды. Соны іздейміз қазір!— деген сөзді ояздық полиция басқармасының начальнигі Сыскин, қыбырлай жиналған жұрттың әр жерінде айғайлай айтып жүрді...

— Ойбай, сол ма, тәйірі...— деп көпшіліктің шеті сөгіле бастап еді, городовойлар иіріп жібермеді.

Сонда да жұрт сытылып қашып жатты.

Бір кезде тағы ду етті жұрт:

— Не болды?

— Көшір мен ат табылыпты!

— Қайдан?

— Білмейміз.

Полицмейстер тағы жариялады: «Шала есті көшір жолдан табылды. Арбалы аттың біреуі қарағай ішінде байлаулы екен. Бір ат пен Татьяна жоқ. Мұны әкеткен Балуан-Шолақ. Одан басқа ешкім де емес. Ол осы маңайдан ұзаған жоқ. Іздейміз. Табамыз!»

Городовойлар бар, басқалары бар, жан-жаққа шапқын кетті. Үйді-үйіне тарқаған жұрттың аузындағы сөздері:

— Егер бұны істеуі анық болса Балуан Шолақ, шынымен-ақ ер жігіт екен!..

— «Қорқақты көп қуса батыр болады» деген, оның ер болмауына үкімет қойды ма? Маза бермеген соң қайтсін.

— Көкірегі намысты болған соң сөйтеді де, әйтпесе, құдаламақ түгіл, не қылса да сені мен біз ояздың қызын алып қашар ма едік?

— Қажымас қара болат екен, сабаз, тасқа шапса да майырылмайтын! Құдалаған сайын ерегісе беруін көрдің бе?

— Қызды қайтер екен, бұл?

— Өшіккен адамның қызына не істері белгілі емес пе,— мазақтайды да, өлтіріп кетеді.

— Ондай жаман кектің кісісі емес, Балуан Шолақ. Көрерсің, осы қызды әкесінің қолына аман тапсырады.

Осы сияқты жорамалдарды айтып қала түн бойы гуіл-

деді. Ояз да, оның әйелі түн бойы көз шырымын алған жоқ. Әйелі байына:

— «Қайратты, намысты» деп мақтап жүрдің де, қыр соңынан қалмадың! Міне енді көр!.. Мұнымен ғана қоймайды, ол! Бұдан да зорын шығарады. Көрерсің, бір түнде кеп үй-ішімізді қырып кетеді!— деп ұрысты.

— Өзімізге не істесе де мейлі. Тек Таняны аман қалдырса екен!— деп жылады ояз.

Шынында Терентий Диякович қызын жанындай жақсы көріп, дүниедегі бақытына санайтын еді. Қызды іздеп шыққандар қаладан далаға, даладан қалаға кеп, түні бойы сапырылысты да жатты. Даладан қайтқан жайылымшылардың сөзі біреу-ақ — «жоқ!».

Түн бойы жылаған ояз, таң атып, күн шыға қаһарына мінді. Даладан ешнәрсе табылмаған соң, ол қаланы тінтіріп, кім Балуан Шолақпен көңілдес деп естісе, соны абақтыға әкеп қамата берді. Мұндай адамдар көбейіп кетіп, Көкшетаудың кішкене абақтысына симады. Абақтыдан артылғандарды ояз сарайға қаматты.

Содан кейін басты-бастыларын кеңсесіне шақыртып алды да:

— Әзірге босатам сендерді. Бүгін кешке шейін, жерден қазсаңдар да, көктен қармасаңдар да қызымды қолыма әкеп беріңдер! Балуан Шолақты да ұстап әкеліңдер!.. Егер оны істей алмасаңдар, талайыңды дарға астырам, талайыңды каторгада шірітем.

Осы бұйрықпен жұрт қала-далаға қайта шапқанда, сәске көтеріле Долгоносовтың қолына бір хат кеп тиді. Хат араб әрпімен жазылған екен.

Бұның не хат екенін Долгоносов алғаш білген жоқ, себебі,— осы сияқты араб әрпімен жазылған қағаздар бұрын да көп түсетін еді. Кейбір конвертте келген хаттарда Долгоносовты тілдеп жазған сөздер де аз болмайтын; ал, кейбір иесіз хаттарда: «сені өлтіреміз, үйіңді күйдіреміз!» деген қорқытулар айтылатын. Осылай дамылсыз келетін конверттерден ерғашты болған Долгоносов, Сүтемгенге аштырып оқытатын да, арыз болсын, я басқаша хат болсын айырып-айырып лақтырып жіберетін, я «отқа жақ» деп Сүтемгенге беретін.

Қызын жоғалтып ашуда отырған Долгоносов, мына келген хатты да конвертін ашып, араб әрпімен жазылған хат болған соң жыртып тастауға ыңғайланды да:

— Мә, отқа таста!..— деп, босаға жақта отырған Сүтемгенге қарай лақтырып жіберді...

Қасына кеп түскен конвертті Сүтемген алып, даладағы сыпырындыға тастамақ боп жөнеле берді де, «кім екен мұны жазған!» дегендей, хатты конверттен суырып аяғына қарады.

Көзіне жылан көрінгендей шошып кеткен Сүтемген тоқтай қалды. Тұлабойы дірілдеп кетті оның...

Сүтемгеннің бұл халін өзгеден бұрын Долгоносовтың әйелі көрді.

— Не болды?!— деп сұрады әйел.

Сүтемген әйелді «барина» деп атайтын еді.

— Ой, барина!— деді ол дірілдеген дауыспен,— жаман адамнан келген хат.

— Кімнен?— десті бірнеше адам.

— Балуан Шолақтан!..

Балуан Шолақтың өзі кеп қалғандай сескеніп, үйдің ішіндегілер аяқ өре түрегеп, ду ете қалды:

— Балуан Шолақтан?!..

Зәресі кеткен ұлықтардың ішінен біреуі Сүтемгенге оқы деп бұйырды. Долгоносов та «оқы» демекші еді, хат не туралы болатынын сезгендей, үні шықпай қалды.

Сүтемген хатты ішінен оқыды, ол былай жазылған екен:

«Сен, иттің баласы — ояз, неше жыл менің қыр соңымнан қалмадың. Өзің тура тимегенмен судьяңды, басқа төрелеріңді соңыма түсірдің. Жерімді алдырған да сен. Ауылымды күйдірген де сен! Малымды барымталаған да сен! Абақтыға жапқызған да сен. Каторгаға айдатпақ болған да сен. Осынша соңыма түсетін сенің әкеңді өлтірдім бе, әкеңнің аузын...

Міне, мен қызыңды әкеттім. Айыбың — жазықсыз жақын адамдарымды абақтыға алдыруың. Есіңде болсын, ояз, егер жазықсыз жандарды босатпадың бар ғой,— қызыңды шошқаның торайындай шыңғыртып азаптаймын. Әрбір досыма я жақыныма көрсеткен азабың үшін, қызыңның бір мүшесін кесем де отырам. Егер ешкімге тимесең, мен сенің қызыңа да тимеймін. Мен саған жалынбаймын, иттің баласы. Қай қалағаныңды өзің ал,— не, жапқызған жақындарымды түгел босат та, оларға да, маған да тимеймін деп қолыңнан мөр басқан қағаз бер, онда, қызың босайды. Оны істемедің бар ғой, жалғыз қыздың шығынымен құтылмайсың. Жанға — жан шалам да отырам.

Ағашгарды, шөптерді кісі ғып іздетсең де сен мені таба алмайсың. Ерегіссең жақын арада өзіңді де ұрлаймын. Мен енді саған жалынбаймын. Сен маған жалынасын. Сөзім осы.

Мені, жазықсыз зарлатып ең. Қасқырдай ұлытып, иттей қаңсылаттым ба, бәлем! Әлі көресің көп!

Балуан Шолақ».

Бұл хатты аударуға сүтемгеннің тілі де, батылы да жетпейді. Екі көзі шарасынан шығып, ол қалшиып қатты да қалды.

— Айт!— деп бұйырды ояз оған.

Сүтемген: «го-гос-п-п-о-один!» дей берді де, аржағын айтпай, жылап жіберді...

Бұл үйге қаланың беделді казак-орыстары да жиналған еді. Солардың ішінде, қазақтар «Түлкімұрт» деп атайтын, Коробкин дейтін шал отыр еді. Ол қазақ тілін жақсы біледі.

— Неге ыбылжып тұрсын?— деді Түлкімұрт Сүтемгенге,— оқы мен айтайын!

Көтере алмай тұрған ауыр жүк өзінен ауғандай болған соң, Сүтемген барықсызданып: «Сен, иттің баласы ояз» дегенді қапыда оқып қалды.

— Оһо,— деді Түлкімұрт көзін едірейтіп,— қалай бастаған?

— Не депті?

— Жай, бейбастақтардың сөзі,— деді Түлкімұрт, оязға,— аржағын оқы, Сүтемген!

Түлкімұрт Сүтемген оқыған әрбір сөйлемді жеке аударды.

Хаттың сөздерінен үйдегілердің, әсіресе Терентий Диякович пен оның әйелінің үрейі ұшты.

— Босат!.. Босат!.. Тез босат!..— деп айғайлады Долгоносовтың әйелі еріне!..— Босат тез, ұстағандарыңды!.. Әйтпесе құрыдық!

Аузы көпіріп, көзі аларып талып кеткен әйелді, сол үйде отырған үйездік емші, Камфара, тағы сол сияқты дәрілерді иіскетіп, әрең дегенде ақылына келтірді.

Сең соққан балықтай сенделген ояз қасындағыларға ақылдасып еді.

— Босату керек,— деді олар,— мұны енді ашуландырмайтын шара қолдану керек. Егер ашуланса, не өледі, не ойдағысын істейді.

22. КӨКШЕНІҢ КЕУДЕСІНДЕ

Мына дүние қай дүние?— күлкі дүние!
Таудан қашқан сылаңдап түлкі дүние!
Сексен сұлу сылаңдап тұрса-дағы,
Ғалияның алмаймын кірпігіне!
Ойпырмай, жан сәулем Ғалия...

(Балуан Шолақ өлеңінен)

Татьянаға мінгізетін атты жетекке алған Балуан Шолақ тура Көкшетау тауына тартты. Көкшетау қаласынан Көкшетау тауы жетпіс шақырым жер еді. Шоқытып отырған жүріспен қаладан тауға таң атқанша жететінін шамалаған Балуан, аттарды қыса айдаған жоқ.

Татьяна салт жүруді жақсы көретін қыз еді. Бала жасынан салт мініп үйренген ол, әкесіне Омбыдан жазған хаттарында, «эх, папа! Шіркін, салт атқа мінсем!..» деп аңсайтын. Жыл сайын, жаз айларында демалысқа келгенде, үнемі салт атпен серуендейтін. Фаэтонға мініп серуендеуді ол биыл жаз ғана шығарған. Онда да, биыл көбірек оқыған Тургенов романдарының әсерімен...

Балуан Шолақ салт атқа еріксіз мінгізіп, жетектеп ала жөнелгенде, қорыққаннан басы айналып құлай жаздаған Татьяна, былай шыға сергіп кетті. Алдынан жаздың самалы үрлеп, шоқыта шапқан аттың үстінде қараңғы түнде отыру оған аса бір рахат сияқтанды.

Жылы түнде, самалдың жұмсақ алақанына бетін сипата жортып келе жатқан Татьяна біраздан кейін хауіптен арылып, еріккендей болды. Ол әлденені айтпақ боп Балуанға бірнеше рет оқтанды да, атын тебініп, үзеңгі қағыса қатарласты, бірақ батылы жетіп үндей алмады, үндесе, жортуылшы жолбарысты шошытып алатын сияқтанды.

Балуанда да үн жоқ. Оның өткір көзі, қараңғыда әлдекайда қараңдағандай болған Көкшеге қадалған. Бар ынтасы — Көкшеге тез жету... кеудесіне тез шығу... Ол кейде қасындағы қызды да ұмытып кетіп, жалғыз өзі келе жатқандай әндете беріп, қыздан ыңғайсызданғандай аузын жия қояды. Жетекке алған Татьянаның аты кейде Ақбоздың ұтқыр шоқағына ере алмай тартынады, Балуан атын тежеңкірейді де, қыздың атын қатарластырады...

Бұндай жүріспен келе жатқанда, егер қыз қапысын тауып, жетекке алған атының шылбырын қиып жіберіп кейін қалып қойып қашса, бейқам Балуан байқамаған да болар еді.

Таңға жақын жартыланған ай туды. Ашық аспанның шығыс жақ жиегін белуарлап Көкше көзге түсе кетті. Жер шамасын Балуан байқаса, жетем деген жері енді алыс емес сияқты.

Ентіккен атын тыныстау үшін, ол тежеді де, жүрісін аяң жортаққа салып, Татьянаға қарады. Бұқпадан аттанғалы қызға бұл бірінші қарауы еді.

Ай сәулесі себілген қыздың беті Балуанға дүниедегі ең сұлу сияқтанып кетті. «Жұмақ бар, онда хордың қызы бар, хор қызы күннен сұлу болады»— деген сөзді Балуан кітаптан көретін еді, оларды көруге құмарланатын еді. Мына Татьяна дәл осы сәтте сол хордың қызы сияқтанып кетті. Аспандағы айдан бұл нұрлы көрінді. Қыздың жалаңаш басында желбеңдеген сары шашы, оған шығып келе жатқан күннің шашыраған сәулесі сияқтанды...

Балуанның көз қыры қызға қадала қалды. Қадалған сайын қыз оған ұнаңқырай түсті. «Атқа отыруы қандай тамаша!— деп ойлады Балуан,— денесін қандай нық және тік ұстайды!.. Қандай такаппар пішінмен отыр өзі!».

Осы ой көңілін аулаған Балуан, Шабақ поселкесіне жақындағанын білмей қапты. Шақырған тауықтың, үрген иттің дауысына көңілі бөлінген ол, алдына қараса поселке жақын тұр.

Осы арадан Көкшеге баратын жол екіге айырылады: бір жол — Шабақ көлінің ығымен, Көкшенің күнгей жақ биігін жағалай, Оқжетпестің ығына қарай асады; екінші жол — Көкшенің теріскей жақ биігін жағалап, үлкен Шабақ көлінің жарымен, Оқжетпестің желіне қарай асады. Ыққы жол әрі жақын, әрі оңай, бірақ, ол жолмен жүрсе поселкені жарып өту керек.

«Тауық шақырып жатыр. Бұл таңның хабары. Поселкенің адамдары бұл кезде оянды. Егер қыз айғайласа, олар қамап ұстап алуы мүмкін?!»— деп ойлады ол.

«Теріскей жақ жолмен барсам, әрі алыс, әрі тауға шығуы қиын,— деп ойлады тағы да Балуан,— онымен шықканша таң атып кетуі мүмкін!»

«Тәуекел!— деп бекінді Балуан — поселкені жарып жұлдыздай ағып өтейін! Кім білер дейсің. Білсе не істейді?!»

Татьянаның атын қатарластыра, Балуан Шолақ поселкеге шоқыта шапқан қалпымен кірді де кетті. Көше бойлай шапқан оларға тұс-тұстан шабаланып иттер қосылды. Поселке үйлерінің терезелерінде жарық жылтырайды.

«Кім әй?»— деп бірсулер айғайлады да, оған Балуан құлақ тіккен жоқ, көшеден ағып өте шықты.

Қаладан шыға ол, қуғыншы жоқ па екен дегендей артына қараса, далақтап екі-үш ит қана келе жатыр екен, олардан басқа қуғын көрінбейді.

Балуан қызды поселкеге кіре бақыра ма деп хауіптенген еді, қыз үн шығарудың орнына, тойға бара жатқандай Балуанмен қатарласа, атын тебіне түсті.

Шабақ қаласынан шыға таудың етегі алыс емес және таудың төбесін жаба өскен қалың қарағайлы орман поселкені жиектей кеп тоқтаған.

Поселкеден шыға орманға кірген жол екі таудың жықпылымен жоғары көтерілді. Астасқан екі таудың оң жағы — Өркешті, сол жағы — Көкше. Көсіле біткен Көкшенің биік жонының батыс жақ тұмсығында «Ақылбай қыстауы» аталып аз үйлі ауыл отыратын. Бұл ауылда жер де, жерді жерлік мал да жоқ. Ауылдың кәсібі — таудың қазналық орманын күзету, одан қалған уақытында Шабақ көлінен балық аулау. Аз үйдің ішіндегі шекшығар пысықшалауы Ақылбай, ол Балуан Шолақпен көңілдестеу адам.

Ақылбай ауылына Балуан Шолақ пен Татьяна таң сіберлей жетті. Ауылдың иті бұларды үріп қарсы алғанда, аржағынан:

— Бұл кім, әй!— деп бір еркек дауыстады.

Балуан дыбыссыз жақындады.

— Кімсің?— деді еркек қарсы жүріп.

— Өзің кімсің?— деді Балуан.

— Сен өзің қызық адам екенсің ғой,— деді еркек,— жолаушы жөнін айтпай, ауыл адамы айтқанын қайдан көріп ең?

— Көрмесең көр!

«Бұл кім?» дегендей еркек Балуанға жақындап келді де:

— Жаным-ау, мынау Балуан ба?!— деді.

— Ақылбай емеспісің?— деді Балуан.

— Иә, Ақылбаймын.

Ақылбай Балуанның атын тізгінінен ұстай ап, қолтығына қолын созды:

— Түс!

— Түспеймін!— деді Балуан.

— Е, неге? Мынау қасыңдағың кім?

— Ат үстінен сыр айтты деп сөкпе. Бұл әкеп тұрған — барымтам.

— Қайдан?— деді Ақылбай үңіліп,— Адам ба «барымтаң?!» Қой, Балуан, маған ойнап айтып тұрған шығарсың.

— Расым. «Жығылсаң жығыл нардан, ажалың әлдеқайдан?» дегендей, барымталап әкеп тұрғаным Көкшетау оязының қызы.

— Ояздың?!.. (Ақылбай орыс тілін жақсы білуші еді. Сондықтан, анықтамақ боп) Сіз ояздың қызысыз ба?— деді Татьянаға.

— Иә,— деді қыз, күмістей сыңғырлаған ашық үнмен,— мен ояздың қызымын,— Терентий Диякович Долгоносовтың!..

— Балуанның сізді зорлықпен әкеп тұруы рас па?

— Рас!..

Ақылбай не деуге білмей қалды.

— Ендігі жай былай,— деді Балуан,— жүз таныстығың болмаса, сенімен онша сырлас болған, я ісім түскен кісі емессін. Жұмыстың жайын айтпай-ақ шамалаған шығарсың.

— Жоқ, шамалай алмай тұрмын!..

— Ендеше кейін шамаларсың. Ал енді, менен қорқамысын, болмаса серіктікке жараймысын?

— Өзің қалай ойлап келдің?

— Сыртыңнан бір кесіп жер жалы бар жігіт деп еститін едім. «Ханның ісі қараға түседі, батырдың ісі балаға түседі»— деген, саған паналауға келдім.

— Ендеше, түс!— деді Ақылбай,— тірі болсаң бір төбедемін, өлсең бір шұқырдамын.

— Бірақ мен мұнда түспейін. «Батырға да жан керек». Жау мықты, сақтану керек. Мына Көкшенің басына шығып көрген жоқ ем, шыға алам ба? Шықсам — паналар орын бар ма?

— Табам. Жан адам тіміскілеп таба алмайтын жер табам.

— Атың бар ма, қолда?

— Бар.

— Мін де жүр, ендеше!

— Атымды қазір ерттейін,— деді Ақылбай,— қатынқалаш, бала-шағаның аузы жеңіл болады. Көздері шалса сөз таратар. Ауылда менен басқа оянған жан жоқ. Сен

мына ауылдың сыртын орап Көкшеге беттеген соқпақпен жөнеле бер, мен артыңнан қуып жетем!

Балуан жөнеле берді. Қыз тартынбады.

«Осы қызда не ой бар?— деп ойлады Балуан,— не тіл қатпайды, не шыдамсыздық, я осалдық көрсетпейді. Бұл бұның ақылдылығы ма, ақылсыздығы ма?!»

Қыздың ойы: «Бұлқынғанмен бәрібір босанбаймын. Одан да тағдырдың салғанын көрейін. Әкем айтқандай бұзық болса — қорлар, өлтірер; жұрт айтқандай ер болса — басқа бір ойы бар шығар; несі болса да сабырмен күтейін!»

Европаның корсарлар[1] туралы да, рыцарлар[2] туралы жазған романдарын көп оқыған Татьянаға, бұл сапардың арты сондай бір романға соғатын сияқтанды, бірақ, айтылған екі романның қайсысы жасалуына көзі жетпеді...

Ақылбай Балуан мен Татьянаны қуып жетті. Олар Көкшенің етегіне келгенде таң аппақ атты.

Бір жіңішке соқбақ, Көкшенің тік көтерілген шыңына арқандай шұбала асылып тұр.

— Осы жолмен өрлейміз биікке,— деді Ақылбай.

— Ат шыға ала ма?— деді Балуан,— Тым тік екен!

— Қиыны қиын,— деді Ақылбай,— бірақ байқап жүрсе, шығады ат. Алдына мен түсейін. Қызың ортада жүрсін. Атының шылбырын маған ұстат. Сен артынан жүр.

— Дұрыс.

Сол жобамен Ақылбай бастай жөнелді. Қыз ортада, Балуан артта.

Таудың жолы тым тік екенін Балуан мен Татьяна тауға өрмелегенде етектегіден айқынырақ көрді. Егер олар ердің қасы мен аттың жалына жармаспаса шалқаларынан құлайтын.

Етектен қарағанда Көкшенің басы жақын сияқты еді, ілгерілеген сайын биіктей, алыстай берді. Етекке көзі түскен Татьянаның басы айналып, жүрегі өрекпіген соң, сыр бермейін деп көзін тарс жұмды да, аттың жалын қолына орап ұстап ап, тізгінді бос қоя берді.

Ақылбайдың астында бүкіштеу келген топырыш торы бие еді. Жазықтағы жүрісте ақбоз бен қара арғымақтың маңайына ілесетін жылқы емес, ал, тауға тырмысқанда

---

[1] Теңіздің талаушылары.

[2] Такаппар, ұлы жанды серілер.

мысық сияқты, егер артына абайламаса, Балуан мен Татьянадан қарасын үзіп кететін:

Мұндай биікке өрлеп көрмеген ақбоз да алқынды, ал қара арғымақ әуелде, алдына бие түскенін көріп кіжіңдеп, оқыранып бітіп еді, тауға тырмысқаннан кейін, «байтал түгіл, бас қайғы» боп, өз денесін өзі әрең сүйреді...

Қара айғыр әлденеше жерде алқынып тұрып та қалды. Ақылбай ол кезде биесін тоқтатып айғырға дем алғызды. Одан кейін тағы да тырмыса жылжығанмен, сарқылған күш орнына түгел түспей, әлсін-әлсін болдыра берді. Осы зорлықпен қиналып әрең келе жатқан айғыр, тау биігінің орта кезіне барған кезде, құзға қарай домалай құлады, Балуан қызды әрең дегенде айғырдың үстінен алып қалды. Дөңбектей домалаған айғырға төменде кедір-бұдыр тастар да, құлаған қарағай да, ағаштың түбірі де кездесті, бірақ, былқылдап екпінмен домалаған дене, не кездессе де резеңке топтай аржағына ырғып түсе берді. Әуелі ақырын домалаған айғыр, аздан кейін жел қуған қаңбақтай, төменге зымырап кетті...

Құлаған айғырдың қарасы үзілгеннен кейін Ақылбайдың айтқаны:

— Жері жақын болғанмен, ең қиыны алдымызда. Лепіріп келе жатқан көңіліңді баспайын деп тоқтау айтқан жоқ ем, Балуан!.. Бұл асу осындай қиын. Ең биікке шығасың ба, болмаса, осы маңайда да адам таппайтын бекініс бар, соған паналай тұрасын ба?

— Бет алған жағымнан қайтқанымды қашан естіп ең, Ақылбай,— деді Балуан,— абақты қажытты деп ойлағаның ба, бұл?

— Неге олай дейін!

— Ендеше жүреміз ілгері. Менің атыма қыз мінсін.

— Сен ше?

— Мен жаяу жүрем.

— Сенің тілегіңді мен берейін, менің тілегімді сен бер. Мін, менің атыма!

Ақылбай атынан түсті де Балуанға ұсынды.

— Өзің қайтесің?

— Балуандығыңда, серілігіңде, ақындығыңда дауым жоқ. Көңіліңе келсе де айтайын, нақ тауға өрмелеуге сен мендей емессің. Намыстансаң да айтайын, «Мақпал» мен «Бүркітті» ден басқа тауға шығып көрдім деймісің, сен?.. Тау ма олар? Жаман атпен басына шоқытып шығатын төбе емес пе? «Тау» деп аспанға таласқан, мына Көкшені

айт!.. Бірақ, бұл, өзгеге биік болғанмен, маған биік емес. Аяқты апыл-тапыл басқалы төбесіне күнде бір шығатын Көкше бұл; сөзді қой, мін, мына биеге? Әлде биеге қалай мінем, деп намыстанып тұрмысын? Бұл қияда Ақбозыңнан менің бием артық!

— Жеңілдім!— деді Балуан.

Балуан биеге, Татьяна Ақбозға мінді. Айтқандай-ақ Ақылбай тауға өрмелеуге тамаша екен. Аяқтары қаздаңдап, аттардан озып, еліктей ентелеп барады. Балуан да, қыз да Ақылбайдың бұл жүрісіне қайран қалды.

Олар Көкшенің кеудесіне шыққанда күн түске тармасып қалды. Батыстан-шығысқа қарай созыла біткен Көкшенің жонында түйенің өркешіндей шаншылған шыңдар болғанмен, күнгей жағы жерге шейін тік қиылып түскен жылтыр тас, әрі, адамның қарауға басы айналатын терең; көлбеңдей біткен теріскей жағы мен жотасы қалың орман.

Ақылбай «аңның жымы» деп атаған бір жіңшке жолмен олар жүріп отырып аз үйлі ауыл сиып қонғандай алапқа шықты. Алапта қазанға құйған судай қара тастың шұқырына біткен, төңірегі сақинадай дөп-дөңгелек кішкене көл бар екен.

— Осының тереңдігі жүз кез дейді,— деді Ақылбай.

— Көлемі мынау,— деді Балуан,— қайдан жүз кез болады!

— Өлшеп көрген бір орыс солай депті...

— Болса болар...

Кеңесе келе, Ақылбайдың Балуанға айтқан өтініші:

— Атыңа қанық, өзіңе танық едім. Сенің керегіңе жарасам арманым жоқ. Төсімді ашып дос болам, қи, маған достығыңды!

Мәңгілік достықтың белгісіне, олар түрегеп құшақтасты да, төстеріне төстерін басты.

Балуанның амандығын әкесі мен шешесіне ғана айтуға, ояздың іздеуі, тағы сол сияқты хабарларды тасып тұруға, ас әкеп тұруға уәде қылды Ақылбай. «Болашақта не істеуді, қайда баруды жағдайға қарай көреміз»— десті олар.

— Қайыр, қош!— деді Ақылбай әзірге үйіне қайтпақ боп атына мініп, құсың құтты болсын!

— Менде өзім сүйген бір ғана құс бар,— деді Балуан күрсініп,— одан басқа бұлбұлдың да, тотының да керегі жоқ.

— Кім ол?

— Ғалия.

— Естіп ек! Бірақ, әйел — түлкі, еркек — бүркіт емес пе? Алдынан сылаңдап түлкі қашса, бүркіт шыдай алар ма екен.

— Томаға кигізсе тырп ете ала ма, бүркіт?

— Қай томаға ол?

— Ғашықтық!..

— Шыдасаң көрерміз...

— Көрсең көрерсін. «Сексен сұлу сылаңдап тұрса-дағы Ғалияның алмаймын кірпігіне!» — деп шығарған әнімді естіп пе ең?

— Естігем.

— Сол сөзім — сөз?..

Бұл сөзге сенерін де, сенбесін де білмеген Ақылбай, кешке қарай ас-су әкеп бермек болды да, жүріп кетті.

23. СЫНАСУ

Ғалияның қолында бұйда пышақ,
Ғалияны көрдім де жайдым құшақ.
Отыр ма екен Ғалия жатыр ма екен,
Айдын көлде таранған аққу құсап?
(Балуан Шолақ өлеңінен)

Көкшенің қыр арқасына түйенің өркешіндей шаншыла біткен бір шың таста Татьяна жалғыз отыр. Бұл шыңнан төңіректегі көз жетер жерде көрінбейтін жер жоқ.

Әкесі жер-көкке сиғызбай мақтаған соң, былтырғы жазда Татьяна Бурабайға кеп, таудың ішін аралаған еді. Сонда Оқжетпестің тас діңгегі қай жағынан қараса да оған бұл арадағы таулардың ең биік қиясы сияқтанған еді. Қазір, Көкшенің басынан қарағанда, сол — Ожетпес үйген тезек сияқты шоқырайған бірдеме.

«Бұл таудың бойында сексен көл бар», деген еді әкесі Татьянаға. «Сонша көл қай жеріне сияды» деп Татьяна, ол сөзге сенбеген еді. Қазір, Көкшенің төбесінен қараса, сексен түгіл, жүз алпыс деуге де сиярлық; етегіне, өңіріне күміс қадаған қазақ қыздарының жасыл барқыт қамзолы сияқты, жасыл даланың беті жарқырап күн сәулесіне жалтылдаған көлге сыңысып симайды.

Көкшенің төбесінен қарағанда, әлдеқайда алыста сағыммен бұлдыраған көп таулар ұшырайды, бірақ олардың бәрі Көкшенің қасында төмпе сияқты.

Көкшенің төбесінен қарағанда көзге ұшырайтын көп қаланың біреуі — Көкшетау. Жетпіс шақырым жердегі ол

бұл шоқының басынан, ең көп болса жиырма-отыз шақырымдай ғана сияқтанады. Қаланың күндіз күнге шағылысқан бояулы қаңылтыр шатырларымен, түнде терезелерінен жарқылдаған сәулелері көрініп тұрады. Жалпы жобасын көріп, жеке үйлерін, көшелерін еркін болжай алмағанмен, қаланың бар бейнесі Татьянаның алақынында сияқты. Татьяна, кейде, биік шыңның басына шығып, қаланың нұсқасын көреді де, аз уақыт көзін жұмып отырып ойымен ішін аралайды, үйіне барады, әке-шешесін құшақтайды, сүйеді, еркелейді...

Көзін ашып ойласа, Татьянаға бұл еркелігі, бұдан былай, шындықтағы емес, қиялдағы еркелік қана сияқтанады. Оның бұл ойы түсінікті болу үшін, әңгімені әртіректен бастайық.

Татьянаны Балуан Шолақтың алып «жейтін аңым» деп емес, ояздың қара күшіне қарсы қара күш жасау ретінде алып қашқаны, Көкшенің биігіне оны, «ояз адамшылыққа келсе, мен де адамшылыққа келем» деген ниетпен апаруы бізге мәлім. Балуанның қолына алғаш түскенде, Татьяна өзін қасқырдың аузына түскен тоқтыдай көргенін де, бірақ, Балуан жетектеген салт атпен былай шыға, хауыпқа бойы үйреніп, тағдырының алдына не сый тартқалы тұрғанын салқын қанмен күтіп алуға бекінгенін де біз жақсы білеміз.

Ақылбай бұларды Көкшенің кеудесіне апарып орналастырғаннан кейін қайтып кеткенде, Татьянаға өзінің жақын туысы қайтып кеткендей сезім пайда боп, қарасы үзілгенше қадала қарап отырды да, қарасы үзілген соң өксіп жылап жіберді де, бетін екі алақанымен басып, кесек тасты жастана жата кетті.

Татьянаны шын көңілден аяу сезімі, Балуанның көңіліне сол сәтте ғана ұялады. Оны бассалып құшақтағысы келді Балуанның, әлдилеген баладай алдына алып тербеткісі, көз жасын орамалымен сүрткісі, неге әкелген ниетін айтқысы, қорықпауын, көңіліне жаман ой алмауын өтінгісі келді.

Ақыл таразасына салып көргенде, бұл ойларының бәрі оған жеңілдіктің белгісі сияқтанды. «Алып қашуға асыққанмен, адамшылық көрсетуге асықпайын» деген тиянаққа тіреді ол ойын.

Сол оймен орнынан тұрып кеткен ол, жақын жердегі байлаулы Ақбозының ер-тоқымын алып, көзін орамалымен сүртіп, біраз уақыт әуреленді де, «не халде екен!» де-

гендей, жолбарыстың жүрісіндей еппен басып Татьянаның қасына келді. Қимылы жоқ қыздың бетіне ол үңілсе, ұйқы-тап кеткендей, мұрны ақырын ғана пысылдайды.

Расында да ұйқытап кетуіне көзі жеткен Балуан, «шошытып алмайын» деген оймен, еппен ғана басып, алысырақ тұстағы кесек тасқа барды да, қасына жантая отырды. Оның ойына өзі білетін өмірдің кейбір философиялық жайлары түсіп кетті.

— «Бұл не ғажап?!— деп ойлады ол.— Мен көрген өмірде осалды мықты жейді. Түлкі тауықты жейді, қасқыр қойды жейді, бүркіт қоянды жейді деп кіналаймыз. Адам адамды жегенде, оларға не жорық?.. Аң емес пе, олар?..»

«Адам адамды неге жейді?!» деген сұраудың жауабын Балуан ойлап-ойлап таба алмады. Дінге сенетін Балуан: «адам бір қорықса құдайдан қорықса керек еді, бірақ, одан да қорықпайды ғой, мықтылар?.. Аузында алласы отырып, сілесін қатырады ғой олар осалдардың?..»

Құдайдан ауызша қорыққан боп, іс жүзінде қорықпайтындар есіне түскенде, «сондайларды неге жеміріп жібермейді екен, тәңірі?!» деген бір қиялға кетіп қалды Балуан...

«Бірақ, болған емес қой, ондай іс!— деген өкінішке түсті Балуан,— Зорлығы үшін көрінеу көзге тәңіріден жаза тартқан мықтыны ешкім көрген емес қой?!..»

«Жазаны ахиретте тартады» деген сөз түсіп кетті Балуанның есіне. «Оған дейін қашан!— деп торықты Балуан,— Бұл дүниеде қайтпаған кек, ол дүниеде қайтқанда не болады?!..»

«Сол дүниең,— сол құдайың бар ма екен, өзі?!» деген күдік туа берген Балуан, «астапыралда, күналі болмайыншы!» деп, олай қарай шашырап бара жатқан ойын жинап буа қойды.

«Шіркін,— деп кіжінді ол,— кек атаулы ол дүниеде емес, бұл дүниеде қайтатын болса!..»

Кектің қайтуына сүйенбек болған үміті тайғанақтай берген соң, ол ойынан торыққан Балуан,— «ал, енді, дүниеде әделеттік бар ма?» деген ойға келді.

«Бар, ол әделеттік!— деді ол дауысын шығарып, біраз уақыт ойланып алғаннан кейін.— Әделеттік болмаса, халық неге жақсы көреді мені?.. Және есепсіз, қалтқысыз жақсы көреді ғой, ол мені?.. Мен ғана емес, хиянатсыз адамның бәрін де жақсы көреді ғой ол?.. Ендеше, шын әделеттік халықта емес пе?.. Рас, әділ ол!.. Және оның

әділдігі адал, шын әділдік!.. Күші жеткен жерге дейін аямайды ол әділдігін... Күші жетпеген жерде амалы жоқ!..»

«Күш» деген сөздің өзіне мән беріп байқады Балуан. «Көп қорқытады, терең батырады» деген мақал түсті оның ойына. «Ол, рас!— деген ой кеп кетті Балуанға,— егер мені көпшілік қолдамаса, елдің күштілері алдақашан түтіп жеп қояр еді ғой?.. Істей алмады ғой оны?.. Сонда, менен емес, көптен қорықты ғой?!..»

«Сол көптен ұлықтар... мысалы, ояз неге қорықпайды?!» деген ой кеп кетті Балуанға...

«Білдім!— деді ол ұзақ ойланбай,— мылтық олардың көпті қорқытатын қаруы. Атбасарда қолма-қол төбелессем, қолға түсер ме едім мен?.. Мылтыққа ғана бағындым ғой мен?.. Халық та сондай. Ол да мылтықтан қорқып отыр. Ұлықтың қолынан мылтығын алшы, қорлық көріп отырған халық не істер екен?.. Әлегін аспаннан келтірер еді, күлін көкке ұшырар еді!..»

«Шын, халықтың өз қолына мылтық беріп көрер ме еді?!» деген арман туып кетті Балуанның басына.

Ойы осы сияқты «тұманға» сүңгіп, одан табар сәулесі жоғына көзі жеткендей болған Балуан отырған мекеніне қайта оралды. Сол кезде, оның алыстағы буалдырға тіккен көзі, қимылсыз жатқан Татьянаға түсіп кетті. Оның басында тағы да хиянат пен әделеттік салмақтаса қалды. «Қайсысына баруым керек, сол екеуінің?— деген сұрау туды оның басына,— қиянатқа барсам, мына қыз менің уысыма түскен жемім, мұны менен арашалап алар ешкім жоқ... Бірақ, дұрыс па сонын?.. Бар тағдыры қолымда қалған бейшараны шыңғыртып жеуім адамшылық па?.. Жоқ, емес ол!.. Онда менің де талағыш көп иттің ішіндегі көк ит болғаным!..»

Балуанның «жоқ, мен ит емеспін, адаммын!» деген дауысы қатты шыққандығы сондай, дауысынан сескенгендей, өзі де орнынан атып түре келді, ұйқтап жатқан Татьяна да шошып оянған түрмен, есеңгіреп құзға қарай қаша жөнелді... Сол бетімен құзға құлайтын оны, Балуан әрең қуып жетіп, биік жартастың қабағына жақындай бергенде белінен құшақтай алды... Қасқыр тістеген киіктей шошынған Татьяна бақырып қалғанда:

— Қорықпа, қорықпа!— деді Балуан, мен аң емеспін, адаммын!..

Есін сонда ғана жинаған Татьяна, «рас па?» дегендей Балуанның кескініне қарады да үндемеді. Шын мағына-

сындағы адамның аса жылы кескіні сияқтанып кетті Балуанның беті оған.

Балуан Татьянаны сол көтерген қалпынан жерге түсірмей, манағы отырған тасына әкелді де, алдына алып отырып, тілі жеткенше, бұндай іске неге барған сырын шертіп кетті. Балуанның орыс тілін олақ сөйлеуі, Татьянаға оның ойын ұғуға бөгет болған жоқ. Бөгеттігі былай тұрсын, жанының жалынындай ақтарылған бұл сөздер Татьянаның сана-сезімін қорғасындай балқытып әкетті... Балуанның сөздерін әуеле сынай тыңдаған Татьяна, артынан жылай тыңдады...

Бір кезде Балуанның өзі де жылағандай сезілген соң, Татьяна көзін сүртіп кескініне қараса, расында да солқылдап жылап отыр екен!..

— Сізге не болған?!— деді Татьяна Балуанның алдынан атып тұрып, басын құшақтай ап,— ақыл мен қайраттың жентегі сияқты сіз жылағанда, адам баласында жылamайтын кім?.. Өзгеңізді мақұлдағанмен, мұныңызды мақұлдай алмаймын!.. Мен сізді аса биік адамға санап қалған едім, егер төмендегіңіз келмесе, тыйыңыз, көз жасыңызды!..

Бұл сөзге балқыған сезімі серги қалған Балуан, көз жасын жеңімен сүртіп жіберді де:

— Мен өзгеге емес, дүниеге адам болып келуіме ғана жылаймын,— деді.

— Неге?!

— Азаттығы жоқ тіршіліктің кімге керегі бар?

— Өзгеде менің жұмысым жоқ,— деді Татьяна,— жұмысым болғанмен, өзгенің хиянатын түзеуге менің әлім келмейді. Оған сіздің де әліңіз келмейді. Менің әлім келетін адам — әкем. Оның тарапынан бұдан былай сізге ешбір хиянат болмауына мен уәде бере алам. Сеніңіз, осы сөзге.

Балуан үндемеді.

— Сенуіңізді өтінем!— деді Татьяна түрегеп, жалбарынған дауыспен.— Әкеме өтінішімді қабылдатудың үстіне, егер мақұл көрсеңіз, сіздің өмірлік досыңыз болғым келеді...

— Оны өмір көрсетер,— деді Балуан да түрегеп.— Асығыс сөз,— ауыздан шыққан дем, қайтып оралмайды ол. Менің тек қана айтарым, дос болам деген кісіге, менің достық құшағым даяр!..

Расын айтқанда, Балуан Татьянаның уәдесіне сенуді де,

сенбеуді де білмеді. Сенбейін десе,— аузынан уызы кеппеген сәби адам, өтірік сөзді қалай айтады?.. Сенейін десе — жауласып отырған адамның қызы,.. ол жаулықтың аяғы немен тынары мәлімсіз,.. қыз, мүмкін, уәдесін адал-ақ беріп отырған шығар... бірақ, әкесі оның тілегін орындауына кім кепіл бопты?.. Егер орындамаса, бұл қыз, әкесін бұған айырбастай ала ма?..

Балуан осы оймен, қызды бір күнде емес, көп күнде сынауға бекінді.

Оның бірінші сынынан Татьяна да, Татьянаның бірінші сынынан ол да әдемі өтті. Татьянаның сыны,— «дос болам» деп уәде бермеуіне қарап, «кегі ішінде екен, оның арты неге соғар екен?» деп күдіктенген Татьяна, «егер ойы олай болса, бүгін түнде сыр беруі мүмкін» деп қорыққан еді, «бүгін сыр бермесе, адамгершілігінің рас болуы мүмкін» деп үміттенген еді; Балуанның сыны «бұл қыз, мені жәй сөзбен ғана жұбатып, іш-кіпірін ішіне сақтаса, осы түнде мені ұйықтатып тастап қашып кетуі мүмкін» деп күдіктенген еді.

Ақылбай оларға асты күн баюға жақындаған кезде әкеп берді. Балуан жеп-ішер деп ол піскен сүр және қымыз әкелді де, қызы жеп-ішер деп орыстың қалашын және піскен қаймақ әкелді.

Балуанның Татьянаға деген сенімі осы астың үстінде тұтана бастады. Қарны ашты ма, әлде, Балуанның сенімін арттыруға көз жасағысы келді ме,— «келіңіз!» деп шақырған дастарқанның қасына отыра қалды да, серіктерін қулық сөздер айтып күлдіре отырып, асқа тыңкия тойып алды. Қыздың мана жабырқаңқы кескінін көріп, «бұл байғұстың халы не болар екен?!» деген уайымда кеткен Ақылбай, мына жолы жадырай қалуына, асты қомағайлана ішуіне қарап, «осы екеуі келісіп қалған ғой, тегі!» деген арам ойға тоқырады.

Ақылбай атына өңгеріп, үйінен төсек-орын да ала келген еді. Ол кете, тастардың қуысындағы жел-күнге тигізбейтін бір жайлы орынға Балуан төсекті салды да:

— Сен енді тыныққ!— деді қызға.

— Сіз ше?

— Мен кейінірек ұйқтаймын.

— Қайда?

— Тас арасында орын көп.

— Оған дейін не істейсіз?

— Ананы ермек қыла тұрам,— деп Татьянаға Балу-

ан, Ақылбай әкеп берген, таста сүйеулі тұрған домбыраны көрсетті.

— Сіз жақсы ойнайсыз ба?— деді Татьяна.

— Өзіме қажетті мөлшерде.

— Сізді әнші және ақын деседі жұрт, рас па сол сөз?

— Өзіме қажетті өлеңді де, әнді де шығаратыным рас.

— Маған тыңдауға бола ма, ол өнерлеріңізді.

— Әрине болады.

Тасқа аралары алшақтау қатар отырғаннан кейін, Балуан қарағайдан жасалған ескілеу домбыраны қолына алды да, күйіне келтіріп, құлаққа жағымды әлдене қоңыр әнді, домбыраның шектерін шолақ қолының үсік саусағымен, іліп-қағып ойнап жіберді. Бұл әні жүрегіне жылы тиіп кеткен Татьяна, аз уақыт тынысын ішіне тарта тыңдап отырды да:

— Енді дауыс қосуыңызды өтінем!— деді.

— Жақсы,— деді Балуан,— бірақ, айтар әнім бұл емес, басқа.

— Қандай ән?

— Ғашығыма шығарған...

— Жаңылмасам, естуімше, ғашығыңыздың аты Ғалия болу керек?— деді Татьяна Балуанның бетіне күлімсірей қарап.

— Оны қайдан естідіңіз?

— Халық арасында тараған әңгімені мен неге естімеймін?

— Не деп естідіңіз?

— Ол жырды маған өзіңіздің айтуыңызды өтінем.

— О да болсын!

«Хат жазайын Ғалия, саған арнап,
Сипатыңа екінші, құрмет айлап.
Анда-санда көзіме бір көрінсең,
Қарға аунаған түлкідей қалам жайнап!»—

деп бастап, Балуан «Ғалия» әнін айта жөнелді. Дауысы шынында зор ма, әлде, мына биік таудың басы, қалың қарағайдың іші көтеріп әкетті ме — құмарта тыңдаған бұл әдемі әнді айтқанда, Балуан Татьянаға дүниеде дауысы ең зор, ең нақышты адам сияқтанып кетті. Оның дауысына бүкіл дүние қосылғандай, кең дүниенің ішінде осы әннен басқа үн жоқтай, сол кең дүниеге мынау әдемі ән әрең сиып тұрғандай көрінді Татьянаға... Не деген тамаша ән!.. Не деген тамаша үн!..

Сол әннің қызығына түсіп, екеуі де қас қарайып, ымырт жабылғанын байқамай қапты...

— Тынығар уақыт болды,— деді Балуан, бір кезде Татьянаға, домбыраны қасына сүйей сап.

— Тағы да, Балуан!..

— Әр нәрсе дәмімен, Тәнәй-жан!— деді Балуан. («Татьяна» деген сөздің орнына «Тәнәй-жан» деген сөз ауызына қалай түскенін Балуан байқамай да қалды. Татьяна ол сөзге түсінбегендіктен мән бермеді).— Мөлшерден артық ішсе, тәтті де жүректі айнытады. Бүгінге осы да жетер. Қалғаны ертең.

— Жақсы!— деді Татьяна.

— Онда, жат, қарындасым!

— Жалғыз жатуға қорқам.

Балуан «неге?» демеді. Елсіз-күнсіз биік таудың басында, қараңғы түнде, баспанасыз жерде жалғыз жату оңай боп па?

— Онда қайтем?— деді Балуан.

— Мен сіздің құшағыңызда ғана ұйықтай алам!..

Қызды шекпеніне бөлей, құшағына ап, төсекке өзі киімшең қисайған Балуанның жан-жағынан нәпсінің аңдары арсылдай ұмтылғанмен, берік және батыр жүрек сертінен жаңылмады. Қалай қалғып кеткенін ол білмей де қалды...

Балуан оянып кетсе, дала жап-жарық. Қарағайлардың арасына, бетіне күннің әлсіз сәулесі түсіп тұр... Мұрны ақырын ғана пысылдап Татьяна құшағында ұйқтап жатыр... Бір қырындау жатқан оның да бетін күн сәулесі шалып, былай да сұлу кескіні тіпті нұрланып кетіпті... Егер қимылдаса, қасындағы қыздың рахат тиыштығын бұзатындай көрген Балуан, оған тек көз қырын ғана тастап, сұлулығына қайран қалды. Өзінің ерлігіне ол одан да артық қайран болды. «Адам егер шындап кіріссе, нәпсіні сындыруға болады екен-ау!— деп таңданды ол,— осындай сұлу қыздың қасында, осылай жатуға болады дегенге, көзі көрмеген кісі нанбас еді-ау!»

Балуанға мұндай ерлік, тек, оның ғана қолынан келетін сияқты такаппарлық пайда болды. Бұл қылығы адамдық-ерліктің биік шыңы сияқтанып кетті оған. Егер өзі тілесе, адамның қолынан келмейтін ерлік жоқ деген ойға келді ол. Өзінің сондай адам боп тууына мақтанғандай болған ол,— «адам!..» деп айғайлап қалды. «Неге өйттім?» дегендей, ол ауызын бос қолымен басып үлгермей, Татьяна оянып та

үлгерді. Шошып оянып есеңгіреуі ме, әлде дұрыс оянып, ақылының әмірін орындады ма,— басын төсектен көтере берген Татьяна да «адам!» деген сөзді бар даусымен айтып, Балуанды құшақтай ап, денесін денесіне қатты қыса, сақалы өскен түкті бетінен құшырлана сүйді...

Достықтың осы қаймағын, ешбір нәпсінің дауылы соғып бұза алмады. Балуан бұл дауылға емендей иілмей, қасқиып қарсы тұрды. Сана-сезімінің буыны әлі бекіп болмаған жастығынан ба, бұған дейін сүйген ешкімі жоқтықтан ба, Балуанның кісілігі мен қатар жігіттігіне де сүйсінуден бе,— біраз күн бірге жүріп-тұрғаннан кейін Татьяна өзінөзі байқап көрсе, Балуанға жігіт деп те қызығып қалған жайы бар. Осы сезімін сыртына шығарар, шығармасын білмей азаптанып жүргенде:

— Сен бүгін қайтасын!— деді Татьянаға, ертемен етекке түсіп келген Балуан.

— Қайда?

— Үйіңе...

Балуан Татьянаға абақтыда жатқан туыстары түгел босанғанын, ояздан «қызымды аман қайтарсаң, саған да, туыстарыңа да тимеймін» деген хат келгенін айтты. Бұл хабарға қуанған Татьяна:

— Үйіме өзіңіз апарып салыңыз да, әке-шешеммен де достасып аттаныңыз!— деген өтінішін айтты.

— Ол өтінішіңді орындай алмаймын,— деді Балуан.

— Неге?

— Достық — жүректің ісі. Жүрек сырласып сеніскен адамымен ғана дос бола алады.

— Менің әке-шешеммен сырласып сенісуге болмай ма?

— Болмайды, достым!..

— Неге?!

— Ол ұзақ кеңес және оны сізге айтудың хажеті де жоқ. Ал, сенімен?.. Егер сертіңде тұрсаң, бұдан кейін я жолығармыз, я жолықпаспыз, бір-бірімізге ісіміз я түсер, я түспес,—«дос болам» деген сертімде мен берік тұрармын, оған — бүгінге дейін сертінен айнымаған ар-ұятым куа!..

Соңғы сөз Татьянаны тағы бір тұйыққа әкеп қамады: Балуанның Ғалияға деген серті бұзылмастай берік екендігіне оның көзі жетіп болған. Егер көзі олай жетпесе,— осы арада «мен сені сүйем!» деген сөзін айтқалы даяр тұр...

Бұл сөзді Балуанға, Татьяна, тек, түнде, Көкшетау қаласының көшесінде, өз үйінің қақпасының алдында ғана

айтты. Олар қалаға түн ортасы ауа, қала шырт ұйқыда жатқан кезде салт атпен кірген еді. Екі ат та Балуандікі.

Үйіне кіріп-шығуға Балуанды бұған дейін көндіре алмаған Татьяна, қақпасының алдына кеп атынан түскен Балуанға өтінішін қайталаған жоқ.

Татьяна түскен аттың шылбырын қолына алған Балуан, тауда еркелетіп қойған атымен:

— Ал, Тәнәйжан, енді хош бола тұрасын да!— деді қолын ұсынып.

Татьяна оған қол берудің орнына, басын кеудесіне баса, белінен құшақтады да, қараңғы түнде көзі жұлдыздай жаутаңдап, еркелеп дағды алған қазақ сөзімен:

— Аға!— деді.

— Әу, Тәнәйжан!— деді Балуан.

— Сіз ғой, енді «Тәнәй-ай!» деп маған шығарған әніңізді ұмытасыз?..— деді Татьяна жыламсыраған дауыспен.

— Ән ұмытыла ма, Тәнәй-жан? Және «Тәнәй-ай»-дың қасында, «Тәндә менің жан-ай, әй!» деген сөз бар емес пе?

— Бар...

— Білесің бе, «жан» дегеннің не сөз екенін?

— Білем!..

— Ендеше, кеудемде жан тұрғанша жасайды ол ән.

— Сенем, аға!.. Менің кеудемде де сіз солай жасайсыз!.. Өйтпегенде ше?.. Бұрын романдардан ғана оқитын шындықты, сіз маған іс жүзінде көрсеттіңіз!.. Рахмет сізге!.. Мен енді дүниеде адам барына да, достық барына да, махаббат барына да сенем!..

— Рахмет, Тәнәйжан!..

— Дүниеде екі сүю бар ма, аға?

— Жоқ!..

— Ендеше, мен сізді ғана сүйем!..— деді де, қыз өксіп жылап жіберді.

Қызды бауырына басқан Балуан, не сөз айтарын білмей қалды.

— Ал, хош, сүйікті Тәнәйжан!— деді Балуан, аз уақыт үнсіз тұрғаннан кейін.

— Хош!— деді Татьяна әлсіз дауыспен, одан әрі сөйлесудің қажеті жоғын ұғып.

Балуан жылдам қимылмен Ақбозына қонды да, Татьяна мініп келген атты жетекке алып жүріп кетті...

24. «ЕРДІ КЕБЕНЕК ІШІНДЕ ТАНЫ»[1]

Көк ала үйрек ұшады көл дегенде,
Менің діңкем құриды сен дегенде.
Ғашық болып қосылған Ғалия жан,
Сусын болар лебізің шөлдегенде!
(Балуан Шолақ өлеңінен)

Татьянаны Көкшетауға апарып қайтқаннан кейін Балуан Шолақ атын өктемей жолда бір күн тыныстады да, ертеңіне тура үйіне барды. Абақтыдан қашқалы үйіне бірінші баруы болғанымен, оның қайда не істеп жүргені семьясына да, өзге жұртқа да мәлім еді.

Семья да, халқы да оны дағдылы жылау-сықтаумен қарсы алды.

— Батыр, енді сабыр!— деп өтінді ағайындары мен дос-жарандары — «аса қайрат — бас жарады» деген аталарың, «Балуанмен күреспе, ұлықпен тіреспе!»— деген аталарың. Албырт жастықпен басыңды тауға да, тасқа да соқтың. Енді сақал-мұртың шығып, көңілің тоқырайтын жасқа жеттің, мал малданатын, жан жанданатын кезің болды. «Тек жүрсең — тоқ жүресін», деген атаң. Малын бағып қана тиыш жүргендер өлген жоқ, олар да күн көріп жүр. Ұлықтан алған қағазың сенімді көрінеді. Енді өзің тимесең, ұлық саған тимейді, тоқтал, жарқыным.

Қуғыннан қажыған Балуан Шолақтың алғашқы кезде бұл ақылды алғысы келді. Сол оймен ол үйіне біраз уақыт тұрып та көрді.

Өзін Балуанның алдында кешілмес күнәкер көрген, бірақ Балуаннан айырылу деген ойды басына жуытпай, жуиын десе жаны түршіккен Балқаш, Татьянаны алып қашуды қоса Балуанның бар кінасын ұмытып, шамасы келгенше жақын тартуға, көңілін алғаш қосылған кездегі қалпына түсіруге тырысты. Балқашқа Балуан да бұрынғыдай тыжырынбады, өзеурей қоймағанмен «күйеуіңмін» деген ұғым беруге тырысты.

Қызын аман көргенмен, Балуанға тимеуге қолынан заңды подписка бергенмен, «балам қолыма бүлініп тиді» деген ұғымдағы Долгоносовтың кеудесінен кек кеткен жоқ. Балуанға тура соқтығуға жүрексінген ол, өзі сенетін ауыл адамдары арқылы қастық қылмақ: өлтіртпек, я у бермек

---

[1] Халық мақалы «Кебенек»— жазалыны масқаралауға кигізетін шоқпыт құрым, халықтың «Кебін кигеннен түңіл, кебенек кигеннен түңілме» деуі де осыдан шыққан.

те болды. Ол планын да іске асыруға батылы жетпеген Долгоносов, «бұдан бұлай қайтер екен», деп Балуанның артынан тыңшылар жүргізді.

— Әзірге бұрынғы бұзақылық қалпы жоқ,— деп хабарлады тыңшылар,— үйінде тиыш жатыр.

— Олай болса осыған тимейік,— деп ұйғарды ояздық мекемелердің ұлықтары,— өзі де қажыған шығар, мүмкін жуасып кетуі.

Тағдырдың ноқтасына басын ұсынған Балуан Шолақ аз жасында көрген өзге зорлық-зомбылығын ұмытуға тырысты және ұмытты да, бірақ, өзгені ұмытқанмен оның жүрегінен жабысып айырылмайтын бір ғана дерт бар. Ол — Ғалия. Неге екенін өзі де білмейді: оны ойламай қоя алмайды, ойласа іші уылжиды да тұрады...

«Ендігі толқытатын Ғалия болуы мүмкін» деп хауіптенген адамдар, Балуанның көңілін суытамыз ба деген оймен, ол туралы,— «Атбасардан қайтқан соң Ғалия күйеуі — Біржаннан айырылысыпты. Содан кейін ол бұзықтық әдетке салынып, көлденең кездескен көк аттыны құр өткізбейтін боптыы»,— деген өсек таратты.

Ғалияның аты аталған сайын, Балуанның оған құмарлығы арта түсті. «Күйеуінен айырылысыпты», деген сөзге Балуан тіпті елегізді. «Атбасардан қайту!.. Айрылу!..— деп ойлады ол,— егер бұл өсек рас болса, кінәлі мен емеспін бе? Біреудің ұясын бұзып, енді не болсаң ол бол деуім ерлігіме сия ма? Жоқ, мен анықтайын, мұны!.. Барайын Қараөткелге!.. Егер Ғалия өзгермесе, бұрынғы көңілі қалпында болса, оның қарғысына қалмайын!..»

Осы ойға белін бекіткен Балуан бір күні Балқашқа шынынан жарылды. Алғашқы қосылуын, одан кейінгі өмір кезеңдерін баяндай кеп, Балуанның Балқашқа айтқаны:

— Екі қатын алған қазақта мен ғана емес. Сен көнсең Ғалия көнеді. Екінің бірі боп отырам десең де ықтияр; ал, оған көнбеймін, кетем десең де ықтияр!.. Таңдағаныңды ал! Мүмкін, мен сенің бағыңды байлаған шығармын, ол кінәмді мойынға алам. Ренжіскен күндеріміз де болды. Қазір ешбір қалтқысыз шын сырласып отырмын. Сен де шыныңды айт. Айырылсақ та, бірге тұрсақ та бір-бірімізге жауықпайық.

Балқаш не дерін білмеді. Ол ызаға шыдамай жылады да, тулатып алармын деген хауіппен өзін зорлап күлді де. Күлкілі көз жасымен ол «осыған мойымас па екен» деп, бойына бала біткенін ұл болу үміті барын айтты. Бірақ,

Балуан беріспейтін мінезіне бағып, «екі сөздің қай таңдауы сенікі» деген сөзінен танбады.

Балқаш қатты қиналды. Ол екі сөздің біріне де жолай алмады. Айырылғысы келмегенде, Балқашта қазір Балуанға байланып жатқан жүрек жоқ. Балуанның жүрегіне қосақталған оның махаббат жібі, қызғаныш оты алғаш тұтанған күні жанып кеткен. Содан бері Балқашқа Балуан «сүйікті Балуан» емес, «еркек Балуан» ғана. Сөйте тұра Балқаштың одан ажырай алмайтыны: бір жақтан «Балуан Шолақтың қатыны» деген атақтан айырылғысы келмеуі; екіншіден — бір байға тиген әйелді, ескі ауыл әдетінде қатыны өлген кәрі-құртаң біреу болмаса, үйленбеген я әйел таңдаған адам ала қоймайды. Өзе ойында Балқаш бір әйелден кем емес. «Сонда да,— деп хауіптенеді ол,— Балуаннан айырылған соң мен таңдағаныма тие алам ба?»

Болашағын ойлаған Балқаш, жылау-сықтаудың артынан Балуанға кесімді ойын айтты:

— Ғалиядан қызғанам,— деді ол,— сонда да сені қимағандықтан рұқсат берем. Бетіңнен жарылғасын. Тіпті қайырылмай кетсең де осы орнымнан қозғалмаймын.

Балуан Шолақ Балқаштан рұқсат ап, ыңсыз-шыңсыз, «Қараөткелде жұмысым бар» деді де жүріп кетті.

Атбасардан Ғалияны зорлықпен алып қайтқан Қордабай, Ақмолаға жеткенше Біржанның мұқалған намысын қылшылдата қайрап келді.

— Айырылған қатының еді,— деп келді ол Біржанға, дос болғансып,— «аталастың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын», деген мақал бар. Сені Балуан Шолақтың сонша басынғанына сайтаным ұстап кетті. Қайрақтының сексен өгізін ұрлап қашып жүрген немені ұлыққа көрсетіп, ұстадым да бердім. Өмірде босанбайтын бұғауды аяғына кигіздім. Одан құтылу оңай болмас. Арсыз қатының біржола Балуан Шолақтық боп алған екен. Ол ұсталғанда соңынан қуам демесі бар ма? Сайтаным мұндай келмес! Жоны-сыртын бірдей ғып сабағым кеп тұрдым да, тағы да: «Сенің аяғыңда жатқан қатын еді ғой» деп қол қатпадым. Жауыңнан айырып, қатыныңды қолыңа аман бердім. Енді басындырма! Итаяқтан су ішкіз, бәлеме! Араша түскен кісіні көріп алайын мен!..

Бұл сөздің бәрін Біржанға Ғалиядан оңаша айтқан Қордабайдың ойы мен аузы екі тарапта еді. Ауызша дос

болғансыған ол, ішінде: «Ғалияны солай қыстай бастаса Біржанға көңілі суиды да, намысқор әйел айырылады, содан кейін маған тимегенде қайда барады?» деген арам ой сақтаған еді.

«Сынықтан басқаның бәрі жұғады» дейді мақал. Ғалияға қосылғаннан кейін, оны еліктеймін деп Біржан әнге, домбыраға әуестеніп, салсымақтау боп, екінші жақтан — Ғалияны байбатша мырзалардан жеңіп алдым дегендей кеудесіне нан пісіп, нығызси бастаған еді.

Қордабайдың сөзі Біржанды желіктірді. Ол Ғалияға қоқаңдап, тіпті сабағысы да кеп кіжіңдей бастады. Бұл жақтан көңілі жай тапқан Қордабай енді Ғалияға қамқорсып:

— Мына жаманың қайтеді? Оған сенің сімілтірің де көп емес пе? «Байғұстың аузы асқа тисе мұрны қанайды» дегендей, мұны түлен түртейін деген екен!— деп желіктіруге тырысты.

Қордабайдың «қамқорлығына» Біржан түсінбегенмен, Ғалия түсінді. Түсіне тұра ол Атбасардан қайтқан соң көп кешікпей Біржаннан айырылды. Айырылмауға Біржанның қыңқылы шыдатпады.

Басында: «Ғалия бұлай келе қоймас, қорғалар, мұқатып, жуасытып алайын» деп ойлаған Біржан, Ғалия айырылуға бел байлағаннан кейін «араздықты тастайық, мен кештім, сен де кеш» деп жалынды. Ғалия «қайтқан көңіл — шыққан жан» деп мойырылмаған соң, қорқытып көндірем бе деген ниетпен «Балуан Шолақпен сырлас, оның бар пәлесін осы біледі» деп оязға арыз берді. Ақмоланың оязы Тройцкий деген қартаңдау, қазақуар, қымыз бен сүрді жақсы көретін адам болушы еді. Ғалияның қолынан ол талай дәм татып, тәтті қымызын ішкен, тәтті сүрін жеген. Ғалияны да, Біржанды да ол жақсы біледі.

Біржанның арызы қолына тигеннен кейін Тройцкий екеуін де шақырып алып табыстырмақ болды. Оның сөзіне Біржан көнгенмен Ғалия көнбеді. Тройцкий өзін «прогрессивный адаммын» деп ұғатын еді, ол әсіресе әйел мәселесінде «гуманистпін» деп түсінетін. Ғалияның көнбейтінін көрген Тройцкий оны оңаша алып қалды да, ақыл айтты:

— Айырылғыңыз келсе, судьяға айтам да айырам және сізге күйеуіңіз тимейтіндей етем. Бірақ бір шартым ғана бар: Балуан Шолақтан күдер үзесіз. Ол үкіметке қарсы, яғни бізге дұшпан адам. Егер күдер үзбеймін десеңіз, маған өкпелемейсіз.

Тройцкийдің бұл шарты ауыр болғанмен, Біржанға ерегіскен Ғалия, «кейін көре жатармын» деген оймен, ояздың сөзіне көнген болды. Содан кейін аз күнде Ғалия Біржаннан талақ қағаз алды.

Біржаннан айырылғаннан кейін де Ғалия қымыз сату кәсібін тастаған жоқ. Балуан Шолақты ойлап іштен жүдеген Ғалия, нарлық көрсетіп, сыртын жүдетпеді. Баяғы ойыны — ойын, сауығы — сауық.

Тройцкийге берген уәдесі бойынша, Балуанды біраз күн аузына алмаған Ғалияның іштен сағынуы үдеп, шыдай алмастық халге жетті. Содан кейін «жаным Балуаннан ардақты ма, азар болса ояз мені де абақтыға жабар», деген оймен ол Балуанды іздемек болды. Сол кезде біреу Балуанды «жер ауды» деп, біреу «атылды» деп, біреу «қашты» деп, қырық құрау өсек тарап, қайсысына сенерін білмей, Ғалияның басы қатты. Сөйтіп жүргенде, Балуанның Татьянаны алып қашқаны естілді. Бұл хабардың анығына Ғалияның көзі жетті.

— Тақыр мұзға отырдың ба?— деп табалады Ғалияны Қордабай да, басқа өштер де,— Балуан сендей күнқақты қақ байталды не ғылсын, аз күн алдап жайдақтады да тастап кетті. Ояздың қызы сұлу деген. Енді Балуан соны алады да шоқынады.

«Мұнысы қалай?!— деп таңданды Ғалия Балуанға — бұндай қылықтың адамы сияқты емес еді ғой ол?!»

Өсек үстіне өсек жамала берді:

— Бұл маңға симайтын болған соң Балуан тескентау өтіп кетіпті,— десті біреулер.

— Құғыншылар үстінен қапылыста басып, табан аузында атып тастапты,— десті біреулер.

— Ояздың қызын өзіне қайырып, адам тимейтін қағаз алып, бұдан бұлай Қараөткелде Ғалиямен бірге тұрам деп келе жатыр дейді,— десті біреулер.

Осы өсектің қайсысына нанарын білмеген Ғалия не істеудің қыбын таба алмай, қайғының қара теңізіне бата берді...

... Күздің былғаныштау жаңбырлы бір күнінде, ішінде Қордабай бар, бірсыпыра жігіт Ғалияның үйінде қымыз ішіп отыр еді, қақпаға боз атты біреу кіре берді. Оны Ғалияның да, Қордабайдың да көзі шалып қалды.

«Жаным-ау, Ақбоз ба?»— деп ойлаған Ғалияның өңі қуқылданып кетті. Ақбоз дейін десе, үстіндегі адамның киім-кешегі жүдеу сияқты.

«Жаным-ау, Ақбоз ба!», деген ой Қордабайға да кеп, о да сұрлана қалды. Ғалия да, Қордабай да бір-біріне жаутаңдап қарады.

Үйге біреу кіріп келді. Дене-тұлғасы, бет бітімі — Балуан Шолақ. Бірақ киімі де, кескіні де жүдеу: сақал-мұрты қаудиып өскен, басында үлкен сеңсең тымақ, сыртында көнетоз қой жүн шекпен, аяғында байпақты саптама етік.

«Балуан ба, жоқ па?!»— деп күдіктенген Ғалияның бойы әлденеге қалшылдап, орнынан тұра бере екі-үш рет жығылып оңалды. Сонда да ол өзін өзі күштеп, түре келсе,— қадала қарағаны Балуан Шолақ!..

Ғалияның бұрынғы ойы — Балуанды көрсе құшақтау, үйде болса — үйді жаңғырта, далада болса — даланы жаңғырта айғай сап жылау, көз жасын көл дария ғып ақтару еді.

Қазір оның аузынан леп, көзінен жас шықпай қалды.

Үйге аяғын салқындау басып кірген Балуан Шолақ, Ғалияның сасып қалғанын білді, бірақ неге сасқанын түсінбеді. Ғалияның сасуын, Балуанның шыдамын көрген үйдегілер де тым-тырыс. Олардың ойындағы сөз: «не болар екен?».

Аузына сөз түспей, буыны дірілдеген Ғалия, ішінен «ойпыр-ау, маған не болды!»— дегендей өзін өзі күштеп, әлсіз денесін зорға сүйреп Балуанның қасына барды да, оның кеудесіне сүйеніп, қолын иығына арта, кескініне қарады. Сонда ғана тіл бітіп:

— Балуан!— деді ақырын.

«Балуан» деген сөз Ғалияның көз жасын байлаған тоған сияқтанды. Аузынан осы сөз шығуы мұң екен,— көз жасы ағытқан тоғандай саулай жөнелді. Балуанның кеудесіне бетін басып, Ғалия солқылдап ұзақ жылады. Балуан көзіне жас алған жоқ. Оны қатайтқан ой,— «бұл жылауың сағыну ма? Әлде күнәңді жуу ма?»

Әдейі, Балуан естісін деген оймен, жігіттерге сыбырлаған боп, Ғалияны қызғанған Қордабайдың айтқаны:

— «Балуан! Балуан!»— деп көтеретін едік. Асқаралы таудай көретін ек. Төмпедей-ақ қорамы бар екен ғой мынаның!.. Бір бейнетке шыдамай, осынша ұнжырғасы түсіп, осынша азғаны несі?.. Ғалия енді несіне қызығып жылап тұр?

— «Ерді кебенек ішінде танысын», деген емес пе?— деді Қордабайдың бұл сөзін ұнатпаған біреу,— киіміне

бола жақсы көрді деймісің? Сүйегін танып жақын болған шығар. Бұл жылауы да сүйегін танығандық шығар.

— Рас айтасыз!— деді бұл сөзді құлағы шалып қалған Ғалия, кенет ширап,— «ерді кебенек ішінде таны!» деген сөзді халық босқа айтпаған.

25. ТАҒЫ ДА ТҮРМЕДЕ

Аз күн аялдап дем алғаннан кейін, Балуан Ғалияға біржола қосылып, бірге тұруға келген ойын айтты. Ғалия бұл сөздерге алғаш көне қойған жоқ, сондағы дәлелі:

— Мен саған бәрібір берілген кісімін ғой, сондықтан, сені сүю жолында не қиындыққа болса да шыдап жатырмын. Менің уайымым,— өзім емес, сенсің. Маған сенің амандығың қымбат. Амандығыңа қажет десе өзімнен бастап қолымда бардың бәрін құрмалдыққа шалуға, садақаға беруге әзірмін. Бақытыңа бөгет болатындармен, шамам келгенше алысуға да әзірмін. Қосыл десең қосылайын. Менің тек қана қорқатыным — «батырдың ажалы маржадан» деп еді, ажалыңа я бейнетіңе себеп болсам, ол менің жүрегіме жазылмастай түсетін жара болады. Осы жағын ойлан, Балуан!..

Балуан өз сөзін қостай берген соң, «жүзін жырта бермейін, не де болса тәуекел!» деді де Ғалия ризалық білдірді, екеуі молдаға барып некелерін қиғызды. Балуан мен Балқаш некесіз қосылған, сондықтан Ғалия Балуанға бірінші заңды әйелі болды.

Бұл оқиғадан кейін Балуан еліне кетті де, Балқашқа араларындағы ерлі-зайыптылық қатынас біткенін айтты.

— Мен ешқайда бармаймын,— деді Балқаш,— осында тұра берем. «Ат айналып қазығын табады» дегендей, мені таппағанмен, бірі сырттағы, бірі іштегі екі баланды таппай кете алмассын; қазіргі ерік өзіңде.

— Оны уақыт көрсетер,— деді Балуан.

Балқашпен қарым-қатнасын анықтаған Балуан, «бір қысша менің қасымда бол» деген өтінішпен, қасына шешесі — Қалампырды алып Ақмолаға жүріп кетті.

Әкесі — Тілеудің үйінде тұратын Ғалияға оралып келген Балуан, дос-жарандардың ақылын да алып, өзі де сондай ойға кеп, «сен тимесең, мен тимен» нің тұрмысымен, тыныш қана өмір сүруге кірісті. Бірақ, ол мақсатына Балуан жете алмады. «Таң атпайын десе де күн қоймайды» де-

гендей, Ғалияны қызғанған Қордабай, қыр соңынан қалмайтын болды.

«Ауыл итінің құйрығы жуан» дегендей, ол әуелі, өзін орнықты адамға, Балуанды қаңғырғанға санап, тілін алатын жігіттерімен кеп білек көрсетпек болып еді, Балуан білекке білек жұмсап, үйінен айдады да шықты. «Қапысын тауып көшеде сабайық» деген ойынан да Қордабай іштеңе шығара алмады, Балуанды сабаудың орнына өзі таяқ жеді.

Ақыры, қол күшпен Балуанды не қорқыта, не мұқата алмайтын болған соң, Қордабай заңды құрал етуге кірісті. Ол ояздық начальник Тройцкийдің атына, «қалаға осындай бұзық келді» деп, Балуан туралы білетін сөздерінің бәрін жазып арыз берді. Балуанның Ақмолаға келгенін Тройцкий сол күні біліп, кеңсесіне оны шақыртып алды да, Долгоносов берген подписканы көргеннен кейін, «қалада тұруға рұқсат, бірақ сотқарлық қылма» деген ақыл айтты. Балуанға солай дей тұра, Тройцкий сол күні Омбыдағы далалық генерал-губернатор Мамонтовқа Долгоносовты Балуанға подписка бергендігі үшін сөгіп, өзінің не істеуі туралы хат жазып ақыл сұрады.

«Ол адамды мен де білем,— деп жауап қайырды Мамонтов,— қылықтарын да естідім. Долгоносов подписка беруді маған ақылдасқан еді, қызды құтқару туралы басқа істер айла болмаған соң, мен подпискаға рұқсат берген едім. Балуан Шолақты ұстауда ең қиындық — халқының арасында аса беделді көрінеді. Балуан Шолақты ұстасақ былай да зорлықпен бағындырып отырған қазақтардың үкіметке наразылығы үдеуі, тіпті көтеріліс шығуы мүмкін, сондықтан, әзірге оған тимеуіңізді мақұл көрем. Бірақ, егер хауіпті боп бара жатса, себебін тауып тұтқынға алыңыз!».

Троицкий Балуан Шолақтың қимылына қарауыл қойды. Оны Балуан Шолақ білді де. Бірақ ол жасқанған жоқ. Бойын бұқтырған жоқ. Сауық-сайраны баяғы қалпы, баяғы бойын еркін ұстауы әлі де сол.

Балуанды ерекше бақылаған Ғалия. Оның бар ынтасы — шамасы келгенше жанжалдан аулақ ұстау, ойын-сауықтан басқаға араластырмау. Осы оймен Ғалия Балуанды қанша тізгіндеймін дегенмен, кейде айырылып қалады. «Қорғалап өлем бе? Тәңірі өзі берген жанын өзі алмай ма?»— деп ол намысына тиген жерлерде сыбағасын жібермейді, ерегіскен адамына қолы да, тілі де тиіп жүреді.

Балуанның үйірі — сол маңайдың ақындары, әншілері, салдары: Доскей, Ғазиз, Исабай, Әздембай, Сатмағамбет. Бұлар қашан да Балуанның маңайынан шықпайды. Қайда барса да бәрі бірге, сауық-сайрандары ортақ..

Ақмолада жарты жыл дәурен сүрген Балуан Шолақ, серіктердің намысын қорғаймын деп, зор екі жанжалға килікті. Бір жанжалы Ғазиз ақын туралы.

Ғазиздің әкесі Файзолла, Ақмола оязындағы атақты байлардың біреуі — Мәті, Дәулен дейтін он екі мың жылқы біткен ағайынды екі байдың ауылында молдалықта тұратын еді. Молда әкесінің тілін алмай салдық құрған, әрі ақын, әрі әнші, әрі сырнайшы Ғазиз, Мәтінің Мұхаметжан, дейтін баласының қызы — Мұқышты алып қашты. Ғазиз әкеткенін естіп артынан қуғын жіберген Мұхаметжан, қызын тартып алып қалды да, Ғазизді бауыр сыртын бірдей ғып сабап жіберді. Осы жөнде Ғазиз Балуан Шолаққа келді де:

«Мұқыш қыз сұлу еді табын-дағы!
Кербесті ат жүйрік еді бабын-дағы!
Тұсында Ащылы айырық ұстап алып,
Қайтейін бір байланған бағым-дағы!»—

деп бастап, көрген қорлық-зорлығын өлеңмен айтып, мұңын шақты.

Балуан Ғазизді ертіп Мәті, Дәуренге бармақ, Мұқышты тартып әкелмек боп жиналып жатқанда, қыз ұзатылып алысқа кетті деген хабар келді. Балуан да, Ғазиз де санын соқты. Сол кезде Ақмолаға Дәуленнің Шәріп дейтін болыс баласы кеп, Балуан оны іздеп барды да, қисынсыз жанжал шығарып, сілейте сабады. Әрі бай, әрі болыс адам бұл ызаға шыдамай, оязға «ұрлық малына қағаз жасап бер деген тілін алмаған соң, Балуан Шолақ сабады» деп арыз берді. Ойдан шығарған ұрлыққа, ойдан шығарған иелер тауып, олардың атынан арыздар оязға жауып жатты, «көрдік, білдік» деген өтірік актілер келіп жатты...

Ол арыздар зерттеле бастағанда, Доскей ақын елінен бір қызды алып қашып келді. Бұл қыз — бүкіл Ақмола оязына беделді бай — Саңырықтың Нұрланы дегеннің жесірі еді. Намысы қозған Нұрлан, заңнан бұрын қол жұмсамақ боп, «Доскейді де, қызды да байлап әкел» деп, елінен жүз жігіт аттандырады. Олар Ақмола қаласына кеп, пәтерде тығылып жатқан Доскейді де, қызды да байлап жатқанда Балуан Шолаққа хабар тиді. Ол жалмажан Ақ-

бозға міне сап, Доскей жатқан үйге барса, жігіттер Доскей мен қызды арбаға байлап әкеткелі жатыр екен. Араша сұраған Балуанға тілі тиген соң, ол ашуына мінді де, көшеде сайыс сап, қамшымен ұрып, шетінен отай аттан түсірді. Беті қайтқан жаудан ол Доскей мен қызды тартып алды да, өз үйіне алып келді.

«Ойда отыз сиырдың мүйізі сырқыраса, қырда қырық сиырдың мүйізі сырқырайды» дегендей, далада ғана емес, қалада ояздық әкімдер тұрған жерде Нұрлан жіберген жігіттердің Балуан Шолақтан таяқ жеуі, жалғыз Нұрланға ғана емес, қала, даланың құлақ естір жердегі мықтыларының бәріне батты.

— Мынау сұмдық болды!— десті олар,— егер бұған тыйым салынбаса, қала, дала түгіл, үйіміздің ішіне кіріп ап сабар, мынау!.. Қой, бұлай басындырмайық бұны!.. Қайткенде де көзін жояйық бұның!..

Сол кезде, Ақмола қаласында, осы ояздағы болыстардың басы қосылған жиын бола қалды. Балуанның көзін жою туралы ақыл, осы жиында қорытылды. Ұсынысты Мәтінің Шәрібі жасады.

— Балуан Шолақ малымызды ұрлады деген приговорлар біздің елден келіп, зерттеліп жатыр,— деді ол,— осыған өзге болыстар да дауыс қосып, өз елдеріңнен жоғалған малды Балуанға жабыңдар да, сендер де приговор беріңдер. Бәріміздің сөзіміз бір жерден шықсын: «Балуан Шолақтан құтылмай, елге жарық, сәуле жоқ» дейік.

Сөз осыған құйылды да, болыстар қол қойып, мөр басқан приговорлар ояздық начальник — Тройцкийдің атына қаптап кетті.

Бұл кезде Тройцкийдің өзі де Балуан Шолақты осы қаладан кетірудің амалын іздеп жүр еді. Оған бір себеп — Балуан туралы қалада қаңқу көбейіп кетуі болса, екінші себеп — Омбыда губернатор кеңсесінде қызмет атқаратын әйелінің інісі жуық арада Долгоносовтың қызы Татьянаға үйленіп, жақын арада апасына қонаққа келеді деген хабар алды. Балуанның қолында біраз күн барымтада жүрген Татьянаны балдызы біліп алды ма, білмей алды ма — ол арасы Тройцкийге көмескі. Ал, өзі алуына разы емес. Оның ойынша, қыз Балуаннан бүлінуі тиіс. Және естуінше, сол қыз Балуанды аса сүйеді дейді. «Ендеше, жас келін апасына қонаққа емес, ғашығын көруге келе жатқан жоқ па екен?!» деп күдіктенеді ояз. «Осыдан бүліншілік шықпаса не қылсын?!» деп те қорқады ол.

Сондай қорқынышқа кірген ол, қонақтары келерден бұрын Балуанды бір жаққа тайдырудың амалын таба алмай сасып жүр еді, Шәріп берген арызға қосымша арыздар жауа қалды. Ол қуанып кетті. Оның бекіген ойы — арыздарды сылтау қып, істі анықтау мақсатымен тұтқынға алу.

Осы ойға бекінген Тройцкий астыртын кісі жіберіп Балуанның түнде қайда жататынын, қандай сақтықпен жататынын біліп алды да, қаннен-қаперсіз ұйқыда жатқан Балуанды қарулы жандармдар қапыда басты. Ол абақтыға жабылды.

26. МЕҢДУАНАҒА МАСТЫҚ

Балуанды түн ортасында ұстап әкеткеннен жылаған Ғалия, жастыққа бетін төсей шөке түскен қалпынан сәске көтерілгенше жылады. Баста оған қосыла жылаған Қалампыр, біраздан кейін ақыл айтты:

— Шырағым, қой жылауды! «Кебін кигеннен түңіл, кебенек кигеннен түңілме»,— деген бұрынғылар. Аман болса бұдан да құтылар. Шын жаның ашыса Нұржанды құтқарып алудың қамын ойла.

Ғалия бұл сөзге құлақ аспай, тиылудың орнына үдей берген соң, Қалампыр ұрысты:

— Нұржан осынша құмартып соңыңнан қалмағанға мен сені ерге — ер, серге — сер қатын екен десем, сен де ұзын етектің бірі екенсің ғой, тәйірі!.. Нұржан құр жылтыраған бетіңе қызыққан екен ғой!.. Сенен басқа қатынның байы ұсталмап па? Бекет батырды патша ұстап Итжеккенге жер аударғанда, қатыны — Зере соңынан қуып барып, жасырып алып қайтқан жоқ па еді? Патша осы Қараөткелден ұстап ап, Тескентау өткізіп жіберген Жиенбай батырды, қыздай отырған қалыңдығы Балқия да құтқарып әкелді деп естігеміз. Нұржан солардай теңін тапқан екен десем, көз жасынан басқаға әлі келмейтін салдыбалақ қатынның бірі ме едің? Қой, әрмән, ағыл-тегіл болмай!..

Қалампырдың қайрат берген сөзі Ғалияның жасын тиды. Балуан Шолақ: «Апам, Апам!» дей беруші еді, неге олай дейтін себебіне Ғалияның көзі жаңа жетті.

Жасын тиған Ғалия, Балуанның іздеп кеп қолға түскен өкінішін айта кеп:

— Аз күн бейнеті ешнәрсе етпес еді, бірақ тез шықса! Мен шығармай ма деп қорқам. Бұл қаланың ұлықтарының беті оған жаман,— деді.

Төрт-бес күн уақыт өтті. Ғалия ояздық мекемелердің есігін түгел қақты, бірақ жылы ұшырағаны кездеспеді. Бәрі де жыландай ысқырынып: «Енді ол саған жоқ» деп дүрсе қоя береді.

Ұлықтардан тауалы шағылған Ғалияның, дұшпандары да табалады. Амал қанша! Ғалияда бұрынғыдай өркеуделік жоқ: «Бетегеден биік, жусаннан аласа».

Бір күні кешке Қалампыр Ғалиямен ақылдасты:

— Шырағым!— деді ол Ғалияға,— Сен ұлықтардан түңіліп жүрсін. «Үмітсіз — сайтан». Егер ұнатсаң, мен саған бір ақыл айтар ем.

— Айт, апа!

— Біздің елімізде, эткемдермен тұстас: Көлбай, Жанбай деген екі батыр бопты. Солар патшаға қарсы шығып, неше жыл жанжалмен бағынбай жүріпті. Патшаның құрығы ұзын: бір күні Көлбай мен Жанбайды қапылыста ұстап, Көкшетаудың абақтысына қамапты. Көлбайдың қатыны Ақтайлақ деген кісі ер адам екен дейді. Көлбай мен Жанбайға ас апаруға ешкім бата алмағанда, Ақтайлақ: «Өлтірсе мені өлтірсін, жаным батырлардан ардақты емес» деп асты өзі апарыпты. Асы бір саба қымыз, бір семіз құлынның еті екен дейді. Түрменің адамдары аш па, я қазақтың асын таңсық көре ме, қымыздан сұрап ішіпті, еттен сұрап жепті. Көлбай мен Жанбай кедей екен дейді. Бірақ, ас бергізетінін көрген соң, бүкіл ел боп, күніне бір саба қымыз бен бір тоқты беріпті де тұрыпты, оны Ақтайлақ абақтыға апара беріпті, апарған сайын қызметкерлерін суара беріпті. Бір күні Ақтайлақ: «қымызға қосып, осыларға меңдуана берсем қайтеді», деп ойлапты.

— «Меңдуана» не, апа?— деді Ғалия.

— Білмейтін бе ең, балам? (Ғалия басын шайқады). Құрай сияқты іші қуыс, бұтақты шөп болады. Оның басына, үлкендігі тырнақ көлеміндей домалақ қауашақтар шығады, ішіне тары тәрізді ұсақ дән өседі. «Меңдуана» дейтін сол ұсақ бүршіктер. Егер соны суға қайнатып, не шайға, не қымызға қосып берсе, ішкен адам есінен айырыла мас болады.

— Арақ сияқты десеңізші!

— Арақты ішкенде тыжырына жеркенісіп жатады ғой жұрт? Меңдуананың дәмін де білмейді; араққа мас болғанда кіресілі-шығасылы есі болады ғой, меңдуананы ішкен адамда шүнәмдай да ес қалмай, жынды адам сияқтанып кетеді; арақ ішкендер тәлтіректеп буынын баса алмай жүр-

се, меңдуананы ішкен кісі әуеле жайшылықтағы қалпынан күшейіп кетеді де, біраздан кейін, өлген адамдай ессіз боп құлайды.

— Сөзіңізді бөлдім-ау, апа,— деді Ғалия — әлгі Ақтайлақтың кеңесін аяқтаңызшы!..

— Өзім де соған келе жатырмын. Сонымен, Ақтайлақ, бір саба қымызға қайнатқан бір шелек меңдуана суын қосып апарады. Оны білмей ішкен түрме адамдары, біраздан кейін қирай мас болады да, бірі мен бірі төбелесіп әуре-шікірасы шығады. Сол кезде Ақтайлақ абақтының есіктерін ашады да, тұтқындар да, Көлбай мен Жанбай да қашады. Көлбай мен Жанбай сол қашқаннан Жиделі-Байсын өтіп кеткен дейді. Ешкімге ешкім тимейтін, қой үстіне бозторғай ұялаған, қыс болмайтын, жері бау-бақшалы тамаша жер дейді оны!..

— Мен де осыны істер ем,— деді Ғалия,— бірақ қайдан табам, меңдуананы?

— Ондай өнер көрсетем десең, меңдуананы алыстан іздемессің. Тісімнің сырқырамасы болушы еді, меңдуана салсам басылатын еді, соған деген бір дорба меңдуанам бар, ол осы Қараөткелдің тең жарысын мас қылуға жетеді.

— Істеймін! Бер — деді Ғалия қуанып. Ол іске кірісті.

Абақтыда надзиратель боп қызмет істейтін, Ғалиямен бала жастан бірге өскен, бірін-бірі туғанындай көретін жігіт болушы еді, аты — Тоқпан. Балуан Шолақ абақтыға алынғаннан кейін, Тоқпан Ғалияға кеп, аянышын білдіріп, көңілін жұбатпақ болған. Сол Тоқпан арқылы танысса, абақтының начальнигі Завьялов қымызқор адам боп шықты.

— Осы күні не көп, абақтыда жатқан қазақ көп!— деді Тоқпан Ғалияға,— солардың жақындары күнде ауылдан сабалап қымызды, я басқа астарды тасиды да жатады. Келген астың көбінің игілігін Завьялов көреді. Тегін тамақты аясын ба — бізді де тойғызып тұрады.

Ғалия Тоқпанға бірге өскендігін, көңілдестігін айта кеп, меңдуана жайын баяндады.

— Болсын!— деп көне кетті Тоқпан,— Балуан Шолақпен істес боп көрмегенмен, қандай жігіт екенін жақсы білем. Реті келсе, қипыстан құтылуына тілектеспін. Меңдуанаңды әкел, тапсырмаңды орындаймын.

— Қорықсаң зорламаймын,— деп шегеледі Ғалия.

— Айтқаным айтқан,— деді Тоқпан. Ол абақтының

хал-жайын, қай күні орқаны келерін анықтап ап, Ғалияға хабар бермек болды.

Тағы да біраз күн өтті. Үкімет Балуан Шолақты: «Абақтыны тағы бұзар, я қашуға тырысар» деп, аяқ-қолын кісендеп, бір ұшын тас қабырғаға қаққан шығыршыққа байлап ұстады.

Бір күні Ғалияға Тоқпан келді:

— Сәті түсуге айналды,— деді ол,— Завьялов бүгін екі саба қымыз, бір тоқтының етін алды да, бір сабаны күндіз ішіп, екінші саба мен тоқты етін іңірде ішіп жеуге қалдырды. Бүгін бәріміздің қонақ қылатын болды. Меңдуанаңды бер маған, мен оны қайнатып, кешкі ішілетін сабаға елеусіз уақытта құяйын...

— Қалай қайнатасын, меңдуананы?

— Абақтының конторында күндіз-түні қайнап тұратын самауыр бар, қасында көбінесе кісі болмайды. Қымыз да сонда тұрады. Меңдуананы ебін тауып сол самауырға қайнатам да, сабаға құям!

Бір дорба меңдуананы алды да, Тоқпан кетті. Сол күні ол күндіз дем алып, күзетке кешке бармақ еді. Күн бата абақтыға барса, конторда жалғыз уборщица[1] әйел ғана отыр екен, самауыр быжнап қайнап тұр. Уборщица момындау, бейқамдау адам болатын. Тоқпан оның көзін алдап, самауырға меңдуананы салды. «Бір қайнаса болады» деген Қалампыр. Аз уақыттан кейін, Тоқпан уборщицаны сыртқы тағы бірдемеге жұмсады да, өзі самауыр суын шелекке тез қотарып, қайта су құйып, меңдуананың суын аз уақыт тұндырды да, сабаға құйды. Сабаны шайқады. Содан кейін, абақтыдағыларды түгендеген Завьяловқа еріп, бөлмелерін аралады.

Балуан Шолақ оңаша бөлмеде еді. Завьялов пен Тоқпан оның бөлмесіне де кірді.

— Енді неге қашпайсын?— деп кекететін еді Завьялов, кісендеулі Балуанды көрген сайын.

Бұл сөзді Балуан бұрын естігенде, айбат шегіп қарсыласып қалатын. Бұл жолы да ол қарсы сөз айтуға ыңғайлана беріп еді, Тоқпан көзін қысып қойды. Неге өйткенін жобалай алмаған Балуан, «бір мәні болар» деп түйді ішіне.

Завьялов іңірде дежурствоға кісі тағайындап, өзі үйіне қайтпақ боп, абақты қызметкерлерін түгел конторға жиды. «Есік пен қақпа кілттеулі, қорған берік, қайда қашар дей-

[1] Үй жинаушы.

сін» деп, ол кейде қақпа алдындағы күзетші мен қорған бұрышында тұратын қарауылдарды да шақырып қымыз беретін еді. Қарауыл мен қақпа күзетшісін Завьялов бұл жолы да шақырды.

— Үйге қайтар алдында сендерді сыйлайын деп ем,— деді мақтаншақтау Завьялов қызметкерлеріне,— кәріңбар, жасың бар, менен бұрын, нақ мендей начальникке кездесіп көрдіңдер ме?

— Жоқ!— десті бәрі шулап.

— «Жоқ» болса, ішіңдер мына қымызды!.. Жеңдер, мына етті! Қалай тойғызам мен сендерді күнде?!.. Мен кетсем көбің аштан инеліктей қатасыңдар!

Абақты қызметкерлері қымызды ал кеп ішті, етті ал кеп жеді. Тоқпан өтірік ішкен боп көптің көзін алдады.

Қымыз әрі қою, әрі тәтті еді. Кісі басы одан екі-үш кеседен тастағаннан кейін, басы жұқалаулары қызуға айналды.

— Қызына бастаған кезде жел соқса тез мас болады,— деген еді Қалампыр.

Көптің көзін алдаған Тоқпан, өзгеден бұрын өзі қызған боп: «үй ысып кетті»— деп есікті, терезенің форточкасын ашты. Дала сол күні желкемдеу еді. Ашқан форточкадан аққыған сквозняк контордың ішін желдендіріп жіберді. Қызған денесін сквозняк салқындатқан Завьялов, «жабайық» дегендерге жаптырмады.

Жұрттың бәрінен бұрын Завьялов мас болды. Жайшылықта да көп сөйлейтін ол, мас болған соң желігіп кетті.

— Мен құдай!.. Мен патша!.. Аш, абақтының есігін, қақпасын!— деп ақырды ол кілтшіге,— бердім бостандық, бейшараларға!

Өзгелер де мас болды. Есінен айырылған олар қиянкескі төбелесті. Сол апыр-топырда Тоқпан әуеле Балуан Шолақтың камеріне кірді де аяқ-қолындағы кісенді алды, содан кейін Балуан екеуі барлық камераның есігін, қақпаны ашып, қамаудағылар түгел қашты...

Өзара қиянкескі төбелескендердің басы жарылғаны, көзі шыққаны, жараланғаны аз болған жоқ. Таяқты ең көп жеген Завьялов. Тегін ет пен қымызға мейірімді болғансығанмен, ол өзіне бағынатындарға аса қатал еді, тілінен қолын бұрын жұмсайтын еді. Сол кек кеудесінде жүрген абақты қызметкерлері мас боп алғаннан кейін, Завьяловты жүндей түтті... Өзара да төбелескен олар, айғайшумен көшеге шықты...

Абақты Ақмоланың қаласынан оңаша Есіл жағасында еді. Және бұл кез қала халқының үйді-үйіне өрнеккан шағы, көше тастай қараңғы.

Абақты қызметкерлерінің жанжал-шуын естіген адамдар болды. Сондай төбелес қаланың әр жағында күнде боп жататын, оларды арашалауға жабайы халық түгіл, полицейскийлер де қорқатын. Мынаны да сондай төбелестің бірі деп ұққан халық, шуды есті тұра тырп еткен жоқ.

Ессіз қимылмен бірін-бірі аямай пергілесіп жүрген абақты қызметкерлерінің біреуі, «осыдан құтылмай жарық жоқ дегендей», абақтыға от берді. Ол үй, асты кірпіш, үсті бөрене — екі этажды болатын. Қурап тұрған тақтай мен бөренеге тұтанған жалын ілезде аспанға шықты.

... Каланча қағылды. Жұрт өртке жүгірді. Есінен адасқан мастар кездескенді сабап, жұрт өртті сөндірерін, я мастарды ұстарын білмей састы.

Мастардың кім екенін, өрттің қайдан шыққанын біразға шейін ешкім біле алмады. Өртке Тройцкий де келді. Тұтқындардың қашқанын көрді.

— Қызметкерлері қайда?— деп іздеді ол, өрт сөнуге айналған шақта ғана есін жинап,— Завьялов қайда?..

Оны жұрт ессіз құлап жатқан жерінен тапты. Егер өрт сөндірілмесе, соққыдан ауыр жараланған ол күйіп кетеді екен...

Мастарды көпшілік жабылып әрең ұстаса — бәрі де абақты қызметкерлері!.. Бірі де есін білмейді!..

Бұл оқиғаның артында зіл жатқанын көрген Тройцкий жандармдарға: «бәрін де есі кіргенше бір үйге қамаңдар! Абақтыдан қашқандарды табу үшін, қалаға шетінен тінту жүргізіңдер!» деп бұйырды.

Сол күні Троцкийдің үйінде Татьяна мен күйеуі келу құрметіне мәжіліс болып жатыр еді. Мәжілісте күйеу мен қалыңдықтан басқа Омбыдан келген прокурор, чиновник особых поручений[1] бар да, және ояздық чиновниктер де бар. «Өрт!» деген хабар естілгенде қорыққан оларға Тройцкий: «Сіздер отырыңыздар, мен өзім ғана барып сөндіру ісін басқарып қайтайын» деген.

Тройцкий қайтып келсе қонақтар үрей екен. Ішкі тыйышсыздығын олардан бүркеген Тройцкий:

— Абақты күйген!— дей салған еді.

---

[1] Чиновник особых поручений — губернатордың саяси жәрдемшісі.

— Абақты!— десті қонақтар шу ете ғап.— Ыңғайсыздау хабар екен! Тұтқындары қайда?..

— Қашыпты!..

— Енді қалай ұсталады олар?!— деп уайымдады прокурор.

— Өзгелері ұсталар ғой,— деді Тройцкий,— ұстатпайтын бір адам қашып отыр!..

— Кім?

— Балуан Шолақ!

«Балуан Шолақ» деген сөз құлағына шалынғанда, былай да үрейленіп тұрған Татьяна, жайдың оты соққандай, «ah!»— деді де талып кетті!..

— Компресс!., Су!..— деп шуласты үйдегілер.

Бұл қалада Балуан Шолақ бар деген ой Татьянаның өңі түгіл түсіне де кірген жоқ еді. Міне, сол Балуан Шолақ оның алдынан шықты!..

27. ӨЛІМ ТҰЗАҒЫ

Күнім де сен Ғалия, айым да сен,
Көзді тартар батсайы, шайым да сен,
Ғашық болып айқасқан құшағымды,
Балтаменен шапса да айырма сен!

(Балуан Шолақтың өлеңінен)

Абақтыдан шыға қараңғы көшенің біреуін бойлай, аяғын ентелей басқан Балуан үйіне келсе, Ғалия оны қақпа алдында тосып тұр екен.

— Біздің елде Сарманның сары қызы деген бар еді,— деді Балуан Ғалияға күле қолдасып,— қай байға берсе де, аз күн отасып үйіне қайтып келе беретін еді. Сол сияқты абақты — күйеу, мен — сол сары қыз,— сиыспай тағы қайтып келдім.

— Келсең кел, сенен безер төркін жоқ!— деді Ғалия.

— Қайдан білейін: «Қайтып келген қыз жаман, қайта шапқан жау жаман»,— дегендей боп жүрмесе!..

Осы кезде көшеде шу көбейе қалды.

— Балуан,— деді Ғалия шуға елегізіп,— ренжімесең сені басқа бір үйге апарайын.

— Қайда?

— Бара көрерсің, жан таба алмайтын жер.

— Қашқан қоян қайда паналамайды?— деді Балуан күрсініп,— қайда бастасаң да барайын, тек, апама ғана амандасып шығайын...

— Ол кісі басқа үйде.

— Жүр, онда!

Ғалия үн-түнсіз, Балуанды қолтықтай, қараңғы көшенің біреуін бойлап тартты.

Олар бірқыдыру уақыт жүрді. Сол кезде күйген абақтының аспанға шыққан жалыны сәуле шашып, қаланың абақты жағы бозамықтанып кетті. Өртке жүгірген жұрттың кейбіреулері Ғалия мен Балуанға да кездесті, бірақ, «кімсің?, Қайда барасын?» дегені жоқ.

Ғалия Балуанды өзен жағасындағы кішірек, бұрын көрмеген үйге алып келді. Бұл үйде атам-заманнан семьясыз жалғыз қарт парикмахер тұратын, Ғалияның әкесі — Тілеумен дос болатын, Ғалияны қызым деп жақсы көретін.

Парикмахер қолтоқпақтай ғана денелі, бүкіштеу, өзінен мұрны мен мұрты үлкен, кішірек шүңірек көк көзді, қулықшыл шал екен, өзі қазақшаға судай.

Амандық-саулықтан кейін, Балуанды парикмахер төргі бөлмеге кіргізді.

— Маған кең сарай сияқты еді, күйеужан,— деді шал, бөлмеге кіре қалжыңдап,— саған тарлау екен. Бірақ көңілім кең. Соған разы боласын да.

Балуан алғыс айтты. Ғалия шалды Қалампыр мен Тілеуді шақырып келуге жұмсады. Кешікпей олар да келді.

Енді не істеудің жайын ақылдасқанда, Қалампыр баласының Жетісу жағына кетуін мақұлдады. Оның мәні былай еді: Балуан Шолақтың арғы атасы Үйсін екені бізге өткен тараулардан мәлім. Ол — Балқаш көлі мен Алатау арасын жайлайтын ел. «Руын жасырған мүрдет», «ер туған жеріне, ит тойған жеріне» деген мақалдарға сенетін Балуан Шолақ, есін білгелі, елі — Үйсінді табуды, ұнаса тұрып қалуды арман еткен еді. Басына таршылық күндер туғанда: «туған ағайынның арасында тұрсам бұндай болмас ем, жанашырдың жоқтығы ғой, бұл» деп ойлайтын еді.

Қызылжар мен Көкшетаудан Алматы, Құлжаға, Құлжа мен Алматыдан Көкшетау, Қызылжарға саудагерлер жыл сайын ағылып жатады. Сол саудагерлердің біреуінен о бір жылдары Балуан Шолақ Үйсіннің білікті деген адамдарына сәлем айтып, іздеуге ойы барлығын хабарлаған еді. Келер жылы саудагерлер Балуанға, Жетісудағы ағайындарынан шақырған хат алып келгенде, Балуан, абақтыда жатып, қолына тимеген еді.

Сол хабар биыл көктемде тағы келді. Бірнеше кісі қол қойған бұл хат былай жазылыпты:

«Хұрматлу баһадүр Балуан Шолақ есімді Нұрмағамбет Баймырза ұғлина біз Үйсіннің яхшыларынан дұғаһисәлем. Бағдында бізден хал-ахуал сұрасаңыз, сағуа сәләмәтпіз. Емді үшбу хат-хабар қыламыз ки, бізләр саған үшбу хат илан екі мәртәбә хат жолдадық. Сізден бір хат алдық. Шондан кейін бу уахытқа қадар һеш хат алмадық. Біздің хат сізге барған, я бармағаны би мағлум. Дахида біз сізге хабар айтамыз. Біздің Үйсін: Абақ, Тарақ боп екіге бөлінеді. Тарақтан Жалайыр. Сізге үшбу хатты жолдап отырған біз — Абақ балалары. Абақтан: Байдібек, Байдыбектен: Сары Үйсін, Шапрашты, Жарықшақ. Сізге үшбу хатты жазған Байдібек ішінде Жарықшақ балалары. Жарықшақтан: Дулат, Албан, Суан. Сізге үшбу хатты жазған. Дулат балалары. Дулаттан: Сиқым, Жаныс, Ботпай, Шымыр. Шежіреден қарап, қариялардан сұрағанда сенің руың Жаныс. «Жаныс көп пе? Қамыс көп пе?» деген бұл елде мәтел бар. Жаныс көп ел. Өзіңізге мағлым: қазақ үш жүзге бөлінгенде, жалғыз Үйсіннің өзі бір жүз, және ұлы жүз болған. Жетісу облысының көпшілігі Үйсін. Үйсін Қытайда көп. Халқың сені көруге бек құштар. Үшбу хатты жазған адамдар, сенің келуіңді бек қатты күтеді».

Бұл хатты алғаннан кейін, бұрын да көргісі келген Үйсінге баруға елегізді. Ақмола облысындағы ұлықтардың қуғынынан қажыған оның, үй ішімен біржола Жетісуға көшіп кеткісі келді. Осы оймен ақылдасқанда, Балуанды қимаған достары кетпе деп тура айтпай, басқа сылтау тапты.

— Кетуіңе қарсы емеспіз,— деді олар,— о да ата-бабаң өскен ел. Руыңды тапқың келсе, қимағанмен амал қанша, бірақ, бізге бататыны: еліңді еркіңмен іздеп бара жатқан жоқсын, қашқын есебінде кетесің. Ол ел де біздің ел сияқты шығар, ол елде де біздің ел сияқты, жақсысымен қатар, қазан бұзар тентегі бар шығар. Ертең, іздеп барған еліңде тентек біреу: «Қаңғырған қашқын» десе, сүйегіңе кетпес таңба болады ғой дейміз... Ойлан!.. Өзің біл!..

— «Қара құлақ — қасқырдың шамы»,— деп ойлады Балуан. «Қашқын» деген сөзді естігеннен өлгенім жақсы. Одан да келетін ажалды осы арада күтейін!

Бұл кеңестердің бәрін Қалампыр да, Ғалия да білетін еді. Тоқпан меңдуананы әкетіп, Балуан абақтыдан шығады деген үміт күшейген кезде Қалампыр, Тілеу, Ғалия — үшеуі отырып ақылдасты.

— Осыдан аман құтылса,— деді Ғалия,— бассауғаның ең қолайлы жолы — Жетісуға кету.

Тілеу —«мойны алыс жер, қалай барады? Өзі барар, әке мен шешесін, сені қалай әкетеді? Әкеткенмен бәрің Жетісуға жете аласыңдар ма? Ол бұдан атпен айлық жол»— деп уайым жаудырды. Ондағы ойы —«қызым Балуаннан айырылып тағы байсыз қала ма» деп қорыққандық еді.

Ғалия әкесінің түпкі ойын айтпай-ақ ұқты. Сондықтан да ол —«Балуанның сорына туған адам болдым мен, Атбасарда да, мұнда да Балуан мені сағалаймын деп қолға түсті. Балуанның қас дұшпаны — мен болатын болдым. Егер осы тұтқыннан аман шықса, ендігі обалына қалмаймын» деп ағыл-тегіл жылады.

Ғалия, Қалампыр, Тілеу — үшеуі: «ең болмағанда Жетісу жақта біраз жыл жүріп қайтсын, оған шейін сарыкідір тартып, жастық қызуы бәсеңдер, ұлық та тишығып құзауын қояр» деген ұйғарындыға келді. Егер Балуан аман шыға қалса, бұл ұсынысты Қалампыр айтпақ болды. Бұл кеңесті оның бастаған себебі сол.

— Апа!— деді Балуан.

— Әу, құлыным!

— Өзім өз болып, ес біліп, етек жапқалы мен сізді ренжіткен жоқ шығармын.

— Жоқ, қарашығым!

— Әлі де ренжіткім келмейді. Бір сөз айтайын десем сені ренжи ме деп қаймығам. Қаймықсам да айтам, мені жақсы көруіңе сенім айтам, жақсы көргендік үшін кешірер деп айтам. Бұл менің саған ең соңғы өтінішім, апа! Бір тілегімді бер, осыдан кейін, дүниенің бар азабы үстіме құлап, көтеру тетігі сенде болса да, «апалап» аузымды ашпауға ант берейін.

— Сонша неге сарқылдың, күнім? Айт тілегіңді!

— Берсең ғана айтам, апа!..

Балуан анасының кеудесіне басын сүйеп, жалынышты көзбен кескініне қарады.

— Қалқам-ай!— деді Қалампыр,— жеңіл-желпі болмайтын еді тілегің, мен сені балам деп аяп, тілегіңді берейін, сен мені анам деп аяп көтеретін салмақ арт.

— Тілегім мынау еді, апа! Өзіңе аян, мен дүниеге күле кірген бала едім. Сол дүниеден күліп өтпек боп, жақсы ат мінгім келді, жақсы киім кигім келді, жақсы жар құшқым келді, дүниені сауық-сайран, ойын-тоймен, ән-күймен ба-

зарлағым келді. Осындай кіршіксіз тілекпен іздегенімді тапқым кеп еңбек жолына шыққанымда, жазықсыз күндеушілер кәбейді, жолыма оралғы болды. Ол оралғыларға бөгелмей мен талайын таптадым да, үмітіме қарай ұмтыла бердім... Бірақ, оралғылар сықыршының торы сияқты екен, бірін үзсем екіншісі, оны үзсем үшіншісі кездесті... Өздерің айтатын едіңдер ғой: «баяғыда Қорқыт деген адам бопты, ол өлімнен қашыпты, қайда қашса да алдынан көр кездесе беріпті, содан кейін қашудан қажып, кез келген көрдің біріне өз еркімен жатыпты да, қашан ажал жеткенше күй тартып өтіпті» деп; сол Қорқыт — мен болдым!.. Сен маған Жетісуға бар дейсін, апа, сонда ол жақта да қазылған көр жоғына көзің жете ме? Көкшетаудан Ақмолаға көрден құтылам ба деп келген жоқ па ем мен? Кәне құтылғаным? Не жаздым мен бұл үкіметке, қайда барсам алдымнан көр қаза беретін?

—«Тек жүрсең — тоқ жүрерсің» деген, балам,— деді Тілеу,— көңіліңе келсе де айтайын, өзіңде де бар, тек жүрмейсін.

— Мен не қылдым тек жүрмей?

— Мәті, Дәуленге, Нұрланға соқтыққан өзің емеспісің? «Ау, жарқыным, олар дүмді адамдар, соқтықпа, мерт боларсын» дегенде тіл алдың ба?

— Балуанды табалауың ба, әке?— деді Ғалия кейіп.

— Осалды мықты шыңғыртып жеп жатқанда қасында қарап тұрсам, мен кім болам?— деді Балуан.

— Біз саған қас кісі емес,— деді Тілеу,— жан ашығаннан айтылған сөз ғой. Сонымен, сөзді қысқасынан қайырғанда, не демексің?

— Дейтінім сол,— деді Балуан — қашатын қоян емеспін. Мен өлгеннен дүние иесіз қалмайды. «Қашқан жауға — қатын ер»...

— Сонда?!..

— Менің табан тіреген ойым: бір күн туыппын, бір күн өліппін. Қашан өзім өлгенше, жауласқан адамды бауыздаймын да жүрем. Апа! Егер тілегімді бергенің шын болса, осы бетіме қарсы шықпа!

Баласынан мұндай ой күтпеген Қалампыр, төбесінен темір тоқпақпен ұрғандай мелшиді де қалды.

— Анаңның алдын орап қойдың, Балуан,— деді Ғалия,— ол кісі енді не айтады саған? Уәдесін күн бұрын алып қойдың. Анаң үшін мен өтінейін, таста бұл ойды!

— Анамнан алған тілекті қалай қиып қайтарам? Менің

бір іске екі тоқтам жасаған күнімді көріп пе ең? Екі сөйлегенім — өлгенім емес пе?

— Өтінем, сонда да!.. Көз жасыммен өтінем!..

Ғалия солқылдап жылады да, аздан кейін тағы жалынды. Балуанның құрыштай құйылған қаталдығы иілмеді, «сөзім — сөзден» таймады.

— Ықтыярың онда!— деді Ғалия кенет ширап қарсы алдына тізерлей отыра ғап,— азат басыңа бұғалық боп, жауыңа ұстап беруім жетер енді... Онда ең алдымен менің көзімді жой!.. Өлтір мені!..

Балуанның тізесін құшақтаған Ғалия, бір кезде орнынан ақырын тұрып, тысқа шығып кетті. Сонда ғана Балуан басын көтерді:

— Бар, Нұржан!— деді Қалампыр, бұйрықты дауыспен.— Алып кел, келінді.

Балуан тысқа шықты. Парикмахер үйі өзеннің жағасында. Сол арадан, өзеннің аржағындағы тоғайға өтетін жіңішке тақтай көпір бар. Сол көпірдегі адамды Ғалияға ұйғарған Балуан, соңынан жүгіре ұмтылды. «Суға құлай ма!»— деген хауіп кірді оның ойына.

Аяғын көпірге еппен жылдам басқан Балуан, Ғалияға жете алмады: ол көпірдің оқтасына жеткенше Ғалия өзеннің арғы жағасына шығып кетті. «Қайда барады, бұл?— деп ойлады Балуан,— мені біліп бара ма? Білмей бара ма?»

Ғалия тоғайға кірді. Балуан, құрғаққа шыға аяғын адымдай, тез басып Ғалияға жақындады, бірақ, «қайтер екен?» деген оймен дыбыс бермей, жүрісін сездірмеуге тырысып, із өкшесімен басты да отырды.

Тоғай ішінде: жуан, тапал, қисық, бұтақты ақ терек тұратын еді, Ғалия соған барды да, жеңсіз қамзолының сыртынан буынатын жібек белбеуін шешті. Балуан терек қасындағы бір түп талда жасырынып қарап тұр және ойлап тұр: «соңынан келгенімді сезіп, мені қорқытпақ болғаны ғой» деп ойлап қалды ол.

Ғалия теректің бүкір беліне өрмелеп шықты. Ұзындығы үш кездей қызыл жібек белбеуден бір кездейін жыртып ап, қалғанының бір ұшын терекке байлады, бір ұшын тұзақтап мойнына кигізді. Содан кейін екі қолын белбеудің тұқылымен арқасына матастыра байлады да төмен қарғыды. Айтқан сөзі:

— Қош, Балуан!..

Ағашқа қалай ырғып шығып белбеуді үзіп жібергенін

Балуанның өзі де білген жоқ. Ол жерге қарғып түскенше Ғалия сылқ етіп құлады да, басын көтермей қырылдап жатты. Балуан Ғалияның кеңірдегін сипаса, жібек белбеудің буындырған тұзағы мойнынан жазылған жоқ екен. Балуан оны бармағын тығып әрең ағытты.

Ғалия қылқынудан рас талықсыған еді. Балуан оның былқылдаған денесін алдына алып:

— Ғалия, жаным! Дыбыс бершi!— деді жалынышты дауыспен,— айтқаныңды істейін, бершi дыбыс!

— Балуан!..— деді Ғалия әлсіз үнмен.

— Иә, мен!.. Балуан!..

Ғалия Балуанды қаусыра құшақтап, солқылдап жылады.

— Жылама, Ғалия!— деді Балуан, бетіне бетін тақап,— бердім тілегіңді!..

— Солай ма, балам?— деген дауысқа Балуан, мен Ғалия қараса, Қалампыр екен.

— Солай болды, апа!— деді Балуан.

— Сөкпеймін, қалқам. Тек тілегімді берсең болады,— деді ана.

Олар кейін қайтты. Жетісу жолына жиналып болғанша жасырына тұрмақ боп, Балуан парикмахердің үйінде қалды. Қалампырды Ғалия мен Тілеу үйіне әкетті.

Оларды қақпа ішінде жандармалар тосып тұр екен. Ұрып-соққа да шынын айтпаған үш бейбақты, полиция күйген түрменің қасындағы тас сарайға қамады...

28. АМАЛСЫЗ АЙЫРЫЛУ

Балуан Шолақ сол күні көп ұйқтады. Ол оянса терезе жабық, үй іші қаракөлеңке екен. Қатты ұйқыдан долырған бетін ол уқалап, терезе қақпағының азырақ ашылыңқырап тұрған жерінен сығаласа, аспанда қалың бұлт, азырақ ұсақ жаңбыр сіркіреп тұр.

— Оянғаннан кейін есікті ептеп шертерсін,— деген еді парикмахер.

Балуан «кісі бар ма екен?» деп есікке кеп, құлағын тосып еді, шықылдаған сағат дауысынан басқа дыбыс білінбеді. Сонда да сақтанған ол есікті шертіп еді,— үн жоқ. Ол қаттырақ шертті,— үн жоқ.

«Бұ несі?!» деп ойлаған ол, жарма есікті ақырын ашса, ауыз бөлмеде адам жоқ. Сыртқы есікті ашайын десе, бекітіп кеткен. Ауыз бөлменің терезе қақпалары ашық екен. Балуан содан қарай бергенде, сыртта тықыр естілді. Жүрегі шайлыққан Балуан, төргі бөлмеге кірді де есігін жапты. Сырттан біреу ауыз бөлмеге кірді. Балуанның бойына қорқыныш желі жүгірді.

— Балуан!— деген дыбыс естілді ауыз бөлмеден, парикмахердің дауысы. Балуан есік ашса, парикмахер суланған пальтосын шешпестен тұр екен, өңі сынық!

— Иә, не хабар бар?— деді Балуан.

Парикмахер сыр білдірмейін дегендей ол-пұл қалжың айтқан болды, бірақ бұнысы кешегідей жарқын көңілден шыққан қалжың емес сияқты, артында зілі бар қалжың сияқты.

Парикмахер Балуанға болған оқиғаны жайлап айтты.

«Анаң, Ғалия ұсталды» дегенде тұла бойы мұздана қалған Балуанның қаны ілезде қайнап кетіп, екі көзі қанталай қалды. Аздан кейін ашуы сабасына құйылғандай болған ол:

— Маған енді не істе дейсіз?— деді парикмахерға.— Анаңды, сүйген жарыңды, қайынатаңды қаматып қойып, өзің қашып жүр дейсіз бе, болмаса қарсылас дейсіз бе?

— Оны салқын қанмен ақылдасу керек,— деді парикмахер,— қаладағы күдікті деген жерден сені іздеп тінтіпегені жоқ көрінеді жауларыңның, «ұсталса, атып тастаңдар»— деп бұйрық беріпті Тройцкий.

Бұл сөздерді тұнжыраумен тыңдаған Балуан Шолақ, бір кезде жадырағандай басын көтерді де, Тройцкий үйінің, қора-қопсысының қалай жасалғанын сұрады.

— Оны қайтесін?— деді парикмахер.

— Керегі бар.

— Мен білмеймін. Білетін кісі бар.

— Кім?

— Ояздың үйін күзететін полицейский урядник осы маңайда тұрады. Өзі маскүнем. Екі рюмка арақ ішсе бар сырын айтады.

— Қазақ па, орыс па?

— Қазақ.

— Онда шақыр соны! Бер арағын! Сұра ояздың үй құрылысын!

— Мақсатыңды айтшы!

— Ояздың үйіне барам да, жазықсыз тұтқындарды шығартам, я өлтірем.

— Қатер жұмыс қой бұл.

— Қорықпа, қарт! Осы бетім дұрыс. Бір алтыатар мылтық табылса болғаны.

— Ол менде бар.

Парикмахер шкафтан сырты жарқырауық, алты оқты «смитвильсонын» алып көрсетті.

— Жолым болады екен!— деді Балуан,— мылтықты ұстап көріп,— Өтінем, кешке шақыр әлгі урядникті!

— Қаңғалақтап ара-тұра өзі де келетін еді, арақты қатынышан жасырып осында ішетін еді. Жаңа үйінде жүрген, келіп қалмас па екен. Келмесе шақырайын! Егер келе қалса сен төргі бөлмеде тыңдап отыр, оған кіріп дағдыланбаған адам.

Парикмахер далаға шығып кетті де, аз уақытта қайтып келді:

— Жасырын!.. Келе жатыр!

Урядник үйге ғылдырлап сөйлей кірді.

— Қатыннан жарты бөтелкелік ақшаны тағы ұрладым,— деді ол,— міне, бутылкам!— деп, қойнынан жарты литрлік ақ арақты суырып алды да, столға қойды.

Закускасын да, ол қалтасына сап ала келген екен. Парикмахер қарсы алған боп, орындық қойып, чашке беріп күте бастады. Аузына арақ тие былшылдап, сандырақтады. Дүниедегі батыр да, мырза да өзі боп шықты. Сөз арасында Балуан Шолақты да атап: «Егер көзіме көрінсе, бір тарының қауызына сиғызам» деп қойды.

Парикмахер оның астына көпшік қоя, мақтай сөйлеп, ояздың қора-қопсысының, үйінің жол-жобасын түгел айтқызды. Урядниктің баяндауынша: қораны айнала биік тас қорған, қорған үстінде аран-сым, кірер қақпадан басқа жол жоқ, қақпада күзет қатты; Балуан Шолақ қашқалы, үйдің сыртқа шығар есіктері тас бекітіледі, қораның ішінде, үйдің шатырына шығатын басқыш бар, шатырдың ішінде, үйдің коридорына түсетін қақпақ бар, қақпақ астында басқыш.

— Үйінде қонақ жатыр,— деді урядник,— қора-қопсының, үйдің жол-жобасын сандырақтап айтып боп,— Тройцкийдің балдызы... қатын әкелген. Білемісін, ол қатын кім екенін?

— Кім?

— Балуан Шолақ Көкшетаудан алып қашқан қыз! Ох, и, сұ-лу!.. Ох, и, қорқады Ба-лу-ан-нан!..— Тройцкийде бүгін той,— балдызының хұрметіне!..

Арағын ішіп, қылжалаңдаған урядник біраздан кейін кетті. Ойындағысы орындалғандай болған Балуан қуанды. Енді ол Татьянаны көруге құмартты.

Балуанның Тройцкийдің үйіне баруға бел байлағанын көрген парикмахер ақыл айтты:

— Мылтығым — жан сақтарым, көптенгі жолдасым еді, Ғалия үшін, Тілеу үшін, өзіңнің жігіттігің үшін қидым... Және бір ақыл айтайын: әйтеуір ояздың үйіне кіруге бекінсең және жолың боп кіре алсаң, сен оларды есінен кетпестей ғып қорқыт!

— Қалай?

— Бұл түріңде барма. Мен саған кіндігіңнен төмен түсетін сақал, құлағыңа орайтын мұрт жасап берейін. Үстіңе, жүнін сыртына айналдырып тері киім ки, сол түрмен кірсең, саған көздері түскенде-ақ есінен танады олар.

— Дұрыс екен бұл!..

Ұзын сақал, мұрт жасатып, денесіне жүнін сыртына айналдырған тері тон киіп, аяғына киіз байпақ, басына айналдырған сеңсең тымақ киіп, қойнына «Смит-Вильсонды» салып, қараңғы түнді жамыла Балуан Шолақ жөнелді. Троцкийдің үйін қоршаған тас шарбаққа жеткенше оны ешкім көрген жоқ.

Сонша денемен Балуан қандай епті! Ол қолының басы ғана іліккен шарбақтың үстіне қарғып шыға келді де, сымға арандамастан қораның ішіне түсті. Бір жақсысы — иті жоқ екен.

Қораның ішінен үйді орағыта байқаса — терезелерінің қақпалары тарс жабылған.

Үйдің қаңылтырлы биік шатырының қора жағында қақпасы бар екен, оған өрмелеп шығатын басқыш тұр. Балуан шатырға шығып, тастай қараңғы төбеден ішке түсетін тесікті әрең тапты. Ол сыбысқа құлақ түріп отырғанда үйдің ішінен дауыс естілді. Ақырын сипап, қақпақты көтеріп көрсе — астында коридорға түсетін басқыш тұр.

Сол кезде скрипка мен сырнай қосылып тәтті бір күйді ойнап жіберді. Балуанға скрипка мен сырнайдың емес, жүрегінің қылы күй толғағандай боп, тұла бойы шымыр-шымыр етті. Орыс халқының күйі мен әнін ол тамаша жақсы көретін еді.—«Енді ән айтса жарар еді!»— деп аз отырып еді, күй бітті, ән айтылмады.

«Ендігісін күтпей-ақ қояйын, басқа қызығын бірдей көрейін» деп ойлаған Балуан, басқышпен коридорға сыбдырсыз еппен түсті де, шу естілген есіктен кіріп барды, қолында мылтық. Бөлме кең екен. Тамаша киінген жиырма шақты әйел-еркек, тамақ пен араққа толған жалпақ үстелді айнала, әлденеге мәз-майрам боп күлісіп отыр. Татьяна орталарында.

Балуанға өзгеден бұрын көзі түскен бір әйел, екі көзі шарасынан шыға «ах!» деп ышқына бір дауыстап қалды да, үстел-мүстелімен шалқасынан құлады. Өзгелері Балуанды көрмегендей, құлаған әйелге ұмтыла бергенде, Балуанның «көтер, қолдарыңды!» деген даусы күр ете түсті.

Бәрі оған жалт қарады да, кескіндері құп-қу болып, қолдарын көтеріп, тұрған жерлерінде тікелей қата қалысты. Балуан аяғын алшаңдай басып жақындады. Бірнеше әйел шыңғырып жіберді.

Балуан Шолақты жазбай таныған Татьянаның барлық қаны басына шыққандай, дірілдеген денесі оттай лаулап, буындары селкілдеп кетті.

Үрейленгендерді көріп масаттанғандай болған Балуан, сол бөлмедегі погребтің аузын ашты да, басы ояз қып, барлық еркекті қаһарлы ыммен ішіне біріндеп түсіре бастады. Осы кезде Татьянаның көзі күйеуіне түсіп еді, әлгі кезде өліктей бозара қалған кескініне қан жүгіріп, бетінде ашу толқыны ойнай қалған екен, шалбарының оң жақ қалтасынан браунигін суырып келеді екен. Ісіне масаттанған Балуан оның қимылын аңғарар емес. Татьяна күйеуінің браунигті суырған қолын сырт жағынан шап беріп ұстай алды да, жұлып алмақ болып еді, қол мылтыққа тас боп қатып қалған, босатар емес. Балуанға байқатпай, Татьяна күйеуіне ашулы көзін қадай қойды. Қосылуларына аз уақыт болғанмен, ол күйеуінің еркін билеп үлгірген еді. Күйеуін ықтырарда, ол көбінесе сөзін емес, көзін жұмсайтын.

Браунигті жібергісі келмеген күйеу, Татьянаның біздей қадалған көзіне шыдай алмады да, босатты, қолына алған мылтықты Татьяна ешкімге сездірмей, арқасын таяп тұрған қабырғадағы айнаның артына қоя қойды.

Татьянаны Балуан есіктен кіре таныды. Көкшенің кеудесінде бірге тұратын күндерден ол көп өзгерген: бойы одан биіктеген сияқты, денесі толығып, арық беті еттеніп, бұрынғы сопақтау беті дөңгеленген сияқты, бұрынғы сыптығыр кеудесі, енді төстеңдей көтеріліп, иек салбыраңқы бұғақ бітіп, кәдімгі байсалды келіншек болыпты!

Еркектерді погребке қамап жүргенде, Балуан Шолақ Татьянаға қарамауға тырысты. «Егер қарасам,— деп ойлады Балуан,— менен емексіп, қимылыма бөгет болар!».

Ең соңғы еркек — Татьянаның күйеуін Балуан Шолақ погребке түсіріп, қақпағын жауып жатқанда, есі жиналған Татьяна қатар бөлменің жабулы есігін ашты да, үрейленген әйелдерге: «мында келіңдер» дегендей ымдады. Әйелдер Балуаннан үрке, біріне бірі соқтыға, Татьяна ашқан есікке жүгіріп кірісті. Балуан оларға көз қырын ғана салып, есік жақта тұрған қаңылтырлы үлкен сандықпен погребтің қақпағын бастырды.

Әйелдер кірген бөлменің есігін Татьяна жапты да, адымын нықтай басып, Балуанның қасына келді.

— Мен бәрін де естідім!— деді ол.— Сіздің не оймен мұнда келгеніңізді, айтпай-ақ түсіндім. Бет алған жақтан қайтпайтын қаталдығыңыз болатын еді, сонда да, өмірімде сізден тілек тілеп көрмегенімді есіңізге сап, алғашқы да, соңғы да тілегім деп, өтініш айтқалы тұрмын, қабылдайсыз ба?

— Ретіне қарай көрермін!— деді Балуан.

— Сіздің, мына погреб астындағыларды өлтіруге келгеніңізді білмей тұрған жоқпын. Қиыңыз маған осы құрмалдықтарыңыздың жанын!

Балуанның бұл жолы рақымсыздыққа тастай қатқан жүрегін, Татьянаның сөзі жібіткендей болды. Сол кезде көзін жапқан қан тарап, денесін сірестіре буған ашу ыдырап жұмсақ жүзімен:

— Болсын Тәнәйжан,— деді ол,— мен сенің тұтқынға түскен жақындарыңды босатайын, сонда, менің тұтқын болған жақындарымды кім босатады?

— Әрине, мен!— деді Татьяна нық дауыспен.

Балуан Шолақтың жақындары абақтыға түскенін Татьяна естіген еді. Соларды босаттыру мақсатымен:

— Погребтегі тұтқындарды босатыңыз!— деді Татьяна Балуанға.

Балуан сандықты көтеріп апарып орнына қойды да, погребтің қақпағын ашты. Іннен шыққан суырдай боп, қамалған адамдар бірінен соң бірі погребтен сүйретіліп шыға бастады. Бәрі шығып болғаннан кейін, Татьяна Тройцкийге бірдеме дегелі ыңғайланып келе жатыр еді:

— Бәрін естідім,— деді ол,— Балуан Шолаққа берген уәдеңіз орындалады...

Кешікпей ояздың қорасынан тарантасқа жегіліп шыққан пар ат: Қалампыр, Тілеу, Балуан, Ғалия — төртеуін үйіне апарып салды...

Ертеңіне Тройцкий Балуан Шолаққа паспорт және «ешкім тимесін» деген қағаз жібертті.

Үй ішіне амандасып, Балуан Шолақ Жетісуға жүріп кетті. Бірақ, оның қайда кеткенін, өз үй-ішінен басқа ешкім білген жоқ...

29. БАЛУАН БІРІКТІРГЕН ӘН-КҮЙ

Тау көрмедім Көкшенің биігіндей,
Бауырында ойнап ем киігіндей;
Кіндік кесіп, кір жуған қайран жердің
Болмайды екен еш қайғы күйігіндей
(Балуан Шолақ өлеңінен).

Ақмоладан аттанарда Балуан, «жолшыбай танымайтын ел, ойдағы жеріме жете алам ба, әлде тоналып қаңғырып өлем бе?»— деп хауіптенген еді. Ол хауіп Ақмоладан шыға бере-ақ жойылды, қай ауылға кездессе де оны құшақ жайып қарсы алды.

Қазақтың кең даласына атағы түгел жайылғанын Балуан Шолақ сонда ғана көрді. Жолында кездескен ауылдардан өзі туралы нешетүрлі ертегілер естіді. Мәселен оған жолдағы жұрт мынадай сұраулар қойды:

«Қамаған қарағай үйдің бір бұрышын көтеріп шығып кеткенің рас па?»

«Абақтының төбесін иығыңмен көтеріп аударып тастағаның рас па?»

«Абақтының қалыңдығы жарты кез сәкі тақтайын теуіп қақ ортасынан қақ бөлгенің рас па?»

«Сот болғанда сенен —«неге бұлай бұзақылық істейсін», деп сұрапты ғой. Сонда сен: «Бойыма күшім симайды», депсің ғой. Сонда олар: «Сол күшіңді көрсетші» депті ғой. Сонда сен: «Егер босататын болсаң, осы үйдің екі терезесінің аралығындағы қабырғаны басыммен сүзіп құлатам» депсің ғой. Судья: «Оны құлатсаң босатам» деп қолынан шарт жазғанда, сен қабырғаны сүзіп құлатып кетіпсің ғой!.. Осы рас па?!»

«Аққошқар»— дейтін аруағың бар деп есітеміз. Ол қасыңда жүргенде сені отқа салса күймейді, суға салса бат-

пайды, найза өтпейді, қылыш кеспейді дейді, сол рас па?.. Бір рет мылтықты мың солдатпен соғысып, бәрін сойылмен ұрып жыққаның рас па?»

«Кісінің көзін байлайды дегенді айтады. Бір күні үйіңе сені ұстаймын деп үш жүз солдат келгенде, көзін сықырмен байлап, көрінбей қалғаның рас па?»

«Ақбоз» дейтін атың осы ма? Мұның мықынында құс сияқты қанаты бар дейтіні қайда? Қысылған жерде құс боп ұшады дейтін еді ғой? Өзі сен айтқан сөздің бәрін ұғады дейтін еді ғой?.. Басыңа төнген хауіпті күн бұрын сезіп хабар береді дейтін еді ғой?.. Жауыңмен алысып, алдына келсе тістейді, артына келсе тебеді дейтін еді ғой?.. Қуаныш, қайғыңа ортақ еді ғой?.. Сол рас па?»

Енді біреулер:—«Сенің бойыңды тік тұрған нар түйеден биік деп еді, құнажын байталдың етін жеп қояды деп еді, жылқының жілігін қойдың жілігіндей кеміреді деп еді, бір саба қымызға қанбайды деп еді, бір ұйықтаса қырық күн ұйқтайды деп еді, бір ұйқтамаса қырық күнге шыдайды деп еді... сол рас па?» деп сұрады.

Тағы біреулер: «Баяғы Қобланды, Қамбар, Алпамыс, Ер Көкше, Ер Қосай тағы сондай батырлардың аруақтары сені қоршап, жебеп-желеп жүреді дейді ғой... Сен оларды көресін бе? Сөйлесесін бе?» деп сұрады.

Балуанның дағдылы адам екенін, оның қашып жүргенін естіген біреулер —«сені дария деп естіп ек, шұқанақтай жоқ екенсің ғой, тәйірі!.. Сені асқаралы тау деп еститін ек, төмпедей жоқ екенсің ғой, тәйірі!.. Жортуылшы батыр деп естіп ек жымып жүрген қашқын екенсің ғой, тәйірі!..» деген сияқты ренішін де жасырмады.

Балуан мақтағанға қуанған жоқ, жамандағанға ренжіген жоқ. Несіне қуанып, несіне ренжісін,— қуанайын десе, елдің жүктеген үмітін ақтаған жоқ; ренжиін десе, елдің оны сынап айтқан сөздері өтірік емес, шын.

Елдің өзі туралы айтқан сөздеріне қуанбай да, ренжімей де, салқын қанмен ғана тыңдап келе жатқан Балуан-Шолақтың ұққаны,— әрі орыстың әкімдері мен байларынан, әрі өзінің әкімдері мен байларынан қорлық-зорлық көріп отырған қазақтың момын қалың көпшілігі, сол қорлық-зорлықтан құтқаратын басшы іздейді екен, «сондай басшы — Балуан Шолақ болып қалуы мүмкін» деген хабар естиді екен, үміті сондай болғандықтан, ел оның атын дағдылы қалғанынан әлденеше рет өсіріп, ертегінің батырына айналдырып жіберген екен.

Енді, сол халықтың өзімен көзбе көз жолғасқанда, қорлық-зорлықтан құтылу туралы олар берген сұраудың ешқайсысына Балуан жауап бере алған жоқ. Ендеше, неменесіне қуанады ол?.. іске емес, даурыққан дақпыртқа ма?..

Қуанудың орнына қайғырды ол!.. Елдің қол созған биігіне көтеріле алмауына қорланды ол!.. Бірақ, қорланғанда не істесін!.. Бойынан биік қалай қарғысын!..

Жұрт көзінде өзін солай қомсынғанмен, халық Балуан Шолаққа қайда барса да, төбесінен тік тұрып хұрмет етті. Оған екі себеп болды: бірі — халықтың басында бар қайғы өз басында да барын, бірақ, бұл қайғыны кетірерлік күш халықта болмаса, мұнда да жоғын, бұл да халықпен бірге, сондай күшті іздеу жолында екенін, әлі ондай күшті таба алмағанмен, табуға үміті барын жасырмауы; екіншісі — халықты батырлық ісімен сүйсіндіре алмағанмен, өнерімен сүйсіндіруі.

Батырлық күші болмағанмен, балуандық күшінің өлшеусіз молдығы, осы күшін, қара күштен өнерге айналдырып, бұрын көрмеген неше түрлі қызықтарды көрсетуі халықты хайран қалдырды.

Елдің балуандары бірін-бірі жығып қана атаққа шықса, бұл, атан түйелерді арқалай жөнеледі; әлденеше жігіт жабылып әрең тоқтататын асау аттарды бұғалықпен жалғыз тоқтатып, жалғыз ерттеп, жалғыз үйретеді, шапқан аттың үстінде ұршықтай үйіріліп ойнайды; дене өнерін көрсеткенде, сүйектері сымдай иілген сияқтанады; оқтаудай жуан темірлерді білегіне бұраудай орайды, бақыр ақшаларды қамырдай илейді; арқанмен тартқан оншақты жігітті жаяу сүйреп кетеді, олар бұны орнынан да қозғай алмайды...

Күш өнері сондай болса, қол, тіл, үн өнері одан да қызғылықты: қайысты да шебер өреді ол, етікті де шебер тігеді, оюды да шебер өрнектейді, киімді де шебер пішеді ол, соның үстіне, «бармағынан балы тамған» домбырашы... Домбыраны ол төпеп тартпай, шекті шолақ саусағымен іліп-қағады да, сол қолының салалы саусағымен пернелерді басқанда, неше түрлі тамаша үндер шығарады. Ескі күйлер мен ескі әндерді шертуге шеберлігімен қатар, өзі шығарған әндер мен күйлерді ойнауға да жүйрік. Оның алыстағы көшпелі ауылға алып барған бір жаңалығы — сырнай. Баяғыда, Қайрақты қаласында сырнайға аса шебер Андрейдің қасында ойнауға қорынатын ол, «сырнай» дегенді көпшілігі көрмеген көшпелі ауылда ешкімнен жасқанбады да, жобалғы ойнаған түрінің өзімен «сырнайшы»

атанып кетті. Бұрын мұндай музыка құралын көрмеген жұртқа, Балуанның сегіз пернелі кішкене сырнайының өзі, «дауысы даланы басына көтерген... дауысынан бейістің үні шыққан тамаша құрал» боп кетті... «Балуанның сырнай тартқанын көруге келдік» деушілер құлақ естір жерден жиналды, ойын-тойда жұрттың Балуаннан бірінші өтініші — сырнай тарту болды... Балуанды еліктеп, елде сырнай үйренушілер көбейе бастады... жақын жердегі қалалардың базарына шыққандарға, пұлы барлар «сырнай ала кел» деген аманат қосты... саудагерлер де мұнымен пайдаланып, қаладан әкелген сырнайларын «аттың құны, нардың пұлына» сатты...

Музыкалық өнері сондай Балуан, әндерді, әсіресе өзі шығарған әндерді айтуға шебер болды. Бұрынғы шығарған әндері Ғалияға ғана арналған ол, елінен, жерінен алыстаған сайын сағынып, бірталай әнді осы сағыныштарына арнап шығарды. Оның қоңырлау даусы зор болмағанмен, екпінді, нақышты еді. Үнін аздап мұрнына жібере айтатын еді ол. Әндерін осы үнімен айтатын ол, тыңдаушыларын кей әнімен күлдірді, кей әнімен жылатты. Адамның туған ел, туған жерін қандай жақсы көруін, Балуанның сол тақырыпқа арналған әндерін естіген тыңдаушылар ерекше ұқты, бұл әндер тыңдаушыларға ерекше ой салды.

— Шіркін, адам туған елі мен туған жерін сүйсе осылай сүйсін!— деп күрсіне тыңдады олар...

Алыстағы көшпелі ауылдарға Балуанның әнінен басқа апарған тағы бір жаңалығы — бұл барғанға дейін, ол елдің қыз-бозбаласы әнді ең көп дегенде екеу-екеу боп қана қосылып айтатын еді, әйтпесе жекелеп айтатын еді. Әнді көпшілік қосылып айтуды орыс селосында көрген ол, осылай айтуды ауылдың қыз-бозбалаларына үйретіп еді, тамаша боп шыға келді.

«Балуанның аралап бара жатқаны — көшпелі ауылдар» дедік қой. Ол елде арба атаулы жоқ екен, көшкенде жүгін түйеге артады екен, ойын-тойларына салт атпен барады екен. Балуан ұйымдастырған хорға аз ғана адам емес, ойын-тойға салт баратын қалың жас түгел қосылып, шетсіз-шексіз кең дала, театрдың шеті-шегі жоқ сахнасына айналып кетті.

— Бәсе, даланың көркі енді кірді ғой!— деп шаттанысты, жүздеген, мыңдаған бұл хорды естіген қарттар,— бұрын кигіз үйдің, одан асса,— алтыбақанның төңірегінен аспайтын ән, Балуан Шолақ келген соң, кең даланы керіп

симай кетті ғой!.. Е, бәсе, осылай айтылу керек қой, ән!.. От басы, ошақ қасындағы аз ғана адам емес, қалың ел осылай түгел есіту керек қой әнді!.. Өркенің өссін, Балуан Шолақ, әннің еңсесін осылай көтерген!..

Бұл алғысын халық сырттан ғана емес, көзіне де айтқан соң, сезімі де ерекше серпілген Балуан ауылдағы әнкүйдің музыкаға ойналуына да бұрын болмаған жаңалық қосты: ауылдың бұрын жеке ойналатын құралдары — домбыра, қобыз, сыбызғының басын біріктіре ойнатып, оларға сырнайды қосып, ауыл бұрын көрмек түгіл естімеген оркестр жасады.

— Бұл да қызық болды-ау!— деп қуанысты ауыл — әннің ғана емес, күйдің де басын қосты-ау бұл Балуан Шолақ!..

Балуан басын біріктірген ән-күй, көшпелі ауылдардың ішіне, сол ауылдардың өздері сияқты ұзай көшіп тарап жатты...

30. ЖОЛБАРЫСПЕН ЖҰЛҚЫСУ

Алыстағы көшпелі ауылдарға думан бола барған Балуанға:

— Осы арада орныққан қайтеді?— деген ұсыныс жасады, тоқыраған елдері,— хал-жайыңды сыртыңнан да естіген едік, өзіңнен де естідік. Туған жеріңде орнығып отыратын болсаң, бірсәрі. Онда айтар сөзіміз жоқ. Ол жерде орныға алмайтыныңды өзің де айттың. Ендеше, Үйсінге бардың не, осында қалдың не? «Шебердің қолы, шешеннің тілі ортақ» демеп пе еді аталарың?.. Ақын да, әнші де ортақ емес пе еді елге?.. Қазақ атаулы елге ортақ болып туған ұл екенсін,— өзің жатырқамасаң, біз жатырқамайық, сені. Осы арада тоқта. Үкіметтің құрығына алыстау жер бұл. Жан тыныштығыңа да қолайлы бұл ара. Бұған көнсең, еліңдегі әке-шешең мен қатын-балаңды да көшіріп алайық. Үстіңе үй тігіп берейік, алдыңа мал салып берейік, осы елдің бір баласы боп отыра бер!..»

Алыс жолдың жүрісінен де қажыған, барған елінен хұрмет те көрген Балуан Шолақ, жаңағы айтқан сөздерге кейде елігіп те қалғанмен, ықтиярынан тысқары, бұзылған сабындай ыдырайды да кетеді. Оған себеп төмендегідей.

Жабайы халық жақсы көргенмен, Балуан Шолақты елдегі болыстар, билер, старшындар жақсы көрмеді. Оның үкіметке жағымсыз қылығын естіген олар: «Елге осындай

бұзақы келді, көпшілікті ұйытып әкетті, мұны қайтеміз?» деген қағаздарды үкімет орындарына жаудыра бастады. Бұл хабарға жоғарғы үкімет басшыларының астыртын қайтарған жауабы — «елді дүрліктірмей, амалын және қапысын тауып өлтіре салыңдар!»

Ондай іс қолдарынан келмеуіне көздері жеткен жергілікті әкімдер арызды жоғарырақ айдап, «Балуан Шолақ қазақ халқын көтеріліске ұйымдастырып жүр», деген хабарды Петербургтағы патшаның өзіне жолдады. Ол кездегі патша — үшінші Александр, Балуан Шолақ жүрген даланы айнала қоршаған: Ақмола, Қарқаралы, Семей, Аягөз, Қапал, Алматы, Әулиеата, Шымкент, Түркстан, Ақмешіт, Ырғыз, Торғай, Атбасар қалаларының ұлықтарына: «Ұстаңдар, мүмкін болса Петербургқа жіберіңдер, әйтпесе өлтіріңдер, бірақ, не істесеңдер де айламен істеңдер, үркітіп я елді көтеріп алмаңдар!»— деген жасырын жар таратты.

Ауылдың әкімдері бұл бұйрықты да орындай алмады. Оған себеп,— кімнен қалай естітінін кім білсін,— жоғарылы-төменділі үкімет орындарының Балуан Шолақ туралы жергілікті үкімет орындарына берген жасырын бұйрық-жарлықтары ел ішіне ілезде тарай қалады. Сол хабарға жарыса, елдің ой-пікірі де ілезде мәлім бола қалады. «Балуан Шолаққа ешкім де ондай қастықты жасай алмас,— деп гуілдеседі қалың көпшілік,— егер жасаса, күн көріп, жер басып жүре де алмас. Тұқымымен құртып жіберерміз, ондай адамды!»

Бұл сөзден зәресі кеткен жергілікті әкімдер, Балуан-Шолаққа қолдарын көтере алмайды, жасағысы келген қастығының реті келіп тұрса да жасай алмайды...

Тоқыраған елінде, өзі жайында қандай сөздер болып жатуы, Балуан Шолақтың да құлағына күнбе-күн жетіп тұрады. Біреулер оған:

— Жарқыным, сақтан!.. Аңдушы алмай қоймайды... Қапыңды табады ол!..— десе, енді біреулер:

— Ілгері жылжығаның жөн, орын ауыстырғаның жөн!— деген ақыл береді.

Ел ішінде көбейген бұл қаңқудан Балуан Шолақтың ет жүрегі тұршігіп, тоқырайын десе де тоқырай алмайды, ол бет алған жағына қарай, өзенде қалқыған жаңқадай жылжи береді...

Осылай жылжыған Балуан, Ақмоладан аттанған жолаушы, ат я түйемен суыт жүрсе бірер айда жететін Жеті-

суға бес-алты жылда әрең жетті. Ұзындығы Ақтөбеден Семейге, көлденеңі Ақмоладан Алматыға шейін созылған кең дала — Сарыарқаны сайранмен бес-алты жыл аралаған Балуан Шолақ, Балқаш көлінің батыс жағасын жағалап, іздеген елі — Үйсінге тартты. Қасында атақты әншіақын — Қошқарбайдың Шашубайы, және бес-алты жігіт. Жол білетін жігіттің айтуынша, Арқадан Бетпақ шөлін басып Шуға тартатын жарты айлық жолдың бойы елсіз шөл, онда, тек, жер жағдайына кәнігі кісі ғана табатын құдықтардан басқа су жоқ. Осындай қиын жолға түсетін жолаушылар, шөл шетіне жақын елден, сүрлеген ет, құрт, ірімшік сияқты шыдамды азық алды, сусыны — жолда кездескен құдықтардан торсыққа құйып, ішіне ащы құрт тастаған су болды. Жортқан аттың үстінде торсық шайқалып, құрт езіледі екен де, әрі сусын, әрі тамақ болады екен.

Бұл жолдың басшысы — Шашубай, Балуанға ерген топты адастырмай, шөлге ұрындырмай, арытпай, ашықтырмай, аттарын қажытпай, бірнеше күн өткенде Шу өзеніне жеткізді. Шуды қыстайтын қалың ел бұл кезде Арқаны жайлап жүргендіктен, өзен бойы құлазып бос тұр екен.

— Шудың бұл тұсында өзен арнасы жіңішке, суы атқа өткел береді,— деді Шашубай,— бірақ, екі жағаға өскен қалың қамыстың көлденең ені — он бес, жиырма шақырымнан кем емес. Осы кезде қалың қамыстың ішінде қабан қойдай өреді. Соларды аулап жолбарыстар да жүреді дейтін. Егер кездесе қалса атқа да, адамға да шабуы мүмкін.

— Сақтану керек!— десті жігіттер де, Балуан да.

Шашубай мерген еді. Ол шиті мылтықпен кешке киік атып әкеп, сексеуілді өртей жаққан жолаушылар, киіктің семіз етін отқа қақтап жеді... Тастай қараңғы түн басталды... Жолдан шаршаған жолаушылар ұйқыға бейімделді.

— Жолбарыс оттан қорқады,— деді Шашубай,— сексеуілді маздатып түн бойы жағып қою керек. Аш аттарды осы маңайға матастыра тұсап оттату керек, кезекпен күзету керек!..

Аттар маталды. «Менің атымның аяғы бос жүрмесе оттамайды, менен ұзап ешқайда кетпейді ол» деп Балуан Шолақ Ақбозды тұсатпады.

«Ат терінің иісіне жылан жоламайды» деген сөзбен, жолаушылар ер-тоқымын бастарына жастана жатты. Отқа өнбойымен әкеп тастаған жуан сексеуілдер бытырлай жанып маздап тұр. Түн көзге түртсе көрінбейтін қараңғы. Іңірде көтерілген жел, түн бола күшейіп, шайқалған қа-

мыстар біріне-бірі соқтыға шулайды. Айналада әлдене ұлығандай, ырылдағандай, шыңғырғандай болады...

«Сен күзет» деп от басына отырғызып қойған адам, аздан кейін қылжиып ұйқтап қалды. Жолаушылардан жалғыз-ақ ұйқтамаған — Балуан Шолақ.

Көппен бірге ер-тоқымын жастана қисайған Балуан әуелі маужырап қалғып баратыр еді, қасынан бірдеме ырылдап өткендей болған соң, ұйқысы шайдай ашылып, басын көтере түрегелді. Бойы түршіккен ол жан-жағына қарап еді, көзіне іштеңе ілікпеді. Елегізген ол түрегеп аттарды араласа, бәрі де оттап жатыр, Ақбоз оңашалау оттап жүр, күзетші шырт ұйқыда...

Балуан Шолақ қасына барғанда Ақбоз оқыранып, қасына келді де, сипа дегендей иегін тосты. Сол арада есіне ауылы, әке-шешесі, Ғалия, туған жер түсіп, Балуан аттың жалына бетін төсей сүйеніп еді, көзінен жас қалай шыққанын да білмей қалды. Балаша солқылдап жылаған оның еңіреген дауысы шығып кетті. Ол өз дауысынан сескенді де, «мұным не?» дегендей көз жасын тыйып, бетін аттың жалымен сүртті. Сол арада оның ойына Махамбет батырдың:

«Ау қызғыш құс, қызғыш құс!
Сені көлден айырған —
Лашын құстың текпіні:
Мені елден айырған,
Хан Жәңгірдің екпіні,—
Айтып-айтпай немене
Құсалықпен өтті ғой,
Махамбеттің көп күні!»—

деген сөзі түсті.

Балуан Шолақ қатты күрсінді де, атын арқадан, тамақтан сипап, «отта енді жануар!» деп, өзі от басындағы орнына қайтты. Ақбоз Балуанның соңынан еріп кеп, қасында мелшиіп тұрды да қойды...

— Жаныңды ұғам, жануарым,— деді Балуан, Ақбозға қарап жатып,— ұққанда амалым қанша! Туған жеріңді сағынасың!.. Білем!.. Мен сағынбаймын ба?.. Сені де, мені жел айдаған қаңбақтай тағдыр мұнда әкелді. Осы көреміз деген жеріміз бе еді екеуміздің?!..

Сағынудан сыздаған жүрегі кеудесіне симай, Балуан демін зорға алды. Ақбоз телміріп аз тұрды да, «жатып алдың» деп Балуанға өкпелегендей, ұнжырғасы түсіп, сылбыр аяңмен қамысқа қарай кетті.

Сексеуіл әлі маздап жанып тұр. Балуан сексеуілдің жуан түбірін отқа қарай сырыңқырап қойды да тағы жатты. Түннің қараңғылығы қоюлана түсті, жел үдей түсті...

Балуан жатыр. Оны қоршаған ауыр ой маңына ұйқы жолатар емес. Оның ойында: елін, жерін, туысқандарын, Ғалияны сағыну.

... Осы ойда жатқанда құлағына шыңғырған жылқының даусы естілді. Орнынан атып тұрған оның ойына «Ақбоз жазым болар ма!» деген хауіп түсті. Жылқы тағы шыңғырды. Сасқан Балуан қарусыз қолмен тұра жүгірді.

Қалың қамыстың арасымен дыбыс шыққан жерге жүгіріп келе жатқан оның құлағына әлденеңің ырылдағаны естілді. Жүрегі қобалжи түскен ол, қамыс арасындағы алапқа шығып еді, түнді тескен көзіне ағараңдаған бірдеме көріне кетті.

Ағараңдап тыпырлағанға ол жетіп келсе,— аты!.. Оның үстінде қимылдай қараңдаған бірдемеге үңілсе, ұзын құйрық бір аңның бөксесі!.. Бас жағы аттың кеудесіне кіріп кеткен. Бұл мақлұқты жолбарыс деп жобалаған Балуан Шолақ, ұзын құйрықтың түбінен шап беріп ұстай алды да, мықшия тартып зорға дегенде аттың кеудесінен суырып алды... Жолбарыс!.. Ол қайырылып тап беруге ыңғайланғанда, Балуан, сілтей лақтырып жіберді... Ұшып барып құлаған тайшадай жолбарыс, тұра сала Балуанға тап бере ұмтылды. Екеуі айқаса кеткенде Балуанның қолы аңның жұтқыншағынан ілікті. Қылқынған аң, мұрны бырылдап, тілін сала құлаш шығарып, аузын аңырайта ашып бұлқынып еді, Балуанның қатып қалған уысы жазылмады. Жанталасқан аң Балуанның денесін тырнақтарымен бүрді. Дес бергенде, киімі қалыңдау еді оның, бүрген тырнақтардың шеңгеліне киім жентектеліп, етіне кейбір тырнақтардың істік ұшы ғана тиді... Тиген жерін ол ыстық ұстарадай тіліп түсті... Сол кезде, жолбарыстың кеңірдегінен қысқан қолы жазылып кете жаздады. «Өйтсем өлем»— деген ой келді оған,— одан да айрылмайын!..

Буынған аң Балуанның қолы кеңірдектен айрылмасын сезгендей, бассауға қылмақ боп, сүйрелей қашуға тырысты, бірақ тырмыса тартқан Балуанды әкете алмады, екеуі ұмар-жұмар жығылды. Балуан алқымдағы уысын толғай түсті!..

Бір кезде жолбарыс қимылсыз сұлық жата қалды. «Енді өлген шығарсың» деп ойлаған Балуан, аңның алқымынан уысын жазбастан, басын көтерсе, таң сібірлеп келеді

екен. Жарылған атын сонда ғана еркін көрген ол: «оншадан мұнша жүріп, ажалың осында жетті-ау, жануар!» деді күрсініп...

Жолбарыстың алқымын босатпай Балуан аяқпен шапқа, бүйірге, кеудеге теуіп көріп еді, қозғалмайды. «Өлген екен» деп Балуан уысын жазайын десе — ашылмайды,— қолы қарысып қалған!..

«Жанымау, біздің жолдастарға не болған» деген оймен Балуан Шолақ: «а-ай!»— деп дыбыс берді. «А-ау!» деген дыбыс естілді, қамыс арасынан. Іле, жүгіріп Шашубай шықты да, өлген жолбарысты кеңірдектен ұстап тұрған Балуанды көріп, «мұнда!» деп айғай салды. Қамыс арасынан өзгелері де шуласып шықты.

— Тірімісін?— десті олар Балуанның қасына жүгіріп келіп.

— Өлсем осылай тұрам ба?— деді Балуан масаттанғандай. Оның қарысқан қолы жазылып кетті.

— Апыр-ай, құдай-ай, сақтай гөр!— деп қорықты, оның денесіндегі жарасын көрген серіктері. Ауыр жараланыпсың ғой, өзің.

— Үрейленбейік!— деді Шашубай,— тез сойыңдар жолбарысты! Бұл осы күні семіз, терісі шелді, Балуанды жылыдай теріге орасақ жараның уытын сорып алады.

Жолбарысты Балуанның жолдастары тез сойды да, терісін от басына әкеп, Балуанды тырдай жалаңаш шешіндіріп, қан сасыған жылы теріге орады. Тері Балуанның зор денесін еркін қаусырынуға жетті.

31. АЛАТАУ АЯСЫНДА

«Көріп пе едің қырғыздың Алатауын,
Бұлт ұялап басында күнде жауын:
Алыстағы аңсаған Галияның,
Біліп қайтсам, шіркін-ай, есен-сауын!»
(Шолақтың өлеңінен).

Араб елінде мынадай ертегі бар. Мұхамбет пайғамбардың күйеуі, әрі әскер бастығы Әзірет Әлі, алыстағы бір мемлекетте Дариға атты балуан қыз бар деп естиді де әдейі іздеп барып, күреседі. Балуан қыз мұнымен бірнеше күн алысып, кейде жығып кете жаздап, ақыры, намыстанған Әлі әрең дегенде жығады. Жеңілген қыз Әліге қосылып, екеуі аз күн тұрады да, Әлі мекеніне қайтып, қыз жүкті боп үйінде қалып қояды. Айы-күні жеткенде Дариғадан ұл

туады да, атын Мәді қояды. Мәді қырық күнде қырық кез боп өсіп, қырық бірінші күні әкесі Әлініі іздеп жолға шығады. Неше күн, неше түн жүрген ол, бір күні күресіп жатқан адамдармен кездеседі. Мәді қастарына кеп қарап тұрса, күрестіріп жатқан орта жасты, денелі адам, күресіп жатқан ылғи жастар, бәрі де балуан жігіттер, Мәді оларға қызыға қарап тұрады да, «мен де күресем» деп қолқа қылады. Басқарушы адам бұл тілекті орындағанда, Мәді жастардың бәрін жығады. Сонда басқарушы ашуланып, «өзім күресем» деп ұстай алғанда, Мәді «Я, әкем, Әзірет Әлі қолда!» деп, оның да тізесін бүгеді. Мосқал адам сасып қап: «Япырай, сен Мәді емеспісің?!» дейді. «Иә, мен Мәдімін» дегенде, мосқал адам: «Ендеше мен, әкең — Әлімін!» дейді. Мәді ұялып тұра қашады, Әлі тұра қуады. Ақыры ұстайтын болған соң, «әкемнің жағасынан алдым, енді оны көрер бетім жоқ, мені жасыр!» деп Мәді жерге жалынады. Жер Мәдіні аяйды да, Әлі қуып жете бергенде, жарылып кетіп, ішіне Мәді түскенде жасырып жабыла қояды...

«Ақырзаман боларда,— дейді ертегі,— Тажал деген шығып дүниені жалмай бастайды, адамды сол апаттан, жер астынан шыққан Мәді ғана құтқарады...»

Бұрынғы Жетісу атанатын Үйсін-Дулат елінде:

— Мәді шығып қапты!— деген хабар дүңк ете түсті...

— Қойшы!..— десті елең ете қалған жұрт.

— Рас!.. Адамның арыстаны дейді. Түйені қозыдай арқалап әкетеді дейді!.. Еті — темір дейді, тісімен жылқының ортан жілігін кеміреді дейді!.. Денесі адамзатқа бітпеген дейді. Өзінің бір қолы шолақ дейді!..

— Апырай, ақырзаман болып қалғаны ма онда?!— деп үрейленісті жұрт,— Молдадан сұрайтын екен. Мәдінің де қолы шолақ па екен?

— Біреулер сұрапты. Молда «Мәдінің де бір қолы шолақ деген кітапта рауаят бар», депті,— деген де хабар тарады.

Жаздыкүні Алатаудың биігіндегі бір жайлауда, Ордабаев Қали деген байдың үйіне жиналып қымыз ішіп отырған біраз жұрт та осы кеңесті айтып шуласып отырғанда, «сөйлес!»— деген дауыс естілді үй сыртынан.

Қали мен-мендеу, такаппарлау кісі еді, сөйлес қып нығызсыған адамды ұнатпайтын еді. Ол сырттан естілген мына дауысты да ұнатпай:

— Уау, түсе бер, кім болсаң да!.. Саған сөйлеске баратын кісі жоқ, түспесең тарта бер!— деді айғайлы дауыспен.

Аздан кейін үйге әлем-жәлем киінген оншақты жігіт кіріп келді. Олардың ішінен, Қалидың көзін өзге жігіттер қоршай кірген, сымбатты өзгелерінен ерекше, қалың қарасұр мұртты, шоқша сақалды адам ерекше тартты.

— Жоғары шық!— деді, ондай дауысты өз үйінде естіп көрмеген Қали ұнатпай.

Қали оң жақ босағада, өзге қонақтарынан оғашырақ отыр еді. Бұл елде оған тақала адам отырмайтын еді.

Қалидың ол «тәртібін» бұзған қонақ, қолдасып амандаспастан дәл оң тізесін баса кеп отырды. Өзгелері төрдегі бос орынға жайғасты.

Еркінсіген қонақтың қылықтарына іштей ыза болғанмен, Қали сырттай сыр бермеді. «Сіз», «біз» деп сыпайысуына, киіміне, түріне қарап, «алыстан келе жатқан қонақ болар және мына түрімен тегін де кісі болмас» деген оймен, сөзін сыпайы бастап:

— Жол болсын, қонағым!— деді бұрыла қарап қойып.

— Жол болса әлей болсын!.. Жолдамақ сізден болсын!..

— Таныспадық па, қалай, қонағым!..

— Сөйлес қылмасақ айып бізде. Сөзге шықпасаңыз айып сізде. Сыртта көрісіп, төс тақасып амандаспаған соң, енді жата-жастана таныса береміз де...

Сөзден тосылғандай болған Қали:

— Әйтсек әйтерміз, онда; — деді де, жігіттеріне,— жолаушылар сусаған болар, шұбат әкеліңдер!— деді.

Қышқылтым иісі мұрынды қытықтаған қоймалжың дәмді шұбаттан, қонақ екі-үш саптаяғын сіміре бір-бір-ақ тартып жіберді де, маңдайынан шыққан терді саусағымен сыпырып тастап:

— Енді болдым!— деп шынтақтап жантая кетті.

Аңқасы кеуіп келген өзгелері, салқын, тәтті шұбатты, саптаяқтарын алдарына ұстай отыра асықпай сімірді.

Қатар отырған қонақтың шұбат ішуі де, одан кейін қисая кетуі де жаттау көрінген соң, оны аздап түрткілегісі келген Қали жантайған денесіне бір қарап қойып:

— «Руын не құл, не қу жасырады» дейтін еді, қонағым; қайсысы екеніңді жата-жастана білерміз. Ол жөніңді айтпасаң, мына жөніңді айт: денең жақсы екен, балуан біреу емеспісің?

— Неге олай сұрайсыз?

— Денең жақсы екен...

— «Түйе бойына сеніп жылдан құр қалды» демей ме,

аталарымыз? Денелінің бәрі балуан бола бере ме? Және ауызда емес, күште сыналмай ма, балуан? Күштімін бе, жоқ па,— сынасар жер кез келсе көрерсіз!

Тағы да «мынау бір кесір сөйлейтін адам ғой өзі!» деп ойлаған Қали, онымен епте сынаспақ болды. Денесі сидам жасырақ кезінде ол кеуде балуанның біреуі боп жүрген еді де, семіргеннен кейін ол «кәсібін» тоқтатып, күшін үйде көрсететін бір әдіс тапқан еді: үйіне келген қонақтардан біреуді «осы ауыр» деп немесе «мықты» деп ойласа, қасына отырғызатын еді де, оңынан солына, солынан оңына көтеріп қойып ойнайтын еді. Оның сондай ойынынан қорқып, кейбір аса семіз адамдар үйіне жоламайтын еді.

Қалидың мына қонағына да сол ойынын көрсеткісі келді. Аз тым-тырыс отырғаннан кейін:

— Әу, қонағым!— деді ол.

— Ә,— деді қонақ басын көтеріп.

— «Ойында өрелік жоқ»— деген мақалды сіздің ел айта ма?

— Сіздің елдің ғана сыбағасына тиген мақал емес шығар ол, кигіз туырлықты қазаққа ортақ мақал шығар. Әлде, мені қазақ емес деп ойлайсыз ба?

Бұл сөзден де тосылып қалғандай болған Қали, онысын сездіргісі келмегендей:

— Ендеше, бір ойыным бар еді, қонағым, сонымды көрсетсем ерсі болмас па екен?— деді.

— Әрине, ерсілік болмайды. Айтыңыз, қандай ойын екенін!

— Оң жақта отырған қонағымды сол жағыма көтеріп қоятын ойыным болушы еді...

— Оған мен әзір!..

— Ә, жарайды, онда!— деп, Қали оң жақта отырған қонағына денесін икемдеді де, оң қолын сыртына орай, арғы тақымның астына тығып жіберіп, өзіне бейімдей тартты...

Бұған дейін бұлай тартқанда, денесі қандай ауыр адам болса да орнынан қопара бастайтын еді де, ілезде жұлып ап, екінші жағына аудара салатын еді.

Ал, мынау — кесек тастай, немесе жерге қаққан темір қазықтай, отырған орнынан бүлк етпейтін бірдеме!..

Қали Қанша мықшыңдағанмен, қонағын орнынан қозғалта алмады. Алқынған да, терлеген де ол, басқа айла істей алмауына көзі жеткен соң, қонағын құшақтаған қолын алды да, ентіге сөйлеп:

— Тас екеніңді, темір екеніңді білмеймін, жарқыным: асау атты да құйрығынан ұстағанда тырп еткізбейтін ем, қандай ауыр кісі болса да шопақ құрлы көрмейтін ем, сені мен қозғай алмадым!— деді.

— Олай болса, осы ойынды маған ойнауға болар ма екен?— деді қонақ.— Сізді менің көтеруіме болар ма екен?

— Болуы болады ғой, бірақ, сен мені көтере алмайсын, қонағым.

— Неге?

— Аттан күшті емес шығарсын сен. Мені ат та көтере алмайды. Тек, нар түйе мен атан өгіз ғана көтере алады...

— Көтере алмасам, менен айып сұрамассыз. Ойын ортақ. Мен ойнайын сізбенен.

— Онда өзің біл.

— Менің де ыңғайым,— оңымда еді. Оң жағыммен көтеруге болар ма екен?

— Ықтиярың.

Қалидың сол жағына отыра беріп, қолын бөксесінен орай, құшаққа симайтын жуан денесін өзіне икемдей, қонақ «hауп!» деп жұлқи тартқанда, дауылдан құлаған жуан ағаштай еңсеріліп қисая кетті... Сол бетінен оңалдырмаған оны, қонақ бос бөшкені құшақтап көтере жөнелген баладай, ауыр және жуан денесінің салмағын кеудесіне арта тұрып жүре берді.

— Қарным жарылды!.. Түсір!..— деген жалынышты даусы шығып кетті Қалидың.

Босағаға көтеріп апарып түсірген қонағына:

— Апырай, кім ең?— деді ентіккен Қали.

— «Оны жата-жастана сұрастырармыз» демедік пе?

— Дедік... сонда да?..

— Сөз сертінен таймау керек...

Тағы да тосылған Қали, қонағын да орнына отырғызып, өзі де отырып:

— Ал, жігіттер!— деді қонақты күтушілерге,— кім де болса керемет біреу, мынауың. Жөнін кейін біле жатармыз, сендер бұның сыбағалы асын даярлап, мал сойғызыңдар!..

Жігіттер бұйрықты орындауға кеткен шақта, әдемі киініп домбыра көтерген оншақты адам үйге кіріп келді.

Балуан Шолақ осында ма?— деді дөңгелек қара сақалды, кішірек имек мұрынды, шықшытты, дембелшелеу, орта бойлы қызыл шырайлы кісі.

Үйдегілер біріне бірі қарады.

— Жаза баспасам Балуан Шолақ сен боларсын!— деп әлгі кісі домбыралы қолын қонаққа ұсынды.

— Болсақ болармыз,— деді қонақ.

— Ендеше, мен Дулаттың Сарыбасымын.

— Естіп ем!— деді қонақ түрегеп,— кел, онда, төске төс тигізіп көрісейік.

Екеуі құшақтасып көрісті.

— Атыңды естуші ек,— деді Сарыбас Балуан Шолақ-қа,— көруге құмар ек. Ізіңді қуып жаңа таптық. Мына тұрғандар Жетісудағы Үйсін, Дулаттың сені іздеген ақындары.

— Менің де іздегенім сендерсіңдер!— деді Шолақ,— ақындарға басын иіп.

— «Мәді шықты!» деп дүрлігіп едіңдер,— деді Сарыбас үйдегілерге,— (жұрт елегізіп қалды.) Сол Мәді — осы Балуан Шолақ!

Одан әрі мәжіліс басталып кетті. Қалидың ақ үйінің жаңа кигізі шұрқ-шұрқ тесіліп, айналасы көктегі жұлдыздан жиі сығалаған көз боп кетті.

— Бұл қай бейбастақтық? Үйді қиратамысындар? Кигізді бүлдірдіңдер ғой. Жоғал көзге көрінбей!— деп аюдай ақырған Қалидан, жайшылықта қорқатын жұрт бүгін жасқанбады. Олар бүгіннен қалса Балуанды көре алмайтындай боп, үйге симағаны сырттағы кигіздің тесігінен таласып, бірін-бірі басып кете жаздады.

— Жұрт лебізіңе құмартып тұр, ән бұлағы Көкшетаудан келдің. Жетісуды сусындат!— деген өтінішті орындап, Балуан Шолақ бар білгенін ортаға салды. Ол өлең-жырын.

Жастықта ұрынбай ма жігіт дауға?
Ол даудан аман қалса басың сауға?
Жетісу, жемісің мол ағаш едің,
Бұтаңа келдім аз күн қонақтауға!—

деп бастап, аржағында бұл өлкеге неге келген жайларын, жолшыбай нелер көріп, нелерді естігенін сөйлеп кетті. Ән араластыра айтқан өлең-жырларымен, тыңдаушыларын ол жылатты да, күлдірді де, сергітті де, күрсіндірді де...

Жетісу Балуан Шолақты айлап емес, жылдап жібермеді. Оның күні де, түні де, қысы да, жазы да сауық-сайранмен өтті.

— Мән-жайыңды естідік,— деді оған қайда барса да жұрт,— ағайын іздесең: шыққан арғы тегің осы — Үйсін. Жолшыбайғы елдерден естіген сөздерін қайталап, Үйсін

болмаса да сені жатырқайтын Жетісу жоқ. Артыңда аңдушың көп екен. Туған жерің ыстық шығар, бірақ қайтып барам деме, жазым боларсын. Осы елге орнық. Үстіңе үй тігейік, алдыңа мал салайық, қалаған қызыңды берейік.

Шолақтың қайтпауын қолқалаған әсіресе ақындар мен әншілер.

— Көкшетау — әннің бұлағы деп еститін ек,— десті олар,— сол жақтан, Арқаның биік жонын, Бетпақтың жалпақ шөлін, Балқаштың теңіз көлін аттап, әдемі нәзік үндер бұл маңайға талықсып жететін еді, еркін естісек деп құмартатын ек. Сондай сусаған шөлімізді сен қандырдың. Бірақ, сенің әнің — дәмі айнымайтын тәтті екен, сімірген сайын сусап барамыз. Өмірімізді сенің әніңе бөлеп өткізейік. Аз жасты сайранмен бірге жасайық.

«Әне қайтам, міне қайтаммен» Балуан Шолақ Жетісуда он жылдан артық жүрді. Алатаудың кең етегін жайлаған қалың елде араламағаны жоқ. Балқаш көлінің батыс жағымен келіп Әулиеата қаласына барған ол, Алатаудың теріскей жақ бөктерін жайлаған елді аралап отырып, Қытай шегіне барып тоқтады. Одан арғы қазақ ауылдарын да аралауға ойлаған еді, үкіметтің шекаралық орындары рұқсат бермеді.

Сонша елді аралағанда оның қыдырғыштығы ұстаған жоқ. Ол қай ауылға барса да, алдыңғы ауылдардан іздеп кеп, «дәмге шақыра келдік!» деп ілгері тарта берді. Жолы ұзап бара жатқанын Балуан көрсе де, сыйлап шақырғандарға бармаймын дей алмады...

«Ел елдің заңы басқа, иттері қара қасқа» дегендей, Көкшетауда туып-өскен Балуан Шолаққа Жетісу елінің әдет-ғұрпы, үй-тұрмысы, киім-кешегі өз елінен басқаша көрінді. Балуанның байқауынша Жетісу елінде «атам-заманның» әдеті көп сияқты. Көкшетау елінің жазғы киіз үйі кең, биік болады. Жетісудың үйі әрі тар, әрі аласа екен. Көкшетау елінің әлділері қыстыгүні бірнеше бөлмелі ағаш үйде, әлсіздері орыс крестьяндарының үлгісімен салған шым үйде отырады; Жетісу елі қысқы үй салуға шорқақ екен, көпшілігі таудың етегін жырып жасаған «кепе» атты үңгірді мекендейді екен, онда терезе болмайды, не төбесінен, не қабырғасынан сығырайған кішкене тесік қойып, қойдың қарнымен қаптайды екен. Көкшетау елі ыдыс-аяқты, үй жасауын көбінесе базардан, фабрикада жасалған заттардан алады. Жетісудың ыдыс-аяғы, үй мүлкі көбінесе ауыл шеберлерінің қолынан тұрпайы жасалады екен. Көк-

шетау елінің киімі орыс я татар киімдеріне ұқсастау ықшам, ыңғайлы келетін. Жетісу елінің киімі әрі мол, әрі сиықсыздау олпы-солпы келеді екен...

Көкшетау елімен салыстырғанда, Жетісу елі аңқаулау, момындау сияқты. Жетісу елі еңбек бейнетін Көкшетау елінен көбірек көретін сияқты, Көкшетау қазақтары егін салмайды, астықты жақын жердегі орыс поселкелерінен сатып алады, Жетісу қазақтарының көбі егінді өзі егеді екен, ол егінін арықтан суарады екен; бұның бейнеті Көкшетаудағы егіншілердің бейнетінен әлдеқайда ауыр,— Көкшетауда егіншілер жерді жыртып, тұқымын себеді де, суды көктен тілеп, қашан егін піскенше күтіп отырады, жетісулықтар егіні піскенше суарып дамыл көрмейді.

Алатау өлкесінің жері Балуан Шолаққа ұнады да, ұнамады да. Ұнағаны: таудың өз бойы хасиетті, оған шықпайтын егін де, жеміс те жоқ. Сондықтан да, жергілікті ел: «Жетек ексең — арба өседі» дейді екен. Алатау бойына шығатын жемістер Көкшетауда жоқ, Көкшетаудың егістік мәдениеті де Алатаудан төмен. Алатаудың Балуанға ұнамайтыны: бар хасиеті таудың өз бойы мен етегінде ғана да, егер одан ұзап, 50—60 шақырымға барсаң, таздың басындай тақыр. Көкшетаудың қай жеріне барсаң да белуардан келетін көкорай шалғын, түбіттей ұйысқан қалың бетеге!..

Жетісу елі қаншама құрметтегенмен Балуан Шолақ туған жерін, елін, ата-анасын, Ғалияны жылдан-жылға артық артық аңсады да, оншақты жыл аралағаннан кейін Жетісу елінен рұқсат сұрады.

— Туған жеріңе қайтам десең рұқсат — деді Жетісу,— бірақ, күндердің күнінде патшаның қудалауына тағы да лексең, паналатуға біз әзір...

Еліне беттеген Балуан, Жетісудың қай ауылына түсіп аттанса да, бір ауыз өлеңмен қоштасты:

Алатау, аз күн жаттым аунап-қунап,
Дертіме дәрі бердің жүрген улап.
Көргенше енді айналып хош аман бол,
Ұлысы Ұлы жүздің Үйсін, Дулат!

32. ӨЗ БЕЙНЕСІ

Алатаудан аттанар алдында, Балуан Шолақ қасындағы нөкерлерін таратты. Олардың «еліңе шейін шығарып саламыз» деген шын сөзін, егер «мақұл» десе, айтқандарын орындауына көзі жете тұра, Балуан тоқтаулы сөз тапты.

/ — Өздеріңе белгілі,— деді ол нөкерлеріне,— мен бұл жаққа өкіметтен қашып келген қоңыраулы кісімін. Сол қоңырауды елге қаға қайтсам, думандата барсам, маған құлағын тігіп отырған өкімет, «ә, мынау әлі де баяғы қылығын тастамаған екен», дейді де, торын құрып қамай қояды. Оны істетпеу үшін, еліме мен үн-түнсіз баруым керек те, елеусіз жүре беруім керек.

— Өйтсең, өкіметтің тимеуіне көзің жете ме?— деген сұрауға:

— Тиыш жүрген кісіде не ақысы бар оның?— деп жауап беріді Балуан,— Ғазиз ақынның «Елу бестен жасы асып кеткеннен соң, жігіттіктің болмайды серуені», деген сөзін айтпадым ба өздеріңе? Менің де жасым елу бестен өтті. Енді қылтың-сылтының керегі жоқ маған. Оның үстіне көңіл де жүдеу. Мен аулыма бара, қақ-соқтың бәрін қоям да, «айранын ұрттап, қойын құрттаймын, ұя бөрік, жуан қоныш» адамның бірі боп күн кешем. Тағдырдың менің маңдайыма ендігі жазғаны осы болуға тиіс.

— Тек, соны істей алсаң!..— десті, Балуанның сөзін тоқтаулы көргендер, қарсы дау айтудың ретін таба алмай.

— Істемегенде амал жоқ,— деді Балуан күрсініп,— жанған отқа көзсіз көбелек қана түседі.

Еліне жеке қайтуға нөкерлерінен рұқсат алған Балуан, «қойдан қоңыр, қозыдан жуас болған соң біржола болайын» деді де, үстіндегі сәнді киімдерінің бәрін естелік есебінде таратып беріп, өзі жұпыны киімдер сұрап алды. Аты мен ер-тоқымын да қоңырқай түрде сайлаған ол, нөкерлерімен жыласып хоштасты да жалғыз өзі Балқаштың батыс жағын жиектей, еліне бет алып жүріп кетті.

Бұл бетіндегі елді Балуан бұрын аралаған жоқ еді, соны пайдаланып ат шалдырған, түстенген, қонған жерлеріндегі танымайтын адамдарға «пәлен жердегі туысыма барып келе жатқан жолаушы едім» дей салды. Сақал-мұрты өскен, қоңырқай киімі, қоңырқай ер-тұрманы, жобалғы аты бар оны ешкім де Балуан Шолақ деп ойламады.

Осындай елеусіз түрде келе жатқан ол, Балқаштың Іле өзені құятын сағасындағы «Топар» аталатын жердегі ауылдарға жетті. Руы Сары Үйсінге жататын бұл ауылдарда, Балуан барған кезде, әлдекім бай қызын ұзатып, ұланасыр той боп жатыр еді. Жобалғы түрде жүрген Балуанды бұл тойда ешкім елей қойған жоқ, оның өзі де тойдың думанына еліре сапырылысқан жұртқа елетерліктей ешбір қылық көрсеткен жоқ.

Күндізгі думан өтіп, тойға келгендер кешке қарай төңіректегі ауылдарға бөліне тарқасты. Көппен араласқан балуан да бір ауылға кеп түсті.

Балуан түскен ауылдың адамдары, осы ауылға келген қонақтардан, «Кебекең» атты бір ақсақалға ерекше құрмет көрсетті. Балуан жұрттың әңгімесіне құлақ түрсе,— «Кебекеңнің» шын аты — Кебекбай екен. Ол бүкіл Дулат атаулының әрі ақсақалы, әрі сәуегейі боп саналады екен.

Қасына ере келген адамдары, осы «Кебекеңнен»:

— Егер рұқсат етсеңіз, мәжілісімізді көріктендіруге Кененді алдырсақ қайтеді?— деп өтінді.

— Алдырсаңдар, алдырыңдар!— деді Кебекбай.

— Бар, тап та шақырып кел!— деп жұмсаған жігіт кеткеннен кейін, бұл ауылға жиналған қалың жұрттың аузында Кененнің кім екендігі сөз болды.

— Сол жігітті аса әнші деп жүр ғой,— деп сұрады біреу,— қай ауылдан келген өзі?

— Дулат ішіндегі Жаныс көрінеді ғой ол. Жаныс ішінде Қасқарау. Оның ішінде Сати-Боти. Мекендері Мәтібұлақ көрінеді. Әзірбай дейтін кедей шал болатын Сатида. Соның қартайған кезінде туыпты ғой бұл бала. Жасынан жетім қап, бай ағайындарының қой-қозысын баққан екен. Ержете ауызына жел бітіп, қазір бүкіл Дулаттың атақты ақыны болғанға ұқсайды. Өзі сымбатты да, көрікті де жігіт боп өскен. Даусы да керемет өзінің,— аққудай сұңқылдайды!.. Ән де шығарады өзі, өлең де шығарады. Өлеңі онша қырғын емес. Ал, әні бар ғой,— бұлбұлдың сайрауына бергісіз!..

— Үлгіні кімнен алды екен, бұл?

— Балуан Шолақтан!..

— Не дейсің? Жолығып па екен Балуан Шолаққа?

— Арқадан Жетісуға келе жатқан Балуан Шолақ, Сати-Боти елін аралап жүріп «Доланқара» тауына кездессе, қой жәйіліп жүрген тас арасынан әдемі ән естіледі. Айтушыны Балуан Шолақ таптырып алса, он бестер шамасындағы қойшы бала екен дейді. Әлгі бір, қойшы баланың зарыққан мұңын боторғайға шағатын әні бар ғой, сол ән, сол қойшы баланың шығарған әні екен дейді...

— Апырау, не дейді?!..

— Даусы да, әні де ұнаған баланы, Балуан Шолақ, қасына ерген нөкерлерімен ала кетпек болған екен, баланың да барғысы келген екен, жалдаған бай жібермепті... Балуанның жүрген жері ұлы думан көрінеді ғой. Қасқарауда ол

Ноғайбай дейтін байдың үйіне түссе керек. «Балуан Шолақ келді» деген соң, қалың Қасқарау жиналса керек. Сонда әнін мақтаған Қасқарауға, Балуан «менен де зор әнші,— өздеріңнің араларыңда жүр, бірақ ән айтып жүрген жоқ, қой бағып жүр» деп Кененді өлердей мақтап, «нанбасаңдар көріңдер!» деп әдейі ат жібертіп алдыртса керек, Балуанның айтқаны расқа шыққан соң, қалың Қасқарау Кененді басына көтеріп әкетсе керек...

— Жақсы адамның аса сөйлемей, баса сөйлейтін әдеті ғой... Балуан Шолақтың өзін баса, Кененді көтере сөйлеуі содан болған шығар, әйтпесе, өз даусына жан пар келмейді деп естігеміз; айғай салған дауысы тауды жаңғырықтырып, тасты сілкіндіреді деп естігеміз; жүз бұралып, мың құбылады деп естігеміз!.. Кенен де керемет көрінеді ғой!.. Сонысына қарағанда, Балуан Шолақтан бата алып, аузына түкірткен ғой ол!..

— Апырай десейші!— деп ду ете түсті үйдегілер...

— Ал, енді, мен сендерге бір қызық айтайын,— деді біреу, көпшіліктің шуын басқысы келгендей, қатты дауыспен:

— Иә!— деді де, шу тын бола қалды.

— Осы Кенен бар ғой, сол Балуан Шолақтың бар әнін аузынан қағып алған!..

— Не дейді?!..

— Дегенімді айтайын: Балуан Шолақ Ноғайбайдың үйіне қонған күні мен де сол үйде едім. Балуанның әнін есітеміз деп келген жұрт үйге симайтын болған соң, халықтың тілегін орындап, Балуан далаға шықты. Ауыл Мәтібұлақтың жағасында, таудың арасында отырған. Балуанға ере тысқа мен де шықсам, таудың саласындағы адамның қалыңдығына көз тұнады!.. Айт пен тойға да мұндай көп жиналмас жұрт!..

— Жұртты қоя тұрып, Балуанды айт!— десті үйдегілер.

— Айтсам, Балуан таудың төскейіндегі шыңға көтерілді де ән шырқады. Мана үйде бірер әнді айтқанда, даусы аса зор сияқты емес еді, қоңырлау, бірсыдырғы әдемі ғана еді. Тысқа шығып сол әнді қайта айтқанда, даусы биіктеп көтерілді де кетті. Сонда ол айқайлаған жоқ, әдемі нақышымен, қоңыр ғана айтты. Осы даусы тауды жаңғырықтырып, тасты сілкіндіріп жіберді...

— Аруақ біткен адамның әдеті емес пе, топты көрсе

арқаланып кететін!.. Аруағы көтеріп кеткен ғой, оның даусын!

— Сонымен, қызық болды,— деді Балуан Шолақтың өнерін баяндаушы.

— Иә?..

— Ол түні, таудың саласында Балуанның және оның нөкерлерінің әнін тыңдаған жұрт кірпік қақпаған жоқ. Балуан қызық кісі екен. «Мынау пәлен деген әнім, мынау түген деген әнім» деп, әрбір әнінің бір-бір ауызын өзі бастап береді екен де, нөкерлеріне «ендігісін сендер айтыңдар!» дейді екен. Олар қосылып айта жөнеледі екен...

— Қызық екен онысы!..

— Одан да қызығы бар...

— Иә?..

— Балуанның да, оның нөкерлерінің де әдемі әндерін құмарта тыңдаған жұрт, күздің ұзақ түніне шыдамағандай, үркер төбеден ауа у-шуын азайтып бәсеңси бастады... Сол кезде, Балуанның нөкерлері қосылып айтқан бір әннің ішінен, болатты болатқа соққандай шыңылдап, аспанға найзадай шаншылып, тыңдаушылар бұрын естімеген бір биік дауыс көтерілді де кетті!.. Құр ғана биік дауыс емес, мөлдір судай кіршіксіз дауыс, көктемнің даласындай сәнді дауыс, шебердің кестесіндей нақышты дауыс!..

— Апырау, кімнің дауысы екен?— десті, кім екенін тез білуге асыққан жұрт.

— Кененнің...

— О қайдан кеп қапты?..

— Балуан Шолақ кешке жіберген кісі Кененді тауып әкелгенше түн ортасы ауып кетсе керек... Балалық шағында Кенен бұйығы екен дейді. Сондықтан, келе сала Балуанның алдына жетіп бармай, көптің арасына отыра кетіпті... Арқасыз адам ән айта ала ма?.. Балуан мен нөкерлері айтқан әндерге Кененнің де арқасы қозып, әуелі алысырақ отырған ол, ән айтқан топқа жақындай-жақындай, бір мезгілде қасына кеп қапты... Одан кейін өзін-өзі ұстай алмай, Балуанның ән айтқан нөкерлеріне қосыла кетіпті... Әлгі дауыс сол екен!..

— Иә, сонан?..

— Ән айтылып болған соң, Балуан орнынан түре кеп Кененнің қасына барады да, «ә, сен келіп қап па ең?» деп, қол берген Кененді бауырына баса құшақтайды. «Уа, жұрт,— дейді Балуан сонан кейін, жиналған топқа,— сенің бұлбұлың осы!..» «Әзірбай баласы Кенен» мұның аты-

жөні. Өзіңнің Дулатың бұл бала. Оның ішінде Қасқарау, оның ішінде Сати-Боти. Бірақ, бұл, қалың Дулат,— сенің ғана сыбағаң емес, «шебердің қолы, шешеннің тілі ортақ» дегендей, барлық қазақтың сыбағасы. Бірақ, бүгінгі күні, бұл бала, қалың Дулат сенің әншің емес, қойшың боп жүр. Қазіргі халінің қандай екенін баланың өз әнінен, өз құлағыңмен есті. Ал, Кенен, айт, мына жұртыңа «Бозторғай» деген әніңді!..»

Кенен «Бозторғай» әнін айтқанда, қойшы баланың ауыр халін көз алдына келтіріп, тыңдаушылар мұңайып қалады. Сонда Балуан Кененге, «енді Көкшолақ» деген әніңді айт!» дейді. Кенен бұл әнін айтқанда, жұрт шек-сілесі қатып күлді. Содан кейін Балуан:— «міне, көрдіңдер ме, жұрт, қойларының қиының арасында қандай алтын жатқанын? Алыңдар, ол алтынды қи арасынан!.. Бұдан былай тотықтырмай, жарқыратып ұстаңдар!»— деді...

Балуан Кененді өзімен бірге алып та кетпек болған екен, әрі, жалдаған байы жібермейді, әрі «қартайған шағымда көзімнен таса қылмаймын» деп әкесі босатпайды. Бірақ Балуанның айтқаны да далада қалмайды: қалың Дулат Кененді айт-тойына шақырып көтереді де кетеді. Ол ән де, өлең де шығарғыш болып алады, үні де, сөзі де бал татыған тамаша болады. Сонан кейін аруағы ұшып, Дулатта Кенен қатнаспаған ойын-тойдың көркі болмайды...

Ойын-тойларда, Кенен өз әндерін ғана айтпайды, халықтың әндерін, басқа әншілердің әндерін, әсіресе Балуан-Шолақтың әндерін көп айтады...

Осы кезде көп адам қосылып айтқан ән естіле қалды. Оған елеңдеп, ауылдағы көпшілік те, Балуан да далаға шықты.

Бұл ымырт жабылып, қас қарайған кез еді. Белесті құмдардың арасында отырған ауылға, үндері аспанды жаңғырықтыра қосылып ән айтып келе жатқан көп дауыс жақындай береді, жақындаған сайын әдемілене, биіктей берді...

— Кенен!.. Оның нөкерлері!..— деп шуласты күткен жұрт.

— Дәл Балуан Шолақ!— деді әлдекім — Кенен өлеңдерін соның үлгісімен айтып келеді...

Кененнің әндеткен тобы ауылға кеп түскенде, құмның арасынан адам өскендей, қалың жан қыбырлап, төңірекке симай кетті.

Мұншама адамды сиғызатын ешбір үй болмағандықтан,

ән далада, қалың құмның арасында айтылды. «Халық өзінің тамаша әншісінің кескінін көріп отырсың» дегендей, ән басталар алдында, ашық аспанға он төрт жасына толған ай көтерілді. Дала сүттей жарық боп кетті...

«Кескінін де түгел көреміз, әнін де түгел естиміз» деп, халық Кененді биік бір құм-шоқының төбесіне отырғызды. Өздері сол шоқының төбесінен төмен сорғалай, етекке жайыла орналасты. Осы қалың көпшіліктің арасында төбеге жақындау тұста, белгісіз адамның біреуі боп Балуан Шолақ та отырды.

Шоқының төбесіне отырған Кененнің кескіні Балуан Шолаққа жасырақ кезінде айнадан көрген өз кескіні сияқтанып кетті. Ана жылы көргенде бала пішінді Кененнің қазір сақалы да, мұрты да өскен және дәл Балуан Шолақтың сақал-мұртындай, мұрты ұзара қалыңдап, қаршығаның жазған қанатындай, сапары сүйрие, иығына қарай қайырылып, сақалы иегіне шоқтала, бір тұтамдай ғана қыпқысқа боп өскен! Маңдайы да сондай кең, қасы да сондай қою, мұрны да сондай қоңқақ... Тек қана айырмасы — Балуанның жүзі бәлкім дөңгелектеу, Кененнің жүзі бәлкім сопақтау, Балуанның қалың қабағының астына біткен көзі бәлкім шүңіректеу және қысыңқылау, Кененнің жұқалау қабағының астына біткен көзі томпақтау және бадырайған үлкен, Балуанның иегі бәлкім сүйірлеу, Кененнің иегі жалпақтау...

Аздаған сондай айырмалары бола тұра, Кененнің кескінінен өз кескінінің бейнесін тапқан Балуан, ішінен «менің әндерім мен өлеңдерімді айтар ма екен, айтпас па екен? Айтса, қалай айтар екен?» деп ойлады да, Кененнің әндеріне құлақ тікті...

Жетісу ақындарының бір әдеті,— жиын-тойда кезіккен тыңдаушыларына әуелі өлеңмен амандасып алатын, Кенен де соны істеп, қоңыр дауыспен амандық-саулық айтқанда, Балуанға үні ұнағанмен, өлеңі көңілін қозғарлық әсер бере алған жоқ.

Кенен әнге шырқай бастағанда, Балуан оның кескініне қадала қарап, қатты да қалды Ана жылы балалық лебі есетін жіңішке даусы енді қалыңдап және тым биіктеп кеткен екен. Балуан Дулатта Сарыбас дейтін ақынды көріп еді, ол әнін айғайлап бастап, оң жақ құлағын қолымен бұрап-бұрап жіберетін. Кенен де сөйтеді екен. Бірақ, бұл Сарыбастай қылғына айғайламайды, еркін шырқайды, сонда мұлтіксіз қоңыр даусы жер-көкті жаңғырықтырып, кең

даланы тұндырып жіберді. Балуанның бағалауынша мұндай дауыс, ол естіп жүрген үндерде, Біржан салдан басқаға біткен емес!.. «Міне, қайда, әдемі, кең және биік дауыс!» деп сүйсініп қояды Балуан ішінен. Бірақ, жиынға сыр бергісі келмеген қалпын өзгертпей, орнында тастай қатқан түрінен қозғалмайды, ың етіп дыбыс бермейді...

Кененнің әндерін сүйсіне тыңдағанда Балуанның байқағаны — ажырасқан аз жылда жас әнші бірталай ән шығарып тастапты. Бұл әндер арғымақ пен қарабайырдан туған құлын сияқтанып, кей жерінде Арқаның екпінді биік әніне де, кей жерінде Жетісудың келтелеу шұбалаңқы әніне де ұқсап кетеді екен.

Кененнің өз әндеріне біраз сусындап мейірі қанғандай болған қалың көпшіліктің арасынан:

— Балуанның әнін, Балуанның!— деген дыбыстар шықты.

— Қайдағы Балуанның?— деп сұрағандарға:

— Балуан Шолақтың жер-көкті күңіренткен әндерін естімей, құлағың керең болған біреу ме ең, немесе, үйіңнен шықпайтын біреу ме ең?— деп қасындағылар ұрсып тастады.

— Иә, Балуанның әнін, Балуанның!— деген дауыс көбейіп кетті.

— Болсын!— деді Кенен қолын көтеріп, шуды басқысы келгендей қалың дауыспен.

Шу тын бола қалды.

— Ал, халық!— деді Кенен,— өлеңнің де, әннің де мінезі мен қылығы шығарған иесіне тартатынын жақсы білесіңдер. Балуан асау мінезді, өр қылықты адам. Оның әндері мен өлеңдері де өзіне ұқсас асқақты, екпінді келеді. Мен жұмсақ мінезді, жуас қылықты адаммын. Балуанның әндері мен өлеңдерін өзінен ауызба-ауыз үйреніп қалғаным рас. Бірақ мен, ол шығарған әндер мен өлеңдердің ырғағын келтіргенмен, екпінін келтіре алмаймын. Балуанның әндерін естігендерің де, естімегендерің де болар. Естімегендеріңе оқасы жоқ. Ал, естігендеріңе «Балуан» дегенің, оның киімін киген «Кенен» боп шықса сөге көрмеңдер!..

— Оны тыңдай көрейік,— десті жұрт.

Балуанның әнін естуге құмартқандар, Кененнің аузына төне қалды. Бойы дірілдеп, Балуанның өзі де төнді...

— Мен Балуанның он екі әнін айтам,— деді Кенен домбырасын күйлеп алғаннан кейін.

— Ал, тыңдадық!— деп гу еткен дауыс тез тына қалды.

Кенен әуелі, Балуанның бозбала шағында қыз-келіншекке шығарған «Ыңғай көк», «Діңкілдек», «Сегіз келін» сияқты жас жігіттің жан гүліндей жайнаған әдемі әндерін өте нақыштандырып айтып берді. Бір кезде бұл әндерді өзі де осылай айтатын Балуан, албырт жастықтың адуынды мінезімен егде тартқан шағында ұялғандай, басын төмен түсіріп, бүгежектей тыңдады. «Діңкілдек» тің аяғындағы:

«Жастайымнан атандым «Шолақ дәу» деп,
Бұл дүниені кім ойлар шолақ-ау деп,
Мал-мүлік пен байлықты тәрк етпеймін,
«Ақыр бір күн артымда қалады-ау» деп,—

деген сөздерін айтқанда, Балуан қасындағыларға сездірмей күрсініп қойды. «Қос барабан» деген әні, әсіресе, ол әннің:

Көкшетауым,
Күнде жауын,
Сексен көл айдын шалқар,
Қайран ауылым!—

деген қайырмасы айтылғанда, Балуан қаттырақ күрсініп қап, маңындағыларға дыбысын естіртіп алды. Ол қасындағылардың:

— Не болды, сонша ауыр күрсініп?— деген сұрауына жауап берген жоқ...

Жетісуға келе, алыста қалып аңсаған Ғалиясына арнап, «Сұрша қыз» деген ән шығарған еді. Кенен сол әнді де шырқап, қайырмасындағы:

«Сөйтіп жүрген сұрша қыз,
Көкшетауда қалдың-ау,
Ау-өй сұрша қыз,
Енді есен бол-әй!»

деген сөздерді айтқанда, Балуанның көзінен жас ыршып кетті. Егер, Кенен, бұл әннен кейін, Балуанның қайратжігеріне арналған «Құлан кісінес» аталатын екпінді әнін, одан кейін «Қос перне» аталатын соған ағайындас әнін елірте айтып жібермесе, Балуан қасындағыларға жылауын да сездіріп алар еді. Айғырдың арқырауы сияқты «Құлан кісінес» пен домбыраның екі шегін бірдей сөйлетіп, әуелі қоңыр басталғанмен, арты шырқап биікке шығатын, тынысы мол, ырғағы көп «Қос перне» айтылғанда, батырлық қалпына келгендей, Балуан сергіп кетті. Соңғы әннің:

«Өз атым әкем қойған Нұрмағамбет,
Халқымнан көріп жүрмін қадыр-құрмет.
Бас қосқан оязнайдың съезінде,
Көтердім кірдің тасын елу бір пұт!»

деген сөздері айтылғанда, «пау, шіркін!» деп көтермелегендерге дауысын қалай қосқанын Балуан аңғармай да қалды.

«Желдірме» аталатын желіге айтылатын термелі әнге тіпті желіге бастаған Балуанның көңілі, «Жай қоңыр» аталатын баяу ырғақты әнінің:

Салайын «Жай қоңырға» жәйіменен,
Барады өтіп өмір айы менен,—

деген сөздері басталғанда, тағы да бәсеңси қалды. Өмірінің өтіп бара жатқаны есіне түсті оның. Осы ойын қалыңдата түскісі келгендей, Кенен Балуанның өмір жолы туралы шығарған «Өтетін өмір» атты термесін төпеп кетті:

Бір жасқа жеткенімше құндақтайсың,
Екіде тек, былдырлап тіл қатпайсың.
Бес жаста безіп үйден, тал ат мініп,
Он жаста, жарда ойнаған ылақтайсың.
Келгенде жиырмаға сазда өсетін,
Балауса бейне балғын құрақтайсың
Отызда ор қояндай аспанға атып,
Қырқыңда мүшеленген құр аттайсың!
Елуде ақыл-ойың тегіс толып,
Төскейден сарқыраған бұлақтайсың,
Алпыста бар асылың түгел жайнап,
Маңыңа сәуле шашқан шырақтайсың,
Жетпісте тұра берсең жер таянып,
Жарыңнан құдай қосқан жырақтайсың.
Сексенде буындарың діріл қағып,
Болдырған арық аттай бұрақтайсың,
Тоқсанда өлсең де өлдің, өлмесең де,
Сұм дүние енді кімге тұрақтайсың?..

Бұл сөздеріне тағы да тұнжырай қалған Балуанның құлағына, кейінгі кезде шығарған «Кенже қоңыр» деген әні естілді:

Бір аты әндерімнің «Кенже қоңыр»,
Тең болмас арғымақ пен қара шобыр.
Армансыз Үйсін, Дулат араладым,
Көп жатып бір ауылды етпей ығыр,
Әнімнің әркім құмар мұқамына,
Кей жігіт қарап отыр тұтамына.
Сайраған Сарыарқаның бүлбұлы едім,
Жетісу қонақтадым бұтағына...

— Осымен Балуан Шолақтың он екі әні бітіп те қалды білем,— деді Кенен жұртқа қарап.

— Он бір-ақ!— деді санап отырған біреу.

— Қайсысын қалдырып кеттім екен, сонда?— деді Кенен.

— Кәне, аттарын аташы, санайық!— деп көпшілік пен Кенен айтылған әндерді санай бастағанда, Балуан отырған биігінен төменге сырғып түсті де, шылбырынан сексеуілге байлап қаңтарған атына қарай кетті.

«Несіне отырам,— деген ой келді оған,— менің ойымдағы сырдың бәрін де Кенен халыққа айтып берді. Енді несіне көрінем ол халыққа?.. Босқа шулату үшін бе?.. Кімге қажет ол шу?.. Қой, онан да осы белгісіз бетіммен кете берейін!»

Ол аттанып жүре бергенде, манағы жоғалтқан әнін тауып алған Кененнің биік даусы аспанға көтеріле берді. Балуанға таныс ән — өз әні!

Балуан ұзаған сайын, ән биіктей берді. Жетісуда қалып бара жатқан Кенен, оған өз бейнесі сияқтанып кетті. Қайтып оралмаймын деп бара жатқан елде, әрдайым, өз көзіндей көретін мұрагері қалуы оның қуанышын теңіздей тасқындатты. Кеудесіне симаған бұл тасқын, Балуанның көзінен жас боп сорғалады...

33. ТАУДЫҢ ТАҒЫСЫ

Балуан Шолақ еліне белгісіз қайтам дегенмен, ол «келе жатыр дейді»— деген хабар, алдынан айшылық жерді орап отырды. Хабар әртүрлі естілді:

— «Іздеп барған ағайыны — Үйсін Балуанды басына хан көтеріп қарсы алыпты дейді. Елі бай екен дейді. Он мыңдаған қой, мыңдаған түйе иттің құлы итақайда өреді екен дейді. Балуанның өз тұқымдары да өте кеткен бай боп шығыпты. Олар Балуанға екі ақ үй тігіп беріпті, екі қатын әперіпті. Балуан Шолақ осы күні ен байлықтың үстінде қаздай қалқып, үйректей жүзеді дейді, малында есеп жоқ дейді. Қырық қатын сауыншысы, қырық жігіт бақташысы бар дейді. Үйіне күнде келген қонақ ас пен тойға жиналғаннан кем емес дейді, ошағының басы қан сасып, ту қойлар мен ту биелер есепсіз сойылып жатады дейді. Балуанның өзі тентектігін қойып, сол елдің үлгі айтатын биінің бірі боптыдейді, аузы дуалы, айтқанын халқы екі қыл-

майды дейді, әке-шешесін, қатып-баласын Жетісуға алып кетуге келе жатыр дейді...»

— «Бұл жақтағы күші күш пе!— деп соқты бір хабар,— онда барған соң, адамның арыстаны боп кетсе керек. Ағаш үйлерді қолшатырдай көтергенін көрген кісі бар. Ол жақтың ұлықтары осы күшінен қорқып, шашетектен алтын сыйлап, қазынадан тамаша сарай салдырып, патшадай ғып күтіп тұр дейді».

— «Ол сөз өтірік дейді,— деді тағы бір хабар,— бұл жақтың ұлықтары Балуанды Жетісуға айламен жіберген екен. Онда барған соң-ақ Жетісудың ұлықтары ұстап ап, темірден соққан үйге қамапты дейді...»

— «Қамалғаны рас екен,— деп тарады бір хабар,— сонда бір досы, айласын тауып, темірді нандай турайтын алмас пышақ жеткізіп беріпті де, Балуан темір үйді тесіп қашып кетіпті. Көкшетауға қайтып келе жатқан себебі — ол жаққа да сыйыса алмауы болса керек...»

— «Бұл жақтан кеткен соң қойдан қоңыр, қозыдан жуас болуы рас дейді,— десті біреулер,— жолда аты өліп, өзі жүдеп барған соң, Жетісуда ешкім елемей, ит қорлықта жүріп, елге жаяулап жалғыз келе жатыр дейді, өзі аппақ құдай шал болған дейді».

Осылар сияқты толған өсек, Балуанның алдынан желдей есіп жатты. Оның көбін Ғалия да, Балқаш та естіді. Бұл кезде Қалампыр мен Баймырза қайтыс болған. Қалампыр Балуанның Жетісуға кетуіне көмекші болғанмен, сүйікті ұлы аттанғаннан кейін ауыр ойда құса боп өлді, Баймырза аурудан өлді. Балқашты әркімдер: «Ол саған енді жоқ, байға ти» деп азғырды. Балуан Жетісуға кетерден бұрын жүкті болған одан ұл туып, атын Тәукен қойған. Балқаш Бәтен мен Тәукенді бағып, қайнағасы Төлеубайдың үйінде тұра берген.

«Балуан Шолақ қайтып келе жатыр дейді» деген хабарды естігенде Ғалия не істеуді білмей сасып қалды. Бір жағынан оны кеудесіне сыймаған қуаныш састырды. Балуанның Жетісуға кетуіне көмекші болғанмен, ол аттана сала төсегіне шөке-түсе жатып ағыл-тегіл жылаған Ғалия, сол қалпынан қозғалмай айға жақын жатқанда, сүзек болған адамдай арсаланып қалған. Дос-жарандарының кейбірі оған «сен осындай жасық па едің?» деп ұрсып, біреулері «жамандық шақырып бұ не қылғаның?» деп қорқытып, енді біреулері,— «қорқыныштың ыстық-суығы басылған соң қайтып келеді; сарғая күткен әрбір күндерің жылдай

болса, ертең аман-сау қайтып келсе, бірнеше жыл дегенің бір күндей де болмайды» деп үміттендіріп, ақыры, көптің талқысы, оның басын төсектен көтерткен. Төсектен тұрғанда ауру бас, біртіндей жазыла кеп, күн алыстаған сайын, жыл алыстаған сайын сауығып, біраз жылдардан кейін, Балуан оған алыстағы арман ғана сияқтанып, кейбір күндерде оны жүрегі сыздай еске түсіргенмен, кейбір күндері ұмыт та болып кеткен...

Міне, енді сол Балуан көп жылдардың ұзақ сапарынан келе жатыр. Бұл хабар Ғалияның сөнгендей болған махаббат отын қайта тұтатты. Оның жүрегі қайтадан жалындай бастады.

«Бірақ,— деген ой ғана бәсеңдетті бұл лапылдаған жалынды,— мен бұлай жалындағанмен, оның жалындап келе жатқанын қайдан білем?.. «Ер азығы мен бөрі азығы жолда» дегендей, жан азығын жолынан тауып әкеле жатпауына кім кепіл?..»

Елде тараған бір хабарға қарағанда, Балуанның Жетісудан іздеп барған туыстары алдына мал салып, үстіне үй тігіп, қойнына жар салып қайтарған... Бір өсектерге қарағанда, «оның қатыны біреу емес, бірнешеу... және... бәрі де сұлу...»

Бұл хабарларды естігенде, Ғалияның әйелдік мінезі де ұстап қап, қызғаныш оты да қоза кетеді... Балуанға өшіге де қалады... бірақ, ол қызуы тез қайтып, қалтқысыз сүйетін қалпына оралады да, тағы да аңсай, тағы да сағына бастайды... Бұндай сезімге түскен сәттерінде, «қашан келсе де, қалай келсе де, тек аман келсе екен!.. Көзіме тірі көрінсе екен!.. Сонда мен оған бәрін де кешер едім, қайда тұрсаң да, кіммен тұрсаң да еркің, тек тірі бол!» дер едім!..

Енді, Балуанның тірі келе жатқанын естіген Ғалия, бұл хабарға қуана отыра, қандай жайда келе жатқанын білмей бір сасса, екінші сасуы — қала әкімдерінің сөздеріне құлақ түрсе, аңшылардың «қанды басың бері тарт!» деуіндей, Балуан баяғы қылығын қоймай келсе, ұстап ап қамап қоюға, қолдарына түкіріп отыр... «Бұл құрылған қақпанға Балуанды шақырушы менмін» деп ойлаған Ғалия, не істеуге білмей сасады. «Алдынан шығып, келме деп хабар берем бе?» деп бір ойлайды ол. «Хабар бергеніммен, басқа жаққа кете ме ол?.. Кетсе қайда кетеді?..» деп тағы ойлайды... «Аяғына оралғы бола бергеннен, біржола жоқ болсам қайтеді?» деп те ойлайды ол...

Ғалия осынша ойдың шытырманына кіріп шатасып

жүргенде, Балуан келіп қалды. Ғалияны ол үстінен қапыда басты. Әнеугі бір шақта, келе жатқан Балуанды жақындатып қойған жұрт, жуық арадан бері алыстатып, «әлі әртінде дейді» деп Ғалияның лепірген шыдамын басып тастаған еді. Енді біреулер:— «неге тым-тырыс бола қалды, хабары естілмейді?!.. Не сырқаттанып қап, не біреу қастық қып... дегендей пәле-жаладан аман болғай да бейшара!» деп Ғалияның көңіліне қобалжу түсірді. Осындай толқымалы сөздердің ішінде Ғалияға ең тиянақты көрінгені,— «аман-сау болса, Балуан, әрине, томаға-тұйық келіп қалмайды; оның келе жатқан хабары, ең кеміне, күндік жер алдын орай жүреді...»

Осы сөзге сенген Ғалия, сағынып күткен жолаушысынан анық хабар келе қоймаған соң, әрі «алыста жүрген болар» деген үмітпен, әрі «не болды екен?!» деген хауіппен, ешбір әзірліксіз бейқам отырғанда, Балуан келді де қалды!..

Және ол қызық түрде келді. «Бүгін келеді» деген ой өңі түгіл түсінде де жоқ ол, үйін де жинастырмай, өзі де түзелмей, Балуан кеткеннен бергі жобалғы киім, жобалғы пішінмен, іңірде үй шаруасын атқарып жүр еді, сыртта қақпа сықырлады.

— Қақпадан біреу кірді ғой!..— деді ол қолбала ғып жұмсап жүрген он үштегі жас қызға,— шықшы далаға!.. Білші кім екенін!.. Танымайтын біреу болса, «қондыруға уақытымыз жоқ» де!..

Қыз шықса, жобалғы киімді әлдекім салт аттан түсіп жатыр екен. Кім екенін білгісі келген қыз, сыпайылық сақтап тұр еді, жолаушы атын байлады да, қызға кеп:

— Аманбысын, балам?— деді. Қыз әдеп сақтап үндемеді.

— Осы ма, Ғалияның үйі?— деді жолаушы.

— Осы,— деді қыз.

— Үйдеме, өзі?

— Үйде!— деді қыз, ішінен «апамды біліп тұрған бұл кім өзі?!» деп ойлап, бірақ, кім екенін сұрауға қымсынып.

— Әкесі бар ма, үйінде?

Қыздың жүрегі бұл сұраудан зырқ ете қалды. «Балуан» деген адам барын, оның не қылған адам екенін, Ғалияға не қатнасы барын, сол «Балуанның» келе жатқан хабарын, ол хабарға Ғалияның қалай қарап жүргенін қыздың құлағы шалған.

«Сол адам осы болмағай да,— деген ой кеп кетті қыз-

ға,— әйтпесе, алдақашан өлген атамды үйде ме деп неге сұрайды?!..»

Осы ойдан сасып қалған қыздың аузына сөз түспей тұрғанда, жолаушы үйге қарай жөнеле берді. Оған ере жүрген қыз, танымайтын адам болған соң, Ғалия тапсырған «қондыруға уақытымыз жоқ» деген сөзді айтуға бірнеше рет оқтанып еді, дірілдеген жүрегі аузына сөз түсірмей қойды...

Балуан қыздың алдын ала үйге кірсе, кішірек кәрәсін шамы жанған ауыз бөлмеде, Ғалия бүкшеңдеп сәкі сыпырып жүр екен. Кіріп келген адамның жобалғы киіміне қарап, «көп жолаушының бірі болар» деп жорыған Ғалия, қондырғысы келмеуін қылығынан көрсетпек боп, амандық-сыз-саулықсыз, жолаушының кескініне қарамастан, сәкісін сыпырған қалпымен күйбеңдей берді.

Балуан оның бұл қылығын әуеле танымауына бір жорып тұрды да, аздан кейін «осы мені әдейі танымай тұрған жоқ па?» деген ой түсіп кетіп, өкпелеудің жетегімен шыға жөнелуге ниеті кетіп барып, денесіне әрең дегенде ие болды. Өйтетін себебі,— Ақмолаға жақындаған шақта, құлағын «Ғалия Балуанды ұмытқан, басқа бір елеусіз күйекасты күйеу тауып, сонымен жүріп жатқан жайы болса керек» деген сөз естіген. «Мына қылығына қарағанда, сол сөз рас болмағай да» деген ой да кеп кетті Балуанға.

Есіктен кіріп, босағада үн-түнсіз тұра қалған зор денелі, жұпыны киімді, сақалды еркек, Ғалияның көңілін тез бөлді де, «не қылған жолаушы бұның өзі, амандығы-саулығы жоқ?!.. Неге үндемей тұр өзі?!.. Мылқау біреу емес пе?» деп ойлаған Ғалия, кім де болса тіл қатқысы кеп:

— Жолыңыз болсын!— деді еңкейген бойын жазып.

— Әлей болсын!— деді Балуан дауысын әдейі өзгерте сөйлеп...

— Неге тұрсыз, босағада?

— Рұқсатсыз ілгері баса алмай тұрғаным да...

Осы бір үн Балуанның даусына ұқсап кеткен сияқты болған соң, Ғалия серпілген сезіммен денесіне қарай қап еді,— Балуандікі сияқты!..

Жүрегі дір ете қалған Ғалия, қалтыраңқыраған дауыспен:

— Жоғарылаңыз!— деді төргі бөлменің есігін қолымен нұсқап.

Ғалияның мұншама жобалғы жүруінен, жұрттың ол ту-

ралы өсегі бекер екен деп жорыған Балуанның бұрынғы мейірімі түсіп кетті де, өзіне өзі ие бола алмай:

— Ғалия!— деп құшақ жая айғайлап қалды.

Балуанның дауысын сонда ғана таныған Ғалия, не істеуге білмегендей, көзі шарасынан шыға, кескіні боп-боз боп, қаны ішіне құйыла, шегіне берді де, талықсып құлап кетті...

Екі ғашықтың жан сыры сол түні түгел ақтарылып болды. Олар бұл жолы ер мен әйел болып емес, адам мен адам боп, сезімі билеген жас боп емес, санасы билеген мосқал боп сырласты. Сонда келген қорытындылары: екеуі өмірлік шын дос боп қалады, бірақ, бастарына туған күнмен есептесіп, бірігіп бір жерде тұрмайды, Балуан Көкшетаудағы бала-шағасының қасына барады да, ендігі өмірін, соларды бағып-қағып өсіруге жұмсайды... Ғалия осы үйінде тұра береді де, аса сағынған күндерінде жүз көрісіп, біріне бірі барып қайтады... ендігі қалған өмірде, осы тиыштықтары бұзылмаса, екеуі де одан артық бақытты тілемейді...

Бұл шарттарды Балуанға айтқан да Ғалия, тілін алдырған да Ғалия. Балуанның бұл шарттарға көнбей бұлтақтағысы келгенмен, Ғалияның жан сырынан көзіне көрсете тоқыған дәлел — торы бүлк еткізбеді, Балуан жүрегі сыздай отыра көнді.

Ертеңіне Балуан Көкшетаудағы үйіне жүріп кетті. Оның Ақмолаға келуі мен кетуін Ғалия мен кішкене қыздан басқа ешкім білген жоқ. Қызға Ғалия «Балуанның келіп кеткенін жан адамға аузыңнан шығарма» деген тыйым салды.

Балуанның елінде де елеусіз жүре берем деген ойы орындалған жоқ. «Ол аулына келіпті» деген хабар, аттан түсе дүңк ете қалды да, шалқып ескен желдей жан-жағына тарады да кетті. Балуан аулының тағы да тобыр болуын іштей тілемегенмен, сағынған ел-жұрт күні-түні ат ізін суытпай басып кетті. Балуан үйінің шаруашылық күйі әлсіз екенін білетін олар, «көп жылдан бері жемеген сыбағаң» деп қара-құраларын жетектей, азық-түліктерін арбаларына тией келді... Солардың бәріне Балуанның айтары:

— Рахмет, ағайын, сый-құрметтеріңе. Ендігі тілегім,— оттың басында, ошақтың қасында тиыштық өмір өткізу...

Бірақ, Балуан бұл уәдесіне жете алмады. Бұрын ойғақырға жүріп қалған көңіл оны үйіне тоқыратпай, ат арқасына қарай жетектей берді. Бұған барғысы келмей тартыншақтайын деген Балуанның мазасын, ауылда тағы бір нәр-

се ала бастады: бірінші дүниежүзілік соғыстың басталғанын Балуан Жетісуда естіген еді, енді, еліне келсе, соғыс шығыны елді албастыдай басып тынысын тарылтып тұр екен. Сонда, шығынның ауыртпалығы байларда емес, кедейлерде. Осыған шыдай алмаған кедейлер Балуанға кеп, біресе «мына пәледен қалай құтыламыз» деп, біресе «бұл нәледен құтқар!» деп маза бермейтін болды.

Үйінде отырғанда тыныштығы осылай кете бастаған Балуан, қолынан келер дәрмен жоғын көрді де, көптен көз таса болу үшін, аңшылықпен шұғылданды. Дос адамның алғыр қаршығасын қалап алған ол, ұйқыдан басқа уақыттарының бәрін тау ішінде, маңында ел жоқ көлдер мен өзендердің арасында өткізді.. Сөйтіп ол, таудың тағысы боп кетті...

34. ЖАСЫРЫН ҚАСТЫҚ

Көкшетау уезінің соңғы кездегі уездной начальнигін сол уездегі қазақ елі: «Дәуқара» дейтін еді. Ол: түрегелгенде төбесіне орта бойлы кісінің қолы әрең жететін, қарнына бір қапшық ұн байлағандай шермиген, желке мен иыққа ерекше біткен шүйделі қалың май тұтасып кетіп, арқасынан қарағанда шоқтығы төңкерген қазанға ұқсаған, артынан қараса бүкір сияқты, алдынан қараса шалқақ сияқты, білектеріне өскен кесек май жыртық жеңдей салбырап түсіп кеткен, семіз саусақтарының буындары бунақталып, әр буыны бір жұмыртқа сияқтанып томпайған, ескірген табақтай дөңгелек семіз бетінде, іннен жылтыңдаған қаптесер сияқты шүңірек кішкене қара көзі ойнақшыған, шошқаның тұмсығындай мұрны қайқиған, үңірейген кең танауының қылтандары сыртқа шығып, кірпінің тікенегіндей ербиген, көзінен басқа бетін тұтас жапқан қалың қара бұйра сақалын еркін өсірмей, елтірінің бұйрасынан аз-ақ ұзын қып қайшымен қырықтырып жүретін, қылшығы жылқының ту құйрығындай қалың қара мұрты иегінен салбырап, омырауына түсетін, дем алғанда беті тыржиып бар денесі қозғалатын, күлкісі ақырған сияқты көрінетін, адамзаттың бір жануары еді.

«Дәуқара елге шығыпты» деген сөз, халыққа «өрт қаптап келеді» дегеннен жаман әсер ететін. Бір жаққа жолаушылап шықса оның алдында қос атты шапқын жүреді. Түсетін үй күн бұрын даярланады. Жолында не мал, не адам тұрмау керек. Өзі әрі қомағай, әрі мешкей — бір қойдың етін бір өзі меңгеріп тастайды. Қай ауылға түсетін болса

да қой сойылып, жеуге даяр боп асулы тұрады. Түскен үйінің асы әзір болмаса, «елемедің» деп үй иесін почтовойына сабатады. Кімді сабаса да, мұрнынан қанын ағызып, тепкілеп талдырмай тоқтамайды.

Қылмыссыз адамнан қылмыс табу оған дәнеңе емес. Ең күнәсіз деген адамды ол «жеккен атың жаман, асқан дәмің жаман» деп айыптайды. Сондағы көздейтіні — қорқытып пара алу.

Жабайы халық былай тұрсын, ол ауылдың әкімдері — болыс, старшындарға да өте қатаң. Ол Көкшетауға ояз боп келгелі «ақ түрменің» ішіне кіріп шықпаған болыс, старшын аз.

1916 жылдың ала-сапыраңы басталар алдында Дәуқара шапқын жіберіп Көкшетау уезіндегі барлық қазақ болыстарын шақыртты. Неге шақыртқанын білмеген болыстарда зәре-құт қалған жоқ.

«Патшадан келген жарлық болғаны ғой,— деп қорықты барлық болыс та,— әйтпесе, бәріміздің тұтас шақырмаса керек еді!..

Кім біледі,— деген үрейлі сөздерді айтты кейбір болыстар,— соғыстың қатты жүріп жатқаны мынау!.. Заман тарыншылық боп кетті... Өкіметтің тапсырмасын түгел орындап отырған жоқпыз. Әлде соған ашуланып шақырып, жауып қоймаса, соттап жібермесе не қылсын!..»

Осы қорқынышпен олардың көбі үйлерінен аттанарда қатын-баласына, туысқандарына бақұлдасып жылап кетті.

Бұйрық,— Дәуқараның өз үйіне келу еді. Көкшетаудың орталығындағы алапта, бақшаға қарсы тұратын Дәуқараның ақ тас үйінен болыстар жыланның қордасынан жаман қорықты, бірақ, амал жоқ, қорқыныш кеуделеріне алдынан найзадай қадалса да, сыздаған жүрекпен аттарын амалсыз қақпа алдына байлап, Дәуқараның үйіне кірді.

Күтпеген жерде Дәуқараның болыстарды жылы жүзбен қарсы алуы, оларға қап-қараңғы түнде жарық күн шыққандай әсер берді. Бұрынғы Дәуқара емес: сыпайы, әдепті: «сіз, бізбен» сөйлеседі!.. Бұрын кеңседе ғана жолығып, өз үйінің маңайынан да жүргізбейтін ол, мына жолы үлкен ақ тас үйдің кең екі бөлмесін болыстарға босатып. ішіне қазақша кілем, көрпе төсеп, шынтақтарына жастық қойған!..

«Тамаша!— десті болыстар жасаулы бөлмеге кіріп орныққан соң,— неғып мұның ықыласы түсіп, құдайы иіп қалды, ә?!.. Ғажап!..»

Қазақ әдетін білетін Дәуқара болыстарды шаймен де, етпен де тойғыза сыйлады. Күтуде кемшілік болмасын дегендей, болыстар тамақ ішіп отырған кезде, бөлмеге өзі де кіріп: «алыңыздар, ішіңіздер, қош келдіңіздер, құрметті қонақтар!» деп жалпаңдады.

Қазақтың болыстары жиырмадан аса кісі еді. Оған қоса орыстың біраз болыстары мен атамандарын шақырған екен.

Бәріне құрметті бірдей көрсеткен Дәуқара, іңірде қонақтарын кең кабинетіне жинап ап кеңесті:

— Россияның басына ауыр күн туды,— деді ол,— міне, екі жыл, біз ата жауымыз — Германиямен соғысып жатырмыз. Бұл соғыста біз жеңеміз. Бірақ Германия тез жеңдіре қоятын жау емес. Оны жеңуге көп күш керек. Орыс халқы бар күшін жұмсап, малын да, жанын да аяп жатқан жоқ. Осындай қиын жағдайда Россияға бағынған бұратана елдер де, мәселен,— қазақтар да жәрдем беріп жатыр. Егер олар осы жәрдемін азайту орнына көбейте берсе, ертең соғыс біткен соң, ұлы мархабатты патша ағзам — Николай Александрович Романов оларға да рахымшылық көрсетеді. Қазақ халқы бүгінге шейін малмен ғана жәрдем беріп келеді, адаммен жәрдем берген жоқ. Патша ағзам қазақ халқынан енді жігіт сұрамақ. Қазақ жігіттері соғысқа бармайды, соғыстың маңайында қара жұмыс істейді. Әрине, бұрын солдат беріп көрмеген ел, бұған тез көнбеуі мүмкін, жанжал жасауы мүмкін. Осыны ойлап, алдын ала даярлық жасау үшін, халыққа беделі бар болыстар — сіздерді шақырып отырмын, қалай істесе халықты жанжалсыз көндіруге болатындығын ақылдасуға шақырдым. Жәрдемге шақырдым. Сіздерді үкіметке сенімді кісі деп шақырдым...

Дәуқара ұзақ сөйледі. Оның сөзін, уездің кеңсесінде переводчик болып істейтін қазақ жігіті дәлме-дәл аударды.

— Айтқаныңыз орындалады, тақсыр,— десті болыстар,— халықты көндіреміз. Қанша жігіт болса да береміз!

Қазақтан солдат алу жұмысы болыстар ойлағандай жеңіл емесін айта кеп, Дәуқара, егер жанжал бола қалса, оны тез басудың даярлық жайларын айтты:

— Егер, қазақ елі бұл бұйрыққа қарсы шықса, басқаратын кімдер бар?— деп сұрады ол болыстардан.

Әр болыс өз елінің хауіпті деген адамдарын атады. Тоқсамбайдың Сыздығы сол кезде Қотыркөл болысының управителі еді, ол Балуан Шолақты атады.

Сыздықтың сөзіне Дәуқараның құлағы елеңдей қалды.

— Рас, ол хауіпті адам!.. Ел көтерілсе бастайтын адамның бірі сол болуында сөз жоқ, ендеше, одан құтылу керек,— деді Дәуқара.

— Оны тірідей ұстау қиын,— деді Сыздық.

— ...Сонда?..

— Қапысын тауып аттыру!..

Бұл ақыл Дәуқараға қона қалды. Бірақ, ол« Балуанға хабарландырып қояр» деп қазақ болыстарына сенбей:

— Аттыру жарамас,— деген болды арам ойын жасырып,— қолға тірідей алу керек, о да адам баласы, мүмкін сөзге көндірерміз. Көнбесе басқа шарасын істерміз.

«Осы хауіпті-ау» деген елдің адамдарын Дәуқараға ұстап бермек боп, солдат алу туралы хабарды ерекше бұйрық берілгенше ешкімге айтпауға ант беріп, болыстар елді-еліне тарады.

Еліне қайтуға даярланып, өзінің пәтеріне кеткен Сыздықты, Қайрақты қаласының старостасы — Егор Пропадконы Дәуқара іңірде үйіне шақырып ап, оңаша кеңесті.

— «Балуан Шолақты аттыру керек» деген сөзің дұрыс,— деді ол Сыздыққа,— бірақ, бұны үшеуміздеп басқа жан сезбесін. Кім айтқанын ел білмейтін болсын. Егер білсе үкіметке ең зор пәле сол болады. Қазақ халқының Балуанды жақсы көретінін үкімет біледі. Егер оны өлтірген адамды қазақ халқы сезсе, кегін қайтарып, үкіметтің талай адамын өлтіреді. Ал, егер, солдат алу туралы патшаның жарлығы шықпай тұрып Балуан Шолақты өлтірмесек, елді үкіметке қарсы көтеруінде, бастауында сөз жоқ. Өзі осы күні де: патшаны жоймай елге жақсылық жоқ», деп ел арасына үгіт таратады дейді.

Дәуқараның, Егордың, Сыздықтың ақылдаса кеп тоқтаған тиянағы: қаршыға сап, саятта жүрген шағында Балуан Шолақты аттыру.

Бұл қылмысты ұйымдастыру, Сыздық пен Егорға жүктеледі.

35. БАҒЫ ҰШҚАН БАЛУАН

Дәуқара мен болыстар қанша жасырам дегенмен, «ел құлағы елу» дегендей, патша үкіметінің қазақтан солдат алатыны халық арасына тез тарай қалды.

Бұл хабар жанын түршіктірген елдің көбірек ақылдасқан адамы — Балуан Шолақ.

— Ал, батыр!— деді оған ақылдасқандар,— солдат алады деген хабарды естіп отырсын. Елдің болысы, биі, байы күн бұрын айла тауып, балаларын солдаттан алып қап, ылғи кедейдің жігітін бергісі келетінін де сезесін. Біз не істейміз? Баяғыда «патшаны құртпай — жақсылық жоқ»,— дейтін ең, оның не сөз еді?

«Бөрі арығын білгізбес, сыртқа жүнін қампайтар» дегендей, көлденең жұртқа жуасыған, аңшылықпен ғана алданған сияқты көрінгенмен, Балуан Шолақтың жүрегінде қайнаған кек көкірегіне симайтын еді. «Күш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқ, қоян-қолтық ұстасып өлсеңдағы арман жоқ, деп көнетін еді. «Осы қорлықта іштен сыздап өлгенім ғой» деп өкінетін еді, «шіркін ел бір көтеріліп, тізгінін маған берсе!»— деп арман ететін еді.

«Құланның қасынуына, мылтықтың басуы дөп келді» дегендей, он алтыншы жылдың хабары оның осы ойына дәл келе қалды.

Балуан Шолақ ақылдасқан елге жауабын ойланбай берді:

— Лақ та өлерінде бақырып, тұяқ серпеді,— деді ол,— аянғанмен жан қалатын емес, бәрібір өлім, көтерілеміз! Арпалысамыз. Не жеңеміз, не өлеміз!.. Екінің бірі!.. Содан басқа жол қалған жоқ.

— Дұрыс!— десті жұрт.

— Бірақ бұған ақыл керек. Мұндай зор іске алды-артымызды шамаламай сұғынуға болмас. Ана жылы Ұлы жүз бен Орта жүзді тегіс араладым. Сонда патшаны ұнататын ел жоқ та, бәрі де іштен сыздап амалсыз отырған. Егер, көтеріле қалсақ, Үш жүз боп тұтас көтерілейік дескенбіз. Елдің ішінде бықсып жанып жатқан намыс өртін мына оқиға үрлеп даулатуында күмәнім жоқ. Қазақтың кең даласы тұтас өртенсе, оны сөндіру патшаға оңай бола қоймас; білетіндер осы патшаны соғыстан қалжырады деп жүр. Тәуекелге бел байлап ұстасып көрейік, мүмкін жығармыз. Бірақ, қазақ атанған ел боп тұтас қимылдайық! Ол үшін, жан-жаққа шапқын жіберіп хабар алайық.

— Дұрыс!..

Жан-жаққа астыртын хабар тарап жатты. «Көтерілеміз, білегімізді біріктіреміз» деген хабарлар келіп жатты...

«Қазақ түгіл: қырғыз, қарақалпақ, өзбек, түркпен сияқты елдер де көтерілгелі жатыр» деген хабар естілді.

— «Осы патшаға орыстың өзі де қарсы екен, жұмыс-

керлері мен кедейлері бұл патшаның бізге керегі жоқ деп жанжал жасап жатыр» деген хабар да келді...

Ел күшін осылайша жинап жатқан күндердің біреуінде, көңілді Балуан Шолақ қаршығасы ілген құстарды қоржынына толтыра тиеп, күн төбеден құлай үйіне қайтты. Астына мінген аты Ақбоздай болмағанмен, сол маңайдағы жақсы аттың біреуі еді, өзі желгіш те, аяңшыл да. Қолындағы қаршығасы «жылан сырт» атанған алғыр, қыран құс.

Бүгін Балуан Шолаққа ерекше сезім пайда болды. Еліне беттегенде ол аулына емес, жорыққа аттанған сияқтанды. Барлық халқы соңына ергендей, барлық орман қаруға айналғандай, барлық тас жауға ұстайтын қалқан болғандай, барлық сайраған құстар жеңіс әнін шырқағандай, патшаны құртып, жауын жеңіп, өмірлік арманы — Ғалияға қосылып, махаббат аясында бақытты өмір жасағандай сезінді!..

Балуанның жолында биік жақпар тасты кесіп өтетін тар кезең болушы еді. Бұрын осы тастан өткенде ол әлденеге сезіктенетін еді, сондықтан, сақтанып, абайлап өтетін еді.

Бүгін ол хауіп ойдан шықты. Орманды жаңғырта «Ғалия» әнін шырқаған ол тастың тар кезеңді жолынан желіп өте бергенде артынан мылтық гүрс ете түсті.

Селк еткен Балуанның жалт қарауға шамасы келмеді, тұлабойы әлденеге шымырлап, жүрегі төмен тартқан сияқтанды. Төсінен төмен қарай ып-ыстық бірдеме жылжи жөнелді...

«Апырай, не болды!..»— деп ол тізгіндегі қолын кеудесіне тығып, жып-жылы бірдеме білінгенге шошығандай қайта суырып алса,— қызыл қан!..

— Ұрған екен!— деді ол.

Мылтық тағы атылды. Бұл жолы оқ тиді ме, жоқ па, байқауға шамасы келген жоқ. Жүрегі өрекпіп көзі қарауытқан ол, «аттан жығылам ба» деген қорқынышпен, оң қолындағы қаршығаны ұшырып жіберіп, ердің қасына кеудесін тіреді, аттың жалын құшты...

Жанталасқан оның есі әлі бүтін еді. Жолын тосып біреудің қастықпен атқанын ол енді ғана білді, бірақ, атқан адам Егордың офицер баласы екенін, оның қасында Сыздық барын білген жоқ.

Балуан Шолаққа оқ тигенін шамалаған офицер, ат жалын құшып жортып бара жатқасын, жай ғана жараланған екен деп ойлап, соңынан қуалап барып атып өлтірейін деп

еді, алдыңғы жақтағы алапта бірнеше арбалылар келе жатқан соң, қалың орманға жоқ болды.

Арбалыларға Балуан аттың жалын құшып әрең жетті. Салт аттың үстінде теңселіп келе жатқан адамнан олар әуелі шошынып, қасына келген соң: «кім де болса білейік» деп, атын бөгеп қараса — Балуан Шолақ!!..

— Балуан!.. А, Балуан!.. Не болды саған?..— деп үрейленген жолаушыларға есеңгіреген Балуан Шолақ басын көтере қарады да, сөйлейін деп аузын ашып еді, лықсып қан төгіліп кетті...

— Кім?— деген сұрауға Балуан басын шайқады.

Жолаушылар Балуанды аттан түсіріп, арбаға жатқызып денесін қараса, жауырын түбінен тиген оқ, төс сүйегінің жүрек тұсын үңірейте бұзып шыққан екен. Жолаушылардың біреуі үстіндегі көйлегін сыпырып алып жараны айналдыра байлады...

Олар Балуанды ауылына алып жүрді.

Үйіне әкеп, ұшықтап кіргізіп, төсекке жатқызғанда Балуан тіл қата алған жоқ. Күн ол кезде батуға еңкейіп қалған еді. Сол күннің батуға айналған жарты жағы жердің астына малынған кезде, Балуан Шолақ көзін қатты жұмды да, жарқырата ашып қайта жұмды... Бұл — көзін дүниеден біржола жұмуы еді...

Балуанның жаназасына аз ғана ел шақырылған еді, бірақ жиналушы көп болды. «Балуан қайтыс боптьі» деген хабар естілген соң, шақырмағанына қарамай, ат жетер жердегі халық түгел келді.

Балуанның ағайындары: «атылып өлді» дегенді намыс көріп «кенеттен ауырып өлді» деген хабар таратып еді, ол хабар шындыққа шымылдық бола алмады. Шындықты естіген жұрттың жорамалы: «атқан, әрине, жаулары!»

— Бұл кекті тегін жібермеспіз!— деп гуледі халық,— табармыз, атқан жауды!.. Жуармыз қанды қанмен!.. Бірдің орнына мыңды шалармыз құрмалдыққа!..

Жаназаға жиналған жұрттың ішінде тұрғын ел танымайтын жолаушы адамдар бар еді. Олардың кейбірі Балуан Шолақты жерлесуге де барған.

Балуан Шолақ жерленіп болып, дұға оқылып, іші ашыған халық, бусанған жас қабырды қимай, «енді қайттік!»— деп өкініште отырғанда, тұрғын ел танымайтын бір орта жасты адам:

— Уау, жұрт, ұлықсат болса айтар сөзім бар еді,— деді түрегеп.

— Айт!— десті әркімдер, «бұл кім?» дегендей таңдана қарап.

— Мен Торғай оязынан келген ем, руым Қыпшақ, атым — Тоқтар.

— Алыстан келе жатыр екенсің, жол болсын!

— Әлей болсын!— деді Тоқтар,— жол шетім осы ара. Іздегенім Балуан Шолақ, бірақ, амал қанша! деп күрсінді ол,— тірі көрем бе деп ем, жаназасына кездестім.

— Жұмысың не еді?— деп дуылдасты көпшілік.

— Торғайда Аманкелді батырды естіген боларсыздар?

— Естідік.

— Балуан Шолақ Аманкелдіге: «сол жақта көтерілгелі жатқан елді сен бастайды деген хабар келді, егер рас болса, білекті біріктіріп бірге көтерелейік» деп хат жазған екен.

— Жаздым дейтін еді,— деп шуласты білетіндер,— Аманкелдіге жеткен екен ғой!

— Жетті!— деді Тоқтар,— батырдың Балуанға айтқаны көп еді, хат та жазып берген еді, енді ол сөзді, халық,— саған айтам, хатты, халық,— сен оқисын!..

— Сөзін кейін естірміз, кәзір хаты оқылсын!— десті жұрт. Хат білетін біреу оқыса, сөздері былай жазылған екен:

«Сізге ғиззатлу уа хұрматлу, зияда қадерден артық көргуші Нұрмағамбет Баймырза ұғлы Балуан Шолаққа біз Аманкелді Үдербай ұғлы Имановтан дұғай сәлем; бағдында бізден хал уа ахуал білмек ирадаңыз болса, сағ уа саламатпыз. Сен жазған хат біздің қолға тиді. Біз де сені сырттан бек жақсы білетін ек. Патшаның солдат алуына мұндағы ел наразы боп, патшаға қарсы шыққалы жатқаны рас. Біз де өздеріңіз сияқты әммә қазақ халқы боп тұтас көтерілуді мақұл көріп, әр елдің беделді адамдарына хабар айтқан едік. Сол хабарды саған да жібергелі жатқанда, сенен хат кеп қалды. Оған біздің ел қатты қуанды. Енді саған арнаулы кісі жіберіп отырмын. Осындай кісілерді басқа жаққа да жібердік.

Патшаны құлатуға біз ғана емес, орыс халқының жұмыскерлері мен кедей шаруалары да қатты кірісіп жүр деседі. Барлық халық осылай біріксе, патшаның күлін көкке ұшырады. Бізге енді қимылдар шақ жетті... Бұл хат жазылды бірінші июль, 1916 жылда.

Аманкелді Иманұлы».

— Болды, тамаша!— деп Балуан Шолақтың бір жақын досы көтеріңкі дауыспен түрегелді. Жұрт оған таңдана қарай қалысты.

— Тамашаң не?— деді біреу.

— Жетісу жағынан Тайынша базарына мал айдап келген саудагерлердің бір атшысы, «Жетісудағы ел Балуан Шолаққа тапсыр» деп маған бүгін бір хат беріп кетті. Оқып көріп ем, аумаған жаңағы Анамкелді батыр жазған хат.

— Қайда, ол хат?!

— Міне!— деп жігіт хатты ішкі қалтасынан суырып алды.

— Оқы!..

«Алатаудың шығысында өзің көрген ұйғыр, дүнған елі, күнгей жағымыздағы қырғыз елі, одан әрі өзбек, түркпен, қарақалпақ елі боп тұтас көтерілгелі жатыр деп жазыпты хатта,— бұл жақтағы Үйсін, Дулат, Қоңрат, Найман бірауызды. Патшаға жағынатын үркердей байлар етектен басқан болады, бірақ оларға қарайтын ел жоқ. Бұл жақтың елін басқаратын өзіңе мәлім Бекболат батыр. Ал, біз көтерілдік! Сендер де көтеріліңдер! Қанаттас болайық! Атамыздың мақалы бар: «Көп қорқытады, терең батырады!»

Хат оқылып бола, жұрт орнынан ду көтерілді...

Балуан Шолақтың қабыры, бұтағы басына ғана біткен биік қарағайдың түбінен қазылған еді. Сол қарағайдың басына, Балуан жерленіп жатқан кезде келіп қонған оның қаршығасын көзі жасқа толған көптен ешкім аңдаған жоқты.

«Ал, аттандық!»— деген шуы жер күңіренткен көпшілік, жапатармағай атқа қонған кезде, айғайға елегізді ме, болмаса иесі — Балуанның денесін құшағы құрыш қара жер бауырына алған соң, айналақтаған иесінен біржола түңілді ме — қаршыға да ұшты.

Қаршығаны жұрт сонда ғана көрді және Балуан Шолақтың қаршығасы екенін таныды...

Киеге, аруаққа сенетін ол кездегі елдің ұғымында «бахыт»— деген —«құс». Сондықтан, ұшқан қаршығаға көз тіккен қалың жұрт, «аруағым бар, түсіме ылғи қаршыға боп кіреді» дейтін еді Балуан; бұл Балуанның қаршыға боп көрінген аруағы» деп шуласты.

— Болса болар,— десті біреулер,— есін білгелі Балуанның арманы: елді патшаға қарсы көтеру, патшаның тағын талқандау еді, міне, енді, барлық ел боп көтерілген жоқ па,

патшаға қарсы?.. Бұл — Балуанның аруағы аспанға көтерілу емей немене?..

Зымырап ұшқан қаршыға аспанға биіктей түсті!.. Халық та көтеріліске аттанды!..

Көтеріліс толқыны қазақтың даласына бұрын болмаған екпінмен кең жайылды!..

1940—41 жылдары.

— Болды, тамаша!— деп Балуан Шолақтың бір жақын досы көтеріңкі дауыспен түрегелді. Жұрт оған таңдана қарай қалысты.

— Тамашаң не?— деді біреу.

— Жетісу жағынан Тайынша базарына мал айдап келген саудагерлердің бір атшысы, «Жетісудағы ел Балуан Шолаққа тапсыр» деп маған бүгін бір хат беріп кетті. Оқып көріп ем, аумаған жаңағы Анамкелді батыр жазған хат.

— Қайда, ол хат?!

— Міне!— деп жігіт хатты ішкі қалтасынан суырып алды.

— Оқы!..

«Алатаудың шығысында өзің көрген ұйғыр, дүнған елі, күнгей жағымыздағы қырғыз елі, одан әрі өзбек, түркпен, қарақалпақ елі боп тұтас көтерілгелі жатыр деп жазыпты хатта,— бұл жақтағы Үйсін, Дулат, Қоңрат, Найман бірауызды. Патшаға жағынатын үркердей байлар етектен басқан болады, бірақ оларға қарайтын ел жоқ. Бұл жақтың елін басқаратын өзіңе мәлім Бекболат батыр. Ал, біз көтерілдік! Сендер де көтеріліңдер! Қанаттас болайық! Атамыздың мақалы бар: «Көп қорқытады, терең батырады!»

Хат оқылып бола, жұрт орнынан ду көтерілді...

Балуан Шолақтың қабыры, бұтағы басына ғана біткен биік қарағайдың түбінен қазылған еді. Сол қарағайдың басына, Балуан жерленіп жатқан кезде келіп қонған оның қаршығасын көзі жасқа толған көптен ешкім аңдаған жоқты.

«Ал, аттандық!»— деген шуы жер күңіренткен көпшілік, жапатармағай атқа қонған кезде, айғайға елегізді ме, болмаса иесі — Балуанның денесін құшағы құрыш қара жер бауырына алған соң, айналақтаған иесінен біржола түңілді ме — қаршыға да ұшты.

Қаршығаны жұрт сонда ғана көрді және Балуан Шолақтың қаршығасы екенін таныды...

Киеге, аруаққа сенетін ол кездегі елдің ұғымында «бахыт»— деген —«құс». Сондықтан, ұшқан қаршығаға көз тіккен қалың жұрт, «аруағым бар, түсіме ылғи қаршыға боп кіреді» дейтін еді Балуан; бұл Балуанның қаршыға боп көрінген аруағы» деп шуласты.

— Болса болар,— десті біреулер,— есін білгелі Балуанның арманы: елді патшаға қарсы көтеру, патшаның тағын талқандау еді, міне, енді, барлық ел боп көтерілген жоқ па,

патшаға қарсы?.. Бұл — Балуанның аруағы аспанға көтерілу емей немене?..

Зымырап ұшқан қаршыға аспанға биіктей түсті!.. Халық та көтеріліске аттанды!..

Көтеріліс толқыны қазақтың даласына бұрын болмаған екпінмен кең жайылды!..

1940—41 жылдары.

БАҚТАШЫНЫҢ БАЛАСЫ

1. ҚАЗАҒА ҰШЫРАҒАН ҚҰНАН

1929 жылдың күзі еді. Сабақ жүре бастаған кезде, мұғалім әлдеқалай сырқаттана қалды. Басында тымау ғана болар деп елемеген оның температурасы бірер күнде жоғарылап қырыққа жетті. Өткен жылы ғана құрылған бұл артельде әлі аурухана жоқ еді. Жақын жердегі аурухана аудан орталығында ғана, оның алыстығы — бұл арадан қырық-елу километр. Егін жинау науқаны қызу жүріп жатқан кез болғанмен, артельдің председателі Шымболат мұғалімді пар атпен аудан ауруханасына апарып салды. Ондағы дәрігерлердің айтуынша, мұғалімнің өкпесі қабынған, сауығып шығуы үшін он шақты күн керек.

Артельдің мектебі төрт кластық қана болатын, үй саны аз, сондықтан, бірден артық мұғалімнің бұл мектепке керегі жоқ. Былтыр ғана ашылған бұл мектепті, жоғарыда атаған тәжрибелі мұғалім еркін меңгеріп, саны шағын балалар түгелімен жақсы оқып келе жатқан.

Мұғалім жазылғанша, Шымболат балалардың ересек жағын егін жинау жұмысына шақырды. Өзге бала баруға ынта білдіргенде, Жандос дейтін бала, Шымболатқа өз өтінішін айтты. Оның туған апасы өткен жазда көршілес колхозға ұзатылған еді. Араларында он шақты жасқа жақын айырмашылығы бар Жандос, апасымен өте тату боп өскен. Жаз оқудан қолы бос кезінде, екі күннің бірінде ол ретін тауып апасына барып қайтатын. Күз болып, шаруашылықтың қауырт шағы басталғаннан кейін, апасына барудан ол қалған: жеке барайын десе, әрі өзіндік көлік жоқ, әрі жалғыз баруға әзірге жасырақ — жасы онда ғана; қарт атасы Бектас қой бағу жұмысында, әкесі Қамбар жайлауда жатқан жылқының бақташысы, ол үйіне келмейді, әжесі Бүбі орталықтың сиырларын сауады. Шешесі Бәтия егін жинау жұмысында. Бұл үйдегі бар жан осылар ғана.

Апасын шектен шыға сағынған Жандос, мұғалім ауырғаннан кейін атасын да, әжесін де, шешесін де барып қайтуға үгіттеп еді, ешқайсысының да атқарып жүрген ісінен

қол тимейтін болды. Ол жаққа баратын басқа адамның да жобасы көрінбеді. Жандостың жеке баруға ойы кетті.

Бірақ, апасының ауылы жаяу баратын жер емес. Жандостың ауылынан апасының ауылы он бес, жиырма шақырымдай жер, оған атпен бару керек, ал, тік тұяқты жылқы бұл үйдің өз меншігінде жоқ, бірақ қажетті жұмыстары бола қалса, артельдің председателі бұл үйдің көлік бермей бетін қайтарған емес.

Бұл жолы да солай болды. Үйішінен еріп ешкім бармайтынына көзі жеткен ол, артель председателі Шымболатқа жай-жапсарын айтып еді:

— Жақсы,— деді Шымболат,— қорада тұрған мінгі, жуас бір құнан бар еді, соны берейін, бірақ барған жеріңде қона қалсаң, шөп салып қорасына байла. Тұсап жіберсең, не бетімен кетіп, таптырмай әуре қылар, не ит-құсқа кезігіп жазым болар.

Жандос апасының үйінде екі күн қонып, өз үйіне үшінші күні іңірде келді. Терлеп келген құнан, ауыл жатқанша суып байлауда тұрды. Келе сала ойынға кетіп, кеш оралған Жандос суыған құнанды жатар алдында отқа қояйын десе, үйінде шөп жоқ. Артельдің ауыл маңына үйілген маясынан сұраусыз шөп әкелуге болмайды. Сұрап алуға, басқарма мүшелерінен ауылда кісі жоқ. Олардың кейбірі егіннің, кейбірі мал шаруашылығының жұмысымен ат үстінде жүр. Құнанды тұсап жіберейін десе, ауылдың маңайы тақыр шақ. Ұзатып апарып тұсайын десе, Шымболаттың «ит-құсқа кезігіп жазым болар» деген сөзі есінде. Бос жіберейін десе, ауылдағы жылқы атаулы түнгі өріске кеткен. Құнан оларды таба алса жақсы, таба алмаса, бетімен қаңғырып кетуі мүмкін ғой: оты бар жерге тоқтай қалатын жасамыс жылқы емес, жас жылқы үйір таппай тына ма...

Не істеуге білмеген Жандос, қойдан келіп іңірде ұйқтап қалған атасы Бектасты оятып сұрап еді, шала ұйқылықтың салдары ма, немесе ерінгендіктен бе,— далаға шыққысы келмеген қалпын көрсеткен шал, керіле, есіней сөйлеп:

— Аяғына өре салып қоя бер, бөтен жер емес, өз жері, ұзап ешқайда бармайды,— деді.

Бала ит-құс жайын ескертейін деп еді, ерінген шал,— «алладан... жібере бер» деді де, ұйқы жеңіп қисая кетті.

— Сөйте сал, балам,— деді ұйқыдан оянған әжесі.— Атаңды мазаламай-ақ қой. Қойдан бүгін қалжыраңқырап келді өзі. Ескі тері де ұстайын деп жатыр ма өзінің, немене, біраз ыңқылдап жатып әрең ұйқтаған еді...

Әжесінің соңғы сөзіне Жандостың құлағы елең ете қалды. Ес білгелі байқауынша, былайша дені сап-сау атасының кейбір кезде «терім ұстады» деп жатып қалатыны бар. Оның не сырқат екенін Жандос білмейді. Тек қана оның білетіні — егер «тері ұстаса-ақ» аһлап-уһлеп өле жаздайды, аласұрған шалдың сарнауы кейде шектен шығып, аяғы сандыраққа айналып кетеді. Солай арпалысып жатып терлейді де, тер құйыла келе сарнауы бәсеңдеп, біраздан кейін ұйқтайды. Бір ғажабы — егер терлесе-ақ, сол күні құлантаза сауығып кетеді. Атасын жақсы көретін Жандос, оның «Тері ұстауынан» өте қорқады да, шалды аяйды да, әжесі «ескі тері ұстайын деп жатыр ма өзінің, немене» дегенде, Жандостың денесі түршіге қалды да, қисая беріп қорылдауға айналған атасын тағы да мазалауға әрі батылы жетпеді, әрі аяды.

— Сөйте ғой, күнішегім,— деді әжесі, немересі үнсіз отырып қалған соң,— жер қара, күн жылыда ит-құс малға тие қоймас, ұзап кетер десең, аяғына шідер сал.

Суып та, ашығып та тұрған құнан, Жандосты оқыраныпқарсы алды. Үстін сипаса, тері құрғап, денесі салқындап болыпты. Шідерді ол үйден ала шыққан еді. Байлаудан шешкен құнанның тізгінін бір қолына, шідерді бір қолына ұстап, ол ауылдан былай шыға, құнанның үш аяғын тұсады. Сөйтіп жүгенін сыпырып еді, тақырлау болғанмен, көктеп тұрған жерге құнан басын салмай, жан-жаққа құлағын тіге кісінеп, үйір іздеген қалпын көрсетті. Ықтиярына салса, құнанның бұл маңайға тоқырар түрі жоқ, құйрығын тігіп ап бір-ақ тартқалы тұр. Өйтуге үш аяғы бірдей тұсаулы. Сонда да тұрғысы келмеген құнан, ырғала қимылдап ілгері жылжымақ болады, бірақ, шідермен жүруге үйренбеген жас жануар, кібіртіктеп жөнді жылжи алмайды.

Жандос құнанның қасында біраз тұрды. Үйірсіреген құнанды аяған ол, шідерін алып босатуға бір ыңғайланды да, есіне «ит-құс» түсіп, олай істеуге жүрексінді. Қайта жүгендеп, шідерін алып, алысырақ жерге барып, отын қандырып әкелуге бір ойлап еді, бүгінгі түн тастай қараңғы, әрі желкем екен,— оған да батылы жетпеді. Үйге апарып қайта байлап қоюға,— кісінеп мазаны алатын...

Не істерге білмей дағдарған Жандос, аздан кейін атасының ақылын есіне түсірді де, құнанның бір аяғын босатып, алдыңғы және артқы бір аяғынан шалыс өре салып қоя берді. Аяқтарын теңселе басқан құнан, шіңгірлеп бір-

екі рет кісінеп алды да, ілгері тартты. Жандос сол орнында тұрып қалды...

Аузын жерге салмастан, анда-санда кісінеп қойып, құнан қараңғы түннің түкпіріне қарай сүңгіп кетіп бара жатыр. Ойына әлдене хауіп түсіп, бала құнанды аяп тұр, бірақ соңынан ұмтылмайды, алыстап бара жатқан құнанды қууға, қараңғы түнде жүрексінеді, әрі «қорыққанға қос көрінеді» дегендей, құнанға қарай жүрейін десе, алдыңғы жағынан әлденелер қараңдап қозғалған сияқтанады...

Аздан кейін құнан ұзап кетті. Енді қарап тұруда мағна жоғын көрген бала, амалсыздан үйіне қайтты. Ойдан қалжыраған бала, сең соққан балықтай, үйіне сүлдері құрыған қимылмен әрең жетті де, меншікті керуетіне қисайды. Бірақ ол, көпке дейін көзін жұма алған жоқ. Жұмайын десе-ақ, әлденендей қорқынышты бірдемелер елестеп, денесі түршіге қалады.

Сөйтіп жатып қалай ұйқтағанын ол білген де жоқ. Мүмкін ол, солайша ұзақ ұйықтар ма еді, қайтер еді, егер біреудің айғай салған дауысынан оянып кетпесе.

Жандос көзін уқалай түрегелсе, мезгіл — күндіз. Үйде өзінен басқа ешкім жоқ. Әлдекім, терезенің алдында «кім бар бұл үйде?» деп айғайлап тұр. Түрегеп барып қараса жайлаудағы жылқыда, әкесі — Қамбармен бірге жылқы бағатын, Қалқаман дейтін жас жігіт.

Жандос үйден жүгіре шықты...

— Жан жоқ екен десем, біреуің үйде бар екенсін ғой,— деді Қалқаман,— я, амансыңдар ма?

— Қашан келдің?— деді Жандос.

— Келе жатқан бетім осы. Әкеңнің айтқан сәлемі бар еді, жолшыбай айта кетейін деп ем.

— Түс, үйге.

— Түспеймін, асығыспын.

— Неменеге асығасын?— деді Жандос.

Олай деуі, Қалқаманның жақын ешкімі де жоқ, жалғыз. Әке-шешесінен кішкене кезінде жетім қалған ол, мектептен бастауыш қана білім алды да, одан кейін жылқы бағу жұмысына араласып кетті. Жазы-қысы жылқының басында болатын ол, егер ауылға келе қалса, серіктерінің біреуінің үйіне түсетін, сондай үйдің біреуі Жандостікі. Сөйтетін Қалқаманның сырттан сөйлесіп тұрғанына Жандос қайран қалды. Бірақ, Қалқаман Жандостың «неге асығасын» деген сұрауына, манағы жауабын қайтарып, тағы да асығыспын деді.

— Неменеге ағысыссың?— деді Жандос.

— Басқармаға барам.

— Артынан барарсын.

— Жоқ, өте тығыз жұмысым бар.

— Не жұмыс еді?!— деді Жандос Қалқаманға таңдана қарап.

— Артельдің бір құнанын қасқыр жеп кетіпті...

Жандостың жүрегі тас төбесіне шыға келді... «Қандай құнан?» деген сөзге, денесі дірілдеген оның аузы әрең келді.

— Ауылда жүретін күрең қасқа құнан бар еді ғой?— деді Қалқаман,— біреу соған шідер салып жіберген екен, қасқыр жарып жеп кетіпті...

— Қайда?!— деді үрейі ұша түскен Жандос.

— Балықты көлінің жағасында...

Жандос еңіреп жылап жіберді... Аттан секіріп түсе қалған Қалқаманға, оны уату жеңілге түскен жоқ. Ұзақ уақыт әуреленіп, тілге әрең келтірсе, құнанның өліміне айыпты Жандостың өзі екен.

Жандос расында қатты күйзелді: егер ол құнанды Шымболаттан сұрап мінбесе, мінген құнанды түнде тұсап жібермесе, құнан мұндай қазаға ұшырамас еді. Енді, міне, құнан сұрап мінудің аяғы мынаған кеп соқты. Өзінікі болса бір сәрі, онда да аянышты болар еді, бірақ дәл мынадай ауыр болмас еді.

Соны айтып, Жандос қайтадан өксіп жылауға айналды...

2. ҚАҚПАНДАҒЫ ҚАСҚЫР

Қалқаманның атымен Жандос қасқыр жарған құнанды көріп қайтты: «Балықты» аталатын көл ауылдан бес-алты шақырым жерде болушы еді, ойпатқа біткен, кішірек терең көл болатын, биіктеу жар қабағын жағалай, қайың-терегі аралас өскен қалың ағашы бар, ауылдан оғашырақ жердегі бұл көлдің маңына әзірге егін егілген жоқ та, өзге шабындық жер жеткілікті болғандықтан, артель оның маңындағы қалың боізды да биыл шаппаған... Сондай құлазыған жаққа құнан сорлы қаңғалақтап қалай барған!..

Қасқыр әдетте малды шабынан жарады да, әуелі суырып ішкі жылы-жұмсағын жейді. Ол әсіресе малдың өкпе-бауырына, жүрегіне құмар. Мына құнанды да солай жарған болу керек: ішкі сайманынан түк жоқ, сыртқы етінің де

көбін тауысып кеткен, соған қарағанда, қасқырдың біреуі емес, әлденешеуі жеген сияқты.

Қой бағудан бүгін де үйіне ымырттатып келген Бектас шал, құнанның қазаға ұшырауына немересінен кем қайғырған жоқ. Өткен түні немересіне айтқан ақылы есіне түскенде, бұл құнанның қазаға ұшырауына, ол бас айыпкер өзім деп санады.

— «Шығасыға иесі басшы болады»— деп еді,— деді ол,— тұсап жібер деген менмін. Бұл құнанның шығын болуына, еңалдымен мен айыптымын!..

Не істеу керек?

Әрине, қолдан келсе, қасқырдан кек қайтару керек. Бірақ қалай?

Өмірін қой бағумен өткізіп келе жатқан бұл шал, кейінгі жылдарға дейін аңшылықты да кәсіп ететін еді, сондағы бар қолданатын әдісі — қақпан құру болатын. Аңға ол әдейілеп шықпайтын. Баққан қойын далаға жайып жүріп, үлкенді-кішілі аңдардың інін кездестірсе, тәуекел деп қақпан баса салатын, түссе алатын, түспесе ренжімейтін. Қашан қар аяғы бекіп, далада қыдыруға болмайтын уақыт жеткенше жазы-қысы ол, қой бағатын өгізінің қанжығасынан саудырата байлаған қақпандарын тастамайтын. Оның үйінде, бержағы тараққұйрық, күзеннен бастап, аржағы қасқырға дейін салатын қақпан түгел де. Соңғы жылдары қарттың беліне «шойрылма» деген сырқат пайда боп, көбірек иіліп-бүгілуге мұрша бермейтін болған соң, қақпан құру кәсібін шал доғарған...

Құнанды жеген қасқырға өшіккен оның есіне қақпаны түсті. Кемпірінен сұраса, азық-түлік қоятын шошаланың түкпірінде жатады екен. Барып көрсе, қақпандарды шаң да, тот та басып қапты. Қасқыр-қақпан да сондай.

Өзі тұстас бір ұстаға ертерек кезде асыл темірден әдейілеп соқтырып алған шалдың бұл қақпаны зор да, қарулы да болатын: қанауызының үлкендігі кіші-гірім доғадай, дөңгелек табаны ошақтай, серіппесінің сомдығы білектей... Серіппесі аса қатты қақпанның қанауызы шапқанда аңның аяғын үзіп түспесін деп, шал оған сірі орап қоятын. Егер түсе қалса, аңды тырп еткізбейтін. Бұл қақпанды басуға жігіттің жігітінің-ақ шамасы келетін. Алып денелі, орасан қуатты шалдың өзі оп-оңай-ақ баса салатын...

Тоттанған қақпанды шал алып көрсе, сайманы бойында түгел екен. Тек қана, қақпанға шынжырмен жалғасып, жерге қағылатын темір қазығы ғана жоғалыпты, оны жа-

сап алу оңай. «Күшім қандай екен?» деп, қақпанды айналдырып көрсе, басуға әлі де шамасы келетін сияқты...

Шалдың қақпанды құнанның өлімтігіне апарып басуға ойы кетті. Бірақ, оны ойландырған нәрсе — күз алдақашан басталғанмен, жер қара қатқақтанып алдақашан тоңазығанмен, қар әзірге жауған жоқ. Қара жерде басқан қақпанды қаншама жасырғаныңмен, қасқыр оған келмейді: адам исі бар нәрсеге аса сақтықпен, хаупі жоқ-ау деген жағдайда ғана жолайды, қақпанға маңайламайды да...

Күн райының мұндай жағдайы шалға өкініш болғанмен, ол үмітсіздікке де салынған жоқ. Бұлттың бірер күннен бері аспанды қалыңырақ торлай бастауына қарағанда, желдің теріскейге қарай бұрылуына қарағанда, ауа райының шымырлана бастауына қарағанда, малдардың мінез-құлқына қарағанда бүгін-ертең қар жауып кетуі мүмкін... Онда жолының болғаны,— қасқырға адам исін сездірмеуде де, қақпанды жасыруда да қар ең қолайлы құрал...

Атасының ниеті қақпан басуға кеткенін естігенде, Жандостың қуанышы қойнына симады, ал қақпан басуға қар жауудың қажеттігін естігенде, қашан жауарын білмей қатты қынжылды. Түнде ол, құлқы шаппай тұрса да, балалардың ойынына кетті, сондағы ойы — атасы «түнде жауып қалар» деген қарды бақылап, егер жауа қалса, жүгіріп кеп шүйінші сұрау...

Қардың жауар, жаумасына балды да, балсыз да болмаған қарт, түнде іздеп барып Шымболатқа жолықты. Құнанды қасқыр жегенін ол да естіген екен. Шал одан немересі үшін кешірім өтініп, төлеуге әзірлігін айтты.

— Ол мәселені басқарма мәжілісінде шешерміз,— деді Шымболат.— Басқарма, мүмкін, кешірер де, өйткені, қолдан өлтірген емес, даланың аңы жеген малға амал нешік.

Қарт Шымболатқа екінші жұмысын да айтты. Оның өлімтікке у себетін де дағдысы болушы еді. Кейінгі бір жылы сөйтем деп, ауылдың біраз иті қырылып қалған. Шымболат қартқа соны ескертіп еді:

— Ол жақын жердегі өлімтікке сепкен у болатын,— деді қарт,— мына өлімтік ит бармайтын алыс жерде.

Шымболат сұрастырып байқаса, қарт у себудің әдісін жақсы біледі екен. Басқарманың қарамағында аздаған удың запасы бар да. Осы күздің бас кезінде, алысырақ жердегі бір артельдің қойларын жаңбырлы күннің түнінде қасқыр айдап кетіп, қатты шығынға ұшыратқан. Соның артынан аудандық жер бөлімі артель-артельге қасқыр аулау-

ды қатты тапсырып ретті жерде у себуге де рұқсат берген, бірақ, басқарма бастықтарына уды орынды жерде ғана қолдануды қатты тапсырған.

Бектас қарт Шымболаттың рұқсатымен, артельдің мүлік сарайынан жарты литрлік қызғылт түсті сұйық у алды. Шалдың уды себе алатынын біле тұра, артельдің санитары қалай себуді айтып берді. «Ретті келсе қақпанын да басармын, әйтпесе уын себермін» деген қанағатты оймен, қарт қалың ұйқыға кетті...

Ол шошып оянды... Шошымауына болар емес,—«Аташы, ата, шүйіншілеп!» шіңгірлеген баланың ащы даусы құлағын жарып барады... Шамы сөнген қараңғы бөлмеде есеңгірей оянған шалдан бұрын, балаға жауапты Бүбі кемпір қатты:

— Немене, Жандосжан, немене?— деді ол.

— Қар жауды, әже, шүйінші... Қар жауды, ата, шүйінші!..

Өзіне өзі келген шал етігін қоңылтаяқ киіп, сеңсең тонын иығына жамыла сап тысқа шықса, жапалақтай қалың жауған қар төпеп тұр...

— Жолымыз болады екен, балам,— деді қарт.

Қарап білетін сағаты жоқ, жұлдыз бен айдан шамалайтын, аспанды бұлт жапқан қараңғы түнде, не белгіден шамалағанын кім білсін, төңірегіне айнала қарап аз тұрғаннан кейін:

— Әлі ертерек екен; балам,— деді қарт Жандосқа,— таңға әлі нығыз ұйқылық уақыт бар, жат та ұйқта...

Олай дейтіні, егер қасқырға қақпан басатын болса, баланы шал ертіп ала кетпек болған.

Шалға еріп үйге кірді де, бала да жатты... Бірақ, ұйқы қайда? Қақпан басу қуанышына желігіп алған көңілдің көзді жұмдырар түрі жоқ...

Дегенмен, түннің аты түн... Қалай қалғыганын Жандостың өзі де аңғарған жоқ...

Оны әжесі оятты... Қатты ұйқыдан басы аздап зеңгіген ол, көзін уқалай ашып қараса, үйдің іші бозамықтанып қалған екен. Түрегеп терезеге барса, дала аппақ қар жамылыпты, боран басылыпты.

— Атаң қой қора жаққа кетті,— деді оған әжесі,— асын ішіп кетті ол. Саған да тез келсін деді...

Әжесі берген бір кесе піскен қаймаққа бұлғап, нанға тыңқиып тойып алған Жандос қой қора жаққа барса, қойлар сыртқа шығып, атасы өгізіне мінгелі жатыр екен...

Шал мінетін осы бір шолақ құйрық бозғыл өгіздің неше жаста екенін Жандос сұрап көрген емес. Тек қана білетіні,— бұл есін білген кезде де осындай атан өгіз еді, әлі де сондай. Қаңқиған зор денелі бұл өгіздің мүйіздері қызық: оның екі мүйізі де құлақтарына қарай жантая өсіп, кере қарыстай ұзарғаннан кейін, ұшы шықшытқа қарай шұғыл имиген. Егер жыл сайын сол имектің басын арамен кесіп отырмаса, шықшытқа кіріп кететін. Мүйізі бас жіп байлауға сондай ыңғайлы бола тұра және өгіз алып қашпайтын жуас бола тұра, шал оның бас жібін мүйізінен емес, тығырық өткізген танауынан байлайды... Мінезі де қызық өгіз: сиыр баласы бола тұра, шанышқақ-сайгел дегеннен, маса-сона дегеннен ығысуды білмейді, «шүу» десең жүреді, «тәк» десең тұрады, бас жібін демеген жағыңа жүре береді...

Қай заманнан келе жатқан ер екенін кім білсін, жалпақ бас бір құранды ер бұл өгіздің үстінен жусағаннан басқа уақытта түспейді. Арғымақ аттай-ақ, бұл өгізді қарт құйысқандап, өмілдіріктеп ерттейді. Белін басқұрмен босаңдау шала салады, бірақ ер одан, міне жүру түгіл, міне жатқанда да тырп етпейді... Жасы жетпістен асқан шал, биік денелі өгіздің үстіне, аяғын үзеңгіге салғаннан кейін бір-ақ ырғиды... Оны көрген жұрт, «қайраты кетпеген, қимылы жылдам, неткен пысық шал!» деп таңқалысады...

Жандос жақындай, өгізіне ырғып мінген шал, Жандосты артына міңгестіріп алайын деп еді, тіземен жауған ұлпа қарды есе, жаяу жүгіруді қызық көрген бала, оған ризаласпады.

— Ендеше, қойларды Балықты жаққа қарай қайтарыс!— деді шал.

Бала жүгіріп кете барды.

Бұл артельде қойы, ешкісі аралас төрт-бес жүздей ғана ұсақ қара болатын. Солардың бетін Балықты жаққа қарата жайысып келе жатқан Жандостың ендігі арманы, ойдағы жерге тез жету.

Қардың алғашқы жауған күні қандай қызық! Құмдай есілген жібектей жұмсақ ұлпа қардың үстінен шөп жүгірсе, ізі сайрап жатады... Далада не түрлі аң барын да ол күні айқын көресін. Ұлпа қарға сүңгіп ойнауды қызық көре ме, әлде кажетті жүрістері бола ма,— қар алғаш жауған кезде, ешбір аң інінде жатпай, жер бетіне өріп шыға келеді. Олардың ерсілі-қарсылы шұбырған ізі қардың бетін айқыш-ұйқыш сызып тастайды. Қай аңның қайда кетіп бара жатқа-

нын, қай аңды қай аң қуғанын сол шұбырындылардан көріп тұрасын...

— Шіркін-ой,— деп қойды Бектас қарт, Жандос қасына жақындаған бір кезде,— жүйрік ат мініп, жүйрік тазы ертіп шығар ма еді мына күнде!.. Қансонардың күні екен, шіркін!.. Түлкі мен қоянды жортып жүрген атпен-ақ соғып алатын күн ғой мынау!..

— Ондай жортақпен қалай соғады?— деді бала, шалдың сөз мәніне түсінбей.

— Қар әрі қалың, әрі жұмсақ. Түлкі, қоян сияқты аңдар мұндай қарға малтығып шаба алмайды, бауыры сыланған соң тез болдырады...

— Өзің солай соғып көрдің бе, ата?— деді Жандос енді ғана түсініп.

— Қайдан соғам,— деді шал,— атты кім беріпті маған, қасқыр соғатын? Ондай жағдай осы советтің тұсында ғана туып тұрған жоқ па? Аң өгізге жеткізбейді...

— Бұл заманда атқа неге мінбейсін?

— Елу-алпыс жыл өгізге ғана үйренген тақым, атқа мінсе, шыдамай ауып кетеді,— деді шал қуланып...

Қар жауған кезде қой жүрдек келеді екен. Онысы заңды да: шөпті қар басып қалған. Алдыңғы қойлар шөп іздеп жылдам жүрсе, артқы қойлар, алдыңғы қойлардың ізінен ашылған шөпті таласып жеймін деп жылдам жүреді. Алдынан ашылған шөптен құр қалам ба деп асыққан қойлар, бірінен бірі озып, сапырылыса жайылады... Тамағы тойғанша кейін жайылу мал атаулының, олардың ішінде қойлардың ата дағдысында жоқ. Артында шөптің алтыны қалып бара жатса да, мал оған бұрылмай, алдынан дәнді шөп іздейді...

Балықтыға олар, мезгіл түске тармаса жетті. Құнанның өлімтігі жатқан жерді бала кеше белгілеп кеткен еді: жарға біткен қалың ағаштың көл жақ жиегіне қашқалақтап барып өскен ері қайыңның дәл түбі де. Бала оны жазбай тауып, қарды аяғымен тепсе, өлімтік көрген қалпында жатыр екен. Жеген қасқырлар бұған қайтып келмеген.

Сиыр деген қызық жануар емес пе? Қызарған өлімтікті көрсе, көзі айналып кетіп сүзіле қарап, тілін сала құлаш шығарып өкіре бастамай ма?

Құнанның өлімтігін көрген тарғыл өгіз де, басын тұқырта, мойнын күжірейте қарап, тілін сыртқа соза, үнін шығара бастап еді:

— Желікпе!— деп шал танау жібін тартып қалды да, өзі үстінен түсіп, қанжығасындағы қасқыр қақпанды ше-

шіп ап, қоржынынан у құйған бөтелкені ап, өгізді әрі қарай айдап жіберді. Ашығыңқыраған өгіз жайыла оттап ілгері кетті.

— Кетіп қалмай ма, ата?— деді Жандос.

— Жас мал ма ол, кетіп қалатын? Кәрі мөшке қайда барар дейсін...

Шал өлімтіктің қасына қақпан құру жабдығына кірісті.

Кәрілік белін бүкірейткенмен, ол әлі де сүйекті, ірі денелі кісі болатын. Сырты түктене біткен арық білегін бойлап саусақтарының басына қарай тарамдана жайылған жуан сіңірлер осы зор қолда орасан күш барын айтпай-ақ аңғартатын. Жас кезінде бұл шал «түйе балуан» атанған. Білетін адамдардың айтуынша, кіші-гірім жылқыларды арқалап әкетеді екен, қандай күшті асауларға бұғалық салса тырп еткізбейді екен!..

Сол күшінің сарқыншағы әлі де молдығын, немересіне ол өлімтіктің жанына қақпан құрғанда көрсетті. Қақпанды қырынан қойған ол, жуан серіппесін тізесіне салып жіберіп, «hауп!» деп мықшия басқанда, қиғаштана шалқиып тұрған үстіңгі жағы сіресіңкіреп барып, астынғы қабатына жабысты. Сол кезде, босаған қанауыздың жігіне қолын салып жіберіп, екі басын шалқайтып жерге тигізді де:

— Ал, балам, сал енді, тиегін! Байқа, бірақ мықтап сал. Бір жерімізді жазым қылмасын,— деді.

Қорыққан кескінде Жандос тиекті шал айтқан жобамен салды.

— Жақсы,— деді шал.— Ал, енді кейін кет, шауып кетіп қапы боп жүрмесін!..

Жандос кейін кеткен соң, шал қақпанды шыжымдап барып босатты. Серіппенің серпіні қысқан тиек, сіресіңкіреп барып қата қалды.

— Жақсы!— деді шал, күшіне риза болғандай.

— «Тіфә, тіфә, қанды басың бері тарт!»— деді ол, аңшылардың дағдысымен.

Қақпанды құрып болған шал, қарға шаншып қойған бөтелкені қолына алды. Мана немересі:

— Бұл не?— деп сұрағанда:

— У,— деген шал.

— Не «У?»— дегенде:

— Жұмысың болмасын,— деген шал — маңына жолама. Улап өліп қаласын.

Баланың жеңсіккойлығы қандай,— атасынан да, удан

да қорқып бөтелкеге жоламағанмен, оның не екенін білгісі кеп құмартып тұрған.

Бөтелкедегі уды өлімтікке себер алдында, шал немересіне оның не екенін қысқаша түсіндірді. Бала оған да өте қуанды. «Егер қасқыр бұл маңға жолай қалса,— деп ойлады ол,— қақпанға түспегенмен, етті жемей қоймайды ғой, онда аман кетпейді».

Уын да сеуіп болғаннан кейін, шал бір ғана хауіп айтты:

— Егер,— деді ол,— бұлт ыдырап қар жаумаса, біздің мына ізімізді көрген қасқыр бұл араға сүйресең жоламайды. Кешегі бұлт, әзірге ыдырай қойған жоқ, және ыдырай да қоймас деп сенем, өйткені, бұлтты айдап кететін жел жоқ. Кешке қарай қар тағы жауса, онда жолымыздың шынымен-ақ болғаны...

Кешке қарай тағы да қалың қар жауып кетті...

Ертеңіне Жандосты ертіп тағы да таң біліне аттанған Бектас қақпанға соққан жоқ, сонда айтқаны:

— Кешке дейін шыдайық. Қақпан маңынан алыс орағытып кетейік те, кешке соғайық. Әлі түспесе соған дейін түсіп қалуы мүмкін.

Көнбеуге болмады. Мінезі қатал қарт, немересін жанындай жақсы көрумен қатар, айтқан сөзін қайтармайтын қып үйреткен. Сөз қайыра алмаған бала қақпан тұсына жеткенше де, ол тұсты алыстан орағытып өткенде де «қасқыр түсіп жатыр ма» деген оймен, мейлінше сабырсызданды, күннің тез кешкіруін, атасының қақпан жаққа тез оралуын тіледі...

Кешегі боран бүгін бәсеңдеп, таң атқалы қар сұйықтау ғана жапалақтап тұрған. Мезгіл түске тармаса сиректеу бұлт жан-жаққа ыдырап, аспан кіршіксіз айнадай ашылды да кетті. Көгілдір аспанның шатыры бүгін тыңнан тілілген барқыттай құлпырды. Жерге түскен қалың ұлпа қардың аспаннан күлімдей қараған күн сәулесіне шағылысқан аппақ беті көзді ұялтып қаратпады. Жел де тына қалды. Қалың қар басқан кең дала таза ауамен еркін тыныстап, ұйқыға кеткендей тып-тыныш. Бұтақтарын қырау басқан құрайлардың басы төмен иіліп қалғып тұрған сияқты. Жапырақтары түсіп сидиған ағаш бұтақтары ақ шешек атқан жеміс ағаштарына ұқсайды. Осынша көркем дүниенің қуанышты бейнесіне төбеден күлімсірей қараған күн, Жандостың асыққан қалпын абайламағандай, кей кезде қараса да бір орыннан жылжымай тұрып алған сияқты... Шалдың

шыдамы балаға күннен де артық сияқтанды. Белгісіз жылжыған күн, біраз уақытта батысқа қарай еңкейе бастағанда, жаяу жүгіріп әлденені ермек қып жүрген бала:

— Ата, айналмаймыз ба, ауылға қарай?— деп келіп еді, шал:

— Асықпа, балам!— деді де, қойын жая берді.

Күзгі жаңбырдан өнген көк бетегені көбік қармен араластыра соғу қойларға қандай жеңсік!.. Бытырай жайылып, мейірлене оттаған қойларға өгіз үстінен қарап тұрып, маңында жаяу жүгіріп ойнаған немересіне:

— Балам,— дейді анда-санда Бектас қарт,— қой айтады екен, «көк соқтада бір тойдым, көбік қарда бір тойдым» деп. Жайшылықта қанша оттаса да қанағат қылмайтын мал ғой, бұл қой!.. Арман еткен көбік қары жауды олардың!.. Оттауын-ай, шіркіндердің құныға!.. Бүгін бір елі май алар өздері...

Олар кейін оралғанда, өгізге мінген шалдан, жаяу Жандос қақпанға жүгіріп бұрын жетті де, жалт бере кейін қашты.

— О не?— деді шал, өгізін тебіне балаға ұмтылып.

Қашып кеп өгізге тығылған бала ентіккен үнмен «қасқыр!» деген сөзді әрең айтты.

— Қайда?

— Анда!— деді бала алқынып, өлімтік жатқан тұсты қолымен нұсқап.

— Қақпанда ма?

Оншасын аңғара алмаған бала «білмеймін» деп басын шайқады. Көзі алысты айқын шалғанмен, жақынға бұлдырай бастаған шал, неде болса барып көрмек боп, өгізін тебіне ілгері ұмтылды. Мүмкіндігі бар хауіпке даярланып, қарына бұлдіргесінен ілген қысқа шоқпарын қолына көтеріп алды. Бала шын-ақ қорқып қалған екен, атасының үзеңгісіне жармаса аяңдайды да, бөлініп кетпейді.

Өлімтік қасында қарайып жатқан қасқырды шалдың көзі анадайдан абайлады. Қасқыр қимылсыз. Сонысына қарағанда, у жеп өлген болу керек. Бала оны әлі де тіріге санағандай үзеңгіге тығыла түседі...

Қасқыр расында өліп қапты. Шалдың айтуынша — бала қасқыр!.. Өлімтік маңайы опыр-топыр із!.. Қақпан жабылып қапты... Оның маңы қарға жентектелген қан!.. Өгізден түскен шал мен бала екеуі қақпанға жақын кеп үңілсе, қанауызға қысылып, қасқырдың бір сирағы қалып қойыпты!.. Шал соның бәрін көріп кесінді сөзін айтты:

— Біреуі артқы оң жақ санынан қақпанға түскен екен де, өз аяғын өзі шайнап үзіп құтылып кеткен екен.

У жеп өлген қасқырға бойы үйренген Жандос, оны аяғымен теуіп көрді.

— Дұрыс, балам, дұрыс!— деді шал,— үйрет бойыңды. Тірісіне жолыққанда қорықпайтын бол. Малдың жауы, бұл қасқыр деген. Ауылда тұрсаң, онымен әлі талай арпалысасын.

Шалдың жобасынша, у жеп өлген қасқыр бұл ғана емес. Ізін қараса, өлімтікке келгендер саны жетеу. Кеткен ізге қараса, төртеу-ақ, оның да біреуі қақпаннан құтылғаны. Біреуі өліп жатыр. Ендігі екеуі қайда?

Ол екеуінің өлігі ағаш арасынан табылды. Олар да бөлтірік екен.

— Жаралы қасқырға ерген үшеуі,— деді шал, не қақпанның шапқан даусынан, не басқа бірдемеден шошып кетті...

Шал айнала жүріп тағы із кесті де, жаралы қасқырдың жатқан жерін мөлшерледі:

— Бұл араның ағашы сирек,— деді ол.— Адам кездесіп қалады деп қорқады да, ол қалыңға тартады. Орман бұл арадан алыс. Оған жаралы яғымен тез жете алмайды. Сонау бұлдыраған орманның бержағында қалың ермен шыққан егін орны бар, жаралы қасқыр дәуде болса сол ерменнің ішінде. Сау қасқырлар оны арғы қалың ағашта қарауылдап жүр. Әттең, мына қойларды ауылға айдап барар кісі жоқ,— деп өкінді қарт,— егер ондай кісі табылса, бұл қасқырды соғып алу қиын емес еді.

— Қалай соғып аласын, ата?

— Қазір ол хауіпті осы жақтан күтіп, ермен арасында бері қарап жатыр. Бұл арадан бізді көрмейді. Арада биік белес бар. Сонау сайды өрлеп, қасқырдың арғы жағына шықса, еңбектеп жаяу кеп ұрып алуға да болар еді, қазір қансырап та қалған болу керек. Сыздаған жарасын жалап жатып, желге қарсы келген адамды абайламайды...

Дес бергенде, колхоздың жолаушылап келе жатқан бір әйелі ұшыраса кетті. Соған қойға қоса өгізді де ауылға айдатып, ата мен немере қасқыр жаққа жөн тартты. Қолдарында бар қару —«қақпанға түссе ұрып алам» деп ауылдан ала шыққан құлаштай қайың шоқпар мен шалдың кісесіндегі қынға салған кездік.

Қасқыр жатқан ерменді дөңестің аржағына бұлар сайды қуалап отырып күн бата жетті. Жолшыбай шал:

— Қасқыр мөлшерлі жерде жатыр екен,— деді немересіне.

— Оны қайдан білдің, ата?

— Көрмеймісін, қалың ерменнің сонау қара жолақ сызықтанып барып, орта кезінде тұйықталуын?.. Сол жолақ сызық қасқырдың ерменге жауған қарды түсіріп барып жатқан жолы...

— Ығына шықтық қасқырдың,— деді шал,— ермен сыртын орап барғаннан кейін, енді біздің иісті сезбейді ол. Бержағына еңбектеп жетеміз де, үстінен түсеміз...

— Сонан соң?— деді бала асығып.

— Мен оны шоқпармен соғам!..

— Қаша жөнелсе?

— Артқы бір аяғы жоқ қасқыр қашып береке жасамайды және қансырап та қалған болар.

Дөңнің аржағынан ерменге қарай еңбектеген шалдың артынан ерген Жандос қорқып келеді: «қасқыр біреу болмай, көп болса,— деп ойлады ол,— жапа-тармағай бізді бас салса... онда қайтеміз біз?.. Оның қолындағы бар кару,— «мынаны сен ұста, балам!» деп атасы берген кездік. Қасқыр ұмтылса, онымен не бітіреді?..

Еңбектеген шал ерменнің қалыңына кеп кірді. Ермен биік екен, түрегеп жүрсе де Жандостың бойынан асатын. Сол қалыңға кіре баланың үрейі ұша түсті. Әр ерменнің түбінен қасқыр түрегеп бас салатындай көрінді оған... Ал, шал дегенің, ештемеден қаймығар емес, ілгері қарай сұғынып, өршелене жылжи түседі...

Бір кезде шал тоқтай қалды да, балаға ишара жасап, «деміңді шығарма!.. Жақындадық...» дегенді аңғартты. Баланың жүрегі аттай тулап кетті. Шал шоқпарын оңтайлап алды да, ілгері жылжыды. Бала сол арада шоқиып отырып қалды... «Жүр!» деген ым көрсетті шал балаға, ұзаңқырай беріп. Жандос шалға амалсыз жақындай бергенде, құлағына ыңырсыған бір дыбыс шалына қалды. Баланың жүрегі тулай түсті.

Сол кезде шал жалмажан түрегелді де, әлденеге ақырып қап шоқпарды сілтеп кеп жіберді. Қорқыныштан көзі бұлдырап кеткен бала, секундтік мезгілде есін жинаса, алды ұмар-жұмар арпалыс болып қалған екен, қасқырдың басы шалдың төсіне өрлеп бара жатыр, бірақ шал, оның арандай ашқан аузын денесіне дарытпай, жұтқыншақ түбінен қапсыра ұстап қапты.

Айқас бір сәтке ғана созылды. Қасқырдың бар денесі

сүйеген жалғыз артқы аяғын шал орай шалды да, жерге шалқасынан алып соқты. Жанталасқан қасқыр үстіне қонып қалған шалды алдыңғы екі аяғымен итермелеп, артқы жалғыз аяғымен тырналап жатыр!.. Жауыздың алдыңғы аяқтары мұндай қарулы болар ма,— шалдың денесін олай да бұлай да серпіп жіберді!..

— Жандос!— деді шал бір кезде ышқына дауыстап,— неғып тұрсын?.. Қолым қарысып қалды!.. Сал пышақты қасқырдың ішіне!.. Әйтпесе, кеңірдегінен айрылам!..

Таянып келгенмен пышақты сала қоюға дәті шыдамаған балаға, қасқырмен арпалысып жатқан шал:

— Қасқырға жегізейін деп пе ең мені?— деп ақырды.

Шалдың шын қысылғанын бала енді ғана ұқты. Қысылмай қайтсін: манадан астында тыпырлап жатқан қасқыр, үстіндегі шалды қырынан аунатып барады. Егер шалдың үстіне шықса жазым қылуы мүмкін... Мүмкін емес-ау, солай болатын сияқты, өйткені,— шалдың қимыл қарқыны манағыдай емес, алқынып, тынысы тарылғаны ышқына алған демінен айқын-ақ көрініп тұр... Сол алқынған қалпында, қолы қасқырдың алқымынан айрылса ғой,— арандай ашқан аузын салып жіберіп, тісі тиген жерін ойып алады!.. Жұрттың айтуынша, қасқыр не алқым, не шап сияқты қайдағы әлсіз жерден ауыз салады... Онда шалдың өлгені!.. Ол өлсе, баланы қасқыр құтқара ма!.. Бала да болса, Жандостың бұдан бұрын бірнеше қасқырды көргені бар еді. Мына қасқыр олардың бәрінен зор... Кейін қайқая, ұшы сүйірейе біткен ыдыраңқы тістерінің әрқайсысы найза сияқты...

Қасқырдың осылайша күш алып бара жатқанын көрген Жандостың атасына жаны ашып кетті де, шалды үстінен аяғымен серпіп ауната берген қасқырдың төсіне қылпылдап тұрған үшкір кездікті сүріншек тұсынан сұғып жіберіп, кіндікке қарай тартып кеп қалды. Қырындай берген қасқырдың қан-жынына араласа, шек-қарны да ақтарылып түсті...

Әлсіреген қасқырдың аяқтары қимылын баяулатып барып, сіресе созылып жүре берді... Соңғы қарсылық-қимылының белгісіндей, түбіті қалың құйрығы шоршаң-шоршаң етті... Жан ашудың салдары болу керек — аузын тарс жұмып ап, астыңғы иегін екшей толғағанда, бір біріне қайралған тістері шақырлай қалды... Бір кезде бар денесі босаңсып, құлағының ұшы ғана дірілдеді.

Қасқырдың алқымына қарысып қалған қолын зорға жазып түрегелген шал, қатты ентіккен деммен:

— Өлді!.. Итіңнің өзі де үлкен-ақ екен ғой!— деді қасқырға қарап тұрып.— Арланы екен!.. Арланның да арланы-ақ екен сабаз!.. Ту биелердің құйрығына тісі іліксе, тырп еткізбей ұстап қалатын мұндар ғой бұл!..

«Сондай мықтыны да жеңдім» дегендей, шал бетіндегі сала-сала терең әжімдерін жиырып, ақ бурыл қаба сақалмен үстіңгі иегін басқан мұртын қозғап жымиып қойды.

— Жарайсын, балам,— деді ол Жандосты арқаға қағып,— өзім сияқты аңшы бола алады екенсін!..

Шал бір ғана өкініш айтты:

— Қасқыр атаулының бәрі қаскүнем ғой, балам,— деді ол, біраз тыныстаған соң,— сөйткенмен, мұның ең залалдысы — қаншығы. Бөлтіріктерін өргізіп алғаннан кейін, малдың жауы сол болады. Қотандағы қойды түнде қырға айдап кетіп, бөлтіріктеріне де қырғызатын, өзі де қыратын, көбінесе сол қаншық. Тойғанша жеп, өзгесін аман қалдырып кетсе бір сәрі-ау. Алдына түскен қойдың бәрін қырмай тынбайтын қиястығы бар жауыздың. Мына арланның қаншығы мен аман құтылған бөлтіріктері колхоздың малына талай залалды істейді әлі. Шіркін, осының қолға қаншығы түссе!..

Бұл сөз Жандостың құлағында қалды.

3. АЯНЫШТЫ ЛАҚ

Келер жылдың жазы басталды.

Ұмытып барады екеміз,— біз сипаттап отырған өлке, Қостанайдың шығыс-теріскей жағындағы бір ауданда. Бұл өте құнарлы жер: қара топырақты қыртысының қалыңдығы жарты метрдей... жерінің беті ойлы-дөңділеу келеді, дөңдерді жоталай және бауырлай қалың ағаш өседі... Сайсалаларда дөңгелене біткен ұлылы-кішілі көлдер, олардың кейі жалтыр, кейі қамысты... жаңбырлы жылдары жоталы жерлерге өскен қалың қау мен ойпаттарға өскен жоңышқалы шалғынға, ауыл тілімен айтқанда, жатқан құлын жасырынады... Биылғы жаздың жағдайы дәл осылай болып тұрған.

Былтырғы жылғы аз үйлі артель биыл молайып, үштөрт артельден құралған колхоздың аты Ленин қойылған, үй саны екі жүзге жеткен. Қосылған артельдердің бәрі, қоныстауға ең қолайлы жер деп, Жандос аулы отырған жер-

ге жинала бастады. Біраз үйлер биыл көшіп те келді, қалғаны алдағы күзде, егін-шөптің жабдығы біткен соң келмек.

Көп күш бірігіп салған егіннің жаңбырлы жылда шығымы өте жақсы болды. Егін піскенше, биылғы жылдың бай шабындығын мол пайдаланып, малдың қысқы жемін қамтамасыз ету үшін, колхозшылар екпінді қарқынмен ойда-қырда қол орақпен де, машинамен де шөп шауып жатыр... Пішеншілерге ауылдан азықты жұмыс жасына жетпеген балалар тасиды, солардың бірі Жандос.

Бір күні, азық тасып апарудың кезегі Қалқаман атты ересектеу бір бала мен Жандосқа келді. Колхоздың кілтшісі, пар өгізге жеккен бричкаға қажетті астықты тиеді де жөнелтті.

Азықты олар ауылдан алысырақ жердегі машинашыларға апармақ. Ол жаққа баратын жолды Қалқаман білемін деген. Бірақ ол ауылдан ұзаңқырап шыққан кезде адасты. Онысы үшін Қалқаманды сөгуге де болмайтын еді, өйткені,— бұрынғы аз үйлі қыстаулардың арасын жалғастыратын көрбілте жолдардың көбі, ел колхоз боп тұтасқаннан кейін көпшілігінің үстінен егін жүріп кеткен. Қалқаманның білетіні де, осындай жолдың біреуі еді.

Өзін пысық және жершілмін деп санайтын Қалқаман, білетін жолының алды егін себілген бір жерге кеп тірелгенде, «соныдан да қиып алам» деп бұрыла жөнеліп, біраздан кейін қайда кеткенін шамалай алмай қалды. Адасқанын білген адамның берекесі кететіні, жол тапқысы келген жорамалының көп болатындығы мәлім. Қалқаман да өгіздерін сонда жорамалды жаққа бұрам деп, ығында кішірек көлі бар, дөңестеу жерге дөңгелене біткен бір ағаштың қойнауына кіріп кетті. Енді кейін қайтпаса, ілгері өрлеп шығар жер жоқ.

Екі бала дағдарды да қалды. Бұл тұйыққа тірлегенге дейін, өзінен жасы да үлкен, ақылы да көп деп есептейтін Қалқаманның жол табуына Жандос сенген еді, енді, шын адасқандарына көзі жеткен соң, ол үміті үзіле бастады.

Адасқанын білсе де Қалқаманның әлі де сыр бергісі келмей тұр.

— Бұл жерді де білем,— дейді ол кескінінде қорқу бейнесі көрінген Жандосты жұбатпақ та, алдамақ та болып,— Атантай деген байдың ескі қыстауының орны бұл. Өгіздерді ағытып отқа жіберейік те, өзіміз дөңдегі ағашқа жаяу шығып, аржағынан жол тауып келейік.

Елсіз жердегі қалың ағашқа кіруге қорыққан Жандос өзінше қу болғансып:

— Кейін қайтайық, жолды сол жақтан тауып аларміз,— дейді.

— Жүреміз бе ерсілі-қарсылы шұбырып?— дейді Қалқаман,— осы ағаштың арғы желкесінен шығатын жол барын анық білем, ол араға егін салынбаған болу керек, жүр, барып көрейік.

Жандос үндемейді, онысы — наразылық белгісі. Қалқаман көріп тұр,— Жандостың жүргісі келмей тұрған жоқ, ағашқа кіруге қорқып тұр.

Былтыр күз пышақпен қасқырдың қарнын жарғаннан бері Жандос ауылда «батыр бала» атанып кеткен еді. Жұрттың ол ойыны емес, шыны: он жасар балаға, қасқырдың қарнына қорықпай пышақ салу, шынында да ерлік қой.

«Сол өзі қалай болды?» деп сұраған құрбыларына, «табысына масаттанған» Жандос аздап өтірік те қосып, ерлігін болған жағдайынан асыра сипаттаушы еді. Қалқаманға да ол сөйтті. Мана, ауылдан шыға, бір жағы жолды қысқартуға ермек көріп, екіншіден, Жандосқа ерлігін сөйлетуді қызық көріп, Қалқаман:

— Сен-әй, былтырғы қасқырды қалай жардың, осы? Өз аузыңнан бір естіген емен. Қызық қой, өзі, сол ісің? Соны өзіме бір оңаша айтып берші!— деп өтінген...

Қалжыңы мен мысқылын араластыра отыра, сұраулар арқылы Жандосты ол ұзақ сөйлеткен, сонда байқағаны, қасқыр жарғанын Жандос ертегі сияқты, қызық әңгімеге айналдырып алыпты. Шынына сүйсіне отыра, қай жерінде қоспасы барын естияр Қалқаман шамалайды да, бірақ ауызға қақпай, «апырау!.. Я!.. Ал?..» деген сияқты желіктіретін лептермен Жандосты қоздыра түседі. Іштей солай мысқылдай отыра, Қалқаман Жандостың ерлігіне сүйсінеді де. Қалжыңын қойса да, оны батыр балаға жориды...

Сондай «батыры», міне, енді білмейтін ағаштың ішіне енуге қорқып тұр. Қорқынышын ауызша айтпағанмен, үрпиген кескіні көрсетіп тұр.

Қалқаманның өзі батыл бала болатын. Он үштен асып, он төртке шыққан ол, өзін кемеліне келуге жақындап қалған еркекке санайтын. Оның ұғымында еркек кісі қорқуға тиісті емес. Мысалға қасқырды алайық. Ауыл арасында қыдырып жүретін ертегілердің біреуінде, қасқырдан біреу:

— Сен еркекті көрсең қайтер едің?— деп сұрапты...
Қасқыр:
— Ертістен әрі қарай қашар едім!— депті.
— Ұлды көрсең қайтер едің?— десе:
— Ұлаға-ұлаға қашар едім!— депті.
— Қызды көрсең қайтер едің?— десе:
— Қызыл өңешіме салар едім!— депті.

Осы ертегіде айтылған сөзге Қалқаман сеніп, қасқырды ұлдан қорқады деп түсінетін.

Ағашқа кіргенде, балалардың қорықса қорқатыны қасқыр ғана. Одан күшті аң бұл маңайда жоқ. Түлкі, қарсақ сияқтылардан, әрине, қорықпайды. Қасқыр туралы да ұғымы әлгіндей Қалқаман:

— Барайық!— деді кесінді сөзін айтып.— Неден қорқамыз? Қасқырдан ба? Сен қасқыр жарған баласын,— деді ол Жандосқа құлана қарап,— мен де қорқа қоймаймын оныңнан. Ал, өгіздерді ағытайық та кетейік...

Жандосқа енді жасқанудың реті болмай қалды. Іштей қорқа тұра, ол көнді. Ағытқан өгіздер масалап көлге түсіп кетті. Айдап шығармаса, олар кешке шейін суда тұрып шалғын жейді.

Қалқаман үйінен кішірек айбалтасын ала шыққан еді. Ағашқа кіре, ол құрыққа жарарлық екі қайыңды тамырын шаба қопарып, безінен сабағы кере құлаштай шоқпар жасады да, кішірегін Жандосқа беріп, үлкенін өзі алды.

Шоқпарларын иықтарына салған олар қалың ағаштың ішіне кірді. Зәулім биік боп өсіп тұрған, етегіне күн көзін түсірмейтін бұл қалың ағаштың ішіне өскен шөп,— ешкі бүлдіргеннің жапырақтары ғана екен. Олардың басына үркердей боп шоқтала шыққан бүлдіргендер күп-күрең боп пісіп қапты, ауызға салса бырт етіп жарылып кетеді, тілді үйірген қышқыл дәмі қымыз татиды...

Бүлдіргенді балалар жеп те, қалталарын толтырып та біраз тергеннен кейін:

— Енді, енді, жолымызды байқайық,— деді Қалқаман.

Олар ілгері жүрді. Қалың ағаш өскен дөңнің қыратында, ескі қыстаудың жұрты бар екен, көп заманнан бергі жұрт болу керек,— ізі,түзі бітіп, көңіне алабұтасы, бидайығы аралас қалың шалғын шығып кетіпті...

— Манағы айтқан қыстауым осы,— деп қойды Қалқаман,— енді ағаштың желке жағына шығамыз. Ол да алыс емес.

Қалқаманның болжалы тура келді. Ескі қыстаудан әрі ұзамай, қалың ағаш сиреп, дала көріне бастады. Сол кезде, олардың құлағына бақырған лақтың даусы естілді. Елеңдеген балалар тұра қап құлақ түрсе, шынында лақ даусы!.. Өте ыңғайсыз дауыс!.. Әлде не талап жатқан лақтың даусы сияқты... Дауыс әлсін-әлсін бәсеңдеп, әлсін-әлсін қайталай береді.

— Анық лақ!..— деді Қалқаман...

— О қайдан келеді?— деді үрейленіп тұрған Жандос.— Бұл маңайда ел көрінбейді ғой...

— Қасқыр әкеледі,— деді Қалқаман...

— Қасқыр?!.

— Я...

— Қалай әкеледі?!.

— Былай!— деп Қалқаман Жандосты шап беріп құшақтады да, иығына салды...

Лақ тағы да бақырды. Бұл жолы бұрынғыдан да қаттырақ, бұрынғыдан да аяныштырақ!

— Келді айтқаным!..— деді Қалқаман Жандосты жерге түсіріп,— бөлтіріктеріне талатып жүр екен!.. Жүр, барайық!..

Қалқаман шоқпарын қолына көлденең ұстап жүгіре жөнелгенде, Жандос орнында тұрып қалды. Не қылаға білмеген Жандос жылап жіберді. Аз жер жүгіріп Қалқаман артына қараса, Жандос қозғалмапты.

— Өй, мынауың не?!— деді ол қайтып кеп, сыбырлай сөйлеп,— батырлығың осы ма? Лақты қасқырға талатып тұрамыз ба, осы арада?.. Жүр!..

Жылаған Жандостың қозғалмайтын қалпын көрген соң, Қалқаман оны қорқытып ертпек боп:

— Ендеше тұра бер, орныңда,— деді ол,— ағаш ішінен қасқыр шығып бас салса, менен көрме!..

Бұл сөзге құлағы елең ете қалған Жандос, жөнеле берген Қалқаманға амалсыз ерді.

Қыстаудың желке жағында, қалың орманнан оғаштау өскен биік шоқ ағаш тұр, әдетте, ондай жерде ауылдың зираты болады. Лақ даусы сол шоқ ағаштың аржағынан естіледі.

Еңкеңдей жүгірген екі бала шоқ ағашқа жетсе, шынында да зират арасына өскен ағаштар екен. Талай заманнан жасап келе жатқан ағаштар болу керек,— діңгектері жуан, өрелері биік, бұтақтарының басы толған қарғаның ұясы... Ағашты жерде тұрғандықтан, ол елдің адамдары, өлген

туыстарына тамды бөренеден қиып орнатады. Бұл арадағы зираттар да сондай...

Балалар зират арасымен жасырынып барып қараса, әрірек жердегі бір обаның маңында, төрт-бес бөлтірік бір үп-үлкен лақты қақпақылдай қуып, жан-жағынан тістелей талап жүр. Жанталасқан сорлы лақ қамалаған бөлтіріктердің қарсы келгенін сүзбек боп ұмтылса, кейінгі жақтағылары тістелей бастайды, оларға бұрылайын десе, артындағылары тістейді...

Лақтың аянышты халін көрген Қалқаманның қаны қызып кетті де, шоқпарын көтере ақырып қап, тұра ұмтылды... Күтпеген кезде аяқ астынан шыға қалған адамның даусын естіп, іле өзін көргенде, бөлтіріктер жалт қарап, аңырып тұра қалысты... Адамды медеу көргендей, қысылған лақ та маңырап қоя берді... Жандос та шоқпарын көтере айғайлап жүгірді...

Қалқаманның лақты құтқарам деген үміті алдады. Обаның аржағынан салаң етіп, үлкендігі тайшадай, бауырында емшектері салақтап бір қасқыр шыға келді де, айғайлай жүгіріп келе жатқан Қалқаман мен Жандосқа одырая бір қарап, лақты бассалды... Алдыңғы екі аяғынан қапсыра тістеген лақты ол сілкіп иығына тастады да, қалың ағашқа қарай көлденеңдеп тартты... Бөлтіріктері соңынан шұбай жөнелді... Балалар жүгіре қуып айғай салған болды... Қасқырлар оны елең де қылған жоқ, көсіле шауып, қалың орманға кіріп кетті.

— Қап!— деп өкінді Қалқаман,— эттең лаққа қолым лекпеді, ал, леккенде бар ғой, бір қасқыр түгіл он қасқыр болса да бермес едім.

Лақты Жандос та аяп тұр, бірақ ол өзінің аман қалғанына қуанып та тұр.

— Енді қайтайық,— деді ол.

— Жоқ, обаның маңайын көрейік,— деді Қалқаман.

— Неге?

— Әлгі қасқырлардың бұл арада апаны бар.

Жандостың барғысы келмеп еді, Қалқаман «ендеше, сен осы арада тұра тұр» деп жөнеле берген соң, тағы да амалсыз ерді.

Биіктеу обаның төңірегі қасқырдың ойнағы екен, шөбі жапырылып қалыпты. Обаны айнала ұсақ малдардың, аңдардың жүн-жұрқа, бақай-тұяғы сияқты қалдықтары шашылып жатыр, олар, әрине, қасқырлар тірідей алып кеп талап жеген жануарлар...

Обаның бір шетінде, аузы қап-қара боп үңірейіп кең апан жатыр. Оған жетіп баруға Жандос түгіл Қалқаман да жүрексініп, ішінде қасқыр жатқан болар деген хауіппен әуелі алыстан айқайлап, артынан шоқпарымен жерді дүңгірлете сабап көріп еді, ешбір сыбыс болмады. Қорқынышқа бойы үйреніңкіреген Жандос пысып:

— Ә, өзің де қорқамысын?— деді қалжыңдап.

Сол сөзге намыстанды ма, әлде өзінің де бойы үйренді ме, ол апанға таянып барып, ішіне шоқпарын жүгіртті. Шоқпар, әрине, түбіне бойламады. Ішінде қасқыр жоғына көзі жеткен Қалқаман, Жандостың шоқпарын алып, екі шоқпарды байластырып апанға тығып көріп еді, түбі ме, әлде қалтарысы ма,— бірдемеге барып тірелді. Ол қуанып:

— Ойбай, бірдеме былқылдайды,— деді Жандосқа.

Жандос үрейлене бастаған соң:

— Ойнаймын,— деді Қалқаман,— дәнеңе жоқ. Бұл апанның бөлтіріктері мен қаншығы әлгілер ғой, еркегі жемтік іздеп даланы кезіп кеткен болар.

— Сонда бұлар, алыстан әкеле ме?

— Қай жерде мал болса, содан барып әкеледі де...

— Бәрін де тірі әкеле ме?

— Үлкендердің айтуынша, бөлтіріктері тірі малға ауыздануға жарамайтын кезде, әкесі мен шешесі қолына түскен малды, немесе аңды ұстаған жерінде жеп, бөлтіріктеріне кеп құсып беретін көрінеді...

— Тіфу, ит-ай,— деді Жандос,— жүректері айнымай, құсықты қалай жейді екен?

— Адам емес, аң ғой ол. Арам-адалды біле ме. Тек, қарны тойса болды...

— Қызық екен...

— Ал бөлтіріктері ауыз салуға жараған кезде бар ғой, үлкен қасқырлар ұстаған аңын да, малын да тірідей алып келіп, көздерінше талатады...

— Неге?!.

— Сөйтіп, аңшылауға үйретеді...

— Жауыздар-ай, ә!..

— Ауылға тез қайту керек те, бұл апанда бөлтіріктері мен қасқыр барын хабарлау керек... Осы кезде көздерін жоймаса, ертең өсіп алған соң малға дамыл бермейді бұлар...

— Қалай аулайды сонда?..

— Түнде кеп, қапыда бас салады. Бұл бөлтіріктерді кәзір қыл құйрықты жылқының бәрі соға береді...

Іздеген пішеншілерін тауып, апарған астарын тапсырған балалар, оларға апан жайын айтып еді:

— Ауылға хабарлап жүргенде, қасқырлар басқа жаққа ауып кетеді,— деді қартаң біреуі,— апанға бүгін түнде өзіміз барайық...

— Неге ауады?— деп сұрады балалар.

— Апанын елден қашық, адам бармайтын жерден қазған олар, егер кісі барғанын көрсе-ақ, хауіптеніп безіп кетеді. Бөлтіріктері кішкене болса аузымен тістеп тасып әкетеді, үлкен болса ертіп әкетеді...

Қартаң адамның жобасы расқа шықты. Пішеншілер де, ауылдағы адамдар да апанды бірнеше рет торып еді, қасқырлары да, бөлтіріктері де жоламады...

Бөлтіріктерді ұстау Жандос пен Қалқаманның көңілінде арман боп қалды...

4. ЖАРАЛЫ ҚҰЛЫН

Одан кейін үш жыл өтті. Ленин атындағы колхоз бұрынғысынан әлдеқайда ауқаттанып кетті. Оған себеп — колхоз басшылығының дұрыстығында еді. Бізге белгілі Шымболат Тастанов бұл колхозда әлі де председатель. Оның кім екенін, оқушыларға осы арада таныстыра кету қажет. 1917 жылы партияға енген ол азамат соғысын басынан кешіріп, советтік құрылыстың ісіне біраз араласты да, кейін, 1924 жылы Москвадағы Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетіне түсті. Оны бітіргеннен кейін облыстық басқарушылық қызметіне белгіленді. Сол қызметте өкпе туберкулезіне шалдықты да, дәрігерлердің кеңесімен ауылдық жердің қызметіне ауысты. Аудандық партия комитеті оны біз сипаттап отырған Ленин колхозының председательдігіне ұсынды, колхозшылар бұл ұсынысты құшақ жайып қарсы алды.

Бұл колхоздың жері шұрайлы екені бізге мәлім. Осы жерге егін салуды жыл сайын молайтып әкетті.

Тың жерге салынып, агротехниканы қолданған егін жыл сайын шығымды боп, басында әлсіздеу құралған колхоздың шаруасы ауданның маңдай алдына шығуына жағдай жасады.

Шымболат мал шаруашылығының өркендеуіне де ерекше көңіл бөлді. Төрт-бес жылда ол жылқы санын бес жүзге, қара малды төрт жүзге, ұсақ қараны үш мыңға жеткіз-

ді. Алтыншы түлік қып колхоз қазы, үйрегі, тауығы аралас екі жүздей құс асырады.

Мал тұқымын асылдандыруды да ол қолына алды. Өткен жылдың көктемінде бұл колхозға меринос қошқарлар, герефорд бұқалар келді. Сол жылдың күзінде Шымболат әлдеқайдағы жылқы заводынан жирен қасқа арғымақ айғыр әкелді.

Астықтың да, малдың да өнімі көп болғандықтан еңбеккүнге колхозшылар бай үлес алды. Оны пайдаға асыру жөнінде де колхозшыларға Шымболат басшылық көрсетті: артық астықты мемлекет және кооперация орындарына саттырды да, одан алған түсімді үйлерінің іші-тысын оңдауға жұмсаттырды. Жаңадан үйлер салуға колхозшылар көпшілігінің мүмкіндігі барын көрген ол, облыс арқылы құрылыс материалдарына лұқсат ап, МТС машиналарына тасыттырды. Былтырғы тапалтақ шым үйлердің орнына биыл шатырлы ағаш үйлер салына бастады. Ортақ қордан Шымболат колхозға кең клуб салдырды. Оның бір бөлмесіне кітапхана орнады. Бір бөлмеге телефон мен радио құрылды. Бастауыш мектеп келер жылы жетіжылдыққа айналып, мемлекет күшімен үйі салынды, қасына жүз балаға арналған интернат орнады...

Жетіжылдық мектептің бесінші класында барлық сабақтан «отлично» оқып жүрген Жандос, көктемнің жаймашуақ бір әдемі күнінде мектептен үйіне қайтса, есік алдында бусанған, ерттеулі ат байлаулы тұр екен. «Әкем» деп ойлады ол. Бойын қуаныш та кернеп кетті. Қуанбағанда қайтсін ол,— баққан жылқысын өткен күз алыстағы жайлаудың тебініне айдап әкеткен әкесі, қыс ортасында ғана бірер күнге келіп кеткен болатын. Содан кейін келіп тұрғаны осы.

Сол күні кешке Қамбардың үйінде зор мәжіліс болды. Қыстай жайлаудағы жылқы басына салынған үйде болып, қыстаудағы ауылға келгеніне бірер ай болған Бәтия жеңгей, сағынған ерін жайраңдаған жүзбен қарсы алып, амандаса келген адамның бәрін де асқа қаратты.

Үй-іші гу-гу кеңес. Сонда, сөздің көбі жылқы туралы, оның қалай қыстап шығуы туралы. Бұл жөнде әңгімені көбірек шертетін Қамбар. Өткен қыстың жылқыға аса жайлы болғанын айта кеп, ол әңгімесінің денін қасқыр қуу жағына аударды. Былтыр күз заводтан алған жирен қасқа арғымақ айғыр қар бекіген кезге дейін тебінде болып, Қам-

бар онымен бір айда үш қасқыр соққан. Жұрт Қамбардан сол жайды көбірек сұрайды.

— Егер,— деп аяқтайды Қамбар, қасқырларды жирен қасқа айғырмен қалай соққанын тыңдаушыларына өте қызғылықты түрде айта кеп,— бұдан шыққан жиырма биеден туатын құлын да осындай жүйрік болса, маңайдың қасқырын бірер жылдан қалдырмай тауысармыз деймін.

Бұл сөзге Жандостың құлағы ерекше елеңдейді. Өйтпегенде қайтсін, қасқырлар оның құнанын жеумен ғана қанағаттанған жоқ, бірен-саран малды үзе-тартуын былай қойғанда, өткен жылдың күзінде, колхозшылардың жеке меншігіндегі бір топ ешкісін түгелімен қырып кетті. Қасқырлар бүйте берсе не жан қалдырады...

Жандос әкесінің сөзіне құлақ түрсе, жирен қасқа айғырдың үйіріндегі биелер жақын арада құлындай бастамақ. Олардың туғанын көру, әсіресе, бастапқы құлынның туғанын көру, Жандосқа, әрине, зор арман. Сәтіне қарай бұл жәй көктемгі каникулге реттес келе қалды. Оқу басталғанша оралмақ боп, сол күні кешке қарай, Шымболат пен Қамбарға еріп, Жандос салтатпен жайлауға жүріп кетті. Аяң-жортақпен түні бойы жүрген олар, жылқыға таң біліне жетті. Күзеттегі жылқышылардың айтуынша мал аман, тек қана бүгін-ертең құлындауға тиісті қара-көк бие жоқ. Жылқышылардың бірі оны іздеп кетіпті.

Бие атаулыда үйірінен оңаша кетіп құлындайтын мінез бар, онысы — жас құлынын өзге жылқыдан қызғанғандық. Мына биенің де жоғалуына себеп осы екенін жобалаған Қамбар, іздеп кеткен кісінің оралуына шыдамады, өзінің де іздегісі келді. Түнгі жүрістен шаршаңқырап қалған Шымболат қоста тынығуға ойланды. Жандостың әкесімен бірге барғысы келді.

Әке мен бала тың аттарға мініп жол шекті. Бала күнінен жылқы бағумен «көзі шыққан» Қамбардың бір ғажабы, жылқы атаулымен сырласып қойғандай, қандай жағдайда қалай қарай өретінін көбіне дәл болжайтын еді. Бұл жолы да сонысына бағып, аттанар алдында «ол бие пәлендей жерге баруға тиісті» деп жобалады да, қостан тікеден-тік солай қарай тартты.

Бұл жайлау таусыз, белессіз, бұтасыз жазық дала еді, Тек әр жерде ғана төңіректей қамыс шыққан кішірек жалтыр көлдер ұшырайды. Ескі қордасы өткен күз тып-типыл боп өртенген бұл кең дала, жаңбыры мол ұзақ күз-

де көктеп үлгерген. Өртеңге шыққан сол көгал кәзір қалың шалғынға айналып, көктемнің жұмсақ самалына ырғалғанда, жасыл түсті теңіз ақырын ғана қыбырлап толқып тұрғанға ұқсайды. Толқыған шалғыннан көтерілген иіс, дем тартқан мұрынды дамылсыз қытықтайды. Жұпар иісті ауаны жұтқан кеуде анау кең аспанға ұқсап кеңи түседі. Күн райы қызына бастағандықтан, сай-салада сағым көтеріліп, әлдеқайда қараңдаған бірдемелерді бері қарай қалқытып әкеле жатқан сияқтанады. Көгілдір аспанның биігінде әр жерде шырқап шығып сайраған бозторғайлардың дауысы құлақты да қытықтап, көтеріңкі көңілді көркем дала одан да биіктете береді. Кездесе қалған көлдердің бетінде тұнып отырған әртүрлі құс, әлденеге азан-қазан, у-шу!.. Соларға құлағын да қызыға түріп, көзін де қызыға тіккен Жандостың әсерленгіш сәби сезімін қатар келе жатқан әкесінің:

— Балам, қалай, шаршадың ба?— деген дауысы бөлді.

Селт ете қалған бала, «жоқ» деді де, әсерлену теңізіне тез қайта шомып, дыбыстарға құлағын да түре түсті, төңіректегі бейнеге көзін де тіге түсті...

Әсерлі сезімге қарық боп келе жатқан баланың көңілін әкесінің «әне!» деген даусы тағы да бөліп жіберді.

— Сонау,— деді ол, кескініне қараған баласына, алыста сағыммен бұлдырап қараңдаған бірдемені қолымен нұсқап,— біздің бие. Мөлшерлі жерден табылды жануар.

— Құлыны көріне ме?— деді, қарайғанға көзін қадай тіккен бала.

— Қасындағы қыбырлаған кішкентайға көзің жетпей тұр ма?

Бала қадала қараса, «бие» дегеннің қасында әлде не шынында да қыбырлап жүр екен.

— Ал, тарттық!— деп Қамбар астындағы атын тебініп шоқыта жөнелді. Әкесіне ере бала да тартты.

Олар жақындап келгенде, одырая қарап тұрған бие қаша жөнелейін деп еді, тегі, жақында ғана туып, жаңа ғана аяқтаған болу керек, сирақтары серейген жас құлынның буындары дірілдеп енесіне ере алмады...

— Құр, жануар, құр!— деген дыбыс берді Қамбар.

Таныс дауысты естігендіктен бе, әлде ере алмаған құлынын қимағандықтан ба,— ойқастай оқыранып, құлын маңынан бие шықпады.

Атынан қарғып түскен Қамбар, құлынды ұстай ап, құлақтарын да үрледі, аузын да ашып үрледі. Оның неге ке-

рек екенін мал ішінде өскен Жандос біледі,— ырым емес ол, қағанақ қатырмау...

Қамбар ұстаған құлынның үстіне, қызғанған биенің шұрқырап түсе қалғысы-ақ келетін сияқты, тек, Қамбардың «һай, құр жануар!» деген қатаңдау даусынан қаймығып тұр...

Атынан түсіп құлынды Жандос та көрді. Түсі жирен қасқа. Бірақ бұл күйінде оған ұнай қойған жоқ, түйенің жас ботасы сияқты, аяқтары ербиген бірдеме...

Бірақ, екінші рет көргенде, құлынның сұлулығына Жандос көзін тойдыра алмады. Бұл алғаш көруінен бір ай кейін еді. Жандос бұл жолы жылқы басына биылғы жылдың сабағын аяқтап, экзамендерін түгелімен «отлично»ға тапсырып келді. Және ол, өз бетімен келген жоқ. Мектеп қасындағы пионер ұйымы биылғы жылы төлдерді, әсіресе, асыл тұқымды малдардың төлін қамқорлығына алмақ болды. Сол мақсатпен құрылған пионерлер отрядының кейбірі қозы-лақтарды, кейбірі бұзауларды қамқорлығына алғанда, әкелері жайлаудағы жылқы бағуда жүрген бір топ бала, қамқорлығына құлындарды алмақ болды, солардың ішінде Жандос та бар. Отрядта ол — вожатый.

Отряд барғанға дейін бие атаулы құлындап болған екен, бірақ өзге арғымақ құлындар кешірек туыпты да, Жандос әнеугүні көретін құлын кәзір қара құлақтанып марқайып қапты. Енді көрсе, әнеугүні қабысып жатқан ішібауры шығып, тыртиған арық денесі жұп-жұмыр боп семіріп кетіпті! Алқам-салқам боп жатқан буындары кәзір қатайып, аяқтары қаққан қазықтай тіп-тік боп апты! Әнеугүні терісіне жабысқан жылбысқа жүндер кәзір тіріліп, тығыршық жүні құндыздай құлпырады. Әнеугүні ұстағанда аузы малжаңдап ырқына көне беретін құлын, енді кісіні маңайлатпай, анадайдан одырая қарайды да, жақындайын десең құйрығын тігіп ап қаша жөнеледі. Маңында қазақы айғырдан туған талай марқа құлындар жүр, бірақ олардың сауры, мұның баурынан-ақ келеді. Бұл олардан әлдеқайда көркем де, биік те!..

Осы құлынды көргенде, қуанышын қайда сиғызарын білмеді Жандос. Бұл кезде оның бойы да, ойы да өсіп қалған еді. Қазақ тілін жақсы білудің үстіне, ол соңғы жылдары орыс тіліне аса зер салып, ана тіліндей сөйлейтін болған. Кәзір ол ой өрісінің шамасы келетін әдебиетті екі тілде бірдей оқиды. Алматы, Москвада шығатын балалар журналдары мен газеттерін де түгел алдырады.

Бұлардың бәріне, өткен жылдың жазында Жандостың Қырымдағы Артек санаторийіне барып қайтуы қосылды. Қара теңіздің аса бір көркем жағасына орнаған бұл санаторийде ол барған шақта, жиырмадан аса ұлттан, бес жүзге жақын бала бар еді. Солармен бірге демалып, бірге ойнап қайтқан мезгілдің ішінде, ол сана-сезім жағынан әлдеқайда өсті. Советтер Одағы аталатын кең Отанның, оның ішіндегі халықтар достығының не екенін бұрынғысынан әлдеқайда жоғары ұқты.

Қайту жолында ол бір топ баламен Москваға соғып, басқарушылары қаланы аралатты. Олар Қызыл Алаңда да болды. Сұлу арғымаққа мініп осы алаңға шыққан жолдас Ворошиловты да, атты армияны да кинода көрген Жандос, соларға ұқсап атпен әскер киімінде осы алаңға шығуды арман етті...

Аулына келгеннен кейін де бұл арман күшейе түсті. Сөйтіп жүргенде аулына Ворошиловтың астындағыдай жирен қасқа арғымақ айғыр келді!.. Міне, енді, одан жирен қасқа арғымақ құлын да туды!.. Не деген сұлу құлын!.. Және біреу емес, бірнеше құлын! Құлындар да өспей ме, Жандос та өспей ме?.. Ендеше, арманына жуық арада жетпей ме?..

Бұл Жандостың ғана емес, ол басқарған отрядтағы барлық балалардың ойы еді, сондықтан да олар мойындарына алған міндеттерін жақсы орындады.

Олардың міндеті — жылқының күндізгі күзетінде болу. Бұл оншалық қиын да жұмыс емес: жылқыға күндіз қасқыр шаппайды, тек, жаз айларында жылқы бүгелектегіш, сондықтан жүргіш келеді, егер қайырып жүрмесең желдеп алысқа, бетімен кетіп қалатыны болады, бұл мінез, әсіресе, саяқ[1] аттар мен қысырақтың[2] үйіріне тән, құлыны көп сақа айғырлардың үйірі бетімен ұзап ешқайда кетпейді.

Бұрынғы жылдардың жазында, саяқтардың да, қысырақтардың да жоғалып табылуы, кей кезде ат сабылтырып, әрең таптыруы бола береді екен, өйткені, ол кезде жылқыны бағатындар — үлкендер болғандықтан, «күндіз қайда барар дейсін» деп бейқам болады екен. Биылғы келген балалардың сыбағасына, жылқыны күндіз ғана бағу тиген соң және біреу ғана емес, бір топ бала болған соң,

---

[1] Бос жүрген семіз аттар.

[2] Қысыр биелерден, әсіресе, жас байталдардан құралған үйір.

олар алдарына түскен жылқыдан шашау шығарған жоқ. Бұл жақтан үлкендер оларға өте разы болды.

Балалардың жылқы бағуға ұқыптылығын көрген үлкендер, кейде оларға жылқыны ымырттауды да жүктеп жүрді. Күндіз көп жүріп дамылсыз оттаған жылқының, ымырт жабыла тұрақтап жусайтыны болады. Ол кезде тек қарасынын бақыласаң жетеді, қайыру, иіруді тілемейді. Үлкендердің айтуынша, қасқыр жылқыға осы кезде тиеді, өйткені жылқы ымырт пен таң алдында қатты ұйқтайды. Бірақ, қасқыр жылқыға, мұндай жағдайда жаз айларында емес, күз бен қыс айларында тиеді. Балалар ымырттағалы да жылқы аман.

Жылқының ұйқысы да қызық: өзге мал жатып ұйқтаса, ол көбінесе түрегеп ұйқтайды. Өзі сақ және үркек жануар. Үрке қалса, желді аяқты жүйрік жануарларды қайырып алу да қиын. Балаларға сондай бірер жағдай да кездесті: неден үріккенін кім білсін, бірер рет ымыртта үрке қашып, балалар әрең жинап алды.

Үркектігіне және жүйріктігіне қарағанда, жылқыны қасқыр жеудің реті жоқ-ақ, сөйте тұра, қасқыр оны сиырдан әлдеқайда оңай жейді. Үлкендердің айтуынша, қасқыр жылқыны үркітпейді де, қумайды да, ол алыстан ғана көрініп, аунақшып ойнайды. Алғаш көргенде елеңдеп үркуге жиналған жылқы, ойнағанын таңсық көріп қарап тұрады... Қасқыр сөйте-сөйте жақындай береді де, жылқының нақ алдына кеп ойнайды. Бойы тіпті үйреніп алған жылқы иіскемек боп жақындайды, сол кезде қасқыр танауынан шап беріп алады... Қасқыр қарулы мақлұқ. Ол тістеген жылқыны тырп еткізбейді. Әдетте ол екеу болады. Бірі тұмсықтан алғанда, бірі шаптан алады. Қасқырдың аузы өте қарулы. Ол тістеген жерін жұлып алады. Шаптан тістесе, шек-қарнын ақтарып түсіреді... Жарған жылқының қасқыр әдетте ішіне кіріп, өкпе-баурын суырып жеуге құмар. Шыңғыра тыпырлап жатқан жылқының ішіне кіруге қасқыр қорықпайды!..

Қасқырды жылқы тарпыса да, тепсе де өлтірер еді, неге екенін кім білсін, бірен-саран өжет айғырлар болмаса, немесе, құлынын қорғайтын бірен-саран биелер болмаса, жылқы жануар қасқырдың алдында осал-ақ!.. Ол ешуақытта қарсыласпайды... Бар қолынан келері — қашып құтылу... тісі тисе-ақ — өлгені...

Ал, сиыр малы,— жылқыдан әлдеқайда осал бола тұра, ешуақытта қасқырдан қашпайды. Көп сиыр қасқырды қа-

мап ап, кейде сүзіп жарып тастайды. Көп қасқыр келсе, бұзау-торпақ сияқты ұсақтарын ортаға алып, үйіріле қап, қасқырды жолатпайды. Бір сиыр бір қасқырға оңаша кездессе жегізбейді. Қасындағы бұзауына да тигізбейді. Екі қасқырға да алдырмайтын сиырлар болады... Үлкендер бұл жайда нелер қызық әңгімелер айтады...

Сиырдың мынандай ерлігін, жылқының анандай осалдығын естігенде, балалар сиырға қайран қалады да, жылқыға әрі өкпелейді, әрі ренжиді...

Бір күні Жандосқа аса қатты ренжудің реті келіп қалды,— жылқы күзетінен қайтқан әкесінің қабағына қараса, қар жауатын бұлттай түнере қапты.

— Не болды?— деген жұртқа:

— Қара басты бүгін,— деді ол,— ұйқтап кетіп, арғымақ құлынның біреуін қасқырға талатып алдым.

— Қайсысын?

— Алғашқы туған жирен қасқа құлынды!..

Әкесіне үрейлене қарап тұрған Жандостың жүрегі, мына сөзді естігенде жарылып кете жаздады. Ол жылап жіберді.

Таланған құлынды көргенше дегбір таппаған ол, әкесіне, тағы біреулерге еріп барса, оң жақ санының қоң еті үңірейіп ойылып қапты, жарадан қан сорғалап төңірегінің терісі жалбырап тұр!..

Бұл келген адамдардың ішінде мал дәрігері де бар еді. Ұстаған құлынның жарасын ол дәрілеп байлады да, жазылғанша қолда ұстауға, енесі мен екеуін қоса алып қайтты...

5. БӨЛТІРІКТЕР

Құлынның жарасы жазыла бастады. Бірақ, оның әскер мінетін ат бола алмауы анық: қасқыр тартқан осындай тай, құлынның жарасы қашанда тыртық боп жазылады, үлкендердің айтуынша, тыртығы бар атты армияға алмайды. Міне, қайда өкініш!..

Жандосқа құлынның уайымынан, қасқырдың ызасы кем батқан жоқ. «Не деген пәле еді, бұл қасқыр деген!»— деп кейіді ол,— құнан анау, лақ анау, құлын мынау!..» «Қасқыр деген пәлені қайткенде құртуға болады?» деген ойға түсті ол.

Қамбардың және басқалардың жобалауынша, арғымақ құлынды талаған қаншық қасқыр. Ол жалғыз келіп тала-

ған болу керек, екеу болса құлынды босатпай жеп қояды: бірі таңнан алғанда, бірі тамақтан алады. Мына қасқыр, тістеген жерін жұлып қана үлгірген. Одан кейін құлын жеткізбеді ме, немесе, алыста болса да күзетші даусынан сескенді ме, әлде, осы жылқыда қасқырға шабатын бір айғыр болушы еді, сол кез кеп қап ара түсті ме,— әйтеуір қасқыр құлынды бір ғана қауып қала берген...

Енді, қайда сол қасқыр?

Тағы да Қамбардың жоруынша, ол қасқырдың апаны — «Шошқалы» аталатын қопалы көлдің аралында болу керек. Сырттай сипаттауы болмаса, аралға ол да, басқалар да бармаған. Көл ортсында құрғақ арал бар деп ойлайтын себептері,— сол тұсқа шоқталып талдар, қайыңдар өседі. Құрғақ болмаса қайда өседі олар? Бірақ, оған барған адам жоқ: көл әрі далиып жатқан үлкен,— айналасы жиырма — отыз километр, әрі қопалы қалың қамыс, әрі, «баяғыда біреу қабан көріпті-мыс» деген лақап жайылып, ішіне баруға жұрт қорқады, әрі арал сияқты көрінген жер көлдің ортасында, сондай жерге кім барады!..

Бірақ, Жандостың соған барғысы келді. Бұл сырын ол Қалқаманға ғана айтты. Бой жағынан соқтауылдай боп өскен,ептілігі — аттың құлағында ойнайды, өзі барып тұрған аңшы: өткен қыста бірер қасқырды атпен де соқты, бір қасқыр, бірнеше түлкі мен борсықты атып та алды. Құс атаулыдан атқанының есебі жоқ. Қосқа ол ас ішер кезде ғана келеді, басқа уақытта ат үстінде болады, көзінің шырымын далада кез келген жерге қисая кетіп ала салады.

Жандос айтқан аралды көруге оның өзі құмартып жүруші еді, сондықтан көне кетті де, ертеңіне ерте ертіп апармақ болды.

— Бірақ,— деп ескертті ол,— бұл сырыңды ешкімге айтпа. Не істегеніміздің жұрт бір-ақ білсін. Өзің кешке осында кел. Екеуімізге де мұнда мылтық бар. Оны өзің ата аласың ба?

— Әрине, атам!— деді Жандос ерсініп.

— Сөз осы...

Жайдақ мінген Жандос, Қалқаманға еріп, Шошқалыға ертеңіне ертемен барса, көл расында үлкен екен,— ұшығиырына көз жетпейді. Бергі бетіндегі дөңестен, қайың мен тал аралас шыққан ортасындағы биік арал айқын көрінеді. Көлдің шеті құрғақ екен. Қызғыш, тауқұдірет, шіңкілдек сияқты балшықта ғана отыратын құстардан басқа құсы-

ның даусы естілмеуіне қарағанда, бұл көлдің табанында жалтыр су болмау керек.

Тәуекелге бел байлаған олар мініп келген аттарын тұсады да, өздері қолдарына мылтық ұстап, аралды бетке ала қалың қамысқа кірді.

Денелерін жинақ ұстаған олардың бірінен бірі, бір ғана сырын жасырады, ол — қабаннан хауіптену. «Осында қабан болады» дегенді естіген олар, біріне бірі айтайын десе, үрейлендірем бе деп ойлайды да, өзі ғана білген боп, қасындағыдан жасырады. Бір жақсысы,— жел алдан,— ендеше, аралда қасқыр бола қалған күнде, адам исін сезбейді...

Қопалы қамыстың ішінен жүру біраздан кейін қиындап кетті: атам-заманнан қамысына не өрт, не қол тимеген бе, қалай,— шіріген салы жабағыдай ұйысып, жатып қапты, оның үстінен адам жығыла, сүріне әрең жүретін... Біраз барғаннан кейін, салының асты әуелі саз, содан кейін былқылдақ мия боп алды. Бір жерлерде, мия жас баланың еңбегіндей бүлкілдеп, аяқ басса ойылып кететін сияқтанады. Сол кезде жел де қатайып, ерсілі-қарсылы найқалған қалың қамыстың сыбдыры мың қасқыр бірігіп ұлығандай азан-қазан, у-шу боп кетті!.. Онсыз да жиілете соғып келе жатқан аңшылардың жүрегі одан жаман өрепкіп, өкпелері алқына түсті.

Бір кезде олар аралға шықты-ау!.. Арал шынында да құрғақ екен,— кәдімгі топырағы қатқыл қара жер, үстіне қайың, талы аралас ағаш шығыпты, алаңқы жері майысқан шалғын.

Аралға леккен олар ентігін басқанша аз отырды да, «енді қайтеміз?» дің ақылына кірісті. Күн бұл кезде көтеріліп қалған. Таңғы жел бәсеңдеп, кәзір майда қоңыр боп қана еседі. Таңертең аспанды қалыңдай торлап, сіркірей жауған бұлт та кәзір сиреп, көкжиектің әр тұсына шөгіп барады.

— Әкемнің айтуынша,— деді Жандос,— қасқыр апанында болса, бұл кезде ұйқыда. Аңқау ұйқтайды дейді оны. Сол кезде апанның үстін дүрсілдетсе, шошып оянып шыға қашады дейді. Сонда атып қалу керек дейді.

— Қойшы-ау!.. Не дейді?..— деп Қалқаман Жандостың білгішсінгенін қылжақ қып аз отырды да,— сөзді қояйық та, апанды іздейік!— деді.

Мылтықтарын оқтап, запас оқтарын даярлап ап, қол-

дарына кезене ұстаған олар, ағаш ішін көздерімен тесе сүзіп келе жатыр еді.

— Әне!— деп қалды Қалқаман.

— Не?— деді Жандос селк ете түсіп.

— Биік төмпе. Апан бір болса сонда болады.

Екеуі бұғып тұрып бақыласа кішігірім обадай биік төмпе, маңайына тал өсіпті. Олар сол қалпымен тағы да аз отырып еді, төмпенің үстіне бірдемелер қыбырлап шыққан сияқтанды...

— Бөлтіріктер!— деді Жандос сыбыр ете қалып.

Олардың өткір көздері айқын көрді, бауырларын жаңадан ғана көтерген бес қара қылшық бөлтірік!.. Құлақтары әлі тікейген жоқ, түбі жуан қып-қысқа құйрықтарының ұшы іп-істік... Осы түрінде олар қанатсыз шырылдауық шегірткеге ұқсайды.

Бөлтіріктер төмпенің басында біріне бірі соқтығып ойнай бастады...

— Түсі нағыз қара? Әлде қара қасқырдың бөлтірігі ме?— деді Жандос.

— Туғанда тіпті қап-қара болады,— деді Қалқаман,— өсе келе қоңырланып, аңшылауға жеткен кезде сұрланады.

— Енесі қайда бұлардың? Әкесі қайда?

«Апанда» дей беріп Қалқаман аузын жия қойды, ондағы ойы Жандосты апанға сескендірмей апару еді.

Олар саяңдау бір жерге арттарымен жылжып түсіп, бөлтіріктер ойнаған төмпенің аржағын жағалап кетті. Ораңқырап барып қараса, бөлтіріктер ойнауын доғарған жоқ, тек, бауырларымен сырғып жақындағанда жел жақтан жат иісті сезді ме, әлде сыбдырды естіп сескенді ме, селтең етіп бастарын көтерді де, жалмажан арғы етекке түсе бастады. Қалқаман Жандосқа қараса, бөлтіріктерді атып жіберуге қосауызды нысанаға ала бастаған екен. «Атпа!» деген ым білдірді Қалқаман.

Бөлтіріктер жасырынғаннан кейін, «енді не болар екен?» деген кескінмен, күткен хауіпті қарсы алуға даярланып екеуі аз уақыт тұрды. Ештеңе сезілмеді.

— Барайық!— деді Жандос.

— Барайық!— деді Қалқаман.

Мылтықтарын ыңғайлап алып еппен басқан адыммен екеуі бұға жүріп төмпеге жетті, сыбыс жоқ!.. Төмпенің үстіне шықты, сыбыс жоқ!.. Ақырын әрі қарай жылжып қараса, етекте апанның қарая үңірейген кең аузы көрінеді...

— Ал,— деді Қалқаман Жандосқа сыбырлап,— сен қолыңдағы мылтықтың ішіндегі патронды ал да, дүмімен жерді дүрсілдет, мен мылтығымды кезеп тұрайын.

— Аяғымызбен дүңкілдетсек қайтеді?

— Сөйтсек те болады...

Екеуі аяқтарымен тебініп көріп еді, одан жер дүңкілдеген жоқ. Жандос патронын алған мылтықтың дүмімен апанның үстінен түйгіштеп көріп еді, іші күңгірлеген сияқтанды, бірақ дыбыс жоқ!..

— Әй, тұрамыз ба, өстіп?— деп ызаланған Жандос қолындағы қосауыздың патрондарын қайта салды да, екі тілін бірдейінен тартып қалды. Екі ұңғыдан жедел шыққан бытыра даусы, көлдің ішін жаңғырықтырып жіберді... Апаннан сонда да дыбыс жоқ!..

— Қасқыр жоқ екен,— деді Қалқаман,— жемтік іздеп кеткен екен, әйтпесе, мына дауысқа шыдап жатпаса керек еді.

Сақтанған қимылмен олар төмпе маңын қараса, мұнда да қой-қозы сияқты ұсақ малдардың, қоян, борсық сияқты ұсақ аңдардың әр жерде шашылып жүн-жұрқалары, ескілі-жаңалы сүйектерінің қалдықтары жатыр. Жақында ғана желінген қозының тұяғы жіпсу қалпында бір сирағының басы жатыр... Мұның бәрі, әрине, осы араға тірідей әкеп талап жеген өлімтіктердің қалдығы...

Не істеу керегі белгілі,— апаннан бөлтіріктерді алу керек. Өз беттерімен олар шықпайды. Апан ішіне кіріп суырып шығару керек оларды. Кім істейді соны?

— Мен кірейін,— деді Қалқаман. Бұл сөзді ол ат өтті емес, шын айтты.

— Жоқ, мен кірейін,— деді Жандос.

— Неге?

— Сен үлкен жігітсің ғой. Егер ірі қасқырлар келіп қалса, қайрат жасайсың ғой.

... Апанға Жандос түспек болды. Соны күн бұрын ойлаған ол, өткен күз үйіне демалысқа келіп кеткен офицер нағашысынан алып қалған электр фонарын қалтасына сала қойған.

— Былтыр,— деді ол,— бойына жүгіре бастаған діріл-ді Қалқаманға сездіргісі келмей, өзін батыр бала көрсеткісі кеп,— әкем екеуміз нағашыма жолаушылап бара жатып, ағаш арасында осындай бір апанға кез келгеміз. Маңына егіншілер кеп орнаған соң, қасқыр безіп кеткен ескі апан екен. Соған түсіп көргем. Түбі тайыз және кең бола-

тын, жүгіріп кіріп шығарлықтай тайпақ болатын, бұл да сондай шығар.

— Мүмкін,— деді Қалқаман,— сонда да жіп байлап түс.

— Жарайды.

Тәуекелге бел байлаған Жандос, шалбарының қалтасындағы электр фонарын суырып, жарығын қайта-қайта жағып көріп еді, бабында екен.

— Ал, енді түсем!— деді Қалқаманға,— байла жібіңді беліме.

Қырдан беліне буа келген ұзын шылбырының бір ұшын Жандостың беліне байлады да, бір ұшын қолына ұстап:

— Ал, енді түс!— деді.

Жандос апанның ішіне кіріп кетті. «Мынау шынында батыр бала екен!— деп ойлады Қалқаман.— Мұндай жасым түгіл, кәзірде де осы апанға кіре қоймас ем мен!»

Апанға түсіруін түсіргенмен, түсіп кеткеннен кейін ол қорқа бастады. «Ішінде бұққан үлкен қасқыр жатса қайтпек?» деген ой кеп кетті... Қорқыныштан оның маңдайы терлеп қоя берді..

— Қалқаман!— деген даусы шықты, апан ішінен Жандостың.

— Әу!— деді селк ете қалған Қалқаман.

— Ойбай, мынауыңның түбінде серейіп екі үлкен қасқыр жатыр!..

Нанайын десе Жандостың даусы көңілді шығады және онда екі қасқыр жатса айқайлауға шамасын келтіре ме оның.

— Мә, бір үлкен қасқыр!— деген дауыстан кейін апан ішінен лақтырылған бір бөлтірік анадай жерге барып томп ете түсті. Ол тұра қашуға тырмысып еді, қираңдап артқы екі аяғын баса алмады. Жандос оның артынан бірін, оның артынан тағы бірін... дегендей төртеуін жүремелдете тысқа лақтырды. Бәрі де топылдап түскен жерінен тұра қашқысы келеді, бірақ, бастапқы бөлтіріктей артқы аяқтары қираңдап қаша алмайды. Қалқаман енді ғана білді — Жандос бөлтіріктердің екі тірсегін де қиып лақтырып тұр екен.

Бесінші бөлтірікті Жандос тысқа желкесінен қысып ала шықты. Оның тірсегін әлі қимапты. Сол ма, басқасы ма, әйтеуір бөлтіріктердің бірі оның оң жақ қолын тістеп алып, қанатып қойыпты.

Жандосқа шектен шыға риза болған Қалқаман оны құшақтай ап сүйді де:

— Жарайсын, жігітім!— деді баурына қысып тұрып,— батырлығыңа көзім жетті. Бұрын қылжақ қып айтушы ем, енді шын айтам,— шынында батыр бала екенсін!..

Олар өздерімен бірге брезент қап ала келген еді, бөлтірік атаулыны соған салып аузын буды. Енді не істеу керек?..

Сол кезде оларға ұлыған қасқырдың даусы сап ете қалды.

— Болды қызық!— деді Қалқаман еленděп,— аңшылаудан келіп қалған екен. Біздің бұл арада екенімізді білді. Тобын жинағысы кеп ұлыған бұл. Бөлтіріктері біздің қолға түскенін біліп тұр... Қасқыр балажан болады. Тобы жиналғаннан кейін бізге шабуыл жасауы мүмкін...

— Онда не істейміз?

— Қайрат қыламыз. Екі бірдей мылтығымыз тұрып, солардан жеңілеміз бе? Қан айдап келгенін атып аламыз.

Қалқаман екі мылтықты да оқтап:

— Біраузыз мылтықты сен ұста,— деді Жандосқа,— қосауызды мен алайын, бірлі-жарымды қасқыр болса өзім де сұлатам, сен көбейіп кетсе ғана көмектес.

Мылтықтарын даярлап, олар аз уақыт күтіп еді, ешбір сыбыс естіле қоймады.

— Бір қызық жасасақ қайтеді?— деді Қалқаман.

— Қандай?

Көлдің қамысына от берейік.

— Неге?

— Әрі, не заманнан қоқта боп жатқан қамыс күйсін, әрі, тығылған қасқыр болса қашып шықсын.

— Ықтың ғана қамысы күйеді ғой онда.

— Қасқыр сол жақтан ұлыды ғой.

— Өрт сыртқа шығып кетпей ме?

— Көлдің төңірегі тақыр...

— Өзің біл.

Қалың қу қамыстың арал жақ шетіне Қалқаман от қойғанда, лапылдаған жалынды жел іліп алды да кетті. Биік қамысты бойлай, өрши жанған от лезде кең жайылып жүре берді...

Өрт ілгерірек сұғынбай, мына жалынның ішіне кіріп болар емес.

— Тағы бір қызық істейік,— деді Қалқаман.

— Қандай?

— Бөлтіріктерді буған қапты осы араға тастайық та, өзіміз әрті жоқ жел жаққа кетіп бақылайық. Қаншық қасқырдың оны ала қашуы мүмкін.

— Оған батылы жетпес.

— Көрейік те...

Олар соған келісті де, қапты тастап оқ жетер жерге барып, қамыс арасына жасырынып отырды.

— Атам айтушы еді,— деді Жандос Қалқаманға.— «Егер бөлтіріктерінің тірсегін қиып тастап кетсең, қасқыр ол маңайдан бөлтіріктерін алысқа тасып әкетеді де, елдің малына тимейді» деп...

— Неге тимейді дейді?

— «Енді өшіктірсем, мүгедек бөлтіріктерімді аулайды деп қорқады» дейді, «Тірсегі қиылған бөлтіріктер, бәрібір өседі, бірақ қаша алмайды, күздігүні оңай соғып алуға жақсы болады» дейді...

— Онысы рас. Өз көзіммен көргенім бар.

— Ендеше, мына бөлтіріктерді де жіберсек қайтеді?

— Ауылда ұстаса тіпті жақсы болады дейді, бөлтірігі ұстауда тұрған ауылдың малына қасқыр тіпті тимейді дейді...

— Солай ма?!.

— Рас. Бұл тәжрибеде сыналған іс.

Олар солай кеңесіп отырғанда:

— Ойбай!— деп қалды Жандос.

— Не болды?— деді, селк ете түскен Қалқаман.

— Қасқыр!..

— Қайда?..

— Әне, буулы қапқа барып қалды!..

Екеуі үңіле қараса, бөлтіріктерді буған қапқа қарай, қалың шалғынның арасымен бір қасқыр бауырлай жылжып бара жатыр... жетуге жақын қалыпты!..

Олар айғай сап тұра ұмтылғанда, қасқыр жалт қарады да, жалмажан қапты тістей ап, сілкіп иығына тастап жөнеле берді. Сол секундте Қалқаманның қолындағы қосауыздың екі ұңғысынан да жедел атылған оқтар гүрс ете қалды. Мылтық даусынан үрейленді ме, әлде оқ тиді ме — қапты көтере қашқан қасқыр омақата құлады да, іле тұра берді. Сол секундте Жандостың да мылтығы гүрс ете түсті. Неге екенін кім білсін, қасқыр қапты арқасынан тастай беріп, бері қарай ұмтылды!.. Аузын арандай ашып алған!.. Шабысы өте екпінді!.. Жандостың жүрегі аузына тығыла

қалды. Ол Қалқаманға жалт қараса, қосауызын тағы да ыңғайға ала бастаған екен.

— Ат!— деді ол Жандосқа. Мылтығының даусы өз даусымен бірге шықты!..

Жандос та атты. Қайсысының оғы тигенін білген жоқ, қасқыр орғып түсті де, тұмсығымен жер сүзе құлады, содан қайтып ол тұра алмай, жанталасқан қимыл көрсетті...

— Барайық!— деді Қалқаман ұмтыла беріп.

— Байқайық,— деді Жандос ұстай ап.

Аз бақылап тұрғанда, денесімен арпалысқан қасқырдың қимылы бітті.

— Өлді!— деді Қалқаман.

— Айла ғып жатпасын,— деді Жандос.

— Не де болса барамын!— деп Қалқаман жүгіре жөнелді. Жандос та жүгірді.

Олар таянып барып қараса, қасқырда қимыл жоқ.

— Өлген!— деді балалар қосынан.

Қасқыр, расында өліп қалыпты. Қаншық қасқыр екен. Дерткен емшектері баурына сыймайды. Үлкендігі тайшадай. «Азу тісі балғадай» дейтін көкжалдың өзі!.. Оқ өңменінен тиген болу керек,— омырауы даладай қып-қызыл ала қан!..

— Мұның арланы қайда?— деді Жандос.

— Қорқып жолай алмай жүрген болу керек,— деді Қалқаман.

— Жортуылдан келмеген болар,— деді Жандос.

— Қайда жүрсе де мейлі,— деді Қалқаман,— тосып тұрамыз ба соны. Ол бізге бәрі бір шаба алмайды.. Қапты да, қасқырды да арқалап ап кетеміз.

— Үлкенінің терісін сойып алмаймыз ба?

— Осылай апарған қызық. Колхоз малының қанша жауын жеңгеніміздің көріп тұрсын ба? Қаптағы бес бөлтірік, бүгін бөлтірік болғанмен, ертең күз бастала бес қасқыр боп шыға келер еді... Көп малға залал істер еді олар. Сол көп малды ажалдан арашалап ап тұрған жоқпыз ба?

— Рас.

— Ендеше, қаптағы тірі бөлтіріктерді сен көтер, өлген қаншықты мен көтерейін. Колхоздың алдында солай мақтанайық.

— Болсын,— деді Жандос.

— Қапты көтере аласын ғой?

— Әрине, көтерем.

Үлкен қасқырды Қалқаман, қапты Жандос арқалап жүре бергенде:

— Құнанның кегі қайтты ма?— деді Қалқаман.

— Қайтты,— деді Жандос.

— Аянышты лақтың кегі ше?

— Қайтты.

— Құлындікі ше?

— Ол да қайтты...

— Есіңде болсын,— деді Қалқаман,— қасқырға жем үшін өсіріп жатқан жоқпыз, колхоздың малын, колхозшылардың дәулеті арта беру үшін өсіріп жатырмыз, ендеше, әрбір малды біз жаудан, жұттан көздің қарашығындай сақтаймыз!..

6. КӨКШОЛАҚ

Сібірлік өлкеде «Ақжауын» дейтін болады. Аспанды сұрғылт түсті бұлт қалың қоршап алады да, желсіз тымық күнде сіркіреп жауады да тұрады. Бұл жауын кейде әлденеше күнге созылып, жердің миын шығарып жібереді. Көктемде кездескен ақжауыннан арық-тұрақ мал өліп жатады. Күзгі күземнен кейін жауса, жүні қырқылған кейбір қойлар семіз болса да ұшып кетеді.

Сондай бір ақжауын басталып, жайлау жақтағы көлде үй тігіп отырған Бектас шал, күземін алған қойларын жауынға ұшырмау жабдығымен әбігер боп жатқан бір кезеңде, Аққідік аталатын сабалақ жүнді, шарғы бойлы итін ертіп ауылдан Жандос келе қалды. Көптен келмеген немересін көргенге қуанғанмен, итін ерте келгенде Бектас оншалық риза бола қойған жоқ. Итті шалдың ұнатпайтын себебі: бойының шарғылығына, күшінің аздығына қарамай, көрінген итке жармаса кеткіш. Сонда, әлі жетсе бір сәрі-ау!.. Өжетсініп бассалғанмен, көрінген ит оны желкесінен алып лақтырып жібереді, не астына басып ап, жатады да талайды... Сонда да жармасуын қоймай, шамасы келмейтін иттермен алысып жатады!.. Жүрген жері ылғи у-шу төбелес... Осы қылығына қарағанда, шалдың еркіне берсе, түкке шамасы келмейтін төбелескек жаман иттің ауызын бақадай бір-ақ ашырар еді, ол тек, Жандостың ғана көңіліне қарайды. Неге екенін кім білсін,— Жандос осы итті өте жақсы көреді.

Жауыннан әбігер боп жатқан қойшылардың ауылына келе, Аққідіктің сол қиқарлық мінезі тағы ұстап, у-шу,

азан-қазан ғып жіберді. Шалдың қасында кіші-гірім арыстандай, дүрегей ит жүретін, аты — Алыпсоқ. Мінезі ауыр бұл ит, өзге иттің өзі кеп жармаспаса, өз бетімен соқтықпайды, кісі қаппайды. Бар өнері — қасқырға қой бермейді. Шал баққан қоймен бірге өріп, бірге қайтады. Түндегі күзетке де сақ. Қасқыр алып көрмегенмен, түрінен сескене ме, немене, ол жүрген жерге қасқыр батып келмейді...

Өткен қыс бірге болғанына қарамай, Аққідік ең алдымен Алыпсоққа жармаса түсті, денесі де, мінезі де ауыр Алыпсоқ, «әй, шырақ, қойсаң қайтеді ерікпей?» дегендей, Аққідіктің алқымынан шап беріп алды... Қылығына қарағанда, Алыпсоқтың сығып-ақ тастайтын реті бар еді, оны істемей желкесінен қапсыра тістеп, алысқа сілкіп лақтырып жіберді... ыза кернеген Аққідік тағы ұмтылып еді, «өлгің келсе жақындап көр!»» дегендей, Алыпсоқ қаттырақ арс етіп қалды... Тағы да бассалуға бата алмаған Аққідік алыстан шабынып, шаңқылдаған ащы даусымен, ауылдағы барлық итті дүрліктіріп жіберді...

— Қап, балам-ай, бекер-ақ ерткен екенсін мынауынды!— деді шал кейіп,— жауыннан ыққан қойға ие бола алмай жүргенде, үркітіп пәле қылды ғой! Байлап тасташы өзін!..

— Қайда байлайды?.. Ықтар жердің бәрінде жаураған қойлар...

— Соған қарап:

— Қайтер дейсін,— деді Бүбі кемпір,— үре берсін. Тыстан келетін ит-құс болса, қайта ес болар.

— Ес боп, бұны не қылсын даланың ит-құсы,— деді Бектас. Қасқыр кездессе, бір қапқаннан қалама бұл.

Шалдың айтқаны келді. Түн ортасы ауа, ауылдағы ит атаулы желігіп алды,— бәрі аспанды басына көтеріп үріп кетті!.. Мінезі ауыр деген Алыпсоқтың өзі де әлсін-әлсін балпылдап, жуан даусы зеңбіректей гүмпілдеді. Мұндай күндері баққан малын былай да сақ күзететін Бектас:

— Балалар,— деді күзетке шығатын жастар кешкі ыстығын ішіп болғаннан кейін,— сулықтарыңды киіндер, күзеттен көз жазбай, қойды айнала жүріңдер. Иттердің шулауы тегін емес. Қасқырдың бөлтіріктері өріп, малға ауыздanған кез. Тегі солар осы маңды торып жүрген болу керек. Түн қараңғы. Тек, көзден жаздың-ақ қойды бөліп, айдап кетеді де қырады. Аса сақ бола көріңдер!.. Ара-тұра мылтық та атып қойыңдар, сескеніп жүрсін!..

Өзі ұйқтап қалатындай-ақ тапсырғанмен, шал да тиыш-

талып жата алмады, күзетке бірге шығып, айғай-ұйғайға бірге араласты... Кешке қарай қалыңдаған ақ жауын, түн ортасы ауа төпеп, шүмектен аққан судай сорғалап кетті... Содан ығысты ма, әлде үре беруге шаршады ма, иттердің дауысы түн ортасы ауа бәсеңдеді. Тек қана даусы сембейтін Аққідік. Жүні қалың семіз немеге, тегі жауын өтпейтін болу керек, ығу-бұғуды білмей төпеген жауынның астында үреді де жүреді және ауылдан алыстай үреді.

— Мынаны бүгін түлен түртпегей де!— дейді шал, оның алыстаған даусына құлақ түріп, осынша сақсынғанын ұнатпай,— қасқыр соның өзін алып кетпесе неғылсын!.. Бір семіз тоқтыға татиды да ол!..

Бұл сөзге елеңдеген Жандос, шынымен қасқыр алып кетер дегендей, ара-тұра:

— Аққідік, Аққідік, кah, ка, кah, кah!— деп айғайлап шақырады. Оны естіген Аққідік сақпын деп мардамсығандай, үруін үдете түседі, ауылдан алыстай түседі...

Қасқыр ауылға екі рет шапты. Оған бірінші белгі, жауыннан ыққа ойысқан қойлардың дүркіреп үркуі болса, екінші белгі,— қасқыр келмесе, босқа ұмтылмайтын Алыпсоқ та өзге иттермен ауылды айнала жүгіріп, әр жерде арс-ұрс етіп қалуы...

Күзетшілер мен иттердің қорғауынан қасқырлар екі рет шапқанда да тек дүрліктіргені болмаса қой ала алмады. Соған ызаланды ма, немене,— ұзамай шауып жүрген Аққідікті олар қағып алды да кетті. Әлін білмейтін сорлының ондайға ұшырағанын күзетшілер қаңқ еткен даусынан ғана аңғарды... Қайтып ол дауыс естілген жоқ.

— Соры қайнады,— деді шал, қасқырлар қағып әкетті оны!..

Жоба расқа шықты: ертеңіне жаңбыр басылып атасына ерген Жандос қойды жайылымға шығарып бара жатса, ауыл сыртындағы көлдің аржағында, Аққідіктің бұрқыраған жүні, бір жерде түбінен үзілген түбітті құйрығы жатыр, өңге дәнемесі де жоқ... Көзін ашпаған күшік күнінде асырап алған Аққідікке Жандостың жаны қатты-ақ ашыды, бірақ амалы қанша!

Итіне ренжи тұра, Жандос атасына бір өкінішін де айтты.

— Алыпсоқтың күші керемет-ақ-ау, ата, бірақ, жүгіре алмайтыны жаман. Егер жүйрік болса, қасқырды шыдатпас еді!— деді.

— Маған жүйрігі не керек,— деді шал,— мықтысы ке-

рек. Қуып жетіп қай қасқырын тауысады ол даланың? Ауылға келген қасқырға қой бермесе болады маған. Өзгесінің керегі жоқ.

Жүйрік итке құмартпағанмен, шал қасқырға жетіп алатын итті жек те көрмейді. Онысын Жандос іс жүзінде байқады.

Жұмыссыз жүруді, босқа ел қыдыруды, артық сөйлеуді білмейтін, мінезі тұйық Бектастың, Жандос хайран қаларлық бір қылығы,— бауырмалдығы еді. Және, ол қызық бауырмал: жасы жетпістен асқан оның өзінен бес-алты жас үлкен, Есіл бойындағы Атығайға ұзатқан апасы бар. Күні кеше ұзатқандай-ақ, осы апасын сағынады да жүреді. Баруға қолы тимеген кезде, «біздің Асылтас аман ба екен!» деп, келген-кеткеннен сұрастырып жатады, қолы тисе барып қайтады, барса біраз күн жатып қайтады. Бертінде ол бір рет Жандосты ертіп барып қайтты. Сонда, есі кіріп қалған Жандосқа, ақ шаш кемпірдің атасын бассап көрісуі ерсі көрініп, шегі қатқанша күлген еді.

Міне, енді, сол апасына, атасы Жандосты екінші рет апарып қайтуға жиналып жатыр. Бұл, Аққідік өлетін жылдың қыс ортасы. Қысқы каникул ертең басталады. Ол біткенше оралып келуге шал мектеп директорына уәде берді.

Апасы, інісін баяғыдай көрісіп қарсы алды. Жандос енді ғана көз тоқтатып қараса, кескін-кейіптері ұқсастық жағынан бұл екеуі егіз туғандай екен. Бектастың апасынан айырмасы сақалы мен мұртында ғана. Өзге: қас, қабақ, мұрын, бет, ауыз, иек бітімі айнымайды. Екі-үш күн жатқаннан кейін, Жандос кәрі апасының төңірегімен де танысып алды. Жездесінің өлгеніне бірталай жыл бопты. Бірақ шалдың балалары оны жоқтатар емес: алпыстан асып бара жатқан үлкен ұлының сақал-мұрты аппақ құдай, одан кейінгісі ақ бурылданып, одан кейінгісі қара бурылданып қалыпты. Олармен өз туған атасын салыстырса жасы бәрінен де үлкен болғанмен, кескіні бәрінен де жас!..

Сақалдары сапсиған қалыптарымен үш жиен, шешесін аса қадірлеп, оның алдында өздерін жас баладай ұстайды екен. Жасы сексенге келгенмен, кемпір аса пысық: бойы тіп-тік, тістері қарап тұр, құлағы бүтін, өз балалары бар, немерелері бар — барлығы жеті-сегіз үй екен, солардың бәрін билей, бұйыра сөйлейді.

Жандостың кескін жобасы атасына келіңкірейтін еді, сондықтан ба, әлде төркіншіл бауырмал ма,— бетінен сүйіп

қарсы алған Жандосты Асылтас жақсы көріп кетті. Сонысымен Жандос та пайдаланып, бір іске оны қинады.

Кемпірдің Керей дейтін ортаншы баласы аңшы адам екен, сонда оның көбірек ұстайтыны — ит. Сөз түріне қарағанда, жасынан аңшылықты кәсіп еткен оның қолынан талай қасқыр алғыш, түлкі алғыш иттер өтіпті. Сол дағдысымен, өткен күз әлдеқайдағы совхоздан ұялас екі күшік алып келген екен, екеуі де көк қасқа, екеуінің де құйрықтары түбінен шолақ. Түр-тұлғаларына қарағанда, екеуінің де аяқтары, денелері арыстанның күшігіндей сом, маңдайлары жалпақ, жақтары ұзын, ұрттары салбыраңқы, көздері қызғылт, жүндері тығыршықтай қою және бұйра...

Осы екі күшікке Жандос жатты да жабысты. Керей оны алғаш ойын көріп, «ат ал», «өгіз ал» деген сияқты қалжың айтып еді, артынан, бала шындап бара жатқасын:

— Өзге не қымбатымды қаласаң да ал, нағашы бала, күшігімді бере алмаймын. Совхоздың директоры Москвадан әдейі әкелген қасқыр алғыш иттің тұқымы. Қолдан өсіріп қызығын көруге ат-түйедей қалап әкелдім. Оны қолқалама!— деп турасын айтты.

Керей баланың қолқасына қайыспас еді, егер бұл іске Бектастың өзі кіріспесе. Күшіктерге ол да қызығып қалған екен. Сондықтан, немересін қостай кетіп әуелі:

— Иттің аты ит емес пе? Онда не тұр дейсін, бермейтін?— деп ойыннан бастады да, жиенінің бермеуге бекінгенін көргеннен кейін, немересіне ұрысқан боп ауыр сөздерге барды.

Еліне қайтуға аттарын жегіп қойып амандасып шығуға үйге кіргенде күшіктерді ала алмауына ызаланған Жандос жылamсырап отыр еді. Бектас оған ақырып қалды:

— Тәйт, әрі, ағызбай отыр, сораңды,— деді ол,— бір итке құның жетпеген өзіңнен көр!.. Неменеңе болбырап босап отырсың?

Асылтас інісін бұлай ашуланар деп ойлаған жоқ еді. Жас күндерінен әй-шәй деспей тату өскен Бектастың ренжіп аттанғалы отырғанын көрді де:

— Балам,— деді Керейге,— ренжітпе, нағашыңды! Бер, күшіктеріңді!..

Керей бірдеме дегелі келе жатыр еді, өктем шеше, бетін қайырып тастады:

— Қой, сөзді!— деді ол,— иттен туған ешкім жоқ. Бер деген соң бер!..

Сыйлап өскен шешесіне Керей тіл қата алмай қалды.

Күшіктерін ол берді, бірақ қонақтарын қолдан аттандырмай, олар жөнелгенде үйінде отырып қалды.

Бірі «Жолбарыс», бірі «Аю» аталған екі күшік таласпай тату өсті. Дене тұлғалары зор, аяқтары ұзын, бойлары биік, мінездері момын, итпен таласу, кісі қабу дегенді білмейді, басынан аттап өтсең де қозғалмайды. Өздері барып тұрған жалқау. Асқа тойса, күні-түні ұйқтайды да жатады. Тек, кей кезде ғана, ит баласы мазасызданатын бір түндерде, дүрмекке бұлар да қосылып, ауылдан ұзаңқырап барып үріп қайтады. Олардың даусы осылай шықалы, маңайда «алды, жұтты» деген сыбыс естілмейді. Біреулердің жобалауынша қасқыр осылардың даусынан қорқады...

Керейдің айтуынша, бұлар күзгі сентябрьде үйінен шығу керек. Сол кезде екі күшіктің де денесі еркін толып болған сияқтанды. Өткен жаз, Жандос, әкесіне еріп Қостанайға барып қайтқан еді, сондағы аңдар паркінде жолбарыстарды көрген. Тек құйрықтарының шолақтығы ғана болмаса, үйінен шыққан мына екі көк қасқа, дене құрылысынан сол жолбарыстарға ұқсайды.

— Мыналар қасқырға ұмтылмас,— деп жорамалдайды көзі түскендер,— егер ұмтыла қалса, жетпей қоймас, егер жетсе, аузына түскен қасқырды қояндай мытыр!..

— Қасқырға өшіктіру керек бұларды,— дейді біреулер,— егер өшікпесе, осы маубастарың соған ұмтылмайды...

— Қалай өшіктіру керек?— деген сұрауға:

— Таластыру керек,— деп жауап береді олар,— денесіне қасқырдың тісі тисе ғана ашынады.

Бұл ақыл дұрыс сияқты. Бірақ таластырып ашындыратын, қолдарында байлаулы қасқыр тұр ма?

Аздан кейін, жұрт ұялас көк шолақтардан дәмелене бастады: күз қар жауа, олар аңшылап ауылдан кетіп қалатын дағды шығарды. Сөйтіп жүріп олар бір күні ауылға қайтпайды. Ертең де жоқ, олар бүрсүгүні де жоқ!.. Жеріне қашты дейтін, күшік кезінде келді және оларды Бектас киізге орап, жол бойын көрсетпей әкелді... Енді қайда?.. Әлде, аңшылап жүріп, топ қасқырға кездесті ме екен? Қасқырлар жарып жеп кетті ме екен?.. Жақын маңды қарастырса, із-түзі білінбейді...

Шал да, Жандос та, ауыл да «жоғалды»ға жорып, өкініште жүрген кезде, «Жолбарыс» келді де, «Аю» келмеді. Қайда болғанын, немен таласқанын кім білсін,— Жолба-

рыстың үсті-басы қан... Денесі жара... Мінезі бұрынғыдан әлдеқайда сергектеніп, қозғалыс-қимылы шапшаңдап кетіпті... Әлденеге қатты ызаланған қалпы бар, асты аз ішеді, қыңсылап жүре береді, түн баласында да дамыл таппай, ауылды айнала үріп шығады... Сонысына қарап:

— Бұлар ұялы қасқырға кездескен екен,— деседі әркімдер,— армансыз таласқан екен. Аюды қасқырлардың жеп қоюы мүмкін. Мынау ыза боп алған әбден. Көрерсіңдер,— енді қасқыр көрсе үстіне түсе қалады!.. Қан сонар болғанға дейін бұны енді байлап ұстау керек, әйтпесе аңшылап кетіп, тағы да топ қасқырға кездессе, бұның да жазым болуы мүмкін.

Сол ақылды алып иелері енді «Жолбарысты» шынжырда ұстайтын болды. «Аю» сол жоғалғаннан жоғалып кетті. Қайда кеткенінен, не халге ұшырағанынан ешбір сыбыс білінбейді. Ал, Жолбарыстың мінезі өзгеруі ме, әлде байлауға ызалануы ма,— енді кісіге үріп ұмтылатын дағды шығарды... Жұрттың ендігі арманы,— оны қан сонарда қасқырға қосып, қызығын көру...

Бір күні оның да сәті түсті. Колхоз егін-шөбін жинап боп, көпшіліктің қолы босаңқыраған кезде, колхоздың семіз түйесін ауылдан аулағырақ жерде қасқыр жеп кетіпті. Көріп келгендердің айтуынша бірталай қасқыр...

— Ал, енді, осы қасқырларды қуамыз,— деп қаулы алды колхозшылар басқарма жиналысында.

Қууға салт мініп көп адам шықпақ болды. Ауылдағы барлық қару-құралдарды алмақ болды. Іске татыр иттерді де алып шықпақ, «Жолбарыс»та сол санаттың ішінде. Аңға жұрт жексенбі күні ерте шығатын болғандықтан мектептің де кейбір мұғалімдері мен ересек балалар бармақ болды, олардың ішінде Жандос та бар.

Дайындық жасалып болған шақта, күн райының да сәті түсе кетті. Сенбі күні таң біліне жауған қалың қар, жексенбіге қараған түннің ортасына дейін төпеп тұрды да, одан әрі басылды. Жел тынып, аспан ашылып кетті.

— Жолдарың болады екен,— деді, сонарға өзі шықпайтын Бектас, үйіне жиналған адамдарға,— ертең күн ашық, әрі тымық болады. Жауған қар белуардан келеді. Қатпаған ұлпа қар... із оның бетінде сайрап жатады...

Кемпірдің ықтиярына салса, Жандосты бұл сонарға жібермек емес, аттан құлап қалады деп қорқады. Шал қорқудың орнына, тақымы атқа берік екенін көрген немересіне ақыл беріп отыр.

— Атқа шапқанда, тізгінді еркіне жіберме!— дейді ол,— басы бос ат сүріншек келеді. Тізгінді тартыңқырап ұстау — атқа демеу болады. Шауып келе жатқанда, аяғыңды тебіне бермеу керек, аттың өкпесін соғасын да, ентігуіне себеп боласын. Кілт бұрылмау керек, қалың қарда ат тайып жығылады. Ұзаққа шабарыңды көрсең, атты тежеп, тынысын кең алдырып отыр. Атты бауырға ұрып айдама, сауырға ұрып айда!.. Қуған аңыңа жете қалсаң, тура барып соқпа, жанапайлай беріп соқ. Тура барсаң, аңнан қаймыққан атың тұра қап, басынан асып түсесің. Сойылыңды тік сілтеме, сыпыра сілте, тік сілтесең басы жерге тіреліп қап, аттан өзіңді ұшырып түсіреді. Аңды айнала беріп, алдынан қарсы кеп көрме, өзіңе шапшып жазым қылады, өткізіп жіберіп, соңынан қуалай ұр!.. Жая мен белдеменің астасқан жерін білесің бе?— деп сұрайды шал Жандостан.

— Білем.

— Аңның ол аса бір осал жері. Қызып шапқанда тіпті осал. Сол кезде, соқса, шойырылып отыра қалады. Екінші осал жері — тұмсық. Бірақ, кәнігі біреу болмаса, сен тұмсығына тигізе алмайсын!..

Бүбінің мына сөздерді тыңдап отырып зәресі ұшып:

— Айтып отырғандарыңның бәрі, аранын ашқан ажал ғой. Неменесін үйретесін соның? Неменеге жібересін, баланы?— дейді.

— Мұны бесікке бөлеп өсірейін деп пе ең?— дейді шал.— Он беске келген бала жас бола ма? Осындай жасымда мен де қасқыр соққам. Барсын, үйренсін.

Ауыл адамдары сонарға таң қараңғысынан аттанды. Басшылары — Шымболат. Барлығы жүзден астам салт. Оннан аса мылтық бар. Пландары: қасқыр жатады-ау деген жерлерді алыстан сүзіп, қасқырды бұтасыз қырға қарай қашыру. Мылтығы барлар, ит ұстағандар дала жақ бетте тосқауылдап, тасаланып тұруға тиісті...

Қасқырға ұмтылар деп дәмеленген иттерді әркімдер жетекке алғанда, «Жолбарыс» Жандостан басқаның жетегіне жүрмейтін қалпын көрсетті.

— Жетекке өзің-ақ ал,— деді оған атасы,— бірақ тосқауылға тұрған жерде, жіпті шеш те, шығыршығына бос өткізіп ұста, қасқыр көріп ит ұмтыла бергенде, жіптің бір жағына ие болсаң, қолыңда қала береді.

Ол сөйтті. Қарғыбауының шығыршығына өткізген кендір жіптің екі ұшынан ұстап, орманды өлкенің дала жақ шетіндегі сайда өскен қалың талдың ішінде, өзге тосқауыл-

дармен бірге отыр еді, жел жақтан қасқыр қаққандардың айғай-шуы жақындап қалды. Тосқауылда отырғандар елеңдей қалысты, бірақ қозғалуға болмайды,— қашқан аңды жазық далаға өткізіп жіберіп, артынан тұра қуу керек, алдынан ербеңдеп шыға келсе, аңды кейін үркітуі мүмкін... Сондықтан, өзге тосқауылдармен бірге амалсыз шыдаған Жандостың бір қайран қап тұрғаны — төңіректегілер желіккенмен, «Жолбарыс» желікпейді, айғай-шуға тек басын ғана көтеріп қойып, шөке түскен қалпында көзін жұмып жата береді... Айғайға желіккен аттар, тізгінін босатпаған соң ойнақшып аспанға қарғиды...

Айғай-шу бір кезде, бұлар жатқан сайды орап кетуге айналды.

— Қасқыр!.. Қасқыр!..— деген сөз сап ете қалды, тосқауылдардың құлағына...

Атымен алысқан Жандостың көзіне, күнге шағылысқан аппақ қардың бетінен алғаш іштеңе шалына қоймады... Сол кезде, әлдекім мылтық та атып жіберді... Қасқырды көргендей, тосқауылда отырғандар шапыр-шұпыр аттарына міне бастады... Әлдененің барын сезгендей Жолбарыс түрегеп, жан-жағына елеңдеген бейнемен қарай қалды... Жандостың ауыздықпен арпалысқан аты сүйрей жөнелуге айналды.

— Әне!— деді біреу, сол кезде.— Әне, қасқыр!..

— Кәне?..

Жандос көзін тіксе, дала жақтағы бір белеске бытырай өрлеп, бес-алты қасқыр кетіп барады...

Жандос «hайт!» деп үлгермей, қасқырларды көзі шалған Жолбарыс жұлқына жөнелді... Суға ісінген кендірдің, шығыршыққа неге кептелгенін кім білсін, Жандос жұлқығанмен шықпады. Қарулы ит, Жандосты қарға тайып құлаған қалпымен сүйретіп әкетті. Сонда да айрылмаған оны ит біраз жер сүйретіп апарғанда, жіп шығыршықтан әрең сусып шықты-ау!.. Өресін сыпырған аттай, ит қасқырлар қашқан жаққа еркін сілтей жөнелді... Жандос та атына міне шапты...

Оның мінгені — өткен жаз үш облыстың жүйріктері жарысқанда бірінші бәйге алған, Желмая аталатын, жирен қасқа арғымақ дөнен еді. Жарыста Желмаяның басына Жандостың өзі мініп шапқан. Ол жолы озғанына көңілі толғанмен, тура шаппай, ипподромда айнала шапқанына көңілі толмаған. Жазық жерде ұзай бір шабуды ол содан бері арман ғып жүрген...

Ауыл боп қасқыр қууға жиналғанда, ат қорада күтіліп тұрған Желмаяға мінуді Жандос Шымболаттан қолқа қылды. Жандостың ана жылы бір қап тірі бөлтірік әкеп беруіне риза боп, «осыдан түбінде жақсы аңшы шығады» деп жүретін Шымболат, балаға бермеймін деген жоқ, тек, алдын ала, біраз жағдайды пісіргісі келді.

— Атқа бәйгеде шабумен, қасқыр қуғанда мініп шабу бір емес,— деді ол.— Бәйгеде, екі қолың да тізгінде болады. Ал, қасқыр қуғанда, егер оған жете қалсаң, тізгінді бос жіберіп, аңды қос қолдап ұру керек. Сонда, атың әлдеқалай жалт берсе, өзің түсіп қаласын. Бұл — бір. Екіншісі — сілтеген сойылдың бәріне қасқыр жығыла бермейді. Қарулы қол ұрғанда ғана жығылады. Сен сияқты баланың ұрғанын шопақ құрлы көрмеуі мүмкін. Ендеше ұрып жыға алмасаң, жеткенде не пайда оған?..

Бұл сөздің бәрін намыстана тыңдай отырып, Жандос сыр бермеуге тырысты. Сөйтіп отырып, ол шынын да айтып салды.

— Менің дәмем, өзімнен гөрі итімде,— деді ол,— төрт түгіл сегіз аяғы болса да Жолбарыс жетпей қоймайды қасқырға. Жетсе алады. Мен оған қосыла қимылдаймын.

Біраз сөйлесіп барып, Шымболат Желмаяны Жандосқа бермек болды.

— Байқап шап, бала,— деді ол,— мінезі жеңіл жас жылқы, жығып кетіп мерт қып жүрмесін.

Шымболаттың өзі жүйрік қасқа айғырға мінбек екен. Соның жайын айта кеп:

— Маңайыңа қарайлай отырарсын, бала,— деді Жандосқа,— қолқасы аман болса, айғыр сенің дөненіңді босата қоймас. Қасқыр қуар күн болса, тәуекелін ішіне араластырғанда, бірге жетерміз.

Желмаяны осылай қолқалап мінген Жандос, қашқан қасқырларды тұра қуғанда, еңалдымен анталай шапқан көптің ішінен Шымболатты іздеді. Көзі жасаурады ма, әлде, расында жоқ па, бұл маңайдан көзіне Шымболат шалына қоймады. Оны қарауға, не тосуға уақыт бар ма? Аттарын борбайлап, жан-жақтан андыздаған жұрт ілгері ұмтылып кетіп барады. Қасқырлар да, иттер де алдағы бір адырдың аржағына түсіп кетті...

Желіккен Жандос Желмаяға қамшыны басыңқырап жіберді. Жарап жүрген жүйрік дөнен, оқтай зымырап, адырдан асқанда талайлардың алдына түсіп кетті. Желмая осындай екпіндеп шапқанмен, қасқырлар және оларды қу-

ған иттер, алыстағы бір адырды төскейлей, бытыраған беттерімен тартып барады... «Шамасы үш-төрт шақырым бар-ау» деп жорамалдады Жандос. Тезірек жетпек боп, атқа тақымын қыса түсті, сауырына қамшы сипай түсті...

Ол алдағы адырдың қырына шыққанша, қасқырлар арғы жазыққа ұзап шыққан екен. Қуған иттердің біразы «бәрібір жеткізбейді» деп күдер үзгендей аңырып тұрып қапты, енді біразы тоқтап қалуға ұялғандай сылбыр созылып барады, бірақ олар да жетуден күдер үзгендей, ентелей ұмтыла қоймайды...

Қасқырлардың бет алысы екіге айрылыпты: көпшілігі қиғаштай шығысқа қарай ойысыпты, олардың шабысы өте пысық, ал, батысқа беттеген екеуі тоңқаңдай қатар жарысып барады, шабыстары ақырын.

«Жолбарыс қайда?»

Бұл сұраудың жауабын Жандос жан-жағына қанша алақтай қарағанмен таба алмады. «Тұрып қалған иттердің ішінде» деуге қимайды, шауып келе жатқан иттердің көбін өзі басып озды, олардың ішінде жоқ сияқты... Сонау алыстаған топ қасқырдың ішінде кетіп бара ма, әлде?.. Онда, біреуіне неге жармаспайды?.. Әлде бата алмай бара ма?.. Немесе, анау жарыса шапқан екеудің біреуі ме?.. Ол нағылған жарыс?!.

Жандостың ойы жарысқан екеуді қууға кетті де, атының басын бұра жөнелді. Жарысқандардың қарқынына қарағанда, ол тез-ақ жетем деп дәмеленген еді. Ол дәмесі орнына да келді. Аржағында сондай жер шаппай, дөненін құдитып отырып таянып қалды...

Жақындаған кезде байқаса, жарысқанның біреуі қасқыр, біреуі,— өзінің Жолбарысы!.. Екеуі арбаға пар жеккен аттай, бірінен бірі озбайды, біріне бірі мойнын бұра қарап шауып келеді!

— Һайт!— деген даусы шығып кетті, қаны қыза қалған Жандостың. Өзі ұрарманға кеп қалғандай-ақ, қарына бауынан іліп сүйретіп келе жатқан сойылын көтеріп алды... Сол кезде тұсауын сыпырған жылқыдай, қасқыр зымырай жөнелді... Жандос та атына қамшы басты...

Қасқыр шын шабысын енді көрсетті... Оның атқа шалдыра қояр жобасы жоқ. Ал, ит, Жандостың манағы даусына алаңдап қалды ма, әлде қасқырдан шабысы кем бе,— кейін қалып барады...

Намысы келгендей, атына қамшыны көміңкіреп жіберген Жандос итін қуып жетіп тағы да «һайт!» деп қалып

еді, ол да көсіле шауып ұзай жөнелді!.. «Бұл не?.. Әлде қасқырдан қорқып келе ме?..»

Аржағында аз жер шапқан соң ит қасқырға жетті де шайқаса кетті... Жандос жақындап барса, олар бір біріне ауыз салдырмай, босқа шабынысып тұр екен. «Һайт!» деді Жандос таяна беріп. Адамнан қаймығып жөнеле берген қасқырды ит мойнынан ала бергенде, екеуі айқаса кетті... Сонда да тіс салыса алмай, алдыңғы аяқтарын тіресіп, түрегеп кетті... Екпіндеп келген Жандос, үріккен атпен әрең жанасып, сойылын сілтеп кеп өтті... Болжағаны қасқыр еді, оған тиді ме, жоқ па, білмей қалды... Екпіндеген атын ойқастата бұрып қараса, қасқыр мен ит тағы жарыса тартып барады... Сол кезде артына көзі түссе, жеке қара біреу сілтеп келеді...

Оған қарамастан Жандос қасқыр мен итті тағы қуа жөнелді. Енді аты еркін сияқты. Артына қараса, анау салтты да қиқулап келеді. Оның аты тіпті еркін!.. Шапқан сайын ұта түседі...

Бір кезде артқы салт қуып жетті. Қараса — Шымболат.

— Ит қайда?— деді ол, оза беріп, атын тежеп қатарласып.

— Әне, қасқырмен кетіп барады.

— Өзім де соны шамалап ем.. Ал, тарт, бала...

Шымболат суырыла жөнелді... Дөнен қарқындап қалса керек, жете алмады. Қасқа айғыр тың-ақ келеді екен,— үш-төрт шақырымнан ұзатпай, қасқырға Шымболат жетті де жанаса беріп, сойылын сілтеп кеп өтті... Бірақ, қата сілтеді,— сойыл қасқырдан асып барып жерге тиді. Сол кезде өшігуі шектен шыққан ит, қасқырды кеудемен соғып жіберіп, тоңқалаң асырды да, тұрып үлгірмей, алқымынан ала түсті. Көзіне жас толып кеткен Шымболат, айғырын тез бұрып жетіп келсе, иттің аузы қасқырдың сол жақ тамағынан жабыса қапты. Қасқыр қалай арпалысса да босатар түрі жоқ,— ырылын күшейтіп, тамаққа жабысқан аузын толғай түседі!.. Шымболат жақындайын десе, бассалатын түрі бар!..

Сол қылғындырған қалпымен қасқырды тұншықтырған кезде, далақтай шауып Жандос та жетті... Атынан домалай түсе қалған ол, итіне жақындайын деп еді, ырылдап тесірейе қараған қызыл көзі өңменінен өтіп кете жаздады... «Күшім-күшім» деп Жандос сонда да жақындайын

деп еді, жауырыннан шап беріп ұстаған Шымболат оны өзіне қарай тартып алды...

— Өлгің кеп тұр ма?— деді ол Жандосқа,— көрмей тұрмысын ызасы басылмауын?.. Алып тастайды!.. Жолама! Біраз сықсын қасқырды, сөйтіп құмарынан шықсын!..

— Өліпті ғой, қасқыр?..

— Бәрібір, құмары әлі тарқаған жоқ.

Өлген қасқырды басып ит біраз жатты да, қарап тұра беруге дәті шыдамаған Жандос әлсін-әлсін қасына «күшім-күшім!» деп бара берген соң, бетіндегі ызғарды біртіндеп таратып, әуелі баурын, одан кейін арқасын, одан кейін желкесін сипатуға келтіріп, одан кейін маңдайын сипағанда, қасқырдың алқымынан аузын босатты да түрегелді. Сол кезде түйдектеле бірнеше адам келіп қалды... Жиналған топ өлген қасқырды көрсе,— ірі көкжалдың өзі екен. Мойны мен жонына біткен жалы жылқының ту құйрығындай. Жатқан жерінен көтеріп көрсе,— мықты екі жігітке жүк. Өткір ұшы қайқая біткен тістерінің сомдығы балғадай, сұңғақтығы саусақтай... Тіс жобасына қарағанда, әлі екі-үш жасқа ғана келген жас арлан. Қалың түбітті, қою қылшықты жүнін сипап көрсе, оның да денесі сау-тамтықсыз жара екен. Соған қарағанда, өткен күндері Жолбарыспен алысқан осы арлан болу керек, әйтпесе, оның денесі мұншама қайда жараланады?!.

— Бұл да сабаз екен!— деп сүйсінді қасқырды көргендер,— біздің Көкшолақ та сабаз екен!.. Ертегіде,— «Құмай» дейтін ит болады, ол итала қаздан туады. Ит болатын жұмыртқасын итала қаз шағып тастайды, сондықтан, әлдеқалай аман қалмаса, құмай өспейді. Ал, егер өссе,— қасқырды қояндай алады» дейтін еді. Біздің заманның Құмайы,— осы Жолбарыс екен!..

— «Ит жеті қазнаның бірі» дейтін еді,— десті біреулер,— осындай итті көріп айтылған сөз ғой ол, әйтпесе, жаман-жәутік итті қазнаға санап не қылсын!

Көкшолаққа көңілдері толған жұрт, қасқырды сойып болған кезде, қыстың қысқа күні де көкжиекке жетіп, баи берді...

— Өзге қасқыр құтылып кетті-ау!— деген біреуге:

— Мына қасқыр тақияңа тар кеп тұр ма?— деді Шымболат күліп, күн сайын осындай бір қасқыр алса, бұл Көкшолақ маңайдан қасқыр қоймас.

— Тек, тілің тиер!— деп ырымшыл біреу бөгейін деп еді:

— Ырымынды қоя тұр, ақсақал,— деді Шымболат.— Аманшылық болса, бұл иттің қызығын көреміз әлі.

Жұрт ит қызығын расында да көрді,— сол қыста ол үш қасқыр, жеті түлкі алды...

Қасқыр мен түлкі алу колхоз шаруашылығына ғана емес, Жандостың өз үйінің шаруасына да пайдалы боп шықты: түлкінің терісіне Союз пушнина[1] киім-кешек, кездеме, тағы сол сияқты өндіріс бұйымдарын береді, ал қасқырдың терісіне, бұларға қоса, колхоз қой береді: еркек қасқыр болса бір қой, ұрғашы қасқыр болса, бір қой және бір қап ұн, немесе, бір қой мен бес жүз сом ақша.

Үш қасқыр мен жеті түлкінің терісіне Жандостың үйіші недәуір киініп те, ішініп те қалды. Жандостың өзіне атасы ауылдағы сельпо дүкенінен жағасы бұйра қысқы пальто мен шаңғылық костюм әперді...

Өз колхозында да, төңіректегі елде де, Жандос «аңшы бала» атанды...

7. АҢДЫ АДАМ ЖЕҢЕДІ

(эпилог орнына)

Жасыл түсті жаңа «Победа» жазық жердегі тақтадай тегіс жолмен сағатына «80», «90»ды беріп зымырап келеді. Кей кезде спидометрдің ұшы шошаңдаған стрелкасы «100»ді де көрсетіп қояды.

Шофер — Қалқаман. Оның қасында Жандостың он екіден он үшке шыққан баласы Қуаныш отыр. Кейінгі креслода Жандос, оның әйелі Әсем және сонғы бес-алты жылдың ішінде туған үйелмелі-сүйелмелі үш бала.

Жандос кәзір Ленин атындағы колхоздың председателі. Аулындағы жетіжылдық мектепті бітіргеннен кейін, ол Алматы облысының Түрген қаласындағы ауылшаруашылық техникумына түсіп, төрт жылдан кейін әлдеқайдағы бір ауданға агроном боп кеткен. Сол қызметінде жүріп, армия қатарына алынды да, Ұлы Отан соғысына қатнасты. Армиядан Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін босанды. Содан ол туған еліне қайтып еді, жергілікті аудандық партия комитеті туған колхозына председатель болуды ұсынды. Жандос бұл ұсыныстан бас тартпады, өйткені, Шымболат армияға алынғаннан кейін колхозға председатель болған адамның білімі де, тәжрибесі де жетпей, Шым-

[1] Аңның терісін, құстың жүнін жинайтын мекеме.

болаттың тұсында облыстың маңдай алды боп жүрген колхозды төмендетіп апты.

Аудандық партия комитетінің секретары Жандоспен кеңесіп отырып Шымболатты есіне түсірді. Қазақстанда құрылған бір бригаданың комиссары боп кеткен ол, майданда талай ерліктер көрсетіп, Совет Одағының батыры деген даңққа жеткен екен де, Одер түбіндегі ұрыста қазаға ұшыраған екен. Секретарьда Шымболаттың майданнан жазған бірнеше хаты сақталыпты. Сонда ол үнемі Ленин колхозының жайын сұрап, шаруашылықтың өркендеуіне ақылдар айтып жазады екен. Бір хатында ол, аталған колхоздың шаруашылығы төмендеуіне ренішін білдіріп, соғысты аяқтап осы колхозға тез қайтуды арман еткен екен. Және бір хатында, «егер мен тез қайта қоймасам, менен бұрын Жандос қайтса, колхозға таптырмайтын бастық сол болады» деген екен.

Осының бәрін айта кеп, колхоздың төмендеу себебін алдына жайып салғанда, Жандос бұлтара алмады.

Жандос бастық бола, колхоз қайтадан көтерілді. Шаруасын да, мәдениетін де жыл санап ілгері бастырған ол, аз жылда «облыстың таңдамалы колхозы» деген атаққа тағы ілекті. Осындай абройының арқасында, колхоздың председателі — Жандос, 1952 жылдың ноябрь айында Москвада шақырылған Бейбітшілікті қорғаушылардың Бүкілодақтық төртінші конференциясына делегат боп сайланды. Жоғарыда аталған «Победамен» ол осы конференцияға беттеп келе жатыр еді. Машина колхоздікі. Жандосты үйіші жақын қаладағы аэродромға апарып самолетке мінгізіп қайтады.

Қалқаман соғыстан екі-үш жыл бұрын колхоздың шоферлық қызметіне ауысқан еді, соғыста да ол осы қызметті атқарды, одан кейін де шофер. Майданнан ол бірнеше орден алып қайтты. Сондағы бір ғажабы — талай қырғын соғыстың жуан ортасында жүріп, оның еш жері жараланған емес. Мінезі де баяғы қалпы: әлі де өжет, әлі де ойнышы, әлі де жайдары. Сол дағдысымен ол, ауылдан ұзап, жазықтау далаға шығып алғаннан кейін:

— Жандос!— деді дауыстап.

— Әу!— деді қалғыңқырап келе жатқан Жандос.

— Шіркін-ай, мына жазықта қасқыр кездеспейді-ау, ә!..

— Кездессе қайтер ең?

— Бассап қуар ем.

— Машинамен бе?

— Несі бар оның? Жазық дала... маңайда тау, орман, сай деген жоқ. Жер тоңазыған шақ... Қара жер... Машинаға қандай рақат ол!

— Рас,— деді бұл сөзге елегізи қалған Қуаныш. Қасқыр аулаудың басқа түрін көргенмен, дәл машинамен қуған түрін ол көрген жоқ еді. Солай бір қууды енді арман етті.

Әлденемені ермек қып күлісіп келе жатқан олар, жаз жайлаған елі көшіп, құлазып қалған далаға кезікті. Бұл — малды құдықтан суаратын, көлі, өзені жоқ шөлейт дала еді. Соны қақ жарып келе жатқанда:

— Қасқыр!— деп қалды Қуаныш!

— Қайда?— деді Қалқаман мен Жандос қосынан.

— Әне!— деп бала бүйірлеу қалып бара жатқан бір қайқаңды қолымен нұсқап еді, сол бір тұс жарықтау жер болғандықтан, машина секеңдеп көзге іштеңе іліктірмеді.

Бала «әне, әне!» дей берген соң, машинаны тоқтатып, Қалқаман, Жандос, Қуаныш үшеуі шығып қараса, оты тақырланған алыстағы бір саяңда шоқиып екі мақлұқ отыр.

— Қасқыр!— деді Қалқаман да.

— Елсіз-күнсіз жерде неғып жүреді олар?— деді Жандос.

— Отырған жері құдықтың маңайы сияқты,— деді Қалқаман.

— Онда неғып отырады?

— Абай айтқан жоқ па?—

«Ылай суға май бітпес қой өткенге,
Күлеміз қасқыр жалап дәметкенге!
Сол қасқырша алақтап түк таппадым
Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?»

деп? Сол айтқандай, осылар ашығып, құдық басындағы науаға жұққан қойдың шайырын жалап отыр!..

— Қой, кеттік!— деді Жандос аз кідіріп.

— Қайда?

— Жөнімізге кетпейміз бе?

— Қасқырларды қумаймыз ба?

— Қайдан, бұрылып жүреміз соған? Және жолсыз жерде жеткізе ме ол?

— Қуайық, папа!— деп Қуаныш жалбарына кетті.

Жандос Қуаныштың көңлін қимай:

— Байқап көрейік,— деді Қалқаманға,— егер қуу қиын болса, жөнімізге тартармыз.

Машина бұрылып ап бет қойған кезде, қасқырлар түрегеп одырая аз қарап тұрды да, «мынау қайтеді?!» дегендей, арғы қыратқа қарай тоңқаңдай жөнелді. Жердің тегістігімен пайдаланып, Қалқаман газды беріңкіреп жіберді... Спидометрі «50» мен «60» ты көрсеткен «Победа» жерді ұта бастады...

Қуғынның хауіптілігін көрген қасқырлар екіге бөлініп, біреуі жонның басына қарай тартты, біреуі машинаның алдын көлбей, бүйірдегі сайға қарай тартты.

— «Кәрі қасқыр қалтаңға, жас қасқыр жалтаңға» деген мақал бар еді,— деді, әзірге машинаны еркімен екі қасқырдың орталығын ала айдап келе жатқан Қалқаман,— қырға қашқаны жасы болу керек, соны қуамыз ба, жоқ, анау сайға қашқан кәрісін қуамыз ба?

— Меніңше,— деді Жандос,— бұлай айрыла қашу кәрілік не жастықтан емес, менімше,— қырға қашқаны еркегі, ойға қашқаны ұрғашысы. Со жақта бөлтіріктері бар оның. Анау еркек қасқыр ұрғашысын құтқарып жіберу үшін бізге көлденеңдеп келеді. Әуелі ұрғашысын қуған жөн.

Машина сайға тартқан қасқырға жалт беріп ағыза жөнелгенде, «қап, алданбады-ау!» дегендей, дөңдегі қасқыр аңырып тұрды да қалды.

Сай жақ та ғажап жазық екен. «60», «70»ті беріп зырлаған машина ілезде, қашқан қасқырды қуып жетті. Қуғыншылардың қасқырды басып алғысы келіп еді, машина тақалғанда жалт беріп бастырмады. Бірер жерде кілт бұрылам деп машина аударылып та қала жаздады.

— Ату керек!— деді Қалқаман.

Жандоста Қалқаманның өзі Германиядан сыйға әкеп берген үшауыз мылтық бар еді, астыңғысы,— винтовка. Соны оқтап ап, қатарласа берген қасқырды Жандос машинаның ашық терезесінен тартып кеп жіберіп еді, домаланып ұшып түсті. Қасына кеп қараса, оқ қасқырды дәл қос өкпеден ұрып өткен. Қасқырдың мұрны пысылдап, кірпігі ғана қимылдады. Кішігірім тайшадай ұрғашы қасқыр!..

Қасқыр бауырмал келе ме, әлде аңқау ма,— манағы дөңде қалған қасқыр, сол тұста әлі қараңдайды.

— Ал,— деді қасқырға құмарта қалған Жандос Қалқаманға,— багажникке сал мынаны тезірек! Анау арланын да қуайық.

Өліп те үлгірген қаншық қасқырды багажникке тез салып, Қалқаман машинаны бұрғанша, хауіп төнгенін түсінгендей, арлан қасқыр да әрі қарай созыла жөнелді.

— Болды қызық!— деді Жандос.— Мұны қақпалап отырып жолға салып алайық та, болдыртып жығайық...

— Оған көнсе,— деді Қалқаман.

— Көнбеу еркіне қоямыз ба...

Машина қасқырға тағы да тез жетті. Әлгінде ғана созыла шапқан оның кәзір сасқаннан, құйрығы артқы екі аяғының арасына кіріп кетіпті. Енді өз денесі өзіне ауыр боп келе жатқандай, ішкі «қорын» атқылай бастады... Мұның тәсілі манағы қасқырдай емес пе, әлде, серігін соғып алған машинаға қулық жасағанмен құтқармайтынын көрді ме,— бұлтарар түрі жоқ, «бассаң амалым нешік!» дегендей, жақындап қалған машинаға екі жағынан да анда-санда қарап қойып, шамасы жеткенше шауып келеді.

Басқысы келсе, машина оны алдақашан басатын еді, бірақ, баспады, манағы уәдені орындап, жүз метрден жақындамай, гудокты әлсін-әлсін беріп айдады да отырды. Бұрыла қашайын десе, ойысқан жағынан машина тосқауылдай берді.

Осылай біраз қуғаннан кейін, қасқырдың сілесі әбден қатты. Баста жерді сағатына «30», «40» тан кем ұтпаған қасқыр, енді шоқытқан атпен соғып алатын халге келді, тілі аузынан сала құлаш шығып кетті... Сонда да гудок беріп мазасын кетірген машинаға «енді несіне азаптайсын? «Бассаң бас» дегендей, қырындай шоқытып, тістерін ырсита қарады.

— Осыны тірідей ұстап алсақ қайтеді?— деді Жандос.

— Қалай?

— Болдырып біткен түрі бар ғой? Машинаның қанатымен соғып өтсең де осы талып қалады...

— Тірі алғанда не істейміз оны?

— Қаладағы зоопаркке береміз.

— Сөйтейік!— деді Қуаныш.

Ризаласқан Қалқаман педальды басыңқырап жіберіп, екпіндей ұмтылған машинаның қанатымен қасқырды қағып кеп өтті.

Іле тоқтап қараса, қасқыр сұлап жатыр.

— Барайық,— деді Қалқаман.

— Барайық,— деді Қуаныш.

— Тірі жатып қауып алар,— деп Әсем зырылдай қалып еді:

— Саспа, келін,— деді Қалқаман күліп,— фашистердің «Дот» «Дзот» дейтін қамалдарын естідің, солардың да талайына кіріп көрген бұл Қалқаман. Қасқырдан гөрі хауіптілеу олар...

— Мылтықты бер, маған!..

Жандос берген мылтықты оқтап ап ыңғайлап ұстады да, Қалқаман жүгіре баса жөнелді... Шешесінің «барма» деп байбалам салғанына қарамай, соңынан Қуаныш та кетті...

Өжет Қалқаман қасқырға іркілмей жетіп барса, тілі аузынан сала құлаш шыққан қасқыр, демі алқынып, бүйірін әрең соғады...

Жер сүзе құлаған қасқырдың үстіне Қалқаман алып денесімен аттай мінді де, екі құлағын да екі қолымен қапсыра ұстап:

— Ал, Қуаныш, әкел, манағы бір кендір арқанды — деді. «Керек болар» деп машинаға сала салған кендір арқанды Қуаныш жүгіріп барып алып келді. Жандос та бірге келді.

— Ал, Жандос,— деді Қалқаман,— арқанның бір ұшымен аузын байлай ноқтала мынаны!..

Аздап тыныға бастаған қасқырдың бұлқынғанына болмай, олар қасқырдың аузына тұтамдай темірді көлденең салып, жағын тас қып таңып тастап, ноқталап алды. Содан кейін босатып көрсе, қасқыр тоңқаңдап қашуға ұмтылды... Арқанды бір ұшынан ұстап тұрған бұлар, айнала жүгіртіп қасқыр бейбақты әуре қылды... Қорқып қалған ба, әлде аузын байлаған соң дәрменсіздігін сезе ме, қасқыр арқанды соза тартып айнала жүгіргенмен, ешкімге ұмтылмайды...

— Кетпейміз бе?— деді Жандос.

— Кетеміз,— деді Қалқаман.

— Екі қасқыр сыя ма багажникке?

— Сыймайды.

— Онда не істейміз?

— Өлгенін сойып, терісін ғана аламыз.

Тірі қасқырды машинаға арқандап қойып, олар өлі қасқырдың терісін сыдыра бастады. Сол кезде қасқырдың мал шаруашылығына келтіретін залалы сөз боп кетті.

— Бұл иттің колхозға келтіретін залалы аз емес,— деді Қалқаман,— бір қой жесе де шығын. Кейде молырақ жеп кететін де мінезі бар. Бірақ, бұрын да, кәзір де қасқыр жеп тауысты деген малды естіген жоқпын. Әнеугүні, біздің

есепші санап отырса, соңғы бес жылда қасқыр орталық малдан жиырма бір қой жепті, бір түйе, екі жылқы жепті. Ол да шығын, бірақ ойсыратып кеткен шығын емес.

— Кейбір малына салақ колхозды ойсыратып кететіні де бар,— деді Жандос,— «Ақсуат» колхозының былтыр күз боранда ығып кеткен жүз шақты қойын түгел қырып кетті ғой.

— Сонда да қасқырдан келетін залалды фашистер келтірген залалмен салыстыруға да келмейді,— деді Қалқаман.

— Қалай, сонда?— деді Жандос қуланған боп,— қайсысынікі артығырақ?

— Біле тұра несін сұрайсын?— деді Қалқаман,— фашистердің залалы таудай десек, қасқырдың залалы төмпешіктей ғана емес пе?.. Невель түбінде кірген соғысты, мен Берлиннен аяқтасып қайттым. Сол екі арада құрып кеткен талай қалалар мен поселкелерді көрдім. Адам баласының қолынан жасалған игілікке, сонша залалы тиген аң бар ма?

— Жоқ, әрине,— деді Жандос.

— Ал, енді,— деді Қалқаман,— мынау Америка дегеннің зұлымдығы тіпті сұмдық боп барады ғой. Фашистер қолданбаған бактерия құралын қолдануға кірісті ғой бұл!..

— Я,— деді Жандос,— бұлардың қылығы фашистерден де асып барады.

— Рас,— деді Қалқаман,— Американың құралы әр жерде жылтыңдай бастағанын газет хабарларынан көріп жүрміз. Мұның арты неге соғар екен өзі?

— Түкке де соқпайды,— дейді Жандос,— бейбітшілікті жақтайтындардың даусы жыл санап қалай зорайып келе жатқанын естімеймісін?..

— Естимін. Бірақ, дауыстан емес, күштен ығысатын көрінеді ғой жау.

— Күш те аз боп жатыр ма?— деді Жандос.— Бүкіл адам баласының үштен бірі социализм жолына түссе, аз күш пе ол? Ішкі күшті айтсақ, Ұлы Отан соғысынан кейін де шаруашылығымыз орасан қарқынмен өркендеп келе жатқан жоқ па? Мысалға өзіміздің колхозды ғана алсақ,— биыл біз үкіметке он екі мың центнер астық бердік, соғыстан бұрынғы 40-жылдың мәліметімен салыстырғанда, бұл 155 процент. Сол жылмен салыстырғанда, жүнді — 130, сүтті — 165, етті — 250, жұмыртқаны — 521 процент орындадық. Бір колхоздың мемлекет қорына берері осын-

дай болса, барлық колхоздың қанша беруін шамалаймысын?

— Неге шамаламаймын?— деді Қалқаман,— Қазақстан алтыншы партия съезінің, XIX Партия съезінің материалдары мен қаулыларын оқымады деймісін мені? Оқыдым, әрине!.. Бесінші бесжылдықта Отанымыздың байлығы қанша артатынын шамалаймын.

— Өте жақсы,— деді Жандос,— біздің күшке демократтық елдерде социализмнің қарқындай өсу күші қосылса, капитализмнің ажалы емей немене ол?

— Рас!— деді қасқырдың терісін сыпырып болып қалған Қалқаман...

— Жаңағы бір мәліметтерің,— деді Қалқаман Жандосқа, машинаға мініп жолға түскеннен кейін,— бейбітшілік конференциясында сөйлеуге даярлаған материалың ғой, тегі?

— Әрине,— деді Жандос,— бірақ қанағаттанбау керек бұған. Күшімізді молайту үстіне молайта беру керек. Өзің айтқандай, империализм күштен ғана қорқатын аң.

— Рас,— деді Қалқаман,— бірақ ол, өте хатерлі аң!..

— Адамды аң жеңіп көрген емес,— деді Жандос,— хатерлі екені рас, бірақ, адам жеңеді оны!..

Конференцияда да Жандос сөзін осылай бітірді...

Февраль — июнь, 1953 ж.

МАЗМҰНЫ

Әсия 7
Азғын. 15
«Кер» заман 28
Әменгерлік азабы . . . 34
Суалмас сауын . . . 41
Алтын аймақ 52
Оттан ұшқын 70
Екі күн 79
Шындықтағы ертегі . . 86
Алып Айнаш 91
«Тіл» алушылар . . . 93
Батыр қыз 105
Балалар 124
Аспаз 130

ПОВЕСТЕР

Жарқын жолмен . . . 143
Ажардың ажалы . . . 160
Балуан Шолақ . . . 213
Бақташының баласы . . 418

Муканов Сәбит.
ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАР.
16-ТОМДЫҚ. Алматы, «Жазушы», 1972 ж.
Т. 3. Әңгімелер мен повестер.
480 бет.

Сабит Муканов

ИЗБРАННОЕ

том III

Повести и рассказы

На казахском языке

Издательство «Жазушы» — 1972

Редактор *Рамазан Токтаров*
Художник *В. Григорьев*
Худож. ред. *Б. Табылдиев*
Техн. ред. *С. Лепесова*
Корректор *К. Утегенова.*

Сдано в набор 26/VII-72 г. Изд. № 299. Подписано к печати 12/XII-72 г. Бум. № 2, $84 \times 108^{1}/_{32} = 15{,}0$ п. л.—25,2 усл. п. л. (Уч.-изд. 26,4). Тираж 12 000 экз. Цена 1 р. Заказ № 610. Типография № 2 Главполиграфпрома Госкомитета Совета Министров КазССР по печати, г. Алма-Ата, ул. Карла Маркса, 63.